Тоққарин Досымхан



Б І Л І М Н І Ң Ш Е Ж І Р Е Л І О Р Д А С Ы

Семей - 2014

УДК
ББК
Т

Т Тоққарин Досымхан. Білімнің шежірелі ордасы. Білім көзі - мектеп. Білу - міндет.

ISBN

Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №5 қазақ орта мектебі – бір ғасырға жуық тарихы бар білім ордасы. Мектептің тарихыазаттықтың символы болған Алаш қаласы мен ежелден оқу мен білімнің орталығы болған көне Семеймен біте қайнасқан.

Семей – қазақ зиялылары: Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан бас қосатын орталық болды.

Сол орталықтан білім алған Қайролла Ибрагимов, Тұрлыхан Қасенов, Шырақбек Қабылбаевтар№ 5 қазақ мектебінің тұңғыш қарлығаш - ұстаздары болса, олардың қатары Махмутова Оразбүбі, Махмұтов Кәбір, Смағұлова Әдия, Бояубаев Жұматай, Сағындықов Ержан, Жұманов Төкен сынды ұлағатты ұстаздармен толықты.

Абайтанушы ғалым Қайым Мұхаметханов, академик Сейіт Қасқабасов, Естекбаев Мұхаметжан, Исаханов Ілияс, Толықбаев Төлеуқадыр, Жетімғарин Дәулет, Дайырбеков Жетпісбек, ағайынды ғалымдар Дүйсенбаевтар сияқты т. б. өмірге құштар алғыр жастар оқып, тәрбие алды.


Мектептің 90 жылдық тарихы Семей қаласындағы тарихи құжаттандыру мекемесінің мұрағат деректері басшылыққа алынып жарыққа шықты.

Мектептің өткені мен бүгіні жайында деректі әңгіме, естеліктер негізіне құрылғанкітаптың тілі жатық, мазмұны нұсқалық, танымы жоғары – көпшілік оқырманға арналған.

Т---------- ББК


Тоққарин Досымхан

---------- ----------



«...Адамзат үшін XXI ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу,игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында»

Н.Ә.Назарбаев



Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған

үш тілде оқытатын мамандандырылған мектепке

90 жыл

Алғы сөз

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында көне Семейдің көзіндей болған тарихи орындардың біріне саналатын № 5 қазақ орта мектебі қаладағы үлкен мәдени-ағарту орталығы болған. Оның бір ғасырға жуық өмір жолында талай асулар мен белестерден өткен тарих беттері жатыр. Ол тарих беттерінде болашақтың жас буынын кәмелетке жеткізіп, біліммен сусындатып, өмірге қанат қақтырған, оқыту мен тәрбие ісінде тер төгіп, еңбек еткен ұстаз жолы да бар.

Бұл жолдың басқалардан бөліп алып қарайтын өзгешелігі, біріншіден, ол – Ертіс өзенінің екі жағалауына орналасқан көне қала Семей мен Жаңасемейде бастау алуы болып табылуында.Екіншіден, Тәуелсіздік жолындағы азаттықтың жемісі – қараңғыда жол салған Алаш туы (1918) – бой көтеріп, Қазақ елі мен жерін басқару мәселесі күн тәртібіне қойылғанда, оны қолдаушының бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы болғанында. Үшіншіден, ұлы ойшыл ақынның білім-ғылым арқылы адамдардың санасына әсер етіп, қазақ ортасын жақсартуында.

Өнер-ғылым үйренсең, еңбек етіп,
Мазақ болмай елдікке жетер қолың,–

десе, қалаға келген әр сапарында мектепжастарына:

Талаптан да, білім мен өнер үйрен,
Білімсіз
Өнерсіз
Болады ақыл тұл, –

деп, қол созым жерде тұрған мектеп оқушыларына арнау айтуы әбден мүмкін ғой: өзі сұранып тұрған жоқ па? (Қажының қалаға келгенде түсетін үйі № 5 мектептің маңында болған).

Маңында ізі қалған сол мектепке ақынның құрметіне 1990 жылдың басында Шәкәрім Құдайбердіұлының есімі берілген. Осы бастауыш мектепте Қайым Мұхаметханов та, біраз уақыт Сейіт Қасқабасов та оқып, сол мектептің алғашқы түлектері болған.

Айшықты белгісі мен маңызды оқиғалары аңызға айналған мектептің өзгешелігі де, маңыздылығы да осынысында деп біліміз. Мектептің өткені мен бүгіні жайында сөз етпес бұрын бастапқы *мектеп құрылымы жөнінде* қалың оқырман қауымға мағлұмат бергенді жөн көрдік.

Білім беру жүйесіне қарай мектеп жалпы білім беретін және кәсіптік болып бөлінеді. *Білім көлеміне қарай* бастауыш, орта, жоғары болып сараланады. *Оқытудың тілдік нысанына қарай* – ұлт мектебі, орыс тілді, аралас тілді мектеп болып, *дінге қатысына қарай* – діни зайырлы, *меншік түріне қарай* – мемлекеттік, қоғамдық және жеке меншік мектеп болып аталады.

Ұстаз, шәкірт, ата-ана – мектептің үш бұтағы. Ол үшеуінің бас қосатын ортақ үйі, білімнің қара шаңырағы – мектеп. Мектептің басшысы – ұстаз, қосшысы – шәкірт, қолдаушысы – ата-ана. Алдағы уақытта әңгімеміз осы үш топтың төңірегінде өрбімек.

Қазақстанда ағарту тарихы екі саладан қалыптасқаны өткен тарихтан белгілі. Оның біріншісі – мұсылман ағартуы. Бұған мұсылман мектеп-медреселері жатады. Екіншісі – Еуропа ағарту жүйесі. Бұған орыс-қазақ оқуы аралас мектептер жатады.

Алғашқы қазақ жерінде исламдық бағыттағы құрылымы жағынан кішігірім оқушыдан тұратын мұсылман мектептері және медресе болды.

Семейде осындай 7 медресе, оның ішінде үлкені Ахмет Риза медресесі болса, Орынборда 10, Қазанда 50 шақты, Уфада 10, оның үлкені «Ғалия» медресесі болған.

Медреседе дәріс беретін оқытушылар «абыз», «ахун», «молда», «хазірет», одан жоғарғысы «мудәріс» деп аталған. Ал оқушыларды «шәкірт», «тәлиб-әл-илим» (ғылым ізденуші) деп атаған.

Медреседе араб тілі, дін, заңнама, логика, математика, география, астрономия, медицина, табиғат негіздері оқытылған.

XX ғасырдың басында медресе оқу жүйесінде «төте оқу» ағымы үлкен рөл атқарған. Төте оқу ескі араб оқу жүйесін орыс ілімімен ұштастыру мақсатын қойған. Онда жоғарыдағы пәндермен қоса ана тілі, химия пәндері оқу жүйесіне енгізілген. «Төте оқу» жүйесін Ахмет Байтұрсынов, Тайыр Жомартбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров қолдаған.

Ежелден мәдениет пен сауда-саттықтың және оқу мен білімнің орталығы болған Семейге білім іздеп Кереку, Өскемен мен Ертіс өзені бойындағы алыс ауылдардан келетін жастар легі көп болған.

Қалаға келушілер легінде Шыңғыстаудағы «Ескі там» мектебінен сауаттарын ашып, оқу оқыған Абай мен Абай балалары – Ақылбай, Тұрағұл, Әбдірахман, Мағауия, Күлбадан және Халиолла да, Шәкәрім де, Көкбай, Мұхтар Әуезовтер болған. Халиолла Омбыдағы кадет корпусында оқып, кейіннен Мәскеудегі Павлов атындағы кавалерия мектебін бітірген. Әбдірахман Петербордағы Михайлов атындағы артиллерия училищесінде оқыған.

Қазақ зиялыларының шоғырланған орталығы болған Семейде Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, қазақтың жезтаңдай әншісі Әміре Қашаубаев, әйгілі палуан Қажымұқанның айшықты ізі, сара жолдары қалған.

Шыңғыстаудан шыққан зиялылар қауымдастығының қай буыны да Семейді ертеден медениеті мен өнері өрлеген, қазақтың озық ойлы оқығандары мен дүлдүл бұлбұлдары шыққан киелі орта деп бағалады.

Ұлы Абай шығыстың асыл қазынасы – поэзиясымен орыс халқының тілін үйреніп, мәдениетімен де осы ортада танысты. Осы ортада Жаңа-Семей қаласы бой көтерді. Алаштың туы желбіреді.

ҚазақтыңҰлт көсемі – Әлихан Бөкейханов алаш идеяларын жүзеге асыру күресін осы орталықта бастап, серіктес алаш арыстарымен тізе қосты. Шәкәрім мен Әлихан үндестігінің ұштасуына да негіз болған осы орта болар. Алайда Әлихан Бөкейхановтың қасиетті Шыңғыстауды іш тартуына «үйдің жақсы болуы ағашынан, баланың жақсы болуы нағышысынан» деген ата сөзі бауырмалдығы да себеп болды ма деген ой көлденең тарта береді.

Өйткені Әлихан – тобықтыға жиен. Апалы-сіңілілердің бірі –Нұрмұқанбеттің әйелі де, екіншісі – Құдайбердінің әйелі. Бауыр тарта айтқанда Әлихан мен Шәкәрім – бөлелер.

Бұны бүгінгі өмірде кітаптан гөрі компьютер ойынына әуес жастар құлағына қоңырау шалу деп түсінген абзал болар.

Қарқаралы округінің Аға сұлтаны Құнанбай Өскенбайұлының «Ескі там» мектебінен сауат ашқан ауылдың оқуға құштар азаматтары оқуларын ары қарай Семейде жалғастырды. Олар мұғалімдік мамандығын алып, ауылға барып бала оқытты. Солардың қатарында Ленин орденді ұстаз Райымханов Құсыман, Көкбай Жанатаев, Қали Мақажанов, Бөпебай Тұлғажанов, Ыбырай Матаев, Құлсүлейменұлы Қақабай және Шәкен, Әбусағит Жиреншин, Ғайса Сармурзин, Ибади Матақов, Ташпық Құтжанов, Шәкір Әбенов, т.б. болды.

Сондай-ақ көрнекті қоғам қайраткері, журналист Шаймардан Тоқжігітов ауылда сауатын ашып, Семей қаласында қазақ-орыс бастауыш мектебінде оқып, гимназия бітірді. Ауылдағы әкесі Омардың үш бөлмелі үйінің бір бөлмесін балаларды оқытуға бергізеді. Бұл мектептен білім мен тәрбие алып, елінің қалаулы ұл-қызы болған түлектері көп. Соның бірі– кейінненөзі оқыған мектепке директор болған, «Ана тілінің айбары» белгісінің иегері Батташ Сыдықов. Оның тұңғышы Ерлан Батташұлы ұзақ жыл Семейдің жоғарғы оқу орнын басқарды. Оқу, тәрбие саласындағы жемісті еңбегінің нәтижесінде ғылым докторы, «Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері», «Парасат» орденінің иегері атанып, Л.Н.Гумилов атындағы Евразия ұлттық университетінің ректоры болып қызмет жасауда. 2013 жылы Мәскеуден ЖЗЛ сериясынан «Шакарим» кітабын шығарды. Ал Ерланнан кейінгі Нұрлан– аудан әкімі.

Балалық шағы Қарауылда өткен Арап Сіләмұлы– Семейдің мұғалімдер институтының тарих-филология факультетінің түлегі. 1975 жылы «С.Торайғыровтың лирикасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын Бейсенбай Кенжебаевтың жетекшілігімен қорғаса, 1993 жылы «С.Торайғыровтың шығармашылық өмірбаяны» деген тақырыпта академик Зейнолла Қабдоловтың кеңесімен докторлық диссертациясын қорғады. Бүгінгі таңда ғалым Қазақстанның азаттығын аңсаған кешегі Алаш арыстары қаласының орталығында өзінің ғылыми мектебі – «Еспенбетов мектебін» калыптастырып, онда А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Р.Мәрсеков, Ә.Ермеков, Көкбай, Уәйіс, Х.Ғаббасов, Ш.Тоқжігітов, Ш.Әбенов, Т.Жомартбаев, Т.Әміренов, Ә.Жиреншиндердің өмірі мен әдеби мұрасын зерттеп, ғылыми айналымға түсірді.

Арап Сіләмұлы зерделеген Сұлтанмахмұт Торайғыров Шыңғыстаудағы Ақтан бұлақ ауылының «Медеу» мектебінде мұғалім болды. Қарт жырау Шәкір Әбенов те, «саужой» оқытушысы, драматург Ибади Матақов та осы мектепте сабақ берген.

Абай ауданы партия комитетінің 18 жыл бірінші хатшысы болған, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екі дүркін депутаты, КПСС XXYIII съезінің делегаты, «Ленин», «Октябрь Революциясы» мен «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Парасат»ордендерінің иегері, қоғам қайраткері – Хафиз Матаев қарапайым ауыл мектебінің мұғалімі, кешегі Алаш арыстарынан білім алған Ыбырай ақсақалдың тәрбиесінде болып, оқып, ер жеткен. Ел ісі мен халық өміріне белсене араласушы, абайтанушы ғалым, озық ойлы әлем әдебиетінің білгірі Хафиз ағамыз да Алаш арыстарының арман-тілектеріне үн қосып, қажырлы еңбек еткен айтулы тұлға. Кезінде Матаев шинелінен өрбіген азаматтар – Төлеген Жанғалиев, Молдабек Жанболатов, Бекен Исабаев, Нәубат Қалиев, Тасболат Битенов, Амантай Мұқатаев, Әбдіғалым Мұздыбаев, Бекен Көпбаев, Аман Тілеубаевтар–атқа қонған, әдебиет пен өнерде, ғылым,мәдениет пен шаруашылық саласында үлкен үлесі бар, ел үшін еңбек еткен, күні бүгінге дейін тұғырдан түспеген азаматтар.

Үлкен Семейдің қарсы бетінде – Ертістің сол жағалауында – тұңғыш рет азаттықтың символы болған Алаш мемлекеті билікке келді. Қазақ елі мен жерін басқару, оқу жүйесі, әскер, милиция құрылымдары туралы мәселелерін күн тәртібі кезегіне қойып, қазақ-қырғыз съезінің қаулыларын басшылыққа алып шешім шығарды.

1917-1918 жылдары Алаш партиясының Семей губерниялық комитетінің төрағасы Әлихан Бөкейханов бастауыш мектептерде оқуды ана тілінде оқыту, ұлттық мұғалімдер даярлауды жүзеге асыру, оқу құралдарын шығару туралы нұсқауларын жүзеге асыруды осы қаладан бастаған. Осы комитеттің мүшесі, кейіннен басшысы болған Халел Ғаббасов және «Оқытушылар ұйымының хатшысы» болған Мұхтар Әуезов комитет істеріне араласып, жауапты жұмыстар ұйымдастырған.

Шәкәрім Құдайбердіұлы да ұлт мүддесіне қалтқысыз қызмет еткен Алашорда үкіметінің төбе биі – соты болған. Шәкәрім өмірбаянын зерттеуші Асан Омаровтың: «Шәкәрімнің қаладағы ортасы жайына келсек, 1918 жылы Алаш қаласы тұрғындары ішінен Шәкәрім семейлік ұстаз Қайролла Ибрагимовпен (1881-1966) тығыз аралас-құралас болған еді, − деген естелігі бар. −Қайролла −Уфадағы «Ғалия» медресесінде Бейімбет Майлин, Мәннан Тұрғанбаев, Тайыр Жомартбаев, т.б. қазақ зиялыларымен бірге оқып, «имам хатип уә мүддәрис» атағын алған адам. Құранды жатқа оқитын қарилығы да болған. Ол 1918-1919 жылдары Семейде ашылған тұңғыш бастауыш қазақ мектептері директорының бірі еді. (Абай. -2003. -№4. -17б.) Тінібай мешітіне таяу орналасқан Қайролла ұстаздың еңселі үйі аумағында Семейдің Сәлмен Байтілеков (Тінібайдың туысы), Қаражан Үкібаев сияқты ірі байлары тұрған екен. Мұхамедхан Сейітқұлов (Қайым Мұхамедхановтың әкесі), Ахмади Оңалбаевтар да Қайролламен көршілес болған» − дейді. (Асан Омаров. «Шәкәрімнің өмірбаяны», Алматы-2007ж, 253-бет.)

1920 жылы Семей губерниясында мектеп – коммунарлар, 1926-1927 жылдары оқу мерзімі үш жылдық «Шаруа жастар мектебі», 1930 жылы міндетті жалпыға бірдей бастауыш білім, 1931 жылы міндетті жеті жылдық білім енгізілген. (СемПИ. ТОО «Тимос», 2009 ж, 5-6 бет)

Мектеп жүйесінің түбірлі өзгеруі 1917 жылдың күзінен кейін басталған. Оған дейін Қазақстан территориясы Россияның бірнеше округтарына бағынған. Соның ішінде Батыс-Сібір округіне қараған Семей уезінде 17 мектеп болған. Оның ішіндегі 6 бастауыш мектептің екеуі Жаңа-Семейде орналасқан. (қар – 415, тізбе – 02, іс - 643). Осы Жаңа–Семей қаласындағы екі бастауыш мектеп біріктіріліп, біз сөз еткелі отырған №5қазақ мектебінің негізін қаланған.

Мұрағат тізбе ісінде көрсетілгендей мектеп үйлері Мұсатай, Толымбай, Исабек, Уәли байлардың үйлерінде орналасқан. Заман ағымына қарай мектеп орны бірнеше жерге көшірілген. Орыс шіркеу үйіне, «Соқырлар қоғамы» артеліне, кейіннен кітапхана үйіне, т.б. жерлерге көшіріліп қондырылған.

Мұрағатта сақталған мектеп үйлерінің фото, сурет көшірмелері мен естелік айтушылардың пікірлер топтамасы кітапқа арнайы енгізілді. Сондай-ақ мектептің алғашқы ұстаздары мен басқарушылары Қайролла Ибрагимов, Тұрлыхан Қасеновтер туралы, алғашқы түлектердің бірегейі, абайтанушы Қ.Мұхамедханов пен ұстаз, ҚазССР Жоғарғы Советінің депутаты (1947), «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Махмұтова Оразбибі жайлы, оқу ісінің озаттары және іскер ұйымдастырушылары болған Смағұлова Әдия, Сағындықов Ержан, Қабылбаев Шырақбек, Бояубаев Жұматай, Дүйсембаев Әнуәрбек, т.б. директорлар мен мектептің озат оқушысы болған Қалдыбаев Мұзафармен оның өзінен тараған, осы мектепті бітірген балалары мен немерелері туралы, осы мектепті үздік бітірген, өмірден лайықты орнын тапқан, сүйікті отанымыздың бақытты болашағына өз үлесін қосып жатқан, мәдениет пен өнердің биік деңгейіне көтерілген түлектері туралы деректі жазбалар мен естеліктер Семей мұрағат материалдары негізінде көпшілік оқырман қауымына жол тартты.

І бөлім
Алаш қаласындағы мектеп мәртебесі

Мақсаты биік ұжым


Арап Еспенбетов

Қазақ елінің қасиетті атырабында білім шамшырағын жаққан оқу ордалары көптеп кездеседі. «Қазақтың мектебі болмаған, ұстазы жарытып білім бермеген» деген бос сөз. Қай өлке тарихын ақтарсаңыз да шәкірттерінің жүрегіне білім алауын жағуды мұрат еткен нағыз ұстаздар қаншама?! Семей өңірі де білімге ұмтылған шәкірттердің алғысына бөленген ұстаздар есімін құрметпен еске алады. Алғашқы қазақ мектептерінің бірі – ұзақ жылдар №5 мектеп атанған білім ошағы. Бастауын шаруа жастар мектебінен алатын №5 мектеп −жарты ғасырдан астам уақыт қала шеңберінде ғана емес, атақ-даңқы алысқа жайылып кеткен білім ордасы. Мыңдаған түлектерге өмір жолына жолдама ұсынған №5 мектеп тарихын шәкірттері де, ұстаздары да тамсана ауызға алары хақ. Әр кездерде сол мектепте қызмет атқарған Бояубаев Жұмабай, Сапаев Ғазиз, Сейсембаева Разия, Қантаева Рахима, Жұманов Төкен, Махмутова Оразбике, Смағұлова Әдия, тағы басқа азаматтардың есімдері білім беру –ағарту саласының тарихында алтын әріппен жазылып қалары айдан анық.

«Мектептің жаны–мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы,» −деген екен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов. Мектебіне ұстазы сай бірігей ұжымға арнаған ғой.

Іргесі берік қаланған, басты бағыттары – сапалы білім беруді ту етіп ұстанған байырғы мектептің бүгінде аты да, заты да өзгерген. Бүгінде «Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп» деп аталады. Директоры − Семей мемлекеттік педагогикалық институтының түлегі, жаңашыл идеяларды іске асырушы, білгір басшы Алма Медетқызы Әубәкірова. Ұжымын мақсатты істерге бағыттап, тас түйін болып алға ұмтылған жанның алар асулары алда, жетер биіктері қияда.

Мен бұл педагогикалық ұжыммен ұзақ жылдар таныспын. Жай ғана сырттан бақылаушы емес, қол босай қалған түрлі жағдайларда ұжым мүшелерімен кездесіп жүремін. Аңғарғаным: ұжым мемлекеттің білім саласындағы саясатын жете ұғынған. Ғылым мен білімнің жетістіктерін, инновациялық технологияның қыр-сырын үйренуге, үйреніп қана қоймай, мектеп өміріне енгізуге ұмтылады үнемі.

Таяуда біздің Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет ғимаратында «Көптілділік–әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануның негізгі шарты» тақырыбында Республикалық ғылыми-практикалық семинар өтті. Университет пен мектеп ұжымы мақсатты іске аянбай араласып кетті. Қазақстанның барлық облыстарынан келген

мұғалімдермен сұхбаттасып, пікір алмасып, секция жұмыстарына қатынасып, творчестволық ынтымақтастықта жұмыс атқардық. Ұлттық мектеп пен жоғары оқу орнының арасындағы байланыстың қажеттігіне бәріміздіңкөзіміз әбден жетті.

Соңғы жылдары маңыздылығы арта түскен үш тілділік төңірегінде ой өрбіттік. Мұнда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуы, орыс тілінің ұлтаралық қатынастардағы қызметі, ал ағылшын тілінің әлемдік жаһандану кезеңінде айрықша рөлге ие екендігі айрықша сөз болды. Қазақстан Республикасында үш тілдің дамуына тиісті жағдай жасалуда.

Мектеп ұжымы тыңғылықты даярланып, абыроймен өткізген іс-шаралардан көптілдіктің мектеп өміріне тереңдеп еніп бара жатқандығын көзімізбен көріп, қуанып қалдық.

Баяндамалар мен пікір алысулар барысында алда тұрған кезек күттірмес проблемалар әңгіме өзегіне тартылды. Жуырда болып өткен Республикалық филологтар съезінің шешімдеріне сәйкес ізденістерге ұмтылу құнтталды. Олар:

-үштілділік көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде;

-білім берудің барлық деңгейлерінде ағылшын тілін ерте жастан оқытуды одан әрі меңгеруді жетілдірудің және тереңдетудің өзектілігі мен енгізу жолдары;

-оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдері;

- қазіргі оқыту мен үйрету тәсілдері негізінде тілдерді деңгейлеп меңгерту;

-мектеп оқушыларының оқырмандық мәдениетін қалыптастыру;

-көптілділік жағдайында білім берудің өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеудегі рөлі.

Сонымен, көптілділік −айта салғанға жеңіл дүние емес, маңызы зор құбылыс. Көптілділіктің нәтижесінде бүгінгі шәкірт ертең кемел білім иеленіп, Қазақстанның дамуына өз үлесін қосары сөзсіз. Мақсаты биік ұжым қажыр-қайратымен, шығармашылық ізденістерімен алдарына қойған мәртебелі ісін табысты тиянақтары хақ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылы 7 тамызда «Үш тілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектептерді ашу туралы» № 387 бұйрығы шығып, Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназия мамандандырылған мектептер тізбесіне енгізілді.

1924-2007 жылдарда №5 мектеп бастауыш мектептен бастап орта мектеп, мектеп-гимназия мәртебесіне дейін көтерілген-ді.

Семей қалалық білім бөлімінің 2007 жылғы қыркүйек айындағы бұйрығы бойынша «Әубәкірова Алма Медетқызы қалалық білім бөлімінің бас маманы қызыметінен ауысып, «Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептің» директорлығына тағайындалды.

Алма Медетқызы −өткен өмір жолы мен еңбек жолының өзіндік мәні, тәрбиелік серпілісі бар деректі дүние.

Арап Еспенбетов,
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік
университеті педагогика жоғары мектебінің директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Азаматтық қолдау көрсеткен – халық қалаулысы



2008 жылдың қыс айында қалалық білім бөлімінің бастығы М.Дүйсенбаева, қалалық «Нұр Отан» ХДП-ның төрағасының орынбасары З.Жамалитдинова хабарласып, мектепке Елбасы Жолдауын халыққа жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов келетінін айтты. Ұжым мүшелері көкейде жүрген мәселелерімізді қозғайық

деп дайындалдық. Ашық жарқын, қарапайым мінезімен көпшілікті бірден баурап алған халық қалаулысы Жолдауды тыңдаушылармен бірге қызу талқылады. Кездесу болады деп естіген үлкендерде келіп, ойларын ортаға салды. Мектебімізде болатын іс-шаралардың басы-қасынан табылатын журналист ағамыз Мәуітқазы Зүкеновте келген екен. «Айтарым бар алқалы топ алдында» деп, Елбасы жолдауының маңыздылығына тоқтады. «Мен халық қалаулысы Нұртай бауырыма көпшіліктің мың алғысын жеткіземін,» − деп, қаламынан туған естелік кітабын ұсынды. Кездесуде үлкендермен қоса жастарда, оқушыларда түсініп, ойға тоқығандарын жеткізіп жатты. Жас ақындар қатарында балаң жырларымен көзге түсіп жүрген 11-сынып оқушысы Қосанов Айбек арнау өлеңін оқып, Нұртай ағасының ризашылығына бөленді. «Бұл шығармаңды сақтап қоямын, жақында жарыққа шығатын естеліктер жинағыма енгіземін,» − деп уәдесін берді. Сөз соңында:«Астана – еліміздің жүрегі.Келіңіздер, тамашалаңыздар. Ондағы жұмыс орнымды, парламент мәжілісі өтетін жерді көріңіздер,» − деп, 10 оқушы мен 5 мұғалімді қонаққа шақырды. Кездесу соңында, мектеп әкімшілігімен оңаша қалған кезде, мен мектеп директоры ретінде өтінішімді білдірдім. Тарихы тереңде жатқан білім ордасы −бүгінде бәрімізге мақтан. Алайда Ұлылар жерінде туып, өсіп, өмір сүріп жатқанымызда, олардың ізін басар дарынды ұрпақтар үшін арнайы білім мекемесінің болмауы −бәрімізге сын. Сондықтан Елбасы Жолдауын іске асыруда мектепке жаңа мәртебе беріп, облыстық бюджетке өткізу мәселесіне азаматтық қолдау көрсетуді сұрадым. Ол кісі ойланбастан: «Барлығын ашып жазыңыз, ұсынысыңыз орынды,» − деп, көмектесуге дайын екендігін білдірді. Хат жазылды, Астанаға баратын мұғалімдердің үлкені Рыскүл Семейханқызының қолына тапсырдым. Ол жаққа барған соң келген мұғалімдер бұйымтайларын айта бастайды. Рыскүл Семейханқызы менің хатымды «біздің бұйымтайымыз осы хатта» деп бергеннен кейін, оқып шығып:«Міне, осындай сұраныстар болу керек,»−деп алып қалады. Көп күттірмей халық қалаулысы мәселені көтеріп, білім министрлігі, облыстық әкімшілік, облыстық білім басқармасы тарапынан жұмыс жүргізіле бастады. Соның нәтижесінде 2011 жылдың 21 ақпанында облыс әкімі Б.М.Сапарбаевтың №20 қаулысымен мектеп «Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп» мәртебесіне ие болды. Аманатымызға азаматтық қолдау көрсеткен халық қалаулысына алғысымыз шексіз! 2012 жылы алғаш рет осы мәртебемен бірінші «Дарын» сыныбы бітіргенде, арнайы түлектер үшін құттықтау хатын жіберіп, тағы бір мәрте қуантып тастады.



Мектеп директоры Аубакирова Алма Медетқызы

Еңбегімен халық құрметіне бөленген



Қашанда әр істің өз сынағы бар екені рас. Мектеп басшысы болып білім мекемесінің табалдырығын аттаған сәттен-ақ осыны түсіндім. Материалдық-техникалық базасы сын көтермейтін мектеп ғимараты кімді болсада ойландыратындай жағдайда еді. Осындай қиын кезеңде қолын созып, қолдау көрсеткен адамның бірі Ибраев Ғаббас Төкешұлы. Ол мектепте орналасқан сайлау учаскесі арқылы бірнеше рет облыстық маслихаттың шақырылымына депутат болып сайланған екен. Сол сайлаушылардың атынан жасаған сұранысымыз халық қалаулысы тарапынан қолдау тапты. Мектептің бірнеше кабинетінің, жиын залының терезелері ауыстырылды, спорт құралдары, алғашқы әскери даярлық пәніне оқу автоматтары алынды. М.Әуезовтың 110 жылдығына арналған суретші Шевченконың бірнеше шығармалары мектепке тарту жасалынды. Ең бастысы көптен күткен жылу жүйесіне қажетті ұзындығы 111 метр болатын трубалар арнайы

алғызылып, мектеп ғимараты жылумен қамтамасыз етілді. Мектептің тыныс тіршілігі, білім, тәрбие саласындағы жұмыстары да Ғаббас Төкешұлы тарапынан назарынан тыс қалған емес. Бүгінде Алматы көлік теміржол техникумын аяқтап, Алматы теміржолының Аягөз станциясындағы вагон депосында бригадир, өндіріс шебері қызметінен бастаған Ибраев Ғаббас Төкешұлының еңбек жолын жастарымызға үлгі етеміз. Біліммен, біліктілігін қатар ұстаған халық қалаулысы, еңбектен қол үзбей жүріп білімін Ташкент транспорт институтында жалғастырады. Басқарудың барлық сатысынан өтіп, бригадирден депо бастығының орынбасарлығына дейін көтеріліп, 2000 жылы 1 желтоқсанда Ғ.Т.Ибраевтың бастамасымен, «Ибраев+К» мүшелерінің белсенділігімен Семей станциясында депо вагондарын жөндеу ісі қолға алады. Өз ісінің маманы Ғаббас Төкешұлы басшы, жауапкершілігі жоғары азамат ретінде мүгедектерге, жұмысшыларға, олардың жанұясына, соғыс ардагерлері, аз қамтылған жанұяларға, мектептер мен балабақшаларға және балалар үйіне қамқорлық көрсетіп келеді. Ол кісінің тікелей басшылығымен кәсіпорынның дамуына, техникалық жарақтануына және жетілдірілуіне жұмыстар үздіксіз жүргізілуде. Осының нәтижесінде қысқа уақыт ішінде кооператив тәжірибесімен бөлісу үшін 2 рет Республикалық семинар-кеңес өткізілген. Кәсіпорын бүгінде сапалы жұмысымен, өндірісте жаңа технологияларды қолданудағы өзгерістерімен елімізде алдыңғы қатардан көрінуде. «Нұр Отан» Республикалық саяси партиясының саяси кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы теміржол кәсіпкерлері ассоциасының Президенті болып сайланған Ғаббас Төкешұлы «Ерен еңбегі үшін», «Астанаға 10 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен, «Құрметті теміржолшы» белгісімен, Елбасы Н.А.Назарбаевтың Алғыс хаттарымен, Қазақстан Республикасы көлік және байланыс Министрлігінің грамота, дипломдарымен, Шығыс Қазақстан облысы және қала әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталып, қала әкімінің «Жыл адамы - 2007», «Жыл адамы– 2008» номинациясының иегері аталған. Шығыс Қазақстан облысының құрметті азаматы. Еңбегімен халық құрметіне бөленген Ғаббас Төкешұлына мектеп ұжымының айтар алғысы көп. Жанұяның ұйтқысы ретінде, әке жолымен 2 ұлын өсіріп, немере сүйген азаматтың еңбек жолы - тәрбие мектебі.

Мектеп директоры Аубакирова Алма Медетқызы



Айтпаева Жанат Жеңісбекқызы

Шығыс Қазақстан өңірлік ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты

Бүгінгі таңда қазіргі заман мұғалімінің алдында тұрған міндет оңай емес. Оқушыларын жаңа білім әлемінде бағдарлай білуге баулып қана қоймай, өз елін, жерін, тарихын сүйетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білетін өз елінің абыройлы азаматын тәрбиелеу міндеті тұр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев отандық білім беруде жоғары міндеттер қойып отыр. Білім беру бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуы қажет, қазақстандық мектептердің түлектері шетелдік жоғарғы оқу орындарында білімдерін оңай жалғастыра алуы керек. Президенттің 2009 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін «Тілдің үш тұғырлығы» мәдени жобасы кезең-кезеңмен жүзеге асырыла бастады. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі, жаһандық экономикаға табысты интеграциялану тілі – ағылшын тілі.

Шығыс Қазақстан облысында осы бағытта қызмет етіп келе жатқан екі мектептің бірі –Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп. Осы білім ордасында мектеп әкімшілігінің, педагогикалық

ұжымның тынымсыз, жемісті еңбегінің арқасында балаларды тәрбиелеу мен білім беруде мол іс-тәжірибе жинақталған, жалғасын тауып келе жатқан тамаша дәстүрлер қалыптасқан. Мектеп оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда үнемі жүлделі орындарды иеленіп, облыс командасының қоржынын медальдармен толықтырып келеді. Республикалық «Бастау» турнирінде, 1-7 сынып оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының «Зерде» конкурсында көрсетіп жүрген жетістіктері мектеп ұстаздарының, ата-аналарының жүйелі, қажырлы еңбектерінің нәтижесі деп толық сеніммен айтуға болады. Жемісті еңбек ету үшін ұстаздарға ұдайы біліктіліктерін жоғарылатып, білімдерін толықтырып отыру қажет. Дарынды балалармен жұмыс бойынша түрлі тақырыптарда «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы өткізіп отыратын республикалық, халықаралық семинарлар мен конференцияларға, өңірлік «Дарын» орталығы ұйымдастыратын облыстық ғылыми-әдістемелік семинарларға мектеп педагогтері белсене қатысып келеді. Облыс көлемінде семинарлар өткізіп, аудандарда өткізілетін семинарларда жинақталған іс-тәжірибелерімен бөлісуде. 90 жылдық тарихы бар, қазақтың данышпаны Шәкәрім есімін алып келе жатқан облыстық мектеп −бүгінде өңірдің білім беру жүйесінде өзіндік орны бар, дарынды және қабілетті балалардың интеллектуалдық, шығармашылық дарындылықтарын анықтап, дамыту бойынша жұмысқа өздерінің қомақты үлестерін қосып келе жатқан білім ордасы. Мектеп ұжымына шығармашылық табыстар, биік жетістіктер тілеймін.



Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың мектепте өткен кездесуінен естелік...

Менде Сіздерге бір-екі ауыз
маслихат сөзімді айтайын...
Ә.Нұршайықов

Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, оқырман қауымға «Махаббат, қызық мол жылдар» атты романымен кең танылған жазушы Әзілхан Нұршайықов 2008 жылдың ақпанында бірнеше үзеңгілес жолдастары −профессор Тұрсынбек Кәкішев, жазушы Сәбит Досановпен мектебімізге ат басын тіреді. Көзі тірісінде аты аңызға айналған жазушы ағамызбен жүздесу, естелік әңгімесін тыңдау мен үшін естен кетпейтін оқиға болды. Мектеп ұжымы мен оқушылары жазушымен «Сырлы сөздің пірі» атты дөңгелек стол ұйымдастырып, жазушының өмірі мен жанұясы жайлы, оқырманға кеңінен мәлім шығармалары төңірегінде пікір алмасты. Дөңгелек столдың өткізілу формасы да ерекше еді. Бүкіл әңгіме автор мен кейіпкердің диалогі арқылы өрбіді.«Ассалаумағалейкум,оқушым!



«Ассалаумағалейкум» деп тек жасы үлкендерге ғана сәлем береді. Мен үшін оқушының кішкенесі жоқ, бәрі де үлкен, − деп сәлем берген қаламгер: −Тындырғаның тиянақты болып, халқыңның кәдесіне жарап жатқанға не тең келсін, шіркін!» − деген сырлы сөзімен бұл кездесудің соншалықты маңызды екеніне тоқталды. Әңгіме барысында Әзекең: «Мақала деп жазғаным очерк,очерк деп бастағаным әңгіме, ал әңгімем повесть, повесть роман болып шығады.

Бұл жақсы әдет пе, жаман әдет пе өзім де білмеймін,»−деген еді. Бұл сөздің астарында қаламгердің кең тыныстылығы, арық сөйлеп, семіз шығатындығы жатыр-ау деген ой түйдім және нағыз жастарға қажетті мінез-құлықты байқадым.Жазушы өз шығармаларында ұлдарға, қыздарға, жастарға арнап ағалық ғибрат сөздерін қалдырғаны

баршамызға мәлім. Әңгіме барысында оқушылар тарапынан осыған қатысты сұрақтар да болды. Осындай ғибратты сөзін бір ер баланың сұрағына жауап бергенде есіме сақтап қалғаным: «Арақ ішпеңдер, айналайындар! Әр ұрттаған сайын «мен маспын-ау, мас боламын-ау, ұятқа ұрынамын-ау» деп ойлаңдар...»− десе, ал қыз баланың сұрағына: «Ең алдымен еңбекшіл болыңдар! Еңбекшіл адам−ең ардақты адам. Дүниедегі ең сұлу әйел −еңбекшіл әйел, ең қымбат қыз −еңбекшіл қыз,»− деп



қауымына айтқан ағамыздың өсиеті: «Бала тек менде емес адам өз баласын жан-тәнімен сүйеді, «өзегім» деп, «өмірім −өз халқының жалғасы, өз ұлтының болашағы.

Балалар −жер бетіндегі саналы өмірдің жалғасы. Бүгінгі кездесу −болашақ ұрпақтың достығы мен бақыты үшін болған кездесу,» − деп сөзін аяқтаған еді. Қанша жыл өтсе де сол кездесуден алған әсерім, ғұлама жазушының айтқан өсиеттері әлі күнге дейін құлағымда жаңғырып тұрады. Адамдармен, оқушылармен жұмыс барысында ағамыздың айтқан асыл сөздерін үнемі есте ұстап, қағида ретінде пайдаланып келемін. «Егер сол кезде осы кездесу жазушы ағамыздың бізбен соңғы кездесуі екенін білгенде, бұдан да көп өсиеттерін жазып алып қалар едім,»− деп жүрген мен сияқты қазақ қыздарының көп екеніне қазір ғана көзім жеткендей...

Ойы айқын,жаны мөлдір,бойы таза қаламгер ағамыздың әруағына басымды иіп,тағзым етемін.

Келдібаева Бахытгүл Омарханқызы

Тұңғыш қазақ мектебі



Кенемолдин Мұратбек Мүфтиұлы 1958 жылы 8 тамызда бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Ақсуат ауылында туған. 1980-1985 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих және құқық негіздері факультетін қызыл дипломмен бітірген.

1985-1990 жылдары Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы) Шар аудандық «Достық туы» газетінде аудармашы, әдеби қызметкер, әлеуметтік-экономикалық бөлім меңгерушісі,1991-2000 жылдары облыстық «Семей таңы» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, 2000-2003 жылдары облыстық «Демократия» қоғамдық-саяси газетінің атқарушы редакторы, «Ирбис» ТРК ЗАО-ның аймақтық тілшісі, 2003-2004 жылдары Семей мемлекеттік педагогикалық институты жанындағы «Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығы директорының орынбасары, 2004 жылдан бастап республикалық «Абай» журналының бөлім меңгерушісі, ал 2012 жылдан жауапты хатшы болып жұмыс істейді.

«Өнегелі өмір асулары», «Аңшы Жекен» кітаптарының авторы. Алаш қозғалысы тақырыбына байланысты архивтік деректер негізінде жазылған 40-қа жуық зерттеу материалдары «Шәкәрім» энциклопедиясында, «Шәкәрімтану мәселелері» атты 6 томдық жинақта, республикалық «Абай» журналы және облыстық «Дидар», «Семей таңы» газеттерінде, сондай-ақ «Шәкәрім шығармашылығы қазақ және әлем мәдениеті контексінде» және «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең», «Батыс Алашорда тарихы: кеше, бүгін және ертең» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында жарық көрген.

Соның ішінде «Әлихан Бөкейхановтың Семейдегі жылдары», «Шәкәрім өмірінің белгісіз беттері», «Жәрдем» баспаханасы», «Тінібай қажы», «Анненковтың «ажал аралы», «Әнияр Молдабаев», «Қаражан Үкібаев кім?», «Бияш деп елі еркелеткен», «Тұрағұл Абайұлы және Алашорда үкіметі» атты,сонымен қатар Семей қаласындағы мұрағат

мекемесінен алынған деректерге негізделген мақалаларында Семейдің сол жақ бөлігіндегі қазіргі Жаңа-Семей қаласы 1917-1927 жылдар аралығында −он жылға жуық уақыт− Алаш қаласы деп аталып келгені туралы баяндайды. Алғашқы қазақ мектептерінің негізі осы Алаш қаласында қаланғандықтан олар ресми тілде «Алаш мектептері» деген атауға ие болғандығы туралы тұжырым жасайды.

Семей уезіндегі 17 мектептің 17 мұғалімінің тізімі мұрағатта сақталған. Сол тізімнің біріне Алаш қаласындағы №11 бастауыш қазақ мектеп ұжымының атынан Хайролла Ибрагимов, ал екіншісіне қазақ қыздары мектебінің ұжымы атынан оның зайыбы, мұғалім Жұмабике Ибрагимова қол қойған. (қар – 415, тізбе – 02, іс - 643)

Көрнекті абайтанушы-ғалым Қайым Мұхамедхановтың тұңғыш ұстазы Қайролла Ибрагимов 1900 жылдан 1957 жылға дейінгі аралықта алғашқыда Семей губерниясының Семейтау және Көкен болыстарында бала оқытады, Алашорда үкіметі тұсында үйінен бастауыш мектеп ашып, сабақ береді. Содан 1957 жылы зейнет демалысына шыққанша Семей педагогикалық және өнеркәсіп техникумдарында, орта мектептерде мұғалімдік қызметтер атқарады. 1966 жылы 85 жасында қайтыс болады. Ол халыққа білім беру саласындағы осындай жемісті еңбегіне орай 1946 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталса, 1947 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» атағы беріліп, 1949 жылы Ленин орденімен марапатталады.

Семей губерниясы Шыңғыс уезінің №2 ауылының тумасы Кәбір Махмұтов және оның зайыбы Оразбибі Махмұтова 1919 жылы екі жылдық Алаш педагогикалық курсын аяқтап, мұғалімдік мамандығын алып шыққан.

Кезінде олар М.Әуезов және Қ.Сәтпаевтар құрған «Ес− аймақ» мәдени-ағарту ұйымының белсенді мүшелері болды. 1925 жылы Семейде «Қаракөз» пьесасы алғаш қойылған кезде Оразбүбі (Өжен) мұғалімҚаракөз рөлін сомдаған (Ғайса Сармурзиннің М.Әуезов туралы естелігінен). Кәбір Махмұтов Ұлы Отан соғысы жылдары қайтыс болды.

Қайым Мұхамедханов: «Қайролла Ибрагимов менің алғашқы ұстазым еді,»− дейді.

Кенемолдин Мұратбек

Әкем туралы.



анбаев Бөкейлен

Наданбаев Тұмабай1869 жылы бұрынғы Семей облысының Шыңғыстау ауданында туып өскен. Руы Тобықты, оның ішінде Торғай. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында Торғай руының басшысы Құлыншақтың атақты бес батыры «Бес қасқа» атанып кеткен ұлдарының бірі- Наданбайдан туған, жалғыз ұл Тұмабай.

Арабша оқыған, көзі ашық. Қазақтың сол кездегі зиялы қоғам қайраткерлерімен араласқан, Алаш партиясының мүшесі болған. Өзінің ақыл-парасатымен көзге түсіп ауыл-аймақта, туыстар арасында жас кезінен «бала би» атанған. Қыстаулары Пұшарбай мен Мұздыбай қонысы аралығындағы Көпторғай жері, Тұмабайдың дөңгелек төбесі, Ақтөбеге дейін созылған аралықты алып жатқан аумақ.

Тұмабай Құнанбай қажының «Ескі там» мектеп-медресесінен арабша хат танып, Семейден оқуын жалғастырған. Сол кездегі қазақтың зиялы қоғам-қайраткерлерімен етене араласқан. Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Өтебай Тұрманжанов, Мұхтар Әуезовтермен дәм араласқан, Абайдың ұлы Тұрағұлмен жақын дос болған. Абай туралы М.Әуезовке көптеген мағлұматтар берген.

Ауыл арасындағы жоқшылықтан қиыншылық көріп, тарыққан кедей кепшіктерге қол ұшын беріп, көмектер көрсеткен. Отын-суын, малға шөбін тасуға ат-арбасын берумен бірге жәрдем де көрсетіп отырған. Ал шешем Ақсақтемірдің қызы, менімен үлкен кісідей ақылдасушы еді, 1960 жылы қайтыс болған..

Әлі есімде, Семейде тұрғанда жаз болса малымызды алып, киіз үй тігіп, қала сыртына көшетінбіз. Сонда арнайы іздеп Әлихан Бөкейханов келетін. Ол кісі ыңғай келгенде рессорлы арбаға (фаетонға) үш ат жегетін, бәрі бірдей торы, не қара болатын. Алдынан жүгіріп шыққан мені ат айдаушыға айтып, арбаға отырғызатын да біраз жүргізіп келетін.

Әкем Әлиханды өте жақсы көретін және аса сыйлайтын еді. Сол кісінің құрметіне мен туғанда менің атымды Бөкейге «лен»-ді қосып Бөкейлен деп қойған екен. Есейгенде өзімнің шамалауымша, «сол кісідей оқыған қара таяқ, ел ағасы сияқты азамат болса» - деген ырыммен қойған болуы керек.

Тағы бір есімде қалған, әрі ерекше әсер еткен нәрсе: ол- Әлихан Бөкейхановпен әкемнің төс қағыстырып, кезек-кезек түйістіріп мұсылманша амандасуы, менің балалық жүрегімде мәңгілік сақталып қалды.

Әкем Абайдың өлеңдерін жатқа білетін және сол кісінің айтуымен, жастайымнан құлағыма сіңген Абайдың өлеңдерін мен де мектепке бармай тұрып жатқа үйрендім.

Әкем көзі өткір, сөзге шешен еді. Өңі суық болғанымен ағайынға, адам баласына қайырымы мол болды. Әкемнің шапағаты тек өз ұрпағына ғана емес, маңайындағы танитын ,танымайтын адамдарға да тиді.

1937 жылы жаңа жылдың қарсаңы болуы керек, білмеймін, әйтеуір қақаған қыс кезі еді. Абай атамыздың Ақылбайының немересі Бағыш (Бағыфур) пен Қабыш ағайым екеуі соғым алып келуге кеткен. Сол күні ымырт жабыла үш милиционер келіп, үйді тінте бастады, үйге кіргендерді шығармайды. Үйдің іші астан – кестен, әрі кісіге лық толы, әрі ыстық, ауа жетпейді. Дәл осы кезде Бағыш пен ағайым келді. Үсті-бастары қырау, тіпті тұлыптарына дейін қырау-қырау. Үйге милиционер келіп, тінте бастағанда шешем Жәмила үйдегі барлық фотоларды менің «боқшама», яғни сумкама сала салды. Ол кезде мен бірінші класта оқитынмын. Олар менің сумкамды тексерген жоқ. Үйді әбден тінтіп, үш кітапты тауып алып, әкемді қоса алып кетті. Әкемді сол кеткеннен көрмедім.

1937 жылдың күзінде Қабыш ағайым Жоламанды балалар үйінен шығарып алып, бәрімізді Алматы облысы, Қоғалы ауданына көшіріп алып кетті. Осында тұрып жатқанымызда соғыс басталды да ағайларым Қабыш пен Кәмелбекті әскерге алды. Жоламан ағайымыз екеуміз сабақ бітісімен ұжымшарға жұмысқа кірдік. Соқамен жер айдаймыз, тырмамен шөп жинаймыз, күзде лабогрейкамен егін орамыз, өгіз, ат бағамыз.

Соғыс біткеннен кейін, Қоғалыда онжылдық мектеп болмаған соң Жамбыл атындағы №18 ерлер мектебіне бардым. Біз,15 бала ғана №18 мектепті он жылдық біліммен бітіріп шықтық. Қай институтқа түсеміз деп жүргенде Тамақ өнеркәсібі министрлігінен кадр бөлімінің меңгерушісі келіп: «Мәскеуге институтқа баратындарың бар ма? Жол ақысын төлейміз»- деді. Бес бала келісім бердік, ішінде мен де бармын, сөйтіп Мәскеуден бір-ақ шықтық. Баруын бардық қой, бірақ тіл жағынан көп қорлық көрдік.

1953 жылы Бөкейлен Тұмабайұлы Мәскеудің Тамақ өнеркәсібі технологиялық институтын бітіріп, жолдамамен Алматының Қант зауытының жоспарлау-экономикалық бөлімінің бастығы болып еңбек жолымды бастадым, кейін оның директоры боладым.

1960-1963 жылдары республикалық жоғары партия органдарында жауапты қызметтер атқардым.

1965 жылы Қазақстан Үкіметінің тағам өнеркәсібі бөлімінің бастығы болып, кейіннен сала институтының директоры, 1970 жылы Министрдің орынбасары, одан соң Қазақстанның тағам өнеркәсібі Министрі болып тағайындалып, көп жыл абыройлы еңбек ете жүріп, әкем туралы іздеу хаттарымды тоқтатпадым.

1992 жылы 27 желтоқсанда К 693 нөмірлі жауап хат алдым. Онда: «Әкеңіз Наданбаев Тұмабай 1937 жылы 24 қаңтарда қамалған. Оған 1937 жылы 14 тамызда, Қазақстанда Алаш орда Өкіметін құрмақ болған Ұлттық контрреволюциялық партияның мүшесі деген айып тағылып, атылсын деген үкім шыққан. Үкім 1937 жылы 17 тамызда, Семей

қаласында орындалған. Айыбы дәлелденбегендіктен әкеңіз Наданбаев Тұмабай 1956 жылы 13 қазанда Семей облыстық сотының қаулысымен ақталған» - деп жазылған.
Бөкейлен Тұмабайұлы 2010 жылы туғанына 80 жыл толуына санаулы күндер қалғанда, ауыр науқастан қайтыс болды.

Бөкейлен Тұмабайұлының абыройлы еңбегі үкімет тарапынан бағаланып, «Құрмет белгісі» ордені және СССР-дің 5 медальдарымен марапатталған.

Партияның Орталық Комитетінің мүшесі, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты, Қазақстан КП 15 съезінің делегаты және Тамақ өнеркәсібі саласындағы 5 ғылыми еңбектің авторы.

Манас, Дулат деген екі ұлы отбасымен Алматыда тұрады. Айнұр, Айтуар, Айбар, Рысалды, Қанаш деген немерелері бар.

Наданбаев Бөкейлен Тұмабайұлы,
ҚазССР тамақ өнеркәсібі Министрі.



Алаш зиялыларының ағартушылық қызметі

Салима Босқынбайқызы Шаянбаева 5 мамыр 1959 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының Құйған ауылында дүниеге келген. 1980-1985 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының тарих және құқық негіздері факультетін бітірген.

Бүгінгі күні білікті ұстаз С. Шаянбаева өзінің «Алаш зиялыларының ағартушылық қызметі», «Адвокат Мәрсеков», «Табиғаты ғана емес, тарихы да құнды», «Болашақ жас ғалымдарды даярлаудың аспектілері», «Семейдегі алғашқы әйел мұғалимлар» атты мақалаларында 1918-1920 жылдары Алаш мектептерінде Тұрлыхан Хасенов, Ғалиакбар Төребаев, Мұстақым Малдыбаев, ерлі-зайыпты Хайролла және Жұмабике Ибрагимовтар, Абзал және Тәйба Жиенғалиевтар, Кәбір және Оразбибі Махмұдовтар, Жәмила Кәрімовалардың басшылық жасап, сабақ бергені туралы тың деректер береді.

XX ғасыр басында Семейдің халық ағарту саласында патша үкіметінің бұратана халықтарды мәдени - рухани құлдыққа түсірген отаршыл қанаушылық саясаты үстемдік етті. Патша шенеуніктері қазақ сахарасында ұлттық мектептерді ашуға айтарлықтай құлықты болмады. Халықты қараңғылықта ұстауды әлдеқайда тиімді көрді.

Алайда, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында орыс демократтары, педагог-ағартушылары Достаевский, Долгополов, Михаэлис, Коншин, ағайынды Белослюдовтар мен қазақтың ұлама ойшылдары Абай, Шәкәрім т.б. білім берудің маңызы ерекше екенін жақсы түсінді, халықты осы іске үндеді, соған белсене араласты. Бұл орайда қазақтың тұңғыш педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің орыс-қазақ мектептерін ашуда өлшеусіз еңбек сіңіргенін өткен тарихтан жақсы білеміз.

1888 жылы алғаш Семейде бастауыш білім беру қоғамы құрылып, жұмыс істеді. Міне, осы қоғамға өз кезінде қазақтың ұлы ақыны Абай және оның балалары Ақылбай, Мағауиялар мүше болып, қаржылай көмек көрсетіп отырған.

Семей қаласында алғашқы кітапхана, тарихи-өлкетану мұражайы, статистикалық комитет тәрізді тағы басқа да мәдени, оқу-ағарту мекемелерінің ашылуы жоғарыда аталған тарихи тұлғалардың қызметімен тығыз байланысты болып келеді. Сол сияқты 1903 жылы Семейде тұңғыш мұғалімдер семинариясының ашылып, жемісті жұмыс істеді.

Семейде XX ғасыр басында халық ағарту саласында қалыптасқан екінші бір жағдай «Алаш» партиясы, Алашорда үкіметінің өмір жолы. Алаш зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозыбағаров, Халел Ғаббасов, Мұхтар Әуезов, Биахмет Сәрсенов, Жүсіпбек Аймауытов, Нәзипа және Нұрғали Құлжановтар, Мәннан Тұрғанбаев, Әбікей және Қаныш Сәтбаевтар, Сейітбаттал Мұстафин, Абзал Жиенғалиев т.б. қызметтерімен тікелей қатысты болып саналады.

«Алаш» партиясы саяси бағдарламасында: «Халыққа ғылым, білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге болса да ашық һәм ақысыз болу. Бастауыш мектептерде оқуды ана тілінде оқу. Қазақ тілінде орта мектеп, университет ашу. Ұлттық мұғалімдерді даярлау және оқу құралдарын басып шығару қажет» екенін атап көрсетті. Сонымен қатар аталмыш партия басшылары 1917 жылдың желтоқсанында Орынборда өткен екінші жалпықазақ съездінде қазақша оқулықтар жазу комиссиясын құрып, оған көрнекті лингвист-ғалым Ахмет Байтұрсынов төрағалыққа бекіді, ал Телжан Шонанұлы, Мағжан Жұмабаев, Елдос Омаров, Биахмет Сәрсенов т.б. мүше болып енді.

1917-1919 жылдары аралығында «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті, Семейдегі Шығыс Алашорда үкіметі, Семей облыстық және уездік Земство басқармалары ұлттық педагог кадрларды даярлау, қазақ мектептерін ашу, оқу құралдарын шығару мәселелерінде ірі ұйымдастырушылық әрі басқарушылық қызметтер атқарды.

1918 жылы Семей мұғалімдер семинариясында оқып жүрген жас семинарист Мұхтар Әуезов «Абай» журналының № 11 санындағы мақаласында:

«Ұлт мектебін ашуға қазірде біздің алдымызда қиын асудай үш кедергі тұр. Бірі: бастауыш мектептің бәріне мұғалімніңжоқтығы; екіншісі: оқу құралдарының жоқтығы; үшіншісі: ілгері оқитын мектептің жоқтығы һәм тез уақытта бола алмайтындығы» деп жазды.

Бұл мәселелерді шешуде Мұхтар Әуезов, Әбікей және Қаныш Сәтбаевтар, Мәннан Тұрғанбаев, Әлімхан Ермеков, Ыдырыс Мұстамбаев, Тұрлыхан Хасенов, Сейітбаттал Мұстафин тәрізді ұлт зиялылары ерекше үлес қосты.

Алаш зиялылары алдымен 1917 жылдың жазында Семейде мұсылман оқытушылар ұйымын құрды. Оның төрағалығына Мәннан Тұрғанбаев, хатшылығына Мұхтар Әуезов бекіді.Ұйым ең алдымен «Бастауыш мектептердегі оқу программасын» жасап, оны қолдану үшін «Сарыарқа» газетінің бетінде жариялап таратты. Бірақ та ұлттық мектептердің материалдық-техникалық базасының нашарлығы мен мамандардың тапшылығына қоса ондағы мұғалімдердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы да өте ауыр болды.

1918 жылы Семей уездік Земство басқармасының мүшесі А. Болатов пен Алаш қаласының мұғалімдері Мәннан Тұрғанбаев, Қаныш Сәтбаев, Сейітбаттал Мұстафин, Ғалымжан Дәулетияров, Хайролла Ибрагимов, Дәлел Сәрсеновтардың қатысуымен өткен жиында №1 Алаш мектебіндегі бала оқытуға байланысты екі түрлі мәселе қаралған:

«1. В V отделении №1-ого Алашского мектеба учатся только 4 человека, а преподователей всего лишь два, которым нет абсалютно никакой возможности вести занятия во всех отделениях. Находя такое явление ненормальным, Совещание постановило распустить V отделение с тем, чтобы способные ученики держали экзамен в 1 -ом отделении Алашских национальных педагогических курсов, а менее способные были переведены в IV отделении названного мектеба;

2. Находя преподование в 4-х отделениях с 2-умя мугалимами невозможным и нецелесообразным, за отсутствием каких бы то ни было учебников постановлено назначить еще одного мугалима. Примечание: Признаю при этом, особенно затруднительном случае, когда нет никаких учебников, которые занимаются исключительно записами на доске, преподование возможным 3-х отделениях при наличности 2-ух мугалимов» деген қаулы қабылданған.

Сонымен қатар, Семей уездік Земство басқармасы халыққа білім беру бөлімнің Алаш қаласында арнайы бастауыш қазақ мектептері мұғалімдерін даярлайтын қысқа мерзімді курстар ашқан. Курстың меңгерушісі болып Мәннан Тұрғанбаев тағайындалса, Нәзипа Құлжанова, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Нығметолла Күзембаев, Ахметжан Күзембаев, Сейітбаттал Мұстафин, ерлі-зайыпты Абзал және Тәйба Жиенғалиевтар, А. Иманбеков және т.б. сабақ берген.

Семейде 1917 жылдан бастап 1919 жылдың желтоқсанына дейін шығып келген «Сарыарқа» газетінде:

«Биыл Семейде Уездный Земствосы Алаш қаласында екеуі ерлерге, біреуі қыздарға арналған мектеп ашқан. Ұлдар мектебінде 120-дан асабаланы 4 мұғалім оқытады. Қыздар мектебінде 60-қа жақын төрт бөлім қызды екі мұғалима оқытады. Бұлар өткен жазда мұғалімдік курстан оқып шыққан мұғалімдер.

Алаш қаласының халқы қыздарын мектепке беріп, оқытып, білім сәулесін танытқаны, сіңілілеріне үлгі үйретіп, білім беріп, екі мұғалима Жәмила Кәрімова, Жұмабике Ибрагимовалардың ерінбей қызмет қылып отырғаны сүйінерлік іс», - деп жазылған.

Бұрынғы Алаш, қазіргі Жаңасемей қаласындағы екі жылдық мұғалімдер курсы мен Алаш мектептерінде Сейітбаттал Мұстафин, Абзал Жиенғалиев, Ғалиакбар Төребаев, Ахметжан Күзембаев, Таися Кошкина (академик Қаныш Сәтбаевтын зайыбы), Шақар Қокымбаев, Хайролла Ибрагимов, Кәбір Махмұдов т.б. жұмыс жасады.

Семей және Алаш қалаларында 1923-1924 оқу жылдарында 5 бастауыш қазақ мектебі жұмыс істеді. Мысалы, №8 совет қазақ мектебінде Нұрахман Тұрғанбаев меңгеруші (яғни, директор), ал мұнда Өзбекхан Оразханов, Сүлеймен Құжбаев, Елена Брадская мұғалім болып қызмет атқарған. № 10 совет қазақ мектебінің меңгеруші болып Айтмұхамет Мусин істесе, ерлі-зайыпты Абзал және Тәйба Жиенғалиевтар, С. Лакиза ұстаздық еткен. №11 совет қазақ мектебінде Ибрагим Сақатаев, Ғали Бұқараевтар бала оқытса, Кәбір Махмұдов меңгеруші болды. №12 совет қазақ мектебінің меңгерушісі Хайролла Ибрагимов болса, ал мұнда алғашқы қазақ әйел мұғалімдері Жұмабике Ибрагимова мен Оразбибі Махмұдова сабақ берді. №13 совет қазақ мекгебінде Дүйсенбай Иманқұлов меңгеруші болып қызмет атқарған.

Семей қаласындағы Қазіргі заман тарихы құжаттама орталығы қорында сақталған 1924 жылдың 15 қазанындағы Семей және Алаш қалаларындағы бастауыш және арнайы орта білім беретін оқу орындары оқытушыларының тізімінде, жалпы орыс-қазағы бар 108 адамның аты-жөні аталады. Соның ішінде ұлт зиялылары Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков, Әбікей Сәтбаев, Мәннан Тұрғанбаев, Ғалиакбар Төребаев, Хайролла Ибрагимов, Абзал Жиенғалиев, Кәбір Махмұдов, Ибрагим Сақатовтармен бірге алғашқы әйел мұғалімдер Жәмила Кәрімова, Оразбибі Махмұдова, Татьяна Зенкова, Таися Кошкина, Елена Брадская, Анфиса Ермолова, С.Лакиза, Тәйба Жиенғалиева т.б. есімдері кездеседі. Ал Семей уезі бойынша қазақтар басым тұратын 16 елді мекенде 29 бастауыш ұлттық мектептер жұмыс істеп, отызға жуық мұғалімдер сабақ берген.

1920 жылдары Семейдегі бастауыш қазақ мектептері Алаш мектептері деп аталды. Өкінішке орай, 1937-нің сойқаны бәрін жалмап, ойрандап кетті.

Алаш зиялыларының ағартушылық қызметі мен педагогикалық-шығармашылық еңбектерін бұлайша зерделеудегі басты мақсат – ел болашағы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеп, олардың бойында азаматтық асыл қасиеттерді сіңірудің негізі мектептен басталатынына ұлт зиялылары сол уақыттың өзінде ерекше маңыз берген, болашақта оның үстем болуына күш – жігерін жұмылдырған. Ұлы тұлғаларымызды ұлағаттап құрметтеу ұлттық рух пен елдік сананы оятып қалыптастырары сөзсіз.



Сағындықов Ержан туралыбір үзік сыр.

Бұланның бір баласы – Қондыбай. Қондыбайдың Алтыкісі, Жанкісі деген балалары болған. Сарықондыбай аталған Алтыкісінің Есеналы, Алдияр, Жиеналы деген өз кіндігінен үш ұлы болған.

Есенәлінің кейінгі ұрпақтарының ішінде елге белгілі атақтылары сал, сері атанған Боранбай болған. Боранбай ән, өнерге ерте араласып, жанына өзі секілді жігіттерді жинап, ел кезіп, ән айтып, өнер көрсетіп, ойын-той, думанда көбірек жүріп, жұртқа белгілі адам болған. Жасы келе үйленеді. Бұл кезде кедейлікте жетеді. Қараша үйде отырып қалған Борекең ақсақал, ұлдарының кейінгі тағдырын

антай Доғалақов

көбірек ойлайтын күйге түседі. Сол күндердің бірінде Семей қаласына бет алып кетіп бара жатқан керуенді кездестірген Борекең ақсақал, керуен басына үш баласын Семей қаласына ала кетуді өтінеді. Сонда естияр деген Сағындық 13 жаста, Кәкім 9- да, Бекқожа 7- де екен.

Естияры Сағындықты оңашалап алып: «Семей деген үлкен шақар, еңбек еткен адам аштан өлмейді. Мен қартайдым, сендерге берер байлығым да, барлығым да жоқ. Енді ер жеттіңдер, өлмес күндеріңді көретін қалге келдіңдер, бетіңнен жарылқасын, ана інілеріңе ие бол, шыққан жерің мен еліңді ұмытпа» -деп кетіп бара жатқан балаларының артынан ұзақ қарап тұрыпты деседі. Жаңағы жолаушыға жол ақысын аз беріп қойдым ба, иесіз далаға қалдырып кетіп жүрер ме екен деп қамығады. Үш ұлының артынан ұзақ қарап, бір үміт, бір қауіптің соңынан не боларына көзі жетпей, келешектерінен зор үміт күткен Борекең көзіне жас алып, өзі арман құшағындағы оймен қала береді.

Араға бір қонып, Семейге жеткен керуен, келесі күні Ертістен аман-есен өтіп, өздерінің нысаналы жеріне тоқтағанда, Сағындықты жанына шақырған керуенбасы:«Мынау қаланың орталығы болады. Мына тұрған ұзыннан ұзақ салынған тауарлар сатылатын дүкендер. Осы базарда қолбалаларға жұмыс табылады. Бір-біріңнен айырылмай, адаспай бір жерде болуды ойлаңдар. Менің бетім ішкі жақ. Әкеңе берген уәдемді орындадым. Әлде менімен барғыларың келе ме?-деп, жылы шырай танытып, еті тірі, елгезек, жол бойы өзіне қызмет көрсетіп, айтқанын екі етпей зыр жүгіріп қолғабыстық тигізіп келген Сағындыққа қарайды. Сағындыққа керуенбасы сөзі қалжың тәрізді естіледі.

- Жоқ, ата, рахмет Сізге, жолыңыз болсын! Ел іші ғой бірдеңе етіп күн көрерміз. Келген жеріміз осы, әкеміздің айтқан қаласына жеттік. Сіз әкеме берген уәдеңізді орындадыңыз, алдыңыздан жарылқасын! Керуенбасы ойланып қалды. Жап-жас баланың сөзі секілді емес, үлкен кісідей сөйлейді.

- Әкеңді көптен білуші едім, өмір деген, заман деген, солай балам, - деп аз кем ойланды білемін, бір қызметшісіне айтып, біраз азық бергізіп, қош айтысып жүріп кетті.

Іңір түсе күн ұзаққа созылған жүріс-тұрыстан әбден қажыған Кәкім мен Бекқожа қабырғаға сүйеніп маужырай бастаған еді, енді бір уақытта ұйықтап та кетті. Сағындық та маужырай бастады, Біраздан соң ат тұяғы тықылдап, арба доңғалағы шықырлап, баяу жүріспен келе жатқан бір бөлек жүргіншіге көзі түсті. Бұл бұрын көрмеген екі пар қара ат жеккен, арба үстінде қара жәшік. Сол-ақ екен әлгі қара жәшік ашылып, басына биік қара қалпақ (цилиндр), үстіне қара шалбар мен бешпет, көйлегінің жағасы аппақ біреу шықты да тура өздеріне қарай аяңдай бастады. Қолына басы имек таяқты іліп алыпты. Сонан соң жандарына келіп, ұйықтап отыр деген болуы керек,ептеп таяғымен түртіп:

- Қайдан жүрген балаларсыңдар, мұнда неғып отырсыңдар?- деп таза қазақ тілінде үн қатқан орыстыңеңгезердей адамы, тіп-тік денесін сәл иіп, Сағындықтың бетіне үңіле қарайды.

Сағындық өздерінің қайдан келгенін жіпке тізгендей, бірін қалдырмай айтып береді. Содан соң әлгі кісі:

- Жұмысқа қалайсыңдар, жұмыс істегілерің келе ме?-деп сұрайды.

-Жұмыс істемесек, бізді тегін кім асырайды. Қырда малымыз жоқ, әке-шешеміз қарт адамдар, мұнда күн көріс іздеп келдік қой,-дейді Сағындық. Баланың сөзі ұнап қалса керек:

- Онда менімен бірге жүресіңдер ме? Мен сендерге шамаларың келетін жұмыс тауып берер едім- дейді әлгі кісі.

-О, не дегеніңіз, рахмет аға! Әрине, барар едік,- деп, екі інісіне қарайды. Сонымен «Жерновка» деген жерге (қазіргі Ленин атындағы колхоз бастығы Социалистік Еңбек Ері В.В.Еременко істеген жер) алып барады.

Содан епте ақша тауып, біраз уақыттан кейін Сағындықтар елге қайтады. Өз еліне келгеннен кейін Сағындық үйленіп, дүниеге тұңғыш баласы Ержан келеді. Ол оқу жасына келгенде мектепке барады.1944 жылы «Асқаралы» ауылына Жаңасемей ауданының

комсомол комитетінің көшпелі бюросы келіп, ұйымға оқушы жастардан мүше қабылдайды. Оның ішінде 9- класта оқитын Ержан да болады.

Ержан 10- класты бітірген соң Семейдің педагогикалық институтына түседі. Оны үздік бітіріп, Семейдің М.Әуезов атындағы педагогикалық училищесінде мұғалім болып істейді. Партияға өтеді. Облыстық оқу ағарту бөліміне инстпектор болып тағайындалады.



Сағындықов Ержан қаладағы №5-ші мектептің директоры бола жүріп, ғылыми диссертация жазумен айналысады. Оқу ісінің тәсілдерін оқулықтарға енгізу ойларын жүйелей бастайды. Ендігі ойы қазақтың №5 мектебін қалай үлкейтіп салу болады. Жаңа мектеп салдырудың әр түрлі тәсілдері ойландыра бастайды.

Оған қалалық партия комитетінен (Ульянов Н.М.) қолдау таппайды, облыстық Оқу бөлім басқармасы да қолдау білдірмейді. Себебі қазақ тілі өлетін тіл, қазақ мектептерін жабу керек деген ұлттық ағыс басталған кезең, мектеп салудың қажеті жоқ, оған үкіметтің ақшасын жұмсауға болмайды деген қағиданы ұстанған.

Ержан Сағындықов КазССР Министрлер Советіне хат жолдайды. Семейдің қалалық комитетінің басшысы, ұлтшыл шовонистік көзқарасы, қазақ балаларын өз тілінде оқытуға қарсы, қашан мұндай хатшылар ел басқарудан кетеді деген мағынада. Министрлер Советі Ержанды қолдап, облыстық комитетте осы мәселені қарауын тапсырады. Мектеп салынады, бұрын 74-ақ қалған балалардан 800 қазақ балалары білім ала бастайды.

Осы мәселенің шешілуі үлкен біткен іс болғанымен, Ержанға жаулары көбейе бастайды, қалалық партия комитеті, облыстық оқу ағарту басқармасы, Ержанның тамырына балта шауып, оны осы өмірден ақсатып, құрту жолдарын іздеп, сол министрліктің шаруашылығын басқаратын (завхоз) адамды азғырып, Ержанның үстінен домалақ қағазды жаудыртады. Мектеп салынған кезде «жеп» қойды, құрылыс материалдарын сатып жіберді, өзінің мінезі қатал, педагогқа жатпайтын психологиядағы адам дегендей. Содан бірнеше рет (8 рет) сотта қаралып, жиыны 2 жыл беріледі. (1978-1980). Ақыры партиядан шығарып, қаңғытып, тыныш табады. Ешбір жерге жұмысқа алмайды.

Көп сергелдеңмен әзер дегенде Теміржол училищесіне тәрбиеші болып орналасады. Сонан соң Ерекең қайдасың деп Москваға, СССР Орталық партия комиетінің, партия бақылау жөніндегі секретарына барады. Ол кісі үлкен қоғам, мемлекет қайраткері А.Я.Пельше еді. Орталық комитетте Ержанның тағдырын жан-жақты тексеріп, оны қайтадан партияға алады. Содан бастап Ерекең Семейдің педагогикалық институтына ассистент болып, жастарға қазақ тілінен сабақ береді. Сол кездер де 5 монография, 50-ден астам ғылыми мақалалар жазып, қазақ газеттеріне береді. Өлеңдер жазып, ел жұртқа беті ашылып, творчестволық өрлеу басталады. 1979 жылы 23 ақпанда Ержан Сағындықов кандидаттық диссертация қорғайды. Ержан 12 кітап жазады. Барлығы педагогика мен қазақ халқының тарихы туралы жазылған көпшілік оқырмандарға арналған әдебиеттер мен методикалық кітаптар.

Доғалақов Амантай Айтмырзаұлы.
Семей қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы,
кешегі Жаңасемей ауданы партия комитетінің I хатшысы.

«Қазақ тілі» қоғамының жанашыры



Шарипбаев Орал ТоқтарұлыСемей облысы, ЖаңаСемей ауданының Бөкенші орта мектебін 1977 жылы үздік бітірген.

1982 жылы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтты озат бітіріп, еңбек жолын қаладағы №119 кәсіптік-техникалық училищесінде тәрбиешіліктен бастады. 1985 жылы№5 қазақ гимназия мектебіне директордың бастауыш әскери-дайындық жөніндегі орынбасарлығына тағайындалып,1986-1989 жылдары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және директордың қызметін атқарады.

1990-1991 жылдары Жаңа Семей аудандық Партия комитетінде идеология саласында еңбек етсе, 1991 жылдан2009 жылға дейін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалында қызмет атқарып келеді. Осы аралықта Қазақ мемлекеттік Заң Академиясын және Р.Байсейітов атындағы қаржы-экономикалық колледжін озат аяқтап шықты.

1991 жылы Жаңа Семей ауданында «Қазақ тілі» қоғамын құруды ұйымдастырып, кейіннен аудандық төраға болып сайланады.2011 жылы Көкшетау қаласында өткен Халықаралық қазақ тіліқоғамының Құрылтайында Халықаралық қазақ тіліқоғамының Вице-Президенті «Шығыс және Солтүстік аймақ бойынша» сайланды. 15 жыл бойы Республикалық ана тілі газетінің тілшісі, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі.

1986 жылы қасіреттің қара таңбасы болған желтоқсан оқиғасына арнап Республикалық ақындар айтысы және Республикалық тоғызқұмалақ, қазақша күреспен жарысты ұйымдастырушылық пен жетекшілік арқасында облыстық «Қазақ тілі» қоғамының орынбасарлығына шақырылып, кейіннен төраға болып сайланды.

Орал Тоқтарұлы Республикалық қоғамның Халықаралық мәртебе алуына байланысты Облыс жұртшылығының ұсынысымен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы болып сайланып, 19 жылдан бері педагогикалық, заңгерлік жоғарғы білімі және қаржы экономикалық колледжді озат бітіргеніне қарамай, басқа жұмыстарға шақырылса да бармай, осы қоғамдық ұйымды тастамай, тек қоғамдық негізде дамытып, басқарып келеді.

Ономастикалық комиссиялардың мүшесі болып, облыстың, Республиканың тарихын жете білетіндігін пайдаланып, елді мекен, қала, аудан, ауыл көшелерінің бұрыңғы атауларын қайта қалпына келтіру, жаңа атаулар беру мәселелеріне де зор үлес қосуда.

Облыстағы 19 аудандағы, тіл мәселесін дамыту жөніндегі алқажиындар, маслихат, ғылыми конференциялар, әр түрлі тарихи мәдени шаралардың барлығында басы қасында болады.

20 жыл бойы тек бір салада қызмет атқарып келе жатқан Орал Тоқтарұлы Отанға, туған елге, жерге деген ыстық ықыласы, сүйініші жас ұрпақ жүрегіне жалын тастағандай, одан тараған ұшқын нағыз азаматтыққа, өршілдікке бастағандай, тәуелсіздік үшін тәуекелге дейін баруға әзір, қайсар тіл сарбазы.

Өткеннен санақ емес, сабақ алу.

(Мектеп тарихынан)

Семей уезінде жиырмасыншы жылдарда 17 мектептің 6 бастауыш мектебінің екеуі Жаңасемей өңірінде болған. (қор – 415, тізбе – 02, іс – 643).

-1924 жылы құрылымы жағынан іріленген жоғарыдағы бастауыш мектептердің бірі №11 қырғыз ерлер мектебі, *екіншісі* №12 қырғыз әйелдер мектебі деп аталған. *№11 мектеп Мұсатай байдың үйіне орналасқан, кейіннен Банк болған, ал №12 мектеп Толымбай байдың үйіне орналасқан, кейіннен Мұхаметхан үйі болған.* Мектептің реттік саны кейіннен №19, №20 болып өзгерген.(*16.01.1924 жылғы Губерниялық ОНО меңгерушісінің рапортында көрсетілген*), №20 мектеп мекен жайы: *Алаш қаласы, Алтайбаев бұрышы, Пограничный көшесі №107.*

-1926-1927 жылдары ШКМ *(Шаруа жастары мектебі)* кейін 7 жылдық мектепке айналған. (*Осы жылдарда мектеп бұрынғы орыс шіркеуі, одан Уәли байдың, кейін соқырлар қоғамы артелі мен Театральная көшесіндегі кітапхана болған ғимараттарға көшірілген*).

-1934 жылға дейін істеген №19, 20, ШКМ бірігіп, НСШ №5 санды қазақ мектебі болып қайта құрылған. (*1934 – 1940 жылдарда мектеп Топография техникумы үйінде орналасқан, Жаңа Семей қаласы Церковная көшесі 5, Сталин көшесі 36 мекен жайларында болған)*

-1942 жылы мектеп орта мектепке айналған. (*02.06.1942 жылы Калинин Рай ОНО-сның №88 бұйрығы*, *01.06.1942 жылыКалинин аудандық депутаттар мен еңбекшілер советі атқару комитетінің шешімімен*) Мекен жайы: (*Жоғарыдағы бұйрық және шешім негізінде метеп НСШ №30 дың бұрынғы ғимаратына, №3 балалар үйіне көшіріледі, №5 мектеп ғимараты инт.холод.пром орналастырылады*)

1944 жылы мектеп қыздар және ұлдар орта мектебі болып екіге бөлініп, сол жылдың соңында аралас мектеп болып аталған. *(05.06.1944 жылы №54 Калинин аудандық білім бөлімініңбұйрығымен*), Мекен жайы:(*1944 жылы мектеп үйіне жаралылар орналастырылып, №3 балалар үйінен №19 мектеп ғимаратына, кейіннен пионерлер үйі болған.Содан кейін Молдағалиев (бұрынғы Кооператив) көшесіндегі екі қабат қызыл тас үйге көшіріледі. 1946-1947 жылдары Новостройка алаңындағы екі қабатты қызыл кірпіш үйге, кейін ол жерде УПК болған көшіріліп,1952-1967 жылдары экономикалық лицейдің қазіргі ғимаратына орналасады,1967-1972 жылдары қазіргі №2 музыка мектебінің ғимаратына көшіріліп,1973 жылы мектепке жаңа ғимарат салынады.Мекен жайы Байтұрсынов көшесі 38.)*

-1991 жылы 28 июньде №5 орта мектепке мектеп-гимназия мәртебесі берілген. (*28.06.1991 жылыСемей қаласы облыстық білім басқармасының №202 бұйрығымен*)

-1992 жылы мектепке Шәкәрім аты берілді (*1991 жылы 18 қыркүйекте №17-1440 қалалық халық депутаттары атқару комитетінің «Семей қаласы көшелерін қайта атау туралы» шешімінде №5 орта мектепке Шәкәрім Құдайбердиевтің атын беру туралы шешім қабылданды*.

1992 жылы 26 июньде №119 ҚР Семей облысы әкімінің шешімімен мектепке Шәкәрім аты берілді.

-2007 жылы 7 тамызда Шәкәрім атындағы №5 мектеп - гимназия мамандандырылған мектептер тізбесіне енгізілді. (*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Үш тілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектептерді ашу туралы» №387 бұйрығымен)*;

2011 жылы 21 ақпанда «Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп» мәртебесі берілді. (*21.02.2011 жылғы Шығыс Қазақстан облысы әкімінің №20 қаулысымен) Мекен жайы:Байтұрсынов көшесі 38*

1924 – 2014 жылдардағы мектеп директорлары

Қабылбаев Шырақбек	1924 -1927 (№19)
Ибрагимов Хайролла	1924 - 1926 (№20)
Қасенов Тұрлыхан	1926 - 1927 (ШКМ)
Қайранбаев Фазыл	1927 - 1929 (№20)
Қабылбаев Шырақбек	1929 -1931 (ШКМ)
Сүлеев Мажит	1932 -1934 (ШКМ)
Сұлтанбеков	1934- 1935 (НСШ №5)
Тұтқышев Ильяс	1935-1938
Темірбеков Жұматай	июнь - октябрь 1938
Ысқақов Нұрлыхан	1938-1941
Қорабаев	июнь 1942- март 1943
Бояубаев Жұматай	1943-1944
Смагулова Ә.К	26.10.1943 - 1944 (қыздар мектебінде)
Қорықтаев	05.06.1944-03.08.1944 (ерлер мектебінде)
Смағұлова Әдия Кәрімқызы	1944 - 1947(03.08.1944 ж. №5 аралас мектеп болды)
Дүйсенбаев Ануарбек	1947 - 1949
Жағыпаров Ахат	1949 - 1951
Жәкенов Рысбек	1952-1954
Жұманов Төкен	1955-1958
Махмұтова Сүйінбике Кәдірқызы	1959-1960
Көркембаев А.С.	1960 -1961
Тәбәріков Сейітжан	июнь - сент.1961
Кәріпжанова Гүлнар Ешманқызы	1961-1963
Тұрғанбаев Мұрат Мәнәнұлы	1964-1966
Сағындықов Ержан	1967-1978
Сүлейменов Елеусіз	1979-1987
Жанболатов Молдабек	1987-1988
Сәрсенбаев Ерлан Қасымұлы	1989-2000
Сатыбалдинов Болат Сәдуақасұлы	2001-2007
Аубакирова Алма Медетқызы	2007- б. к. д.

1924 – 2014 жылдарда қызмет істеген мұғалімдер

1924 – 1934

Ахметов Меңдіғалы, Бояубаев Жұмабай, Бұхараев Ғали, Дүйсембаев Ануарбек, Жетибаев, Жағыпаров Ахат, Жакенов Рысбек, Ибрагимов Қайролла, Қабылбаев Шырақбек, Қарабаев Е, Қасенов Тұрлыхан, Қорабаев, Қорықтаев, Қайрамбаев Фазыл, Макарова, Мусин Тұрсынғазы, Мамашева Б, Мельникова, Махмұтова Оразбүбі, Махмұтов Кәбір, Ночаспаев, Наурызбаев, Нурғалиева Ғазиза, Омарова Жамал, Рахимжанов, Рахметов С.Е, Рахымбаев, Сұлтанбеков Ыдырыс, Смагулова Әдия Кәрімқызы, Сүлеев Мажит, Төребаев Ғалиакпар, Толықпаев Төлеуқадыр, Тойғанбаева Б, Төлебаева, Тұтқышев Ильяс, Темірбеков Жұматай, Топтиев А, Ысқақов Нұрлықақ, Іргебаев, Чабдарова Елизавета Яковлевна.

1944 - 1957

Алькенов Д., Арынова А.Н., Ахметов М.Ш, Бектемиров М, Бертысбекова Ф.Ю., Габидуллина Х., Габидуллин, Дүкембаев Р., Жұмагелдин Б., Жұманов Т., Замковой И.Ф, Н.Р., Идришева К., Кантаева Р., Маринкина В.С(Смолова), Махмұтова А.К., Ниязова А., Рубанова П.В., Сапаев Ғазиз, Сейсембаева Р, Сейсембаев К, Телькова Л.И.

1958 - 1968

Бояубаев Жұмабай, Агумбаев К.С., Азильханов Б., Аскаров К.А., Байболова Ф.Ю., Бертысбекова Ф.К., Горячева Е.И., Досымжанов К., Естекбаев Мұхамеджан, Жагыпаров А., Жетыбаева К., Жакенов Р., Карибжанова, Кайсенов И., Көркембаев А.С.,Ландышева Н.М., Мұқажанова Н.М, Мусин Т.М., Махмутова С.К., Рахметов С.Р, Реш Л.К, Реш Е.Н., Сагитов М.,Сагындыков Е.С., Савченко Р.Ф, Тұрганбаев М.М., Шукеева З.Ш., Шмарин М.

1969 – 1979

Бердинова Ш., Бегесова Р., Бейсембаева Р.К., Дайырбеков Қ., Даулетина Л., Ербосынова Ш., Жакабаев Б., Жакупова М., Жолдасбаева Н.А., Искакова Х.А., Канапьянов К, Кубенова Б.О., Қожанова С.М., Муканова Р.М, Мусаханова С.М., Мукажанова А.М., Наурызбаева Г, Орынбаева К., Рысбекова К., Стамбеков Ж.Д., Сарсенбаева Ф., Сарсенбаев Е.К., Слямбекова З., Турганбаева Ш., Тусупжанова К.Т., Татымбекова У.Т., Уалиева Б., Узакова А., Шакенова А.Ш.

1981 – 1993

Айсанова М.И., Абдулдинова Л.Ж., Баядилова Л.Б, Борсыкбаева Ш.Б., Балгабекова Г.К., Борисов В.Г., Байбулова Ф.Ю., Доненбаев А.Д., Дауытбаева Р.Д., Дүйсенбаева К.Д., Ешенқұлова Б.Қ., Ербосынова Ш., Касенова К.М., Құдабаева К.К.,., Мукажанова Н.М., Марар С.А., Наурызбаева Г.Р., Рысбекова К.Р., Реш Э.Г., Рахымбекова Р.Ж., Сабитова К.Т., Сұлтанова А.Б., Сүлейменов Е.С., Смагулова К.Ж., Тайбекова Р.Б., Тілегенова А.Т, Хасенова Н.С.

1994 – 2000

Арқарбаева М.С., Алина А.К., Алдонғарова Р.Б., Далабаева З.А., Ерназарова К.С., Жананбаева К.М., Жолдасбекова Н.А., Исабеков А.С., Имангаликов О.У., Искакова Н.Е., Искаков Т.К., Ибрайымов Ғ.И., Кусайынова Р.Е., Манабаева А.А., Молдағұлова Р.С., Нургалиева Н.Б., Нұрсұлтанов Қ.Н., Сыпатайұлы С., Серикбаева Н.С., Сарсенбаев Е.К., Таурбекова А.С., Тілегенова Ә.Т., Тұрганбаева Ж.Т., Темирбаева С., Тұрысбекова Б.Қ,Чигаева Ж.Қ., Шакенова А.Ш.

2001 – 2007

Сатыбалдинов Б.С., Бекқасымов А.Қ, Ибраева Н.С., Жұмаканова Б.У., Касенова К.М, Күмісбекова Т.К.,Манабаева А.А.,Мылтықбаева Ж.Т.,Минаева С.Т.,Мұқанова Р., Наурызбаева Г.,Серикбаев Т.,Сраилова З.М., Түсіпов С.А.,Шайхынова Т.С., Уматова Б.Б.

2007 – 2014

Аубакирова А.М., Абдималикова Г.К., Ахатаева Ж.О., Акмолаева З.Н.,Балагозинова С.К., Биімбетова А.Н., Жаманбалинова Д.М., Жұмықбаева А.К., Жұмабекова Г.К., Жумашева М.К., Жүндібаева Р.К., Зейтова А.С., Ибрайшин А.Т., К.С., Келдібаева Б.О., Қойшыбаева А.А., Қабдульдинова С.М., Косакбаева Ж.Р., Калиева М.С., Қойшыбаев А.Ж., Мұкашева М.Б., Нұрсейітова К.Н., Отынбаева Г.Б., Омарбаева Д.С., Рахимжанова М.М., Сағандыкова М.Ж., Такеева Н.Б.,Тұрғанбаева А.А., Тоқсейітова С.М., Турдина А.Б., Шаяхметов С.К. Шаяхметова К.И.

Мектеп директоры тізгінін ұстаушылар



Қайролла Ибрагимов 1881 жылы туған. 1924 – 1926 жылдары мектептің алғашқы директоры болған.

Қайролла Ибрагимовтың мұғалімдік қызметі 1901 жылдан басталған. Алғашқы кезде медреседе сабақ берген. 1919-1920 жылдары қазақ балаларына арналған бастауыш мектепте мұғалім болған.

Қайролла Ибрагимовтың әріптестері Махмұтов Кәбір, Төребаев Қалиақпар, Мәнен Тұрғанбаев, Қаныш Сатпаев, Түсіпбек Аймауытовтар болған.

Партия мен Совет үкіметі жас буындарға білім, тәрбие берудегі зор еңбегін жоғары бағалап, Ленин орденімен марапаттаған. Қазақ ССР-на Еңбегі сіңген мұғалім атағының иегері. Ибрагимов Қайролла 1966 жылы дүние салды.

(Смағұлова Ә. естелігінен.)



Тұрлыхан Қасенов 1902 жылы қыркүйекте Жарма ауданының Қандығатай болысының 4 ауылында туған.

Ауылда білім алып, 1920-1921 жылдары Семейдің мұғалімдер дайындайтын курсын бітірген. 1921-25 жылы туған ауылы Қапанбұлақта мұғалім, ауылдық Советтің хатшысы болған. 1925-28 жылдарда Семейдегі қазақ педтехникумын оқып бітірген. 1928 – 30 жылы Аягөз аудандық оқу бөлімінің инспекторы, 1930 жылы Семейде «Шаруа жастар мектебінің» директоры, әрі мұғалімі болады.

Қайым Мұхаметханов өзінің естелігінде: «Біз Ертістің сол жақ жағасындағы Жаңа - Семей қаласында тұрғанбыз, орта жақта, Тінібай орта мектебінің жанында.

1930 жылдардың күз айында біздің үйге Тұрлыхан келіп, әкеме сәлем беріп, үй-ішіме амандасып, хал-жай сұрасып, әңгімелесіп отырып, біраздан кейін Тұрлыхан; - Мұхаметқан аға, Сізге әдейі арнап келген шаруамды айта отырайын. Осы Жаңасемей қаласында жаңадан жетіжылдық мектеп ашылатын болды. Мектепті басқару маған жүктеліп, директор қызметіне тағайындалдым. Осында тұратын пәтер үй-жайын Сізбен ақылдаспақ едім», - деді. Менің әкем: Мәртебең қайырлы, құтты болсын. Тұрлыхан қарағым, бөтен адам емессің, жан тартып, жақын көріп келгеніңе рахмет. Үй іздеп әуре болмай-ақ қой. Біздің үйде тұра бер, құдайға шүкір, үй жетеді – деді.

Тұрлыхан ағамызды алғаш көргенім осы еді. Сөйтіп, 1930 жылы тамыз айында Тұрлықан ағамыз Аягөзден көшіп, біздің үйге келді. Мен 5 класқа оқуға түсітім. Мектептің (ШКМ) директоры және қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беретін мұғаліміміз Тұрлыхан ағамыздың өзі, менің алғашқы ұстазым болды.

Тұрлыханның әкесі Қасен қалың найманның Сыбан руынан шыққан қажырлы қайраткер, ақылды адамның бірі. Меккеге екі рет барып, қажы атанған. Ислам діні адамшылықтың тірегі деп білген, жаны биік, еліне қадірлі, атақты адам болған.

Тумысынан зерделі, зерек бала Тұрлыхан әкесінің жақсы өнегесін көріп, тәлім - тәрбиесін алып, саналы адам болып өсті.

Өнерге құштар, талапты жас домбыра тартып, ән салуға машықтанды. Сыбан Байғарадан шыққан, Ақтайлақ бастатқан 17 ақынның елге кең тараған өлең-жырлары жас Тұрлыханға күшті әсер берген. Солардың өлеңдерін жазып алып, жаттайды. 1909 жылы басылып шыққан «Абайдың өлеңдер жинағы қолынан түспейтін ең сүйікті кітабы болды», - дейді Қайым аға.(Қ.Рысбекұлы, «Қайтпас қайсар қазақпын», Алматы – 2002 ж. 80-82 бет)

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын, публист Тұрлыхан Қасенұлы қазақ зиялыларының үлкен шоғырының ішінде танылып, отыздан енді асқан шағында сталиндік – голощекиндік нәубаттың торына ілігіп, 1937 жылы 22 желтоқсанда Алматы қаласында «халық жауы» деген айыппен ұстап абақтыға қамайды. 1942 жылдың 2

қазанында күндері қараң болған тұтқындық режімде о дүниелік болған. Айтулы тұлға, оның өміріндегі арман тілектері бүгінгі таңда ұрпақтары арқылы бүкіл елімізге танылып, биіктерден көрінуде. Немересі – даңқты балуан, қоғам қайраткері – Дәулет өзінің көп ізденуінің нәтижесінде, атасының жерленген жерін Нижний Тагил қаласынан табады.

Саяси қуғын – сүргіннің құрбаны болған Тұрлыхан Қасенұлының Нижний Тагил қаласында табылған зиратының басына қойылған белгітасын салтанатты түрде ашу үшін - Тұрлыхан әулетінің алтын қазығы болып отырған келіні - Болаттың зайыбы – Марзия Айтбайқызымен баласы Дәулет бастатқан 31 адам туыстары 2013 жылдың жаз ортасынан кейін екінші рет барып қайтты. Қазақстанға танымал, ұлтымыздың мақтанышы болған Тұрлыхан Қасенұлы осылайша өзінің артында өсіп, жетілген тәрбиелі ұрпақтарының адами қасиетерімен көпке танылуда.

Мереке қарсаңында – №5 қазақ орта мектебінің оқушы-оқытушы ұжымы Тұрлыхан Қасенұлының өткен ұстаздық жолына тағзым етіп, үлкен қошаметпен осы «Мерекелік кітап» беттеріне естелік қалдыруды абыройлы іс деп бағалайды (автор).



Шырақбек Қабылбаев 1908 жылы 9 наурызда бұрыңғы Семей облысы Абыралы ауданы Қайнар ауылы маңындағы Қарашоқы деген жерде туған.

Ауыл мектебінде оқып, Семей қаласында оқуын жалғастырады. 1924 жылы 16 жасында ересектер қырғыз (қазақтарды) мектебінде оқып, 1925 – 1931 жылдары Семейдің педтехникумын бітіреді. Оқуды бітірген соң Семей еткомбинатындағы ШКМ-да математика пәнінің мұғалімі, қалалық білім бөлімінде нұсқаушы, Жаңа - Семейде «Шаруа жастар мектебінде» директор болып қызмет істейді. (қызы Әсияның естелігінен, 192 бет).

1932 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, Алматыдағы ұлттық атты әскер полкте қызыләскер міндетін атқарды.

Армия қатарындағы қызметі аяқталысымен Шырақбек Қабылбаев Алматыда ОГПУ, НКВД жүйесінде қызметке шақырылды.

1934 – 1938 жылдары Ішкі істер Халық комисариаты мен қауіпсіздік органдарында қызмет істеп, 1938 жылы Қазақстан компартиясы ОК-нің құрамында партиялық қызметте болады.

1948 – 1953 жылдары ҚКП ОК-нің әкімшілік және сауда –бөлімін басқарды. 1954 жылы тамыз айында Қазақ ССР Ішкі істер министрі болып тағайындалады.

Қабылбаев өз өмірінің 16 жылын ОК-те, 25 жылын Ішкі істер министрлігінде, оның 12 жылында министр болған. Ол Қазақстанның Ішкі істер министрлігінің бірінші генерал лейтенанты.

Ленин ордені, 2 мәрте Еңбек Қызыл ту, Қызыл жұлдыз ордендері және көптеген медальдардың иегері. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 4, 5 және 8 шақырылымының депутаты.



Темірбеков Жұматай атамыз жайлы естелік

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтқан кезең еді. Сол қанды қырғын соғысқа аттанып, оралмағандардың бірі атамыз Темірбеков Жұматай. Мен сұм соғыс жалмаған солдаттың немересі Темірбекова Бахытгүл Эрнестқызымын.

Ұлы Отан Соғысының аяқталғанына 69 жыл өтседе, ол кісілер туралы естеліктер мәңгі жадымызда. Менің атам Темірбеков Жұматай 1910 жылы Жана Семей ауданы, Семейтау ауылында дүниеге келді. Семейдегі педагогикалық



училищесін бітіріп, №5 қазақ орта мектебінде мұғалім қызметін атқарып, кейіннен мектеп директорлығына тағайындалады.1942 жылы соғыс кезінде әкем Панфиловшылар дивизиясында командир болып, Москва түбіндегі ұрыста қаза тапты.

Атам мен апамның дүниеге келген 4 баласының 3-еуі соғыс жылдарының ауыртпашылығында қайтыс болып, менің әкем Темірбеков Эрнест қана қалған екен. Әкем 1936 жылы 01 маусымында, анам Дюсембаева Айсұлу 1940 жылдың 16 қарашасында дүниеге келген. Олардың балалары біз: Бақытгүл және Ерсайын деген бауырым.

Солдан оңға қарай: Темірбеков Жұматай, жұбайы Бегесова Рахима және ұлы Темірбеков Эрнест

Мен Темірбекова Бақытгүл қазырғы уақытта Семей қаласында Медициналық университетте мұғалім болып істеймін.Ағам Ерсайынның мамандағы қаржыгер. Үйленген, Валия және Әлия атты екі қызы бар. Валия әке жолымен қаржыгер болып, Алматы қаласында сақтандыру компаниясында жұмыс жасайды, Әлия - №35 мектепте оқушы. Апам Бегесова Рахима Құсайынқызы атаммен қысқа ғұмыр кешсе де (1935 – 1942 ж.ж), ол кісінің есімін құрметтеп, есімізде ұстап келеміз. Анам өмірінің соңына дейін атамның хатын сақтап, тегін өзгертпеді.

Келешек ұрпақ үшін тағлымы мол жұмыс жасап,естелік кітапты ұйымдастырып отырған мектеп директоры Аубакирова Алма Медетқызына және мектеп ұжымына алғысымды білдіремін.

Немересі: Темірбекова Бақытгүл Эрнестқызы



Дүйсембайұлы Әнуарбек 1918 жылы 15 желтоқсанда Семей облысы Абай ауданында орта шаруа отбасында туған. Бір жасқа келмей анасынан, 11 жасында әкесінен айырылады.

1931-1935 жылдар аралығында Семей қаласындағы Балалар үйінде тәрбиеленеді. Әнуарбек 13 жасында мектептің 1 класына барады. Жас кезінен алғыр, білімге құштар болып өседі. Төрт жылдың ішінде үздік бағамен, Семей қаласындағы №5 мектепті жедел бітіреді де, 1936 жылы Семей қаласындағы Қазақ педагогика училищесіне түсіп, 1938 жылы үздік аяқтайды. Білімін Семейдің мұғалімдер институтында жалғастырып, 1940 жылы үздік бағамен аяқтап, сол жылы Ташкент қаласында Орта Азия мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түседі. Қаражат жағдайы жетпегендіктен сырттай оқуға ауысады да, Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданының мектептеріне мұғалімдік қызметке орналасады.

1941 жылы сәуір айында Қызыл Әскер қатарына шақырылады, соғысты Закавказье әскери округінде Баку қаласында қарсы алады. 1942 жылы Тамбов әскери - артиллериялық училищесін бітіріп, лейтенант атағына ие болады. 1941–1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер 2 мәрте Қызыл Жұлдыз, 6 медальдармен марапатталып, соғысты капитан дәрежесінде аяқтайды. Соғыс аяқталғаннан кейін Абай ауданындағы военкоматта әскери қызмет, 1946 - 1947 жылдары Семей облыстық драма театрының директоры қызметін атқарады. Семей облысының білім атқару бөлімінің бұйрығымен 1947 жылы мамыр айында Семей қаласындағы №5 мектепке директор болып тағайындалды. 1954 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Мемлекеттік педагогикалық институтының тарих және география факультетін экстерно-сырттай бітіреді.

1949-1963 жылдар аралығында Жанасемей ауданында, Бұлақ, Изатулла, Зубаир мектептерінде, Аягөз, Бесқарағай аудандарында директорлық қызметін атқарады. 1963 - 1970 жылдардың аралығында Семей қаласының №13, №33 мектептерінде, музыка училищесінде және сауда техникумында тарих және қазақ тілі пәндерінен сабақ берді. 1971 жылдан 1980 жылға дейін Семей қаласындағы №34 мектептің директоры болып қызмет істеді.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін 4 жыл бойы Семей облысының азаматтық қорғау жүйесінде қызмет істеді. Семья саласында, жұбайы Байбулова Нағима Мүталлапқызымен (қазақ тілінің мұғалімі) бірге жеті баланы тәрбиелеп өсіріп, №5 қазақ мектебінде оқытады. Балаларына жоғары білім берді. Екі ұлы Қазақстанға белгілі медицина саласындағы ғалымдар, Азат Әнуарбекұлы профессор, медицина ғылымдарының докторы, нейрохирург, травмотолг, Семей мемлекеттік медицина университетінің «Балалар хирургия» кафедрасының меңгерушісі, Қизат Әнуарбекұлы профессор, медицина ғылымдарының докторы, травмотолог, Алматы мемлекеттік медицина университетінің «Травмотология және ортопедия» кафедрасында профессор қызметін атқарды (2009 жылы кенеттен өмірден кетті).

Асхат Әнуарбекұлы халықаралық экономист, Алматы қаласында меншік кітап баспа мекемесін басқарады. Үлкен қызы Бибігүл Әнуарбекқызы Теміртау қаласында көптеген жылдары сауда қызметтерін атқарды, Светлана Әнуарбекқызы және Жанна Әнуарбекқызы Семей қаласындағы университеттердің оқытушылары, Лаура Әнуарбекқызы Алматы қаласындағы Халықаралық «Baby» балалар қорының төрайымы.

(«Өмір жолы». Алматы, 2012 ж. 72 – бет.)



Жұманов Төкен Жұманұлы – Советтік Қазақстан жеке отау тігіп, шаңырақ көтерген жылы бұрыңғы Абыралы ауданындағы Абыралы тауының бауырында, кедей шаруа семьясында 1919 жылы дүниеге келген. Тоғыз жасынан бастап барлық шаруаға араласады. Елде колхоздастыру дәуірі басталған тұста әкесі Төкен Жұманұлын Семейге аттандырады. Бұл әке – шешенің көз жанарын ең соңғы рет көрген кезі еді. Ұзамай ата анасының қайтыс болғандығы туралы хабар алады. Балалықтың бал дәуренін бастан өткермей жатып, әке-шешеден бірдей айырылу Төкен Жұманұлына оңай соққы болмады. Тағдырластарымен бірге №2 балалар үйінде алғаш әліппе таниды.

1933 жылы төрт сынып бітірген отыз баланы балалар үйі Семейдегі автомобиль – жол құрылысы техникумының дайындау курсына тапсырады. 1937 жылы техникумды бітіріп, сол жылдың жазында Семей педагогика институтының мұғалімдер даярлайтын институтына түсіп, оны 1939 жылы тәмамдайды. Көптеген жас мамандармен арнайы жолдама негізінде Ақсуат орта мектебіне барады.

1942 жылдың 1 қаңтары Отан қорғауға аттанады. Семейде құрылып жатқан 8 атқыштар двизиясының 310 полкына жіберілді. 1942 жылдың 1 сәуірінде майданға аттанып, сол жылдың 9 шілдесінде Курск бағытында шабуыл жасайды.

Бес жауынгерлік медальмен марапатталып, Варшава, Берлин қалаларын алуға қатысқаны үшін Жоғары Бас қолбасшының бұйрығы бойынша үш рет алғыс алады.

1955 жылға дейін түрлі партиялық қызмет атқарады. Содан 1981 жылдың қаңтарына дейін басқару жұмысын атқарады. Әкімшілік жұмысты мектептің шаруашылық жұмыстарын ретке келтіруден, шеберхана салудан бастап, сабақтың, тәрбие жұмысының сапалы жүргізілуіне бар күш-жігерін жұмсайды. Қаладағы №5 орта мектебінде 1955-1958 жылдары өз пәндерін шексіз сүйетін білімді, білгір ұстаздармен бірге еңбек етіп, директорлық қызмет жасайды.

Қазақ ССР Жоғары Советінің Құрмет грамотасымен марапатталып, Республикаға еңбегі сіңген мұғалім атағына ие болды.



Сүлейменов Елеусіз -1942 жылы 10 маусымда Абыралы ауданында дүниеге келген. Сол кездегі облыс орталығындағы мектеп-интернаттың түлегі. 1961 жылы мектепті бітіріп, Семейдегі Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институттың физика факультетіне түсіп, 1965 жылы институтты үздік бітіріп, жолдамамен

Абай ауданының Саржал орта мектебіне жіберіліп, еңбек жолын бастаған.

Мектепте жастар клубы, еркін спорт секциясын ашып, жаттықтыру жұмыстарымен шұғылданады. 1969 жылы облыстық оқу бөлімінің бұйрығымен, өзі бітіріп шыққан Семей қаласындағы мектеп-интернатқа физика пәнінің мұғалімі болып орналасып, 1979 жылға дейін 10 жыл жұмыс жасайды. 1979 жылдың сәуір айында қаладағы байырғы білім ордасы №5 мектепке директорлық қызметке жіберіліп, 1987 жылға дейін осы мектепте еңбек етті. Мектеп барлық көрсеткіштер бойынша, қала бойынша 2-ші, 3-ші орынға ие болып, спорт жұмыстары 1-ші орынға шығып, мектеп оқушылары облыстық, республикалық пән олимпиадаларының жүлдегерлері атанды.

Елеусіз Сүлейменұлыныңсуреті қалалық Құрмет тақтасына ілініп, қалалық партия комитетінің, атқару комитетінің грамотасымен марапатталып, ұжымның жұмысы бағалана бастады.

1992 жылдың шілде айында салынып жатқан Жоламан елді мекеніндегі №21 қазақ орта мектебіне жаңа ұжым қалыптасты. Мектеп бірінші жылдан бастап «Халықтық педагогика элементтерін оқу тәрбие жұмысын пайдаланып, білім сапасын арттыру» проблемасы бойынша жұмыс жасады, нәтижесі көріне бастады.

Елеусіз Сүлейменұлы өмірінің соңғы күніне дейін 1999 жылдың 12 шілдесіне дейін осы мектепте еңбек етіп, 57 жасында дүниеден өтті. Жұбайы Күләндә Медеуқызы білім беру саласында 45 жылға жуық қызмет атқарған, облысқа, республикаға танымал ұстаз. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің озық қызметкері. Жанұясында 3 бала тәрбиеледі. Қызы Айнаш – ғылым кандидаты, доцент, Астанадағы Гумилев атындағы университеттің оқытушысы. Айжан Сүлейменова – Семей қаласындағы №27 жалпы орта білім беретін мектептің директоры. Ұлы Мұрат Сүлейменов – экономист.

Елеусіз Сүлейменовтен білім алған қаншама ғылым кандидаттары мен ғылым докторы, аудан, қала, облыс басшылығының жауапты қызметкерлері, мектеп директорлары, дәрігерлер, заңгерлер бар.

Әке туралы естелік...

Мен мақтанамын-
Саналы ғұмыр кешкен әкемнің тағдырымен,
Талайды сусындатқан өлмейтін жан нұрымен.
Өшпейтін өмір жолы әркімнің жүр есінде,
Сәт сайын еске түсіп, сағынтып сан қырымен.

Мен мақтанамын-
Ұлы Ұстаз қызы болып өмірге келгеніммен,
Мәңгілік осы жолды өрнектеп, өргеніммен.
Сен салған сара жолмен сапарға шығып алып,
Өзіңдей ғұмыр кешем, өзіңнен көргеніммен!

«Әке-асқар тау, шеше-мөлдір бұлақ, бала- баурайындағы құрақ» - деп дұрыс айтылған ғой. Өмірде әкесін жақсы көрмейтін бала жоқ шығар, өйткені бала үшін әкенің орны бөлек. Менің де өмірдегі ең қымбат адамымның бірі - сүйікті әкешім.

Менің әкем, Сулейменов Елеусіз Сулейменұлы, көп жылдар бойы Семей қаласының №5, №21 мектептерінде директор қызметін атқарды.

Әкем- физика мен астрономиядан, шешем- биология пәнінен дәріс берген ұстаздар жан ұясында тәрбиеленген мен үшін, мұғалім болу басты арманым еді.

Мектеп қабырғасында өз білімімді сынап, 8 сыныптан бастап орыс тілі пәнінен олимпиадаларға қатысып, жүлдегер атандым. Музыка мектебінің фортепиано бөлімінде оқып, жақсы аяқтадым.

1989 жылы мектепті бітіру кешінде әкем анаммен бірге Е. Хасанғалиевтың «Гүл сезім» әнін орындағанда, менің фортепианода ойнап сүйемелдеген сәтім әлі есімде.

1992 жылы әкемді Жоламанда жаңадан ашылған №21 мектептің директоры қызметіне тағайындады. Осы мектепке көп еңбек сіңірген әкем, мектеп ұжымымен қалалық, облыстық іс-шараларға қатысып, жұмыстарын көрсете алды. Қала мектептерінің ішінде беделді мектептердің қатарында болды. Мектепте ұйымшыл ұжым қалыптастырды. Мектептің материалдық - техникалық базасын ұжымымен бірлесіп, жабдықтап, жаңа үлгіде безендіру жасады.

Әкем әрбір мұғалімнің жанұядағы қиыншылықтарымен танысып, оларға әрдайым көмектесуге тырысатын. Әріптестерінің 14 жыл өтсе де әлі күнге дейін, зор құрметпен әкемді еске алуы мен үшін үлкен қуаныш.

1997 жылдың қаңтар айында Меруертжан қызым дүниеге келді. Әкем қызымның қызық қылықтарын айтып, мәз болып, көзіне жас келгенше күлетін!

Бүгінде тұңғыш немересі экономикалық лицейдің 11 сынып оқушысы. Қамқор әке, білгір басшы 1999 жылдың 10 шілдесінде дүниеден өтті. Әкеміз қазір тірі болса, 4 немересінің ортасында қызықтап отырушы еді.

Әкем туыстарына, достарына адал болатын. Сондықтан болар әкемді танитындар: «Әкесіне тартқан қыз»- деп айтқан кезде менде марқайып, әкемді мақтан тұтамын! Әрине әкемдей болу қиын! Өйткені ол әр іске жауапкершілікпен қарайтын, мейірімді, шыншыл, қарапайым, кішіпейіл, адал, еңбекқор адам еді!

Әкемнен білім алған қаншама ғылым кандидаттары, ғылым докторы, аудан, қала, облыс басшылығының жауапты қызметкерлері, мектеп директорлары, дәрігерлер, юристер еліміздің түкпір - түкпірінде қызмет атқаруда.

Бүгінде менде әке жолымен қаладағы №27 орта мектебінің директоры болып қызмет атқарамын. Әкемнің көзін көргендер: «Әкеңнің жолын қуған екенсің! Қандай жақсы!»- деп, ризашылықтарын білдіріп жатады. Иә, әкемнің жарқын бейнесі мен адал істері әрқашан менің жүрегімде мәңгілік сақталады! Қуан сен, қуана бер әкетайым, мен сенің өміріңнің жалғасымын...

Сүлейменова Айжан Елеусізқызы
Семей қаласындағы №27 жалпы орта білім беретін мектептің директоры



Жанболатов Молдабек -1936 жылы 7 желтоқсанда Семей облысы Абай ауданы Қарауылда тудым. Абай атындағы орта мектепті бітірдім. Семейдің М.О.Әуезов атындағы педагогикалық училищесін,соңынан педагогикалық институттың физика – математика факультетін тәмамдап, Абай ауданы Абай атындағы орта мектепте еңбек жолымды бастағанымды мақтан етемін.Алайда мұғалімдік қызметті 3-ақ жыл істеп, комсомол, кеңес, партия органдарында қызмет етуіме тура келді. Тек шерік ғасырдан кейінмектепке ұстаздар ортасына, оқушылар алдына шығып, №5 қазақ орта мектебіне директор болдым.

Алғашқы айдың ішінде мектептің ішкі, сыртқы жағдайымен таныстым. Бұйрық кітаптары мен педагогикалық кеңестің, пән бірлестігінің қаулы қарарын оқып, барлық педагогтардың бас жұмыстарымен, қоғамдық ұйым жетекшілерінің, пән кабинеттерінің жұмысымен танысып шықтым.

Мектепте ұзақ жылдар еңбек еткен, тәжірибелі, білімді, озат пән мұғалімдері көп екен. Олардың жеке-жеке пікірлерін, ұсынысын сөйлесіп білдім.

Оқу ісінің меңгерушілері – Ш.Борсықбаева, Е.Сәрсенбаев, әскери-патриоттық тәрбие беру ісінің жетекшісі – О.Шәріпбаевтың, мектептің ішкі – сыртқы оқыту, тәрбиелеу т.б шаруаларын ұйымдастыруға, бақылау басшылық жасау ісіне көп көмегі тиді.

Қалада қазақ тілінде оқытатын мектеп санаулы ғана еді. Сондықтан 560 балалық мектепте 1600 дан артық бала оқитын. Әр класта 40 қа тарта бала отыратын. Класс бөлмелерінің тапшылығынан бір класты шкафтармен екіге бөліп, кабинетке пайдалануға тура келеді. Оның үстіне еңбек сабақтары мен орыс тілі, шет тілі пәндері бөлініп

оқытылуға тиісті болатын. Мектептің стол орындықтары жамау-жасқау, ескі. Тіпті актовый залда қолдан жасалған тақтай орындық, асханада кластардан шығарылып жөндеуден өткен стол, орындық, спорт залында екі - үш тозған станоктар бар. Төбеден су ағады, спорт залмен кейбір класс бөлмелері суық. Тағы сол сияқты мектептің ішкі, сыртқы көркемдігі де жүдеу. Пән кабинеттерінде болуға тиісті құрал жабдық тапшы, көрнекілік те көңілге қонымды емес екен.

Мектепте ер азаматтар аз. Оның өзі мектеп ішінде кейбір шара, шаруаларды жүргізуге, қиындық туғызады екен.Оқу ісінің меңгерушілері мен пән жетекшілерінің жұмысын ширатуды, тәрбие жұмысындағы қоғамдық ұйымдардың белсенділігін көтеруді талап етіп, жұмыстың үйлесімді, жүйелі болуына көңіл бөлуге тура келді. Ұжым мүшелеренің әрқайсысына нақты талап қойылып, жаңаша бағаланатыны ескертілді. Бұрынғы жақсы аты барлармен бірдей өзге мамандарға да назар аударылатын болғандықтан коллективке жаңа бір сілкініс туғандай еді. Әріптес мектептермен де, пән жетекшілеріменде байланыс, тәжірибе алмасу, қажет болса бәсекелестік те өрістеді.

Мектептің педагогикалық ұжымы қабілеті мол, қоғамдық мүддені жоғары сезінетін мұғалім деген атақты ардақтайтын, ізденімпаз да ынтымақты адамдар екеніне көзім жетті.

Қалалық, облыстық оқу бөлімдеріне істің жайын баяндап, тәжірибелі, озат ұстаздардың еңбегіне сай марапаттауды көтердім. Мектептің материалдық базасының төмен әрі қолайсыздығын дәлелдеп құймалас ғимараттың бірілуін, жылма жыл бөлініп келген қаржының жетімсіздігін, мектепті жөндеу жұмысына, мүлік алуға көлемді қаржы бөлуін талап етіп, жүзеге асырдым. Мектепті жабдықтайтын облыстық қойма-баздың директорынан келер жылдың қаржысы есебінен жабдықтар алуға қол жеткіздім.

Қалалық партия, кеңес органдарының алдына қойып жүріп сол кездегі ең қуатты өндіріс орыны «Семей ет комбинаты» мен мектепке жақын орналасқан «Аяқ киім жөндеу фабрикасы», «Механикалық зерттеу зауыты» мектептің базалық кәсіпорыны деп қаулы шығартып алдым. Олармен байланыс орнатылды.Мектепте араб тілін оқытуға дайындық шаралары, ата-аналармен байланыс жұмысы қалыптаса бастады және оқушылардың Ұлттық ән-саз аспаптары ансамблін құру, шахмат, тоғызқұмалақ ойындарын үйрету үйірмелерін ашу, мектеп хорын құру ойластырылды.

Мектеп тарихын жазу ісі қолға алынғанда анықталған деректер бойынша мектепке Шәкәрім Құдайбердіұлының қатынасы болуына байланысты көптеген анықтамалар мен деректерді жинап жоғарғы орындардың алдына қойып жүріп, мектепке «Шәкәрім қажы» атын беру мәселесін көтердім. Бұл 1986 жылғы Алматы қаласындағы жастар қозғалысынан кейінгі тәуелсіздік тынысының, кінәсіз жазаланған Алаш қайраткерлерінің ақталып, есімі құрметпен аталуының алғашқы жемістерінің бірі еді.

Мектептің ішкі, сыртқы көркем безендірілуіне «Семей қалалық көркем-сурет» шеберханасының суретшілері көмектесті.

1988 жылғы өлкетану көрмесінде «Шәкәрім қажы атындағы мектеп» облыста жеңімпаз болып танылды. Мектептегі химия – биология, физика, қазақ тілі, орыс тілі пәндерімен дене тәрбиесі, әскери патриоттық тәрбие беру ісі жөніндегі тәжірибелер озат үлгі танылды.

Жалпы мектеп оқыту – тәрбиелеу ісіндегі озат тәжірибелі мектеп, творчествалық қуаты жөнінен де мықты ұжым екенін танытып, қаладағы көптеген көпшілік шаралары өткізілетін орынға айналды.



Сәрсембаев Ерлан Қасымұлы – 1947 жылы 8 қарашада Ақсуат ауданында дүниеге келдім. 1970 жылы Семей педагогикалық институтты бітіріп, Шар ауданы Кезенсу ауылында алғашқы еңбек жолымды бастадым.

1971 – 1974 жылдары Білім жетілдіру институтында жұмыс істеп, 1974 жылдың 18 қаңтарынан бастап алғашқы әскери даярлық пәнінен мұғалім болып №5 қазақ орта мектебіндегі еңбек жолымды жалғастырдым. Ол кезде мектеп директоры Сағындықов Ержан

болатын. 1977 жылы 05 ақпанынан бастап 7 сынып жетекші болып тағайындалдым. 1982 – 1988 жылдары мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. 1989 – 2001 жылдары осы мектепте директорлық қызмет атқардым.

Мен қызмет істеген жылдары: Төкен Көпбайұлы, Елеусіз Сүлейменов, Нұржамал Момынжанқызы,Айжан Тұрсынбайқызы, Рузия Сағадиқызы, Ләтіш Баядилова, Айтжан Шәкенқызы, Дөненбаев Әділхан, Күләнда Медеуқызы, Гүлжанат Рахимовна, Күләнда Жұмағазықызы сияқты білімді де, тәжірибелі ұстаздар мектепте еңбек етті.

Мектепте істеген кезімде бастауыш мектеппен (қазіргі музыкалық мектеп жақтағы есік) №5 қазақ мектебінің ортасынан есік аштырдым, себебі бала саны көп болғандықтан ол мектептің екінші қабатын біз пайдаланған едік.

1989 жылы Шәкәрім бюстын салуға үлкен үлесімді қостым. Оның негізгі авторы мүсінші Жанболатов Мұрат болатын. Сол кезде Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Талғат деген жігітті шақыртып, Шәкәрімнің бюстына көшірмесін жасаттым.

Еңбек жасаған жылдарымда мемлекет тарапынын марапаттарға ие болдым: 1993 жылы Білім беру ісінің үздігі белгісімен, Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, қалалық, облыстық білім бөлімдерінің грамоталармен марапатталдым.



Торқалы тоқсан жылға естелік

Мен, Сатыбалдинов Болат Садуақасұлы 1949 жылы №5 қазақ орта мектебіне бірінші сыныпқа оқуға келіп, 1959 жылы онжылдық орта білім алып шықтым. 1- сыныпта Қайролла Ибрагимов мұғалімнен дәріс алуды бастадым, біз ол кісіні Ыбрай Алтынсарин, - деуші едік, десе дегендей қатты ұқсаушы еді. Сол кездерге ой жүгіртсем мұғалімдер ұжымы сайдың тасындай, өте білімді, сауатты, өз пәндерінің білгірлері, шебер мамандар еді,- деп есептеймін. Отан соғысы аяқталған кез, халық жаңа-жаңа есін жыйып келе жатқан уақыт, соған қарамастан мектеп сол жағалаудағы үлкен білім ордасы болды. Мектептің материалдық- техникалық базасын қазіргі уақытпен салыстыруға келмейтін қиын кезең. Сондай жоқшылыққа қарамастан еңбек еткен 40-жылдың аяғы мен 50- жылдардағы мектептің ұстаздары жеке дара бір-біреуі бір «мектеп», - десем артық айтпаған болар едім. Оларды өткен күнге көз жүгіртіп еске алсам: химия пәнінің мұғалімдері Махмутова С, кейіннен мектеп директоры қызметін атқарды, Алькенов Д, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ғазиз Сапаев, физика пәні және класс жетекшіміз Рамазан Дукембаев, орыс тілі пәнінен Маринкина Валентина Степановна, неміс тілі пәнінен Рубанова Палина Васильевна, отан соғысының ардагері Ахметова сурет-сызу пәнінің мұғалімі, география-астрономия пәнінің мұғалімі Баяубаев Жұмабай, ол ертеректе мектеп директоры да болған. Осы ұстаздарымның біразына тоқтала кетуді жөн көрдім. Д. Алькенов мұғалімнен терең білім алған оқушылар зоовет.мед.пед.институттарына түсіп мамандықтары бойынша ғылым кандидаты, профессор ғылым докторлары атанды. Ал Ғ. Сапаевтың сабақ беруі ерекше еді, сабақтың қалай өткенін білмей қалушы едік, әдебиет сабағында жекелеген образдарға тоқталғанда «кино», «спектакаль» көргендей сабақты тыңдаушы едік. Мұғалім сабақ түсіндіргенде образға кіріп, ғажап, тіл байлығы мол, оқушыны өзіне бағындырып, билеп алушы еді, кейбір оқушылар көзінен жас ағып, жылап отырғанын сезбеуші еді. Кейіннен бұл кісі «Семей таңында» бөлім меңгерушісі, мықты журналист жазушы болып әдеби кітаптары жарық көрді.

Сынып жетекшіміз, әрі физика пәнінің мұғалімі, өзі актер Рамазан Дукембаев сегіз қырлы, бір сырлы, адам еді.Сабағында терең білім бере білді, әсіресе практикалық сабағында өмірде қолдануға болатын электр жүйесін құру, электр приборларын жөндеуді үйреніп шықтық. Бір сөзімде ол кісіні актер деп едім, расында ол кісі мектепте сабақ беріп жүріп, «Абай» театрында актерлік қызметін қатар атқарды, «Малиновкадағы той», «Қозы

көрпеш Баян сұлу», «Ертарғын», «Ақан сері» т.б спектакльдерде әртүрлі образдарды сомдады, біз көріп тамашаладық. Жан - жақты ағайымызды қай уақытта болмасын мектептен табатынбыз. Сабақтан тыс уақытында оқушылармен «электротехника», «фото кружок», «көркем өнерпаздар», «кино көрсету», «кино аппаратпен жұмыс жасауды», «актерлікке баулу» үйірмелерін ақысыз тегін жүргізетін.

1959 жылы мектепті бітіргеннен кейін 33 оқушы өмірге жолдама алдық. Түлектердің 27- сі жоғарғы, 6-ы орталау білім ордасына түсіп мамандық иелері болды.

Мен Семей пед.институтын тамамдап Семей облысы Көкпекті ауданында екі жыл мұғалімдік қызметте, 3-ші жылы Қарағандыкөл мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалдым. Көкпекті ауданында партияға өтіп, 1970 жылы Семейдің мемлекеттік медициналық институтының биология кафедрасына мұғалім болып (конкурстан өтіп) тағайындалдым. 1973 жылы Семейдің мұғалімдер білімін жетілдіру институтына химия-биология кабинетінің меңгерушілігіне шақырылып, кабинет меңгерушісі болдым. 1975 жылы Семей облыстық білім (облоно) бөлімінде инспекторлық қызметке тағайындалып 1990 жылға дейін қызмет жасадым.

1990 жылы Семей облысының Жаңа Семей ауданының аудандық оқу бөлімінің меңгерушілігінде, Жаңа Семей ауданы таралғаннан кейін мені облыстық білім басқармасының бөлім меңгерушілігіне тағайындамақшы болды, бірақ мен өз өтінішіммен 1999 жылы № 22 мектепке директор болып бекітілдім. Тағдыр айдап мектеп бітіргеннен кейін 43 жыл өткен соң 2001 жылы № 5 мектепке қалалық білім бөлімінің бұйрығымен мектеп директорлығы қызметіне келіп, 2007 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыс жасадым.

Институтты бітірген (1967ж) жылы мен Көкпекті ауданының Қойгельді Аухадиев мектебіне жолдамамен қызметке келдім, алғашқы еңбек жолым сәтті басталды, мектептің дирокторы Рахметтола Тусупов деген адам екен, жас маманды құшақ жая қарсы алып, химия-биология пәнінен сабақ бердім.

Білім жетілдіру институтында да республикаға танымал директор математик-физик Уалихан Абишевпен жұмыс жасадым. Уәкең жан-жақты (универсал) дамыған адам еді. Қазақ тілі, әдебиеті, орыс тілі, әдебиеті, тарих, география, химия- биология ғылымын жіліктеп, майын шағатын. Мен өмірімде мұндай адамды бірінші көріп, өмір мектебінен өткеніме қуанамын.. Сол кезде білім жетілдіру институтында әрбіреуі бір институт Киікбаев Ф.К., Байзақов Г.С., Төкенов К.Т., Сыдыков А.С., Керімқұлов С.Н., Кондратенко А.К. т.б. білгір, орасан білімді жандары жайсаң адамдар еңбек етті. Олардың халыққа, білім саласында жасаған еңбектеріне ешқандай өлшем, өлшеу, бағалау мүмкін емес еді. Сондықтан ба деймін сол кезде Семей облысы білім беру, оқушылардың білім сапасы жөнінде республика көлемінде көрсеткіштері жоғары болды. Кабинеттік оқу жүйесі бойынша Семей қаласы кабинеттік оқытудың (пионері) алғашқы қарлығашы (1972 жылдар) саналды. Осындай үлкен тарихы бар білім ордаларында қызметте болып, жоғарыда аталған білім, халық ағарту саласындағы майталман, білікті, жан-жақты, қадірлі адамдармен қызметтес болып, сол ортада тәрбиеленгенімді мақтан етемін, тағдырыма рахмет айтамын.

Ұзақ жыл еңбек еткен Семей облысы халыққа білім беру бөлімі республикада өзіндік орны бар, халық ағарту саласында көптеген іс-тәжірбиесі бар қасиетті, қара шаңырақ десем артық айтпаған болар едім.

Осындай қара шаңырақты басқарған Мағжан Қажігелдіұлы Орымбаев, Губанов Алексей Григориевич, бұл кісілерге дейін облоно-ны көп жылдар басқарған Кенжебек Даукеев деген адам болған, мен Кенжебек ағаймен бірге қызмет жасағаным жоқ, ол кісіні сырттай ел-жұрттан, оқу-ағарту саласының ардагерлерінен естіп білуші едім. Кенжекең де Семей облысының халық-ағарту саласын көп жылдар басшылық жасап, 1963-64 жылдары Республиканың білім министірлігіне қызметке тұрды. Семей облоносында инспекторлық қызметте жүргенімде ол кісіден бірнеше мәртебе қызмет бабында министрлікте барып ақыл-кеңес алып едім. Кенжекең семейліктердің бас-басына жеке тоқталып

хал-жағдайларын сұрап, көп уақытын бөліп, ел-жұртқа бүйрегі бұрып тұрушы-еді.

Мағжан Қажыгелдіұлын мен «Мағаш» аға деуші едім, ал ол кісі мені әрқашан «әй ұл»,- дейтін. Кейіннен Мағаш аға Семей облыстық атқару комитетінің орынбасарлығына жоғарылап халық ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет салаларына жетекшілік, басшылық жасады, осы қызметінен зейнеткерлікке шықты. Ол кісінің орнына келген Мағаш ағаның қас-қабағынан біліп отыратын А.Г.Губанов басқару тізгінің ақсатқан жоқ.Мен осындай Кенжебек Даукеев, Мағжан Орымбаев, Алексей Губанов сынды адамдарды болашақты алдын-ала болжайтын, көреген, білімдері телегей-теңіз, кішіпейіл, мәдениетті үлкенменде, кішіменде сөйлесе білетін, халық ағарту, білім саласының «энциклопедиясы» десем артық айтқаным емес. Осындай данышпан, білгір, жан-дүниесі толған өнеге, парасатты басшылармен бірге қызметтес болғаныма мақтанамын, өзімді бақытты санаймын.

№5 мектеп ұжымын басқарған жылдарымда көптеген оқыту, тәрбиелеу жұмыстарының асқан шебер саңлақтарымен, көп ізденістің, шығармашылық жұмыстармен шұғылданатын ұстаздармен еңбек еттім, соларға тоқталсам.

Мектептегі білімнің ірге тасы бастауыш сыныптарда қаланатындықтан, бірінші сыныпқа бала бақшаға бармай, атасы мен әжесінің тәрбиесімен келетін, еркелігі орасан бүлдіршіндерді үйретіп шығаратын ұстаздарды өз басым жоғары бағалаймын және бас иемін. Осы бастауыш сыныптардың өзі бір әлем, оны басқаратын бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасарым Нұржекен Хасенова жауапты, біраз жыл Семей облыстық білім бөлімінде қызмет жасаған, білімді маман ретінде бағалаймын. Ал бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі өз ісінің шебері Мұқанова Нұргүл болатын. Ол өзі жасаған бағдарламасымен қала, облыс, республикада шығармашылық жұмыстарымен басылымға шығып, облыс, республикалық байқауларда, бас жүлде, бірінші орын иеленген ұлағатты ұстаз.

Ғалым ұстаз Қажи Нұрсұлтановпен бірлесіп жұмыс жасаған Сауле Сексенбаева, Қарлығаш Ермекбаеваларда тәжірибесі шыңдалған ұстаздар қатарында болды. Маңдай терінің еңбегін емген қарапайым ұстаздар Қапия Сексенбайқызы Исаханова, Мәншүк Құжекенқызы Далбина сияқты ұстаздардың да еңбегі зор, көпке үлгі. География, тарих пәндерінің бірлестігі бір секцияға біріктірілді. Бірлестікте география пәні мұғалімі Тоты Күмісбекқызы Күмісбекова, тарих пәнінің мұғалимасы Әсем Тілегенқызы Тілегеновалар сияқты өзіндік орны бар, халық ағарту саласында үлестерін қосқан ұстаздар еңбек етті. Оқушылары облыстық, қалалық пән олимпиадасының жүлдегерлері атанып, республикамыздың жоғарғы оқу орындарында оқып, алды жоғарғы қызметте жүргендері қаншама. Жоғарғы санатты география мұғалімі Тұрсынгүл Сағатбекқызы Шайхыновада көп оқитын, ізденгіш, жаңалыққа жаны құмар, үнемі шығармашылықпен жұмыс үстінде көрінетін, оқып, үйретуден жалықпайтын ұстаз, шығармашылық жұмыстары қала, облыс, республика көлемінде жарық көрді, еңбектерін қала, облыс мұғалімдері қызмет бабында пайдалануда.

Мектепте бірнеше пән кафедралары педагогикалық институттың ғалым оқытушыларымен бірлесіп, тығыз байланыста жұмыс жасады. Ұстаздар мен оқытушылар ғылыми жұмыстармен шұғылданып, республикада баяндама жасап, көптеген оқушыларымыз жүлделі бірінші орындар, бас жүлде алып жоғарғы оқу орындарына емтихансыз қабылданатын «сертификаттарға» ие болды. Бастауыш сыныптың мұғалімі Марзия Тоқтаргазина бастауышта орыс тілін оқытуда, орыс тілі кафедрасының филиалын ашып, бастама көтерді. Ал орыс тілі кафедрасына көп жылдар жетекшілік еткен Қарлығаш Мукановна Жананбаева пединститутының ғалым оқытушылары Гульфия Аубакировна және басқа институттың ғалым ұстаздарымен үзіліссіз бірлесіп жұмыс жасады. Оқушылардың, мұғалімдердің сабақтарына қатысып, ақыл-кеңестерін беріп, орыс тілін оқушыға үйретудің ұтымды, оңай әдістерін іздестіріп, мектеп мұғалімдерімен орасан жұмыс атқарды. Мысалы, орыс тілінің мұғалімі, оқу ісі жөніндегі орынбасар Раиса Жұмағалиқызы бастауыш сыныптардың үшінші сыныбына арналған оқулықтың авторы құрамында жұмыс жасаса, 2003 жылы Баркибаева Роза Раштаевнаның басшылығымен

мектептің орыс тілі кафедрасы институтпен бірлесе отырып қазақ мектептеріне арналған «Методическая пособия Соотрудничество» школа-ВУЗ деген әдістемелік оқу құралын шығарды.

Математика кафедрасында да пайдалы көптеген жұмыстар жүргізілді. Сол кезде кафедра жетекшісі болған Жанар Дүрмекбаева институттың ғалым оқытушысы Қажи Нұрсұлтановтың басқаруымен «Ойлау логикасы» деген оқу құралын шығарды. Қажи Нұрсұлтанұлы білімділігі, ізденгіштігі, тапқырлығы көрінген нағыз ғалым, ерінбей – жалықпай үйретуді, өзі де үйренуден қашпайтын, нағыз «фанатик» математикаға берілген ұстаздың ұстазы еді. Қажекеңнің ұстаз-шәкірттері Шакенова Айтжан Шакеновна, Наурызбаева Гүлжамал Рахимовна, Арынова Айша Тоғанбековна, Амренова Ләззат Мамыржановналар оқу-тәрбие жұмыстарына еңбектері сіңген, өздерінің шәкірттері бар сыйлы, жастарға үлгі-өнеге болатын қадірлі адамдар. Мыңдаған шәкірттер тәрбиелеп өсірген, әр салада қызмет атқарып жүрген азаматтарға дәріс берген Сраилова Зайтуна Мухажановна, Султанова Алия Бердалиевна, Мұханова Рысбике Мұхановна, Қасенова Күләндә Медеуовна орта буын ұстаздардың арасында физик Өтеулинова Фарида Закарианқызын, шет тілдер пәнінің мұғалімі Тастекеева Гүлжан Серікқазықызының өзіндік қолтаңбасы, қадір-қасиеті бар ұстаздар.

Бертінгі орта буын жастар Жумаканова Бақыт Уакасовна, Токжигитова Сандуғаш Сейткалиевна, Молдағұлова Рыстыгүл Семейхановна, Хасенова Гүлжан Мадиевна, Елемесова Нүргүл Мұхтарбекқызын халық ағарту саласында еңбектері сіңген ұлағатты ұстаздар деп бағаласам, алғашқы әскери даярлық пәнінің мұғалімі Тусупов Серік Асаубайұлын, сызу-сурет пәнінің мұғалімі Исабеков Аман Сапарханұлын өз пәндерінің үздігі десем артық та айтпаған болар едім.

Өткен өмірден естелік жаза отырып, бір ғасырға тарта халыққа қызмет жасаған қара шаңырақтың басшысы болған азаматтарға тоқтала кетсем болашақ ұрпаққа үлкен сабақ болар деп ойлаймын. Ертеректе Жұмабай Бояубаев, жеті жылдық мектепті басқарған, ол кезде заманның ауыр кезі, мұғалімдер жетіспейді, мектеп үйі суық, жағатын отын, оқу құралдары тапшы, дәптер деген мүлде жоқ, сия қаламсаптар жетіспейді, сияны қазанның күйесін түбіндегі қырып алып, сүтке езіп сия жасаған, мектеп деген аты, байлардан қалған асты кірпіш, үсті ағаштан жасалған үй, аштық, жоқшылық заманда қызмет жасаған. Сол кездегі мұғалім, директор деген аты болмаса, барлығы бір кісідей жұмылып, сабақтан тыс уақытта аралға барып, от жағуға отын кесетін көрінеді. Менің бұл тарихты білетінім, марқұм Жүкең (Бояубаев) бізге география, астраномиядан дәріс берді, сол кезде жоғарыдағы әңгімелерді мен ол кісінің аузынан естіп едім. Бұны айтып отырғаным, елу жылда ел жаңа демекші қазіргі уақытпен, заманмен салыстыруға келе ме? Сондай ауыр заманда мектептің жабылып қалмауына бар күшін жұмсаған олардың еңбегі ғажап ерлік қой,сондықтан елеулі еңбегімен, халыққа қызмет жасаған Жұмабай Бояубаевқа басымызды иіп, тағызым етуіміз керек.

Екінші айтарым №5 мектепте ең ұзақ жылдар директор болған Сағындықов Ержан. Бұл кісінің де сіңірген еңбегі орасан. Қалалық партия атқару комитетінде жаман аты атанып, кейбір басшыларға жақпасада қазіргі №5 мектептің ғимаратын салғызған адам. Келешек ұрпағына үлкен тарту, тарихта өшпес мұра, ескерткіш қалдырды деуге болады. Ержан Сағындықұлы жаңалық ашқыш, көп ізденгіш басшы еді. Ол қазақтың ұлттық ойындарын пәнге кіргізу туралы ғылыми жұмыспен шұғылданып, осы тақырыпта ғылым кандидаттығын қорғап, Семейдің педагогикалық институтында педагогика кафедрасында студенттерге дәріс берді.

Менің осы екі басшы адамдарға тоқталып отырғаным елеулі еңбек еткен, алақандарының ыстық табы қалған көне көз адамдарымыздың бірі деп білуімде. Олар біздің ұстазымыз. Ал ұстазы жоқ, ұстаздың алдын көрмеген адам бар дегенге өз басым сенбеймін, сондықтан өзіме мектеп қабырғасында дәріс берген ұстаздарыма басымды иіп, рахметімді айтам. Сол сияқты қырық жылдан аса жарты ғасырға тақау ұстаздық қызметті бірге атқарған әріптестеріме алғысымды, рахметімді осы естелігім арқылы жеткіземін,

жақсы өмір, жақсы тұрмыс тілеймін!

.

Білім беру ісінің үздіктері

Ибрагимов Қайролла 1881 жылы туған-Ленин ордені, Қазақ ССР-на Еңбегі сіңген мұғалім

Махмұтова Оразбүбі Құдиярқызы1907 жылы туған -Қазақ ССР-ы Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақ ССР-на Еңбегі сіңген мұғалім, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері

Мусин Тұрсынғазы 1909 жылы туған - «Ерен еңбегі үшін», «Ұлы Жеңіске 20 – 40 жыл», «Ұлы Отан соғысының ардагері» медальдары, «Халық ағарту ісінің үздігі»

Смағұлова Әдия Кәрімқызы 1915 жылы туған -«Даңқ», «Құрмет белгісі» ордені, «Ауыл шаруашылығының озаты» медалі, «Қазақ ССР-на Еңбегі сіңген мұғалім»
Дүйсембаев Ануарбек 1918 жылы туған - «Даңқ», «Қызыл жұлдыз» ордендері, «Ұлы Жеңіске 20 – 50 жыл» медальдары
Махмұтова Сүйімбике Кәбірқызы 1921 жылы туған- «Даңқ», «Ұлы Отан соғысының ардагері», «Қызыл жұлдыз» ордендері, «Ұлы Жеңіске 20 – 40 жыл» медальдары
Жакин Төлеуғазы Тоқымбетұлы 1923 жылы туған- «Қызыл жұлдыз» ордені, «Еңбек ардагері», «Ұлы Жеңіске 20 – 50 жыл» медальдары
Төлекбаева Фатима Юсупқызы 1924 жылы туған - «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік еңбегі үшін», «Ұлы Жеңіске 40 – 50 жыл», «Еңбек ардагері» медальдары, «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі» белгісі
Рахымбаева (Ахметова) Шарбану Мұқашқызы1925 жылы туған-Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, «Еңбек ардагері», «Соғыс ардагері», 1941 – 1945 жылғы Ұлы Отан соғысы Жеңісіне 30, 40, 50, 60, 65 жыл Мерекелік медальдары.
Байболова Фарида Юсупқызы 1927 жылы туған - «Даңқ» ордені, «Халық ағарту ісінің үздігі»
Мукажанова Нуржамал Момынжанқызы 1938 жылы туған-СССР Жоғары кеңесі Президиумының «Көп жылғы және табысты еңбегі үшін» медалі, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері
Досымжанов Қадыр 1942 жылы туған –Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, композитор
Уалиева Бағила Уалиқызы - III дәрежелі Еңбек даңқы ордені, Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Аубакирова Алма Медетқызы 1961 жылы туған – Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Білімге қосқан үлесі үшін», «Лидер образования» медальдары
Арынова Айша Тоғамбекқызы - Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Борсықбаева Шайзат Биғожаевна- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Баядилова Ләтіш Баяділқызы- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Байпақбаева (Айсанова) Меңкамал Иманбекқызы- «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «**Ы.Алтынсарин»** медальнің иегері
Байтабанова Айғаным Тұрсынбайқызы- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Дүрмекбаева Жанар Нұрлыбекқызы -Білім беру ісінің Құрметті Қызметкері

Далбина Мәншүк Қожекеқызы - «Қазақ ССР-інің халық ағарту ісінің озық қызметкері»
Ерденбаева Бақыт Сұлтанқызы -Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Искаков Төкен Көпбайұлы -Қазақ КСР «Халық ағарту ісінің озық қызметкері
Жұманов Төкен Жұманұлы – Республикаға еңбегі сіңген мұғалім атағына ие болды.

Жолдасбаева Нурзила Айғалиқызы -Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Жетібаева Көшбике Мейірманқызы- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі» атағының иегері
Жананбаева Карлыгаш Мукановна -Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Қасенова Күләнда Медеуқызы- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Күмісбекова Тотығұс - Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі
Келдібаева Бахытгүл Омарханқызы - «Лидер образования» медаль
Мұқанова Рысбике - Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі
Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы -Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Мархаметов Жомарт Базенұлы - «Қазақстан Республикасының Халыққа білім беру ісінің үздігі»

Нұрсұлтанов Қажи Нұрсұлтанұлы - профессор, педагогика ғылымының кандидаты
Наурызбаева Гүлжанат Рахимовна - Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Набиева Өзипа Нәбиқызы - Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Рахимбекова Раиса Жұмағалиқызы-Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Рузия Сағадиқызы- «Аға мұғалім», «Әдіскер» мұғалім», Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Рысбекова Кенжехан-«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі
Сапаев Ғазиз - Жазушылар одағының мүшесі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен, медальмен марапатталған
Сәрсенбенова Қайша Ержігітқызы-Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі
Сүлейменов Елеусіз - Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Сәрсембаев Ерлан Қасымұлы- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Сатыбалдинов Болат Садуақасұлы - Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Срайлова Зайтуна Муқажанқызы - «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері»
Султанова Алия Бердалиевна -Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»

Түсіпжанова Күлән Түсіпжанқызы- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі
Тілегенова Әсем Тілегенқызы- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Тұрысбекова Бахтикамал- Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі»
Тусупов Серік Асаубайұлы –«Білімге қосқан үлесі үшін», «Жастарға патриоттық тәрбие берудегі еңбегі үшін» медаль
Төлеубекова Мейрамгүл Керейбайқызы-«Лидер образования» медаль
Шалағанова Рәзия Сейсенбаевна -Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының арнайы тағайындалған зейнеткері
Шакенова Айтжан Шәкенқызы - «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері»
Шайхынова Тұрсынгүл Сағатбекқызы - «Лидер образования» медаль



«Дарынды балалар - Қазақстанның болашағы» атты республикалық энциклопедияға аттары енгізіліп, редакция және қоғамдық консультациялық кеңес қорытындысымен **«Білімге қосқан үлесі үшін»** медалімен марапатталған ұстаздар:
Арқарбаева Мейрамгүл Сейлханқызы
Бекқасымов Асқар Қонысбекұлы
Жананбаеа Қарлығаш Мұқанқызы

Жұмаханова Бақытгүл Уақасқызы
Исабекова Ляззат Сұлтанмұратқызы
Калиева Гүлсан Кабдрахманқызы
Каленова Куляйым Серікқызы
Күзембаева Әлия Оразбайқызы
Кабдульдинова Сауле Мусаевна
Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы
Мұқанова Нұргүл Құлжағазықызы
Минаева Сауле Толеугазыевна
Нұртазина Айгүл Болысханқызы
Өтеулинова Фарида Закарияқызы
Сүлейменова Роза Ахановна
Сексенбаева Сауле Кенжеғалиқызы
Смағұлова Күләнда Жұмағазықызы
Тұрғанбаева Жанар Тельманқызы
Тастекева Гүлжан Сейтқазақызы
Тоқжігітова Сандуғаш Сейтқалиқызы
Тұрысбекова Бақтикамал
Хасенова Гүлжан Мәдиқызы
Хасенова Динара Сейсенбайқызы
Хасенова Нұржкен Сләмқызы
Шахманова Қарлығаш Қанатқызы

Мектеп туралы естелік берушілер



Смағұлова Әдия Кәрімқызы (дербес зейнеткер, 1929-1969 жылдарда ұстаздық еткен).

1924 жылы Жаңа-Семейде қазақ балаларына бастауыш білім беретін мектеп екі жерде болды. Бірі - №19 мектеп (бұрынғы Мұсатай байдың үйі, қазіргі Мемлекеттік банк) үйіне, екіншісі №20 мектеп алғашқыда Толымбай байдың үйінде кейіннен Мұхаметханның үйінде болды. Сол кезде мектеп директоры Ибрагимов Хайролла еді. 1926-1927 жылдары мектеп үйі бұрынғы орыс шіркеу үйіне орналасқан болатын. (ШКМ –шаруа жастарының мектебі – ауыл балаларына арналған) мектепте алғашқы кезде ауылшаруашылық мамандары (агроном, есепші) дайындаған, кейіннен 7 жылдық білім беретін мектепке айналған.1934 жылы №19, 20 ШКМ бірігіп №5 қазақ орта мектебі болып қалыптасты. Алғашқы кезде 7 жылдық еді, бала саны 700-дей, 5-6-7 кластар бірнешеу болды. Бұл кезде мектеп директоры Темірбеков Жұматай, соңынан Ысқақов Нұрлыхан тағайындалды. Жас буындарға білім, тәрбие беруде шәкірт жүрегінде сақталған қадірлі ұстаздар: қазақ тілі, әдебиет пәнінің мұғалімдері Сатыбалдин, Тұтқышева Зейнеп, математиктер: Ысқақов, Досжанов, Оспанов, тарих пәнінің мұғалімдері Темірбеков, география пәнінің мұғалімі Бояубаев Жұмабай т.б. мектеп тарихында аты қалған аяулы ұстаздар. Ұлы Отан соғысы басталған кезде көптеген ұстаздар майданға аттанды. Майданнан оралмай Отан үшін жанын пида еткен ұстаздар Панфилов дивизиясында болған Темірбеков Жұматай, Досжанов, Сатыбалдин т.б.

Соғыс кезінде мектеп үйіне әскери бөлімше орналасып, мектеп №3 балалар үйіне (детдом) көшті. Соғыс кезінде мектеп директоры болғандар: Тұтқышев Ильяс, Қарабаев, Нұрқайдаров, Бояубаев, Смағұлова Ә.К. Сабақ берген мұғалімдер: Байжуманов, Мамашева, Арынова, Ахметов М. т.б. Жоғарғы кластарда бала саны өте аз, 10 класс болмады. 8-9 кластарда 6-7 баладан оқыды. Ол кезде оқушылар ақы төлеп оқыды. Әкелері, ағалары майданға кеткен балалардың оқуға жағдайы болмай, оқуды тастап кетуге мәжбүр болды. 1943-1944 жылдары мектеп үйі №3 балалар үйінен №19 мектепке көшті. Мектептің бірінші қабатында жаралыларға арналған емхана (госпиталь), екінші қабатында мектеп орналасты. Мектеп директоры Бояубаев Жұмабай болатын, бір жылдан соң мені тағайындады. Соғыс кезіндегі мұғалімдер мен оқушылардың еңбенгі зор болды. Мектеп коллективі жаралыларға ерекше қамқорлық жасады. Оқушылар жаралылар емханасында үзбей кезекшілік атқарып, жаралылардың семьясына хат жазып, сауық-кеш ұйымдастырып, жаралылардың көңіл-күйін көтеруде ерекше еңбек етті. Мұғалімдер жылы киім тігіп, тоқуда көмектесті. Қала шетінде мектепке бөлінген арнайы жері болды. Мұғалімдер мен оқушылар бөлінген жерге картоп, пияз, қарбыз, асқабақ, бидай, тары дақылдарын егіп, сенбі, демалыс күндері жердің алыстығына, шаршағанына қарамастан суғарып, күтіп-баптап отырды. Коллективтің ынтымағы соншалық ренжу, қобалжу деген болмады. Өнім айтарлықтай мол болды. Бір жылы 12 қап тары, 5-6 қап бидай алдық. Ұн комбинатына таза тары, бидайға айырбастап, жартысын госпитальға, жартысын жыл бойы оқушыларға бір мезгіл ыстық тамақ беріп отырдық. Мұғалімдер мен оқушылардың қажырлы еңбегі бағаланып, қаланың оқу бөлімі тарапынан мақтау грамотасымен наградталды. Маған «Ауыл шаруашылығының озаты» медалін берді. Соғыс жылдары көп қиыншылықтарды бастан кештік. Мектеп үйі суық, жағуға отын жоқ. Әр мектеп өзі тіршілік етуі қажет болды. Мектепке отын дайындауда да мектеп коллективінің еңбегі айтарлықтай. Әлі есімде, сақылдаған аяз. Арбаға жегілген қос өгізді айдап, жанталаса еңбек еткеніміз, кесілген ағашты арбаға тиеп, омбы қарға бата-мата қалаға аяңдаймыз. Әйел мен жас балаларда не қауқар бар, әйтеуір, бір жанталас жаурайсың да, қолымыз домбыққанша үсісің де, бәріне шыдайсың. Қатты ренжігенде, көз алдында жаралы жауынгерлер, майданда Отан үшін жаумен айқасып жүрген, қаза болған жауынгерлерді есіңе аласың. Сол кез бойыңа ерекше бір қайрат бітеді. Майданға менің де үлесім бар ғой деген сенім туады. Біздің рухымызды көтеріп, жігер берген де осы ұлы күш. Ол – патриотизм. Сол кездегі мұғалімдер мен оқушылардың таңғажайып ерлігі, шыдамдылығы да осы ұлы күштен, сенімнен туған болар.

1946-1947 жылдары класс саны көбеюіне байланысты мектеп жаңа құрылыс (новостройка) алаңына орналасқан жаңа екі қабат қызыл кірпіш үйге көшті. Соғыс

жылдары жоғарғы класс болмағандықтан, 1941-1942 оқу жылы түскен балалар оныншы класты 1951-1952 оқу бітірді. Демек, бұлар – мектептің тұңғышы. 11 бала бітірді. Класс жетекшісі Байболова Ф.Ю. болды. Бітірушілердің ішінде озат оқушы Естекбаев Мұхаметжан – технология институтының оқытушысы, Мұқажанов Орынхан ет комбинатының бас дәрігері, Тұрлыбеков Тоқтархан – инженер-милиоратор, Жайкенова Өзипа – мұғалім, Толықбаев Төлеуқадыр майданда (ішкі істер бөлімінде ұзақ уақыт қызмет өткен) қайтыс болған. Байболов Әбілхақ – оқу озаты, майданда болған, Отан соғысының мүгедегі, майдандағы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», «Даңқ» ордені, бірнеше медальдармен наградталған. Дай рбеков Жетпісбек – Отан соғысының мүгедегі, қалалық советте қызмет еткен (қайтыс болған). Есімде сақталған шәкірттер: Жетімгарин Дәулет (алтын медальмен бітірген, қазіргі кезде мед.ғылымының кандидаты, доцент, Оразғалиева – доцент, Шалағанова – дәрігер, Байғажанов – инженер, Дүйсенбаев Азат, Қизат – нейрохирург, доцент, медицина ғылымының кандидаты. Қалдыбаев Мұзафар – медицина ғылымының кандидаты, доцент. 65 жылдың ішінде бітірген шәкірттеріміз қазір сүйікті Отанына еңбегімен өз үлесін қосуда

(***1988 ж).***

Нұрғалиева Ғазиза (1935 – 1939 жылдардағы ұстаз). Мен 1923 жылы қалаға келіп, 4 класқа түстім. 1927 жылы 7 класты бітірдім. Бұл уақытта 8 класс ешқайда болмайтын. Мен оқығанда мектеп бастығы Фазыл Қайранбаев болды. Оқытушылар: Мельникова Әдия, Махмутов Кәбір, Ибрагимов Хайролла, Искаков басқаларының аты жөнін ұмыттым. Мектеп басында «Шаруа жастар мектебі» деп аталған (ШКМ) 1929 жылы мектеп директоры Фазыл Қайранбаев қайтыс болғаннан кейін Қабылбаев Шырақбек бастық болды. № 5 мектеп деген аталым 1934 жылға дейін болмады. Архивтен табылмау себебі осы шығар. 1935 жылы мен №19 мектепте жұмыс істеп жүріп, түстен кейін оқытуға №5 мектептен бір класс алдым. Одан кейінгі жылдары №9 балалар үйінде детдом балаларын оқыттым, бірақ еңбекақымды №5 мектептен алдым.

Ал 1935 жылдан 1939 жылға дейін мектеп бастығы Тұтқышев Ильяс, завуч Темірбеков Жұматай, оқытушылар: Белесова, Тұтқышева Зейнеп, Керейбаев, Іргебаев, Оразбаев, Ахметов, Мамашева, Дүйсенбай деген мұғалімдер болды. 1939 жылдың басында мен көшіп кеттім. Сол кезде мектеп үйі қазіргі топографиялық техникум болатын ***(1988 жыл).***



Мусин Тұрсынғазы 1930 – 1932 жылдардағы ұстаз. Бесінші мектеп 1929-1930 оқу жылынан бастап Шаруа жастар мектебі (ШКМ) деген атпен ашылған. Ол жылдарда жаңа құрылып жатқан колхоздарға агроном, есепші дайындау мақсаты болды. 1930-1931 оқу жылынан бастап жаңа ұйымдасып жатқан колхоздарға агроном, есепші дайындап шығарды. Агрономия, химия, есепшілік деген пәдерден обл.колхозсоюздың мамандары сабақ берді. Бірінші мектепті ұйымдастырып ашқан директор Қабылбаев Шырақбек болды. Қабылбаев оқуға кеткеннен кейінгі мектептің директоры Сулеев Мажит болды. Мен 1930-1931 оқу жылында оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет істедім. Мұғалімдері: Байдалин, Қайранбаев, Мельникова, Макарова болды. Мен 1931-1932 оқу жылы облыстық оқу бөлімінің ұйғаруы бойынша, ет комбинатының ФЗУ мектебіне директор болып ауыстым. Бұл мектеп колхоз жастар мектебі (ШКМ) деген атпен 1934 жылға дейін істеді. Осы қысқа мерзімнің ішінде екі-үш рет колхозға кадр дайындап шығарды. 1934-1935 оқу жылдарында бұл мектеп бесінші санды қазақ орта мектебі болып қайта құрылды. Бұл мектепке Жаңа-Семейдегі №19, №20 мектеп қосылды. Бұл жылдарда мектептің директоры болып Ыдырыс істеді. Мұғалімдері болып Ибрагимов Қайролла, Махмутов Қабір, Махмұтова Оразбибі, Смагулова Адия, Ахметов Меңдіғалі, Махамбетов Рашат істеді. Осы жылдарда мектептің директоры Тұтқышев Ілияс болды. Тұтқышевтың басқа мектепке ауысуына байланысты, орнына

мектеп директоры Темірбеков Жұматай тағайындалды. 1934-1940 оқу жылында Темірбековтың аудандық оқу бөліміне ауысуына байланысты, мектептің директоры Искаков Нұрлықақ болды**.**

(1988 жыл).



Махмұтова Оразбибі Құдиярқызы 1941 – 1957 жылдардағы ұстаз. Мектеп алғашқы да 1926-1927 жылдары 4 кластық болып, Пограничный көшесіндегі Уали деген байдың үйінде ашылды (осы күнгі артель общества слепых) онан кітапхана болған үйге көшті (Театральная көшесінде). Мектеп директоры Хасенов, оқу ісінің меңгерушісі – Қайранбаев Фазыл болды. Кейіннен мектеп осы күнгі топографиялық техникумға орналасты. Хасенов басқа жаққа кеткен соң директор Қайранбаев Фазыл болды. Өзім бұл жылдары №19 мектепте бастауыш кластарда сабақ бердім. Қайранбаевтан соң мектеп директоры болып Қабылбаев Мырзабек тағайындалды. №19 мектепте бастауыш класты бітіргендер шаруа жастарының мектебіне (ШКМ) түсіп, білімін жалғастырды. Осы кездегі бастауыш мектептің бірі №20 мектеп болатын (орналасқан жері понтон көпірінің маңындағы үйде). 1937 жылдан бастап №20 мектеп орыс мектебі болып аталды. №5 мектеп үйі әр жерге көшіп тұрақты орны болмады. Соғыстан бұрынғы мектеп директорлары Искаков Нұрлыхақ, Темірбеков Жұматай бұл адамдар соғыста қаза тапты. Соғыс кезінде №5 мектептің директоры Тұтқышев, Қорабаев, Бояубаев Жұматай, Смагулова А.К.болды. Соғыс біткен соң бұрынғы №32-ші орыс (қазіргі №20 мектеп) мектебінің орнына №5 мектеп орналасты. Алғаш рет 1951-1952 оқу жылында мектепті 11 бала бітірді. Бірге еңбек жасаған әріптестерімнен үлкен наградаларға ие болған мұғалімдер: 1951 жылы Ибрагимов Хайролла Ленин ордені, маған «Еңбек Қызыл Ту» ордені, Смагулова Адия Каримовна «Құрмет белгісі» ордені берілді. Өзім туралы айтсам, мен 1921 жылы бастауыш класта оқытушы болдып, 3 жыл істедім. Кейіннен бастауыш класс №19 мектепке қосылды. Бұл мектепте 17 жыл істедім. 1941 жылдан 1957 жылға дейін №5 қазақ орта мектебінде бастауыш класта сабақ бердім. 1937 жылы Қалалық советке депутат болып сайландым. 1940 жылы Қазақ ССР-ның 20 жылдығына байланысты Мақтау грамотасымен наградталдым. 1945 жылы «Қазақ ССР-на Еңбегі сіңген мұғалім» атағы берілді. 1947 жылы ҚазақССР-ның Жоғарғы Советіне депутат болып сайландым. 1951 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталдым. 1968 жылы Семей қаласының 250 жылдығына байланысты Құрмет грамотасымен наградталдым. 1957 жылы құрметті демалысқа шықтым

(1988 жыл).

Бертісбекова – Байболова Фарида Юсупқызы (1951 – 1982 ж. ұстаз).



Мен 1934 жылы қазіргі Мемлекеттік банк (бұрынғы Мұсатай байдың) үйіне орналасқан бастауыш мектептің 1 класына келіп түстім. Бастауыш мектепте қадірлі ұстаздардан білім алдым. Шәкірттеріне қатал талап, жүйелі білім берген Нұрғалиева Ғазиза, бала жүрегіне кілт таба білген мейірімді ұстаз Махмұтова Оразбүбі, орыс тілінен білім беруде ұстаздық шеберлігімен танылған Смагулова Әдия Каримовна шәкірт есінде мәңгі сақталған. Бастауыш класты бітірген соң (бұрынғы шаруа жастары мектебі аталған) №5 қазақ орта мектебінің 5 класына түстім. Мектеп директоры Тұтқышев Ильяс, кейіннен Темірбеков Жұматай болды. Сабақ берген ұстаздар: қазақ тілі, әдебиетінің мұғалімі Сатыбалдин, Тұтқышева Зейнеп, математиктер: Ысқақов, Досжанов, Оспанов, Байжуманов, Смагулова т.б. Ол жылдары бала саны көп, 5-6-7 кластар саны 3-4тен болды. Мөлшері 700-дей бала оқыды. Ұлы Отан соғысы басталған кезде ер-азаматтар майданға аттанды. Ысқақов, Темірбеков, Досжанов т.б.

сүйікті ұстаздар майданда қаза тапты. Отанды қорғауда болған ұстаздар армиясын шәкірттері тағзым етіп, мектеп №3 балалар үйіне (мектептің жанында) көшті. Бұл кезде оқушы саны, әсіресе жоғарғы класта сирей бастады. Бала саны өте аз болғандықтан 1942 жылы қаңтар айында 9 класс жабылып, оқушылар таратылды. Соғыс кезінде мектеп директоры Бояубаев, Нұрқайдаров, Қорабаев, кейіннен Смагулова А.К. болды. Мамыр айы 1942 жылы Семейдегі педагогикалық институттың дайындау курсында 6 ай оқып, бірінші курсына түстім. 1947 жылы бітіріп, институттың педагогика кафедрасында істеп, 1951-1955 жылы №5 қазақ орта мектебіне ауыстым. Мектепте 8-9-10 кластарда қазақ тілі, әдебиетінен сабақ бердім. 1977 жылдан 1982 жылға дейін ұзартылған күн тобында тәрбиеші болдым. Ұстаздық еткен 30 жыл ішінде өзімді оқытқан ұстаздарыммен Бояубаев, Махмұтова, Смагулова т.б. ұстаздармен еңбек еттім. Қадірлі ұстаздардың оқыту шеберлігін үйреніп, дұрыс бағыт алдым. Ұстаздық жолда аянбай еңбек еткен оқу ісінің меңгеруші Габидуллина Х.Ю., Габдуллин Нұролла Рахимович, кешегі ұстаз, бүгінгі қадірмен жазушы Сапаев Ғ.С. мектебімізде бірнеше жыл оқу ісінің меңгерушісі болған қазақ тілі, әдебиетінің аға оқытушысы. Сейсенбаева Р.С. Ұлы Отан соғысының ардагері Махмутова Сүйембике Кабировна, Қазақ ССР-на Еңбегі сіңген қадірлі ұстаз Бояубаев Жұмабай шәкірт есінде мәңгі сақталмақ. Мектепте кешегі шәкірт, бүгінгі ұстаз эстафетасын жалғастырған жастар да баршылық. Кешегі оқу озаттары Наурызбаева Гүлжанат, Арынова Айша. Мектебіміздің тарихында білім, тәрбие алған бүгінде мектеп мақтанышына айналған шәкірттер: Дүйсенбаев Азат (доцент) – нейрохирург, Дүйсенбаев Қизат, Қалдыбаев Мұзафар – мед. Ғылымының кандидаты, Жетімғорин Даулет, Тергеубаев Омарбек (мед.ғылымының кандидаттары). Инженерлер Байғынтоев, Тұрлыбаев, Еңбек Ері Бейсенбаев т.б – мектеп мақтанышы. 60 жыл ішінде мектебімізде білім-тәрбие алған шәкірттер ұстаз еңбегінің де жемісі болар.

(1988 жыл).



Төлекбаева Фатима Юсупқызы 1944, 1976 – 1986 жылдары ұстаз. Мен №5 мектептің 3-класына 1934-жылы №19 мектепте 2 класты бітіргеннен кейін келіп түстім. 3 класта бізді Махмұтова Орабүбі (Өжен тәте дейтінбіз) мұғалім оқытты. 4-класта Ұзақов деген мұғалім оқытты. Ол кезде бұл мектепті бұрынғы аталуы ШКМ дейтін. 5-7 кластарда бізге мына мұғалімдер сабақ берді: математикадан Ысқақов, географиядан Темірбеков Жұматай (Бейсова Рахиманың жолдасы) ол кісі завуч болды. Қазақ тілі мен әдебиетінен Тұтқышева Зейнеп Омаровна, ал Тұтқышев мектеп директоры болды. Физикадан Байжуманов, неміс тілінен Вагнер деген мұғаліма сабақ берді. Ол кезде мектеп бұрынғы орыстың шіркеуінің үйінде, кейіннен ол үй топография техникумы болды. Біздер мен 7 класта бірге бітіргендерден қазір Жаңа-Семейде Салықбаев Досымхан, Семейде Әбілев Тұңғышқан, қыздардан Знаменкада Қайшағожина Жұмаш деген адамдар бар. 1937-38 оқу жылында 7 класты бітіріп, менен басқа көптеген оқушылар қаз. пед-ке түсті (қазіргі педучилище). Мен казпедке жасым жетпегендіктен алынбадым. Қаладағы №11 мектептің (кейіннен №1 мектеп-интернат болған) 8-класына түстім. Соғыс кезінде 1944 жылы №5 мектепте мұғалім (5-8 кл) болып істедім. 1947 жылы семья жағдайымен шықтым. 1976 жылдан 1986 жылға дейін тағы да осы мектепте ұзартылған күн тобында істеп, 1986 жылы кеттім.

(1988 жыл).



Шалағанова Рәзия Сейсенбаевна қалалық советінің депутаты болған, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, бүгінгі күні Қазақстан Республикасының арнайы тағайындалған зейнеткері Рәзия Сейсенбаевна: «Өмірімнің ең қызыққа толы күндерін, 21-33 жас аралығындағы жалындаған жастық шағымды, нағыз жұмысқа

берілген жанталасқан уақытымды №5 мектеп шаңырағында өткерген екенмін»- деп сағына еске алды. Сұңғыла ойлы қария өткен өмір құшағына қуана енгендей болды.

Бұл мектепте менің 6 ай оқығаным да бар. Қайнар аулынан көшіп келіп, 9-сыныпқа осы мектепке келдім. Сол уақытта 10-сынып небары 3 оқушы болғандықтан жабылмақшы болып, олар педагогикалық институттың даярлық курсына түсті. Топтарына бір студент табылмай жатқандықтан, олар мені сол даярлық курсына шақырды. Келер жылы 10-сынып тағы жабылып қалар деген оймен мен құжаттарымды алуға ол кездегі мектеп директоры Адия Каримовнаға кірдім. Жоғары сыныптардағы жалғыз оқу озаты болғандықтан мені бірден жібере қоймады. Мен 8-сыныпты бітіргенде алған мақтау қағазыммен даярлық курсының директоры Цой деген кәріс азаматына оқығым келетінін, құжаттарымды мектеп бермей жатқанын айттым. Ол кісі «Мақтау қағазы негізінде қабылдансын» деп бұйрық берді. Солайша бұл мектепте оқуым ұзаққа бармады. 1945 жылы дайындық курсын бітіріп, 16 жасымда педагогикалық институттың I курс студенті болып шыға келдім.
Институтты қызыл дипломға аяқтап, жолдамамен Омбы облысында 1949-1950 жылдары мұғалім болып қызмет жасадым. 1950 жылы елге оралып, Облыстық білім басқармасының бастығы Кенжебек Дәукеев деген азаматқа жұмыс сұрап кірдім. Ол кезде қазақ мектептерінің саны өте аз. Сағат жоқ, №5 мектепте завучтың орны бос. Инструкцияны оқып жұмысыңды жасай бер деп шығарып салды. Қорқа-қорқа №5 мектепке тағы оралдым. Ол кезде мектеп қазіргі экономикалық лицейдің ғимаратында. 21 жаста небары бір жыл стажбен завучтықты алып жүру кімге болмасын қиындық әкелері сөзсіз. Мен сол кездегі география пәні мұғалімі Жұмабай Бояубаев ағайдың, химия пәні мұғалімі Әлкенов Дүйсен ағайдың, бастауыш сынып мұғалімі Өжен тәтейдің маған көрсеткен бауырмалдығын, мейірімділігін осы күнге дейін ұмытпаймын. Сол кісілердің арқасында бұл мектепте 13 жыл қызмет жасадым.



Балалық шақтан бір үзік сыр

Біздің отбасымыз 1949 – 1953 жылдары Семей облысы «Абыралы» ауданында Еңбектес колхоз мүшесі болды. (Қазырғы Дегелең тауы мен Саржал ауылының аралығындағы жазықта)
1953 жылы маусым айында колонна автокөлікпен әскери адамдар біздің ауылды түгелдей тиеп алып Қарағанды мен Семей облысының ортасында «Аршалы» деген жерге әкеліп қоныстандырды. Сол кез бүгінгідей есімде, мен 7 жастамын. Сол жазда қыркүйектің 1-і күні 5-6 бала өзен жағасында жайлауда (мектеп жоқ) көгалда отырып сабаққа бардық. Есте қалғаны аты-жөнін ұмытып қалыппын бір мұғалима апай бізге әріптерді үйреткен. Жайлаудамыз, дәптер мен оқулық атымен жоқ. Сол 5-6 балаға апай қарандаш таратып берді. Қағаз жоқ, газеттің шет жағындағы бос орынға алғаш әріптерді жазып үйрендік. Жазуымыз әдемі болсындеп химиялы карандашты жалап сулаймыз, тілдеріміз сия болып қалатын.

Күзге таман, күн суыған кезде біз Абай ауданына өгіз арбамен Бірлік колхозына Маян атты қыстамаға келдік. Сол ауылдан алшақтау жерден бастауыш мектеп ашылды. Жұматаев Жұмағали аға бізге 1 – 4 сыныптарда берді, бір мезгілдерде тар бөлмелерде де өткізетін. Сол кездегі оқуға деген ынтамыз ерекше болатын. Мұғалімді ұқыпты тыңдап, оқу оқуды бірінші орынға қоятынбыз. Үйге келгенде үй тапсырмасын орындамайынша ойнауға да бармайтынбыз.

Сол кездегі бір эпизод әлі күнге дейін есімде: Мен 3-ші класта оқитынмын. Қараөлең деген жерде мектеп 9 шақырым жерде тұратынбыз. Оқуға өгізге мініп барушы едім. Таңғы 5тен тұрып алып, 9-ға дейін мектепке өгізбен жететінмін.

Бір күні мен мектепке бара жатқанда Мұса деген түйеші, түйелерін бағып жүр екен. Сол кезе ақпан айы болатын. Ойымда түк жоқ өгізіммен, мойынымда асып алғаным матадан тігілген сөмке. Аяңдап келе жатсам, алыстан бір бура маған қарай жортып келеді,

мен қорыққаннан өгізден түсе сала бір 80 – 100 шақырымдай жердегі зиратқа тура жүгірдім, мен өзен жағасына жете бергенде бура да жеттіде мені тарпа бас салды, менің жыраға домалап кеткенім есімде.Сәлден кейін өзім өзіме келе бастасам, бура менің үстіме келіп шөккен екен. Бір алланың сақтағаны, мен жыраның төменгі жағындағы ойпатқа құлаппын. Бура үстімде, мен емін еркін қозғалатындай жайдамын, сондықтан маған көп салмақ түспеді, мен бураның қарын тұсында екенмін. Сол бетіммен қозғалмай, қорқып жата бердім. Біраздан соң Бура менің үстімді кіші дәретімен сулап, өз жөнімен кете берді. Мен көпке шейін орнымнан тұрмай, бура алыстап кеткеннен кейін еңбектеп өгізіме жеттімде, өгіздің ығымен жаяулап мектепке жеттім.

Ол кезде біз жазуды қаламсаппен жазатынбыз. Қаламсапты сияға малып жазатынбыз. Біз даладан келгенде қыста сияның сауыты қатып мұз болып қалады да үрлеп отыратынбыз.

Ал, қазырғы шариковый ручкалар кейіннен 1960 жылдары пайда болды. Ол кезде кәзіргідей радио, теледидар деген болмайтын, қыста 40 – 45 градус аязда да сабақтан қалмайтынбыз. Ер балалар шаштарын ұстарамен қырып тастайтын. Далада ұстазымызды көргенде бас киімімізді шешіп амандасушы едік. Қайта кигенде терлеп тұрған бас киіміміз мұздай болатын. Біз сол кезде өте тәрбиелі болып өстік. Үлкенді сыйлау, үлкеннің жолын кеспеу, тәртіпті болуды сол кезден бастап бойымызға сіңірдік.

Бізге үлкен адамдар бата бергенде «Мұғалім бол» дегенде бойымыздан қуаныш билейтін, шіркін балалық арман-ай.

Тағы бір есіме алатыным: Ол кезде мен 5-ші класта Абай аудандық орта мектепте оқитынмын. Бізге әдебиет пәнін беруші атақты жазушы Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Кәмен Оразалин болатын. Ол кісі өте мәдениетті болатын. Бір оқушыға сен деп ұрысып көрмеген еді. Сабаққа дайындалмай келген кезде, «Сен өте жақсы баласын, бірақ ертен сен өскен кезде сенен қай жерде оқыдың? – десе Абай туған жерденмін деп мақтанасын. Абай туралы ештеңе білмесең масқара сонда болады ғой? – дейтін. Абай басқан топырақты басып, Абай дем алған ауаны жұтып, Абай туралы ештеңе айта алмасаң – Мен Абайлықпын деп айтудың өзі өліммен тең емеспе? – деуші еді.

Кәмен ағамыз туралы айта берсе, әңгіме өте көп. Біздің класта бір нашар оқитын оқушыны тақтаға шақырды да Абайдың өлеңін жатқа сұрады. Ол тақтаға шығып қинала бастап желкесін қасып қоя берді, оны сезген Кәмен аға баланың аяғын бір қарап, не? Бәтеңкең симай тұрма?, неге бір кеңірек аяқ киім киіп келмедің? - деді. Ал ол болса, жоқ мұғалім деп меңгірледі. Кәмен аға ал айта бер жаттаған өлеңінді деп еді, мен жаттамап едім деп қысыла жауап берді.

Сол кезде Кәмен аға «Сен өте тәрбиелі баласың, ертең бір кеңірек аяқ киім киіп кел» - деді. Абайдың өлеңін жаттап келе ғой деді. 2 деген бағаны қоя бастағанда әлгі оқушы «Аға қоймай-ақ қойыңызшы, ертең жаттап келемін» деді. Мен екі деген бағаны саған оқып жаттап келгеніңе сенгеннен соң қойып отырмын. Ертең жаттап келгенде 2-і жойатыныңа сенгеннен кейін қойып отырмын, осыдан жаттамай көр дейді.

1960 жылы мен Семей қаласына келген соң №5 қазақ орта мектебінде оқуымды жалғастырдым. Біздің сынып жетекшіміз Махмутова Сүйімбике Кәбірқызы болатын. Ол кісі Ұлы Отан соғысының ардагері болатын, өзі хим-биолог, өте жақсы апай болатын. Өзінің класындағы оқушыларын туған балаларындай жақсы көретін. Сол кездегі мектеп директоры: Тұрағанбаев Мұрат Мәннанұлы, ұстаздарымыз: Бояубаева Жұмабай, Ғалиева Хадия Юсуповна, Сейсенбаева Рәш, Шукеева Зұлқия, Рэш Элизаветта Готовнадай керемет ұстаздар болатын.

Тағы бір айта кететін жай – бәріміз оқу бітіріп болғанан кейін, шамасы 15 – 17 жылдар өткен кезде Бояубаев Жұмабай мұғалім қатты сырқаттанып жатыр дегенді естіген соң, біз кластастарымыз жиналып көңілін сұрауға 10 – 12 ұл – қыздар бардық. Үйге кірсек мұғалім хал үстінде жатыр екен. Ол кісі бәрімізге қарап, фамилиямызды айтып түгендеп шықты, бәрімізді ұмытпапты. Әрқайсымыздан – не істейсің? Кім?қайда? деген сұрақтардан кейін, рахмет келгендеріңе енді бара беріңдер деді. Біз қоштасып шыға

бастағанда,кенеттен мұғалім: «Наурызбаева сен кідірші» - деп өтінді, Біз есіктің алдына шығып Наурызбаева Гүлжанатты күтіп тұрдық, бір кезде Гүлжанат екі көзі жасқа толы, жылап шықты. Біз не болды десек, өксігенін баса алмайды. Сойтсе мұғалім Наурызбаеваны көргенде өзінің бір ұрсып айтқан сөздері есіне түскен болу керек «кешу» сұраған екен. Ертең өліп қалсам кеш десе керек. Бұлда бір адамның кемеңгер ұстаз екенін аңғартады.

Менің «Бірлік» колхозындағы алғашқы ұстаздарым:Жұматаев Жұмағали, Қордабаева Үкіжан, Түсіпов Маркелең, Тоққарин Мамырхан,Жүгенбай.

Абай орта мектебіндегі ұстаздарым: Садуақасов Зәрер, Қарамендин Толымхан, Оразалин Кәмен, Қалиева Нұржамал, Әкімғожин Амантау, Жанболатов Молдабек, Рэш Эвальд.

№5 Семей қазақ мектебіндегі ұстаздарым:Тұрғанбаев Мұрат Мәннанұлы, Махмутова Сүйімбике, Сейсенбаева Рәш, Бояубаева Жұмабай, Галиева Халия Юсупқызы, Шукеева Зұлқия, Рэш Элизавета Готловна.

Осы жылдарды аталған ұстаздарыма менің осы күнге дейін ризашылығым шексіз, олардың бізге берген білімі мен тәрбиесі бізге өмір баспалдағының алғашқы сатысын салып, келешекке даңғыл жол көрсетуші осы ұстаздарым дер едім.

Осында өмір мектебін көргенімді мен әрқашанда қуана еске аламын және ризашалығымды білдіремін.

Келешек ұрпаққа тілейтінім: «Осындай кемеңгер ұстаздар кейінгі жастардан көбірек шықса екен, сонымен қатар қазіргі №5 дарынды оқушылар мектебінің басшылары мен ұжымына қажымас қайрат, бала оқытып, білім шыңдауда және тәуелсіз еліміздің болашақ дарынды кадрларын дайындауға қосқан еңбектеріңіздің жемісін көруге нәсіп ете көр» - деп тілек білдіремін.

Білім ордасы №5 қазақ мектебінің 90 жылдың мерейтойы құтты болсын.

Ардагерлер қоғамының мүшесі
Құсайынов Тлеубай Зупанұлы



Білімді ұстаз - болашаққа жарқын жол ашар

Қала халқының рухани көзін ашып, көкірегін оятуға өлшеусіз үлес қосқан қасиетті қара шаңырақ №5 орта білім беретін мектепке бүгін де 90 жыл толып отыр.

Елімізге танымал талай тарлан қазақ зиялыларының ұшқан ұясы, білім бесігі бұл мектептің тағылымға толы 90 жылдық тарихы – тұнып тұрған шежіре, тәлім мен тәрбие.

Семей қаласындағы қазақ мектептерінің қара шаңырағы атанған білім ошағы талай ғалымдар, әйгілі азаматтар мен бірге менің әкем де білім алған алтын орда.

Мен өзім Жоламан ауылында туып өскендіктен қаламыздың сол жақ жағалауындағы осы жалғыз №5-ші қазақ мектебінен білім алдым. Бұл білім ошағына келу үшін мен сол мектепте оқыған інілерім Жаннат, Жанболат пен Ерболатты ертіп, екі-үш автобусқа отырып, кей-кездері жаяулы-жалпылы жүріп білім алған едік.

Бұл мектепте мен 6 сыныптан бастап оқып, осы мектептің түлегі атандым. Алғашқы ұстаз, сынып жетекшім Айтжан Шәкенқызы болды. Ол кісінің берген тәлім тәрбиесі, білімі біздерге өмірлік азық болды десем қателеспеймін. Менің есемде бір қалғаны, жоғарғы сыныптарда мамандық таңдау кезінде мектеп аттестатымен бірге, мен машина жүргізуге арнайы куәлік алғым келетінін айтқанымда, Айтжан Шәкенқызы – «Марат менің білуімше сен жүргізуші куәлігін қайтесің? Оданша қосымша құрлысшы мамандығын оқы, сенен жақсы құрлысшы шығады», деген болатын. Сол күннен бастап менің мақсатым құрлысшы болсам да жаман емес, адамдарға баспана салып, қаламызға биік ғимараттар тұрғызытын болармыз деп ойлап жүретінмін. Бүгінде арманым орындалды деп ойлаймын.

Осы қарашаңырақта менімен бірге бір сыныпта оқып, бүгінгі күнге дейін жақсы сыйласып, араласып жүрген достарым да бар. Олар Сембек, Серікбек, Ермек, Нұриден деген азаматтар. Бүгінде барлығының өзіндік орындары бар, беделді азаматтар. Мен бастауыш сыныптың бір-екі жылын ата-бабамның кіндік қаны тамған Абыралы өңіріндегі Қайнар елді мекенінде оқыдым. Сол жылдары менімен бірге бір сыныпта білім алған Нұриден Семей қаласына келіп, мен білім алып жүрген осы №5 мектепке ауысып келгені бар. Ауыл мектебінде үздік оқып, домбырамен ән айтып жүрген сыныптасымды қаладағы мектептен көргенімде қатты қуанып өзім оқып жатқан сыныпқа шақырып, ұстазыма оның қандай өнерлі әрі сабақты жақсы оқитындығын айтып, алып келгенім әлі есімде.

Сонымен қатар, бұл мектепте басқа да білімді де, білгір, білікті Станбеков Жұмағазы, Сәрсенбаев Ерлан және сол кездегі мектеп директоры болған Сағындықов Ержан сияқты ұстаздардан білім алғанымды еш уақытта ұмытпаймын және мұндай ұстаздарды әркез мақтан тұтамын.

Орта мектепті жақсы бітіріп, азаматтық борышымды өтеп келгеннен кейін өзім туып-өскен Жоламан ауылында көше комитетін құруды шештім. Өйткені, сол арқылы осы елді-мекеннің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын халық болып көтеруге жол ашуға болатындығына көзім жетті. Осылайша, 1985 жылы көпшіліктің ұйғарымымен Жоламан кентіндегі көше комитетін құрып, оның төрағасы болып сайландым. Сол жылдары атқарған белсенді жұмысымыздың нәтижесінде 1989 жылы халықтың қалауымен Семей қалалық Кеңестің депутаттығына да сайландым. Осы жылдары Жоламан кентіндегі басты мәселелерді қозғап оларды шешу жолында халықпен бірігіп тиісті жұмыстар атқардық. Алғашқыда ауыл ішіндегі тазалықты қалыпқа келтіріп алғаннан кейін, «өлі разы болмай тірі байымайды» деген аталы сөзге сүйеніп, ауыл орталығындағы бейіттерді қоршауды қолға алдық. Одан кейін ісіміз алға басып, ауыл ішіндегі электр желілерін қалыпқа келтіріп, ауыз су мәселесі шешімін тауып, орталық жолдарға жөндеу жұмыстары да жасалды. Сонымен қатар, Жоламанда қазақ орта мектебінің болмағандығынан бала кезімізде көрген қиындықты бізден кейінгі буын көрмесін деген оймен, қазақ мектебін салу мәселесін көтердік. Осыған байланысты, өзекті мәселе көп ұзамай оң шешімін тауып, ауылымыздан №21 қазақ орта мектебі ашылды. Бүгінде осы мектепте мыңнан аса оқушылар білім алуда.

Мектеп қабырғасында алған білімімнің жемісін көріп, бизнесім өрге қарай қарыштап қадам алған 1990 жылдардың бас кезінде мен өзім оқыған мектеп балаларының заман талабына сай білім алулары үшін, алғаш болып компьютер сыныбын сыйға тартқан болатынмын.

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы» - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, білімді ұстаздарымыз қызмет етіп отырған, бұл Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №5 орта мектеп әрқашан жастарды білімді етіп тәрбилеуде үлкен жұмыстар атқарып отырғандығы үшін алғысымды білдіріп, 90 жылдық мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Осылайша біздер өзіміз туып өскен ел мен жерге аянбай еңбек еткенде ғана еліміз көркейіп, болашығымыз зор болары анық.

Марат Құрманбай «Семей қаласының Құрметті азаматы»
Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты
«АҚШЫҢ» Корпорациясының президенті



Ардагер ұстаздар

Рахымбаев Сабырбек 1916 жылы дүниеге келді.
Бірнеше жыл Семей қаласындағы мектептерде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі және қалалық редакцияда тілші болған.

№5 мектепте 1943 жылдың 1 - сәуірінен 1944 жылдың 12 - қаңтарына дейін оқу ісінің меңгерушісі және 5 – 9 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі қызметін атқарады.
Өмірінің соңғы жылдарында Семей қаласында Облыстық оқу бөлімінде кадр жөніндегі инспектор болған.



Рахымбаева (Ахметова) Шарбану Мұқашқызы 1925 жылы 10 қазанда дүниеге келіп, 2011 жылдың 3 - желтоқсанында дүниеден өткен.1943 жылы 22 тамызда №5 орта мектепте, 1947 – 1979 жылдарда қаланың №11, №16, №1 мектеп-интернатында, 1979 – 1983 жылдары №5 мектепте математика пәнінің мұғалімі болған.
Марапаттары:
Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері (1960 ж),Ардақты ана медалі (1959 ж), Еңбек ардагері медалі (1978), Соғыс ардагері 1941 – 1945 (1999)
Мерекелік медальдар: 1941 – 1945 жылғы Ұлы Отан соғысы Жеңіске 30,40,50,60,65 жыл.
Ұстаздың – мектептің 65 жылдығына жазған арнау өлең жолдарынан:

Құтты болсын туған күнің мектебім,
65 жыл бұрын сәби болып туыпсың.
Талай шәкірт бірінші қадам аттаған
Ұстаздардаөмір жолын бастаған.
Кешегі шәкірт ержетті, ер есейді,
Қолдарына кілтін алды өмірдің.
Біз ұстаздар кәртәйіп, ветеран болдық,
Сүйіншпен сүйеміз бүгін немерені.
Құтты болсын туған күнің мектебім
Ішің толсын дені сау, ойлы шәкіртке
Ұстаздарың әкелсін терең білім, жаңалық
Нұрлана бер, нұралана бер біліммен
Сүйікті менің №5 мектебім

Жанұямыз туралы естелік №5 мектеппен байланысты



Анам **Бегесова Рахима Хусаиновна** 1918 жылы 16 маусымда дүниеге келді. Осы мектепте 42 жыл жұмыс істеп, 1976 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. 1932 жылы мұғалімдік оқуын бітірген соң, 14 жасынан еңбек жолын бастады, сол кезде алғашқы ұстаз әйел болды. Шаруа жастары мектебінің бастауыш сыныптарына сабақ берген болатын. 1952 жылы педагогикалық училищені сырттай оқыды. Анамның жолдасы №5 мектептің директорларының бірі Темірбеков Жұматай болатын. Ол кісі Ұлы Отан соғысына қатысып, Фроловадағы шайқаста жауынгерлеріне командир бола жүріп қаза тапты. 1942 жылы анам ол кісінің қайтыс болуы туралы жолдастарынан хат хабар алды, бірақ соғыстың соңына дейін тосты.

1946 жылы анам Рахима менің әкеммен отау құрды. Әкем Абишев Рахмет 1908 жылы туған. Ұлы Отан соғысына дейін Семейдегі қазақ педагогикалық училищені бітіріп, 1941 жылы фронтқа аттанды. Шығыс фронтында соғысты. Манчжуриді босатқаны үшін және Харбинға



жеткені үшін көптеген медальдармен, соғыстан кейінгі жылдары Жеңіс күніне байланысты бірнеше медальдармен және К.Жуковтың медалімен марапатталды.

Әкем бейбітшілік орнағаннан кейін бастауыш сыныпта мұғалім және алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып №5, №19 мектептерде жұмыс істеді. 1950 - 1954– жылдары Жана Семей ауданының районосында инспектор болды. Кейіннен 1955 жылға дейін қазақ сыныптарында сабақ берді. Кейіннен басқа жұмысқа ауысып, №1 мүгедектер үйінде шаруашылық жөніндегі директордың орынбасары қызметін атқарып, зейнетке шықты.

Менің ата – анам 56 жыл бірге өмір сүріп, 6 баланы дүниеге әкелді, оның 2-уі бала кезіінде қайтыс болды. Ата-анам туыстарының ғана емес, барлық таныстарының арасында да өте сыйлы болатын. Әкем 98 жасында, анам 85 жасында өмірден өтті.

Ол кісілер бізге адал, тәртіпті және үлкендерді сыйлуды үйретті. Менің әкем Темірбеков Жұматайдың ұлы Темірбеков Эрнестті де тәрбиелеп жеткізді.

Ата – анамның осы мектепке көптеген еңбектері сіңді.

Сол адамдардың ұрпағы ретінде осы мектептің ұжымына және мектеп директоры Аубакирова Алма Медетқызына мектеп тарихына байланысты осындай үлкен шара ұйымдастырып отырғанына үлкен алғыс білдіремін.

Қызы Тусупова (Абишева) Гүлсұлу Рахметқызы



Сапаев Ғазиз 1926 жылы 10 қазанда Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданына қарасты қазіргі «Ақ мектеп» ауылында туған.1947 жылы Семей қаласында мұғалімдер институтын, 1952 жылы педагогика институтын бітірген. Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында, Семей облысының Аягөз ауданында және Семей қаласында №5 қазақ орта мектебінде он екі жыл мұғалім болып істеп, мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген. 1959 — 1981 жж. Семей облыстық «Семей таңы» газетінде мәдениет және оқу бөлімінің меңгерушісі болып істеген. 1981 жылдан бері шығармашылық жұмыста болды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен, медальмен марапатталған.

Ғазиз Сапаұлы 1960 жылдан журналистер, 1974 жылдан Жазушылар одағының мүшесі. Баспадан жеті повесі, екі драмасы жарық көрді. Екі пьесасы Семейдің Абай атындағы сазды драма театрының репертуарынан орын алды. «Тойым-тойы», «Қиын екен қыз дегенің» драмалық шығармалары мыңдаған көрерменге ұсынылды.

Жазушы «Жыл жемісі», «Менің көгершінім», «Гүлдана», «Туған жерден алыста» тәрізді повестер мен әңгімелер жинақтарының авторы. «Туған жерден алыста» повесінің жалғасы «Сағыныш» романы баспада. Ғазиз Сапаев бұл романында Шыңжанда өткен (1933 -1943) жылдар аралығындағы өмірін баяндайды.



Нұрсұлтанов Қажи Нұрсұлтанұлы елі үшін, ұрпақ үшін еңбек етіп, бар ғұмырын бір ғылым жолына арнаған адамның бірі. Өзі өмірден өтіп кетсе де, соңында ел игілігіне айналар, ізгілікке толы мұрасы, жарқын жолы қалды. Кішіпейіл мінезді, кесек ойлы, жомарт жүректі қарапайым жанды қалай ғана ұмытасың? Ұмытылмайды ел есінде ардақты адам есімі, ол үміттің ұлағатпен ұрпақ болып өсуі.

«Ұстаз - рухы, ой өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты

мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жүрегі жылы, көңілі дархан адам болуы тиіс» деген өзінің өмірлік ұстанымын өнеге етуден жалықпаған аяулы ұстаз еді.

Қажи Нұрсұлтанұлы тарихтан, әдебиеттен, басқа да ғылым салаларынан көп білетін рухани байлығы мол, зиялы жан-жақты адам болды. Абай мен Шәкәрімнің, Алаш арыстарының өмірі мен шығармашылық еңбектеріне арналған зерттеу жұмыстары облыстық, республикалық басылымдарда үнемі жарияланып отырды.

Қажи Нұрсұлтановтың авторлығымен жалпы ғылым сүйер зиялы қауымға мұғалімдер мен оқушыларына лайықтаған көп таралымды бес кітап және де әр түрлі журнал мен жинақтар беттерінде 200 ден астам ғылыми-зерттеулік, ғылыми-көпшілік және әдістемелік мақалалар жарияланды.

Бүгінгі күні ұстаздан білім алған шәкірттері Қазақстанның барлық аймақтарында абыроймен педагогикалық қызмет атқаруда. Олардың ішінде ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, доценттер, оқу-ағарту ісінің үздік қызметкерлері көптеп саналады. Бәрінің мақтан тұтатындары, есімі естен кетпейтін аяулы ұстаздары Қажи Нұрсұлтанұлы.

Білгенін үйретуден асқан бақыт жоқ қой ұстаз үшін. Айтқаныңды қағып алып, нұсқаған жолыңды ұстанған шәкірт үшін аянбау керек. Қажи Нұрсұлтанұлының алдынан сан мыңдаған шәкірттер білім алып, қанаттанды. Ол кісі білімге ұмтылған әр адамға қол ұшын созуға дайын тұратын. Кафедра магистранттары, жас ұстаздар студенттер ақыл кеңес сұрап алдын бір босатпаса, ол өз кезегінде оларға жетекшілік етуден әсте жалықпаған немесе шаршаған емес. Шәкіртінің бойынан бір жылт еткен ұшқын көрсе, соны тұтатпай қоймайтын, ол жеткен асуды мақтан тұтып, мейірлене жас балаша қуанатын.

Мен Қажи Нұрсұлтанұлымен 1987 жылы Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, студент атанған күннен таныспын.

Алғашқы күннен бастап математикадан білім беріп қана қоймай, ел мен жер тарихын санамызға сіңіріп, тәрбиелі азамат болып қалыптасуымызға елеулі еңбек сіңірді. Ол кісінің білмейтін тақырыбы болмайтын. Кез келген нәрсенің түп тамырын, бір-бірімен байланысын білетін. Абайдың Шәкәрімнің өлеңдерін жатқа айтып қана қоймай, осындай алып тұлғалардың, батыс ойшылдары Сократ, Платон, Аристотельдің еңбектерін дәлелдеп, математикалық, философиялық ойларымен шешімдерін бізге таныстырып, еңбектерін оқуға шақыратын.

Сонау студентік күннен бастап ұстаздық еңбек жолымның көп жылдары Қажи Нұрсұлтанұлының жетекшілігімен жұмыс жасадым. Көп нәрсе үйрендім, ақыл-кеңестерін тыңдадым. Қажи Нұрсұлтанұлымен бірлесе отырып бірнеше рет халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі конференцияларға қатысып, баяндамалар жасадым, жасаған баяндамаларымыз үнемі баспа беттерінде жарияланып отырды.

Бірнеше сайыстарға қатыстық, жүлделі орындарға ие болдық. Авторлық ұжым: К. Нурсұлтанов, Қ.Нақышбекова, Ж.Дурмекбаева, Л.Амренова дайындаған «Ойлау логикасына оқытудың өзекті мәселелері» атты дайындаған әдістемелік әзірлеме қалалық сайыста I орынды жеңіп алып, облыстық сайыста II , республикалық сайыста жүлделі III орынды иеленді.

Қажи Нұрсұлтанұлының жетекшілгімен әзірлеген «Ойлау логикасы» атты оқу –әдістемелік құралы 2006 жылы Семей қаласында баспадан жарық көрді. Бұл оқулық логика пәнінен оқушыларға, студенттерге және ұстаздарға арналған көмекші құрал болды. Осы мектеп аясында жинақталған іс-тәжірибелер негізінде жазылды, осы мектептен сынақтан өтті. Әрине кітаптың жарық көруі оңай болмады, осындай көп жылғы ізденістік еңбектің арқасында баспадан шықты, үлкен сұранысқа ие болды.

Қажи Нұрсұлтанұлы көп жыл осы мектепте математика кафедрасының ғылыми кеңесшісі болды. Мектепте жүйелі түрде «Ойлау логикасы» пәнін енгізуді дәріптеуші, осы жолда үлкен еңбектер жазып, тер төккен ғалым. Қажи Нұрсұлтанұлы логикалық

ойлаудың қажет екеніне айрықша көңіл бөлді, дерексіз ойлау қабілеттілігі туа бітпей, білім алу процесінде қалыптасатындығына ерекше мән берді.

Қажи Нұрсұлтанұлы Шәкәрім шәкіртханасында алғаш «Архимедшілер алауы» атты оқушылардың ғылыми қоғамының құрылуына да ұйтқы болды. Клубқа мектептегі жаңашыл мұғалімдер мен шығармашыл оқушылардың көптеп тартылып, олардың ғылым-зерттеу жұмыстарымен шұғылдануына көп көмегін тигізіп, үнемі назарында ұстап отырды. Міне сол жылдары құрылған клуб әлі де жұмыс жасап, бүгінде жас зерттеушілердің ғылыми жұмыстармен айналысуына жол ашатын зерттеу бұлағына айналуда. Клуб мүшелерінің облыстық, республикалық, халықаралық дәрежедегі сайыстарға қатысып жүлделі орындарға, Мемлекеттік грантқа ие болу саны да жыл сайын арта түсуде.

Ғалымның хаты ешқашан өшпейді. Қажи Нұрсұлтанұлы ойлары бүгінде орындалды. Бүгінгі күні логикалық есептер әртүрлі жарыс, сайыстарда, олимпиадаларда ғана емес, тіпті ҰБТ есептерінде де жиі кездеседі. Ғалымның ой-арманы іске асып, өміршеңдігі күннен күнге арта түсуде, тек бүгінгі күні ұлағатты ұстазымыздың орны ортамызда құлазып тұр.Ұстаздық шеберліктің барлық қасиеттерін сол кісіден үйрендік, бағалауға тұрарлық жауапкершілік қасиетін әлі де жоғары бағалаймыз.

Өмірде қарапайым, әділдік жолына барын салатын, ардың құлы болған адамның еңбегі де ерекше ізігілікті, игілікке толы болып келеді. Өйткені, ол мына дүниеге беру үшін келген... Барын сыйлап, қарыштап өсіп бара жатқан өмір өркеніне нәр беру оның асыл мұраты, өмірлік ұстанымы, мақсаты болды.

Ұстаздардың ұстазы деп бекер айтпасақ керек, өйткені мадақтауға, дәріптеуге де лайықты ұстазың болғанға не жетсін! Ұстаз ісі өшпейді және еш нәрсемен де өлшенбейді.

Халқының даму жолына сүбегелі үлесін қосқан, ел-дүниесінің еншісіне барын сыйлаған асыл азаматын елі мәңгілік ұмытпасы анық.

Дүрмекбаева Жанар Нұрлыбекқызы



Сәрсенбенова Қайша Ержігітқызы

Жаңасемей ауданында 1931 жылы 5 ақпанда дүниеге келген ардагер зейнеткер Қайша Ержігітқызы "№5 мектептің түлегі болғаныма, кейіннен сол мектепте қызмет жасағаныма мақтанамын" дейді. 84 жастағы қария өткен күндерді күні кешегідей есіне алды.

1938 жылы №5 мектепке 1 сыныпқа қабылдандым. Ол кезде мектеп үйі қазіргі Жамбыл көшесіндегі 2 қабатты ағаш үйде орналасқан. 1-сыныпта 30 шақты бала оқыдық. 2-3 кластарды оқығанда мектеп үйі қазіргі Жаңасемей ауданының РОВД-сы орналасқан мекеме болатын. 3-сыныпты аяқтағанда соғыс басталды. 4 сыныпты қазіргі переезд жанындағы үйде оқыдық. Соғыс аяқталғаннан кейін қазіргі Топографиялық колледждің артындағы қазіргі шіркеу болып тұрған үйге көштік. Соғыс уақытында ол казарма болған екен. 7-сыныпты 4оқушы оқып едік, бір кластасымыз қайтыс болды, бір кластасымыз Павлодар қаласына көшіп кетті, 2 қыз қалдық. Екі оқушы үшін класс ашылмады. Сөйтіп не істерімізді білмей жүргенде Бояубаев мұғалім кезікті. Біз жағдайымызды айтып едік ол кісі: "Ертең педучилищеге келіңдер"-деді. Ол кісі өзінің әріптестерінің, оқушыларының үлкен жанашыры еді. Ертеңінде барсақ мұғаліміміз бізді тосып отыр екен. Бізден диктант алып, оқуға қабылдады. Осылайша 1946- 1947 жылдары педучилищеде оқыдым. Бітірген соң ол күндері қазақша оқитын балалар өте аз. Сол кезде қазіргі Яна магазинінің артында №19 орыс мектеп болатын. Сол мектептің филиалы қазақ кластары Телеграфная көшесіндегі ағаш үйде оқитын. Жолым болып сол мектепке мұғалім болып орналастым. 1- сынып алдым, баласын алуға келген ата-ана "Біздің мұғалім қызық, сабақ түсіндіріп болған соң өзі де оқушылармен бірігіп ойнап кетеді" дейді екен. Ойнасам ойнаған шығармын, ол кезде небары 17 жаста болдым ғой.

№5 мектепке мұғалім болып 1978 жылы келдім. Содан бастауыш сынып мұғалімі болып 1986 жылға дейін қызмет жасап, зейнеткерлікке шықтым. 1988 жылы жұмысқа қайта шақыртты. Мен қуана келістім. Себебі жұмыс жасап қалған адамның үйде отыруы қиын болады екен. Төрт жыл тағы қызмет жасадым. 1992 жылы қайта еңбек демалысына шықтым. Қызмет жасаған уақытта ешқашан бір балаға ұрсып көрмеппін. Әріптестерім "Осы сіздің оқушыларыңыз бала болып жүгірмейді екен" дейтін. Сонда оқушыларыма қолданатын әдісім "Балалар, бүгін мен сендерге ренжіп отырмын " деймін. Бала деген өте сезімтал болады. Олар бірден жинала қалушы еді. Бастауыш сынып болған соң бала жүгірмей тұрмайды ғой. Үзілісте тай-құлынша жарысып кететін. Бір күні дойбы алып келдім. Оқушыларым қызыға ойнады. Кейіннен өздері де әкелетін болды. Осылайша үзілісте жүгірулерін де қойғыздым.

Мен мұғалім болғанымды қазіргі күні үлкен мақтанышпен айтамын. Себебі мұғалім ол ұлы мамандық.



Искаков Төкен Көпбайұлы 1931 жылы наурыздың 20 жұлдызында Абыралы өңірінің Тайлан атты мекенде дүниеге келді.

Жергілікті мектепті 1938 жылы оқи бастайды. Оны аяқтап, 1946 жылы Семей қаласының К. Д. Ушинский атындағы педагогикалық училищеге түседі.

Осы оқу шаңырағын 1950 жылы үздік аяқтаған. Училищені бітіре сала бірден еңбек жолын Семейдің № 16 орта мектебінде арифметикадан сабақ беруден бастайды.

Төкен Көпбайұлы тек балаларды ғана оқытып коймай, 1953 жылы Н. К. Крупская атындағы педагогикалық институтының физика-математикалық факультетіне түседі. 1957 жылы аталған институтты үздік аяқтап, таңдаған мамандығына ие болады. 1961 жылы №26 қазақ орта мектебіне физика пәнінің мұғалімі ретінде қалалық оқу бөмінінің тапсырысы бойынша ауыстырылады.

Төкен Көпбайұлының көп жылдық ұстаздық және тәрбиелеу тәжірибесі жаңа белестерді ала бастады. Темір жолдар бойындағы жұмыс істейтін, алыс мекендердегі теміржолшылардың балаларын оқыту, білім беру, болашаққа жол ашу мақсатында Кеңес өкіметі көптеген мектеп-интернаттарын ашты. Солардың бірі 8 жылдық № 12 мектеп-интернаты Семей өңірінде болды. Осы оқу орнында жолдас Искаков Т. К. директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары болып 1972 жылы тағайындалды.

1977 жылы №1 мектеп-интернатына ауысып, көптеген жылдар бойы аға оқытушы, директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары қызметін мінсіз атқарды.

Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясына Төкен Көпбайұлы 1982 жылы физика пәні мұғалімі ретінде келіп, өмірінің соңғы күндеріне дейін өзінің сүйген физика және астрономия ғылымдары бағытында балаларды баулыды. Осы ұлы қара шаңырақтың көптеген оқушылары Төкен Көпбайұлының жолын қуалады, олар көптеген қалалық, облыстық, республикалық сайыстарда жүлделі орындарға ие болды.

Өмірін қазақ балаларына тәрбие-білім беруге берген жоғары санатты ұстаз Қазақ КСР «Халықтық ағарту ісінің озық қызметкері» значогімен және сансыз көп алғыстармен КСРО кезінде және егемендігімізді алғаннан кейін де марапатталған.

Төкен Көпбайұлы тек үлгілі ұстаз емес, сонымен қатар үлгі тұтар отбасы бола білді. Өзінің жан-жары КСРО «Халықтық ағарту ісінің озық қызметкері» атанған, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жарты ғасырдан артық еңбек еткен Рабиға Әбенқызы Ахуновамен бірге ұрпақтарын (ұлы, немерелері) тәрбиелеген.

Төкен Көпбайұлы сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Тек сандардың сырын ғана емес сонымен қатар поэзия әлемінің сырын ұғып пайланған. Немерелеріне арнаған өлеңдері әлі күнге дейін сақтаулы. Халықтың басым көбі техникамен бейтаныс болған кезде, кинокамерамен және фотоаппаратпен бірқатар бейнетаспаларды түсіріп, өмірде қолдана

білген. Қос ұстаздың жинаған кітапқоры әлі күнге дейін өз маңыздылығын жоғалтқан емес. Фалеристика да оны қызықтырған – жиналған значоктар уақыт өткен сайын ұрпақ үшін баға жетпейтін құнды зат. Қолы қалт еткен уақыттарында дойбы, шашка, шахмат, тоғыз құмалақ ойнап, 1950-60 жылдары облыс жеңімпазы болған. Немерелеріне жарқын болашақ қалдырды; музыкалық білім беріп, бірнеше тілді үйретті, көне төте жазуын оқытты. Осының нәтижесі – бір немересі «Болашақ» бағдарламасымен Лондон қаласында оқып жатыр, бірі мектепті «алтын белгімен», медицина академиясын үздік аяқтап, жүрек-қан тамыр хирургы болып қызметін атқаруда.




Менің анам **Жетібаева Көшбике Мейірманқызы** 1931 жылы наурыз айының 10 күні Семей қаласында дүниеге келген. Балалық, жастық кезеңдері ашаршылықтың, содан кейін Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында өтті. Мектепті бітіргеннен кейін Семейдің педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Ол кісінің әке-шешесі Жаңасемейде қазіргі 408 квартал ауданында тұрған. Ол кезде қазіргідей ағылып жатқан көлік жоқ, Ертіс өзенінің арғы жағасына қайық арқылы қатынайтынбыз дейтін.Училищені бітіргеннен кейін 1951-1953 оқу жылдарында Семей қаласындағы №5 қазақ орта мектебінде аға пионер вожатый болып жұмыс істейді. Бұл мектептің алғашқы түлектері бітірген жылдар болатын. Сейсенбаева Рәзия апаймен бірге қызметтес болып, көп тәлім-тәрбие алдым -, деп айтып отырушы еді. 1954 жылдан бастап зейнеткерлік жасқа шыққанға дейін Абай ауданының мектептерінде бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарды. Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі» атағының иегері.

Бүгінде ол кісінің үлкен қызы- мен осы мектепте биология пәнінің мұғалімі болып 35 жыл еңбек етіп келемін. Немерелері Айнұр, Еділ №5 гимназия мектебін үздік бітіріп, қазір медицина ғылымдарының кандидаттары, жоғары білімді мамандар.

Қызы Смагулова Күләнда Жұмағазықызы.



Набиева Өзипа Нәбиқызы 1934 жылдың 1 сәуірінде Семей облысы Жарма ауданы Белтерек ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Семейдің педагогикалық училищесін бітіргеннен кейін еңбек жолын өзі туып өскен Белтерек ауылынан бастайды. Жұмыс істей жүре сырттай Семейдің педагогикалық институтын бітіріп тарих пәні мұғалімі мамандығын алып шығады. 1965-1968 жылдары Шымкент қаласындағы мектеп-интернатта тәрбиеші болып қызмет істеп, 1968-1979 жылдар аралығында Қаскелең қаласындағы Абай орта мектебінде тарих пәнінінің мұғалімі болған.1981 жылы Семей қаласындағы №5 қазақ орта мектебіне тарих пәні мұғалімі болып орналасып, 1988 жылы осы мектептен зейнеткерлікке шықты. Қызмет атқарған кезеңдерде оқушылары республикалық, облыстық, қалалық, аймақтық олимпиадалардың жүлдегерлері болды. Еңбектегі жетістіктері үшін Республикалық, облыстық, қалалық білім басқармаларының; қалалық, облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі», еңбек ардагері. Баласы Мақат пен келіні Айманнан төрт немере сүйді.26 қыркүйек 2000 жылы дүниеден өтті.



Рысбекова Кенжехан 1936 жылы 9 ақпанда Семей облысы Шұбартау ауданында дүниеге келген. Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы педучилищені бітірген соң туған ауылында бастауыш сынып мұғалімі болып істеді. Отбасы жағдайына байланысты 1963 жылы Семейге келіп, қаладағы №5 қазақ орта мектебіне бастауыш сынып

мұғалімі болып орналасып, осы ұйымда зейнеткерлікке шыққанша 30 жыл еңбек етті. Еңбек ете жүріп, сырттай оқып, жоғары білімін алды.

Өмірінің 35 жылын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған Кенжехан Рысбекқызы білікті де, білімді де терең ойлы ұстаз болды. Оқушылардың бойына әдептілік, әдістемелік, ұлттық тағылымды сіңіру жолында талмай еңбек етті.

Еңбек еткен жылдарында қала, облыс көлемінде бірнеше семинарлар, ашық сабақтар ұйымдастырып, өз тәжірибесімен бөлісті.

Осындай жұмыстары негізінде қалалық білім басқармасы және қалалық кәсіподақ ұйымының бірнеше мәрте «Құрмет грамотасымен», білім беру саласындағы еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төс белгісімен марапатталды.



Мукажанова Нуржамал Момынжановнаучитель русского языка и литературы.

Родилась 19 мая 1937 года в городе Семипалатинске. С 1945 по 1955 годы училась в школе № 20, после окончания которого поступила в Семипалатинский педагогический институт имени Н.К.Крупской на филологический факультет. После успешного завершения начала трудовую деятельность в качестве учителя русского языка и литературы. С 1963 года по 1997 годы работала учителем в казахской общеобразовательной школе № 5. Трудовой стаж в данной школе составляет 34 года. Все эти годы старалась, чтобы дети умели грамотно говорить и писать, обладать ораторскими навыками, умели активно владеть богатством устной и письменной речи, мыслить, имели желание к дальнейшему развитию собственных творческих способностей. В 1978 году вступила в ряды членов КПСС, являлась секретарем партийной организации средней школы № 5, делегат районных, городских и областных партийных конференций.

Ежегодно награждалась Почётными грамотами за хорошую подготовку учащихся по русскому языку и литературе в национальной школе на городских, областных и Республиканских олимпиадах. За плодотворный и добросовестный труд, за творческую работу по обучению и воспитанию учащихся была неоднократно награждена Грамотами и Благодарственными письмами (1985, 1989, 1997), медалью Президиума Верховного Совета СССР «За долголетний и доблестный труд». В 1977 году получила звание «Отличника народного просвещения Казахской ССР». В 1985- 1986 годах за заслуги в педагогической деятельности портрет был помещен на городскую Доску Почета.

Отдавая всю себя любимой профессии, я получила заслуженное признание. Интеллигентность, принципиальность, способность тонко чувствовать человека и ситуацию, уважение к личности, умение самый маленький росточек способностей превратить в урожай успеха – это и есть призвание учителя.

Я не только вложила душу в педагогическую деятельность, но и вырастила семерых детей, являюсь бабушкой 19 внуков и 8 правнуков. Учитывая мои заслуги в деле воспитания детей, правительство наградило меня медалями: «Медаль материнства» II степени (1970г.), «Медаль материнства» I степени (1973г.), Орден «Материнская слава» III степени (1975г.), «Алтын алқа»2010. Особо хочу отметить, что мой супруг Мукажанов Орынхан Нурсултанович является выпускником 1933 года школы, в которой я трудилась.



Мусина Қазиза Мұқанқызы (1937-1991)

1937 жылы 29 шілдеде Семей облысына қарасты Абай ауданының Құндызды ауылында ауыл мұғалімінің жанұясында дүниеге келген.Семей қаласындағы №11 мектеп-интернатты бітірген соң, еңбек жолын туған жерінде ауыл мектебінде тәрбиеші болып бастаған.

Семей қаласының №5 мектебінде 1977 жылдан 1990 жылға дейін мұғалім болып жұмыс жасады.
1957 жылы республикалық «Лениншіл жас» газетінің меншікті тілшісі, кейіннен облыстық «Семей таны» газетінің редакторы болған, жазушы және қоғамның көрнекті қайраткері Ырысхан Мусинге тұрмысқа шығады. 6 бала тәрбиелеп өсіреді. 1976 жылы Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының жаратылыстану факультетін бітіріп, жоғарғы білім алады.Көптеген педагогикалық тәжірибе жинақтайды. Әр түрлі жылдары бастауыш сынып,химия, биология пәні мұғалімі қызметтерін атқарады. Ана, ұстаз ретінде жанұясының, шәкірттерінің, әріптестерінің құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленген аяулы жан. Балалары Қорлан, Ерлан осы мектепті «Алтын» медальға бітіріп, бүгінде ғылым кандидаты, республиканың белді компаниясында басшы қызметін атқарады.



Борсықбаева Шайзат Биғожаевна 1979 жылдың тамыз айынан 1996 жылдың мамыр айы аралығында №5 мектепте оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі болып қызмет жасаған. Мектептің 1990 жылы гимназия атануына өзіндік үлесін қосқан, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгісі, Республикалық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасының иегері. Мамандығы - математик.

Алғашқы жылдары солақай саясаттың салқыны қазақ мектептеріне де тиіп жатты. Оны тіпті қазақ мектептерінде оқитын бала санынан-ақ көруге блушы еді. Мектеп 1979 жылдары I ауысымда ғана оқитын. Түстен кейінгі уақыттарда ұзартылған күн тобы, әр түрлі спорттық үйірмелер жұмыс жасайтын. Бастауыш сыныптар бір сыныптан оқыса, 9,10,11-сынып оқушылары көбінекей ауылды жерлерден жинақталатын. Кейіннен қазақ мектептерін сақтап қалу мақсатында ұстаздар үгіт-насихат жұмыстарын жүйелі жүргізудің арқасында сынып комплектілері жыл сайын арта түсті. Сол кезде балаларын қазақша мектептерге берген қала интеллигенттерін әлі күнге дейін мақтанышпен еске аламын. Мысалы, Рысхан Мусин, Музафар Қалдыбаев, Қуандық Жүсіпов, Елеусіз Сүлейменов, Мұрат Алин, Дәулет Сейсенов, Мираш Исатаевтардың жанұяларындағы барлық балалар осы мектептен білім алды. Олардың алғашқылары 1986 жылы бітірді. Сол түлектердің көпшілігі бүгінгі таңда ғылым жолында жүрген азаматтар. Атап айтсам, Мусина Қорлан, Сембаев Серікжан, Мақсатова Құралай, Исатаева Арай.

Семей қаласында орыс мектептерінің ішінде №6 мектеп алғашқы болып, біздің мектеп қазақ мектептерінің алғашқысы болып гимназия атауын алды. Гимназия атауын ол кезде бекіту оңайшылықпен келмеді. Москва, Алматы қалаларына барып, түрлі құжаттар толтыру сияқты өзіндік қиыншылықтары болды. Осы мектепте 17 жылдай қызмет жасаған уақытымда көптеген әріптестерімнің, оқушыларымның еңбектерін жоғары бағаладым, әлі де бағалаймын. Әріптестерім де, шәкірттерім де республикалық деңгейдегі сайыстарға, олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар иеленуші еді. Бұл сол уақыттағы қазақ мектебі үшін үлкен жетістіктер еді. Қазақ мектебі де сапалы білім бере алатындығына халықтың көздерін жеткізе отырып, мойындаттық. Еңбекқор ұстаздардың тірліктері елеусіз қалмау үшін дер кезінде оларды марапаттауларға ұсынып, бекуіне көп көмегім тиді деп айта аламын.

Мектеп қабырғасында жүргенде мен ұжымымнан да, оқушыларымнан да тәртіпті болуды қатты талап еттім. Өзім де тәртіпті қатаң сақтадым. Бауыржан Момышұлы "Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды, "Ілім-білім мың түрлі, соның тоқсан тоғызы - әдеп, біреуі - білім, әдебің болмаса білімді болу қиын. " деген ойларды мен өмірлік ұстаным етіп алдым. Қазақ "Баласы атқа шапса, анасы үйде отырып тақымын қысады" деген ғой, мен де шәкірттерімнің мерейі үстем, еңбектері жемісті болуын тіледім, әмсе шапқан кезде аттарынан құламай, ешкімнің алдында ұялмай, ұстаздары мақтан етерлік азамат болуларын тіледім. Бұл тілеуім орындалды да.

Ойымды қорытындылай келе, бүгінгі жас ұстаздарға әр уақытта ұстаз беделі өзіне байланысты. Мұғалімдікке жеңіл-желпі қарауға болмайды дегім келеді.



Түсіпжанова Күлән Түсіпжанқызы 1938 жылы 13 наурызда дүниеге келген. Балалар үйінде тәрбиеленіп, 1957 жылы Семей қаласындағы №16 мектепті бітірген. Сол жылы Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне түсті. 1962 жылы химия-биология мамандығы бойынша бітіріп, жолдамамен Жаңасемей ауданының мектебінде химия пәні мұғалімі болып жұмысын бастады. 1965 жылы Семей қаласындағы №5 қазақ орта мектебіне химия пәні мұғалімі болып орналасып, 1996 жылы осы мектептен зейнеткерлікке шықты. Қызмет атқарған кезеңдерде оқушылары республикалық, облыстық, қалалық, аймақтық олимпиадалардың жүлдегерлері болды. Көкшетау қаласында өткен химия пәні мұғалімдерінің Республикалық семинарында өзінің іс-тәжірибесімен бөлісіп, жұмысы республика көлемінде таратылды. Еңбектегі жетістіктері үшін Республикалық, облыстық, қалалық білім басқармаларының; қалалық, облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Құрмет грамоталарымен бірнеше дүркінмарапатталы. Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі».



Баядилова Ләтіш Баяділқызы 1938 жылы 5 желтоқсанда Талдықорған облысы Қаратал ауданы Абай совхозында дүниеге келдім. 1956 жылы Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне түсіп, 1961 жылы химия-биология мамандығы бойынша бітірдім. Семей облысы Шұбартау ауданы Баршатас селосындағы Киров атындағы орта мектепте 20 жыл биология пәні мұғалімі болып қызмет атқардым. Жолдасымның жұмысы ауысына байланысты 1977 жылы 14 қыркүйекте Семей қаласындағы №5 қазақ орта мектебіне ұзартылған күн тобына тәрбиеші болып орналасып, кейінгі жылдары биология пәнінен сабақ бердім. 1996 жылы осы мектептен зейнеткерлікке шықтым. Қызмет атқарған кезеңдерімде оқушыларым республикалық, облыстық, қалалық, аймақтық олимпиадалардың жүлдегерлері болды. Көп жылғы еңбектегі жетістіктерім үшін Республикалық, облыстық, қалалық білім басқармаларының; қалалық, облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталдым. Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі» атағының иегерімін. Отағасы екеуіміз Гүлнәр, Нұрлан атты балаларымыздан 4 немере сүйіп отырмыз.



Тұрғанбекова Меңкеш Құрманбекқызы – 1939 жылы Жаңа Семей ауданы Үш-аша ауылында дүниеге келді. 40 жылдан астам Семей қаласындағы № 4,5,7 мектептерінде қызмет істеген. 1968 жылдан бастап осы мектепте қазақ тілінен, орыс тілінен сабақ бере жүріп, психолог қызметін атқарған. Ұстаз қызметке келген жылдары мектеп директоры Тұрғанбаева Мұрат Мәнненұлы болатын.

Меңкеш Қыдырбекқызы өзінің педагогтық қызметін атқарумен бірге, КПСС мүшесі ретінде мектеп ұжымындағы баспасөз, сайлау науқандарына байланысты жұмыстарға, мектептің ұстаздар – оқушылар және ата-аналар-балалар арасындағы қарым-қатынастарына жауапты болып, әр түрлі қоғамдық жұмыстарды атқарған. Мезгілді баспасөзде ауық – ауық жарияланған ұстаз жазбалары да

бар. Ұстаз қаламынан туған әр түрлі тақырыптағы пьесалары мектеп саханасында қойылып, мұғалімдер үшін таптырмас бағалы қазынаға айналуда.



Жолдасбаева Нурзила Айғалиқызы Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетін 1964 жылы бітірген. 1965 жылдан №5 мектепте математика пәнінен сабақ беріп, еңбек жолына араласқан. Барлығы 37 жыл ұстаздық қызметінің 31 жылын №5 мектеп қабырғасында өткізген. Нурзила Айгалиевна өзі қызмет атқарған жылдарда мектептің басшылығында отырған директорларды ыстық ықыласпен еске алады. Олар М.М. Тұрғанбаев, Е.С. Сағындықов, М.Ж. Жанболатов, Е.С. Сүлейменов, Е.К.Сарсенбаев. Өзімен үзеңгілес, қатарлас қызмет атқарған Ғ. Ю. Ғабидуллина, Ж.Бояубаев, Ф.Ю. Байболова, З.Ш. Шүкеева, К.Қ. Орынбаева, Н.М. Мұқажанова, Ш.Б. Борсықбаева сияқты әріптестерімен масаттанады. Жас ұрпақты тәрбиелей отырып, білім беруде көптеген жетістіктерге жеткендіктерін мерейлене ой елегінен өткізді.

Нурзила Айгалиевна білікті сынып жетекшісі де бола білген. 1979 жылы, 1981 жылы, 1987 жылы және 1996 жылдары үлкен өмір жолына аяқ басқан шәкірттерімен марқаяды. Солардың ішінде алтын, күміс медальмен бітірген түлектері Е. Жүсіпов, Е. Какимов, Е. Мусин, Ж. Шериязданова,
М. Қалдыбаевтар бүгінгі күні тәуелсіз елдің дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген азаматтар.

Елеулі еңбектері еленген ұстаз түрлі дәрежедегі марапат иегері де атанған екен. 1989 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 1992 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Жолдасбаева Нурзила Айгалиевна бүгінгі күні өлшеуі жоқ ұстаздық еңбектің зейнетін көруде.



Қасенова Күләнда Медеуқызы Абыралы ауданында 1942 жылы 29 маусымда дүниеге келген. 1949 жылы бірінші сыныпқа қабылданып, 1959 жылы Саржал орта мектебін бітірген. Осы жылы Семей қаласындағы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану-химия факультетіне түсіп, 1964 жылы бітірген. Осы жылы облыстың білім беру бөлімінің жолдамасымен, Абай ауданының Саржал орта мектебіне жіберіліп, химия-биология пәнінің мұғалімі болған. 1969 жылы жұбайы Елеусіз Сүлейменовтың жұмысының қалаға ауысуына байланысты 1969-1974 жылдары Семей қаласындағы аң терісі техникумында жұмыс істейді. 1974 - 2008 жылдар аралығында Семей қаласындағы №5 орта мектебінде 34 жыл биология пәнінің мұғалімі болып, зейнеткерлікке шығады. Биология кабинетіне жетекшілік жасап, биология кабинетінің материалдық - техникалық базасын жақсартумен шұғылданады. Биология кабинеті қаладағы кабинеттердің ең үздігі атанған. Биология үйірмесі жұмыс жасап қалалық, облыстық көрмелерде үнемі жүлделі орындарға ие болып грамоталармен марапатталған. Мектеп ауласының көгалдандыру жұмыстарына басшылық жасап, мектептің ауласындағы ағаштарды өз қолымен отырғызады. Мектептің жанындағы оқу учаскесінде оқушылар практикасын өткізіп, биология олимпиадасына дайындық жұмыстарын ұйымдастырады.

Қасенова Күләнда 44 жыл ұстаздық жұмысында көптеген жетістіктерге жетеді, нәтижелі жұмысы үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің озаты» белгісімен, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігінің Құрмет грамотасымен 2 мәрте, Аудандық, қалалық, облыстық оқу бөлімінің грамоталарымен бірнеше рет марапатталған. «Биология сабақтарында ең тиімді әдістерді пайдалану» бағытында жұмыс жасап, озық

тәжірибиені тарату мақсатында, ауданда, қалаларда, Алматыдағы республикалық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында бірнеше рет үлгі-сабақтарын өткізіп, өте жоғары бағаға ие болған. Балалары да осы мектепті бітіріп, бүгінде әке мен ана жолын қуған ұстаздар.



Шакенова Айтжан Шәкенқызы 1942 жылы қараша айының 13 жұлдызында Абыралы ауданының Ұзынбұлақ ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Қарауыл ауылындағы Абай атындағы орта мектебін бітірген. Сол жылы Семейдің Н.Крупская атындағы педагогикалық институттың математика факультетіне түседі. 1965 жылы аталмыш оқу орнын бітіріп өзі оқыған мектебіне оралды. Абай атындағы орта мектепте 5 жыл абыройлы еңбек етіп, 1970 жылы Семей қаласындағы № 5 мектепке ауысады. Қаладағы № 5 мектеп – гимназиясында содан бері аттай 39 жыл орын ауыстырмай еңбек етті. Жалпы еңбек өтілі 44 жыл.

1989 жылы «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісін кеудесіне тақса, осы жылы жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеудегі еңбегін бағалап «Еңбек ардагері» медалімен әспеттелген. Бірнеше дүркін қалалық, облыстық, кәсіподақ Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталған. Соның ішінде облыстық оқушылар олимпиадасында 1992, 1993, 1995 жылдары қатарынан жүлделі орындар алғаны үшін Облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталған. 1994 жылы Облыстық білім департаментінің аттестация комиссиясының шешіміне сәйкес № 64 бұйрықпен «Жоғары санатты мұғалім біліктілігі» берілді. Айтжан Шәкенқызы көп жылдар бойы тәжірибелі ұстаз, білімді маман ретінде мектепті «Ерекше үздік аттестатқа» бітірушілердің математика пәнінен жазба жұмыстарын тексеруде қалалық оқу бөлімінде комиссия мүшесі ретінде қатысты. 32 жылдан астам уақыт мектеп кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары болып жұмыс атқарды.

Айтжан Шәкенқызының ұстаздық еңбегі туралы кезінде облыстық «Семей таңы», «Ертіс өңірі», қалалық «Арна», республикалық «Қазақстан мұғалімі» газетінде мақалалар жарияланды.



Мұқанова Рысбике 1942 жылы 28 желтоқсанда Абыралы ауданында дүниеге келген.

Семей педагогикалық институты жаратылыстану факультетін 1966 жылы бітірісімен, облыстық оқу бөлімінің жолдамасымен Жарма ауданы Абай атындағы орта мектепте 12 жыл еңбек етіп, 1978 жылдан Семей қаласындағы № 5 мектепте химия пәнінен сабақ берді.

Осы уақыт ішінде қажымай, талмай барлық ынта-жігерімен,еңбексүйгіштігімен, ізденімпаздықпен жұмыс жасады. Әрбір сабақтарында жаңалықтарды пайдаланып, шығармашылық-ізденіс жұмыстарына көп көңіл бөлді.

Көп жыл химия кабинеті меңгерушісі бола жүріп, үлестірмелі, таратпа материалдар, кестелер, саламандық жұмыстардың үлгілері, тест материалдары, бақылау жұмыстары әр сынып бойынша жинақтады.

Рысбике Мұқанқызы сыныптан тыс жұмыстарға да көп мән беріп, 2004-2005 оқу жылында.

Рысбике Мұқанқызының химиядан олимпиадаға дайындаған оқушылары, қалалық, облыстық байқауларда жүлделі І- ІІ орындарға ие болып жүрді.

Искаков Абылайбек- қалалық, аймақтық олимпиалдада І- орын, облыстық олимпиадада ІІ – орын, Какимова Махаббат- қазақ- түрік лицейінде ІІ орын, Ерболова Ақнұр- аймақтық олимпиадада І- орын иегерлері.

Сынып жетекшісі ретінде оқушылардың сүйікті ұстазы бола білді. Оқушыларды адамгершілікке, отанды сүюге, қазақ халқының әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиеледі.
«Аталар сөзі-ақылдың көзі» «Қазақтың салт- дәстүрлері», «Желтоқсан жаңғырығы деген тәрбие сағаттары тәжірибе алмасу ретінде облыс көлемінде таратылды.
Сынып жетекшісі бола жүріп, осы жылдар ішінде 6-7 рет оқушылар 11 жылдық білім алды. Тәрбие алған шәкірттері ішінде елге танылған, мақтан тұтарлары да бар:Дүтбаева Салтанат, Башеев Досжан- дәрігер. Сапарғалиева Салтанат- Астана халықаралық әуежайында жауапты қызметте.
Сейфулина Айнұр -ұстаз, Андакаева Әлия-заңгер, Жетібаева Әсем-экономист.
Алин Алмас- Астанада транспорт және коммуникацияда бас сарапшы. 2001 жылы бітірген Сақанова Құралай, Жақсыбаева Жанар, Құсайнова Айгерім мектепті «ерекше аттестатқа» бітіріп Алматы, Астана қалаларында мамандықтары бойынша еңбек етуде. Химиядан сабақ берген Сәбитова Күлән, биологиядан Баядилова Ләтіш сынды әріптестері көп жыл жас ұрпаққа тәлім-тәрбие білім берді. Рысбике Мұқанқызы қалалық, облыстық семинарларға, педагогикалық оқуларға қатысып тәжірибелермен алмасып отырды.
«Химия сабағында оқушыларға халықтық педагогикалық білім беру», «Семей қаласының экологиясы» тақырыбында жасаған баяндамасы қала мұғалімдеріне тәжірибе алмасу ретінде таратылды.Рысбике Мұқанқызы ата-аналар, оқушылар әріптестері арасында құрметке бөленген ұстаз. Оның ұстаздық жолындағы ұзақ жылғы еңбегі еленіп,«Аға мұғалім», Қазақстан Республикасы» Білім беру ісінің үздігі белгісімен, Білім және Ғылым қызметкерлері кәсіподағының, облыстық, қалалық білім басқармаларының «Құрмет Грамотасы, Алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталған.



Дүйсенбайқызы Күлпаш 1960 жылы Пед.институтының тарих –филология факультетіне түсіп 1965 жылы бітірген. 1965 – 1986 жылдарда Ақсуат орта мектебінде қызмет істеген. 1986 жылдан 1996 жылға дейін №5 гимназия мектебінде тарих және құқықтану пәндерінен сабақ берген. Бүгін де еңбек ардагері. Күлпаш апай қазіргі таңда аяулы ана, ардақты әже, немерелер ортасында бақытқа бөленіп отырған жан.

Күлпаш Дүйсенбайқызы ұстаздық ұжымын сағынышпен былай деп есек алады: - №5 мектепте ол кезде мектеп директоры марқұм Елеусіз Сулейменов, оқу ісінің меңгерушісі Шайзат Борсықбаева, тәрбие ісінің меңгерушісі Ерлан Қасымұлы Сәрсенбаев еді. Тарих пәнінен жоғарғы сыныптарға мен және Әсем Тілегенова, Сәрсенбаев Ерлан сабақ берді. Мектеп қазақ мектебі болғандықтан тәрбие жұмысы қазақ тілінде, қаймағы бұзылмаған әдет-ғұрып, салт-дәстүрі қатты сақталған. Оқушылар өте сыпайы, мәдениетті, мектептке кім келседе, алдыннан иіліп сәлем беріп тұрған балаларды көргенде ішің жылып сала береді. «Сырт көз-сыншы», дейді қазақ. Жаңадан келген мұғалімдер кішпейіл, мәдениетті, тәрбиелі балаларды көріп қатты қуанғанымыз есімде қалыпты. Тәуелсіздік алған соң тұңғыш рет Наурыз тойын тойладық. Үш 11-ші сыныптың жетекшілеріне 3 киіз үй тігіп, киіз үйдің ішкі жабдығын, дастархан мәзірін өздерін жасайсындар деп, мектеп басшылары тапсырма берді. Мен 11-і сыныптың бірінің жетекшісі болатынмын. Басында қорқақтадым, жаңадан келдім, ешкімді танымаймын, қалай болады деген ой келді. Оқушыларды жинап тапсырмаларды беріп едім, мұғалім, алаңдамаңыз бәрін табамыз деді. Ата-аналар мен балалар наурыз күні 3 киіз үй әкеліп, мектептің алдына тігіп, ішін дүние - жиһазға толтырып, қасқыр, түлкінің иленген терлерін іліп, кілемдерін құрып, дастархандарын ұлттық тағамдарға толтырып, наурыз көжелерін жасап, жайнатып қойды.

Қала қонақтары көріп, таң - тамаша болып, дәм ауыз тиіп, кіріп –шығып жатты. Киіз үйлерді «Алтын Орда», «Ақ Орда», «Көк Орда» деп атадық. Қалалық оқу бөлімінен келген комиссия мүшелері жоғары баға беріп, риза болып кетті. Сол кезде 4-ші класты

орыс мектебінде бітіріп 5-ші класқа бізге қазақ мектебіне келген балалар көп болды. Олардың қазақ тіліне деген ынтасы өте зор болатын, орыс тіліндегі және қазақ тіліндегі тарих оқулығын алдыларына қатар қойып оқып отыратын, сол балалар бір жылда қазақ тілін меңгеріп жақсы сөйлеп кетті. 11-ші сыныпты бітіргенде өте жақсы сөйлейтін болды. Мұны айтып отырған себебім,қазір сондай тілге деген ынта бар ма, жоқ па деген ой келеді – деп, үлкен тебіріністпен сол кездерді еске алды.

Күлпаш апайдың отбасында төрт баласы бар, төртеуі де жоғары білім алған.Жолдасы Социал Әбдрахманұлы медицина ғылымының кандидаты. Балаларының бәрі адам жанының арашасы, ақ халатты абзал жандар.



Наурызбаева Гүлжанат Рахимовна – 1943 жылы 20 наурызда Қытай Халық Республикасы, Шәуешек қаласында дүниеге келді. 1965 жылы №5 қазақ орта мектебін бітіріп, 1970 – 2008 жыл аралығында №5 қазақ орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі қызметін атқарды. Сол жылдары Габдуллина Қадия Юсупқызы, Байбулова Фарида Юсупқызы, Хасенова Күләнда Медеуқызы, Мұқанова Рысбике, Шәйзат Биғожақызы, Ләтіш Баядилова, Раиса Жұмағалиқызы, Айтжан Шәкенқызымен бірге жұмыс атқарды. Оқушылары пән олимпиадаларының жүлдегері атанып, бүгінде оқытқан шәкірттері сан қырлы маман иелері. Сынып жетекшісі бола жүріпте ата-ана, оқушыларының құрметіне бөленген еңбекқор ұстаз, өз пәнінің маманы. Ол жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие бергені үшін «Еңбек адрагері» медалімен және «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.



Рахимбекова Раиса Жумагалиевна родилась в 1944 году в Алтайском крае в России. В 1966 году окончила филологический факультет СПИ имени Н.К.Крупской. Педагогическую деятельность начала в Абайском районе, была учителем русского языка и литературы, завучем школы. За плодотворную творческую деятельность, хорошие организаторские способности была приглашена на работу инспектором в районный отдел образования.

С 1988 по 2008 годы работала в средней школе №5 имени Шакарима заведующей по учебно-воспитательной работе. Деятельность Раисы Жумагалиевны была направлена на воспитание гармонической цельной личности. Опираясь на работы отечественных методистов и учёных, она сумела выстроить свою систему педагогической деятельности. Раиса Жумагалиевна давала школьникам глубокие, прочные знания, прививала любовь к наукам. Среди её учеников немало призёров городских и областных олимпиад по русскому языку. Исаева Гульжамал была неоднократным призёром областных олимпиад, сочиняла стихи на русском языке о родном крае. На государственных экзаменах ученики Раисы Жумагалиевны показывали очень хорошие знания по предмету. За время работы она неоднократно награждалась Почётными грамотами городского, областного отделов образования. В 1992 году была награждена Почётной грамотой Министерства образования Республики Казахстан. В 1992 году за высокие результаты в педагогической деятельности получила звание «Отличник образования Республики Казахстан». По инициативе Раисы Жумагалиевны в школе был открыт филиал кафедры СГПИ в школе.

Сотрудничество с учёными ВУЗ-а стало органической частью педагогической деятельности учителя и завуча. Итогом многолетней эксперементальной работы стал выпуск учебника «Русский язык для 3 класса казахской школы», по которому с1998 по 2010 изучали русский язык школьники начальных классов по всей республике. Апробация учебника проходила под руководством Раисы Жумагалиевны в школе. Опыт работы учительницы был обобщён в методическом пособии «Сотрудничество:

ШКОЛА-ВУЗ-ШКОЛА»(Автор к.п.н., доцент Р.Р.Баркибаева, 2003 год). Раиса Жумагалиевна придавала большое значение обобщению и распространению передового педагогического опыта. С этой целью в школу ежегодно приглашались коллеги из школ города на научно-методические семинары.

Многолетний трудовой путь Раисы Жумагалиевны отмечен высокими достижениями, глубокой благодарностью учеников и их родителей, с которыми не прерывается связь по сей день. Среди её учеников есть учёные, писатели, учителя. Например, Сапаралин Бейбит, автор книги о Президенте Назарбаеве Нурсултане Абишевиче, о его детстве; пишет научные труды на русском и казахском языках. Сыдыков Ерлан, доктор исторических наук. Раиса Жумагалиевна воспитала немало учителей, заражая их своим примером служения любимому делу.

Внуки Раисы Жумагалиевны ученики её родной школы. Шинар и Дархан после окончания школы получили высшее образование, в данное время трудятся по полученной специальности на юридическом и техническом поприщах. Аршат и Ислам продолжают образование в школе.



Срайлова Зайтуна Муқажанқызы 1945 жылы 22 қазан күні Ресей, Новосібір облысы, Карасук ауданы, Алыбай аулында дүниеге келдім. 1964 жылы Павлодар облысы Краснокутск ауданында 11-ші сыныпты бітіріп, Семейдің Н.К Круспкая атындағы педогогикалық институтына түстім. 1968 жылы осы жоғарыда аталған институттың қазақ тілі және әдебиет мамандығы бойынша толық курсын бітіріп шығып осы жылы тамыз айында Семей облысы, Ақсуат ауданы, Комсомол (Ойшілік) совхозында «Комсомол» мектебіне өз мамандығым бойынша қызметке орналастым.

1996 жылы № 5 гимназия мектебіне қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып қабылдандым. Ұзақ жылғы еңбегім үшін 1988 жылы Қазақ ССР Оқу министрлігніңі «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогімен марапатталдым. Жоғары санатты мұғалім ретінде Үздік куәлік және аттестаттарға ұсынылған оқушылардың жұмыстарын тексерудегі қалалық, облыстық комиссиясының тұрақты мүшесі болдым. Шәкәрім атындағы № 5 мектеп-гимназиясында еңбек еткен жылдарда өзімді әдістемелік жағынан шеберлігімді шыңдап, оқытудың жаңа технологияларын пайдаландым. Осының нәтижесінде оқушыларымда жақсы көрсеткіштерімен топ жарды: 2004 жылы М. Әуезов атындағы университетте өткен *ғылыми* конференцияға қатысқан 11 «В» сынып оқушысы Омарханова Назеркенің баяндамасы II орынға ие болса, Шәкәрім атындағы СМУ-де өткен *ғылыми* конференцияда Серікбаева Балжан «Мағжан Жұмабаевтың Тәлім-*тәрбиеойлары*» атты тақырыпта жасалған баяндамасы жүлделі орын алды. 2003 жылы Аубакирова Қарлығаш ғылым негіздерінде *қалалық олимпиадада* I орын алып, Білім және Жастар басқарма бастығының грамотасымен марапатталды. 2003 жылы Қарлығаш Аубакирова Семей қалалық *«Жас өрен»*атты оқушылар айтысында өте жақсы дережеде өнер көрсетіп, *бас бәйгені* жеңіп алды. «Оқушылардың білім, білік дағдыларын тексеруде тест әдіс-тәсілін пайдалану» әдістемелік құралдарын, «Қазақ тілі пәніне сын жұмыстары», «Дыбыс жүйелерінің ерекшелігі» атты дидактикалық оқу құралдарын құрастырып іс тәжірибемді қала, облыс көлемінде тараттым.

Бірнеше жыл көлемінде қазақ тілі және әдебиеті әдістемелік бірлестікіне жетекші болып ,2004 жылы Семей қалалық қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестік жетекшілерінің сайысында гран-при жеңіп алдық.Ұзақ жылғы еңбегім үшін Қалалық Білім және Жастар басқармасының грамоталарымен, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің грамотасымен марапатталдым. 2008 жылы зейнеткерлік демалысқа шықтым. Қызым Бұлбұл да осы мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен, келінім Қарлығаш бастауыш сыныпта сабақ беріп, немерелерім оқып, бітірді.



Лиза Даулетияқызы 1946 жылы 20-наурызда Абай ауданы, Дегелеңнің Ұзынбұлақ ауылында туғанмын, 4 ағайындымыз. Бәрі Абай ауданы Би Ата ауылының тұрғындары. Әкем Даулетия өз заманында сатушы болған, кейіннен 1961 жылы ұзақ аурудан өмірден өтті.

Шешем Әнежанқызы Үрия Бикелді батырдың шөпшегі. Іскер: тымақ, шапан, сырмақ, алаша, көйлек тағы басқа да дүниелер тігетін. Жоқ кезде осы шеберлігімен бізді асыраған.

Абай орта мектебінен 1964 жылы 10 - класты бітіріп, Семейдің педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, 1971 жылы бітірідім.

1972-73 жылдары Семейге келіп, №5 - қазақ мектебінде ұстаздық жолын бастап, осы мектепте 30 жыл ұстаздық қызметте болып, зейнеткерлікке шықтым. Мектепте жоғарғы санатты ұстаз біліктіліктілігін алдым. Әрбір жылдың өзінің тақырыбына байланысты марапаттық мақтау қағаздарымен марапатталып отырдым.

Қоғамдық жұмыс атқару өз алдында бір ғанибет еді. Шіркін! Әсіресе көркем өнерпаздар байқауында жанталаса енбектенуші едік. Хорда жеке дауыста, ән, би, пьесада ойнау менің міндетім. Оны мақтан етемін. Келе-келе мектеп өмірін жергілікті газеттерде танытуды, қазақ тілі қоғамының төр айымы ретінде, тіл туралы бағдарламалар өткізуді міндетім деп санайтынмын. Алғашқы «Наурызды» мектепте өткізерде «Наурыз» көжені жасап, кигіз үйін тігіп, халықтық наурыз көжеден ауыз тиіп рахаттанғанымыз әлі есімде... Мерекелік безендірілген машина үстінде тұрып ән салып, шашу-шашу, - деп айтқан өмірдің жақсы да тәрбиелі сөз жолдары ешқашан ұмытылмақ емес.

Зейнеткерлікке шыққан соң да мектептен қол үзген емеспін. Әліде ұстаз ұжымы шақырып отырады, қолдан келген үлесімді қосудамын. 2003-2004 жылдары «Іскер әйелдер», «Сыр сандық» хабары бойынша теледидарға әңгіме беріп өз өмірімнен бейне таспаға түстім. Яғни өмірдің әр саласынан хабардар болу менің міндетім деп санаймын.

1969 жылы «Би-Ата» ауылының тумасы Аманбек Торғайбек ұлымен жарасқан бір шаңырақ болдық. Ең тұңғыш ұлымыз Қанат дүниеге келіп 9 айында өмірден кетті. Енді 2 қызым, Ислам атты немерем бар.Ислам шетелден білім алды,білікті маман. Назгүл, Майгүл атты қыздарды әкесі екеуіміз тәрбиелеп өсірдік.

Назгүлім мемлекеттік лицензиясы бар нотариус. Майгүлім жеке кәсіпкер.

Сөз өнері, өнегелі өмір де,жақсы айтатын әнім де, ұстаздық жолым да менің - өмірім.



Қожкенова Закия 1946 жылы 13 қазанда Семей облысы Бесқарағай ауданы Беген селосында дүниеге келдім.1963 жылы орта мектепті бітіріп, сол жылы Семейдің Н.К.Крупская атындағы мемлекеттік педагогика институтының қазақ тілі-әдебиеті факультетіне оқуға түстім. 1967 жылы институтты бітірген соң мамандығым бойынша Бесқарағай, Абай аудандарының мектептерінде жұмыс істедім. Жолдасымның жұмысы ауысуына байланысты Семей қаласына көшіп келгеннен кейін Семей технология институтында біраз жұмыс істеп, 1986 жылы №5 мектеп –гимназиясына қызметке орналастым. Көп жылғы еңбегімнің нәтижесінде Қазақстан білім министрлігінің Құрмет грамотасы,облыстық,қалалық білім бөлімдерінің грамоталарымен марапатталдым. Жолдасым Алин Мұрат Сейсенұлы Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Абай ауданының «Құрметті азаматы».Үлкен қызымыз Гүлшат- филология ғылымдарының кандидаты, Камшат-дәрігер,облыстық ауруханада диагностика бөлімінің меңгерушісі,

Қаламқас- БТБ-ның бөлім бастығы, ең кенжеміз Алмас №5 мектеп –гимназиясының түлегі,қазіргі уақытта көлік және коммуникация министрлігінде бас сарапшы болып еңбек етуде. Осы балаларымыздан алты немере сүйіп,бақытты ғұмыр кешудеміз.



Абдулдинова Лэтипа Жұмажанқызы 1946 жылдың 18 қарашасында Семей облысының Көкпекті селосында дүниеге келдім. 1953 жылы туған жерімдегі М.Горький атындағы қазақ орта мектебінің 1-ші сыныбына барып,1963 жылы мектепті бітірдім. Өзім оқыған мектебімде еңбек жолын бастап екі жыл аға пионер вожатый болып жұмыс істедім. 1965 жылы Алматы қаласындағы ЖенПИ-дің филология факультетіне оқуға түсіп, 1969 жылы орыс тілі және әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп шықтым. 1969-1977 жылдар аралығында Көкпекті ауданының мектептерінде өз мамандығым бойынша қызмет істедім. 1977 жылы Семей қаласына көшіп келген соң үш жыл №4 орыс орта мектебінде орыс тілі пәнінен сабақ беріп, 1980 жылы №5 қазақ орта мектебіне директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып ауысып келдім. 1986-1992 жылдары Семей педагогикалық институтының филология кафедрасында жұмыс істедім. 1992-2001 жылдары Семей қаласында жаңадан ашылған №21 қазақ орта мектебіне директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып және өз мамандығым бойынша жұмысқа орналасып,сол мектептен зейнеткерлікке шықтым.Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша қалалық,облыстық,республикалық олимпиада жүлдегерлерін дайындағаным үшін қалалық,облыстық білім бөлімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталдым.



Күмісбекова Тотығұс 1946 жылы қыркүйектің 22 жұлдызында Ақмола облысы Сандықтау ауданы Жыланды ауылында дүниеге келді. Орта мектепті Жезқазған қаласында бітіріп, 1965-1970 жылдары С.М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің география факультетінде оқып, география пәнінің оқытушысы мамандығын игерді.

Ұстаздық жолын Семей қаласындағы педагогикалық институтта бастаған маман көптеген жылдар бойы Семей технологиялық институтында студенттерге, Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясында оқушыларға сабақ берді. Педагогикалық өтілі – 43 жыл.

Қазіргі таңда Семей қалалық «Достық» репититорлық мектебінде оқушыларды ҰБТ-ге дайындап келеді. Жоғарғы санатты ұстаз. Күмісбекова Тотығұс Күмісбекқызы – жаңашыл, ізденімпаз, шығармашыл жоғары дәрежелі әдіскер.

1992 жылдан бастап география пәнінен Ұлжан Есназарованың Республикалық атаулы мектебінің мүшесі, ал 1994 жылдан бері атаулы мектептің Семей облыстық бөлімін басқарады.

Осы мерзім ішінде Киев, Алматы қалаларында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, БҰҰ ұйымдастыруымен өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, Отырар ауданы, Солтүстік Қазақстан облысында, Зайсан өңірінде, Қорғалжын қорығанда, Батыс Алтайда, Атырау жерінде, Баянауыл өлкесінде, Есік қаласында, Марқакөл қорығанда ұйымдастырылған атаулы мектептің республикалық семинарларына қатысып, іс-тәжірибелерімен бөлісіп келеді. Өскемен қаласында өткізілген педагогикалық оқулар, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларының белсенді мүшесі.

Т.Күмісбекова – ұстаздық қызметімен қатар, ғылыммен айналысып жүрген жаңашыл ұстаз. «Шығыс Қазақстан облысының географиясы» және «Экономика негіздері» оқулықтарының, Шығыс Қазақстан географиясын оқыту бағдарламаларының

(8-9 сыныптарға арналған), «Географиялық диктант», «Гидрология», «Топография», «Геодезия», «Жертану», «Қазақстанның және әлемнің экономикалық географиясын оқыту» атты әдістемелік-нұсқаулықтардың және Шығыс Қазақстан географиясын оқытуға байланысты жұмыс дәптерінің авторы.

6 сыныпқа арналған сабақ жоспарының жазбаларын құрастырды және оқушыларды ҰБТ-ға дайындауға арналған құралдың авторы.

Тест материалдарын дайындау барысында Республикалық сайыста жүлделі орынға ие болды және «Әдістемелік қызметкер-қала біліміне» атты қалалық сайыста «Шебер әдіскер» жобасын қорғап шықты. Географтардың қалалық, облыстық сайыстарына қатысты. Қазақ география қоғамының Өскемен қаласындағы облыстық бөлімшесінің мүшесі.

Шебер ұстаз психологиялық, педагогикалық, әдістемелік жаңалықтарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да нәтижелі ұйымдастыра білетін маман. Түркияның Анкара, Стамбул қалаларында география пәнінен өткізілген халықаралық олимпиадаларға қатысқан оқушылары жүлделі 1, 2 орындарды иеленсе, Талғар, Алматы, Қарағанды, Павлодар қалаларындағы республикалық олимпиадалар мен шығармашылық сайыстарда диплом, мақтау қағаздарымен үнемі марапатталып келді.

Ұстаздың дайындаған шәкірттері мен мектеп бітірушілердің «география» пәнін таңдау барысындағы ҰБТ нәтижесі соңғы бес жылда 95-100%-ды құрады.

Шәкіртсіз-ұстаз тұл демекші, ұстаз жолын қуған шәкірттері әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетін, Семей педагогикалық институтын бітіріп, география, экология пәндерінен дәріс беріп жүр.

Тотығұс Күмісбекқызы студент, оқушылармен бірге жаз айларында Семей педагогикалық институты және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің біріккен археологиялық экспедициясына қатысып, Шығыс Қазақстан облысының Шілікті, Шар өңірлерінде, Абай ауданындағы қазба жұмыстарын жүргізді. Оның нәтижелерін студенттер мен оқушылар арасында ұйымдастырылған халықаралық, облыстық, өңірлік ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндама жасап, диплом, мақтау қағаздары мен алғыс хаттарға ие болды. Конференция материалдары арнайы жинақтарда жарияланды.

Шығармашылық тұрғыдан қызмет атқаруына орай ұстаз еңбегі бағаланып, Күмісбекова Т. К. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі белгісімен, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Құрмет грамотасымен, Республикалық тест орталығының, облыстық, қалалық оқу бөлімінің мақтау қағаздарымен, қала әкімінің, жоғары оқу орындары басшыларының алғыс хаттарымен марапатталды.



Султанова Алия Бердалиевнаучитель русского языка и литературы.Свою педагогическую деятельность я начала в 1970 году.

Вопрос «кем быть?» для меня не возникал в детстве. Много лет назад я сделала выбор профессии и считаю его правильным. Моя учительница по русскому языку и литературе Глинских Юлия Николаевна привила любовь к своему предмету, к профессии учителя. Она была очень добра, справедлива. Она вкладывала в нас душу и воспитала интерес к чтению. Я слушала ее, широко раскрыв глаза. Как я благодарна за прекрасные уроки. И вот спустя несколько лет, окончив Женский педагогический институт в городе Алма - Ате, я нахожусь в школе имени М.Горького в селе Кокпекты, стою в классе, но уже не в качестве ученика, а как педагог. И теперь каждое утро с радостью вхожу в класс, где меня встречают мои ученики. Звенит звонок - и ко мне обращаются взоры моих учеников со светлыми, ясными, чистыми глазами, любопытными, верящими, добрыми. Они много от

меня ожидают. Я чувствую ответственность перед ними. И я знаю, что смогу оправдать их веру и надежду.

В 1982 году судьба привела меня в общеобразовательную казахскую школу № 5 города Семипалатинска, где и оставалась до выхода на заслуженный отдых, до 2008 года. Двадцать шесть лет проработала в этой школе, была не только учителем – предметником, но и классным руководителем. Я понимала, чтобы получить на уроке высокий результат, чтобы урок поднял детей на очередную ступень в их умственном росте, развитии и воспитании, он должен способствовать привитию детям интереса к учению. Думаю, что благодаря такому отношению мои ученики смогли добиться успехов в республиканских олимпиадах по русскому языку и литературе. Это Калдыбаев Муслим (1984г. - 1 место; 1986г. – 1 место), Мусина Корлан (1984г. – 3 место), Сейсенова Алмагуль (1987г. – 1 место), Узбеков Айдын (1992г. – 3 место), Карлыбаева Гульнар (2000г. – 4 место). Я горжусь, что многие мои ученики смогли зажженную искорку знаний понести дальше и посвятили себя науке: Раиспаева Замзагуль – кандидат педагогических наук, Калдыбаев Муслим – кандидат медицинских наук, Мусина Корлан – кандидат экономических наук, Сейсенова Алмагуль - кандидат педагогических наук, Молдаханова Жанар - кандидат медицинских наук.

Отрадно, что, именно работая в данной школе, я получила в 1987 году за заслуги звание «Старший учитель», а в 1993 году была удостоена звания «Отличник образования Республики Казахстан». А в «Сборнике приказов» Министерства образования Казахской ССР есть записи благодарности министра образования Балахметова К.Б. в 1984, 1986, 1987 годах.

Я никогда не жалела, что выбрала профессию учителя, проработав 38 лет и обучая детей русскому языку и литературе. Я думаю, что в своих учениках смогла воспитать хорошие добрые чувства, потому что часто слышу слова благодарности от «взрослых учеников» и их родителей. Ведь педагог – это не только «источник знаний и умений», но и советчик, помощник, друг. Хороший учитель должен оттачивать свое мастерство, быть настоящим профессионалом, много знать, иметь чуткое сердце, добрую душу, любить детей.



Арынова Айша Тоғамбекқызы, 1947 жылы 6-шы қазанда Павлодар облысы, Май ауданы, Алғабас ауылында дүниеге келген. Семей қаласындағы № 5 орта мектепті күміс медальмен бітірген. 1965 жылы Семейдің Н.К.Крупская атындағы мемлекеттік Пед.институтқа түсіп, 1969 жылы аталған институттың математика пәні бойынша мамандығын алған. 1974 жылдан бастап 2008 жылға дейін Семей қаласындағы № 5 мектепте математика пәні бойынша сабақ берген. Осы жылдар ішінде аудандық, қалалық, облыстық, республикалық көлемдегі Мақтау грамоталарымен марапатталып, «Аға мұғалімі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісі және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.



Құдабаева Кәмилә Қабдолқызы 1947 жылы 02 қыркүйектеБородулиха ауданы Изатулла ауылында дүниеге келді. 1967 – 1970 жылдары Н.К.Крупская атындағы Семей мемлекеттік педагогикалық институтында филология факультетінде оқыды.

Еңбек жолын 1970 – 1976 жылдары Абай ауданы Абай орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі қызметінен

бастады. Кейіннен 1976 жылы Семей қаласындағы №5 орта мектепке мамандығы бойынша қызметке орналасады. Мектепте қызмет істеген жылдары «Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымын» ұйымдастырады.

Білім саласындағы үздіксіз 38 жыл қызметінің 32 жылын №5 мектепте атқарып, 2008 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты.

Ұстаздың білім саласындағы ұзақ жылғы еңбегі облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, алғыс хатымен аталып өтілді. Мектеп қабырғасында баласы Жеңіс білім алып, бүгінде қауіпсіздік комитетінде жұмысын жалғастыруда, немерелері мектептің озат оқушылары.



Иманбаев Жұмағазы Қапанұлы – 27 маусымда 1947 жылы Семей облысы Жаңа Семей ауданы Уәлі ауылдық округінде диниеге келді. Еңбек жылын 1966 жылы 15 қыркүйекте ҚССР Ғылыми академиясының Тау істері институтының лабороториясында лаборант қызметінен бастаған. Кешкі уақытта политехника институтының энергетика факультетінде оқуын жалғастарады. Одан кейін әр түрлі қызметтерді атқарып, педагогикалық институтқа түседі. 1978 жылы Педагогикалық институтты аяқтағаннан кейін білім саласына ауысып, Семейдің жеңіл өнеркәсіп техникумында этика – эстетика пәнінен сабақ береді. 1981 жылы Семейдің библиотека техникумына қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі болып жұмысқа ауысады.

Осы жылы бұл техникум Семейдің мәдени ағарту училищесі болып, 1994 жылы мәдениет колледжі болып қайта құрылады. 1995 жылы колледж таратылып, жабылғаннан кейін, №5 мектеп – гимназиясында қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі қызметін 2010 жылға дейін атқарып, зейнетті демалысқа шығады. Осы мектепте оқыған қызы Айгүль шахматтан әйелдер арасында Қазақстан Республикасы құрама командасында ойын көрсетіп, бірнеше мәрте жеңімпаздар тұғырынан көрінді.



Ерназарова Күлшат Сатырбайқызы 1947 жылы Үржар селосы, Үржар ауданында дүниеге келген. 1967 жылы Семейдің педагогикалық училищесіне түсіп, бастауыш класс мұғалімі мамандығын алады. 1989 жылы Семейдің Н.Крупская атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі және әдебиеті факультетін бітіреді. 1984 – 1993 жылға дейін №5 мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс атқарып, зейнеткерлікке шығады. Жоғарғы санатты мұғалім, еңбектегі жетістіктері үшін мемлекет тарапынан марапатталып отырылды. Ұстаз алдынан шыққан түлектер бүгінде еліміздің түпкір түпкірінде еңбек етуде.



Рузия Сағадиқызы 1948 жылы қаңтардың 7-жұлдызында бұрынғы Семей облысы Абай ауданы Қарауылда дүниеге келдім.Әкем Аюбай Кенесарыұлы, анам Лдиша Стамбекқызы.Мені соғыстан қайтпаған інісі Сағадидың атына жазғызыпты.Сонымен мен Сағадидың атын шығарған «Белгісіз солдат»қызы болып қалдым.

Қарауылдан 8 жылдықты 1962-63жылы бітіріп, Семей педагогикалық училищесіне түсіп, 1967 жылы бітірдім.1967 жылдан 1978 жылға дейін Абай ауданында мұғалімдік қызмет атқардым.1974 жылы Семей педагогикалық институтының тарих, қоғам тану мамандығы бойынша сырттай оқып бітірдім.

1978 жылы Семей қаласына қоныс аударды.Отбасын 1968 жылы құрдым. Жолдасым Қайранбаев Дәулетқазы құрылыс инженері. 3 балам бар.Үлкенім Қанат ішкі істер бөлімінде қызмет атқарған. Қазір денсаулығына байланысты мұғалімдік қызметте. Арнаулы жоғарғы оқу орнын бітірген. Жолдасы Жанаргүл фельдшер –фармацепт.

Екінші ұлым Мақсат автокөлік колледжін, Алматыдағы автокөлік академиясын, КИМЭП-ті, Астанадан заң академиясын бітірген. Отбасын құрған, 4 баласы бар, қалалық әкімшілікте кәсіпкерлік бөлімде бастықтың орынбасары қызметінде, ал қызым Ардақ - әскери қызметкер.

Өзім білім саласында үздіксіз 41 жыл қызмет істеп, оның 13 жылын қаладағы №5 мектепте, 17 жылын №37 мектеп гимназияда еңбек етіп зейнеткерлікке шықтым.

Творчестволық еңбегім тұңғыш 6 жастан оқыту экспериментін жүргізуден басталды.1989-1993 жылдарда республикалық «Күләнда Ерешова» атындағы атаулы мектеп тыңдаушысы болдым.Бүкіл республикаға іс-тәжірибемді таратып, «Атамұра» оқулықтарын құрастыруға қатыстым. Белгілі ғалым математик Төлеген Оспановпен творчестволық байланыста болып, математика пәні бойынша 20 таблица жасап таратылды.

Орыс тілі пәнінің авторы Бадамбаева Гүлфия Аубакировнамен творчестволық байланыста болып, озат оқыту (дарындылар) сыныбын аштым.

1986 жылы «Аға мұғалім»,1990 жылы «Әдіскер» мұғалім»1993 жылы «Қазақстан Білім беру ісінің үздігі», 1997 жылы Қазақстан Білім Министрлігі грамотасы иегерімін. «Біз таланттарды іздейміз» тақырыбында өткен «Жыл мұғалімі» сайысының жүлдегері болдым.

Отанға, отбасыма сіңірген еңбегімнің жемісін көрудемін, 8 немеренің анасымын.Әлі де қоғамдық өмірден қолүзбей «Ақылдастар» ауыл ардагерлер қоғамының мүшесімін. Қала, ауыл, ел өмірінің өркендеуіне тілекшімін.



Тілегенова Әсем Тілегенқызы 1948 жылы 20 ақпан Гурьев қаласында туған.

Лауазым бойынша еңбек өтілім 36 жыл, оның ішінде №5 қазақ мектебінде 28 жыл.

Білімім жоғары, Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы мемлекеттік Университетінің тарих факультетін 1972 жылы тарих және қоғамтану мамандығы бойынша бітірдім. Бітіргенен кейін 1972 -1977 жылға дейін Семей облысының Көкпекті аудан орталығындағы М.Горький атындағы қазақ мектебінде мамандығым бойынша жұмыс істедім. 1980 жылы Семей қаласындағы №5 қазақ мектебінде 2008 жылға дейін жұмыс істеп Құрметті демалысқа шықтым. Абыройлы еңбегім үшін мақтау қағаздарымен марапатталдым. Олардың ішінде: 1993 - 2008 жылдарда аудандық, облыстық оқу бөлімі мен Білім министрлігінің мадақтау қағазымен марапталып, Қазақстан Республикасы оқу ағарту ісінің үздігі белгісімен жоғарғы санатты тарих мұғалімі атақ берілген.

Үнемі шығармашылықпен жаңа педагогикалық технологиялар элементтерін сабақтарымда оңтайлы пайдаландып, 5-11 сыныптар аралығында қоғамдық пәндерді арнаулы бағдарлама бойынша оқыттым. Оқушылардың білім деңгейін көтеруде бүгінгі заман талабына сай басылымдарда шыққан құжаттарды бағдарламаға сәйкес пайдалана алдым. «Қазақстан Республикасының құқық негіздері» пәнінен 1995-1996 оқу жылына жаңа бағдарлама жасадым. Осы пәнге байланысты Семей қалалық білім жетілдіру институтынан келген мұғалімдерге сабақ жүргізіп, өз тәжірибемдегі инновациялық әдіс - тәсілдерімді ортаға салдым.

Сабағыма қатысқан Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім проблемалары институтының қоғамдық пәндерді оқыту лабараториясының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Т.Турлығұлов «Семей таңы», «Қазақстан мұғалімі» газеттеріне ризашылық мақала жариялады.

Оқушыларым аймақтық, қалалық олимпиадаларға қатысып жүлделі орындарға ие болды. 2004 ж. Сарсекеев Нұрым қалалық олимпиядадан тарих бойынша 2 орын ,

Калиева Аяна құқық пәнінен 2 орын,Сарсекеев Нұрым қалалық олимпиядадан тарих бойынша 3 орын алды.

Қалалық 8 Ғылыми конференцияда «Демократиялық қозғалыс жаршысы –Махамбет» тақырыбымен Калиева Аяна баяндама жасады. Баяндама мәтіні басылымда жарыққа шықты.

Ұзақ жылдар бойы тарих пән бірлестігінің жетекшісі жұмыстарын пәрменді ұйымдастырдым. Мектептегі қоғамдық жұмысқа белсенді араластым. Мектеп ұжымындағы кәсіподақ ұйымында істедім. 36 жыл ішінде сан шәкіртке жол сілтеп, өмір жолына аттандырдым.

Жас ұрпақты адамгершілікке, Отан сүйгіш патриот болуға, білімді де білікті болуға іс тәжірибемді жұмысадым.

Менің еңбегімнің нәтижелері іскер басшылармен әріптестерімнің арқасында жетістіктеріне жетім.



Дюненбаев Алимхан 1948 жылы дүниеге келді, жоғары санатты ұстаз. Еркін күрестен СССР спорт шебері. 1967 жылы Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік дене тәрбиесі институтына түсіп, 1971 жылы бітіріп, жолдамамен Семейдегі Н.Крупская атындағы педагогикалық институтта аға мұғалім болса, 1984 жылдан 1995 жылға дейін №5 мектепте мұғалім болып жұмыс атқарды. Осы аралықта (1984-1995ж.ж) №5 мектептің оқушылары спорт саласында Семей қаласы бойынша, облыс, Республика деңгейінде жеңімпаз атанып, көптеген марапатқа ие болды.

Мысалға:

СССР спорт шеберлері:

Манкенов Б– бокстан, Манкенов А – бокстан, Ертуғанов Т – бокстан,

Тастекеев Е –бадминтоннан, Қалдыбаев М – шахматтан, Дюненбаев А – шахматтан, Жамбиев Б – еркін күрестен, Қонырқазов Е – еркін күрестен,

Нуртазин Н – самбодан, Тоқтарғазин С – самбодан, Абдрахманов Ж – еркін күрестен, Аринов А – самбодан, Егизбаев С – бадминтоннан КМС, Оразалин С - бадминтоннан КМС, Оразалин Б - бадминтоннан КМС,

Сейсенов Б - бадминтоннан КМС, Мамажанов Н – жеңіл атлетикадан КМС, Мамажанова Ж - жеңіл атлетикадан КМС

Мектептің көптеген түлектері ұстазының жолын қуып, дене-тәрбиесі институтын бітіріп, қалалық мектептерде мұғалім, жаттықтырушы болып, қызмет атқарып жүр.



Байпақбаева (Айсанова) Меңкамал Иманбекқызы

25 қыркүйекте 1948 жылы Семей облысы, Ново-Покровка ауданында туған.1971 жылы Алматы шет тілдер институтын бітірген. 1991 – 1994 жылдары Семей қаласы №5 гимназияда мұғалім және директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. 1994жылы 20 қазанда «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», 2009 жылы 19 қазанда «Ы.Алтынсарин» медалімен марапатталды.



Алина Әсия Кенішбайқызы 1972 жылы Н.Крупсакая атындағы СПИ бітіре сала №12 ересектерді оқытатын кешкі мектепке

орналасып, 8 жылдан соң №43 кәсіби-техникалық училищесінде 1984 жылға дейін оқытушы қызметін атқарды. Сол жылы мұғалімдер білімін жетілдіру институтына ауысып 12 жыл бойы ұстаздардың курстан өту мүмкіндіктерін басқарушы-кабинет меңгерушісі болса, соңғы үш жылында институттың директорының орынбасары болып қызмет атқарды.

1996 жылдан 2009 жылға дейін №5 мектеп – гимназияға директордың ғылыми – әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Мектеп қабырғасында оқушыларды ғылымға баулуда, ұстаздардың әдістемелік тәжірибесін шыңдауда щығармашылықпен жұмыс атқарды. Қалалық, облыстық деңгейде өткізілген «Жыл мұғалімі», «Үздік әдістемелік бірлестік»т.с.с байқауларда Әсия Кенішбайқызы баптаған мұғалімдер Бас бәйгені, жүлделі орындарды иеленіп отырды. Жаңашылдыққа, ізденіске бай ұстаз еңбегі «Құрмет грамоталарымен», Алғыс хаттармен аталып өтілді. Ұстаздық жолындағы іс тәжірибесі әріптестері арасында конференция, семинарларда таратылып, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Оқушылар мен мұғалімдердің ғылыми-практикалық даму мүмкіндіктерін туғызушы маман ретінде еңбек еткен Әсия Кенішбайқызы ұжымының ортасынан, зейнеткерлік демалысқа шықты.



Букаева Зейнеш Кабдуловна учитель русского языка и литературы.

Я родилась в 1949 году. Начальное педагогическое образование получила в колледже им. М.Ауэзова, продолжив его в КазПИ г.Алматы на филологическом факультете. Свою педагогическую деятельность начала в школе №32. По семейным обстоятельствам приходилось часто менять место работы: работала г.Чарске, в Монголии и школах города. Судьба подарила мне счастье работать в школе-гимназии №5, в которую я пришла в 1995 году. За это время работала и в начальной классах, в среднем и старшем звеньях. Сделала два выпуска. В 2006 году ученица Калкенова Дана подтвердила золотую медаль, сейчас живёт в Америке, Ахметова Динара училась во Франции и сейчас работает и живёт там со своей семьей. Моя работа отмечена многочисленными грамотами и благодарственными письмами городского и областного департаментов. Имею грамоту Министерства образования СССР. Оформила кабинет ПДД, который участвовал в конкурсе и был отмечен как лучший кабинет ПДД. В летнее время ежегодно работала начальником пришкольного лагеря. Как часто вспоминаю с теплотой своих уважаемых коллег и замечательных учеников, которые дали прочные знания и хорошее воспитание моему сыну Айдару, окончившему нашу школу и продолжившему образование в ВУЗе. В данное время в моей школе получает образование мой внук Алишер.

На дворе 21 век. Как изменилась сегодня школа! Сегодня это прекрасный, уютный храм науки, где дети свободно разговаривают на трех языках . где учителя воспитывают в детях нравственные качества, создают новые, правильные взгляды на жизнь. Через руки педагога проходят сотни и сотни детских судеб. И то, что мы заложим в детях, останется с ними на всю жизнь. Учитель может и должен повлиять на воспитание подрастающего поколения, ведь от того, какое оно будет, зависит будущее нашей страны.

Главное, чтобы учащиеся сохранили на всю жизнь полученные знания, умения, самостоятельность, трудолюбие. Не растеряли доброту и душевную мягкость.



Далбина Мәншүк Қожекеқызы 1950 жылы 10 ақпанда Мақаншы ауданы Қаратал ауылында туған.

1958 жылы Қаратал сегіз жылдық мектебінде бірінші сыныпқа келіп, 1966 жылы сегізінші сыныптан кейін Семей педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, 1970 жылы бітірген.

1970 жылдан 1979 жылға дейін Қаратал орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі, мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып істейді. 1979 жылы «Қазақ ССР-інің халық ағарту ісінің озық қызметкері» төс белгісімен марапатталдым.

1979 жылы тұрмыс құрып, 1979-1982 жылдары Барлық – Арасанда мектепте істеді. Екі ұл, бір қызды дүниеге әкелген. Балалары жоғары білімді, отбасын құрғандар. Олардан төрт немересі бар. Немересі Оралханова Алина өзі еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан №5 мектепте үшінші сыныпта оқиды, оқу озаты.

Ұстаздық жолындағы қызметі жоғары бағаланып, 1977 жылы аудандық комсомол комитетінің, 1975 жылы аудандық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен, 1986 жылы аудандық атқару комитеті мен аудандық партия комитетінің громатасымен марапатталған.

1983 жылы Ауылдық Советтің депутаты және әйелдер Советінің төрайымы болды.



Байтабанова Айғаным Тұрсынбайқызы 1950 жылы, қаңтардың 15 де Абай ауданы, Құндызды ауылында дүниеге келген.

8 жылдық білімді туған жері – Құндыздыдан алып, орта мектепті көршілес Бірлік совхозының орта мектебінен аяқтады.

1976 жылы Семей қаласындағы Н.К. Крупская атындағы Мемлекеттік Педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандығын алды.

1987 жылға дейін қаладағы № 5 жалпы білім беретін орта – мектеп – гимназиясында мұғалім боп қызмет істеді. Осы жылдары алдынан дәріс алған оқушылары қалалық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларының I,II,III орындарының жүлдегері атанды. Республика көлеміне таратылған «Тағылым» тәрбие бағдарламасының авторы (ББК 74.20.Б.20.ISBN 9965 – 9167 – 2 - 1).

Еңбек жолындағы жетістіктері, әдістемелік жаңашылдығы Республикалық ғылыми әдістемелік газет – журналдарда: «Семей таңы», «Қазақстан мұғалімі» газеттерінде, «Бастауыш мектеп» (2003 ж.), «Сынып жетекшісі» (2004 ж.), «Қазақстан мектебі» (1986 – 2006 ж.ж.) «География және табиғат» (2009 ж.) журналдарында жарияланған.

1990 жылы «Методист - мұғалім» атағының иегері болды, 1994 жылы «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. Семей қаласындағы №42 қазақ орта мектебінде білікті басшы, директор болып қызмет атқарып, 2010 жылдан зейнеткерлікке шықты.



Жананбаева Карлыгаш Мукановна Родилась в 1950 году в г.Чарске, в семье юриста. В 1971 году вышла на большой жизненный путь – путь школьного учителя. В тот год окончила филологический факультет СПИ имени Н.К.Крупской. Школой учительства стала в начале этого пути Ново-Баженовская средняя школа. Именно там определились мои творческие интересы: главное в учительстве - сотрудничество с учеником; не ограничиваться в общении с ним рамками урока, продолжать постижение азов науки во внеурочное время; вместе читать и делиться прочитанным. В 1979 году приехала в город, работала в школе-интернате №12, средней школе №7, на кафедре русской и зарубежной литературы в СГПИ. С 1984 года по сей день работаю в Областной специализированной школе имени Шакарима для одарённых детей с обучением на трёх языках.

За годы, прожитые со школой, было сделано немало. Учебный процесс включал в себя работу с детьми и обмен опытом работы с коллегами, поиски оптимальных путей

решения образовательных задач. Считала, что выполнение этого невозможно без сотрудничества с учёными ВУЗов, поэтому в 1985 году было принято решение создать филиал кафедры СГПИ в нашей школе. В программе работы филиала кроме прочего были запланированы выездные семинары в сельскую местность с целью методической помощи учителям. Это было в 2003 году (Бескарагайский район), В 2004 году (с. Прииртышский и др.). Впоследствии опыт сотрудничества с кафедрой СГПИ был обобщён в методическом пособии «Сотрудничество: ШКОЛА-ВУЗ-ШКОЛА» (2003г., Баркибаева Р.Р.)

Для коллег из городских школ традиционно проводились научно-практические семинары по различным проблемам («Использовние инновационных технологий на уроках» 2002г.; «Презентация учебника для 8 класса казахской школы» 2004г. и т.д.). Так как школа стала центром методической учёбы для учителей города и области, мне было предложено возглавлять городское методическое объединение учителей русского языка и литературы.


Радовали хорошими результатами в учёбе учащиеся: это высокие баллы на ЕНТ, призовые места на городских и областных олимпиадах (с 1994 по 1996 годы Сайранова Толкын, Кусаинова Алия; 200 9год – Адылханова Нурдана, с 2010 по 2012 годы – Болатказиева Ажар). Садуакасов Ернар в областном, затем в республиканском конкурсах сочинений в 2010 году занял первое место. Очень хорошо проявили себя в проектной деятельности Акылгалиева Зауреш («Тема рыцарства в стихотворении И.Муравьёвой «Он шёл по привычке в туманную даль»»), Емкенова Анель и Нургазин Олжас («Интернет-сленг: влияние на грамотность учащихся»), Шакенова Аида («О творчестве Роллана Сейсенбаева»).

Опыт работы в школе требовал выхода, поэтому о методических находках выступала в республиканской печати, в журналах «Русский язык в казахской школе», «Воспитание школьников», в сборнике СГПИ «Вести». По итогам научно-практических конференций были выпущены сборники, куда вошли и мои статьи (2003год, «Филиал кафедры – творческая лаборатория поисков методических идей»; 2003 год, областные педчтения, посвящённые А.С.Макаренко; 2005 год, международная конференция «Опыт взаимодействии вузов и школ»; 2007 год, международная конференция по проблемам русской филологии и др.) В 2013 году в Республиканском семинаре, посвящённом проблемам интеграции, провела открытое внеклассное мероприятие на тему «История, достойная быть рассказанной», в котором дети показали отличное владение казахским, русским, английским языками. На пленарном заседании выступила с докладом «От полиязычия к поликультурной личности». Также вышли статьи в журнале «Русский язык в казахской школе» за 2004 год к.ф.н. Гайнулиной Ф.А. об открытии уголка литературного краеведения «Кабинет как центр литературно-краеведческой работы». В местной газете «Арна» в разные годы вышли статьи о внеклассной работе и работе с коллегами (2004 и 2005 годы).

Участие в конкурсах также стало обязательной составной моей работы. В 2004 году в городском конкурсе методических пособий заняла I место. В 2009 году в областном конкурсе «Одарённый учитель – одарённый ученик» - II место. Мною были подготовлены авторские программы для углубленного изучения литературы на русском языке в старших классах казахской школы, а также программа по МХЛК (мировая художественная литература и культура) для 5 – 9 классов казахской школы.

Вот уже много лет веду клуб «Огонёк». Занятия в клубе показали, что дети хотят читать, хотят общаться с героями книг. Как лермонтовский Мцыри они хотят быть услышанными и понятыми, как горьковский Данко способны на невероятный поступок. Ежегодно выступаем в школе с композициями. На городском конкурсе «Я вдохновенно Пушкина читаю» наш клуб получил Гран-при.

За многолетний труд неоднократно награждалась Почётными грамотами городского и областного отделов образования. Награждена званием «Отличник образования Республики Казахстан»(1998г.), получила «Медаль героя»(2013г.) .



Мұхтарова Қарлығаш Мұхтарқызы

1950 жылы 31 мамырда бұрынғы Семей облысы Абай ауданы Кульмен ауылдық советінде қызметкер жанұясында дүниеге келді. Білімі – жоғары. Қазақтың Мемлекеттік Педагогикалық Қыздар Институтының кітапхана факультетін кітапханашы – библиограф мамандығы бойынша бітірген. Жоғары категориядағы кітапхана қызметкері. Еңбек жолын алғаш Абай ауданындағы мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып бастаған. Сол еңбек жолында көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі болып, Ұлы Абайдың 125 жылдық мерей тойында шетел қонақтарына қойылған «Абай» трагедиясында Ажар бейнесін сомдау арқылы көзге түскен.

1970 жылы өткен Республикалық көркемөнерпаздар байқауында Б.Майлиннің «Біздің жігіттер» пьесасында Қазына бейнесін озық шеберлегені үшін Республикалық фестиваль лауреаты атағын иеленді.

1972 жылы «Қаламқас» халық ансамблінің ірге тасын қаласып, 1973 жылы Чехословакияда өткен Бүкіл Одақтық фольклорлық фестивальға «Қаламқас» халық ансамблі мүшелерімен жары Санат Саябайұлы екеуі бір ай өнер сапарымен барып қайтты. Осы сапардан Бүкіл Одақтық фестиваль лауреаты, СССР Мәдениет Министрінің еңбек кітапшасына жазылған алғысына ие болды. Жары Санат Саябайұлы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетіне ауысып, талай елде қызмет атқаруға тура келді.

Бүгінде балалары Әсемгүл – Бауыржан, осы мектептің түлегі Айбек – Мадина жоғары білімді маман, Отан алдында еңбек етуде. Немерелері Арайлым, Томирис, Аделия атасы мен апасының көз қуанышы.

Өткен өмір жолының бір кезеңіне көз жүгіртсек...

1991 жыл. 1 қыркүйек. Семей қаласында алғаш ашылған гимназия мектебі №5 мектепке кітапханашы болып орналастым. Бұл кезде кітапхана саласында іс-тәжірибем жинақталған маман едім. Мектеп кітапханашысының көпшілік кітапханадан көптеген ерекшеліктері барын бірден байқадым. Яғни, бүлдіршіндер мен жеткіншек оқушылар, ұстаздар ортасы ерекше талапты қажет ететінін бірден түсіндім. Осы ерекшеліктерді алдыма басты мақсат етіп қойдым.

90 жылдарда мектеп бағдарламасына бұрын аты аталмаған ұлы тұлғалар өмірі, шығармалары енгізілді. Алайда, бұл бағытта кітаптар өте аз еді. Сондықтанда бірден тақырыптық папкалар аша бастадым. «Егемен Қазақстан», «Қазақ Әдебиеті» газеті, «Зерде» журналдарынан алған материалдарды оқушылар кең түрде пайдалана алды. Өйткені, ол кезде мектепте емтихан өтіп, шығарма жазылатын.

Кітапхана ішінде кітап көрмелерін, тақырыптық сөрелерді айрықша безендіруге тырыстым. Оқушылардың қызығушылығын туғызу, кітап оқуға деген ынтызарын оятудың бір жолы еді. Оқырман конференциясы, диспут, сұрақ-жауап кеші, ертеңгілік, әдеби сазды кештердің бағдарламасын тартымды жасап өткізетінмін.

Оқушылар, ұстаздар есінде қалған «Отты жылдар шежіресі» әдеби-музыкалық қойылым, «Шыңғыстаудың бір шыңы» Ш.Әбеновке арналған әдеби жыр кеші, «Шежіре. Тарих. Дастан.» ортамызда жүр асыл жандар – ұстаздармен кездесу, «Қыз бала – бір нәзік гүл» диспут, «Жыр жазамын жүрегімнен» - бенефис программасы, «Сол бір кез есімде» - стиль ретро ән кеші т.б. көпшілік жұмыстары сан-салалы еді. Өлең жазу, сценарий жазу – творчестволық іс – тәжірибем көпшілік жұмыстарына көп септігін тигізгені сөзсіз.

20 жылға жуық атқарған ісім зая кеткен жоқ. Облыстық, қалалық білім басқармасының, қалалық кәсіподақ ұйымының құрмет грамоталарымен үнемі марапатталып отырдым.

Семей қаласындағы педагог кадрлар біліктілігін жетілдіретін институт облыс көлемінде «Білім – кітапханадан басталады» деген атпен іс-тәжірибемді таратса, қалалық ТВК-6 телеарнасы арқылы сұхбат кешінде өткіздім. Облстық Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік рәміздерін насихаттау байқауында жүлделі орынға ие болдым.

Жылдар жылжып 60 жасқа дейін абыройлы еңбек еттім.

2010 жылы мамыр айында еңбек демалысына шығып, сол күні ұжымыммен «Өмір көші әлі алда» атты өмір жолыма арналған әдеби-сазды кешті жүргізе отырып қоштастым.



Иманғаликов Орынбек Уахитұлы1951 жылы 23 ақпанда Семей қаласы Жарма ауданының Михайловка ауылында дүниеге келген. 1975 жылы Семей қаласындағы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтты аяқтап, өзінің еңбек жолын туған жері Михайловка ауылында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болудан бастады.

1978-1984 ж.ж. Георгиевка селосында Спорт мектебінде волейболдан тренер қызметін атқарып, бірнеше оқушыларды жүлделі орынға иелендірген.

1981-1983 жылдары Семей облысындағы волейбол командасының капитаны болды. Кейінгі еңбек жолы Семей қаласындағы №5 гимназия мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жалғастырды. Мектеп қабырғасында жүріп бокс, волейбол, шаңғы дайындығы, жеңіл атлетика, гимнастика сынды спорттың бірнеше түрлерінен спорт шеберлері мен мұғалімдерді тәрбиелеп облыстық, республикалық грамоталармен марапатталған.

Спорт халықтың рухын көтеріп, ынтымағын арттыратын, болашаққа деген сенімін оятатын құдіретті күш. Осы күштің қыр-сырын жетік меңгерген, жас өспірімдердің шыныққып өсуіне жастай араласқан ақылшы ұстаздың бар арманы кейінгі ұрпақтың қазақ спортының туын жоғары ұстап биіктен көріне берсе, жұлдыздар шоғыры көбейе түссе Орынбек Уахитұлының арманы орындалғаны деп білеміз. Орынбек ағаның қызы Альмира да осы мектепте дене тәрбиесінің мұғалімі болып жұмыс жасап, қалалық, облыстық байқауда «Үздік дене тәрбиесінің мұғалімі» атанды. Қазір Астана қаласында Назарбаев зияткерлік мектебінде қызметін табысты жалғастыруда.

Қасенова Бақытгүл - дене тәрбие бірлестігінің жетекшісі



Балғабекова Гүлшат Құрманғажықызы 1951 жылы, 1-қазанда дүниеге келді. 1959 жылы мектеп есігін ашып, 1969 жылы Ақсуат ауданы, Комсомол совхозындағы орта мектепті бітірді. 1969 жылы Семей қалаындағы Н.К. Крупская атындағы мұғалімдер даярлайтын институттың физика-математика факультетіне студент болып қабылданып, 1973 жылы бітірді.

Алғаш ұстаздық қызметін Шар ауданы Кезеңсу орта мектебінде математика пәні мұғалімі болып бастаған. 1979 – 2010 жыл аралығында, зейнеткерлікке шыққанға дейін Семей қаласындағы № 5 орта мектепте ұстаздық қызметін жалғастырды. Мектепте қыз балаларға еңбек сабағынан дәріс беріп, ұлттық өнерді насихаттауды басты назарда ұстады. «Наурыз» мерекесіне арналған шараларда, қол өнер бұйымдары көрмесінде өзінің, оқушыларының жасаған заттары көптің көңілінен шықты.

Талмай ұзақ жыл еңбек жасаған ұстаз құрметке лайық деп саналып, грамоталар және алғыс хаттармен марапатталды. Еңбекқор, шығармашыл ұстаз қолынан шыққан қол өнер бұйымдары шәкірттеріне, ұжым мүшелері үшін қашанда таптырмас сый.



Исаханова Қапия Сексенбайқызы 1951 жылы 1қыркүйекте Саржал ауылының мектебінің табалдырығын аттап, Қапия осы мектептің 10 сыныбын үздік бітіріп, 1962 жылы Семейдің Н. К. Крупская атындағы педагогикалық институтына түсіп, аталған оқу

орнын 1966 жылы тәмамдап, тарих пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады.

Алғашқы еңбек жолын Семейдегі №5 қазақ орта мектебінде 1966 жылы 1 қыркүйекте бастауыш сынып мұғалімі болып бастады.

Ұстаз-мектеп айнасы, бәйтерегі. Ұстаз тұлғасы-қай заманда, қай қоғамда болмасын зор, биік, асқақ. Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршін жүрегінен өз орнын тауып, өмірлеріне өзекті тұтқа болар да ұстаз. Жансыз төрт қабырғаға жан кіргізе сөйлеп, жәудіреген сансыз көзді кітапқа үңілдіріп, көкірегіне білім сәулесін сеуіп, тәрбие дәнін егетін қайсар жандар барша шәкірт жүрегінен жылы орын алары сөзсіз. Сонымен қатар ұстаз-білім нәрін себуші.

Жас ұрпаққа өнегелі тәрбие, сапалы білім беруде аянбай тер төгіп, мектепке жан кіргізіп, білім нәрін сеуіп, еңбек етіп, бастауыш қазақ мектебінің кемел келешегіне өз үлесін қосқан ізденімпаз жандардың бірі де бірегейі ұзақ жылдар бойы қаламыздағы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназияның ұстазы Исаханова Қапия Сексенбайқызы. Тамырын тереңге жайған, тағылым мен тәрбиенің алтын бесігі болған, келер ұрпаққа өнеге мен ғибраттың, білім мен ғылымның дәнін сеуіп, жоғары тұғырлы ұлт тұлғаларын тәрбиелеуде көшбасшы болған мектепте ұзақ жылдар қызмет етті.

Бастауыш сынып-оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Мектеп табалдырығын жасқана аттаған балдырғандарды мейірімді жүзбен қарсы алып, қолына қалам ұстатқан, 42 әріпті танытып, үлкен өмірге қанаттандырған Қапия Сексенбайқызы сол шәкірттерінің өмір жолына жақсылық пен ізгілік нәрін сепкен жан. Ұстаздың шәкірті Қазақстан республикасына танымал жас актриса Әсел Сағатова «Комсомольская правда» газетінде алғашқы ұстазы Қапия Сексенбайқызы туралы былай дейді: «Мен бірінші сыныпқа келгенде алғашқы ұстазым Қапия Сексенбайқызы менің сөйлеген сөзімді естігенде қатты таңырқағаны әлі күнге дейін есімде. Өйткені мен қазақ тілінде дұрыс сөйлей алмайтын едім. Таңертең мектепке келгенде, мектептен қайтқан уақытта тек «Салемет сіз бе?» деп айтатынмын. Бірақ мен ұстазымның үйретуінің арқасында сыныптың ең үздік оқушысы болып қана қоймай, ұстазымның сүйікті оқушысына да айналдым»,-деп күле есіне алады Әсел Сағатова.

Өзінің бар уақытын шәкірттерді біліммен сусындатуға арнаған, жүрегімен ұстаздықты сезінген жан. Қапия апай талапшыл да, табанды маман ретінде білім жолында ізденуден жалықпады. Оның мақсатына жеткізетін жан қуатының бірі қайсарлық, бойындағы барлық қабілетін жұмылдырып, асқан төзіммен өмірлік мұратын тапқан, ішкі рухы мықты, сенімі күшті ұстаз талай сынақтардан сүрінбей өтті. Ал алдына қойған мақсатына жету жолында кездескен кедергілерді айналып кеткен жоқ, өзінің еңбегімен жетті. Көз алдында болашағын сеніп тапсырып, білім нәрімен сусындауға келген жәудіреген көздердің жан-дүниесіне үңіліп, олардың әрбірінің жеке қасиетімен жете танысып, отбасылық жағдайын, ата-анасын, өзіндік қызығушылықтарын зерттеп, әр сабақтың беру тәсілін түрлендіріп, шәкіртінің жүрегіне жол тауып, шығармашыл тұлға қалыптастыра білген ұстаз.

Қапия Сексенбайқызының еңбегі еш кеткен жоқ. Өз ісін жетік білетін және шын сүйетін ұстаз шәкірттерін әр түрлі сайыстарға, пән олимпиадаларына қатыстырып, жүлделі орындардан көрініп отырды. Осы тынымсыз еңбегінің арқасында қалалық пән олимпиадасына математика пәнінен оқушы дайындауда жеткен табысты еңбегі үшін арнайы білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Шәкірттерге сапалы білім берудегі еңбегі бағаланып, өскелең ұрпаққа білім беру, тәрбиелеудегі ерекше табыстары үшін, Қалалық білім және жастар басқармасының Құрмет грамотасымен, ұзақ жылдар жас ұрпақ тәрбиелеудегі жемісті еңбегі үшін Білім және ғылым қызметкері кәсіподағы Семей қалалық комитеті алқасының Құрмет грамотасымен, білім берудегі жоғары педагогикалық шеберлігі үшін Қалалық білім және жастар басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Білікті ұстаздан тиянақты білім, тәлім-тағылым ала білген шәкірттері әр түрлі салада қызмет етіп, ел діңгегі болып отыр. Қазіргі таңда ұстаздың ел мақтанышына

айналған шәкірті Меруерт Нығметжанқызы еліміздің бас қаласы Астана қаласында медицина саласында қызмет етсе, Сексенбаев Әлинұр Салық басқармасының бас маманы болып еңбек етуде. Накишев Талғат Өскемен қаласының Тұрғындарға қызмет көрсету орталығы бастығының орынбасары қызметін атқаруда.

Әнуарбек аға мен Қапия ананың бүгінде балалары ер жетіп, бір-бір жанұя болып отыр. Тұңғышы Шұғыла-қалалық статистика бөлімінде экономист қызметін атқарса, Еркін мен Толқын жеке кәсіпкерлікпен шұғылданады. Қапия апа немерелерінің арасында бақытқа кенеліп отыр. Немерелерінің алды Мөлдір Санкт-Петерборда, ал Жадырасы Қытайда білім алуда. Қалған немерелері еліміздің жоғары оқу орындарында оқып жатыр.

Бүгінгі таңда Қапия апай өзінің жайдары, жайсаң мінезінің арқасында атақ- даңқ қумай, мәртебе іздемей, қатардағы қарапайым қалпында абыроймен адал еңбек етіп, құрметті зейнеткерлікке шығып, балалары мен немерелерінің ортасында қуанышқа бөленген жайы бар.




Турсынбаева (Байпақбаева) Ғалия Пазылжанқызы 1952 жылы Семей облысы Көкпекті ауданында Биғаш аулында 21 қарашада дүниеге келіппін. 1969 осы жылы ауылдың Маяковский атындағы мектепті үздік тәмамдап, Алматы шетел тілдері институтының неміс тілі факультетіне түстім. 1974 жылы осы институттың түлегі болдым.

Еңбек жолым Оңтүстік Қазақстаннан басталды. Орта мектептің мұғалімі, тәрбие жұмысының меңгерушісі қызметін атқардым.

1986 жылы Семей қаласына көшіп келіп № 5 орта мектептің мұғалімі, алғашқы ұйымдастырылған гимназия сыныбының сынып жетекшісі қызметін атқардым. Бірнеше мақтау грамоталары, алғыс хаттармен марапатталдым.1992 жылы заман ағымына сай жеке кәсіпкерлік іспен айналысып, халыққа қызмет көрсету саласында ресторан бизнесін меңгергем. Ондаған жұмыс орнын ұйымдастырып, 4 баланы тәрбиелеп жоғарғы оқу орнында білім алуға жетісті. Төртеуіде Шәкәрім атындағы мектептің түлектері.

Қазіргі кезде балаларым түгелдей Астана қаласында қызмет атқарады. Қызым Динара - архитектор, Жанар - банкир, Шолпан - заңгер, кіші ұлым Ғалымжан -құрылыс саласында қызмет етіп жүр.



Ғибат Ибраимов - Сары күз келіп, оқу жылы жаңа басталған кез еді. Бастауышпен қоштасып, ересек өмірдің баспалдағына енді аяқ басқан кезіміз. Сынып іші оқушылардың бітпес гүбір-гүбір әңгімелеріне толы. Құрдастарымның барлығы жазғы демалыста алған әсерлерімен бөлісіп, одан қалса мектепке су жаңа алған киімдерін көрсетіп мәре-сәре болып жатты. Бірде сынып ішіне екі иығына екі арыстан мінетіндей, кең иықты, батыр тұлғалы бір ағай кіріп келді. Лезде барлығымыз тыныштalып, бейтаныс кісіге таңырқап қарап қалдық. Алдымен амандасқаннан соң өзін «Тарих сабағынан беретін мұғалімдерің мен боламын. Аты-жөнім Ғибат Ибраимов. Бұйырса сендер 11-ші сыныпқа дейін осы пәннің қыр-сырымен танысатын боларсыңдар» деп орындығына жайғаса кетті. Міне осы сәттен бастап тарих пәнімен таныстығымыз басталып, ұстазымыздың арқасында көбіміздің сүйіп оқитын, әрі асыға тосатын сабағымызға айналды. Алғашында қатал көрінген ағай, уақыт өте келе бізге жылы шырай танытып, сабақты түсіндіру әрі оны шынайы түрде жеткізе білу шеберлігінің

арқасында, аз ғана уақыттың ішінде өзіне баурап алды. Сабақ сайын тарих пәніне қызығушылығымыз арта түсіп, берілген тақырыптарды мазмұндап қана қоймай, сол күнгі елімізде және шет елде болып жатқан оқиғаларды да назардан тыс қалдырмай өзімізше талқылап отыратынбыз. Сынып іші дебат алаңына айналып, оқушылар арасында қызу тартыс жүріп жататын. Құдды Парламенттегі депутаттарша өзекті мәселелерді шешкендей болып қалатынбыз. Ұстазымыздың берген әр сабағы өздігімен ерекшеленіп, жаңаша форма алып, түрлене сала беретін. Біріміз Геродот, біріміз Аристотель, ал біріміз Әл-Фараби болып тарих сахнасында орын алған белді тұлғалардың есімімен өзімізді атап, солар сияқты белді философ болуды бір сәтке болса да армандап қоятынбыз. Кейде бізге «сендердің араларыңда болашақ депутаттар, кәсіпкерлер, отыр» деп бізден үлкен үміт күтетін.

Өздігімізден ізденіп, талпынуымызға, ой өрісімізді кеңейтуімізге көп ықпал етті. Жан-жақтылыққа үйретті. Соның бір айғағы оқу тақтасына жер картасын іліп тастап, жер шарындағы кез-келген мемлекетті өзі атап, соны бізден картадан көрсетуін сұрайтын. Бұл да ұстаздың тек тарих пәнімен ғана шектелмей, өзге салаларды да меңгерсін дегені болар. Кейіннен мұғалімнің осы тәлімдері, бізге өз жемісін беріп жатты.

Ғибратты да өнегелі ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұстазымыз Ғибат Ибраимовтың дүниеден өткеніне екі жылдың да жүзі болды. Мектеп қабырғасында өткізген әр сабағы ұмытылмас сәтке, қайта келмес күнге айналды. Өз бойынан табылатын адами қасиеттерді шәкірттерінің санасына сіндіре білген аяулы ұстаз «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген қағиданы алдыға тартып, әрқашанда шыншыл болуға, өз елінің патриоты болуға, жалғандыққа, опасыздыққа, арсыздыққа жол бермеуге үйретті. Сондықтан да көптеген шәкірттері ең әуелі ұстазымыздың осы қасиеттерімен оқушыларының есінде мәңгі қалды. Ол заңдылық! Өйткені ұстаздың біліктілігі оның алған мақтау қағаздарымен емес, шәкірттерінің берген бағасымен өлшенбек. Ұстаздың бас жетістігі осы болса керек. Шәкірттерінің жүрегіне жол тапқан, зор құрметке бөленген, абырой беделге ие болған Ғибат Ибраимов – М.Әуезовтің тілімен айтқанда «ұстаз-ұлы есім» деген атқа лайықты жанның бірі, әрі бірегейі еді.

Қазақ «Жақсының аты өлмейді» дейді қашанда. Ғибат ағайдың тәрбиелеген шәкірттері барда, ұстазымыздың есімі ешқашан сөнбек емес. Артында талайларға үлгі-өнеге боларлық өнегелі өмір жолы қалды. Оның жарқын бейнесі есімізде мәңгі қалмақ.

№5 гимназия мектебінің 2005-ші жылғы
«11ә» сыныбының шәкірттері атынан Смағұлов Қуаныш.



Уалиева Бағила Уалиқызы, III дәрежелі Еңбек даңқы орденінің иегері, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.

Семей қаласындағы байырғы оқу орны № 5 қазақ орта мектебіне 1973 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын бітірісімен орналасқан едім. Фарида Байболова, Зәйра Сіләмбековалармен қызметтес болғанымды атап өтуді әбден сыйымды деп білемін.

Отанымыз гүлденіп, балаларымыз өркениетті елдің азаматтарынан кем болмай өссе деген үкілі үміт жылдардан жылдарға жетеледі. Еңбегім бағаланды. 1986 жылы Ш дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен наградталдым.

Болашақтың азаматтары, келешектің іскерлері мектепте шыңдалып қалыптасатындықтан биік мұрат, асқақ арманға азаматты үш қасиет – «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау» алып шығарын шәкірт санасына дарытуды мақсат еттім. Өткенді қозғасақ, әңгіме ұшан-теңіз ғой.

Бүгінгі айтарым - өзімді ерекше толғандырған оқиға турасында. Бұл оқиға 1994 жылы болған. Ол кезде мен Семей облыстық білім департаментінде қызмет істейтінмін.

Бірде оқушымның бірі Гүлжан Тастакеева телефон шалып, мән -жайды қысқаша баяндап, тезірек жетуімді өтінді. Біздің мектептен 8-ші сыныпты бітіріп кәсіптік-техникалық училищеге оқуға түскен Закариянов (Әкімов) Серікқазы деген ұл болған. Өзі тағдыр айдап Қызылордаға кеткен екен, сол жақта марқұм болыпты. Сол Серіктің анасы қайтыс болып, артында іздеушісі жоқтығынан мәйіт сақтайтын орында жатқанын, енді оның үкімет тарапынан жерленетінін Жоламан аулының бір ақсақалы Құрманбаев Ерболатқа айтыпты. Ол дереу кластастарға хабарласып, өздері ұйымдасып, жусанның ащы кермек дәміндей тіршіліктің қасіреті мен қиындығын тартудай-ақ тартқан сол кейуананы мұсылмандық тәртіппен жерлеу керек деп шешіпті.

Сонымен марқұмды ақ жауып арулап мәңгілік мекеніне қойып келді. Құрманбаев Ерболат, Исағалиев Әбдірасыл, Картов Сабырбек, Атабаев Қайрат, Байжанов Серік, Тастекеева Гүлжан, Өтегенова Мейрамгүл бәріміз кафеге молда шақырдық, қатым түсіртіп, асын бердік.

Тоқсаныншы жылдардың қиын-қыстау таршылық кезеңінде болған осы оқиға өткенді өлшеп, ой елегінен өткізген кездерімде «осы түлектерімнің адамдыққа суарылған азаматтық қасиеттері өзгелерге үлгі боларлықтай емес пе?» - деп марқайып қаламын.

Елдік сана-сезім мен отаншылдық рух нәрін сіңірген шәкірттеріміздің қазір ұлан-байтақ егемен мемлекетіміздің барлық жердерінде, барша салаларда лайықты танылып жүргенін мақтан тұтамын.

Солардың бірі – ұлым Қасым Әлибек. Ол мектепке қабылданған жылы эксперименталды сыныпта оқып, 1-2 сыныптарды бір жылда бітірді. Мектеп қабырғасында жүріп спортпен шұғылдана бастады, бокстан спорт шеберлігіне кандидат болды. Адамға жаны ашып тұратын мейірімді, қайырымды, ешкімнің алдынан көлденең өтпейтін тәрбиелі жан болып өсті.

1973 жылдан 1988 жылдың қыркүйегіне дейін табаны куректей 14 жыл білімнің биік ордасы бүгінгі № 5 мектепте ұстаздық еткен жылдарым өмірімнің айрықша сәулелі кезеңі екені ақиқат.



Айтқалиева Дарияш Кенжеғалиқызы 1968 жылы Құндызды орта мектебінің 8 класын бітірген соң әке жолын қуып, ұстаздық мамандығын таңдап, Семей педучилищесіне оқуға түсті. Осы оқуды 1972 жылы бітіріп, өзі оқыған Абай ауданы Құндызды орта мектебінде еңбек жолын бастады.

1979 жылдан 1993 жылға дейін Семей қаласындағы №5 қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет етті.

Дарияш Кенжеғалиқызы өзі еңбек еткен уақытта жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде аянбай еңбек еткен ұлағатты ұстаз. Білім саласындағы еңбегі жоғары бағаланып, Қалалық, Облыстық білім беру бөлімінің құрмет грамотасымен, кәсіподақ ұйымының мақтау қағаздарымен марапатталды.

Алдынан түлеп ұшқан шәкірттері, бүгінгі күнде әр салада қызмет етуде. Алғашқы шәкірттерінің бірі марқұм Аубакиров Марат Медетұлы өзінің туып- өскен аулында әке жолын жалғастырып, ел басқарды.

Бүгінгі күнде Алдоңғаров Ерлан Берікбекұлы қалалық салық комитетінің бөлім бастығы болса, Жанаева Шағангүл Алдамжарқызы М.О.Әуезов атындағы педколледжінің директоры қызметін атқарып отыр Дарияш Кенжеғалиқызы қазір құрметті еңбек демалысында.



Тұрысбекова Бахтикамал 1971 жылы мектепті тәмәмдаған соң, Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық

институтының жаратылыстану кафедрасының «Биология-химия» мамандығына түсіп, 1976 жылы аяқтап, алғашқы қызметімді Үржар ауданы, Алтыншоқы мектебінде бастап, осы мектепте 22 жыл еңбек еттім. Еңбегімнің жемісі ретінде облыстық, республикалық мақтау қағаздарымен марапатталып, 1993 жылы «Білім беру ісінің үздігі» төс белгісін кеудеме тақтым.

Менің осы мектептегі ұстаздық қызметім 1998 жылы басталған. Мектепке келгендегі алғашқы әсерімді ешқашан ұмытпаспын. Ол кезді еске алсам жарқын да жайсаң бейнелер көз алдыма келеді. Жұмысына тиянақты, ұқыпты, байсалды Рысбике Мұқановна, шығармашыл, ашық-жарқын мінезді Әсия Кенішбаевна сынды әріптестерім мені бірден құшақ жая қарсы алған болатын. Жаратылыстану әдіс бірлестігі өте ұйымшыл болды. Ізденушілік және жаңашылдығымыздың арқасында кітапханаға көп баратындығымыз соншалықты кітапханашы Қарлығаш Мұхтаровнаны да өз кафедрамызға мүше етіп алдық. Ақпараттар ағыны ағылған заманда мектебіміздің қазіргі көрінісіне қарап отырсам, есіме сонау 2004 жылғы «Жыл мұғалімі» конкурсына қатысқан кезде жазған эссемнің «Болашақта мектебімізде әр кабинетте, әр оқушының алдында жеке компьютер болса, ...» деген сөздері еске оралады. Мінеки, сол кездегі армандар біртіндеп орындалғандай. Екі бірдей химия кабинеті ашылып, заман талабына сай жабдықталуда. Әр кабинетке интернет желісі орнатылып, интерактивті тақта, әр ұстазға жеке компьютер беріліп жұмыс жасауға толық мүмкіндіктер туғызып отыр.

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильян Уорд: Жай мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді, Керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады,-деген еді. Еңбек жолындағы ұстаз ретіндегі алдыма қойған мақсатым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, әр оқушының бойынан жасырынып жатқан бағалы қасиеттерін ашып, шабыттандырып, алға қарай ұмтылдыру. Оқушының жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білуімді нағыз ұстаздық шеберлігім деп білемін. Маман ұстаз ретіндегі негізгі ұстанымым: баланы тұлға деп тану, оның пікірімен санасу, оқушының кішкентай қуанышын, табысын бағалай білу. Қазіргі кезде осы еңбегімнің арқасында мақтан тұта алатындай олимпиада жеңімпаздары болған шәкірттерім, Төлеуханова Айдана, Самарханова Гаухар, Муканова Диана, қазіргі таңдағы Әл-Фараби атындағы ҚазМУ және Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ студенттері; республикалық ғылыми жобада «Семей өңіріндегі топырақтың және картоптың құрамындағы иод мөлшерін анықтау» тақырыбымен жеңімпаз атанып, мемлекеттік грант иегері атанған шәкірттерім, Далелова Айдана, Қадырова Малика, қазіргі таңда Астана қаласындағы Еуразия Ұлттық Университетінің студенттері.

Енді өз отбасыма келетін болсам, жолдасым – Шәкәрім, ауылшаруашылық қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері. Отбасында үш бала тәрбиелеп, немере сүйіп отырмыз. Балаларым – Жарқын, Дархан, Гүлдана. Дархан мен Гүлдана – осы мектептің түлектері. Қазіргі таңда алған мамандықтары бойынша еліміздің игілігі үшін еңбек етуде.



Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы Өткеніңе үңілсең, тарих беттерінің сансыз қатпарларын көресің.Көресің де таңданасың, таңдана отырып тамсанасың. Осындай күйді «Қара шаңырақ» атанған, бүгінде 90 жылдық тарихы бар Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептің тарихы туралы қалалық мұрағатта ізденіс, зерттеу жұмыстарын жүргізгенде байқадым. Жалпы Семей уезінде мәдени-ағарту мекемесі 1919 жылы 21 желтоқсанда №3 бұл 1923 жылы 10 қарашада 523 мектеп, 1-дәрежелі орыс, қазақ, татар мектептерінің ішінде №12 мектеп те болған. Ал 1924 жылы 16 қаңтарда Халық ағарту бөлімінің уездік басқармасы төмендегі мектептердің атауын өзгертуді сұрап, рапорт жолдаған.Он шақты мектептің құрамында №11 қазақ мектебін №19 мектеп деп, №12 қазақ мектебін №20 мектеп деген атаумен өзгерту туралы рапорт жазылыпты.(қор 415,тізбе №1, Ед.хр. №80). 1924 жылы 29 ақпанда Ибрагимов Хайрулла

№20 қазақ мектебінің, Махмудов Кабир №19 қазақ мектебінің басшысы болып тағайындалыпты. Иә, бұл мұрағат қорында сақталған құжаттар дерегі. Сол өткеннен қалған білім шаңырағына бүгінде 90 жыл. 90 жыл аз ғұмыр емес, ел ардақтысына айналған көнекөз қарияның жасы.

Ірге тасы өткен ғасырдың басында қаланған, қойнауы тарихқа тұнған қасиетті, киелі ордаға кімдер келіп, кімдер кетпеді десеңізші! Кімдер өніп, кімдер өспеді десеңізші! Солардың бірі мен. Осы мектепте қызмет еткеніме-23 жыл. Мен осы мектепте қызмет еткеннен бері мектеп атауы, мектеп айдары заман талабына, орта сұранысына орай бірнеше рет жаңартылды. Мен ұстаздық қызметімнің жалғасын 1991 жылы осы мектеп №5 қазақ орта мектебі болып тұрғанында бастадым. Жылдар өте келе, мектебімнің №5 гимназия мектебі, Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясы, Шәкәрім атындағы дарынды балаларды үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп-гимназиясы, «Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып жаңғыртылғанының куәгері болдым.

Мектеп атауларының өзгеруіне байланысты ұйымдастырылған іс-шараларға өзім жетекшілік еткен сынып оқушыларыммен атсалысып отырдым. Облыстық, республикалық ғылыми-практикалық семинарлардың белсенді мүшесі атандым. Ұжымымның рахметіне, қошеметшілерімнің мақтауына ие болдым. 1991 жылы №5 гимназия мектебі деп аталуына орай және оқыту үрдісінде насихатталып жатқан ұлттық педагогиканың қыр-сырын меңгертпек болып, қазақ тілді сынып оқушыларының ерекшелігін көрсету үшін дарынды балалар тобымен «Алтын таң» отауы атты өнер ұжымын құрдым. Бір ерекшелігі «Алтын таң» отауына өзім жетекшілік еткен және қазақ тілі мен әдебиет пәнін тереңдетіп оқитын 8-сынып оқушылары ғана тартылды.Бұл өнер ұжымына сыныбымның өнерлі оқушысы Гүлдана Ноғайбаева жетекшілік етті. «Алтын таң» отауының құрамында он шақты бала өнер көрсетті. Олар қазақ ұлтының әр түрлі(домбыра, шаңқобыз, асатаяқ, даңғыра, сазсырнай сияқты) аспатарында ойнап, облыстық, республикалық «Сиқырлы қазан», «Ғасырлар пернесі», «Домбыра- дастан» атты сайыстарға қатысып, мектеп мәртебесін көтерді. Оқу мен білімнің де озаты атанып жүрген Ләйла Исағұлова, Ринат Жолымбетов, Гүлдана Ноғайбаева, Шырын Боксенова сынды оқушылар бірнеше дүркін жеңімпаз, лауреат атанды.

Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясы атанарда да сол уақыттағы қазақ тілі мен әдебиет пәнін тереңдетіп оқитын сынып оқушыларымен, ата-аналарымен Шәкәрімтану кабинетін жабдықтап, абайтанушы және шәкәрімтанушы ғалымдар арасында ашық жұмыс түрінде насихаттадық. Шәкәрімтану әлеміне орай, жаңа технология негізінде ғылыми-практикалық сабақтардың оқытылуын облыс, республика көлемінде таралуын қарастырдық, баспа бетінде жарияландық.

«Қазақстан-Семей» арнасында жүргізілетін «Шәкәрім тағылымы» атты хабардың шығарылымына атсалыстық. Сыныптан тыс уақытта «Жас сахнагерлер» деген үйірме құрып, Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз», Мерғали Ибраевтың Шәкәрімге арналған «Қастандық» спектаклін, «Желтоқсан жаңғырығы», «Біржан-Сара» қойылымдарын қойып сынып ерекшелігін айқындадым.

Дарынды балаларды үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептің ең алғашқы сыныбы да мен жетекшілік еткен сыныппен 2007 жылы ашылды. Үш тілдік бейімділікке байланысты облыстық, республикалық ашық сабақтар, ғылыми-практикалық семинарлар, он-лайн түріндегі дәрістер беріліп, ойға алынған жұмыстың өрге басуына жағдай туғызылып, өзіндік із бен қолтаңба қалдырылды. Әр адамның ой-қиялынан туатын өзіндік әрекет кейде ортасына өшпес өрнек салады. Сондай өрнек менің де ішкі дүниемді жаулаған, ұстаздық әлемімнен орын алған. Ол шығармашылық жұмыс. Шығармашылық менің тынысымды ашып, өрісімді кеңейтеді.Мен үшін шығармашылық жұмыстың шыңы сөз дестесінен, сөз өрнегін кестелеген ақындық, әдебиет пен өнерді сахна арқылы көркемдегендік, сөз табиғатының сырына мәнерлі үнмен сазды әуен қосқандық.

Сондықтан болар, өзім ақын болмасам да шәкірттерімнің ақындығына, өзім өнерлі болмасам да шәкірттерімнің өнеріне тәу етемін. Өнерлі, дарынды шәкірттеріммен мақтанып, олардың жетістігіне масаттанамын. Оқытушылық өмірімде осындай шаттықты сыйлаған өскен орта, ұшқан ұясының бал шырынын тамсана татып, айтыс өнерінің айдынын жағалаған талантты шәкірттерімнің бірі, «Дарын» сыйлығының иегері, халық ақындарының ортасынан ойып орын алған Сара Тоқтамысова, айтыс аламанында өзіндік қолтаңба қалдырған, өлең өлкесінде өзгеше аяқ алысымен дараланған, көңілі нұрға, көкірегі жырға толы ақын-тәлімгер Фархат Маратұлы Таянкенов, көрікті ойы, көркем тілі сезім көкжиегімен астасқан, айтыс даңғылында еркін жүйткіген, қара өлеңнің қаймағын қалқып ішкен, мектеп қабырғасында жүріп «Айтыс-чемпионат» айтысының жеңімпазы атанған Нұржан Өмірбаев, қанаты қатайып, бұғанасы беки қоймаса да көп көрген, көп жасаған адамдай сөздің көбесін сөгетін, бүгінде студент болса да «Қазақстан-Семей» телеарнасында тележүргізуші болып қызмет атқарып жүрген Қосанов Айбек, облыстық, республикалық көрермендерінің көзайымына айналған «Шәкәрім-тағылымы» атты ғылыми-бұқаралық документті телефильмнің кейіпкерлері, «Ай» студиясының тікелей эфирлік «Қолтаңба» бағдарламасының жүргізушілері Нұрышева Маржан, Смағұлов Қуаныштар- менің тілшілік өрісімнен шыққандар. Байқап отырсаңыз, бұл - тек бір мұғалімнің қолынан өткен дүние ғана, арамызда «Ақырын жүріп, анық бас» қағидасын ұстанып жүргендер қаншама десеңізші!



Смагулова Күләнда Жұмағазықызы 1955 жылы 15 тамызда Семей қаласында дүниеге келдім. 1962 жылы Абай ауданы Қызылту совхозының Ж.Молдағалиев атындағы орта мектебінің 1 сыныбына оқуға барып 1972 жылы Қайнар орта мектебінен 10 сыныпты бітірдім. Сол жылы Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне оқуға түсіп 1977 жылы химия-биология мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

«Ұстаз - ұлағатты есім»- дейді халық. Халық айтса, қалт айтпайды. Өмірдің негізі, тұтқасы осы есімде жатыр. Хан да, қара да, дана да, бала да ұстаз алдынан шыққан. Ұстаздық- ұстамдылық белгісі. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті,ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та– ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, «білсем, үйренсем» деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Мен де сол маманның бірімін. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, тәлім- тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беріп, қоғам мен мектеп өмірінде өзіндік қолтаңбамды қалдыру мақсатында 1977 жылдың қыркүйек айының 14 жұлдызында №5 мектептің табалдырығын аттадым.

Сол жылы химия -биологиядан сабақ беретін төрт мұғалім Баядилова Ләтіш Баядиловна, Мусина Ғазиза апай, Мұқанова Рысбике Мұқановналармен бірге институтты енді ғана бітірген мен осы мектепке орналастық. Ол кезде қазақ мектептерінің саны аз, қазақ тілді мұғалімдерге жұмысқа орналасу өте қиын болатын.Әсіресе, мамандығымыз бойынша сабақ беру қиынның қиыны, себебі сағат жоқ, сондықтан бәріміз де ұзартылған күн тобында тәрбиеші болдық.Бірақ менің айналамда іс-тәжірибесі мол ұстаздар Төлекпаева Фатима Юсуповна, Байболова Фарида Юсуповна, Мукашева Шәрбану Мукашевналар болатын.Олар менің нағыз педагог болып қалыптасуыма көп көмек көрсетті.

1987 жылдан бастап өз мамандығым бойынша биология пәнінен сабақ бере бастадым. Сол сәттерде таным-тағылымы жаңа қалыптаса бастаған маған өз мамандығының шебері Қасенова Күләнда Медеуовна апайлық көмек көрсетті.Күләнда Медеуовнамен бірге

жұмыс істеп, менің де шеберлігім шыңдалды. Сабақ берумен бірге мектептің қоғамдық өміріне де белсене араласып 1982-88 жылдары мектептің бастауыш комсомол ұйымының хатшысы, 1996-2002 мектеп кәсіподақ ұйымының төрайымы, 2000-2013 жылдар аралығында жаратылыстану пәндері әдісбірлестігінің жетекшісі болдым.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, шәкірттерімді оқушылардың ғылыми - зерттеу жұмыстарында білімдерін зерделеп, білім олимпиадаларында шыңдадым. Тынымсыз еңбегімнің нәтижесінде оқушыларым республикалық, қалалық, облыстық, халықаралық он-лайн олимпиадалардың және ғылыми жобалар жарыстарының жүлдегерлері атанды.

Еңбектегі жетістіктерім үшін ШҚО білім басқармасы өңірлік ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының, Республикалық, облыстық, қалалық білім басқармаларының; қалалық, облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Құрмет грамоталарымен бірнеше дүркінмарапатталып,«Дарынды балалар − Қазақстанның болашағы» энциклопедиясының 1-ші басылымына есімім жазылып, «Білімге қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталдым. Шығыс Қазақстан Облыстық «Алтын кітабына» есімім енгізілді.

Жолдасым Ботабаев Серікжан Исағалиұлы жағары санатты оташы, медицина ғылымдарының докторы, профессор. «Қазақстан хирургиясын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» алтын медалі мен «Алтын қандауыр» белгісінің иегері.

Қызым Ботабаева Айнұр Серікжанқызы осы мектепті 1995 жылы алтын медальға бітірді. Биология пәнінен екі жыл қатарынан республикалық олимпиада жеңімпазы болғандықтан Семейдің медицина институтының емдеу бөліміне сынақсыз қабылданып, 2001 жылы қызыл дипломға бітірді.Медицина ғылымдарының кандидаты.

Үлкен ұлым Ботабаев Еділ Серікжанұлы да осы мектептің түлегі. 1996 жылы мектепті бітірген соң Семейдің медицина институтының емдеу факультетіне түсіп, 2002 жылы бітіріп шықты, медицина ғылымдарының кандидаты.

Кіші ұлым Жайық болашақ финансист. Асанали,Нұрали Әкежан,Райымбек атты немерелерім өсіп келеді.

Ұстаз өзін-өзі қай уақытта таниды? Ол алдындағы шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің азаматы болған сәтінде. Ел таныған шәкірттерім бүгінгі күні кең байтақ республикамыздың жоғары оқу орындарын бітіріп,ел экономикасын көтеру бағытында еңбек етуде. Бұл- ұстаз еңбегінің ақталғаны.



Мархаметов Жомарт Базенұлы 1956 жылы маусымның 8-і күні Семей облысы Ақсуат ауданы Ақсуат ауылында дүниеге келді.

1963-1969 ж.ж. К.Нұрбаев атындағы Ақсуат орта мектебінде 6-сыныпқа дейін оқып, 1969-1973 ж.ж. аралығында Алматы қаласындағы О.Жәутіков атындағы республикалық физика-математика мектебін оқып бітірді.

1973 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің математика факультетіне түсіп, денсаулығына байланысты оқуын 1978-1979 жылдары Семей мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетінде жалғастырып, математика пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықты.

1979 жылы оқу бітіргеннен кейін №16 қазақ орта мектебінің директоры Т.Ж.Жұмановтың шақыруымен жас маман өзінің ұстаздық жолын осы мектепте математика пәнінің мұғалімі ретінде бастады.

1993 – 2000 жылдары №5 мектеп – гимназияда математика пәнінің мұғалімі қызметін атқардым.

Өз мамандығының жоғарғы санаттағы шебері, әр сабағына шығармашалықпен,

асқан сауаттылықпен даярланатын Жомарт Базенұлы дәстүрден тыс сабақтарды шебер өткізе отырып, оқушыларының білім сапасын жоғары деңгейге жеткізе біледі. Жомарт Базенұлы шәкірттерінің білімге деген құштарлығы мен логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, олардың бойында зерттеу жұмысына деген бейімділік дағдыларын қалыптастырады және ғылыми жұмыстарға даярлады. Үнемі мектеп ішіндегі олимпиадалық топпен жүргізілетін жұмыстарға басшылық жасады. Оның айғағы –шәкірттері М.Құсайынов, А.Малаева, М.Исмагилова, А.Мархаметовтардың «ҚР Кіші Ғылыми Академиясының» конференцияларына қатысып, жүлделі орындарға ие болуы.

Жомарт Базенұлы ұзақ жылғы педагогикалық еңбектері үшін 1991 жылы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Құрмет Грамотасымен» марапатталды, ал 1993 жылы «Қазақстан Республикасының Халыққа білім беру ісінің үздігі» атағына ие болды, 1999 жылы Астана қаласында өткен Республикалық «Қазақстан жыл мұғалімі-99» сайысына қатысып, «Қазақстанның ең тәжірибелі мұғалімі» номинациясына ие болды..Баласы Айдын да осы мектептің үздік оқып бітірген түлегі, бүгінде қаржы саласының маманы.Немерелері осы мектептің озат оқушылары.



Жакупжанов Қуатбек Мұратбекұлы. Әрине, мен бір қазақтың ырымшыл баласы ретінде алғашқы ұстаздық қадамымды Семей қалалық Шәкәрім атындағы №5 гимназиясы үлкен бір киелі білім шаңырағынан бастағаныма өте қуанамын.

Мен – Жақыпжанов Қуатбек Мұратбекұлы 1968 жылдың 27 қыркүйегінде Аягөз қаласында дүниеге келдім. Сол кезде әрбір қазақтың баласы “Палуан немесе боксшы боламын”-деп армандайтын, өйткені сол кездері Жақсылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыханов, Серік Қонақбаев ағаларымыз қазақ намысын әлем деңгейінде өте жоғары көтерген. Мен де сол ағаларыма еліктеп, арман қуып, Қарағанды қалалық №2 қазақ интернатында оқып, Нүркен Әбдіров атындағы спорт сарайында самбо күресімен спорттық жолымды бастадым.

1981 жылдары Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы - Тыныбаев Нәсіпқұл ағамыздың қолында жаттықтым. 1985 жылы Қарағанды мұғалімдер институтына түсіп, дене шынықтыру факультетін 1991 жылы тәмәмдадым. Осы жылдары Нәсіпқұл ағамыздан тәлім-тәрбие ала отырып, күрестің қыр-сырына бейімделіп, көптеген халықаралық, республикалық, одақтық жарыстарының жеңімпазы мен жүлдегері атанып, самбо, дзюдо күрестерінен КСРО спорт шеберін, қазақша-күрестен Қазақстанның спорт шеберін орындадым. Бірақ мен өз-өзіме қанағаттанбадым, ары қарай үлкен додалар, жоспарлар тосып тұрды. Сол кезде заман ауытқымалы болатын, көптеген жұмыс орындары жабылып, халық не істерін білмей сабылып ізденісте болатын. Жаттықтырушым мені Қарағанды қаласында қалуымды өтінді, жұмыс та тауып берді. Бірақ көптеген отбасылық заманауи жағдайларға байланысты мен Семейге келдіп, 1993 жылы Шәкәрім атындағы №5 гимназия ұжымында еңбек жолымды бастап кеттім. Менің бағыма қарай осы ұжымда Төкен Көпбайұлы, Ерлан Қасымұлы, Ғибат Ибрайұлы, Орынбек Уайұлы, Аман Сапарханұлы және т.б. ұстаздар мен әріптес болып, ақыл кеңестерін тыңдап, қызықты да қиын ұстаздық жолым жүріп жатты. Мен дене шынықтыру сабағын бере жүріп, қазақтың балаларын дзюдо, самбо және қазақ күрестеріне баулып, мектеп мүдірінің рұқсатымен күрес үйірмесін аштым.

Ақырын жүріп, анық бас-
Еңбегің кетпес далаға
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға,-деп

Абай атамыз айтқандай, жұмысты кішігірім бір бөлмені күрес залына арнайы жасап, күрес үйірмесін бастадым. Сол арада 2-3 жыл өтті, мектеп оқушылары қалалық, облыстық жарыстарының жеңімпаздары атанды. Өзім болсам шығармашылық ізденісте болдым. Балалар залға симай, дайындық үдей түсті. Бірде мектеп мүдірі - Ерлан Қасымұлы шақырып, «Қуатбек, мен сенің еңбегіңе ризамын»-деп, өз көңілін мектеп ұжымының атынан, өз атынан көптеген марапаттаулармен білдірді.

Артынан үлкен зал берілді. Ол кездері заман қиындау болатын. Ерлан аға: «залды бердім Қуатбек, енді ары қарай өзің бір нәрсе қыл»,-деді. Үлкен залға өте риза болып, төбем бір көкке жеткендей қуандым. Тез арада жолдас-жораларыммен, ата-аналармен ақылдаса отырып, ремонт басталды. Залдың жылуы қосылды, шынысы салынды, әрленіп, арнайы суреттер салынды, татами әкелінді, палуандарға арнай зіл темірлер әкелінді. Бір шама уақыттан кейін дайындық жалғасын тапты. Осы істелген жұмыстарға Суықбаев Аманжол қажы, Медеуов Сүлеймен, ата-аналар қол үшін берді. Күрес үйірмесіне басқа мектептерден де келіп, балалар қатыса бастады.

«Еңбек бәрін жеңбек», - деп айтылған қазағымыздың нақыл сөздері тегін айтылмаса керек. Барысында Шәкәрім атындағы №5 гимназиясының палуан түлектері дзюдо, самбо күрестерінен Қазақстан біріншіліктерінің және Республикалық, халықаралық жарыстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанып жатты. Бір жақсы адам тәй-тәй басқан баланың тұсауын ырымдап кескендей, менің де осы киелі білім шаңырағынан алғашқы еңбек қадамымды бастағаным жақсылыққа ұласып жатты.

Үлкен дәрежелерге жеткен оқушыларым мен бірге менің де абыройым асқақтай түсті. Сол кездегі қала әкімдері болған - Нұрлан Омаров, Қайрат Тұрлыханов азаматтарының қолынан марапаттар берілді. Қазіргі күнде таза бір бұлақтан су ішкендей, еңбек жолым күреспен байланысты Семей қаласында жалғасын тауып жатыр. 1993-2004 жылдар аралығында мынадай оқушылар нәтиже көрсетті, атап айтсам:

№	Аты жөні	Атағы	Жарыс атауы	Өткен жері
1	Медеуов Олжас	Спорт шебері	Всеросийский фестиваль «Дружба-98» Қазақстан чемпионы	Челябинск, 48сд, 1 орын самбо
2	Распай Әли	Спорт шебері	Халықаралық турнир Қазақстан чемпионы	Алматы, 57сд, 1орын, дзюдо
3	Исабеков Дархан	Спорт шеберіне үміткер	Халықаралық турнир Қазақстанның күміс жүлдегері	Кереку, 50сд, 1орын, дзюдо
4	Құсманов Әділет	Спорт шеберіне үміткер	Қазақстан чемпионатының жастар аралық күміс жүлдегері	Астана, 52сд, 2 орын самбо
5	Өскембаев Бауржан	Спорт шеберіне үміткер	Халықаралық турнир МВД аралық Қазақстан чемпионаты- қола жүлдегері	Рубцовск, 46сд, 1орын, дзюдо
6	Суықбаев Біржан	Спорт шеберіне үміткер	Атмачиди атындағы Республикалық турнир	Семей, 55сд,1орын, дзюдо
7	Құсайынов Дәурен	Спорт шеберіне үміткер	Валиев атындағы Халықаралық турнир МВД аралық Қазақстан чемпионаты - күміс жүлдегері	Астана, 52сд, 1орын, самбо
8	Жұманбаев Дулат	Спорт шеберіне үміткер	Халықаралық турнир Қазақстан жүлдегері	Омск, 55сд, 1орын, дзюдо

9	Самиев Марат	Спорт шеберіне үміткер	Халықаралық турнир «Звезды магнитки»	Теміртау, 55сд, 2орын, дзюдо
10	Хасенов Балахмет	Спорт шеберіне үміткер	Халықаралық жарыс	Талдықорған, 46сд, 1орын, дзюдо
11	Хасенов Биахмет	Спорт шеберіне үміткер	Халықаралық жарыс	Шымкент, 48сд, 1орын, дзюдо
12	Хасенов Ерахмет	Спорт шебері	Қазақстан чемпионаты жастар аралық Көптеген Халықаралық турнирлардың жеңімпазы	Семей, 71сд, 2орын, дзюдо
13	Байтоков Нариман	Спорт шебері	Қазақстан чемпионаты Көптеген Халықаралық турнирлардың жеңімпазы	Алматы,70сд, 1орын, ережесіз ж-ж
14	Есенғалиев Ғайнолла	Спорт шебері	Қазақстан чемпионаты -23ж. дейін Халықаралық Турнирінің жеңімпазы (Одесса)	Талдықорған, 60сд, 1орын, дзюдо
15	Самаров Жасұлан	Спорт шебері	Әлем чемпионаты Азия чемпионаты	Чехия, 100сд, 2орын, самбо
16	Өмірбаев Рүстем	Спорт шеберіне үміткер	Атмачиди атындағы Республикалық турнир	Семей, 60сд, 1орын, дзюдо
17	Жакипжанов Нұртас	Спорт шеберіне үміткер	Республикалық турнир	Қаражал, 55сд, 1орын, дзюдо
18	Өмірбеков Дастан	Спорт шеберіне үміткер	Республикалық турнир	Үшарал, 46сд,2орын, дзюдо
19	Бүрленов Арман	Спорт шеберіне үміткер	Облыстық «Сәулетай» ойындары	Өскемен, 42сд, 1орын, қазақша-күрес
20	Мұратбеков Баян	Спорт шеберіне үміткер	Халықаралық турнир Ресей Дзюдо фестивалі	Барнаул, 60сд, 1орын, дзюдо

II бөлім

Шәкірт келешектің тұтқасы

(Оқушылар өмірінен)

Мектеп түлектері туралы деректер

№	Оқу жылы	Бітірген класс саны	Бітірген оқушы саны
1	1951-1952	1	10
2	1952-1953	1	15
3	1953-1954	1	20
4	1954-1955	2	37
5	1955-1956	3	79

6	1956-1957	3	74
7	1957-1958	2	40
8	1958-1959	1	33
9	1959-1960	1	32
10	1960-1961	1	25
11	1961-1962	1	23
12	1962-1963	1	34
13	1963-1964	1	21
14	1964-1965	1	19
15	1965-1966	2	41
16	1966-1967	1	35
17	1967-1968	1	33
18	1968-1969	2	39
19	1969-1970	1	32
20	1970-1971	2	40
21	1971-1972	2	37
22	1972-1973	1	18
23	1973-1974	2	43
24	1974-1975	2	49
25	1975-1976	2	51
26	1976-1977	3	70
27	1977-1978	3	87
28	1978-1979	4	115
29	1979-1980	3	84
30	1980-1981	3	79
31	1981-1982	2	64
32	1982-1983	2	58
33	1983-1984	2	56
34	1984-1985	2	65
35	1985-1986	2	64
36	1986-1987	2	61
37	1987-1988	2	55
38	1988-1989	2	52
39	1989-1990	3	82
40	1990-1991	2	62
42	1991-1992	3	61
43	1992-1993	2	49
44	1993-1994	1	22
45	1994-1995	1	42
46	1995-1996	3	47
47	1996-1997	2	37
48	1997-1998	2	57
49	1998-1999	3	78
50	1999-2000	5	125
51	2000-2001	4	95
52	2001-2002	4	105
53	2002-2003	5	123
54	2003-2004	4	104
55	2004-2005	4	124

56	2005-2006	4	103
57	2006-2007	4	97
58	2007-2008	3	78
59	2008-2009	2	65
60	2009-2010	3	67
61	2010-2011	3	77
62	2011-2012	3	77
63	2012-2013	3	73
64	2013-2014	3	77
Барлығы:		**147**	**3715**

Мектепті «Алтын медальға» бітіргендер



*«Оқу мен мектептегі үздік табыстары және үлгілі тәртібі үшін» - 1945 жылы 30 мамырда ҚСРО Халық Комиссарлар Советінің қаулысымен – **Алтын медаль** – белгісі белгіленген*

1956 ж. Стамбекова Нұрзипа
1961 ж. Жакитова Рыскайша
1962 ж. Жунусов Бахтарбек
1964 ж. Калдыбаев Музафар
1980 ж. Жексенбаева Жанар, Набиев Ерғали
1981 ж. Рахманова Гульмира
1983 ж. Базаева Сайраш
1984 ж. Сүлейменова Айнаш
1985 ж. Қалдыбай Муслим, Мусина Хорлан
1988 ж. Сейсенова Алмагүл
1989 ж. Какимов Ескендір, Мусин Ерлан
Шерязданова Жанар
1990 ж. Абзалов Айдын
1992 ж. Жусупов Естай, Такежанова Гульшат
Тастекеев Шалқар



23.08.1999ж №1219 Үкімет қаулысы бойынша
***«Алтын белгі»** төс белгісі 21.12.2007 жылы күшіне енді*

2004 ж. Тлеуханова Гүлжан, Токсанбаева Нүргүл
2005 ж. Садвакасова Индира
2006 ж. Қамкенова Дана
2007 ж. Искакова Айман, Қайырбекова Шырын
Қыстаубаева Ақмарал, Батхолдина Жадыра
2009 ж. Базарбаева Айгерім, Ерболова Акнұр
Шарипова Мадина
2010 ж. Алтаева Жансая, Демеуғалиева Айым
2011 ж. Шотанбеков Елдос
2012 ж. Мұратжанова Назерке
2013 ж. Талдыбаев Жанәділ, Мұханов Мирас

Мектепті «Күміс медальға» бітіргендер

*«Оқудағы, еңбектегі үздік табыстары және үлгілі тәртібі үшін» - 1959жылы 29 тамызда ҚСРО Министрлер Советінің қаулысымен – **Күміс медаль** – белгісі белгіленген.*

1956 ж.	Абралин Шағатай, Құдайбергенов Қуныр
1957 ж.	Жакиянова Урида, Мукажанова Бейсекан Баядилов Аманкелді, Стамбеков Ануарбек
1958 ж.	Бейсменова Батима
1959 ж.	Рахимжанова Кульгайша, Тергеубеков Өмірбек
1960 ж.	Диханбеков Жеңіс
1961 ж.	Ашимова Дина
1962 ж.	Толемесова Толеугайша
1964 ж.	Дуйсенбаев Азат
1965 ж.	Арынова Айша
1985 ж	Мырзаханова Гүлім, Какимов Мұрат
1987 ж.	Жусупов Нартай, Габдуллина Гулназ
1988 ж.	Сүлейменова Айжан, Шакаримова Айнаш Аманғалиева Жанар, Жанбиева Сандуғаш Жұманбаева Назгүл, Масалимов Нұрлан
1989 ж.	Жусупов Ертай, Қалдыбаев Мугаммар
1990 ж.	Жусупова Лаура, Есимов Қазбек
1991 ж.	Марсебаева Айгуль
1992 ж.	Мукатаева Гаухар

2000 жылы ***пәндерді үздік*** *оқығаны үшін* ***Үздік аттестат*** *енгізілді.*

2000 ж.	Балтабаев Ержан, Касымова Анар, Асхатова Еңлік, Нұрғалиева Жұлдыз, Тоқаев Әлібек, Тұрсынбаева Динара, Тұрғанбаева Айнұр, Манасова Құралай,Накишева Махаббат, Омарова Назым, Сүлеймен Қуаныш, Байгазинова Айгүл,Айтказина Маржан, Берікұлы Думан,Қарлыбаева Гүлнәр, Мұсажанова Жанна,Байбосынова А
2001 ж.	Айдарбекова Сая,Узбеков Дархан,Садвакасова Меруерт,Құсайнова Айгерім,Саканова Құралай
2002 ж.	Абылхахова Зарина,Мерембекова Қаламқас, Төлегенова Әйкерім, Шарипова Мира, Алимбекова Сауле,Матенова Алия,Тұрсынбаева Венера,Абдилданова Асия,Жунусова Арайлым, Ибраева Ғалия,Төлеуқасымова Ақбота
2003 ж.	Әлімбаева Алиса, Демеуғалиева Лаура Жуандықова Әсемгүл, Мұратбаев Талғатбек Саканова Динара,Тойчина Индира,Төлегенова Арайлым, Асылбекова Гүлнұр, Өміржанова Тоғжан, Тұрғанбаева Мақпал, Аққужанов Ербол Искаков Жұлдызбек,Аубакирова Қарлығаш, Алимбаева Индира,Қаптағаева Гүлдана Джаманова Үмітгүл, Зейнелова Венера, Тұрғанбаева Айгерім
2004 ж.	Төлеубаева Айнұр
2005 ж.	Жұмаканова Айгүл, Беркінбаева Әсел
2006 ж.	Серікбаев Роман
2007 ж.	Урузбаев Қанат
2009 ж.	Дуйсенбаева Назгүл,Рамазанов Серікжан, Рымбаев Мейіржан
2010 ж.	Ибрайханова Гаухар, Садвакасова Салтанат

2011ж.	Қалдарова Гульмира, Амренов Елдос Адықбаева Жадыра, Амангелді Диана Ахатаева Әйгерім, Габдулжаппарова Әсел Даниярова Дина, Дурумбаева Назым, Менхан Рүстем,Рамазанова Қызғалдақ, Төкімова Гүлдана,Төлеуханова Айдана,Абир Маржан, Аканова Дана,Ғазиз Аяулым, Қайролла Әйгерім Сейсенбай Ботагөз, Сейтказина Алуа, Тлебалдина Гүлсая
2012 ж	Жұманбаева Балауса
2013 ж.	Адылханова Нұрдана

Түлектерден шыққан ғалымдар

1. Қайым (Ғабдулқайым) Мұхамедханұлы– Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор
2. Қасқабасов Сейт-филология ғылымының докторы, академик
3. Дүйсенбаев Азат-медицина ғылымының докторы
4. Дюсембаев Кизат – медицина ғылымының докторы, профессор,
ССРО- ға еңбегі сіңген өнертапқыш.

5. Накишева Маххабат-философия ғылымының докторы
6. Жүсіпова Гүлназ Қуандыққызы – филология ғылымының докторы
7. Жусупова Лаура Қуандыққызы — тарих ғылымының докторы
8. Айтова Жанар – филология ғылымының кандидаты

9. Ботабаева Айнұр Серікжанқызы-медицина ғылымының кандидаты
10. Ботабаев Еділ Серікжанұлы-медицина ғылымының кандидаты
11. Естекбаев Мұхаметжан - мектептің бірінші түлегі, физика-математика ғылымдарының кандидаты
12. Жетімғарин Даулет-медицина ғылымының кандидаты

13. Жүсіпов Нартай Қуандықұлы-филология ғылымының кандидаты
14. Жүсіпов Ертай Қуандықұлы - филология ғылымдарының кандидаты
15. Жусупов Естай Қуандықұлы— тарих ғылымдарының кандидаты
16. Қалдыбаев Мұзаффар - медицина ғылымдарының кандидаты
17. Құдайбергенов Қоңыр – медицина ғылымының кандидаты

18. Мүсілім Мұзаффарұлы- медицина ғылымдарының кандидаты
19. Молдаханова Жанар – медицина ғылымының кандидаты
20. Мусина Қорлан – экономика ғылымының кандидаты
21. Мукушев Серік Базарбекұлы-педагогика ғылымының кандидаты

22.Тергеубаев Омарбек –медицина ғылымының кандидаты
23. Раиспаева Замзагул – педагогика ғылымының кандидаты

24. Сүлейменова Айнаш-биология ғылымының кандидаты
25. Сейсенова Алмагүл-филология ғылымының кандидаты
26. Садуақасов Мұқташ – ветеренария ғылымының кандидаты

Құрметті атақ иегерлері

1. Абралин Шағатай -III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені, «Еңбек ардагері», «Еңбектегі жетістігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» медальдары
2. Байгушев Мубарак Түгелбайұлы - «СССР арнаулы орта білім беру қызметінің озаты»
3. Диханбеков Жеңіс – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі
4. Егизеков Адлет Айтбекович --Бокстан ҚР спорт шебері
5. Ноғайбаева Гүлдана Рахымбеккызы - халықаралық Шабыт фестивалінің лауреаты, «Мәдениет саласының үздігі», «Мәдениет пен өнерді дамытуға қосқан үлесі үшін» облыс әкімінің сыйақысын иеленді.
6. Мүсілім Мұзафарұлы - 2013 жылы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласының үздігі»
7. Манкенов Өмірбек Тоқтарұлы- Бокстан КСРО спорт шеберлігіне үміткер.
8. Манкенов Болат Тоқтарұлы-Бокстан КСРО спорт шебері.
9. Манкенов Қайрат Тоқтарұлы- Бокстан КСРО спорт шеберлігіне үміткер
10. Манкенов Азат Тоқтарұлы-Бокстан КСРО спорт шебері
11.Омаров Берік Құдайбергенұлы-Республикалық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. «Ертіс әуендері» атты Республикалық фестивальдің, Дәстүрлі әншілер байқауының лауреаты
12.Ысқақбаев Мұсатай -Қазақстанның еңбегі сіңген дәрігері,"СССР денсаулық сақтау ісінің үздігі"
13.Исаханов Илияс - Қазақстанның құрметті журналисі, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі,«СССР Баспасөзінің үздігі» белгісі
14. Иманбаев Нұриден Құсманұлы-Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі
15. Ильясов Қанат Назарұлы-Бокстан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері
16.Ильясов Жақсылық Назарұлы -ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Дене тәрбиесінің ұлттық – ғылыми практикалық орталығының алтын медаль иегері
17.Иманбаева Айгүл- шахматтан Қазақстан Республикасы қыздар құрамасының мүшесі, Азия ойындарының жүлдегері
18.**Мукажанов Орынхан Нурсултанович -**старший ветеринар ЗППС Семипалатинского мясоконсервного комбината. медаль «За доблестный труд»,«Ветеран труда комбината» I,II
19.Кәрібжанов Отантай - Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медальдары, Ы.Алтынсариннің төс белгісі. Журналисттер Одағының мүшесі, Абай ауданының Құрметті азаматымын.
20.Құрманбай Марат Серікжанұлы - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты, «Алғыс», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астанаға 10 жыл», «Ерен енбегі үшін» медальдары, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт қайраткері» , «Семей қаласының Құрметті азаматы»
21.Құдайбергенов Дарын - Халықаралық Жас Өнер байқауының лауреаты (Бас Жүлде).
22.Сәрсекеева Рымгүл Сапақызы - «Еңбектегі ерең еңбегі үшін» медалі, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі»
23.Сейсенова Алмагүл Дәулетқазықызы - Тәуелсіз Платиналы Тарлан сыйлығының лауреаты

24. Тұрлыбаев Тоқтархан Тұрлыбайұлы– 40 жыл инжинер-гидротехник маманы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңестің 2 мәрте Құрмет грамотасымен 5 мәрте
25.**Тастекеев Еділғазы**-Бадминтоннан СССР «Спорт Шебері»
26.Тоқтамысова Сара Советханқызы -Мемлекеттік Дарын Жастар сыйлығының лауреаты.
27. Хасенов Ерахмет Ардахметұлы-қазақ күресінен «Спорт шебері»



Ғабдұлқайым Мұхаметханов – 1916 жылы Семей қаласында дүниеге келген.

1924 жылдан 1928 жылға дейін 20 санды қазақ бастауыш мектебінде оқыған. Тұңғыш тәлім-тәрбие берген ұстаздары: Қайролла Ибрагимов, Ғалиакпар Төребаев және Өжен Махмұтовалар болған.

Мұхаметханов Қайым - абайтану ғылымының негізін қалаған көрнекті ғалым, текстолог, М. Әуезовтің шәкірті, 1940 жылдан КСРО Жазушылар Одағының мүшесі, 1945 жылғы Қазақ КСР мемлекеттік Әнұраны мәтінінің авторы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар Одағының халықаралық Абай атындағы сыйлығының алғашқы лауреаты, қоғам қайраткері, жазушы, драматург, ақын, аудармашы, педагог.

«Семей қаласында оның әкесі Мұхамедхан Сейітқұлов сол кездің ірі меценаты, зиялы кісінің қатарынан болатын. Ол өзінің үйінде Алаш Орда партиясының барлық өкілдерін жинап, үнемі басқосу өткізетін. Сол үйде өскен Қайым Мұхамедханов зиялы қауымның сұхбатын тыңдап жетілді. Осындай кездесулердің бірінде ол тұңғыш рет өзінің келешек ұстазы Мұхтар Әуезовті кезіктірді. Осылайша Алаш рухы Қайымның бойында жастайынан қалыптасты»,-дейді қызы Дина Мұхамедханова.

Алайда 1937 жылы Сталиннің қуғын-сүргіні басталып, алаштықтар атылады. Оның әкесі Мұхамедхан Сейітқұлов та ату жазасына кесіліп, сол сұрапыл саясаттың құрбандары тізіміне ілігеді. Репрессия салдары жас ғалымға да тиіп, педагогикалық институттан кетуіне тура келеді. «Алайда ол «Алаш» идеясын сатпады. Өзінің ұстазы М.Әуезовпен бірге ол зерттеу тақырыбына мүлдем тың бағытты таңдайды. Ол уақытта Абай шәкірттерінің шығармалары жоғалып бара жатты. Қайым ұстазының ақылы бойынша, Абайдың барлық шәкірттерінің аттарын жаңғыртып, олардың өмірбаяндарын тірнектеп жинайды, машақаты зор текстология әдісі арқылы олардың бүкіл шығармаларын қалпына келтіреді.

Қайым текстологиялық зерттеулерінің негізінде жаңғыртқан мәліметтерге сүйене отырып, диссертациялық жұмыстарын қорғады. Бұл ғылыми зерттеулер 12 жылға жалғасты. 1951 жылы ол «Абайдың әдеби мектебі» атты диссертациясын қорғап шықты. Дегенмен марксизм мен ленинизм мектебін ғана мойындаған Кеңестер Үкіметі Абай мектебі бар деген сөзге иланғысы келмеді. Ол 5 жылға сотталып, 5 жыл бойы сұмдық азаптаулардан өтті. «Абай мектебі бар және қала бермек» деген ойынан қайтпады. «Алаш арыстары жан пида болғанда менің қу басымның құны нешік» деген сөздермен қасқайып тұрып алды»,-дейді Д. Мұхамедханова.

Қ. Мұхамедханов 2004 жылдың 30 маусымында дүние салды. Оған Семей, Абай, және Жаңасемей аудандарының «Құрметті азаматы» атағы берілген.(«Өмір жолы» кітабы. Алматы -2012. 236 – бет)



Нағыз ғылым адамы

Сейіт Асқаруұлы Қасқабасов - 1940 жылы 24 маусымда Семей қаласында туған. Ол әдебиеттанушы, қоғам қайраткері, прозалық фольклорды дамыту және ауызша прозаны жанрлық жіктеуді жасау тұжырымдамасына қосқан үлесі зор. Бастауыш сыныпты Семей қаласындағы қазақ мектебінде (қазіргі №5 мектеп -гимназияда) оқып, 1957 жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы N912 қазақ орта мектебін, 1964 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын үздік тамамдаған. 1967 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясыныңМ.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер исниитутының аспирантурасын бітірген. 1969 жылы «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған.

Филология ғылымдарының докторы (1989 ж.), профессор (1996 ж.). ҚР ҰҒА академигі. Дүниежүзілік Шыңғысхан академиясының (Моңғолия), Халықаралық Айтматов академиясының (Қырғызстан) академигі.

1970-1981 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінде ғылыми хатшы әрі «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары» атты журналының жауапты хатшысы.1981-1983 жылдары Москвадағы СССР Ғылым академиясының М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтында аға ғылыми қызметкер.1983 жылдан Алматыдағы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында аға, жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген.1989 жылы Москва Мемлекеттік университетінде «Қазақ халық прозасының жанрлары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде консультант қызметіне тағайындалып, әдебиет және өнер саласына жауапты болған және саяси репрессияға ұшыраған Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, т.б. арыстарымызды ақтау жұмысына қатысып, қажетті құжаттарды дайындаған.1990 жылы Орталық Комитетте жаңадан құрылған Саяси процестер социологиясы орталығын басқарған. Мұнда сондай-ақ Идеологиялық комиссиясының мүшесі әрі Орталық жетекшісі ретінде кезінде қате қабылданған көптеген саяси-партиялық құжаттардың күшін жою және жазықсыз тыйым салынған ақын-жазушылар мен қайраткерлерді ақтау қажеттігі туралы Жұмыс тобын басқарған.

1991 — 1992 жылдары Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппаратында Мәдениет секторының жетекшісі, Білім, ғылым және спорт, жастар ісі бөлімінің орынбасары болған.

1992 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Аттестациялық Комиссиясының төрағасына тағайындалып, ЖАҚ-ты құрып, ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды беруге және ғалымдарды аттестациялауға қажетті Ережелерді жазған.

1993 жылы ТМД елдері Жоғары Аттестациялық Комиссияларының Ассоциациясын құрып, оның төрағалығына сайланған.

1994 — 1997 жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында институт директорының орынбасары, Қолжазба және текстология бөлімінің меңгерушісі.

1997 — 2001 жылдары Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Еуразия» ғылыми орталығын, шығыстану факультетін ұйымдастырып, басқарған, қазақ фольклоры мен әдебиет тарихы бойынша дәріс оқыған.

2001 жылдан бері М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры қызметін атқарады. «Казахская волшебная сказка» (1972), «Қазақтың халық прозасы» (1984), «Родники искусства» (1986), «Колыбель искусства» (1990), «Казахская несказочная проза» (1992), «Абай және фольклор» (1995), «Золотая жила»(2000), «Жаназық» (2002), «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу. Қыз Жібек. Қазақтың ғашықтық жырлары» (2003), «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (2005), «О фольклоре и не только» (2005) «Елзерде» (2008) сияқты монографиялар мен зерттеулер кітабының және 300-ден аса зерттеу жұмыстарының авторы.

Ғалым ағамен кездесуден бір үзік сыр...



Академик Қасқабасов Сейіт № 5 мектепте оқуын бастаған. Сейіт Асқарұлы 2012 жылы мектетің оқушы, ұстаз қауымымен кездесу өткізіп, әңгіме барысында өзінің өмір жолы, ғылым жолындағы қиыншылықтары мен жетістіктері туралы ой бөлісіп, тыңдаушыларымен сұхбаттасқан – ды;

Соғыс кезіндегі қиыншылық біздің жанұямызға да өз салқынын тигізбей қоймады. Әкем майданда қайтыс болғаннан кейін анам Аужан күн көріс ет комбинатында жұмыс жасап, бізді асырады. Кейінірек күн көріс үшін анам бізді алып туыстарын жағалап, Алматыға көштік.

Бастауыш класта оқып жүргенде қала сыртындағы Жоламаннан жаяу келетінбіз. Күн суықта тоңсақ та, тоя тамақ ішпесекте мектепке келген сол бір кездерді кейінгі ұрпаққа, балаларыма үлгі ретінде айтып отырамын. Әлі есімде соғыс уақытында ішкі жақтан басқа ұлттардың жанұясы көшіріліп әкелді. Балалықта, біржағынан соғыста қайтыс болған әкеге деген сағынышымыз ғой, бір топ бала келген адамдардың ішінде неміс ұлты өкілдеріде болған солардың балаларымен әкеміздің өшін аламыз деп төбелесуге баратынбыз. Кейін ата- анамыз, мұғалімдеріміз түсіндіргеннен соң, қиыншылықта солармен бір нанды бөліп жейтін дәрежеге жеттік.

Жоғары оқу орынын бітірген соң ғылым жолына түсіп, докторлық диссертациямды қорғадым. Бірнеше елді аралап, ұлы адамдармен дәмдес болдым. Соның бірі Бауыржан Момышұлы еді. Ғылыми жетекшім орыс ұлтының өкілі болатын. Бірде сол кісімен жұмыс жасап отырғанымызда Баукең кірді, мені жетекшім таныстырып, ғылыми жұмыспен айналысып жүргенімді, қорғауымды орыс тілінде жүргізетінімді айтқанда, Баукең ұнатыңқырамай қарағанда, көзінің өткірлігі сонша мені суық тер жауып кетті. Онысы неге ана тілінде қорғамайды дегені ғой. Кейіннен тақырыбымның мазмұнымен танысқан соң ол кісі ризашылық білдірді. Ғылым жолы ауыр, соқпағы көп.Талмай ізденген адам мұратына жетеді, халқына өлмейтін еңбек қалдыра алады, міне сол жолда қолдап, көмектескен жарым, мына апаларың деп, бірге еріп жүрген Тамара апайымызды таныстырды. Кездесу соңын өзіне құрмет білдірген мектеп ұжымына, өзіне білім берген кешегі ұстаздарына рахмет айтып, «Өмір жолында мамандық таңдаудан, жар таңдаудан қателеспеңдер» деп ағалық тілегін білдірді.

Аубакирова Алма Медетқызы



Тұрлыбаев Тоқтархан Тұрлыбайұлы 5-ші қарашада 1933 жылы Семей облысы, Жана-Семей ауданы, Қызыл Шілік ауылында дүниеге келген.

1947 жылы 8 ші классты бітіріп, осы колхозда 1949 жылға дейін қара жұмыстар (шопан,шөп шабу,егін егу, тасымал жұмыстарын атқару т.б) атқарды.

1949 – 1950 жылдары Семей қаласы Ертіс өзенінің жағалауында «Старый крепость» мекемесінен бір жылдық Аграномия мектебін бітіріп аттестат алдым.

Бірақ мен агроном болып қызметке кіріспедім. Өйткені орта білімді меңгеруді ұйғардым. 1950 жылы Жаңа Семейдегі №5 мектептің 9-шы сыныбына түсіп, 1952 жылы 10 класты бітіріп аттестат алдым.

1952 жылы Қазақтың ауыл-шаруашылығы мемлекеттік институтының Гидрометерологиялық факультетіне түсіп, оны тәмәмдап 1957 жылы инжинер-гидротехник мамандығы дипломын алдым. Осы жылдан мамандығым бойынша (специалист широкого профиля) ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы, құрылыс жобалау, гидроэлектростанция тағыда басқа салады 40 жылдан астам қызмет атқардым, оның ішінде әсіресе елеулі қызметке тоқталсам: Главный инженер Иртыш-Чарского управления, орналасқан жері Георгивка селосы Жарма ауданы бұл управлениияға 9 аудан қарайтын: Абай, Бесқарағай, Бородулиха, Ново Шульба, Жана Семей, Жарма, Шар, Көкпекті, Ақсуат.

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңестің 2 мәрте Құрмет грамотасымен 5 мәрте төсбелгісімен марапатталдым.



Мукажанов Орынхан Нурсултанович Родился 10 августа 1933г. в г. Семипалатинске в семье рабочего.

1942 – 1952 – учёба в Семипалатинской казакской школе №5.1952 – 1957 - учёба в Семипалатинском зоотехническо-ветеринарном институте.1957 – 1958 работа в Жана – Семейском районе

Семипалатинской области, заведующим Глуховскимветучастком. 1958 – 1960 – ветврач Семипалатинской облживконторы. 1960 – 1993 – ветврач Сеимпалатинского мясоконсервного комбината имени М.И.Калинина. 1971 – 1993 – старший ветеринар ЗППС Семипалатинского мясоконсервного комбината. Мукажанов Н.О. – член КПСС с 1971 года, секретарь партийного организации ЗППС, активист, дружинник. Награды: медаль «За доблестный труд в ознаменовании 100 – летия со дня рождения Владимира Ильича Ленина» (1970 г.), звание «Ударник коммунистического труда»(1977 г.),диплом «Ветеран труда комбината» II степени(1981 г), диплом «Ветеран труда комбината» I степени (1990 г.).



Жайкенова Өзипа Тасыбайқызы 1935 жылы Семей қаласының жанындағы бұрынғы Ворошилов колхозында дүниеге келген. Әкесі Тасыбай Жайкенов 1898 жылы туған, «Красный химик» қосалқы шаруашылығының меңгерушісі болған. Ауыра бастағандықтан олар қалаға көшеді. 1938 жылы, ұлдары Мұхтардың туғанына 2 ай өткенде, қайтыс болған. Анасы Жұмабике Байбосынқызы еңбекқорлығымен ерекшеленетін озат сауыншы болған. Күйеуі қайтыс болған соң шиеттей екі екі баланы асырау қиын болғандықтан бауыры Нұрқасымның қолына, Семейге келеді. Бауыры соғысқа кеткен кезде Бас жатақтағы (Новостройка) соның үйінде қала береді. Сол ауыртпашылыққа толы соғыстың 4 жылында кішкентай Мұхтарға жетсін деп Өзипа аузына бір тілім нан алмастан жүрген екен.



Өзипа сол жерден 1942 жылы №5 мектепке барады. Соғыстың халыққа салған ауыртпалығына қарамай сабақты өте жақсы оқиды. 8 класты бітірген кезде жағдайлары бала оқытуға мүлде келмей кеткендіктен анасы оны не жұмысқа тұрғызуды, не стипендия алып оқитын техникумға беруді жоспарлайды. Алайда сол мектептегі ұстаздардың оқушы қыздың ерекше ынтасына көңілі толғандары сонша, Өзипаны мектеп кітапханасына жұмысқа тұрғызып, еңбекақы ала жүріп, оқуын жалғастыруына септіктерін тигізеді. Сөйтіп, әрі жұмыс істеп, әрі оқи жүріп 1952 жылы мектепті үздік бағамен аяқтайды. Ол Семейдегі алғашқы қазақ мектебін бірінші болып бітірген 9 жігіттің ішіндегі жалғыз қыз бала болды. Өзінің сүйіп оқыған пәні химия, биология болғандықтан ол медициналық білім алғысы келген. Өкінішке қарай, Семейде мединститут тек 1953 жылы ашылады. Сондықтан ол педагогикалық институтқа түсіп, физика, математика пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықты.

Институтта оқып жүріп Абыралы ауданының тумасы Самат Сәрсенбековпен танысып, екеуі 1956 жылы институтты бітірген соң отбасын құрады. Оның туған жері Абыралы ауданына бірге аттанды. 27 жыл бойы үздіксіз Қайнар орта мектебінде қызмет атқарды. Мінезі өте жұмсақ, асқан мәдениетті, қарапайым, жаны ерекше сұлу жан өзінің осындай адами қасиетімен, әсіресе ұстаздық құдыретімен оқушыларды бірден баурап алды. Мыңдаған шәкірттерінің сүйікті ұстазына айналды. Әдіскер-мұғалім атағына ие болып, ұстаздардың да шебер жаттықтырушысы, тәрбиешісі бола білді. Өзін тек физика, математика ғана емес, орыс тілі грамматикасын, химия, биологияны терең меңгерген, неміс тілін де емін-еркін ұғатын жан-жақты маман ретінде таныта білді. Математика пән бірлестігі жетекшісі болды. Жас мұғалімдерге үлгі-кеңес беріп, көмегін аямай, дұрыс жүргізілген жұмыстарды насихаттап, кеңінен таратып отырды.

Жолдасы Самат Қайнар орта мектебінде 40 жылдан астам еңбек етіп, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін атқарды. Ұстаз ретінде де, мектеп басшысы ретінде де абыройға бөленді.

Өзипа Тасыбайқызы абыройлы отбасының ұйытқысы болып, тоғыз баланы дүниеге әкелді. 1983 жылы жас өркендей желкілдеп келе жатқан балаларының алды институтты аяқтауға таяп қалғанда дауасыз дерттен 48 жасында көз жұмды. Талай қиындықтан тектілік танытып өте білген аяулы ананың тағдыр жолы осылай үзілді.

«Орны бар оңалар» деген салиқалы сөз бар халықта. Ол қарлығаштай қанатымен дем беріп, жанымен аялай білген бауыры Мұхтар үлкен отбасының иесі, 4 баланың әкесі, 10-нан астам немеренің атасы болып отыр. Еңбеккор жүргізуші ретінде еліне танылып, қазір еңбек демалысында.

Артында қалған тоғыз бала да ер жетті. Барлығы жоғары білімді, әр салада еңбегімен ел назарына ілініп жүрген мамандар. Араларында ғылым кандидаттары, жоғары санатты ұстаздар, жоғары білікті дәрігерлер, бүкіл бір мекемені басқарып отырған басшылар да бар. Әрқайсысы бір-бір отбасы иесі болып отырған балаларынан тараған немере-шөберелері жақсы дәстүрді жалғастырып, өсіп-өнуде. Бүгінде қызы Сымбат осы мектепте шет тілінен сабақ береді.



Искакбаев Мұсатай Өміржанұлы, 1935 жылы Кемерово қаласында дүниеге келген. 1943-1953 жылдары Семей қаласының №5 қазақ орта мектебін ойдағыдай бітіріп, міндетті әскер қатарына шақырылып 1957 жылға дейін Ленинград қаласында болған. 1957 жылы Семейдің Медицина институтына түстіп, 1963 жылы бітірген. 1963 жылдан 1966 жылға дейін Көкпекті аудандық орталық ауыруханасында хирург, 1966 жылы Семей қаласындағы облыстық клиникалық ауыруханасында хирург – травматолог болып істедейі. 1970 жылдың қаңтар айынан Семей клиникалық ауыруханасының травматология бөлімінде меңгеруші және Семей облыстық денсаулық бөлімінің бас травматологі, 1973 жылдан – 1975 жылға дейін Семей Медицина институтында госпитальная хирургия – травматология кафедрасында мұғалім болған.

1975 жылы Семей қаласындағы бірінші қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері қызметін 25 жыл басқарады. Республикалық және одақтық үлкен ірі клиникаларда, шет елде Финляндияда мамандығы жетілдірген.

Баспада жарық көрген 30 – дан астам ғылыми еңбектердің авторы. 1980 жылдан “СССР денсаулық сақтау ісінің үздігі”. Травматология және ортапедия республикалық ғылыми қоғамының мүшесі, 1989 жылы Семей – Невада қозғалысына байланысты сол үйлестіру кеңесінің мүшесі.

Қазақ Республикасының Президентінің 1992 жылы 27 ақпандағы жарлағымен“Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері” құрметті атағы берілген. 2008 жылы Семей медицина академиясының 55жылдық тойына байланысты академияның үздік «Құрметті түлегі» белгісі медалімен марапатталған. Зайыбы Төлеуғайша Үкібасқызы 1941 жылы 40 жылдан артық Семей технология институтында, кейіннен Шәкәрім университетінде химия кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет істеген. Ермек, Ержан атты екі балалрынан 2 немерелері бар.



Мен, **Исаханов Ілияс Мағауияұлы**, 1937 жылдың наурыз айында Жаңасемей ауданының Ебетей ауыл советінде, сол атты ауылда туғанмын.

1951 жылы Ебетей жетіжылдық мектебін бітіргеннен кейін Семейдегі №5 қазақ орта мектебінің сегізінші класына келіп түстім. Сол бала кезіміздегі естуімізше, мектеп қаланың Жаңасемей аталатын бөлігіндегі ШКМ (школа крестьянской молодежи) негізінде орта мектеп болып ашылған екен. Мектепті бітірушілер әлі жоқ. Тек сол жылы ғана 11-12 бала онынші класқа көшіпті.

Сонымен, ол ашылған кезінде қаланың Жаңасемей бөлігіндегі жалғыз қазақ орта мектебі болды. Сол мектепте оқып, білім алғанымызды мақтан етеміз.

Сөйтіп, мектептің алғашқы түлектері 1952 жылы ғана орта білім алып, мектеп қабырғасынан ұшып шықты. Ал, біз – 1954 жылы түлеп ұшқан мектеп түлектерінің үшінші легі едік. Ол жылдар – соғыстан кейінгі кез. Мектеп бітірушілер шамалы ғана. Көпшілік жастардың білім алуға, оқуын жалғастыруға жағдайы келмейді. Сол себепті, біз бір класта 18 ғана бала бітіріп шықтық. Олар: қыздардан – Нұрышкеева Үміт, Жұманбаева Мұғалима, Қуанышева Бақыт, Дүзбенбетова Дәрияш, Омарова Зекен, Искакова Фарида; ұлдардан – Қаймолдин Әбуғали, Жанақасов Елубек, Смағұлов Айтқали, Әлмұхаметов Қадір, Смағұлов Ораз, Жолдасбаев Болат, Әйкежанов Жұман, Алдажұманов Әміре, Бекетаев Төкен, Арыстанов Мақсұт, Ысқақов Қабден және мен. Ол тұста мектеп директоры Рыспек Жәкенов деген маңғыз да парасатты адам еді. Оның алдында ма, әлде кейін бе, ұмыттым – Жағыпаров Ақат деген ақкөңіл, кеңқолтық ағай директор болды.

Мектеп мұғалімдерінен ойымда қалғаны: Әлкенов Дүйсен (біздің класс жетекшіміз), Бояубаев Жұмабай (географ), Ниязова Алтын (математик), Бертісбекова Фарида (завуч), Смолова Валентина Степановна (орыс тілі), Байжұманов Оразай (физик), Замковой Илья Федотович (физкультура). Махмұтова Ләйлә (филолог), Махмұтова Сүйінбике (кейіннен мектеп директоры), олардың аналары Махмұтова Өжен, Сапаев Ғазиз (кейіннен белгілі жазушы), Дүкенбаев Рамазан (физик), Сағитов Мәруан (денсаулығына байланысты академиялық демалыста жүрген МГУ-дың студенті, кейіннен ғалым-математик), т.б. Олардың арасында менің немерелес аға-жеңгем – Сейсенбаев Қапан мен Қантаева Рахима, апайым Сейсенбаева Рәзия да бар еді.

Мен мектеп бітірген кез «тың және тыңайған жерлерді игеру» деп аталатын ұлан-асыр науқанға дәл келді. Жаңасемей аудандық комсомол комитетінің жолдамасымен өз туған жерімде бір-ер жыл науқанның дәмін таттым да 1956 жылы Совет Армиясы қатарына алындым.

1959 жылы армия қатарынан босанған бетте КазГУ-дың журналистика факультетіне оқуға түстім. Алғашқы тырнақалды мақалаларым мен шағын әңгімелерім Алматының облыстық және Республикалық газеттерінде жарияланып, студент кезімде СССР Журналистер Одағының мүшелігіне қабылдандым. 1964 жылы Университетті бітіргеннен бастап, зейнеткерлікке шыққанға дейін Семей облыстық «Семей таңы» газетінде еңбек еттім. Қатардағы әдеби қызметкерден редактордың бірінші орынбасары деңгейіне дейін көтерілдім. Пенсияға шыққаннан соң кейінгі төрт жылда республикалық «Абай» журналында редактордың бірінші орынбасары міндетін атқардым. Әрі 1918 жылы жабылып қалған сол журналды қалпына келтірушілердің бірі едім.

Еңбек жолымда мынадай марапаттарға ие болдым:

- «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі – 1970 ж.
- Қазақ ССР жоғарғы Кеңесінің Грамотасы – 1979 ж.
- «Еңбек ардагері» медалі – 1984 ж.
- «СССР Баспасөзінің үздігі» белгісі – 1985 ж.
- «Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасы – 1990 ж.
- Журналистер Одағының, министрліктер мен жергілікті өкімет органдарының бірқатар Грамоталары мен Дипломдарымен марапатталдым.
- 2007 жылы «Қазақстан журналистикасын дамытудағы аса көрнекті еңбегім және үлкен үлес қосқаным үшін» маған «Қазақстанның құрметті журналисі» деген құрметті атақ берілді.

Қазір зейнеткермін. Құдай қосқан қосағым, ол да осы мектептің 1957 жылғы түлегі, бір ауылда бала күннен бірге өскен сыңарым Түсіпбаева Күләйхан екеуміз шөберелер сүйіп отырған үлкен шаңырақтың басымыз.

2014 жылы ашылғанына 90 жыл толатын алтын ұя – мектебім туралы айтқанда, осы бір қысқа ғана деректеменің ішіне мектептес достарым: Естекбаев Мұхаметжанды (физика-математика ғылымдарының кандидаты, (I выпуск), Жетімғаринов Дәулетхан мен

Ысқақбаев Мұсатайды (II выпуск), Қаймолдин Әбуғалиды (III выпуск, менің кластасым) атамасам, өзімді кінәлі санар едім. Оның үстіне Қазақстанның еңбегі сіңген дәрігері Мұсатай Ысқақбаевтан басқасы қазір бұл жалғанда жоқ.

Біздің алғашқы төртеуміздің ешқашан жұбымыз жазылмаған достар едік. Мұхаметжан, Дәукен мен Мұсатай мектеп табалдырығын осы мектепте аттап, он жыл оқып, осы мектепті бітіріп шыққандар. Дәукен мектептің маңдай алды оқушыларының бірі еді. Осы мектептен ең тұңғыш «Алтын медальға» ұсынылған да сол болатын. Бірақ қандай да бір себеппен медаль ала алмай қалды. Кейін медицина институтының алғашқы аспирантының бірі болды. Бірақ бұл жолы да кандидаттық диссертациясы жымысқы айтыс-тартыстың құрбандығына ұшырады.

Ол табиғатында жігерлі, төзімпаз, қабілетті ұйымдастырушы, лидер еді. Осы сәтсіздіктердің бір де біріне мойымай, Семей медицина институтының госпитальді хирургия кафедрасында елу жылға жуық еңбек етіп, білгір де шебер хирург ретінде елге танылды.

Әрине, жеке адам туралы қысқа деректеменің ішінде не айтасың? Сондықтан жан досым, №5 қазақ орта мектебінің түлегі Дәукен Жетімғаринов туралы осыдан 47 жыл бұрын «Семей таңы» газетінде шағын очерк жазғанымды еске алумен шектелемін.



Абралин Шағатай Қажисләмұлы1938 жылы15 қаңтарда Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылында туған.

1956 ж. Семейдегі №5 қазақ орта мектебін **күміс медальмен** бітірген. Шағатай Қажисләмұлы Шар автобазасында, Ауыл, Абай ауданында, Жданов атындағы колхозда жүргізуші болып еңбек ете бастаған.

1959 жылы наурыз айынан бастап, 42 жыл бойы Семей цемент зауытында слесарь, жүргізуші, бригадир болып еңбек етіп абыройға бөленіп, қатарынан бірнеше рет партия, кеңес, кәсіподақ органдарына мүшелікке сайланған.

III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені, «Еңбек ардагері», «Еңбектегі жетістігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен, бірнеше мемлекеттік белгілермен марапатталған адам.



Байгушев Мубарак Түгелбайұлы (1938-2004ж.)

Семейдегі №5 қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін 1956-1961 жылдары Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтында оқып, математика пәнінің оқытушысы мамандығын алады.

1960-1962 жылдары Семейдің Абай атындағы мектебінде математика пәнінің оқытушысы болып қызмет атқарды.

1962-1964 жылдары әскер қатарына алынып, борышын өтеді.

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжде 1971 жылдан 2003жылға дейін физика- математика пәндерінің оқытушысы қызметін атқарды. М.Т.Байгушев төмендегі марапаттарға ие болды:

«Почетная грамота Министерства Просвещения КазССР»

«Значок победитель Социалистического соревнования», 1976г.

«За отличные успехи в среднем специальном образовании»

«Отличник просвещения среднего учебного заведения СССР»

Медаль «Ветеран труда»

Мубарак Тугельбаевич математика және геометрия пәндері бойынша орта және арнаулы орта білім оқушыларына оқу- әдістемелік кешенін және «Геометрия 10-11класс» атты оқу құралын шығарды.



Мен **Кәрібжанов Отантай** 1944 жылы 20 шілдеде Бұрынғы Семей облысы Абай ауданы Бөрілі ауылында дүниеге келдім. 1951 жылы мектеп табалдырығын аттап 1955 жылға дейін М.Әуезов атындағы совхозда 4 сыныпты бітірдім. 1955 жылдың қыркүйек айынан бастап Семейдің №16 мектепте 5- сыныпта (бірінші жарты жылдық) №26 мектепте (екінші жартыжылдық) оқып,1956 жылдың қараша айынан бастап №5 мектепте 6 сыныптан бастап, 1961 жылы осы мектептен 10 сыныпты аяқтап шықтым. Осы жылдары мектеп директоры Төкен Жұманов ағай болатын. Ол кісінің алдында үлкен тәрбие мектебінен өттім. Бүгінгі күнге дейін оқушылық өмірімдегі сәттер көз алдымда, «тентек сары» атанып, балалықпен жасаған қылықтарымды үнемі еске алып отырамын.

Мектепті бітірген соң Семейдің М.Төлебаев атындағы музыкалық училищесіне оқуға түсіп 1965 жылы аяқтадым. Еңбек жолымды Облыстық халық творчествасы Үйінде методист болып бастадым.

Міне содан бері өмірімді мәдениет және білім саласына арнап келдім.

Совет Армиясының қатарында жүрген кезімде әскери округтың бөлім басшысы бола жүріп, үрмелі аспаптар оркестрінде қызмет атқардым. 1968-1973 жылдары Облыстық Мәдениет Басқармасының бас инспекторы, 1973-1990 және 1995-1997 жылдары Семейдегі Абай атындағы облыстық музыкалық – драма театрының директоры, 1990-1994 жылдары Абай атындағы мәдениет колледжінің директоры, 1999 жылдан бастап Семейдегі М.Төлебаев атындағы музыкалық колледжінің директоры болып қызмет атқардым.

Осы уақыт аралығында мәдениет және білім саласына қосқан еңбегім мемлекет тарапынан бағаланып, «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері» құрметті атағымен, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медальдарымен, Ы.Алтынсариннның төс белгісімен марапатталдым. Журналисттер Одағының мүшесі, Абай ауданының Құрметті азаматымын.

Абайдың 150 жылдық мерекесін Республикалық көлемде тойлауда көптеген жауапты жұмыстар атқардым. Мерейлі тойға Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев, Юнеско-ның бас директоры Фридерико майор, Татарстанның Президенті Митемир Шаймиев т.б жоғары мәртебелі қонақтар қатысты. Мерекелік шаралар қарсаңында театр толық күрделі жөндеуден өтіп, материалдық-техникалық базасы жаңартылуына жұмыс жасадым.

Облыстық мәдениет басқармасында істеген жылдары мәдени саланың дамуына күш салдым. Облыстық Абай атындағы театрды басқарған 20 жыл жылдың ішінде көптеген творчествалық жетістіктерге жеттік, кейіннен театр музыкалық-драма театры болып өзгертілді. Осы жылдары Семей қаласының орталығында театрдың жаңа мекемесі салынды.

Көптеген жаңа өнер туындыларымен қалаларда, облыста, республикада көптеген гастрольдердік сапарларды ұйымдастырдым. Театрда қызмет жасаған уақытымда жас мамандарды көптеп театрға тартып, республикалық театрлардың және консерваторияның түлектерін қызметке алдым. Театр әрқашан театр ұжымы арасында өткізілетін байқауларда II,III орындарды иеленіп жүрді. Жақсы жұмыстары үшін театр ұжымы СССР мәдениет министрлігі мен ВЦСПС-тің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды, осы жылдары Қазақстан Компартиясының орталық комитеті тарапынан 49 театр ұжымы ішінен еңбегі оңды деп танылған жалғыз театр болды. Театрда қызмет атқарған жүргізушілер, композиторлар, драматургтер, суретшілер мен балетмейстерлермен жұмыс жүргізе отырып, ұжыммен Москва қаласында Бүкілодақтық білім жетілдіру институтында кәсіптік шеберлігімізді шыңдаудан өткіздік. Ол жерде Москва және Москва маңайындағы көрермендер үшін спектакль қойылды. Елімнің мәдениет және білім саласындағы ұзақ жылғы еңбегімнен кейін қазір құрметті демалыстамын.



Дихамбеков Жеңіс Какенұлы 1944 жылы Семей облысы Абай ауданы Саржал селосында туған. 1950 жылы Саржал жеті жылдық мектебінің 1-ші сыныбына барды. 1953 жылы Семей қаласының 5-ші орта мектебінің 4-ші сыныбына келіп, осы мектепті 1960 жылы күміс медальмен аяқтады. Оқу кезінде мектеп өміріне белсенді қатысып математикадан мектеп аралық олимпиадаларға қатысты, көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысты. 9-10 сыныптарда физика және кино-радио бөлмелерінде физика оқытушысына көмекші ретінде мектеп жаңалықтарын радиомен хабарлауға, физикадан тәжрибелік көрсетулер мен сабақтарды дайындауға, оқулық киноларды көрсетуге қатысты.

1960-шы жылы Семей қаласының Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының физико-математикалық факультетіне түсіп оны 1965-ші жылы физика және жалпы техникалық пәндер оқытушысы мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1965-ші жылдың 1-ші қыркүйегінен Бородулиха ауданы Камышенка орта мектебінде оқытушылық қызметін бастады. Бірақ осы жылдың қараша айында әскер қатарына шақырылып, Ленинград әскери округінің Кандалакша және Мурманск қалаларында азаматтық борышын өтеп келді. 1966-шы жылдың желтоқсан айынан Семей қаласындағы тамақ өндірісінің политехникалық техникумында электротехника пәнінен 1967-ші жылдың маусым айына дейін сабақ берді. 1967-ші жылдың тамыз айынан Семей қаласының медициналық институтының физика кафедрасына оқытушы болып орналасты. Осы оқу орнында, қазір медицина университеті, 1978-1981, 1996-2000, 2006-2010 кафедра меңгерушісі, 1987–1995 қабылдау комиссиясы мүшесі, 1995-1997 ректор көмекшісі, 1997-2004 ақпараттық-есептеу және редакциялық орталығының меңгерушісі болды. Қазіргі кезде Қоғамдық денсаулық сақтау және информатика кафедрасында аға оқытушы болып қызмет істейді.

Дихамбеков Ж.К. медициналық оқу орнында физика және информатика пәндерін оқытуға арналған 6 оқу құралының авторы. М. Жанболатовтың Тобықты Шыңғыстау шежіресі көп томдық шығармасына демеушілік үлес ретінде техникалық редакторының бірі болды.

Дихамбеков Ж.К. Семей қаласының медициналық оқу орнында (СММУ) атқарған тәрбиелік, әдістемелік және басқару қызметтері үшін ҚР президентінің Алғыс хатымен (2001), денсаулық сақтау министрлігінің (1996, 2005, 2008, 2013ж.ж.) және оқу орнының Құрмет грамоталарымен және алғысымен, «ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігіне» (1998) және «Семей медицина университетіне сіңірген еңбегі үшін» төс белгілерімен (2013) марапатталды.

№5-ші Семей орта мектебінің 1960-шы жыл түлектері бастауыш сыныптарда Ө.Махмутовадан, химия-биология пәндерінен С.Махмутовадан, географиядан Ж.Бояубаевтан, қазақ тілі мен әдебиетінен Р.Сейсембаевадан, тарихтан Қ.Сейсембаевтан, физикадан Р.Дүкенбаев, М.Естекбаев және Б.Жумагельдиндерден, орыс тілі мен әдебиетінен В.С.Маринкинадан, математикадан және сынып жетекшіміз Х.Ю.Габидуллинадан және 1950-1960 жылдарда қызмет істеген №5-ші мектеп оқытушыларынан дәріс, білім және тәрбие алғандарын мақтан тұтады.



Дихамбекова Жамиля Тоқтамысовна, мектепте Рыскулова, 1944-ші жылы Семей облысының Жаңа Семей ауданының Қабаш ауылында туған. Семей қаласының №5-ші орта мектебіне 1954-ші жылы 5-ші сыныпқа келіп 1960-шы жылы оны аяқтады. Мектепте үздік оқуымен көзге түсіп, 6-шы сыныптан 9-шы сыныпқа дейін сынып старостасы болды. Мектеп өміріне белсене қатысып әртүрлі жарыстарға, өнерпаздар үйірмесіне қатысты.

1 жыл Семей Ет-консерв комбинатында жұмыс істеген соң, 1961-ші жылы медициналық училищеге түсіп 1964-ші жылы фельдшер мамандығын алып шықты. 1964-ші жылдан Семей облысының Бородулиха ауданындағы Раздольное аулында 1967-ші жылға дейін қызмет істеді. 1967-ші жылдан 1980-ші жылға дейін Семей облыстық және қалалық ауруханаларының әртүрлі бөлімшелерінде оталық мейірбике болып қызмет істеді.

1971-1976-шы жылдарда Семей педагогикалық институтында оқып Биология мамандығы бойынша білім алып шықты. Осы мамандығына сай 1980-ші жылдан 1993-ші жылға дейін темір жол ауруханасы мен санэпидстанциясында бактериолог дәрігер болып қызмет атқарды. 1993-1994 жылдары ет-консерв комбинатының Сарыарқа акцинерлік қоғамында бактериолог болып қызмет істеді. 1994 жылы зейнетке шықты.

Атқарған адал қызметі үшін облыстық және аудандық денсаулық сақтау бөлімшелері көптеген алғыстар жарияланған және жұмыс орнының құрмет тақталарына ілінген, 1974-ші жылы «Ударник коммунистического труда» атағы және 1977-ші жылы «Победитель Социалистического соревнования 1977 года» төс белгісі берілген.

Қалдыбаевтар әулеті - № 5 қазақ орта мектебінің түлектері



Мұзафар Ахметсафаұлы Қалдыбаев 1946 жылы 17- қаңтарда Талдықорған облысы Бөрлітөбе ауданында дүниеге келген. 1954 жылы отбасыммен Семей қаласына көшіп келеді. Екінші сыныптан төртінші сыныпқа дейін №19-шы мектепте оқып, 1957- жылы қаланың № 5 орта мектебінің 5- сыныбына қабылданған. Бірінші күннен бастап өз сыныбында озат оқушылардың қатарында болып, барлық сыныптарды мақтау қағазымен аяқтап, үлгілі оқушы болған. 1964 жылы 11- сыныпты «Алтын медальмен» тәмамдаған.

Мектепті бітірген жылы, Семей мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетіне студент болып түсіп, 1970 жылы үздік студенттер қатарында бітіреді.

Хирург-дәрігер мамандығымен Семейдің теміржолшылар ауруханасында жұмыс істеп, онда аурухана бас дәрігерінің емдеу ісі бойынша орынбасары дәрежесіне дейін көтеріледі.

1974 жылы Москва қаласының И.М. Сеченов атындағы І- медицина институтының факультеттік хирургия кафедрасына аспирант болып түсіп, оны 1977 жылы, уақытынан бұрын үздік бітіріп, «Волемические нарушения при желудочно-кишечных кровотечениях» тақырыбына сай кандидаттық диссертацияны қорғап, сол 1977 жылы ВАКта бекітіліп, медицина ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алады.

1977- жылдан қазірге дейін Семей мемлекеттік медицина университетінде жалпы хирургия кафедрасының ассистенті, доценті қызмет терінде. 2006- жылы Ғылыми кеңес шешімімен СММУ профессоры атағы берілген. 1994 жылдан бастап жоғары дәрежелі хирург лауазымының иегері.

Бүгінгі күні Мұзафар 90 нан астам ғылыми жұмыстың авторы, оның ішінде 5 рационализаторлық ұсыныстардың иегері, хирургиядан студенттерге арналған 8 оқу құралының авторы. Жалпы хирургиядан бірнеше кітаптары жарық көріп, 15 жыл шамасында медицина университеті деканының орынбасары, қазақ бөлімі деканы қызметтерін атқаруда.

Бірнеше рет СММУ нің, ҚР ның денсаулық сақтау және білім беру, ғылым министрлігі тарапынан мақтау дипломдарымен, алғыс хаттарымен марапатталған.

2013 жылы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласының үздігі» атағына ие болды.

1969 жылы №5 орта мектептің түлегі болған Купишева Танаш Ризамұхаметқызымен отбасын құрған. 6 балалары бар, олардың төртеуі №5 орта мектебінде оқып бітірген.



Қалдыбаева Танаш Ризамұхаметқызы 1946 жылдың 19 желтоқсанында Бесқарағай ауданының Долон жерінде туған. 1958 жылы Семейдің №5 орта мектебінің 5- «А» сыныбына қабылданып, мектеп қабырғасында озат оқушылардың бірі болып, 1965 жылы бітірген.

Семейдің Крупская атындағы педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, үздік бітіреді. № 30 орта мектебінде 20 дан астам жыл қызмет істеп, зейнеткерлік демалысқа шыққан.



Қалдыбаева (Рустюмова) Мәрзия Ахметсафақызы (*Мұзафардың қарындасы*). 1949 жылы, наурыз айында туған. №5 орта мектебін 1966 жылы бітірген. Семей қаласының мемлекеттік педагогикалық институтын бітіріп, 35 жылдар шамасында мұғалімдік қызмет атқарды. Қазір зейнеткер, Көкшетау қаласында тұрады.

Қалдыбаева Маида Ахметсафақызы
(*Мұзафардың кенже қарындасы*)

1952 жылы 20 қазан күні туған. Ол да №5 орта мектебінің түлегі, озат оқушы болып 1969 жылы бітірген. 1970 жылы Семейдің мемлекеттік медициналық институтына түсіп, оны 1976 жылы үздік бағалармен бітіріп, 34 жыл терапевт – кардиолог болған. Қазір зейнеткер, Алматы қаласында тұрады.



Мұзафардың балалары:

Мүсілім Мұзафаруұлы Семей қаласында 1969 жылының 1 қыркүйегінде дүниеге келген. №5 орта мектебін 1976 жылы бірінші сыныптан бастап ең үздік оқушылардың қатарында болып, мектепті 1986 жылы «Алтын медальмен» бітіреді. Сол жылы әкесінің жолын қуып, Семей мемлекеттік медициналық университетінің емдеу факультетіне оқуға түсті. Мұнда да оқу үлгерімі ең жақсы бағалармен ерекшеленді. Институтты 1992 жылы «Қызыл дипломға» бітірді, сол жылы осы мекеменің «Патологиялық анатомия» кафедрасында жұмысқа кірді. 1995 жылы дайындаған кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, медицина ғылымдарының кандидаты атағын алды. Берілген кафедраның меңгерушісі болып, 2008 жылға дейін қызмет атқарды, одан кейін Астана қаласының жаңадан салынған Ұлттық Республикалық медициналық ғылыми орталығындағы патоморфологиялық бөлімінің меңгерушісі болып істейді.

2013 жылы «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласының үздігі» атағына ие болды. Үйленген, екі баласы бар.



Мұғамар Мұзафаруұлы Семей қаласында 1973 жылы, 9 сәуірде туған. 1979 жылы 6 жасынан №5 орта мектебінің 1 сыныбына қабылданды. Мектепте үздік оқып, 1989 жылы оны «Күміс медальмен» тәмамдады. Мектепте оқыған кезде шахматпен кәсіби айналысып, көптеген қалалық, республикалық жарыстарға қатысқан болатын. Мектепті аяқтағаннан кейін Семейдің Технологиялық ет және сүт өнеркәсібі институтының экономикалық факультетіне түсті. Бұл институтты 1994 жылы «қызыл дипломға» бітіріп, «инженер-экономист» мамандығын алды. Сол жылы осы институттың, кейін Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің «Экономика» кафедрасында жұмыс істеді. 2011 жылы осы университеттің «Экономика» мамандығы бойынша магистратурасына түсіп, оны 2012 жылы бітіріп, экономика және бизнес магистры атағын алды. Бүгінгі күні Семей қаласының қазақ инновациялық гуманитарлы-заң университетінің «Қаржы және есеп» кафедрасының аға-оқытушысы болып қызмет атқарады. Үйленген, үш баланың әкесі.



Майра Мұзафарқызы дүниеге 1979 жылы, 29 тамызында келді. №5 орта мектебіне 1986 жылы барды. Мектепті 1996 жылы аяқтады. Мектепті бітірісімен Семей мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетіне түсті. Оны үздік студент ретінде 2002 жылы бітіріп, 2003 жылы интернатурада оқыды. Бүгінгі күні ол Семей қаласындағы облыстық ауруханаңың статистика бөлімінде қызмет етеді.



Сыздықова (*Қалдыбаева*) Амира Мұзафарқызы Семей қаласында 1982 жылы, 17 қаңтарында туған. Ол №5 орта мектебіне 1994 жылы түсіп, мектепті үздік оқып 1999 жылы бітірген. Сол жылы, ол Семей мемлекеттік медициналық институтына, оның педиатрия бөліміне түсеі. Институтты 2005 жылы аяқтаған. Бүгінгі күні, ол Семей қаласының емханасында дәрігер маман болып жұмыс істейді. Тұрмыста, 3 баласы бар.

Немерелері туралы Мұзафар төмендегідей ақбар береді:



Қанафин Ерден Ғабитұлы үлкен қызым Маржаннан туған тұңғыш немерем. Ерден кішкентай кезінен өзінің тәрбиелілігімен, зеректілігімен көзге түсті. Ол 1992 жылы 5 шілдеде туған. №5 орта мектебіне ол 5 жасынан 1997 жылы барды. Барған күннен бастап, үздік, үлгілі оқушылардың бірі болды. Бірнеше рет физика және математика пәндерінен облыстық, қалалық және мектепішілік олимпиадаларға қатысқан. Мектепті 2008 жылы үздік оқушылар қатарында болып тәмамдаған. Сол жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетіне түсу үшін ҰБТ-ден өтіп, грант иегері болды. Ол «Есептеу техникасы» мамандығына түсіп, университетті 2012 жылы «Қызыл дипломға» аяқтады. Қазір ол, Астана қаласының мекемесінде техник-бағдарламашы қызметінде жұмыс істеп жүр.



Қалдыбаев Махди Мұғамарұлы Семей қаласында 2002 жылы, 11 қаңтарда туған. Ол да атасының, әке және ағаларының жолын қуып, № 5 қазақ орта мектеп-гимназиясына 5 жасынан, 2007 жылы оқуға қабылданды. Қазір ол 6 сыныпта оқып жүр. Барлық сыныптарды үздік бітіріп, мақтау грамоталарымен марапатталды.



Сыздыкова Камилә Қанатқызы жиен-немерем 2003 жылы, 8 шілде айында туған. Бірінші сыныптан бастап №5 қазақ мектеп-гимназиясында оқып жүр. Қазір осы мектептің 4-ші сыныбында оқиды.



Қанафин Мағжан Ғабитұлы жиен немерем 2003 жылы 20 желтоқсанда туған. Алғашқы екі сыныпты №5 қазақ мектеп-гимназиясында оқыды. Отбасының қызмет бабымен көшуіне байланысты қазір Астана қаласында оқып жүр. Семейдегі мектебін, алғашқы ұстазын (Нұргүл мұғалімін) сағынышпен айтып жүреді.



Мұзафарова Мансура Мұғамарқызы немерем де №5 қазақ орта мектеп гимназиясында оқиды. Ол 2004 жылы, 30 тамыз күні туған, биыл 9-ға толады. Мектепке 6 жасынан, яғни 2010 жылы қабылданды. Алғашқы екі сыныпты үздік аяқтап, өте жақсы бағаларымен бізді қуантып жүр. Қазір 3 сыныпта оқып жүр.

Өзінің 90 жылдығын атап өтпекші сүйікті мектебіміздің мерейтойын бүтіл әулетіммен құттықтаймын! Мектептің ұстаздарына зор денсаулық, ұзын ғұмыр тілеймін, қиын да, қызығы мол, ауыр да

маңызы зор еңбектеріңізде үлкен табыстарға жетіңіздер! Осы мектептің түлегінің қатарында болған әулетім атынан үлкен алғысымызды білдерімін!

профессор Қалдыбаев М.А.

Ағайынды Дүйсенбаевтар – көрнекті ғалым-мамандар



Дүйсембаев Азат Ануарбекұлықазақтың белгілі ғалымы, нейрохирург, травматолог, профессор, медицина ғылымдарының докторы, Семей мемлекеттік медицина университетінің «Балалар хирургия» кафедрасының меңгерушісі. Қазақстанда тұңғыш рет қазақ тіліндегі «Балалар хирургиясы» оқулығының авторы.

Азат Ануарбекұлы Дүйсембаев 1946 жылы Семей облысы Абай ауданы Қарауыл ауылында туған. 1964 жылы Жаңасемейдегі 5 қазақ орта мектебін «Күміс медалға» бітірген Азат Ануарбекұлы 1970 жылы Семей мемлекеттік медицина институтына түсіп үздік диплом алады.

1970 – 1972 жылдар арасында Семей облысы, Бесқарағай аудандық емханасында дәрігер –хирург болып қызмет істеді.

1972 – 1974 жылдары Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатындағы медсанчастадәрігер – хирург қызметін атқарды.

1974 – 1978 жылдар аралығында Ташкенттегі дәрігерлердің білімділігін жетілдіру институтының аспирантурасын бітіріп, медицина ғылымдарының кандидаттық диссертациясын қорғады.

1987 – 1991 жылдары Курган қаласындағы Г.А.Илизаров атындағы травматология және ортопедия институтының докторантурасын бітіріп, сол жылы медицина ғылымдарының докторлық дисертациясын қорғады. 133 ғылыми мақаланың, 1 монографияның және 27 өнертабыстың (изобретения) авторы.

Азат нейрохирург және травматолог ретінде мыңдаған адамдардың өмірін сақтап қалды, әсіресе балалардың өмірі.

Азаттың ғылыми – практикалық тәжірибесі көптеген жерлердің халықаралық медициналық клиникаларында қолданылады: Украинада, Израильде, Германияда, Индияда, Пакистанда, Ресейде, әсіресе Мәскеу, Харьков, Казань, Самара қалаларында. Жолдасы Досщанова Рымкеш - жоғары білімді музыка маманы, Мәскеу қаласында мәдениет институтын бітірген. Қызы Гульмира әке жолын куған, медицина ғылымдарының кандидаты, кәсіпкер. Гульмираның жолдасы Талғат Зейноллаұлы кәсіпкер.

Екі немересі бар. Альинур Семей қаласындағы №6 гимназияның 8 сынып оқушысы, Альфараби 5 жаста.



Дюсембаев Аскат Ануарбекович родился 14 февраля 1948 года в г.Семипалатинск, в семье учителя. В 1966 году закончил средней школы №5.

В 1971 году окончил Семипа-латинский зооветеринарный институт.

В 1994 году очно окончил Всероссийскую Академию Внешней торговли в г.Москве, РФ. Специальность: экономист международник, ветврач. Ученая степень, звание: доцент университета «Кайнар» г.Алматы.С 1971 по 1991 годы работал ветврач Семипалатинской конторы ВО «Скотоимпорт», Зав.организационным отделом Жанасемейского райкома комсомола,Инспектором Жана-семейского районного комитета народного контроля, Инструктором Жанасемейского райкома Компартии Казахстана.

С 2009г. директор Издательства ТОО «Международное Агентство Подписки» (МАП) г. Алматы.

ДюсембаевАскатАнуарбекович – Выпускник Всероссийской Академии внешней

торговли (г.Москва) РФ, он сформировался как ученый экономист международник в Казахстане, России и СНГ своими публикациями в области международной торговли и экспортно-транзитного потенциала Казахстана и занимается научной работой в области международной торговли.

Аскат Ануарбекович хороший семьянин, вместе с супругой Шолпан Кабдрахмановной Самаевой, которая работает гл.менеджером ТОО «Международного Агентства подписки» (МАП) в г.Алматы, воспитал двух дочерей, старшая – Эльвира – окончила Семипалатинскую Государственную медицинскую Академию, ст.научный работник Республиканского центра кардиологии и внутренних болезней в г.Алматы, младшая – Эльнура - окончила факультет международных отношений Университета в г.Алматы., занимаетя издательской деятельностью.



Дюсембаев Қизат Ануарбековичродился 23 февраля 1950г. в селе Булак Семипалатинской области в семье педагогов Дюсембаева Ануарбека и Байбуловой Нагимы Муталлаповны.
Известный хирург-травматолог, ученик академика Г.А.Илизарова,
В 1967 году закончил 10 классов средней школы №5 г. Семипалатинска. В этот же год поступил на лечебный факультет Семипалатинского Мединститута, который закончил в 1973 году.
С 1973 г. по 1974 г. проходил интернатуру по травматологии при городской клинической больнице №1 Семипалатинска. После окончания интернатуры работал травматологом в поликлинике №3 и №1 ГКБ г. Семипалатинска.

Работая практическим врачом, в 1988 году успешно защитил кандидатскую диссертацию на тему: «Комплексное лечение сложных повреждений голеностопного сустава». Затем с 1987 по 1992 гг. работал ассистентом кафедры травматологии, ортопедии и ВПХ Семипалатинского Государственного медицинского института. В 1993 году был назначен директором опытно-экспериментального предприятия по протезно-ортопедическимизделиямв г. Семипалатинске.

В мае 1996 года защитил докторскую диссертацию на тему: «Профилактика деформирующего артроза и плоскостопия при сложных повреждениях голеностопного сустава». С января 1997 года работал на кафедре травматологии, ортопедии и ВПХ КазМГУ им. С.Д.Асфендиярова в должности доцента, а с января 1998 г. в должности профессора.

С января 2001 г. по 2007 г. работал в Национальном Центре проблем туберкулеза РК в должности заведующего отдела внелегочного туберкулеза.

За время работы в клинике внелегочного туберкулеза зарекомендовал себя как высококвалифицированный врач травматолог-ортопед, фтизиоостеолог, имел глубокие теоретические знания и большой клинический опыт.
Владел всеми методами сложных оперативных вмешательств на опорно-двигательном аппарате, являлся ведущим консультантом в Республике Казахстан по травматологии и ортопедии.
Внедрил новые способы хирургического лечения костно-суставного туберкулеза. Кизат Ануарбековичом проведены сложнейшие хирургические операции, спасены жизни тысячи пациентов.
Являлся автором 189 научных работ, в том числе 2 монографий, 60 изобретении и 15 рационализаторских предложении. Являлся обладателем бронзовой медали ВДНХ СССР и награжден значком «Изобретатель СССР», Заслуженный изобретатель СССР. Им подготовлено 5 кандидатов, 2 доктора медицинских наук. Вместе с супругой Гульжанат Жумановной воспитали двух сыновей,она много лет работала в Семипалатинском областном Национальном Банке РК, в настоящее время работает ст. преподователем по Банковскому делу в Университетах города Алматы.Старший сын Адлет Кизатович

продолжает дело отца- Кизата Ануарбековича, он кандидат медицинских наук, степендиат «Болашак» обучался по травматологии в известных медицинских клиниках Израиля, врач высшей категорий, работает заведуюшимостехирургическим отделением ГККП «Противотуберкулезный диспансер г. Астаны». Младший Талгат окончил юридический факультет Университета, работает юристом в г. Алматы. Имеет 4 внуков. Дюсембаев Кизат Ануарбекович скончался в апреле 2009 года.

Еңбегімен халық қуанышына бөленгендер



Кусаинов Тлеубай Зупанұлы 1946 жылы маусым айының 9-шы жұлдызы күні Семей облысы, Жаңасемей ауданы, Мұздыбай ауылында дүниеге келген. Әкесі - Тоқсанбаев Зупан, шешесі - Тоқсанбаева Рабиға.

1949 жылы отбасы Абыралы ауданы, «Еңбектес» колхозына қоныс аударып, «Атымтай Жомарт», «Дегелең», «Қарашоқы», «Тайлан» қыстақтарында 1953 жылға шейін малшаруашылықтарында болған. 1953 жылы маусым айында калонна автомашиналармен әскери адамдар бар колхозды түгелдей машинаға тиеп Қарағанды облысының шекарасына «Аршалы» деген жайлауға әкеліп қоныстандырды.

1949-шы жылдан 1953-ші жылға шейін жер үстінде жарылған «термоядерный», «сутегі» атом бомбаларының жарылғандары әлі есімізде.

Кейіннен колхозды таратқанда отбасымыз Абай ауданы, «Бірлік» колхозына келдік, мен «Маян» ауылында 1953-тен 1958 жылдар арасында бастауыш мектепті, колхоз орталығы «Қызылтас» ауылында 5-ші сыныпты оқып, 1958 ден 1961 жылға дейін «Қарауыл» орта мектебінде оқыдым.

Отбасының көшуіне байланысты 1961-ші жылдан 1963 жылға шейін Семей қаласындағы №5-ші қазақ мектебінде оқып, 1963 тен 1966 жылға шейін Семейдегі «Мал терісі мен шикізат дайындайтын» (заготовительный) техникумын бітіріп, 1966 жылы арнайы жолдамамен Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданында «Явленко» ауылында Райзаготконтарда директор орынбасары қызметінде болып, сол жылы әскер қатарына шақырылып, 1966 дан 1969 жылға шейін Прибалтика әскери округінде «Ракета заправшигі» әскери міндетін атқарған. Әскерде компартия қатарына өтіп, 1969 жылдан 1991-ші жылға шейін коммунист болған.

1969 дан 1971 жылға шейін Қалалық комсомол комитетінде жұмыс істеді.

1969 жылы үйленген, жолдасы - Кусаинова Гаухар Тайтөлеуқызы тіс дәрігері, қазір зейнетте. 1971 ден 1973 жылдар арасында Семей ет комбинатында мал қабылдаушы (мастер) болып істеген. 1971 ден 1976 жылдар арасында Зооветеринарный институтын сырттай оқып «Ученый зоотехник» мамандығын алған.

1974 тен 1977 жылдары зооветеринарный институтта ғылыми жұмыстар жүргізіп, студенттерге сабақ беріп, 1978 жылдары Жаңасемей ауданында «Знаменка» совхозында «Бас зоотехник» қызметін атқарған.

1977 - 1980 жылдары аспирантурада білім алып, 1980-1991 жылдары «Семей облыстық асыл тұқымды мал дайындау бірлестігінің» бас зоотехнигі болды.

1991 - 1996 жылдары «Архар» жекеменшік кәсіпорнының директоры болып,1996 жылдан бері зейнеткер.

2002 жылдан 2005 жылға дейін «Первомайский» кооперативтік жекеменшік пәтер кәсіпорнының бастығы.

1979 жылдан 1991 жылға дейін Семей қалалық партия комитетінің пдрткомиссия мүшесі болып,1980 жылдан бастап 1991 жылға дейін бастауыш партия ұйымының жетекшісі қызметін атқардым.

6 рет сайлау участкесіне басшылық еттім,Бірнеше дүркін қалалық, облыстық, республикалық мақтау грамоталарымен марапатталдым:

1970 жылы «В.И.Лениннің 100 жылдық» медалі.

1991 жылы «Ветеран труда» медалі. Значок «Ударник комтруда».

2005 жылы қалалық мәслихаттың алғыс хаты.

2007 жылы облыс әкімінің алғыс хаты.

2011 жылы «Қазақстанның 20 жылдық» медалі.

2013 жылы Семей қаласының әкімінің алғыс хаты.

Отбасыда 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп жеткізді, 11 немересі бар.

Бірінші ұлым Ермек ішкі істер министрлігінде істеп Полковник шенімен, қазір Астанада президент аппаратында қызметте, 2 баласы бар.

Екінші балам Қайрат ішкі істер органынан 2012 жылы зейнетке шықты. 3 баласы бар.

Үшінші балам Гүльмира жолдасымен бірге - кәсіпкер. 2 баласы бар. Жанара үлкен апайы Гүльмирамен бірге кәсіпкер, 2 баласы бар.

Бесінші балам Самат - заң қызметкері, 3 баласы бар.

Қазір Қусаинов Тлеубай ауыл ардагерлері «Ақылдастар» алқасының алқа мүшесі, «Абыралы - Дегелең» қоғамына да мүшесі. Үнемі облыстық, қалалық, республикалық газеттер бетінде мақалалары жарық көруде. Мейрамдарға қарсы телевидениелерде жастарды тәрбиелеу, Қазақстандағы діни ұйымдарының қоғамымызға тиер пайдасы мен зияны жөнінде дөңгелек столға қатысады.

Қаламызда өтіп жатқан шаралар мен жиындарға қатысып өз пікірлерін, ақыл - ойларын ортаға салады.



Сәрсекеева Рымгүл Сапақызы 1946 жылы Семей облысы Қайнар ауылында дүниеге келген. 1953 жылы орта мектептің 1 сыныбына түсіп, 1964 жылы Семей қаласындағы №5 мектепті бітірген. 1965 жылы Семей педегогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түсіп, ойдағыдай бітіріп шығады.

Алғашқы еңбек жолын өзінің туған аулында мектеп мұғалімінен бастаған Рымгул Сапақызы кейіннен отбасылық жағдайына байланысты Семей қаласына ауысып, қазақ темір жолының №12 мектеп-интернатында, №16 қазақ орта мектебінде жастарға білім беруде, әсіресе олардың бойына ұлттық тәрбие сіңіруде, көркем әдебиетке баулуда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушы және мектептің оқу ісінің меңгерушісі ретінде көп еңбек етті. 1987-1989 жылдары Павлодар облысының білім беру басқармасында қазақ тілі мен әдебиеті бойынша инспектор қызметін атқара жүріп, қала мектептері мен облыс аудандарында желтоқсан оқиғасынан кейінгі қазақ тілін көтеру мәселелеріне, қазақша іс қағаздарын жүргізу ісіне, қазақ мектептері мен бала-бақшаларын ашу жұмыстарына белсене араласады.

1990 жылы Семей қаласының педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы және осы жылы орыс топтарында қазақ тілін үйрету мақсатында алғаш ашылған практикалық қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады. Кейіннен педагогикалық, зооветеринарлық, технологиялық институттары бірігіп қайтадан Семей мемлекеттік университеті болып ашылған жоғары оқу орнында кафедра меңгерушісі болады. Кафедраның басшысы ретінде кафедрадағы білім алуға құштар жастарға ғылым жолына түсулеріне толық жағдайлар жасайды, оларға қамқор болады.

2000 жылдан «Қайнар» Семей университетінде декан, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады.

Рымгул Сапақызының алдынан білім алып, оның тәрбиесінде болған қаншама жастар қазір еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде, араларында бірнеше ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары бар. Жастарға тәлім-тәрбие, ғылыми бағыттар бере

жүріп, өзі де 40-тан астам ғылыми еңбектер мен оқулықтар жазды. Атап айтқанда, 1992 жылы орыс тобы студенттері үшін «Қазақ тілін үйренеміз», 1994 жылы «Қазақ тілін үйренушілерге көмек» (Семей қаласы), 2009 жылы қазақ филологиясының 1 курс студенттері үшін «Қазақ тілі» оқулықтары (Алматы қаласы) жарық көрді.

Сәрсекеева Рымгүл Сапақызы «Қайнар» университетінің доценті және оның бірнеше жылғы еліміздің болашағы- жастарды тәрбиелеудегі еңбегі елеусіз қалған жоқ, оның КСРО-ның «Еңбектегі ерен еңбегі үшін» медалі, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» төс белгісі және бірнеше рет облыстық, қалалық әкімдіктен алған мадақ қағаздары сияқты марапаттаулары осының айғағы болса керек.

Рымгул Сапақызы 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеген бақытты ана, олардан 11 немере көрген аяулы әже.



Несіптай Нұрымханұлы 1949 жылы ШҚО Абай ауданы Сарғалдақ (Тоқтамыс) ауылында туған. 1956 жылы 1 сыныпқа барып, 1966 жылы Семей қаласындағы №5 мектепті бітірген.
Сол жылы Семей Пед.институтына түсіп, 1970 жылы “физика” пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.
1970 жылы Абай ауданының Ж.Молдағалиев атындағы мектепте мұғалім болып , 1971 жылы әскери борышын өтеуге аттанған.
1972 жылы әскери борышын өтеп келіп, Абай ауданының Социалистік Қазақстан сегіз жылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, 1975 – 1979 оқу жылында сол мектептің директоры болған.

1979 жылы Ақбұлақ ауылдық Кеңесінің төрағасы болып сайланған. 1982 жылы Ақбұлақ орта мектебінің директоры қызметіне ауысқан. 1985 жылы «Халық ағарту ісінің үздігі» атанады.

Ал 1991 – 2003 жылдары Тоқтамыс ауылының әкімі болып қызмет істеп, 2003 жылы зейнеткерлікке шығып, Семей қаласына көшіп келіп, полигон зардаптары ауруынан ұзақ емделуде болып, 2008 жылы дүниеден озды.

Жұбайы Тұрсынжамал жоғары санатты, әдіскер ұстаз, 4 бала, 11 немеренің анасы. Қара шаңырақ иесі – кіші баласы – Арнұр әкесі бастап иелендірген «Нұр – Н» шару қожалығының басшысы.



Хасенов Ардахмет Ислямұлы №5 қазақ орта мектебінен мен де білім алып, 1974 жылы мектеп бітіріп, өмірге жолдама алып едім. Ол кезде Семей қаласында қазақ мектебі көп емес еді. Мектеп директоры Сағындықов Ержан болатын. Мен 10 «А» сыныбында оқыдым. Сынып жетекшіміз Байболова Фарида Юсуфовна еді. Сол кездерде химиядан Күләнда Түсіпжановна, физикадан Шамшинұр Тұрғанбаева, алғашқы әскери дайындық пәнінен Сәрсенбаев Ерлан Қасымұлы, орыс тілінен Нұржамал Момынжановна беріп еді, әрі ол кісі қатарлас 10 «Б» сыныбының жетекшісі болатын. Мектеп бітіріп, екі жыл Отан алдындағы борышымды өтегеннен кейін Жамбыл гидромелиоративті-құрылыс институтына түсіп, инженер-гидромелиоратор мамандығын алып шықтым. Қызмет жолымды жолдама бойынша Жаңасемей аудандық агроөнеркәсіптік білестікте (РАПО) мамандығым бойынша бастадым. Одан кейін Жаңасемей аудандық экология комитетінде, 1997 жылы Семей облысы тарағанға дейін Семей облыстық ауыл шаруашылық департаментінде қызмет еттім. 1992-1994 жылдар аралығында Жарқын ауылдық кеңесінің I шақырылымының депутаты, 1994-1997 жылдары Жаңасемей аудандық маслихаттың I шақырылымының баламалы (альтернативті) негіздегі депутаты болдым. «Жарқын» ауылында совхоз директоры қызметін атқардым. Одан кейінгі жылдарда сақтандыру саласында: «Казагрополис», «Мұнай сақтандыру

компаниясында», «ТрансОйл» сақтандыру компанияларында директордың орынбасары, «Атланта полис» сақтандыру компаниясының директоры қызметін атқардым. Қызмет еткен жылдарда заман ағымына байланысты қосымша білім сетификаттарын алдым: Кәсіпкерлікті дамыту орталығы Корпорациясының «Прагма» ЮСАИД, «The Choice» ЖШС-нің (ТОО) «Эффективные техники продаж» тренингіне қатысқаным үшін, «Программа развития малого бизнеса» тақырыбындағы тренингке қатысқаным үшін АҚШ-тың Канзас штатындағы Питсбург мемлекеттік университетінің сертификаты, «Mercury Projekt M», ЖШС-нің (ТОО) «Лидерство с элементами тимбилдинга» тақырыбында өткен халықаралық семинар-тренингтердің сертификаттарын алдым.

Өмірлік білім азығын берген өзімнің оқыған мектебімде өзімнің балаларымның да оқығанын қаладым.

Балаларымның барлығы да осы мектептің түлектері. Мектеп ұстаздарына, балаларымның сынып жетекшілеріне: Мұқанова Рысбике Мұқановна, Наурызбаева Гүлжанат Рахимовна, Хасенова Нұржыкен Слямовна, Тастекеева Гүлжан Серікқазықызына алғысымыз шексіз.Барлығы да мектепте алған тиянақты білімдерінің арқасында жоғарғы оқу орындарын бітіріп, бүгінгі күнде бір-бір мамандық иесі. Үлкен ұлым Нұрахмет пен кенже ұлым Ерахмет ішкі істер бөлімі саласының мамандары, офицер болса, ортаншы ұлдарым Балахмет пен Биахмет кәсіпкерлікпен айналысуда.

Бүгінгі күнде 90 жылдық мерейтойын тойлап отырған мектебімізге Қазақстанның жарқын болашағын құратын, болашақ «Қазақ мемлекетінің» лайықты азаматтарын көптеп тәрбиелеп шығара берсін деп, тілек айтып, мектеп ұжымына, аяулы ұстаздардың қиын да, құрметті еңбектеріне табыс тілейміз.



Кәкімов Ерғали №5 қазақ орта мектебінің 1975 жылғы түлегі, бүгінде зейнеткер, милиция подполковнигі өзінің естелігінде; «мектеп – ұрпақ – ұстаз үшеуін бөліп-жарып қарау мүмкін емес, - дейді. Бұлар бір-бірімен бірлескен, тұтас. Сондықтан, мектеп – алтын бесік болса, ұрпақ – қоғамның, ұлттың болашағы, ал, ұстаз – сол ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеуші, болашақ өмірге даярлаушы».

Құрметті оқырман! Мен естелігімді осылай бастауды жөн көрдім. Өйткені адам өмірінде ата-анадан кейін, ерекше орын алатын мектеп пен ұстаз екені барлығына мәлім. Бұл естелікке түрткі болған осы мерейтой қарсаңында мерекеге дайындық комиссиясының өкілі мектепті ертерек бітіргендерден естелік жинап жатырмыз, Сізде солардың біреуісіз. Оның үстіне өзіңіз де, балаларыңыз да осы мектепті бітіріпті деген соң, қолыма қалам алдым. 56 жылдай өзім оқыған мектебім, мұғалімдерім, кластастарым туралы есімде қалғанын жазайын деп отырдым.

90 жыл, тарих үшін аз уақыт емес. І ғасыр осы өткен мезгілде мұнда кімдер оқымады, кімдер жұмыс істемеді дейсіз. Ол жағын тек архив біледі. Міне, осыған байланысты архивті көтергенде 20-шы жылдардың аяғына таман бұл мектепте елімізге танымал ғалым-Абайтанушы, жазушы Қайым Мұқаметханов оқыпты. Сол кезде бұл мектепте атақты балуан қазақты бұрынғы кеңес одағы түгіл бүкіл жер жүзіне танытқан Дәулет Тұрлықановтың атасы ақын – Тұрлықан директор болып істепті. Оған дәлел, ол кісі ақын болғандықтан атақты музыка зерттеуші А.Затаевич Семейге келгенде қайықпен өтіп келе жатып Тұрлыханмен танысады. Ол кісі Затаевичке қазақтың 5-6 өлеңін жазып беріпті.

Мен бұл мектепке 1954 жылы ауылды жерде 6 класс бітіріп 7 класқа келіп түстім. Сол кезде Ертістің сол жағы, бүкіл Жаңа-Семейде бір ғана қазақ мектебі болған. Сол осы

№5 қазақ орта мектебі. Ол кезде ол қазіргі экономикалық лицей орналасқан 2 қабатты кішкене ғимарат болатын. Мектеп жалғыз болғандықтан мұнда Жаңа-Семейдің бір шеті ылғи қазақ тұратын Жоламан ауылынан келсе, екінші шеті қазір «Бобровка» деп жүрген ол кезде «Қайық ауызы» деген Ертістің төменгі жағында орналасқан елді мекендерден келетін. Мен келген жылы мұнда жеті жылдық болған. Келесі жылы 7-ні бітіргендерден бірталайы техникум, училищеге кеткен. 8,9,10 кластар 3-тен болды. Осындай жағдай ескі Семей жақта да болды. Ол жақта 2-ақ қазақ мектеп №26 Затон аумағында, және қаланың ортасында «Казкрай» деген жақта №16 қазақ орта мектеп, ал орыс мектептері көп және олар қаланың ықшам аудандарында орналасқан. Осының өзінен орыстандыру саясатының сол кезден басталғанын сезуге болады. Бала саны азайып, 8 класс саны 3-еу болды, мен мектепті бітіргенше 8«В» класында оқыдым. Біздің 8 кластағы сынып жетекшіміз үйленген жас жігіт Рамазан Дүкенбаев деген мұғалім болды. Ол бізге математикадан сабақ берді. Өзі өнерлі, сенбі демалыста Абай театрында артист болып істейді. Өте қабілетті еді. Сол мұғалім бізбен таңертеңнен кешке дейін жұмыс істегендіктен ол еңбегі нәтижесін берді. Мектептегі жоғары кластардан ең ұйымшылы, тәртібі жақсы, мектептің қоғамдық жұмысына белсене қатысатындардың барлығы біздің кластан болды. Сол ұйымшылдық қарым-қатынас өмір бойы жалғасып, өміріміздің мәні болып қалды. 1997 жылы мектепті бітіргенімізге 40 жыл толуын атап өттік. Сол кезде класс жетекшіміз Р.Дүкенбаев тірі мектеп директоры Т. Жумановта бар еді. Біз олардың барлығын шақырып, мектепте кездесу өткізіп едік. Бірге оқыған достармен байланыстамын.Қазақ тілі қоғамында қоғамдық жұмыс атқара жүріп, қазақ мектептерінде кластар санын, мектептер санын ашу туралы жанашырлықпен көптеген отырыстарда мәселелер көтердім.Ол нәтижесіз де емес, қазір сол жағалауда кезінде жалғыз қазақ мектебі болған №5мектептің қатарына бірнеше мектептер қосылып, ұрпақтарымыз өз ана тілінде білім алуы қуантады. Бүгінде бастауыш мектептен мамандандырылған мектеп мәртебесіне жеткендігі біз үшін үлкен мақтаныш.

Ұлым Ескендірде осы мектептің түлегі. Мектепті бітірген соң оған Украинадағы Чернигов қаласындағы Әскери авиация училищесінен шақыру қағазы келді. Бірақ медкомиссиядан өтпегендіктен, Семейдегі технология институтының «автоматика» мамандығын беретін инженер- механик оқуына түсті. Қазір Республикалық банкте техникалық қолдау банкомат жүйесі басқармасының бастығы болып қызмет істейді



Мен, **Дускужанов Серіққан Мерекеұлы** 1939 жылы Жаңасемей ауданында дүниеге келдім. 1947 жылдан 1956 жылға дейін №5 мектепте оқып, 1957-1994 жыл аралығында “Жүн өндеу” фабрикасында еңбек еттім. Мектеп қабырғасында тәрбие мен білім берген ұстаздарымның арқасында бақытымды еңбектен таптым. Ұрпақтарымды да еңбекке баулыдым. 1959 жылдың 13 мамырында осы мектептің түлегі болған Рахимова Жәкенмен шаңырақ құрдым. Бүгінде Жәкен екеуміз екі ұл, екі қызды тәрбиелеп, жоғарғы білімді тамамдаған ұлдарымызды ұяға, қыздарымызды қияға қондырып жетістіктері мен жемістеріне тәнті болып отырмыз.

Тұңғыш ұлым - Әсетхан Серікқанұлы 1960 жылы туған. Жоғары білім оқуын тамамдап, шаңырақ құрған. Бүгінгі күнде елімізді көркейтіп, жандандырып отырған азаматтардың бірі. Қазірде, ол Судорем заводында бас директор, Қалалық маслихаттың депутаты, 3 баланың әкесі.

Ортаншым, Әсемқан Серікқанұлы СемАЗ заводында бас директор, облыстық маслихаттың депутаты. Жұбайы Сәуле «Азия» фирмасының бас директоры. Баласы Еркінбек Қытайдан оқуын бітіріп, қазырғы уақытта Алматыда кәсіпкер болып істейді.Екінші баласы Дәулет «Азия» фирмасында жұмыс істейді.

Бірінші қызым, Анар Серікқанқызы 1966 жылы дүниеге келді.Ол Владивосток қаласында медицина институтын тамамдап, қазіргі күнде Алматыда тұрады. Жолдасы полковник, 4 баласы бар.

Екінші қызым, Жанар Серікқанқызы 1970 жылы туған, жеке кәсіпкер. Екі баланың анасы. Жолдасы Рашид СемАз заводының директоры.

90 жылдық тарихы бар шежірелі білім ордасының өнегелі өмірі ұстаздармен, түлектермен тікелей байланысты. Сондықтан оқыған мектебімізді жасымыз ұлғайсада есіміздің шығармаймыз. Мектеп түлегі ретінде бірнеше жыл бұрын кластас достарымызбен кездесіп, ұстаздарымызбен жүздесуді ұйымдастырдық. Өкінішке орай бүгінде сол адамдардың көпшілігі арамызда жоқ. Көп жылдан соң мектепте өткен жүздесуде достарымыздың, олардың бала шағаларының елімізді өркендетуде қосқан еңбектері ерен екендігін естіп, білдік. Бүгінгі ұрпақта туған жерінің, туған елінің түлегі ретінде ел азаматтары болсын, оның іргесін берік ұстасын деп тілеймін.



Құрманбай Марат Серікжанұлы 1961 жылы Семей қаласында көпбалалы отбасында дүниеге келген. №5 орта мектепті 1979 жылы бітіріп еңбек жолын ет-консерві комбинатында бастаған. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеген соң бұрынғы жұмыс орнына оралды.

1985 жылы Жоламан кентінің көше комитетінің төрағасы болып сайланды. 1989 жылдан 1993 жылға дейін Семей қалалық кеңесінің депутаты болды. Осы жылдары Жоламан кентінде алғашқы қазақ орта мектебінің салынуы туралы көтерген мәселе оң шешімін тауып, бүгінде №21 орта мектепте бір мыңнан астам қазақ балалары білім нәрімен сусындауда. 2004 жылы № 21 сайлау округі бойынша Семей қалалық мәслихатының депутаттығына сайланды. Бүгінгі күні Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты.

Марат Серікжанұлы өзі оқыған білім ордасы №5 мектепке де қашанда көмек қолын созып отырады. Оқушылардың ақпараттық сауатын жетілдіруде, мектепте информатика кабинетін ашып, компьютермен жабдықтады. Сабақ берген ұстаздарына деген өз қамқорлығын, құрметін қашанда назардан тыс қалдырмайды. Осы кітаптың баспадан шығуына тікелей ат салысуы оның туған еліне, оқыған мектебіне деген тағзымы деп білуге болады.

1987 жылы политехникумды, 1994 жылы Мемлекеттік басқару академиясын «Экономист» мамандығы бойынша, ал 2001 жылы Қазақ Мемлекеттік заң академиясын «Заңгер» мамандығы бойынша бітірген.

1991 жылдан бизнеспен айналысады. «Гранит» кооперативінде делдал болып жұмыс істеді, кейіннен «Олжа» деп аталған өз фирмасын ашты, фирманың негізгі міндеті – жабық базардың құрылысын аяқтап, пайдалануға беру болатын. 1993 жылдан «Семей Базары» ЖШС президенті. Ал, 2008 жылдың 2 маусым айынан бастап «Семей Базарының», «АҚШЫҢ» КОРПОРАЦИЯСЫ» деп атауының өзгеруіне байланысты, «Азамат» күзетқызметін, «Семей Вет» ветеринарлық лабораториясын, «Жан Жақ» кешенін, «Жаңа Құрлыс Сервис» компаниясын, «АҚШЫҢ» дәріханасын және сауда орталығын біріктірген «АҚШЫҢ» КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ» президенті.

Құрманбай Марат Серікжанұлы «Нұр Отан» партиясының атынан Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутатығымен қатар, Қазақстан Республикасы сауда кәсіпорындары мен қызмет көрсету саласы қауымдастығының вице-президенті, ШҚО кикбоксинг және тай бокс Федерациясының және «Абыралы-Дегелең» қоғамдық қорының президенті.

Қазақстанның саясаты мен экономикалық өркендеуіне қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен үш мәрте марапатталған. Шығыс Қазақстан халықтарының тарихи, мәдени және рухани мұрасын дамытуға қосқан

үлесі үшін «Алғыс» медалінің, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астанаға 10 жыл», экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі жеткен табыстарына «Ерен еңбегі үшін» медалдарымен марапатталған. Шығыс Қазақстан облысы бойынша «2003 жылдың үздік меценаты», 2008 жылы «Білім меценаты» деп танылып, жыл сайынға «Ізгілікті ниет» марафонына белсенді қатысқандығы үшін Шығыс Қазақстан облысы бойынша мейірімділік саласында «Жыл адамы» деп танылып облыс әкімінің Дипломы мен қайырымдылық кубогін алды. Бүгін де Марат Серікжанұлы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт қайраткері» және «Семей қаласының Құрметті азаматы» атағын иеленді.

Марат Серікжанұлының меценаттық танытуының негізінде Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық тойы қарсаңында «Шәкәрімтану мәселелері» атты 5 томды, сериялық ғылыми жинақ, «Киелі Қобыз құдыреті», «Ядролық сынақ аймағы кеше және бүгін», «Туған жерге тағзым», «Төлеужан Ысмайыловқа 80 жыл», «Тәбәрік» атты және тағы да басқа көптеген кітаптарды шығартумен қатар, түрлі қоғамдық және қайырымдылық жұмыстарымен тұрақты айналысады. Мұқтаж жандарға қол ұшын беріп, қоғамдық ұйымдар мен қорларға, ардагерлер Кеңесіне, сәбилер мен балалар үйлеріне, спортшыларға, мектептерге, ұлттық орталықтарға, мәдениет және ғылым қайраткерлеріне үнемі демеушілік көрсетіп жүрген қазақ меценаты.

АДАМНЫҢ АДАМШЫЛЫҒЫ ЖАҚСЫ ҰСТАЗДАН БАСТАЛАДЫ



«Барлық істің басшысы –
білім мен ұғым»
Ж.Баласағұни

...Қалдырған ізің мәңгілік,
Жадымда тұрар жаңғырып,
Ұстазым менің, ұстазым...»

Теледидардан немесе қазақ радиосынан осы ән айтылған кезде адам боп қалыптасуыңа аянбай маңдай терін төккен, қоғамнан өз орныңды табуыңа ықпал етіп, үлкен өмірге жолдама берген ұстаздарыңды еріксіз еске түсіресің. Бақытты балалық, алаңсыз өткен адам өміріндегі ең қымас та қызықты шақ – оқушылық кезең деп білемін.

Мен 1976-1979 жылдар аралығында 8-9-10 сыныптарда №5 қазақ орта мектебінде оқыдым. 1979 жылы «А», «Б», «В» және «Г» сыныптарынан барлығы - 127 түлек мектебімізден үлкен өмірге қанат қақтық. Ол жылдары Ержан Сағындықұлы кейіннен, Елеш Сүлейменұлы мектеп директоры болды. Ержан Сағындықұлы – темірдей тәртіпті талап ететін, өз ісіне өте жауапты маман ретінде, ал Елеш Сүлейменұлы оқушы болсын, мұғалім болсын өзімен терезесі тең адамдай қабылдайтын, білері көп, биязы, сыпайы қалпынан танбайтындығымен есімде қалыпты.

Оқу орнымызда сол кездегі барлық мектептердегідей басқа пәндермен қатар өндірістік оқу ісі де қоса жүрді. Яғни, мектеп аттестатымен бірге қосымша мамандық алып шықтық. «Токарь, фризировщик, тігіншілік, құрылысшы» сияқты мамандықтар бойынша куәлік берілді. Осындай еңбек нарығында көп байқала бермейтін, қоғамға

қажетті мамандықтардың әр тетігін бұрап үйренген жас жеткіншек, мектеп бітіре сала өзінің ел үмітін арқалағанын, үлкен жауапкершілікті мойнына алғанын сезінді деп ойлаймын. Бұл сол жылдардағы әр жеткіншектің ойында кетті.

Осы мектепте оқыған 4 жылда сынып жетекшіміз Айтжан Шакенқызы еді. Айтжан апай алгебра пәнінің мұғалімі болатын. Шәкірттеріне аса мейірімді, сөзіне берік, шыншыл мінезді, өнегесі асыл, пейілі дарқан, байламы берік, ойы өткір ұстазымызбен анамыздай сырласатынбыз. Сыныптастарымыздың көбі өмірден өз орындарын биіктен тауып қаланғандығы да осы адамның арқасы деуге болады.

Сол сияқты, Қауия Искакова, Тоты Күмісбекова, Шәкизат Ербосынова, Жұмағазы Станбеков, Күлән Түсіпжанова, Валентина Орынбаевна, Шәмшинұр Тұрғанбаева сынды пән мұғалімдерімнің қызықты өткен сабақтарын, өздеріне тән дағдылары мен мінездерін әлі ұмытқан жоқпын. Себебі, мұғалім - мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі.

Кезінде көздері жаудырап алдарында отырған шәкірттер ертеңгі ел басқаратын, ғылымның тылсым сырын ашатын, қоңыр даланың сазын самғататын немесе ақылдың нұрымен суарып кітап жазатын еліміздің ертеңгі қожалары екенін қалтқысыз таныған ұстаздарымызды, мектеп ұжымын 90 жылдық мерейлі мерекелерімен құттықтаймын.

Қазақстанның алдында бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан көріну міндеті тұр. Бұл өз кезегінде ұстаздардың мойнына екі есе жауапкершілік жүктейді. Себебі, ертеңгі күннің қоғамдық-саяси, экономикалық мәселелерін шеше білетін білімді де білікті ұрпақты тәрбиелеу сіздердің қолдарыңызда, құрметті ұстаздар! Білім берудің күрделі міндеттерін рухани бай, педагогикалық дарыны бар, шығармашылық, кәсіби тәсілдерді жетік меңгерген және жаңалыққа құштар жан-жақты тұлға ғана шеше алады. Сіздердің осы бағыттағы еңбектеріңіз жана берсін! "Ұстаз бақыты - озып туған шәкірті" десе, аттарыңызды Ай-әлемге паш ететін талантты да білімді шәкірттеріңіз көбейе берсін!

Семей қалалық мәдениет Сарайының директоры,
Қазақстан Республикасы мәдениет саласының
үздігі –Иманбаев Нұриден Құсманұлы



Мектеп - білім бұлағы

Тухпиев Сембек Алдашұлы Мектеп - білім бұлағы, өмір жолы. Бұл жолға түспейтін, бұл жолдан өтпейтін адам кемде кем. Өйткені, осы жолдан өткен адам мектеп берген білім мен тәрбиенің нәтижесінде әлем кеңістігінің қыр сырын біледі. Біліп қана қоймайды, оны одан әрі тереңдете түсу үшін үлкен өмір арнасына жол тартады. Ал осы жолға баланы дайындайтын, ақыл- ой парасатын жетілдіретін- «Алтын ұя» мектеп.

Ақсуат ауылы — туған жерім, туған топырағым. Дәл осы өңірде, 1968 жылы, ең алғаш мектеп табалдырығын аттадым. Алайда, 1974 жылы отбасымызбен Семей қаласына көшіп келдік. Жоламан ауылына тұрақтадық. Ауылдан келген соң Семей қаласындағы №5 қазақ орта мектебіне 7 «В» сыныбына қабылдандым. Құшағын жая қарсы алған ұстазым Айтжан Шакенқызы болатын. Ол сыныбымыздағы жоламандық балалармен қатар мені де қанатының астына алды. Балалық шақ бәрінен де ыстық. Сол кездердегі мектеп пен үйімнің арасындағы жолдың бәрі балалық кезімді еске салады. Себебі, мен достарыммен бірге жолдың алыстығына қарамастан, жаяулатып, ойнап, күліп қайтатын едік. Марат Құрманбаев, Дүйсебаев Тұрсынғали, Ағыбаев Ақан, Иманбаев Нұриден, Бекетаев Серік, Қылышев Адай, Керейханов Сләмбек міне, осы адамдар менің сол кездегі дос-сыныптастарым. Қазір барлығы әр салада қызмет атқаруда.

Біздің ең жақын досымыз ақылшымыз, тәрбиешіміз жамандығымызды жасырып, жақсылығымызды асырған қамқоршымыз болған, әрине, сынып жетекшіміз-Айтжан Шәкенқызы. Ол кісінің жақсылығы, ақылы біздің өмір бойы жадымызда сақталады. Қазақ

әдебиетін жадымызға тоқытып, шығармашылыққа баулыған Зәйра Сләмбекқызының да орны мен үшін де, барлық оқушылар үшін де ерекше болатын.

Біздің кезімізде мектепте «дружина советі», «комсомол комитеті» жұмыс жасады.Оған қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, сабақты жақсы оқитын оқушылар ғана қабылданатын. Ең қызығы - оқушыларды пионерге, комсомолға қабылдау сәті болатын. Бұл оқушылар үшін үлкен мейрам еді. Салтанатты шараларға дайындалу біздерге жауапкершілік жүктейтін. Мектеп өміріне белсене араластық, слеттерге, спорттық жарыстарға қатысатынбыз. Мектептің қабырға газетінің суретшісі-редакторы болып жүретінмін. Сол талпынысым болашақ мамандық тандауыма да септігін тигізді.

«Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» демекші, оқушы болсақ та қаламыздың көркейюіне өз үлесімізді қостық. Қазіргі М.Әуезов даңғылы бойында жайқалып тұрған ағаштар соның дәлелі. 9-шы сыныпта оқып жүрген кезіміз еді. Лениндік сенбілік болып, пионерлер мен комсомолдар, осы көшеттерді отырғыздық. Сол еңбегімізді бүгінде балаларымызға, немерелерімізге мақтана айтамыз. Осындай игі істер жалғасын тапса екен деймін.

1979 жылы мектеп бітіріп, барлығымыз арман қуып жан-жаққа кеттік. Мен Отан алдындағы боршымды өтеуге әскер қатарына шақырылдым. Ресейдің Томск қаласында 2 жыл азаматтық борышымды өтеп,1981 жылы желтоқсанда оралдым. Еңбек жолын «Қағаз комбинатында» бастап, 1984 жылы отбасын құрдым. 1985 жылы мен өзімнің арманымды жүзеге асыру мақсатымен Семей педагогикалық институтының көркем графика



күндіз сабақ оқып, кешке жұмыс істеп, 2 диплом алып шықтым.

Жолдасым Мырзакасимова Анар Мақсұтханқызымен осы №5-ші мектепте бірге оқыдық. Анар ол кезде педагогикалық училище бітіріп, №5-ші қазақ орта мектебінде аға вожатый болып жұмыс істеп жүрген. Сол себепті болар, үйлену тойымыз да 19 мамыр - пионерлер күні болғаны. Анар таңертең слетке қатысып, алғашқы рет мектебіміздің пионер ұйымына ”оң қанатты дружина”аты берілді, грамотамен марапатталды. Жолдасымның куанышында шек болмады. Кешке тойымыз болды. Шаңырақ құрғанымызға биыл 30 жыл, үш бала тәрбиелеп отырмыз.

Үлкен ұлымыз Данияр осы мектептің түлегі. Айтжан Шакеновнаның оқушысы, қазір Kaspi bank бөлімшесінің меңгерушісі. Жолдасы Әселмен отау көтеріп, бізге Әлижан атты немере сыйлады.

Екінші ұлымыз Ильяс та осы мектепте оқып қазір ҚазЕНТУ студенті. Сынып жетекшісі Каленова Куляйым Серікбайқызы.



Кішкентай Рауатымыз осы мектептің 4-ші сыныбында оқиды. Сынып жетекшісі Төлеубекова Мейрамгүл Керейбайқызы. Рауат көркем гимнастиканың II разраяд атағының иегері. Абай, Шәкәрім өлеңдерін сүйіп оқиды, оқу озаты.

Ал өзім көркемдеуші дизайнер қызметін атқарамын. Қаламыздың, еліміздің көркеюіне өз үлесімді қосудамын. Бүгінде түлеп ұшқан шәкірттері өмірден өз орындарын тауып жатса, бұлда ұстаз бақыты деп білемін. Мектебіме, ұстаздарға, бірге оқыған оқушыларға мектебіміздің 90 жылдық мерекесі құтты болсын демекпін.



Тастекеевтер де әулетімен № 5 мектеп түлектері

Тастекеев Серікқазы Мәлікұлы 04.04. 1938 жылы Семей қаласында дүниеге келдім. №5 мектепте оқып білім алдым. Абай ауданында жол бөлімінде мастер болып істеп, Семей Еткомбинатына ауысып жұмыс істедім.

№ 5 мектептің оқушыларға жүйелі білім беретіндігін білгендіктен, өзім білім алған мектептен өз ана тілдерінде білім алғандарын жөн

көріп, балаларымды осы мектепке бердім. Киелі ордада тәлім-тәрбие, білім алған балаларым иманжүзді, қайырымды, еңбекшіл болып өсті.



Тастекеева Рымкеш Мәлікқызы (1948-1984)№ 5 мектептен 8 - сыныпты аяқтап, Семейдің бухгалтерлер техникумын бітірді. Қарағанды кооператив институтынан жоғарғы экономист - қаржыгер мамандығын алады. Еңбекті қатардағы кассир болып бастады. Рабкоопка бухгалтер, Абай аудандық тұтынушылар қоғамының бас бухгалтері болып тағайындалып өмірінің соңына дейін адал қызмет етті. Аудандық партия комитетінің мүшесі, Социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, «Совет саудасының үздігі»белгісімен марапатталған. Жас бухгалтердің облыс деңгейінде іс-тәжірибесі таратылып, облыстық финанс бөлімінің «Құрмет тақтасынан» орын алды. Сол салада жұмыс істей жүріп, от-басы төмен жанұяларға көп көмек көрсеткен. Әлі күнге дейін көзін көрген адамдар ризашылығын білдіріп жатады.



Тастекеева Раушан Мәлікқызы 27.10.1957 жылы жұмысшы жанұясында дүниеге келді. Раушан Мәлікқызы 1970-1972 жылдары № 5 мектептен білім алып, Семей қаласының Медициналық институтына түсіп, медицина саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарып келеді. Зейнеткерлік демалыста, Алматы қаласында тұрады.



Тастекеев Әділғазы Серікқазыұлы 1968 жылы 21 наурызда Семей облысы Абай ауданында Қарауыл ауылында дүниеге келген. Бірінші сыныпты 1974 жылы № 5 орта мектепте бастады. Мектепте оқып жүрген кезінде гимнастикамен айналысып, мектеп оқушылары арасында болып тұратын жарыстарда жүлделі орындар иегері. Қазіргі кезде жеке кәсіпкер.

Тастекеев Еділғазы Серікқазыұлы 10.05.1970 жылы Семей облысы Абай ауданы Қарауыл ауылында дүниеге келді. Семей қаласындағы № 5 мектепте бірінші сыныпты 1976 жылы бастады. Дене шынықтуру мұғалімі Борисов Владимир Григорьевичтің жетекшілігімен мектеп оқушыларының спортқа деген сүйіспеншілігі артты.Еділғазы және бірнеше мектеп оқушылары спортпен айналыса бастады. Еділғазы қалалық, XIV,XV облыстық спартакиадаларда I, III орындарды иеленіп жүрсе, Республикалық жеткіншектер спорттық ойындарында I-II орындарға 1987-1988 жылдары ие болды. 1987 жылы оныншы сыныпты аяқтап Қостанай қаласындағы Педагогикалық Институтының физкультура факультетінің студенті аттанды. Он жеті жасында Бадминтоннан СССР «Спорт Шебері» атағын иеленді. Институтты тамамдап Семей қаласындағы Спорт мектебіне жаттықтырушы болып орналасты. 1991оқу жылынан № 5 мектепте дене шынықтыру пәнінен мұғалім болып қызмет атқарып, жас жеткіншектердің спортқа деген әуестігін оятты.





Тастекеев Шалқар Серикқазыұлы 1976 жылы дүниеге келдім. Алғаш рет сыңғырлаған алғашқы қоңырауды 1982 оқу жылында

№5 мектептің табалдырығын аттағанда естіп, алғашқы ұстазым Дарияш Ахметкалиевнаның дауысын мәңгі жадымда сақтап қалдым. Адам қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да, өмірдегі ең ұмтылмас сәттер болып мектепте өткізген уақыт қалады екен. Мектепте біз шынайы дос табамыз, білім алып, өмірді үйренеміз. Мектеп бізге тірек беріп, жылулық пен бақыт сыйлайды. Мектепте өткен уақыт адам өміріндегі шаттыққа толы кездер. Дәл осы кездер есімізде ең жарқын естеліктер болып қалады.

Соңғы сабақ бітісімен мектептен оқушылар үйлеріне қайтуға асықпай, мектептің спорт залына қарай жүгіретін. Онда өзінің еңбек қорлығымен таңғы алты жарымнан кешкі он бірге дейін оқушылардың ортасынан Борисов Владимир Григорьевичті көруге болушы еді. Бос уақыты бола қалса, доп жамап, гимнастика құралдарын жөндеп, оқушылардың спортқа деген құштарлығын оятып қана қоймай, спорт мүліктеріне ұқыптылықпен қарауға үйретті. Владимир Григорьевич өз мамандығын жақсы көргендігі соншалықты Алматыдан апайыма поляк, словак тілдеріндегі оқу-әдістемелік құралдарын алғызып, соны аударып оқушыларды сол кезде еуропа мемлекеттерінің әдіс-тәсілдерін қолданып, спортқа жаттықтыратын.

«Әр адамда ұшқын бар,сол ұшқынды жандыра біл» деген Сократтың нақыл сөздерін Владимир Григорьевич әр оқушының санасына жеткізуде, өз мүмкіншілігін танып білуге және лаулап жануына жол аша білді деп ойлаймын. Мектеп спортсмендері жоғары нәтижелер көрсетіп, аудан, облыс, республикалық деңгейлерден көрінді. Ұстаздың еңбек еткен уақыт аралығында Манкеновтар, Мамажановтар, Жампеисовтар, Оразалиндер сияқты жанұя болып спортқа әуестенсе, Егізбаев Сейсен, Тастекеев Еділ спорт шеберлері атанды. Мектепте оқып жүрген кезінде 2 сыныптан шахматқа қатысып ересектер арасында 1 дәрежелі разрядка иелендім. Сонымен қоса бадминтонмен әуестеніп, СССР мемлекетінің көптеген қалаларына бүкілодақтық жарыстарға барып, спорт шеберінің кандидаты атандым. Бұл менің мәпелеп өсірген әке-шешемнің, ақылшы ұстазымның, алтын ұям-мектебімнің еңбегі.Мектебім маған үлкен өмірге жолдама беріп, үлкен өмірге дайындап, алдыма үлкен мақсаттар қоюға, асқар асуларды бағындыруға үйретті.

1992 жылы мектепті алтын медальға бітіріп, Семейдің мемлекеттік технология институтының экономист, инженер мамандығын 1997 жылы бітірдім. Қазақстанның саясаты мен экономикасының өсуіне үлес қосу мақсатында бизнеспен айналысып, өз фирмамды аштым. Мектеп қабырғасында өткізген әрбір күн, әрбір қырық бес минут балалық шағымның балғын уақыты болып қала бермек. Мектеп «үлкен отбасы, ұстазымыз біздің ақылшымыз, анамыз, сыныптастарымыз жақын досымыз».



Акимжанов Қуаныш Сабырұлы 09.06.1992 жылы Семей қаласында дүниеге келді. Бірінші сыныпты №5 гимназия мектебінде 1999 бастады. Мектепте волейбол секциясына қатысып, қалалық, облыстық жарыстарға қатысып жүлдегер атанып жүрсе, суда жүзуден бірнеше рет облыста I –II орындарды иеленген. Алматы Энергетика және Байланыс Университетінің 3 курс студенті.



Акимжанова Назерке Сабырқызы 11.08.1995 жылы Семей қаласында дүниеге келіп, № 5 гимназия мектебінде 4 сыныптан бастап оқыды. Студенттер мен оқушылардың әр түрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларына белсене қатысушысы, жүлдегері. Халықаралық интеллектуалды ойындардың жеңімпазы. Мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысып, сынып ұйытқысы. Шет тілі пәнінен қалалық, облыстық олимпиада жеңімпазы. Бос уақытын спортпен ұштастырғанды ұнатады. Мектепішілік

волейбол командасының мүшесі, бірнеше рет қалалық жарыстарда 1-2 орындарды иеленді. Осы жетістіктері үшін «Қазақстан болашағы» атты жинаққа аты енгізілді. 2013 жылы өткен оқушылардың республикалық ғылыми-практикалық жобалар сайысының қола жүлдегері, мемлекеттік грант иегері. Қазырғы уақытта Алматы қаласында Техникалық инновациялық университетінің студенті.

Жас ғалым-мамандар

Ағайынды ғалым - Жүсіповтер



Жүсіпова Гүлназ Қуандыққызы 1969 жылы наурыздың 14 күні Семей қаласында дүниеге келді. 1986 жылы №5 қазақ орта мектебін, 1992 жылы Алматыдағы Әл-Фараби атындағы Қазақтың Мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы факультетін бітірген.

1996 жылы Павлодардың Мемлекеттік университетінің Қазақ тілі практикумы кафедрасында оқытушы болып жұмыс істеді. 1998 жылы наурыздың 27-сінде «М.Ж.Көпейұлы дастандары» атты тақырыпта филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін сәтті қорғап шығады.

Жүсіпова Гүлназ Қуандыққызы - 2001 жылы «Жас ғалым» атты мемлекеттік стипендиясының иегері.

2003-2004 жылы жарық көрген Мәшһүр Жүсіптің көп томдық шығармалар жинағының 3,4-томын, 2005жылы «Шайтанның саудасы» атты екі томдық таңдамалы шығармалар жинағын құрастырып, оны араб жазуынан аударып, ғылыми түсінік жазып, әзірлеген Гүлназ Қуандыққызы - 50-ге жуық ғылыми еңбектердің, «Мәшһүртану белестері» атты монографияның, екі оқу құралының авторы.

Қазіргі уақытта Инновациялық Еуразия университетінде профессор қызметінде «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарына дәріс оқып келеді.



Жүсіпов Нартай Қуандықұлы 1987 жылы Семейдің №5 - қазақ орта мектебін күміс медальмен бітірген. Сол жылы Семей қаласының Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтына оқуға түседі. Кеңес әскері қатарында 1988-1989 жылдары болып келгеннен кейін институттағы оқуын жалғастырады. 1990 жылы Алматыдағы Әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық мемлекеттік университетіне ауысып, университетті 1994 жылы «үздік» дипломмен бітіреді. Н.Қ.Жүсіпов «Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің фольклоршылық еңбегі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды.

Ол өз ұжымында беделі бар, жанұясында құрметті, 8 баланың әкесі.

2008 жылдан бастап С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

Қазіргі таңда қазақтың белгілі ақыны, философы, тарихшысы, фольклортанушысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көп томдық (20 томдық) шығармалар жинағының және « Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы энциклопедия сының » редакциялық алқасының мүшесі, сондай-ақ аталған көп томдықтың 5, 6, 7, 11, 20 томдарының құрастырушысы, араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктемелерін беріп баспаға әзірлеушісі болып табылады.



Жүсіпов Ертай Қуандықұлы – оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Білімі: 1989 жылы Семей қаласындағы №5 мектепті күміс медальға бітірді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университеті (1994) Иранист-филолог, парсы тілі мен әдебитінің, қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы. Аудармашы.

Ғылыми еңбектері:
«Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені». Ұлт тағлымы. № 1 (2002)
Ізбас қажы». Сарыарқа самалы. № 68 (13305) (2001)
Е.Қ.Жүсіпов. «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы ислам дәстүрі». Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 50 жылдығына арналған «Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына жоғары педагогикалық білім беруді реформалау: тәжірибе, проблемалар және перспективалар» тақырыбындағы өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. «ЭВЕРО» ЖШС. (2001)
Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің "Қажымұқан" атты поэмасы 2002 жылы тұңыш рет жас ғалым Ертай Жүсіповтың әзірлеуімен павлодарлық "Сарыарқа самалы" газетінде жарық көрген.



Жусупова Лаура Қуандыққызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор.
Білімі: 1990 жылы Семейдегі №5 мектепті «Күміс медальға», Семей педагогикалық институтитутын бітірді.
2002 жылы «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» үлгілері-тарихи дерек көзі ретінде» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.
Ғылыми еңбектері:
1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2004ж., 1-серия, 2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (Қазақ тарихы) - Павлодар, 2006ж., 9-шы том, 366 б. 3. Историческое наследие М. Ж Копеева // Вестник ПГУ, 2005г. №1, с.18-22 .
Тарихтану, Қазақстан тарихы, Мұрағаттану сабақтарын жүргізеді.
Ғылыми зерттеу жұмыстары:деректану, тарихнама.



Жусупов Естай Қуандықұлы— тарих ғылымдарының кандидаты, Павлодар Мемлекеттік университеттің доценті.
Білім: 1992 жылы Семейдегі №5 мектепті «Алтын медальға»бітірді, 1996 жылы Семей Мемлекеттік университетінде тарих факультеті бойынша бітірді. 2000 жылы «М. Ж. Көпейұлы және оның жазбаларындағы тұлғалар» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.
Ежелгі және Орта ғасыр тарихы, Қазақстан тарихы, Евразия тарихы, Мұрағаттану, Қазақстанның Жаңа тарихы сабақтарын жүргізеді.
Ғылыми еңбектері: 140 ғылыми еңбектері және 3 монография. 1. Мәшһүр Жүсіп тарихшы, Павлодар 2002, Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп шығармалары, 8 том Павлодар 2006, Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп 10том Павлодар 2006.
Наградтары, дипломы, сертификаты: 2000 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы университет ғылыми кеңесі медалімен марапатталды
Ғылыми зерттеу жұмысы: 18-19 ғасырдағы Қазақстан тарихы,қазақ шежірелері, тарихи тұлға.



Мусина Қорлан Рысханқызы 1968 жылы 9 қарашада туған.
1982-1985 жылдар аралығында № 5-ші қазақ орта мектебінде оқып, мектепті алтын медальға бітірген. Оқып жүргендегі класс

жетекшілері: 7-ші класта – Ербосынова Шакизат Хасановна, 8-10-шы кластарда орыс тілі және әдебиеті мұғалімі Султанова Алия Бердалиевна болған.

Мектеп қабырғасында үздік оқуымен дараланып, мектеп комсомол комитетінің хатшысы қоғамдық жұмысын атқарған. Жоғарғы оқу орынын инженер–экономист мамандығымен бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар.
Қазіргі уақытта «Кәсіпкерлікті дамыту қоры» Акционерлік қоғамында,
Оқыту және сервистік қолдау департаментінің бас менеджері қызметін атқарады.



Мусин Ерлан Рысханұлы – 1971 жылы дүниеге келдім. 4 сыныптан №5 орта мектепте оқып, 1989 жылы алтын медальға бітірдім.
Сынып жетекшілерім: Раиса Бажанқызы, Мұрат Берікқазыұлы болды.
1989 – 1994 жылдары Мәскеу қаласындағы «Серго Орджоникидзе» атындағы институтты «Қала шаруашылығындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша бітірдім.
1995 – 1997 жылдары Қазақстанның менеджмент институтында экономика және болжау мамандығын оқып, MBA дәрежесін алдым.
2001жылдан бастап сертификатталған бухгалтерлердің Қауымдастығының мүшесімін.

Әр түрлі лауазыммен, бірнеше компанияларда көптеген салалар бойынша қызмет жасап келдім:

- ●PricewaterhouseCoopers;
- ●Schlumberger;
- ●Казахстан темир жолы.

Қазіргі уақытта «Schlumberger» компаниясының филиалындаҚазақстандық саланыдамыту бағыты бойынша директор қызметін атқарамын.



Сулейменова Айнаш Елеусізқызы 1966 жылы Семей қаласында дүниеге келді. 1974 жылы Семей қаласындағы № 5 орта мектептің бірінші класына қабылданып, 1984 жылы осы мектепті алтын медальға бітірді.
1984 жылы Алматыдағы Қазақтың мемлекеттік университетінің химия факультетіне химия емтиханын «5»ке тапсырып, студент болып қабылданды. 1989 жылы университетті бітіріп, мемлекеттік жолдамамен, қаладағы мемлекеттік медициналық институттың химия факультетіне оқытушы болып қабылданды. Онда 2 жыл жұмыс жасап, 1991 жылы аспирантураға қабылданды.

1993 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. 2001 жылы бітірген тақырыбы бойынша доценттік дипломын алды. 2003 жылдан 2007 жыл аралығында химия кафедрасының меңгерушілік қызметін атқарды. 2003 жылы Семей қаласындағы Қайнар университетінің ағылшын бөлімін бітіріп, дипломын алды.

2007 жылдан бастап, Астанадағы Гумилев атындағы Евразия университетінің биология факультетінде қызмет жасайды, ғылым кандидаты, доцент.

Отбасы: Жолдасы сыртқы ортаны қорғау министрлігінде жұмыс атқарады. Ади атты ұлы өсіп келеді.



Сүлейменова Айжан Елеусізқызы 1971 жылы 21 ақпанда Семей қаласында туған.
1989 жылы №5 қазақ орта мектебін күміс медальмен бітірген. Екі жоғары білімі бар. 1993 жылы Семей мемлекеттік педагогикалық институтын «Ұлттық мектептегі орыс тілі мен әдебиеті», 2009 жылы

Қайнар (Семей) университетін «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірді.

1993 жылдан 2005 жылға дейін № 42 қазақ орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 2005 жылдан № 27 жалпы орта білім беретін мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2009 жылдан осы мектептің директоры болып қызмет жасайды.



Сейсенова Алмагүл Дәулетқазықызы 1971 жылдың шілде айының 1де Алматы қаласында дүниеге келген. Тұрмыс құрған, екі ұл баласы бар.

1978 жылы Семей қаласындағы № 5 қазақ орта мектебінің 1 – сыныбына барып, 1988 жылы аталған мектепті Алтын медальмен тәмамдады.

1988 жылы Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіндегі «Ұлттық мектептегі орыс тілі мен әдебиеті» бойынша оқуға түсіп, 1993 жылы үздік бітіреді.

Еңбек жолын Қазақ Мемлекеттік Сәулет-Құрылыс Академиясының қазақ тілі кафедрасының ассистенті ретінде бастады (1993–1995жж.). 1995-1998 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Жалпы тіл білімі кафедрасының жанында аспирантураның күндізгі бөлімінде оқыды. 1998 жылы «Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салыстырмалы талдау» атты тақырыпта қазақ тілінде кандидаттық диссертация қорғады.

1998 жылы Алматы қаласындағы «Әділет» Жоғары Құқық мектебінің лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, доценті (1998 ж. желтоқсан айынан бастап) болып қызметін жалғастырды. «Мемлекеттік тілде іс жүргізу», «Заңгерлік іс жүргізу», «Заңгерлерге арналған қазақ тілі» атты арнайы курстардың бағдарламаларының авторы ретінде оларды сынақтан өткізіп, студент-заңгерлерге арналған қазақ тілін оқытуға арналған CD-бағдарламаның авторларының бірі болып, заңгерлік мамандық бойынша аспиранттар, ізденушілер мен магистранттардың қазақ тілінен кандидаттық минимум тапсыруына арналған бағдарламаны дайындап жасады.

Сейсенова Алмагүл Дәулетқазықызы Халықаралық Бизнес Университетінің жанындағы Жазғы Тіл мектебінің академиялық деканы (2002 жылдың сәуір – тамыз айлары) болып қызмет етті. Бұл қызметі барысында шетел азаматтарына қазақ және орыс тілдерін меңгертіп, бағдарламалық тұрғыдан қамтамасыз етті және бұл үдерісті басшы ретінде ұйымдастырды.

2004 жылы Юриспруденция Академиясы – «Әділет» Жоғары құқық мектебіне оқуға түсіп, оны 2006 жылы Юриспруденция мамандығы бойынша үздік дипломмен тәмамдады. Заңтану саласы бойынша (әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, құқық қорғау, халықаралық, зияткерлік құқық, еңбек құқығы, әлеуметтік қамсыздандыру т.с.с.) ресми материалдар мен құжаттарды қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне жетік түрде аударып, басылымға ұсынды.

2007 жылы Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жанындағы Арнайы педагогика бойынша ғылыми-зерттеу институтына қызметке ауысты. 2008 жылдың қаңтар айында аталмыш мекеменің Арнайы педагогика бойынша ғылыми-зерттеу институтында «Қазақ тілінде оқитын мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнайы білім беру» зертханасын ашып, жұмысын ұйымдастырды. Жоғарыда ресми атауы көрсетілген зертхананың меңгерушісі ретінде Алмагүл Дәулетқазықызы арнайы білім беру үдерісін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету және мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік тұрғыдан қоғамға кіріктіру мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының ғылыми жетекшісі болып табылады.

Сейсенова А.Д. қазақ тілі мен этноелтану, салыстырмалы тіл білімі мен қазақ тілінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері, тіл мен мәдениеттің өзара әсері мен байланысы, мүмкіндіктері шектеулі балаларды құқықтық қорғау және әлеуметтік тұрғыдан қолдау мәселелері бойынша 80-нен астам ғылыми зерттеулердің, оқу-әдістемелік еңбектердің авторы.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сейсенова А.Д. әртүрлі жастағы балаларға арнап өлеңдер мен әңгімелер шығарумен әуестеніп, Социалистік Еңбек Ері, педагогика ғылымдарының кандидаты, ұлағатты ұстаз Рафиқа Бекенқызы Нұртазинамен шығармашылық ынтымақтастықта болып, нәтижесінде мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы қазақ және орыс тілді балаларға арналған танымдық, сөйлеу тілін дамыту және тіл меңгерту мақсатындағы кітаптар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жазып, басылымнан шығарды. Сол еңбектердің біреуі және бірегейі «Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын!» кітабы үшін Тәуелсіз Платиналы Тарлан сыйлығының лауреаты атанды.

Сейсенова А.Д. Ашық Қоғам және Сорос-Қазақстан Қорларының «Құқық және денсаулық» атауы бар бірлескен жобасының «Денсаулық сақтау саласындағы адам құқықтары» атты практикалық нұсқаулықтың қазақ тіліндегі нұсқасының ғылыми кеңесшісі. Әлеуметтік қызметкерлер, мүгедектер мен еріктілердің қауымдастығының («ӘҚМЕҚ» ҚБ-і) заңгер-кеңесшісі, «Әлеуметтік жұмыс – әлеуметтік қызмет» журналының редакциялық алқасының мүшесі.

Сейсенова Алмагүл Дәулетқазықызы халықаралық бағдарламалар бойынша жасалған жобалардың авторы ретінде мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар дайындаған Ережелер, Стандарттар мен ресми құжаттардың сараптамашысы әрі кеңесшісі болып қызмет атқарады. Қоғамымызда қазіргі кезде өзекті мәселелер бойынша ұйымдастырылып, өткізілетін телебағдарламалар мен телешоулардың сарапшысы ретінде түрлі арналарға жиі шақырылады, қоғамдық жұмыспен белсенді түрде айналысады.



Айтова Жанар Жұмабекқызы 1972 жылы Семей қаласында дүниеге келген. 1989 жылы Семей қаласының № 5 мектебінде 10 сыныпты аяқтайды. Сынып жетекшілері орыс тілі пәнінің мұғалімдері Бектембаева Раиса Башанқызы, Макурсанов Мұрат Берікқазыұлы. № 5 орта мектепте оқып жүрген кезеңінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша облыстық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

1994 жылы Шәкәрім атындағы Семей педагогикалық институтын бітіргеннен кейін арнайы жолдамамен аталмыш оқу орнының қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушы болып қызметке орналасады.

1995-1998 жылдары қазіргі Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде 10.01.02- қазақ әдебиеті мамандығы бойынша аспирантурада білім алады. 2008 жылы әл- Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Әсет Найманбайұлының белгісіз шығармаларының тақырыптық-көркемдік сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған. «Алашқа атым шыққан Әсет ақын», «Әсет ақын» атты монографиялық ғылыми еңбектердің авторы. «Әлем әдебиетінің тарихы», «Қазақ тілі» оқу құралдарын жариялаған. АҚШ, Монғолия, Қытай елдерінде және Қазақстандағы ғылыми басылымдарда 50 шақты ғылыми мақалалары жарық көрген.

Ата-әже, ата-ана жолын жалғастырған ұлы Рымқанов Әлішер бүгінгі күні осы Шәкәрім атындағы облыстық үш тілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектептің 5 сынып оқушысы. Оқушылардың Республикалық Зерде ғылыми жарыстарының мектепішілік, қалалық деңгейінде психология пәні бойынша 1 орын, облыстық деңгейде жаратылыстану пәні бойынша жүлделі 3 орынды иеленген. 9-халықаралық олимпиадада негізгі пәндер (математика) бойынша 1 орын, 8- халықаралық олимпиадада биология пәні бойынша 3 орынға ие болған. Облыстық инттелектуалдық

«Айналайын», «Ақбота» конкурстарында жүлделі 1-2 орындарды иеленіп, мақтау қағаздарымен марапатталып келеді. Сонымен қатар, Тәуелсіздіктің -20 жылдығына байланысты өткізілген «Үздік 20 сурет» акциясы бойынша үздік аталынып арнайы мақтау қағазымен марапатталған.



Ботабаева Айнұр Серікжанқызы 1978 жылы 8 қаңтарда Семей қаласында дүниеге келді. 1985 жылы №5 орта мектептің 1-ші сыныбына оқуға келіп, 1995 жылы мектеп-гимназияны үздік бітірді. Мектепте оқып жүрген кезінде мектептің қоғамдық өміріне белсене араласты. Биология пәнінен қалалық, облыстық, 10-11 сыныпта екі жыл қатарынан республикалық олимпиадалардың жүлдегері болып, 1995 жылы Семей мемлекеттік медицина институтының жалпы медицина факультетіне емтихансыз қабылданды. 2001 жылы Семей мемлекеттік медицина академиясының емдеу факультетін қызыл дипломға бітіріп шықты. Интернатураны бітіргеннен кейін 2002–2005 жылдары Семей мемлекеттік медицина академиясының Шығыс Казақстан Облыстық халықтың денсаулығын қалпына келтіру клиникалық орталығының ревматологиялық бөлімінде ординатор-дәрігер қызметін атқарды.

2005-2008 жылдары Семей мемлекеттік медициналық академиясының №1 ішкі аурулар кафедрасында аспирантурада оқып, кандидаттық диссертациясын жазды. Семей қаласындағы ересек тұрғындарының арасында остеопороз және остеопороздық сынықтардың таралуы және оның алдын алу шаралары тақырыбы бойынша диссертациясын қорғап, 2009 жылы медицина ғылымдарының кандидиаты ғылыми атағын алды.

2008 жылдан бері Семей мемлекеттік медицина университетінің ішкі аурулар кафедрасында ассистент. Емдеу және педагогикалық қызметтерді атқаруда.



Ботабаев Еділ Серікжанұлы 1979 жылы 25 тамызда Семей қаласында дүниеге келді. 1986 жылы №5 қазақ орта мектебінің 1-ші сыныбына оқуға келіп, 1996 жылы мектепті бітірді. Сол жылы Семейдің мемлекеттік медицина институтына оқуға түсіп, 2002 жылы бітірді. Интернатураны бітіргеннен кейін 2003-2009 жылдары арасында Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан Облыстық медици на бірлестігінің хирургия бөлімшесінде хирург-дәрігер қызметін атқарды.
2007 жылы Израильде Тель-Авив университеті базасындастажировкаданөтті. 2004-2009 жылдар аралығында диссертациялық жұмыспен шұғылданып, 2009 жылдың 9 шілдесінде «Хирургическое лечение послеоперационных вентральных грыж» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысын сәтті қорғады. Медицина ғылымдарының кандидаты. 11 баспа жұмысы жарыққа шығып, Қазақстан Республикасының 4 патент иегері.

2009-2010 жылы Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми медицина орталығында кардиохирург, 2011жылдан бастап Ұлттық медициналық холдинг Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығында дәрігер-кардио хирург қызметінде. Жолдасы Мира екеуі Әкежан атты ұлын тәрбиелеуде.



Молдаханова Жанар Амангелдіқызы – 1983 жылы Семей қаласындағы №5 мектеп – гимназиясын, 1993 жылы Медициналық академияны бітірді.Қазырғы уақытта Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығында – емхана меңгерушісі.

2010 жылы «Состояние репродуктивной системы у больных с единственной маточной трубой» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап медицина ғылымдарының кандидаты атағына ие болды.



Накишева Махаббат Кенжеханқызы – 2000 жылғы мектеп түлегі, үздік аттестат иегері.
Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті заң факультетінде «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасында аға оқытушы.
2004 жылы жоғарғы оқу орынын бітіріп, 2006 жылы магистр атағына ие болды.
2013 жылы 30 қыркүйекте №1302 бұйрықпен 6Д030100 – құқықтану мамандығы бойынша философия докторы ғылыми атағы берілді.

Өнер биігін бағындырған түлектер



Сақалов Самат Сыпатайұлы - 1990 жылдан мектепте дене тәрбиесі және арап тілі пәндерінен сабақ беріп, терме үйірмесін жүргізді.Сол кездерде көз алдымызда өсіп тәлім-тәрбие алған, тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан һәм мектеп табалдырығынан ән шырқап көпшіліктің көзайымына бөленген, өнерпаз түлектеріміз жетерлік. Атап айтқанда Бекболат Тілеуханнан дәріс алған «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері дәстүрлі әнші Берік Омаров.Консерваторияда Қайрат Байбосыновтан дәріс алған, бүгін де Шалқар радиосында «Ұшқын», «Күміс көмей – жез таңдай», «Сырымды айтам» хабарларын жүргізуші, әнші Гүлшат Тәкежанова. «Дара» деп ат қойып ән додасында өзіндік жол салған эстрада әншісі Нұргүл Нұғыманова. Өнер жолында эстрада мен дәстүрлі әншілікті қатар тізгіндеген «Шабыт» және «Шәмші Қалдаяқов» атындағы халықаралық фестивалдың лауреаты, «Жас Қанат» республикалық фестивалдың дипломанты, Әміре, Әсет, Естай, Майра атындағы байқаулардың жүлдегері, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Гүлдана Ноғайбаева. Айтыс өнерінде шашасына шаң жұқтырмас, арынды да, арқалы айтыскер ақын Сара Тоқтамысова.Бұлардың бәрі де ел мақтанышына айналған №5 мектептің түлектері.



Омаров Берік Құдайбергенұлы 1975 жылы 1 қаңтарда ШҚО (бұрынғы Семей) облысы Аягөз ауданы «Овцевод» ауылында дүниеге келген.
1982-1992 жылдары Семей қаласының Шәкәрім Құдайбердиев атындағы орта мектебін, 1993-1997 жылдары Алматыдағы Өнер академиясының дәстүрлі ән класын бітірген. Ол әйгілі әнші, сазгер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Бекболат Тілеуханның шәкірті.
Еңбек жолын Семей қаласындағы облыстық Әміре Қашаубаев атындағы филармонияда 1997-2000 жылдары әнші болып қызметін бастады. 2000-2005 жылдары Семей қаласындағы өндіріс орындарында («Каполиграф» ААҚ, «Семейцемент» ААҚ) мәдени іс-шаралар жөніндегі аға маман болып қызметтер атқарды.

2005 жылдың наурыз айынан бері Семейдегі облыстық «Еураз-шоу» ән театрында солист әнші болып қызмет атқарып келеді.

Берік Омаровтың орындауындағы Біржан салдың әні «Бурылтай», Жарылғапбердінің әні «Топай көк», Ақан серінің әні «Балқадиша», Шашубайдың әні «Аққайың», Сегіз серінің әні «Қарғаш», Мұхамеджанның әні «Жиырма бес» қазақ радиосының «Алтын қорына» жазылып алынған

Ол «Хабар» телеарнасының арнайы шақыртуымен «Алтыбақан» бағдарламасында, «Қазақстан-1» телеарнасының шақыртуымен «Дала думан», «Жеті саз», «Ауылдың алты ауызы» бағдарламаларында ән шырқады.

1998 жылы 1-ші Республикалық Ж.Елебеков атындағы байқаудың дипломанты, 1999 жылы Республикалық «Шабыт» фестивалінің лауреаты.

2000 жылы Республикалық «Жаңа ғасырға – жаңа ән» байқауының,

2001 жылы 1-ші Республикалық К.Әзірбаев атындағы байқаудың лауреаты. 2002 жылы Ә.Қашаубаев атындағы 5-ші Республикалық байқаудың дипломанты. 2004 жылы Т.Рахимовтың «Нені аңсаймын» атты 1-аймақтық байқауының, 2004 жылы Ә.Найманбаев атындағы 3-ші аймақтық байқауының, 2007 жылы «Абай әлемі» Республикалық ән байқауының, 2008 жылы Жаяу Мұса, Естай, Майра әндеріне арналған «Ертіс әуендері» атты Республикалық фестивальдің, 2008 жылы Уәйіс әндерінен өткен дәстүрлі әншілер байқауының лауреаттары болды.

Мектеп табалдырығындағы алғашқы ұстаздарым: Рузия Сағадиқызы мен Дәрияш мұғалім. Жоғарғы сыныптағы ұстазым Гүлжанат Рақымқызы.

Домбыра үйреткен ұстазым Қабидолла. Алғаш домбырамен ән айтуды үйреткен ұстазым Рысқайша мұғалім.

Мектеп қабырғасында «Ән-терме үйірмесіндегі» өнерге баулыған ұстаздарым: Самат Сыпатайұлы, Нағима Қауысқызы.

Оралбаева Меруерт Қалибекқызы 1974 жылы 20 тамызда ШҚО, Күршім ауданы, Ақши ауылында дүниеге келген. 1981-1991 ж.ж Қаратоғай ауылының орта мектебінде оқыған. 1992-1996 ж.ж Алматы қаласындағы «Ж.Елебеков» атындағы республикалық эстрада-цирк колледжін бітірген.

Ол дәстүрлі әнші, профессор, мемлекеттік сыйлықтың иегері Қ.Байбосынов пен ҚР мәдениет қайраткері Р.Стамғазиевтың шәкірті.

Еңбек жолын ШҚО-тық Ә.Қашаубаев атындағы Семей мемлекеттік филармониясында бастады және ШҚО-тық «Еураз-шоу ән театрында» әнші, Семей қалалық «Жас жұлдыз» балалар-шығармашылық орталығында ұстаздық қызмет атқарған. Үш баланың анасы



Құдайбергенов Дарын Берікұлы1996 жылы 5 қазанда Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында дүниеге келген.

2003-2012 ж.ж Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын МДБМ-нде оқыған.

2006-2012 ж.ж Семей қаласыдағы №2 балалар музыка мектебінде арнайы домбыра класын оқып бітірген.Қазір Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер Университетінде домбыра факультетінің 2 курс студенті. Бірнеше байқаулардың жүлдегері:

2009 жылы: 43-ші Рес. Жас музыкант байқауының лауреаты (1-орын);
2010 жылы: Рес. Music form Kazakhstan байқауының лауреаты (1-орын);
2010 жылы: Рес. Махамбет оқуларының жүлдегері (2-орын);
2012 жылы: Рес. 46-шы Жас музыкант байқауының лауреаты (БасЖүлде);
2012 жылы: Рес. Ахмет Жұбанов ат. байқаудың лауреаты (2-орын);
2013 жылы: Халықаралық Жас Өнер байқауының лауреаты (Бас Жүлде).



Құдайбергенова Бота Берікқызы – 2003 жылы 14 наурызда ШҚО, Семей қаласында дүниеге келген.

2009 жылдан бастап Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп оқушысы. 2010 жылы қалалық «Ерке айым» байқауының жүлдегері; 2011 жылы «Көңілім әнді ұғады» атты Абай, Шәкәрім әндерінен өткен конкурстың лауреаты (1-орын);

2011 жылы Облыстық интеллектуалдық «Малахит» байқауының жүлдегері (1-орын); 2011 жылы Облыстық интеллектуалдық «Айналайын» байқауының жүлдегері (2-орын); 2012 жылы Облыстық интеллектуалдық «Малахит» байқауының жүлдегері (1-орын); 2012 жылы IX халықаралық олимпиаданың жүлдегері (1-орын); 2012 жылы Жас зерттеушілер шығармашылық жобалары «Зерде» қалалық кезеңінде -1-орын иеленді.



Гүлдана Рахымбекқызы Ноғайбаева 1979 жылы 3 шілдеде Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылында өнерлі отбасында өмірге келген. Білімі жоғары. Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік университеттің қаржы мамандығы бойынша үздік, сонымен қатар Семей мемлекеттік педагогикалық институтын музыка мамандығы бойынша жоғарғы оқу орнын бітірген. Гүлдана эстрада мен дәстүрлі домбырамен ән айтуды бірге алып жүрген өнерпаз. Оның репертуары өте кең, ауқымды, қазақтың халық әндерін, қазақ халық композиторларының және кәзіргі сазгерлердің туындыларынан тұрады. Г.Ноғайбаева көптеген Республикалық және Халықаралық конкурс байқаулардың жеңімпазы болды. Атап айтсақ 1998 жылы Шымкент қаласында өткен Халықаралық Шәмші Қалдаяқов атындағы әншілер байқауында 1 – орын, 1999 жылы «Татар жыры» - 99 байқауында лауреат, 2002 жылы халықаралық Шабыт фестивалінің лауреаты, 2002 жылы Естай атындағы Республикалық конкурстың және Ескендір Хасанғалиев атындағы байқаудың жеңімпазы, 2006 жылы Әсет Найманбаев атындағы, 2007 жылы Майра Уәлиқызы атындағы аймақтық әншілер байқауының лауреаты, 2011 жылы Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылар конкурсында лауреат, 2012 жылы Нартай Бекежанов атындағы әнші, жыршылар конкурсында дипломант атанды, 2012 жылы Республикалық Әсет Найманбаев атындағы конкурстың лауреаты.

Г. Ноғайбаева көптеген Республикалық деңгейдегі концерттерде өнер көрсетіп, Республикалық телеарналардан және радиодан жиі беріліп, көрсетіліп жүр. Ол бірнеше мәрте Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың алдында өнер көрсетіп, ыстық ықыласына бөленген.

Г.Ноғайбаева әр жылдары облыс өнер майталмандары құрамында Ресейдің Москва, Барнауыл, Новосібір қалаларында, Түркияда, Қытайда, Монғолияда,Татарстанда сонымен қатар еліміздің барлық облыстарында өнер көрсетті.



Өнер жолында үнемі жетістіктерге жетіп жүрген әншінің «Бейбіишілік», «Би күйі», «Қуаныш» атты күйлерімен қоса «Қыз ғұмыр», «Ақ бөкен», «Аттың сыны» атты авторлық әндері де бар.

2013 жылы Г.Ноғайбаева Мәдениет министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» атағын алды және «Мәдениет пен өнерді дамытуға қосқан үлесі үшін» облыс әкімінің сыйақысын жеңіп алды.

Әубәкіртегі Қарлығаш Әділханқызы – 1986 жылы 21 шілде де ШҚО, Жарма ауданы, Көшек ауылында дүниеге келген. Жас кезінен өнерге жақын болып өскен ол Семей қаласындағы

Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясында оқып, оқушы кезінен бастап көзге түседі. Әр түрлі жарыстарға, олимпиадаларға, ән-терме сайыстарына қатысып, ең алғаш 8-сыныпта оқып жүрген кезінде қалалық оқушылар айтысына қатысып 2-ші орын, сонан соң облыстық оқушылардың ақындар айтысына қатысып 2-ші орын иеленеді. Айтыста ерекше сөзаптасымен көзге түскен ол аймақтық, облыстық және республикалық айтыстарға қатысып үнемі гран-при жулделі орындарды иеленеді және айтыскер ақын ретінде халыққа таныла бастайды.

2003 жылы мектепті үздік бітіріп, сол жылы Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік университетіне филология мамандығы бойынша тегін оқуға түсіп, өнер саласындағы қызметін әрі қарай жалғастырып ол республикалық ақындар айтысында көптеген жүлделі орындарды еншелейді. 2006 жылы «Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл», «Өнер адамы» атты Жүрсіннің жүлдесі айтысына, Алматы құрылыстың 50- жылығына арналған айтыста, 2011 жылы Қызылорда қаласының 180 жылдығына арналған т.б көптеген республикалық айтыстарда бас бәйгені қанжығасына байлады. Жазба ақындар мүшайрасына да қатысып дипломат атағына ие болған. 2011 жылы Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік университетінің филология мамандығы бойынша магистратурасын үздік бітірген ол қазіргі таңда Астана қаласындағы Еуразия Ұлттық университетінің филология мамандығы бойынша PhD-докторантурасына оқуға түсіп сол жерде білім алуда. Отбасын құрған Аружан, Хақназар, Айсана есімді үш баланың анасы.

Тоқтамысова Сара Советханқызы 1986 жылы 29 наурызда қазіргі ШҚО, Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылында дүниеге келген.

Әкесі Тоқтамысов Советхан Қалмұханбетұлы, шешесі Ақшалова Шакербану Асқарқызы. Сара 2003 жылы Семей қаласындағы №5 гимназия-мектебін тәмәмдаған. 2003 жылы Семей қаласындағы Семей педагогикалық институтқа түсіп, 2008 жылы филолог оқытушы мамандығын үздік дипломмен алып шығады. 2001 жылы 23 ақпанда алғаш қолына домбыра ұстап, қалааралық оқушылар айтысына қатысып, бас жүлдені иеленді. Ары қарай облыстық , республикалық айтыстарға жолдама алды. 2001 жылдың мамыр айында облыстық оқушылар айтысынан 1 орын алған. Кішкентайынан өнерін ұштай түскен ақын қыз, көптеген белестерден өтіп, 2003 жылы Жүрсін Ерман ұйымдастырған республикалық «Тілім менің-түңілмегін» атты ақындар айтысына қатысып 2 орын алған, дәл сол жылы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған айтысқа қатысты, одан әрі Дулат Бабатайұлының 200 жылдығына арналған айтысқа қатысып тұңғыш автокөліктің иегері атанды. 2 рет жекпе-жек айтысқа қатысқан. Тұрар Рысқұловтың 110 жылдығы, қазақ әдебиеті газетінің 70 жылдығы, Түркістан қаласында өткен Нұртас Оңдасыновтың 100 жылдығы, Баянауылда өткен Әлкей Марғұланның 80 жылдығына арналған республикалық айтыстардың 1 орын иегері болған.

2004 жылы 20 қазанда еліміздің таңдаулы 11 ақындарымен бірге Ресей мемлекетінің Мәскеу қаласында қазақтың айтыс өнерін көрсетіп, жүлдегер атанды. Дәл осы жылы Қырғыз астанасы Бішкек қаласында өткен қазақ-қырғыз ақындарының арасында өткен жекпе-жекте 1 орынға ие болды. 2005 жылдың наурыз айында Өзбекстан астанасы Ташкентте өткен Абай атамыздың 160 жылдығына орай өткізілген сөз додасында жүлделі 2 орынға ие болды. Одан әрі 2005 жылы 6 тамызда Елбасының қолдауымен өткен, Райымбек батырдың 300 жылдығына арналған айтыста бас жүлде иегері.

2006 жылы 17 сәуірмен 27 сәуір аралығында Қытайдағы қандастарымызға өнер сапарымен барып, 12 қаласында болып, өнер көрсетіп қайтты. Қызылорда қаласының 80 жылдығына арналған айтыста, осы қаланың әкімі болған Икрам Әдірбек мырзаның тағайындаған жүлдесін алған. 2006 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткен айтыстың 1 орын жүлдегері, 2007 жылы 12 қаңтарда өткен Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың 95 жылдығына орай өткізілген айтыстың 1 орын иегері.Сонымен қатар 2008жылы Франция мемлекетінде Қазақстаннан барған 12ақынмен бүкүл халықты өнерімен тәнті етті.

Тұрар Рысқұловтың 110 жылдығына,Иса Байзақовтың 110 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысының 1орын иегері.2007 жылы «Елбасы жолдауы-елдіктің арқауы» атты республикалық ақындар айтысында жүлделі 2орын жеңімпазы.2010 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясының 15 жылдығына арналған республикалық айтыстың бас жулдегері.2012 жылы Қызылорда облысында Қалжанахун Бөлекбайұлына арналған айтыстың 1орын иегері және т.б ақындар айтысының жеңімпазы. Ақын қыздың өмірлік ұстанымы «Ақырын жүріп-анық бас». Сара 5 жылдан кейін өзін осы айтыс өнерінде айшықты орны қалған, өзіндік тұғыры бар, өзінің салған дара жолы бар айтыстың ақын қызы. Бос уақытында қызықты кітаптар оқығанды, жақын құрбыларымен демалып, қызықтағанды ұнатады! Қазір Сара Мемлекеттік Дарын Жастар сыйлығының лауреаты.



Таянкенов Фархат Маратұлы - 1987 жылы 29 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Сұлусары ауылында дүниеге келген. 2001-2003 жылдары №5 мектеп-гимназиясында оқыды. Фархат мектеп атынан қалалық, облысытық, республикалық жасөспірімдер айтыстарына қатынасып, үнемі жеңімпаз атанды. 9-сынып жетекшісі Рысгүл Семейханқызының жетекшілігімен Өскемен қаласында өткен Облыстық олимпиадан қазақ тілі пәні бойынша Бас жүлдені жеңіп алды. 2002 жылдың ақпан айынан бастап Семей қаласындағы С.Сүлейменов жетекшілік еткен «Наркескен» ақындар мектебінен тәлім алды. Алғаш Жүрсін Ерманов ұйымдастырған Республикалық ақындар айтысына 2002 жылы өткен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының 1500 жылдық тойында қатысты.

2003-2004 жылдары Семей көпсалалы колледжін, 2004-2008 жылдар аралығында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы факультетін бітіріп, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын меңгерді.

2010 жылы Алматы қаласында жасөспірімдерге айтыс өнерінің қыр-сырын үйрету мақсатында «Арда» жас ақындар клубын ашты.

Фархат 2005 жылы Талдықорған қаласында өткен Сүйінбай Аронұлының 190 жылдығына арналған Халықаралық айтыстан 1-орын, 2006 жылы Өскемен қаласында өткен «Ана тілім – ардағым» атты Республикалық студент жастар айтысынан 1-орын, 2007 жылы Семей қаласында өткен Республикалық «Ақ орда» айтысында 2-орын, 2009 жылы Ташкент қаласының 2200 жылдығына арналған Халықаралық айтыстан Бас жүлдені иеленді. Өлеңдері біршама жинаққа енген. Үйленген, 2 баланың әкесі.



Нұржан Өмірбаев 1990 жылдың 24 қаңтарында Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы Сәтбаев ауылында дүниеге келген. 2007 жылы Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясын бітірді.

Нұржан Өмірбаевтың алғашқы өлеңдері «Ертіс өңірі», «Семей таңы», «Дидар» газеттерінде жарияланып отырған. 2007 жылы жас ақынның «Сәуір сәулесі» деген алғашқы өлеңдер жинағы жарық көрді.

2007 жылы Астана қаласында өткен М.Мақатаев атындағы, Павлодар қаласында өткен М.Көпеев атындағы Республикалық жыр мүшайраларының жеңімпазы.

2008 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 150 жыл толуына орай өткізілген Республикалық ақындар айтысында бас жүлдені жеңіп алды.

2008 – 2009 жылдары «Аламан айтыс» тележобасында қатарынан екі рет жүлделі бірінші орынды иеленді.

2009 жылы Тарбағатай, Шарбақты, Ұлан аудандарының 80 жылдықтарында, 2010 жылы Көкпекті ауданының 80 жылдығында бас жүлдеге ие болды.

2010 жылы Павлодар қаласында өткен Иса Байзақовтың 110 жылдығына арналып өткізілген жыр мүшәйрасында бас жүлдені жеңіп алды.

2008 жылы Шығыс Қазақстан облысының «бас шешені» номинациясының, Республикалық «Шабыт» фестивалінің иегері.

Талдықорған және Павлодар қаласында өткен халықаралық «Студент көктемі» фестивалінің екі дүркін лауреаты

Спорттың көк туын желбіреткендер

Ағайынды спорт саңлақтары - Манкеновтар



Манкенов Өмірбек Тоқтарұлы 01 желтоқсан 1959 жылы Семей облысы Жарма ауылында туған. 1973 ж. Семей қаласында № 5 қазақ орта мектебінде 7 сыныптан бастап оқып 1977 жылы 10 сыныпты бітіріп шықты. Сынып жетекшісі Жұмағазы Стамбеков, мектеп директоры Ержан Сағындықұлы Сағындықов. Екі жоғарғы білімі бар. 1982 жылы Семей зоотехникалық мал дәрігерлік институтын, 1997 жылы Қарағанды ІІМ Жоғарғы мектебін тәмәмдаған. Семей ІІБ қызмет істеген. Қазір заңгерлік қызметте.

Бокстан КСРО спорт шеберлігіне үміткер. Екі дүркін КСРО ауыл спортшылары арасындығы жеңімпазы /1979-1980 ж.ж./.КСРО ауыл шаруашылық институттары арасындағы жарыстың 1977 жылғы қола жүлдегері, 1978 жылғы жеңімпазы. Бірнеше дүркін облыс жеңімпазы. Қазақстан біріншілігінің қола жүлдегері. Республикалық, Бүкілодақтық жарыстардың жеңімпазы. 106 сайыста 94 рет жеңіске жеткен. Жаттықтырушысы Қайырлы Қасымов, Кеңес Медеуов.



Манкенов Болат Тоқтарұлы, 26 қазан 1961 жылы Семей облысы Жарма ауылында дүниеге келген. 1973 жылы Семейдегі № 5 қазақ орта мектебінде 5 сыныптан бастап оқып 1979 жылы 10 сыныпты бітіріп шықты. Сынып жетекшісі Зәйрә Сләмбекова, мектеп директоры Е. С. Сағындықов. Білімі жоғарғы, 1984 жылы Семей педагогика институтын тәмәмдаған. Еңбек жолын Семейдегі №5 жастар спорт мектебінде жаттықтырушы болып бастаған. Кәсіпкер. Қазақстан кәсіпқой боксшылары Федерациясының Вице-президенті. 2007-2009 жылдар Қазақстан құрама командасының мемлекеттік жаттықтырушысы. Қазақстанның «Астана Арлан» ұлттық кәсіпқой боксшыларының бас директоры.

Бокстан КСРО спорт шебері. 1982 жылғы жастар арасындағы КСРО жеңімпазы. 1983 жылғы КСРО кубогының қола жүлдегері. Үш дүркін Қазақстан біріншілігінің жеңімпазы. 1983 жылғы Қазақстан Спартакиадасының жеңімпазы. 1982-1984 жылдар КСРО құрама командасының мүшесі, КСРО – АҚШ кездесуіне қатысқан. Бірнеше халық-аралық турнилерінің жеңімпазы. 178 сайысқа қатысып 164 жеңіске жеткен. Жаттықтырушысы Қайырлы Қасымов, Төлеуғазы Тұрсынханов.




Манкенов Қайрат Тоқтарұлы, 10 қазан 1963 жылы Семей облысы Жарма ауылында туған. 1973 жылы Семей қаласының № 5 қазақ орта мектебінде 3 сыныптан бастап оқып 1981 жылы 10 сыныпты бітіріп шыққан. Сынып жетекшісі Раиса Башаева, мектеп директоры Е. С. Сағындықов. Білімі жоғарғы. Семей педагогика институты мен Жамбыл технология институтын тәмәмдаған. Еңбек жолын Семейдің

№ 5 жастар спорт мектебінде жаттықтырушы болып бастаған. ШҚОның кәсіпқой боксшылар Федерациясының Президенті. Кәсіпкер.

Бокстан КСРО спорт шеберлігіне үміткер. Қазақстанның оқушылар арасындағы біріншілігі мен спартакиадасының жеңімпазы. Қазақстан жастар біріншілігінің жеңімпазы. Қазақстан біріншілігінің қола жүлдегері. Бірнеше дүркін облыс жеңімпазы. Орта Азия Қазақстан қарулы күштерінің жеңімпазы. Бүкілодақтық, Республикалық жарыстардың жеңімпазы. 105 сайысқа қатысып 94 жеңіске жеткен. Жаттықтырушысы Қайырлы Қасымов, Төлеуғазы Тұрсынханов.



Манкенов Азат Тоқтарұлы, 23 тамыз 1965 жылы Семей облысы Жарма ауылында туған. 1973 жылы Семейдегі № 5 қазақ орта мектебінің 1 сыныбына барып, 1981 жылы 8 сыныбын бітіріп шықты. Сынып жетекшісі Айман Ибраева, мектеп директоры Е. С. Сағындықов. Білімі жоғарғы. Заң институтын тәмәмдаған. Кәсіпкер. Бокстан КСРО спорт шебері. Бес дүркін Қазақстан біріншілігінің жеңімпазы, екі дүркін Қазақстан кубогының жеңімпазы. 1984 жылғы КСРО жастар арасындағы біріншіліктің күміс жүлдегері, КСРО Карулы күштерінің жеңімпазы. Бірнеше Халық-аралық турнирлердің жеңімпазы. 151 сайысқа қатысып 135 жеңіске жеткен. Жаттықтырушысы Қайырлы Қасымов, Төлеуғазы Тұрсынханов.



Ильясов Қанат Назарұлы 1984 жылдың 24 наурызында туғамын. Туған жерім Семей облысы Ақсуат ауданы Ақсуат ауылы. Әйелім Шугаипова Толқын Серікқызы. Ұлым Расул, қызым Малика.
1989 жылдан 1998 жылға дейін Ақсуат орта мектебінде оқыдым.
1998 жылдан 2000 жылға дейін Семей қаласындағы №5 Шәкәрім атындағы гимназияда оқып, осы гимназияны 2000 жылы аяқтадым.
2001 жылдан 2005 жылға дейін Семей қаласындағы Мемлекеттік заң институтын оқып бітірдім.
2006 – 2007ж.Орталық әскери спорт клубында әскери борышымды өтедім.

Спорттық нәтижелерім: Бокстан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.
2000 ж. Жасөспірім арасында ҚР чемпионы. Орал қаласы.2001 ж. Жастар арасында ҚР чемпионатында 3 орын. Астана қаласы.2002 ж. Жастар арасында Әлем чемпионы. Сантьяго-де-Куба, Куба.2005 ж. «Қара теңіз кубогы» чемпионы, Севастополь, Украина.2006 ж. Гран-при чемпионы. Галле, Германия. Қазіргі уақытта Астана спорт клубында жұмыс істеймін.



Иманбаева Айгул Жұмағазықызы 25 қазан 1986 жылы Семей қаласында дүниеге келген. 1993 жылы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясының 1-ші сыныбына қабылданып, 2004 жылы осы мектепті бітіріп шықты. Сол жылы Алматы қаласындағы Қ.И.Сатбаев атындағы Қазақстан Ұлттық Техникалық Университетіне түсіп (грантқа) 2008 жылы үздік қызыл дипломмен бітірген. Университететтің қабырғасында оқып жүргенде талай жарыстарға қатысса, оның ең елеулісі Бүкіл Әлемдік Студенттік Университеттер арасында Қаз ҰТУ командасының шахматтан III орын алғаны болды.

Талай жарыстардың жүлдегері, жеңімпазы болған Айгүлдің дипломдарынан алтын, күміс, қола медальдарынан көруге болады. Айгүл шахматқа 5-6 жасында-ақ әуес болған. Бірінші класқа барған жылы 1992 жылы қаламызда Наурыз мейрамы жанданып, қайта тойлана бастаған. Спартак стадионына әкесі ерітіп баратын. Спорт алаңы түрлі спорт



ойындарының жәрмеңкесі дерсің. Бір шетте шахматшылар стадионд н
айғай шуды құлақтарына да ілмей мүлгіген тыныштықта отырғанд п
жатты. Мерекелік импровизациялық ойындарға қатысу ерікті бо а
босаған орынға Айгүл жүгіріп келіп отыра қалды. Кішкентай сары ң
еткізген облыстық балалармен жасөсперімдер спорт мектептерін ы
Александр Сребнев Айгүлді бірден шахматшылар үйірмесіне ж н
Айгүлдің спортқа жолы басталды. Айгүл Семей қаласының Шығыс К ң
бірнеше дүркін чемпионы болып, 2006 жылы Қазақстан чемпионат ы.
2004 жылы Азия чемпионатында Индияда өткен жарыста IV орын ал



Хасенов Ерахмет Ардахметұлы 1987 жылы 15 мамырда Семей қаласында туған. 1994 жылы 1 қыркүйекте Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясының 1-сыныбына бардым. Бастауыш сыныптардан бастап дзю-до күресі, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы спорт түрлерімен айналыса бастадым. Ең алғаш спортқа баулыған ұстазым Жақыпжанов Қуат болды. Мен ол кісіге ризамын. Спортпен айналысу менің мектепте сабақты жақсы оқуыма көп ықпалын тигізді.

Алғашқы жылдардан-ақ, көптеген жарыстарға қатыса жүріп, 5-сыныпта оқып жүргенімде жасөспірімдер арасында дзю-до күресінен Семей қаласында өткен Республикалық жарыста 1-орын алдым. Бұл менің алғашқы ірі жеңісім еді. 2000 жылы тоғызқұмалақтан Семей қаласының біріншілігінде 2-орын алдым. Мектепте алған тәлім-тәрбие, білім өмірлік жолымызға бағыт-бағдар берді.

Мектептің 9 сыныбын аяқтағаннан кейін Семейдің М. Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің дене шынықтыру бөліміне оқуға түсіп, «Дене тәрбиесі», қосымша «көпшілік спорт» мамандығымен колледжді аяқтадым. Педколледжде оқып жүріп те көптеген әртүрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. 2006 жылы дзю-до күресінен Қазақстан Республикасының чемпионатында жастар арасында 3-орынды иелендім.

2007 жылы Семей мемлекеттік педагогикалық институтына «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша оқуға түстім. 2010 жылы Семей қаласында самбо күресінен Қазақстан Республикасының кубогінде 1-орынды иеленіп, самбо күресінен «Спорт шебері» атағына ие болдым. 2011 жылы Павлодар қаласында дзю-до күресінен халықаралық жарыста екі түрлі салмақ дәрежесінде 2-3 орындарды иелендім, сол жылы Шымкент қаласында «белбеу күресінен» Қазақстан Республикасының чемпионатында 3-орын алдым, сол жылдың маусым айында Қарағанды қаласында өткен қазақ күресінен Қазақстан Республикасының чемпионатында екі түрлі салмақ дәрежесінде 3-орындар алып, қазақ күресінен «Спорт шебері» деген атаққа ие болдым. 2011 жылы жоғарғы оқу орнын аяқтадым.

Бүгінгі таңда мыңдаған шәкіртке білім мен тәрбие беріп, өмірден дұрыс жол таңдауға бағыт-бағдар берген алтын ұя мектебімді, аяулы ұстаздарымды мектебіміздің мерейлі 90 жылдық мерейтойымен құттықтаймын..

Егізеков Әдлет Айтбекұлы 1988 жылы 02 желтоқсанда Семей қаласында дүниеге келді.

1994 – 2004 жылдары Шәкәрім атындағы №5 мектеп – гимназиясын оқып бітірді.

2004 – 2005 жылдары Х.Мұнайтпасов атындағы спорт саласындағы дарынды балаларға арналған мектеп – интернатын,

2005 – 2009 жылдары Семей мемлекеттік Шәкәрім университетін қаржы мамандығы бойынша оқып бітірді.



9 жасынан бастап бокспен айналысып, 1998 – 2003 жылдары жасөспірімдер арасындағы бокстың құрамасында болып, көптеген қалалық, облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпазы: Лос – Анжелес (США), Рубцовск, Новосібір, Томск, Барнаул қалаларында болды.

2004 – 2005 жылдары кадеттер құрамасына кіріп, Қазақстан Республикасы чемпионатының жеңімпазы және «Спорт шеберіне үміткер» атағының иегері атанды және Якутияда өткен кадеттер арасындағы Азия ойындарына қатысып халықаралық ойындардың күміс жүлдесін иеленді.

- 2005 жылы Қаскеленде Н.Назарбаевтың жүлдесіне арналған турнирдің және Алматы қаласында өткен Тулебаевқа арналған халықаралық турнирлердің жеңімпазы.

- 2005,2 008 жылдары «Ең үздік боксшы» атағының иегері.

- 2005 жылы Ханой қаласында (Вьетнам) өткен бокс чемпионатының және Ливерпуль қаласында (Англия) өткен «Әлем чемпионатының», 2006 жылы Гоада (Индия) өткен жарыстың, 2007 жылы Пекин қаласында (Қытай) өткен бокс чемпионатының жеңімпазы атанып, Алматы қаласында өткен жарыстың бокс саласындағы ең үздік техникасы үшін марапатталды.

- 2007, 2008 жылдары Семей қаласында «Ең үздік спортшы» атағының иегері атанып, 2008 – 2011 жылдары ересектер құрамасында болып, көптеген жетістіктерге жетті.



- 2008 жылы Гавана (Куба) қаласында өткен ұлттық олимпиаданың күміс жүлдегері және Шефилд (Англия) қаласында өткен төрт мемлекет арасындағы жарыстың жеңімпазы.

- 2009 жылы Қостанай қаласында өткен ересектер арасындағы жарыстың қола жүлдегері және Қазан (Татарстан - Россия) қаласында өткен студенттер арасындағы бокстың күміс жүлдегері.

- 2010 жылы Астанада ересектер арасында өткен бокстың күміс жүлдегері және Ақтөбе қаласында С.Қонақбаев атындағы халықаралық турнирдің жеңімпазы.

- 2011 – 2012 жылдары «Астана – Арлан» өткен жартылай кәсіпқойлар арасындағы бокстың 2 шайқасының жеңімпазы.

Қазырғы уақытта үйленген, ұлы бар. 2012 жылдан бастап ЖШ «Екібастұз станциясының ГРЭС2» сату бөлімінің менеджері қызметін атқарады.



Ильясов Жақсылық Назарұлы 1988 жылы 27 маусымда Ақсуат ауданында дүниеге келдім.

1998 жылы Шәкәрім атындағы №5 мектеп – гимназияға қабылданып, 2004 жылы бітіріп шықтым. Сынып жетекшім Желдібаева Балғын Сембайқызы.

2005 – 2009 жылдары Семей қаласындағы Шәкәрім университетінде оқыдым.

2003 жылы Ақтау қаласында өткен Жасөспірімдер арасындағы Республикалық бокс біріншілігінде I орын иегері.

2004 жылы Азияда өткен бокстың қола медаль иегері және Семей қаласында өткен бокстың және Бакуда өткен жарыста I орын иегері;

2006 жылдары Индияда өткен бокстың қола медаль иегері болса Украинада өткен халықаралық жарыстың II орын жүлдегері;

2008 жылы Дүниежүзілік боксшылар жарысының III орын жүлдегері;

2010 жылы Арменияда өткен жарыстың жүлдегері және Астанада өткен бокстың I орын иегері;

2013 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Дене тәрбиесінің ұлттық – ғылыми практикалық орталығының алтын медаль иегері,

«VII Жазғы универсиадасының» алтын медаль иегері;

Қазырғы уақытта олимпиадалық спорт мектебінде жаттықтырушымын. Жолдасым Ильясова Гауһар Нұрболатқызы Жолаушыларды тасмалдау орталығының басқармасында – заңгер.

Жарқын болашақтың белесінде...



Сарсенбекова Бақытгүл Саматқызы- Семей қаласындағы №5 мектепті 1977 жылы өте жақсыға бітіріп, бірден Семей қаласындағы мемлекеттік медицина институтына оқуға түсті. Медицина институтын 1983 жылы ойдағыдай аяқтап, Семей облысы Абай ауданы орталық ауруханасының жанындағы аудандық түберкулезге қарсы күрес диспансерінде еңбек жолын бастап, медицина саласында 30 жылдан астам қызмет атқарады.

Бақытгүл Саматқызының 3 қызы да аналары оқыған № 5 мектепте оқып бітірген. Үлкен қызы Назерке осы мектепті 2004 жылы бітіріп, екі бірдей мамандық алып, Алматы қаласындаТОО «Казфосфатта» менеджер болып қызмет атқарады, тұрмыста, бір ұлдары бар. Ортаншы қызы Айнұр 2006 жылы бітіріп, сол жылы Каз АТК-ға оқуға түсіп, көлік тасымалдауды ұйымдастырушы мамандығын алды. Тұрмысқа шығып, екі балалы болды.

Кішкентай қызы Жадыра осы мектепте 7 жыл оқыды, қазір Чайковский атындағы музыка колледжінің студенті.Бақытгүл Саматқызының анасы Озипа да осы мектептің 1952 жылы бітірген алғашқы түлектерінің бірі.



Какимов Ескендір Ерғалиұлы1979 – 1989 жылдары №5 мектепті үздік бітірген «Алтын медаль» иегері. 8 сыныптан бастап орыс тілінен Республикалық олимпиадаға 3 жыл бойы қатысып I,II,III орындарға ие болған.

Семейдің Технология институтының инженерлік факультетін автоматика мамандығы бойынша бітірген. Семейде халық банкінде инженер қызметін атқарды.

Қазіргі таңда Республикалық Халық банкінде техникалық қолдау көрсету басқармасының бастығы. Қызметін атқару барысында алыс жақын шетелдерге шығып жаңа технологияны меңгеру үшін тәжірибе алмасып отырады.Мектептегі үздік оқушыларды қолдау бағытында өз атынан степендия тағайындап, алғаш бастама көтерген түлектеріміздің бірі.



Әбәділов Нұрбек Қабыкенұлы 1964 жылы 18 наурызда бұрынғы Семей облысы Абай ауданы Қызылтас ауылында дүниеге келген.1971 жылы Бірлік совхозындағы орта мектептің 1 сыныбына барып, кейіннен Семей қаласындағы №16 орта мектебіне ауысқан.1972 жылы Семей қаласының №5 орта мектебіне 2-сыныпқа қабылданады. 1972-1981 жылдары аралығында аталмыш мектепте оқып білім алады.Мектептің қоғамдық өміріне белсене араласқан Нұрбек сонымен қатар, қалалық, облыстық, республикалық

деңгейлерде классикалық күрестен өз мектебінің абыройын аспандатты. Атап айтқанда, жасөспірімдер арасында Алматы,Өскемен қалаларында республикалық дәрежеде өткізілген жарыстарда жеңімпаз атанып, облыстық «Семей-таңы», «Иртыш» газеттерінің беттерінен спорт жаңалықтары айдарымен шығатын мақалаларда есімі үнемі жарияланып жүрді.Сонымен қатар, Нұрбек мектептің «Жастар» вокалдық-инстументалдық ансамблінде бас гитарада ойнап, көркем өнерпаздар ұйымының арасында өтетін додаларға қатысып, аудандық,қалалық шараларда жеңімпаз атанып, белсенділік танытып, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер ұжымының ризашылығына бөленген.

1982 жылы мектепті бітірген соң, Абай ауданы Бірлік совхозындағы қой өсіруші комсомол-жастар бригадасында жұмыс жасап, ауыл шаруашылығының дамуына өз үлесін қосты.1982-1984 жылдар аралығында әскери азаматтық борышын атқарған.1984-1985 жылдар арасында «Қайрат»балалар спорттық қоғамының классикалық күрес түрінен бапкер болып қызмет атқарды.1986 жылы Семей педагогикалық институтының филология факультетіне түсті .1988-1991 жылдар аралығында «Казахкабель» заводының комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарды.1992-1993 жылдар аралығында Абай ауданы Қызыл-ту совхозының орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасады. 1993-1994 жылдары Семей қалалық тілдерді дамыту басқармасының бас маманы лауазымында қалалық әкімшілікте қызмет атқарды.1994-1997 жылға дейін Семей облыстық тілдерді дамыту басқармасының бас маманы лауазымы мемлекеттік қызметінде шеберлігін шыңдай түсті.1997-2001 жылдар аралығында Семей қаласы №11 орта мектебінде мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.1999-2001 жылдары Семей қалалық білім басқармасында жетекші маман қызметін атқарды.2001-2008 жылдары аралығында Семей қаласы №8 орта мектебінің директоры қызметін атқарды.Қазіргі таңда Нұрбек Қабыкенұлы Астана қаласындағы №31-мектеп-гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді.

Нұрбек Қабыкенұлы қазақтың ұлы ақыны, философ, композитор, аудармашы Шәкәрім Құдайбердіұлының жиені. Дәстүрлі Жидебайда өткізілетін республикалық Абай-Шәкәрім оқуларын ұйымдастырушының бірі. Нұрбек Қабыкенұлы 2000-2004 жылдары аталмыш іс-шараның жоғары дәрежеде өтуіне өз үлесін қоса білген азамат. Сонымен қатар, Нұрбек Қабыкенұлы Астана қаласында өткізілетін Абай, Шәкәрім шығармашылығына байланысты іс-шараларда белсенділік танытып, оны насихаттауда аянбай еңбек етіп келеді.



Лебаев Марат Төлеуғазыұлы 1964 жылы 28 маусымда Семей қаласында дүниеге келген. Марат №5 қазақ орта мектебінің түлегі. Сынып жетекшісі Мұқажанова Нұржамал Момынжанқызы.

Марат орыс тілі мен әдебиет сабақтарынан аудандық және қалалық олимпиадаларға қатысқан. Ол дене тәрбиесі сабағын, көркем әдебиетті ұнатқан. Балық аулағанды, көгершін асырағанды және сурет салғанды жақсы көрген.

Мараттың жанұя мүшелері: Әкесі – Лебаев Төлеуғазы Ұлы Отан соғысының ардагері, анасы – Рахимова Дыбыс, Семей қаласындағы №7 мектеп – интернатта тәрбиеші болып қызмет атқарған. Ағасы – Мұрат Лебаев.

1983 жылы 13 қарашада Семей облыстық Калинин аудандық әскери комиссариатының әскер қатарына шақырылып, Литва десанттар әскери бөліміне жіберілді. Ауғанстанда 1982 жылдың қарашасынан 1983 жылдың 17 мамырына дейін №74585 әскери бөлімінде әскери борышын атқарды.

Ағасына жазған хаттарында күні-түні дабыл бойынша көретіндігін, жиі ұрыстарға қатысатындығы туралы жазатын, бірақ ата-анасы алаңдамасын деп өзінің Ауғанстанда

әскери борышын атқарып жүргендігін айтпауын өтінген. Үйіне жазған хаттарының саны небәрі үшеу-ақ.

Ұрыс кезінде қарсыластар күшінің басымдылығына қарамастан жеке өзі төрт жаудың әскерін жояды. 1983 жылы 17 мамырда жаудың қолынан қаза табады. 1983 жылдың 28 мамырында Семей қаласына жеткізіліп, жерленді. 1983 жылы 15 қарашада Қызыл жұлдыз орденімен марапатталды.

Семей қаласындағы Мясокомбинат көшесіне Марат Лебаев есімі берілген. Шәкәрім атындағы №5 мектеп – гимназиясының «Жас ұлан» ұйымы Марат Лебаевтың атында аталды.



Балмағамбетова (Масалимова) Әсел Мұхамедрахымқызы, 1983 жылы 2 қарашада Семей облысы, Үржар ауданы, Жарбұлақ ауылында тудым. Ұлтым - қазақ. 2001 жылы Семей қаласының №5 мектеп-гимназиясын үздік аттестатпен бітірдім. Сол жылы Семей Мемлекеттік Медицина Академиясының «емдеу ісі» факультетіне мемлекеттік грант иегері ретінде оқуға түстім. 2007 жылы Астана қаласының Қазақ Мемлекеттік Медицина Академиясын үздік дипломмен бітіріп, 2007-2008 жылдары «кардиолог» мамандығы бойынша интернатураны аяқтадым. 2008 жылдың тамыз айынан бастап 2011 жылдың қыркүйек айына дейін, Астана қаласының кардиология орталығында кардиолог-дәрігер болып жұмыс істедім. Ал 2011 жылдың қыркүйек айынан бастап Астана қаласы «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» АҚ-ның кардиолог- дәрігері болып қызмет атқарудамын. Ата-анам бар. Әкем – Масалимов Мұхамедрахым Жолдасбайұлы ШҚО, Шемонайха ауданында, статистика бөлімінде қызмет атқарады. Анам - Масалимова Сауле Нуртайқызы. Отбасымда жолдасым – Балмағамбетов Қанат Төкенұлы жоғары білімді маман. Қызым Балмағамбет Адель Қанатқызы 1,5жаста.



Әзбергенов Жігер Серікұлы 1983 жылы 6 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Қапан-Бұлақ ауылында дүниеге келген.

1990 жылы Семей қаласындағы №5 гимназия-мектебінің табалдырығын аттайды. Бастауыш сыныптардағы алғашқы ұстаздары Ермекбаева Қарлығаш Қанатқызы, Бибігүл Мұратбекқызы, Зәкия Қайроллақызы. 5-сыныптан бастап Әлия Бердалықызы Сұлтанова жетекшілік жасаған сыныпта білім алды. Мектеп қабырғасында Гүлжанат Рахымқызы, Әсем Тілегенқызы, Төкен Көкбайұлы, Күләнда Медеуқызы сияқты ұстаздардан білім нәрін сусындаған.

Осы оқу орнынан 2000 жылы үлкен өмірге жолдама алады. Бала күнінен театр және кино актеры болуды армандап мектептің барлық қойылымдарына белсенді араласқан. Дегенмен, мектепті аяқтағаннан кейін экономист-менеджер мамандығын таңдап, Шәкәрім Құдайбердиев атындағы Семей университетінде жоғарғы білім алады. Екінші курстың соңында факультеттің жалпы дауыс беру қорытындысы бойынша КВН (КТК) командасының капитаны болып сайланады.

Жігер телевизия саласына алғаш рет 2003 жылы КВН командасының құрамында жүргенде келген. КВН ойындарының кезекті ойындарында сәттілік оңынан оралады. Жігерді әділ-қазылар алқасының тұрақты мүшелерінің бірі — жергілікті телеарна қызметкері байқайды. Осыдан кейін Жігер «Қайырлы таң" бағдарламасының жүргізушісі ретінде жергілікті телеарнаға қызметке тұрып, кейіннен жаңалықтар бөліміне ауысады.

«Қазақстан-Семей» телеарнасында 3 жыл қатарынан жаңалықтар жүргізушісі қызметін, «Қазақстан» телеарнасының Семей қаласындағы меншікті тілшісі қызметін атқарады.

Жігер телевидениедегі қызметімен қатар КВН ойындарына қатысуды қатар алып жүреді. Дегенмен, өз мүмкіндіктерін барынша ашу мақсатын алға қойып Астанаға КВН жоғарғы лигасына келуге шешім қабылдайды, Жігер бас қалада бар мүмкіндігін ашуға бел буады.

2009 жылы кастингтен сүрінбей өтіп, «Жетінші арна» ұжымына қабылданады. «Жетінші арнада» спорт комментаторы ретінде өз мүмкіншілігін сынға салып, кейіннен 2012 жылдың наурыз айына дейін спорт жаңалықтарының жүргізушісі қызметін таңдайды.

Құрлықтық хоккей лигасы аясында ойнайтын астаналық «Барыс» командасының ойындарының, футболдан ағылшын премьер-лигасының комментаторы болды.

2011 жылы Андрей Кончаловскийдің «Жүрегім менің - Астана» кинофильмінде комментатордың ролін сомдаған.

Қазіргі уақытта Жігер «Жетінші арнаның" «Жаңалықтар» бағдарламасының жүргізушісі қызметін атқарады.

Үйленген. Аида есімді жары, Әкежан мен Әли есімді екі ұлы бар.

«Барлығы да жақсы болады!» ұранын ұстанған адамға тосқауыл жоқ екеніне нық сенімді.



Өмірбеков Рүстем Ғабдрашидұлы Семей қаласындағы №5 гимназия мектебінің түлегі.1984 жылы 7 тамыз да Қарқаралы қаласында дүниеге келген.

Рүстем 1997 жылдан бастап 7 – 11 сыныпты Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы №5-ші гимназияда оқыған. 2001 жылы мектепті «4 пен 5 тік» бағаға бітіріп аттестат алған.

2001-2003 жылы Семей заң колледжіне үздік бағамен сынақ тапсырып түскен. Қызыл дипломға бітіріп, ҚР Ішкі Істер Министрлігінің бұйрығымен полиция лейтенанты атағын алған.

2003 – 2006 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысының Глубокий аудандық Ішкі істер басқармасының жедел өкіл қызметкері. 2005 жылы полиция аға лейтенанты атағы берілген.

2003 – 2005 жылдарда Семей КазГЮИ да сырттай оқып, заңгер мамандығын алған.

2006-2010 жылдар аралығында Астана қаласының Жол полиция Басқармасының Жеке мамандандырылған баталеонының аға инспекторы қызметіне тағайындалған. Өз міндетін тиянақты да білгірлікпен атқарған оған 2008 жылы полиция капитаны атағы берілген.

2009 жылы 16 желтоқсанда мінсіз қызметі үшін Ішкі Істер Министрлігінің **«ҮЗДІК»** қызметкері белгісімен марапатталған.

2010-2012 жылы Астана қаласы Жол полиция Басқармасының бақылау, алдын алу бөлімінің инспекторы.

2012 жылдан Астана қаласының жол полиция Басқармасының Жолды патрулдеу, қадағалау бөлімінің аға инспекторы қызметін зор абыроймен атқарған Рустем Ғабдрашидұлына 2012 жылдың маусым айында полиция майоры атағы берілген және шілде айының 6-шы жұлдызында Ішкі Істер Министрлігінің «10 жыл үздік қызметі үшін» медалімен марапатталған.

2013 жылдың қазан айында Өмірбеков Рустем Ғабдрашидұлы Жол полициясы саласындағы жауапты қызметін мінсіз атқарғаны үшін Жол полиция Басқармасының жолды патрулдеу, қадағалау бөлімінің бастығы қызметіне жоғарлатылған.

2010 жылы 7 тамызда үйленген, жұбайы Рахимова Нелли Семейдің Мединститутын қызыл дипломға бітірген, жоғарғы білімді дәрігер, ұлы Нұралы 2,5 жаста да қызы Айлин 1 жаста.

Әкесі Ғабдрашид Мұхтарұлы Москваның Скрябин атындағы Ветеринарлық Академиясын бітіріп, шаруашылықта жетекші маман, басшылық қызмет атқарған.

Анасы Гүлмира Досымханқызы да Скрябин атындағы Ветакадемияның түлегі.



Өзбеков Дархан Есенғалиұлы 1984 жылы 25 шілдеде Семей қаласында дүниеге келдім. 1991 жылы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясына алғаш қадам басып, 2001 жылы үздік аттестатпен тәмамдадым. Сынып жетекшім, әрі сүйікті ұстазым – Шәкенова Айтжан Шәкенқызы. Басқа жақсы көретін мұғалімдерімнің ішінен Смағұлова Күләндә Жұмағазықызы, Күмісбекова Тоты Күмісбекқызы, Искаков Төкен Көпбайұлы, Күләндә Медеуқызы және т.б. мәңгі есімнен кетпейді. Жастайымнан спортқа құштармын. Гирь көтеру спортынан бірнеше марапат қағаздарым бар. 2002 жылы Семей мемлекеттік медицина академиясына түсіп, 2008 жылы «Бала дәрігері» мамандығы бойынша үздік дипломмен аяқтадым. 2008-2009 оқу жылында «Жалпы тәжірибелік дәрігер» мамандығы бойынша жанұялық медицина кафедрасында интернатураны өтіп шықтым.

2009 жылы патофизиология кафедрасының оқытушысы қызметіне байқаудан өтіп, мемлекеттік және орыс тілдерінде сабақ жүргіздім. Патофизиология кафедрасында тәрбиелік жұмыспен айналысып, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жауапты, кафедра отырысының хатшысы қызметін атқарған және студенттік топтың кураторы болдым. Медицина университетінің қоғамдық жұмысына белсене араластым. 2011 жылдың мамыр айында Семей қ. ММУ-де «Медицинадағы маңызды сұрақтар» циклі бойынша біліктілігін арттыру факультетін өтіп шықты. Жергілікті дәрежедегі 20 ғылыми еңбегім бар. 2011 жылдың маусымында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің сырттай бөлімін тәмамдап, «Шетел тілдер (ағылшын мен қытай) бакалавры» мамандығы бойынша екінші жоғары білім алдым. 2011 жылдың тамызында 6М110100 - «Медицина» мамандығы бойынша магистратураға түсіп, 2013 жылы диссертацияны қорғап, медицина ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесіне ие болдым. Оқытушылық қызметімді атқару барысында өзімді беделді, жауапкер, кішіпейіл, білгір оқытушы ретінде таныттым.

2013 жылдың қыркүйек айынан бастап «Патологиялық анатомия» мамандығы бойынша специализация өтіп, 2014 жылдың қаңтар айында осы мамандық бойынша сертификатқа ие болдым. Қазір Семей қ. ММУ-нің профессор Ю.В.Пругло атындағы патологиялық анатомия және соттық медицина кафедрасының ассистенті қызметін атқарамын. Алдағы қояр жоспарым – PhD докторантурасына түсу.

Шың айтайын, осы жетістіктерімнің бәрі №5 мектепті бітіргенімнің арқасында деп ойлаймын. Менің ойымша, бұл мектеп – алдыңғы қатардағы мектеп!



Шәкербек Мәріпбек Шәкербекұлы 1985 жылдың 22 ақпанында бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының Ақсуат ауылында дүниеге келген. 1990 жылы Тана мырза ауылындағы орта мектептің бірінші сыныбына қабылданып, 1995 жылы Кіндікті ауылындағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектепте оқуын жалғастырды. 1997 жылы Семей қаласындағы № 5 Шәкәрім атындағы гимназияның 7 – сыныбына қабылданып, 2001 жылы бітірді.

Мәріпбектің әкесі Шәкербек бизнесмен де шешесі Баршагүл Сіләмбекқызы қазақ тілі мен әдебиетінің маманы, жоғары санатты ұстаз.

Мәріпбек 2001-2006 жылдары Өскемен қаласындағы Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақсатан Мемлекеттік Техникалық Университетінің грантында оқып «инженер металлург», 2009-2012 жылдары Семей қаласындағы Қайнар Университетінен «экономист» мамандықтарын алды.

2006-2010 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Индустриялды саясат департаментінде жетекші маман лауазымынан бастап, аталған Министрліктің Құрылыс индустриясы және құрылыстық материалдар басқармасы жетекшілігіне дейін қызмет атқарды.

2010 жылдан бері «Қазақстандық индустрия дамыту институты» Ұлттық компаниясының Мемлекеттік бағдарламаларды мониторингілеу орталығының бас менеджері қызметін атқарады.

2008 жылы Жапонияның Токио қаласында «Кіші және орта бизнесті дамыту», 2010 жылы Германияның Мюнхен қаласында «Құрылыс саласында тәжірибе алмасу» тақырыптары бойынша оқу курстарын игерді.

2008 жылы өнеркәсіпті дамытудың халықаралық, өңірлік, республикалық бағдарламаларды, жобаларды іске асырудағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің, 2010 жылы Құрылыс саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер агенттігінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Жанұялы, бір баланың әкесі.



Өмірбеков Дастан Ғабдрашидұлы 23 сәуір 1986 жылы Қарқаралы қаласында туған. 1994 жылдан бастап Семей қаласындағы №5 мектеп гимназиясында оқуын жалғастырған. Мектепте дәріс берген ұстаздары; Раиса Рахымбекова, Нұргүл, Зүбайда Бигозина, Аман Исабаев, Қуат Ибраймовтарды мақтан етіп, үлгі тұтады.
Семей қаласындағы КазГЮУ ды бітіріп, Қазақстан ішкі әскер бөлімі Семейде әскери міндетін атқарған. Астана қаласында заң саласында қызмет істейді. Үйленген, жұбайы Камила Исабайқызы.



Смағұлов Қуаныш Рахметоллаұлы 1987 жылы желтоқсан айының 20-шы жұлдызында Семей қаласында дүниеге келді. 1994 жылы қаламыздағы Шәкәрім атындағы №5 гимназия мектебінің табалдырығын аттап, 2005 жылы мектепті ойдағыдай аяқтап, сол жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің журналистика факультетіне оқуға түсті. Оқу оқып жүріп республикалық басылымдарда штаттан тыс тілші ретінде қызмет атқарды. Мәселен «Дала мен Қала» газетінің спорт бөлімінде, «Қазақстан құрылысшысы» газетінде, «Алаш айнасы» газетінде, Сонымен қатар Республикалық «Ислам және өркениет» және «Иман» журналында дін тақырыбына жазған мақалалары жарық көріп тұрады. Жоғарғы оқу орнын тәмәмдап бірден өз мамндығым бойынша «Алматы» телеканалында тілші болып жұмыс істеді.2011 жылдың маусымынан «Қазақстан» РТРК АҚ Семей қаласындағы филиалында редактор-жүргізуші болып қызмет атқарып келемін.ШҚО-ғы жастардың қатысуымен өтетін басты телевизиялық ток-шоу «Ой талқы» бағдарламасының редакторы әрі жүргізушісі және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қамтитын 2050 бағдарламасының редакторы. 2011 жылы Қазақ тілін қолдау мақсатында Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы ұйымдастырған конкурстың жеңімпазы атанды. «Нұр Сұңқар» республикалық журналистер байқауының номинанты және 2012 жылы Семей қаласы әкімінің «Жылдың жас журналисі» номинациясын иеленді.



Маржан Еркімбекқызы Нұрышева 10.05.1988 жылы ШҚО Семей қаласында дүниеге келдім. 2005 жылы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясын бітірдім. Мектепте оқып жүріп, қоғамдық өмірге белсене араластым. Рыскүл Семейханқызы Молдағұлованың жетекшілігімен театрлық қойылымдарға қатысып, тіл байлығым

мен әртістік қабылетімді дамыттым. Сонымен қатар сынып жетекшісі әрі шығармашылық жолға жетелеген ұлағатты ұстазым Рыскүл Семейханқызының көмегімен қалалық ғылыми конференцияларға баяндама ұсынып, жүлделі орындарға ие болдым. 2003 жылдан 2007 жылға дейін Семей телерадиокомпаниясының балалар мен жастар «Ай-студиясында» сіңілім Айжан Нұрышевамен бірге 30 дан астам тікелей эфирлік «Қолтаңба» бағдарамасын жүргіздім. 2004 жылы Астана қаласында өткен халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарының байқауында «Қолтаңба» бағдарламасы лауреат атандым. Сондай ақ, Семей телерадиокомпаниясының тың жобасы «Шәкәрім тағылымы» хабарларына №5 мектеп-гимназиясының сол кездегі 9 «Ә» сыныбы қатысқан. Сынып жетекшісі Рыскүл Семейханқызы Молдағұлова. 2012 жылдан бүгінгі күнге дейін Қазақстан-Семей телеарнасында редактор, «Қайырлы таң» бағдарламасының жүргізушісі болып қызмет атқарып келемін.



Искаков Абылайбек Қабидоллаұлы №5 мектеп гимназияның 2005 жылғы үздік бітірген түлегі, «Болашақ» бағдарламасының степендиаты. 2013 жылы К.А.Тимирязов атындағы Россия мемлекеттік аграрлық университетінің - МСХА «Почвоведения, агрохимия и экология» факультетін үздік дипломмен аяқтады. ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша білім алып, Мәскеудегі қазақстандық студенттердің қоғамдық өміріндегі мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға белсене қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының Ресей федерациясындағы елшілігінің Алғыс хатымен, Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының сауда өкілдігінің Алғыс хатымен марапатталған, Аспиранттар мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық семинарына қатысқаны үшін РФ ауылшаруашылық министрлігінің сертификатының иегері.Бүгінде аталған жоғарғы оқу орынының магистратурасында білімін жалғастыруда



Базарова Эльмира Назарқызы1990 жылы 11 қарашада Абай ауданы Қарауыл ауылында туған. 1997- 2005 жылдары Абай атындағы көп салалы кешенді мектеп лицейінде оқыған.

2005-2008 жылдары Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы №5 мектеп гимназияда оқып, мектептің 11 жылдық бөлімін бітірген. Сабақ берген және тәрбиелеген ұстаздары: Рахымбекова Раиса Жұмағазықызы, Ғабдуллина Гүлнұр Ериманқызы, Қалиева Гүлсан Қабдрахманқызы, Арқарбаева Мейрамгүл Сейлханқызы, Турганбаева Жанар Тельманқызының еңбектерін жоғары бағалап, өзінің алғыс сезімін білдіреді.

Эльмира 2008-2012 жылдары Семейдегі «Қайнар» (Семей)университетін бітіріп, педагог - психолог мамандығын алды. 2012 жылдан осы уақытқа дейін Қазақстан инновациялық университетінде магистратурада педагог- психолог мамандығы бойынша оқуын ары қарай жалғастыруда.



Қосанов Айбек Айдарқанұлы – ШҚО Үржар ауданы Жаңа тілек ауылында дүниеге келген. 2008-2010 жылдары Шәкәрім атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын арнайы мектеп-гимназиясында, гуманитарлық бағыттағы сыныпта білім алған.

Мектеп қабырғасында жүріп, «Жас өрен», «Шығыс шамшырақтары», «Бабалар ерлігіне тағзым» сынды бірқатар қалалық, облыстық айтыстардың, республикалық дәрежедегі мүшәйралардың жеңімпазы атанды. Оқушы бола жүріп қалалық, облыстық шаралардың басы-қасында жүріп атсалысты.

Мектепті үздік бітірген соң Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің «журналистика» мамандығына оқуға түсті. Студент атана жүріп, қоғамдық жұмыстармен айналысып, «Қазақстан студенттер альянсының» қалалық штаб орынбасары қызметтерін атқарды. Жастар саясатымен айналысумен қатар, өнердің өрістеуіне өзіндік үлес қосып, «Жалын» өнер орталығын құрған және төрағалық еткен. «Шәкәрім ағылымы» атты республикалық, «Бәйшешек күлтесіндегі балауса жыр» және «Журналист болғым келеді...» сияқты бірқатар облыстық, «Тәуелсіздік таңы», «Мен өмірге жырлау үшін келгенмін...» атты айтыстардың өтуін ұйымдастырған.

Айбек Қосанов сонымен қатар қаламыздың жас ақындарының ішінде өзіндік үні бар дарынды азамат. «Жыр тамшы», «Жырлайды жүрек» атты жыр жинақтарына өлеңдеріне өлеңдері енген.

Мамандығына сай еңбек етіп, өңір тарихында тұңғыш «Шығыс шұғыласы» аталатын облыстық жастар газетін ашты. Сонымен бірге «Қазақстан-Семей» телеарнасында қазақ бағдарламалар бөлімінің редактор қызметін атқаруда.



Назарова Назерке Назарқызы – 1991 жылы 04 желтоқсанда Абай ауданы Қарауыл ауылында туған. 1998- 2005 жылдары Абай атындағы көп салалы кешенді мектеп лицейінде оқыған.

2005-2007 жылдары Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы №5 мектеп гимназияда оқып, мектептің 9 жылдық бөлімін бітірген. Сабақ берген және тәрбиелеген ұстаздары; Желдібаева Балғын Сембайқызы, Бекқасымов Асқар, Нурғалиева Динаның еңбектерін жоғары бағалап, өзінің алғыс сезімін білдіреді.

Назерке 2007-2011 жылдары Семейдегі «Авиценна» медицина колледжін бітіріп мамандық алады. 2011 жылдан осы уақытқа дейін «Темір жол ауруханасында» медбике болып қызымет істеумен қатар, Жоғары білімді психолог мамандығын алуда оқуын ары қарай жалғастыруда.



Балтабеков Еркебұлан Сайлаубекұлы1991 жылдың 1 қазанында ШҚО Аягөз ауданы, Баршатас ауылында туған.

Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектебінің түлегі.

Семей мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын алған.

ШҚО Жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы.

2010 ж. қазан – 2011 ж. қыркүйек Семей қалалық «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» Жастар қанаты Атқарушы хатшысының бірінші орынбасары,

2011 ж. қыркүйек – 2013ж. шілде Семей қалалық «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» Жастар қанатының Атқарушы хатшысы,

«ЕРІКТІЛЕР–ЕЛ ҮШІН!»жастар слетінің ұйымдастырушысы.(Семей 2012ж.желтоқсан)



Абдрахманов Арсен Медходұлы - 1992 жылы 14 наурызда Семей қаласында дүниеге келді.

1998 – 2009 жылдары Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы №5 мектеп – гимназияда оқыды.

2009 - 2013 жылдары Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде оқыды.

2011 жылдың 20 маусымынан 20 тамызы аралығында Америка Құрама Штатының Род – Айленд қаласында «Work Travel» бағдарламасы бойынша білімін жетілдірді.

2013 жылы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіндегі әскери кафедрасында әскери борышымды атқара жүріп аудармашы болып істедім және лейтенант атағын алып,қазырғы уақытта Алматы қаласында орналасқан Сыртқы Істер Министрлігінде – куәлік және виза беру бөлімінің маманықызметін атқарады.



Мұхтаров Арыстан Ғабдрашидұлы 1992 жылдың 8 маусымында Қарқаралы қаласында туған. 1999 жылдың 1 қыркүйегінде Семей қаласындағы №5 қазақ гимназиясында 1 сыныпқа оқуға барып, Бастауыштың озат мұғалімі Рузия Сағадиевдан дәріс алып, мектептің бастауыш бөлімін озат оқумен бітірген. Тоғызжылдықтан кейін Астана қаласындағы Қазақ көлік және коммуникациялар Академиясының колледжін 2012 жылы бітіріп, Қостанай қаласындағы инженер-экономика университетінде оқуын әрі қарай жалғастыруда.



Жашибай Асқар - 1994 жылы сәуірдің 29 Семей қаласында дүниеге келген. 2011 жылы Шәкәрім атындағы облыстық үш тілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектепті үздік бітіріп, Қазақ Қаржы-Экономикалық Академиясында «Қаржы» мамандығы бойынша білім алуда. Мектеп қабырғасында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, география пәнінен олимпиадаларға қатысып, бірнеше рет жүлделі орынға ие болды.Жоғарғы оқу орнында студент жастар арасында жаңа бастамашылығымен. Белсенді оқуы, ұйымдастырушылық қабілетімен дараланып жүрген шәкіртіміз.«Жас Отан» ЖҚ 2- съезі мен V Астана Экономикалық Форумы аясында өткен «Әлемдік Жастар форумының» делегаты.

Қазіргі таңда «Жас Отан» ЖҚ-ның ҚазҚЭА да атқарушы хатшы.

Шәкәрім есімінің мектепке берілу жәйі
Семей қаласы №5 мектебінде 1991 жылғы 23 мамырда өткен
педагогикалық кеңестің №5 мәжіліс хатының қаулысынан көшірме

163

Ақыл-ойымыздың айбары,әдебиет!м!зд! бен мәдениет!м!зд!ң пайғамбары Абайдың рухани жалғасы Шәкер!м ес!м!н!ң Семей қаласымен байланысты ақының осы өлкеде тууымен ғана байланысты емес.

Семей-Абай уш!н де, Шәкер!м уш!н де дуниел!к б!д!м мен мәдениетт!ң қазынасына кол жетк!зуге б!рден-б!р себепкер кала. Қос алыптың өм!р!нен Семейд! алып тастау мумк!н емес Семейс!з Абай да,Абайсыз Шәкер!м де болмас ед!. Кез!нде Семей Абай мен Шәкер!мд! тудырса, буг!нде олардың ес!м! Семейд! дуниел!у мәдениет пен әдебитт!ң б!р орталығы рет!нде мойындатып отыр.

Буг!нг! Семей - кешег! Семейд!н жалғасы. Қалада көне Семейд!н көз!ндей боп сақталған улкенд!-к!ш!л! тарихи орындар б!ршама. Сонын б!р! - 5 -санды қазақ орта мектеб!. Қолдағы архив деректер! бойынша 1924 жылдан, ал көнекөз қариалар дерег! бойынша 1919-20 ж. бастап жумыс !стей бастаған бул мектеп 20-30 жылдар арасында қаладағы улкен мәдени-ағарту орталығы болған. Қаз!рг! мектеп уй!н!ң жанында Шәкер!м калаға келгенде тусет!н уй болған. Нақты карағы деректер! болмаса да, көне көз, көне қулақ қарттардың, жерг!л!кт! зерттеуш!лерд!ң айтуынша,бар т!лег! ел!н!ң уст!нде болған, оку-б!л!м табынар тең!р! болған улы ақын қалага келген әр сапарында мектепте болып, окушы жастармен сухбат құрса керек.

Ақын қаламынан туған:

Адамның борышының, -
Халқына еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта,оны б!л.
Талаптан да,б!л!м мен өнер уйрен,
Б!л!мс!з
Өнерс!з,
Болады ақыл тул, - деген жолдар

жас урпақпен болған осындай б!р сухбат - ниетерд!ң куэс!.тәр!ядд!.

Өткен жетп!с жылда халқымыз келер тар жол,тайгак кешулерден

ерекше. Жоктаусыз қайран улын ел боп жоқтақуда,енд!г! арманы атаусыз қалған акынының ес!м!н келер урпаққа мәңг!л!к қалардай рып атау.

Топырағында кеменгерд!ң кеб!с!н!ң !з! қалған,ког!нде кумб!рлеген домбырасының ун! қалған,ул-қызының көкрег!нде жалпы боп жыр қалған Семей топырағында, Семей қаласында эл! кунге ақын ес!м!мен аталатын б!рде б!р орын жок.

Жоғарыда айтылгандарды қорыта келе айтарымыз:

I) Семей қаласындағы Шэкер!м ес!м!мен жанама турде болса да байланысы бар б!рден б!р тарихи орын 5 - санды қазақ мектеб!.

2) Қаладағы ежелг! ек! мектепт!ң б!р! Абай аты мен аталады,демек осы уақытка дей!н санмен танбаланып келген ек!нш! мектепт!н Шэкер!м атымен аталуы ≠ заңды құбылыс.

3)Шэкер!м атына бер!лген ешқандай басқа мэдени орталық,мектеп т.т.жоқ.

4) № 5 - санды қазақ мектеб! ултгың мақтаныштарымызға айналып отырған А.Байтурсынов, Ж.Аймауытов, М.Жумабаев,С.Торайғыров, Иса Байзаков,Ә.Қашаубаев,Ж.Шакин,К.Сэтбаев,М.Эуезов саңлақтарымыздың да ес!мдер!мен де тығыз байланысты.Бұлардың қай-қайсында Шэкер!мн!ң ойлы жырынан нэр алған жандар.

М!не, осы айтылған жайларды салмақтай кеп, Семей қаласында ақын атын ту ет!п устауға лайық б!рден-б!р орын 5-санды мектеп деп есептейм!з.

№5 мектеп директоры: /Сарсембаев Е.Қ./

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

областной ономастической комиссии к проекту решения "о присвоении казахской средней школе № 5 г.Семипалатинска имени Шакарима Кудайбердиева"

Исполкомом Семипалатинского городского Совета народных депутатов внесено ходатайство о присвоении казахской средней школе № 5 гор.Семипалатинска имени Шакарима Кудайбердиева.

Шакарим Кудайбердиев – наш земляк, выдающийся философ, талантливый поэт и крупный казахский просветитель. Шакарим, как отличный знаток русского, персидского и турецкого языков, перевел на казахский язык десятки произведений крупнейших мыслителей и писателей России и других стран. Творческое наследие Шакарима в конце XIX и в начале XX века занимает достойное место в духовном развитии Казахстана после Абая Кунанбаева. Шакарим был проповедником общечеловеческих ценностей. Казахская средняя школа № 5 – одно из старейших учебных заведений г.Семипалатинска. По архивным данным она функционирует с 1924 года. Рядом со зданием школы находится дом, где, по свидетельствам сторожилов, останавливался Шакарим во время своих приездов в Семипалатинск.

Ходатайство о присвоении школе имени Шакарима Кудайбердиева возбуждено в целях увековечения памяти казахского просветителя с соблюдением требований Положения о порядке решения вопросов административно-территориального устройства Казахской ССР.

Полагаем возможным поддержать ходатайство коллектива работников школы и родителей о присвоении школе № 5 имени Шакарима Кудайбердиева.

Председатель ономастической комиссии, первый заместитель главы областной администрации М.ЧАЙЖУНУСОВ

157

Қазақстан Республикасы
Семей облысы әкімінің

ШЕШІМІ

РЕШЕНИЕ
главы Семипалатинской
областной администрации
Республики Казахстан

199____жылғы_____ 26 июня 1992 199 2 года

№_____ № 119

О присвоении средней школе № 5
гор.Семипалатинска имени Шакарима
Кудайбердиева

Рассмотрев ходатайство исполкома Семипалатинского городского Совета народных депутатов о присвоении средней школе № 5 г.Семипалатинска имени Шакарима Кудайбердиева, основанное на постановлении педагогического Совета школы, заключении областной ономастической комиссии и других материалов по данному вопросу, руководствуясь п. 15 "Положения о порядке решения вопросов административно-территориального устройства Казахской ССР", просить Президиум Верховного Совета республики Казахстан присвоить средней школе № 5 гор.Семипалатинска имя Шакарима Кудайбердиева.

В.ЧЕРНОВ

КАБИНЕТ МИНИСТРОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ОБЪЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

к решению "О присвоении казахской средней школе № 5 гор.Семипалатинска имени Шакарима Кудайбердиева

Главой Семипалатинской областной администрации на основании ходатайства исполкома Семипалатинского городского Совета народных депутатов принято решение о присвоении казахской средней школе № 5 гор.Семипалатинска имени Шакарима Кудайбердиева.

Шакарим Кудайбердиев - наш земляк, выдающийся философ, талантливый поэт и крупный казахский просветитель. Шакарим, как отличный знаток русского, персидского и турецкого языков, перевел на казахский язык десятки произведений крупнейших мыслителей и писателей России и других стран. Творческое наследие Шакарима в конце XIX и в начале XX века занимает достойное место в духовном развитии Казахстана после Абая Кунанбаева. Шакарим был проповедником общечеловеческих ценностей. Казахская средняя школа № 5 - одно из старейших учебных заведений г.Семипалатинска. По архивным данным она функционирует с 1924 года. Рядом со зданием школы находится дом, где, по свидетельствам старожилов, останавливался Шакарим во время своих приездов в Семипалатинск.

В целях увековечения памяти казахского просветителя Шакарима Кудайбердиева областная администрация просит удовлетворить ходатайство коллектива средней школы № 5 г.Семипалатинска и присвоить ей имя Шакарима Кудайбердиева.

161

Р Е Ш Е Н И Е

ИСПОЛКОМА ГОРОДСКОГО СОВЕТА НАРОДНЫХ ДЕПУТАТОВ

г.Семипалатинск №17-1440 от 18.09 1991г.

О переименовании улиц
города Семипалатинска

В связи с многочисленными просьбами жителей города и обращениями областной организации "Казах тили" о присвоении улицам города, учебным заведениям, учреждениям культуры имен знатных людей, исполком городского Совета народных депутатов

Р Е Ш И Л :

1. Переименовать следующие улицы города и присвоить им имена:

а/ проспект Комсомола в проспект Шакерима Кудайбердиева
б/ проспект Мира в проспект Мухтара Ауэзова
в/ улицу Советская в улицу Абая Кунанбаева
г/ улицу Селевина в улицу Кокбая Жанатаева
д/ улицу Ворошилова в улицу Магжана Жумабаева
е/ улицу Калинина в улицу Мыржакыпа Дулатова
ж/ бывшую улицу Абая в улицу Бекена Жамакхаева
и/ бывшую улицу Ауэзова в улицу Кайрата Рыскулбекова

2. Присвоить средней школе № 5 имя Шакерима Кудайбердиева.

3. Просить исполком областного Совета народных депутатов утвердить данное решение.

4. Обязать многоотраслевое предприятие коммунального хозяйства изготовить аншлаги.

5. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на городскую ономастическую комиссию.

Председатель исполкома горсовета Ч.К.Уразбаев

Секретарь исполкома горсовета Л.В.Гульяева

Верно: зав. протокольной частью

Шәкәрімтану залы

Қазақтың ұлы ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлына № 5 мектептің ішкі залынан арнайы орын беріліп, ақынның өмірі жайында нақты деректермен безендірілген. Онда қойылған «Тарихи бас қосу» дөңгелек үстелі – оқушыларға тарихи білім беруге бағытталған. Ғылыми – теориялық конференциялар, әңгіме, диспут кештер осы залда өткізу дағдыға айналған.

Залда «Шәкәрім бюстісі», «Шәкәрім Құдайбердіұлы мүсінінің» көшірме суреті профессионал мүсінші, КСРО және Қазақстан Республикасы суретшілер Одағының мүшесі Мұратбек Жанболатовтың өз қолымен жасалып, салынған.







Жанболатов Мұратбек 20.07.1948 жылы Семей облысы Абай ауданы Қарауыл ауылында көпбалалы жанұяда дүниеге келген. Абай атындағы орта мектепте оқып жүргенде-ақ көркем суретке, түрлі бейнелерді тамашалап табиғат көркемдігіне ерекше қызығушылық танытқан. Мұратбек таудың тастары мен түрлі томар ағаштың бұтақ тамырларын әртүрлі бейнелерге ұқсататын. Оқушы кезінде мектептің іші-сыртқы көркемдеу ісіне қатынасып, көрмелерде жүлделі орын алып, «Суретші бала» атанды. Пионерлердің 1965 жылғы слетіне Советтер Одағының Батыры, жерлесіміз – Жанғазы Молдағалиевтің жау дзодын кеудесімен жапқалы жатқан көріністі цемент пен құмнан құйып жасаған.

Ұлы Абайдың қайтыс болғанына 60 жыл толуына орай Қарауылға белгілі мүсінші – Кәкімжан Наурызбаевтың қызғылт граниттен шапқан Абай бюсті (архитекторы Ш.Уалиханов) әкелініп жаңадан салынған мәдениет үйінің жанына қойылды. Сол сапарда К.Наурызбаев Мұраттың жасаған жұмыстарын көріп ұнатады. Оны Алматыға оқуға келуге кеңес берді.

Мұрат Алматыдағы көркем сурет училищесіне түсіп, К.Наурызбаевтан дәріс алды. Оны бітірген соң бір жыл Семейдегі көркем сурет шеберханасында суретші және Абай атындағы әдеби-музыка драма театрындағы бутафория цехында жұмыс істеп, Москвадағы Суриков атындағы көркем сурет академиясының скульптура бөліміне түседі. Әйгілі мүсінші П.И.Бондаренконың тәлім-тәрбиесінде болып, дәріс алады.

Мұратбек Жанболатұлы Семей облыстық көркем-сурет шеберханасының директоры және суретшілердің Семей аймақтық фондысының басшысы қызметіне тағайындалды.

1981 жылдан СССР суретшілер қоғамының мүшесі болған Мұратбек – Ертіс өлкесіндегі көлемді елді мекендерді көркемдеу, аймақта өткен ұлы Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтардың мерей тойларымен т.б. саяси әлеуметтік мәні зор тарихи шараларға орай көптеген игілікті шаруаларды жүзеге асырды.

Семей қаласында қойылған «Ауған соғысының қатысушылары» құрметіне қойылған ескерткіш, Бөрлідегі «Мұхтар» бюсті, Қайрат Рысқұлбековтің ескерткіші, Әлия Молдағұлова, Әйткеш Ибраев бюсті бар.Ұлы Шәкәрімнің қара гаврадан жасаған ескерткіші қажының тұңғыш бейнесі өте сәтті туынды саналады.

Еліміздің шығысындағы тұңғыш профессионал мүсінші, артына мол творчестволық мұра қалдырған СССР және ҚР суретшілер Одағының мүшесі, «Қазақстан Республикасы мәдениет қайраткері» ШҚО әкімінің 2003 жылғы «Қолданбалы өнер» номенациясы бойынша сыйлығының лауреаты Мұратбек Жанболатұлының есімін мәңгі есте сақтау мақстында Семей қаласында бір көшеге есімі беріліп, еңбек еткен шеберханасы мен тұрған үйіне арнайы тақта қойылған.

Шәкәрім Құдайбердіұлының суреті «қуғын – сүргін, зұлмат» алапатынан қалай аман қалған?

Шәкәрім Құдайбердіұлының мұрасы халық қазынасына айналғаннан кейінгі уақыттарда оның суреті баспада, газеттер мен журналдар да жариялана бастады. Ол Шәукеннің (Оразғали) көп жылдар құпия сақтаған суреті болатын.

Шәукен Абай ауданы НКВД үйінде от жағушы болып істеп жүргенде, оған көп кеңсе қағаздарын отқа жақ деп құшақтатып береді. Қағаздарды жылу қазандығы алдына әкеліп, отқа лақтырып отырғанда арасынан Шәкәрім суретін көріп, оны бөлек жерге жасырып, үйіне алып барып ешкімге көрсетпей тығып қояды.

Шәукен Әбдуалиұлы (1904 – 1977) Ырғызбай ішінде Өсерден өрбиді. Өсерден Әбілмағанбет, одан Бақаш, Бақаштан Әбдуали. Шәукен іштен мылқау – керең болып туады. Өсе келе жігіттің сырттаны, өңіне келбеті сай, сұлу болып толысады. Тіл – құлағының ақаулығына қарамай сері болып ержетеді. Жүйрік ат, тазы ит ұстап, аң аулап, серілік сейіл құрады. Атасы Бақаш дәулеті мен атақ абыройы елге танымал даңқы дәуірлеп тұрғанда немересі Шәукенді еркелетіп, қолын қақпай еркін өсіреді.

Шәукеннің бойында адамды болымысынан танып, білетін және бағалайтын қасиеті болатын. Оның сыртқы дүниеде не болып, не болатынын күні бұрын болжайтын көріпкелдігі де бар-тын. Аңшылық оның бойына біткен өнер іспетті. Ол Шыңғыстың жер жағдайын, табиғат құбылысын ерекше болжай білетін. Тек қана қасқыр, түлкі аулайтын ол, сол аңдардың қай кезде, қайда жүретінін біліп, аңшылыққа шығатын. Астындағы қоңыр аты оның ымдарын түсініп, шақырса қасына келетін, жерге ауна дегенін түсініп аунайтын.

Шәукен суретті, әсіресе аңның; қасқыр, түлкі, қоян суреттерін айнытпай салатын да артынша шамның сәулесіне қолын тосып үйдің қабырғасына саусақтарын қимылдатып түсіретін. Осындай мәжіліс отырыстың соңында Шәкәрімнің суретін тез арада салып, қолыңа ұстатып көрсететін де кайтадан алып қойын қалтасына салып қоятын, бермейтін.

Мұхтар Әуезов Алматыда Абай даңғылы бойына салған екі қабатты үйі біткенде Шыңғыс елінен Әрхам, Кәмен, Балтақай ақсақалдарды және Шәукенді қонаққа шақырады. Шәукеннің шешесі Жақа апаң (жігітек Шүкіманның қызы) өте ісмер, өнерлі адам болатын. Шәукен аулаған Шыңғыстың қызыл күрең түлкі терілерін баппен илеп, Мұқаңа арнап ішік тігіп беріп жібереді.

Осы сапарында Мұқаң үйінде Шәукен Ахатпен кездеседі. Үзіліс кезінде Ахатты сыртқа шығарып, ауладағы бақтың қалтарысына апарып қойнынан оралған ораманың ішінен Шәкәрімнің суретін береді. Әкесінің суреті қолына түскен Ахат (не күйге түскенін өз естелігінде айтқан) егіліп жылайды, дауыс айтады. Дауысты естіген үйдегілер Шәукен мен Ахат ұрысып жатырма десіп қалады.

Текті атаның ұрпағы Шәукеннің ұлылық ісі оның бейнесін осылайша біздің жүрегімізде ұзақ уақыт сақтауда. Зұлмат заманда Шәукеннің ешбір дақ түсірмей сақтаған Шәкәрім бабамыздың сол суретінің екінші біреуі Сәбит Мұқановтың архивінен бертінде табалғанын оқырман қауым білетін болар.

Қуғын – сүргін зұлмат заманында жазықсыз жазаның құрбаны болған Құдайберді әулетінің ұрпақтары

Құдайбердіұлы Шәкәрім 1858 жылы туған. Қуғындау тұзағының бұғауында болған Қажыны 1931 жылы 2 – қарашада қарақшылар тобы мылтықпен атып өлтірген. Денесі Бақаназта құрқұдықта қалған.

Шәкәрімұлы Ғафур 1883 жылы туған. 1931 жылы 1 ақпанда конфискелеп, Семей түрмесіне жабылған. 5 айдан кейін 6 шілдеде Семей түрмесінде өзіне-өзі қол жұмсап өлген.

Ғафурұлы Баязит 1905 жылы туған. 1931 жылы 1 ақпанда конфискелеп, түрмеге жапқан. 1937 жылы Зайсан түрмесінде буынып өлген.

Шәкәрімұлы Зият 1903 жылы туған. 1937 жылы Қытай түрмесінде тұтқында өлген.

Шәкәрімұлы Қабыш Шыңғыстауда туған. 1931 жылы Қарауыл мен Ақтанбұлақ ауылы ортасында «Қоныс» лагерінен аудан орталығына жете алмай, аязда жолда өлген.

Шәкәрімнің әйелі Айғанша және қызы Күлзияда «Қоныс» лагерінен ауданға әкеле жатқан жолда аязда өлген. *(ТОО РПИК «Дәуір баспасы». Алматы. 2009. «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» 18 том. 470 – бет*)



Ұрпақ тәрбиесін ту еткен Алаш білім ордасы

Сақалов Самат Сыпатайұлы – 1963 жылы 15 сәуірде Семей облысы, Абай ауданы, Құндызды ауылында дүниеге келді. 1990

жылы Қарағанды педагогикалық институтын бітіріп Семейге келіп, алғашқы еңбек жолымды тарихы терең № 5 мектепте бастағанымды әрқашан мақтан тұтамын. Өйткені бұл мектептің қайнар бастауында сонау 1917 – 1918 жылдары Алаш білім ордасының тау тұлғалы азаматтары тұрды.Олардың барлығы да Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялылыры еді.1916-1919 жылдары шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде Алаш қаласында 2ерлер,1қыздар мектебінің ашылғаны жайында жазады.Демек Ертістің сол жағалауында орналасқан еліміздің тұңғыш астанасы болған Алаш қаласында (1917-1920ж) біздің №5 мектебіміздің ірге тасы қаланған деп сеніммен айтуымызға болады.Бүгін де мектебіміздің 1992 жылдан бастап АР ілімін оқытуды арман еткен философ, тарихшы, ақын, композитор Шәкәрім атамыздың атымен аталуы заңдылық. 1991 жылы елдегі саяси ахуалға байланысты мен мектеп директоры Сәрсенбаев Ерлан Қасымұлына елімізде құрылып жатқан «Азат» қозғалысын құру жайында ұсыныс жасадым. Ерлан Қасымұлы қозғалыстың бағдарламасы мен егжей -тегжейлі танысқан соң, қолдау көрсетіп, жиын өтетін орынды белгілеп, жағдай жасап берді. Қуаныштан үйге келіп телефон арқылы Алматыдан Қазақстанның «Азат» азаматтық қозғалысының республикалық басшыларын Семейге шақырдым. Сөйтіп Шәкәрім атындағы №5 мектепте 1991 жылдың 29 шілдесінде Семей облыстық «Азат» азаматтық қозғалысы дүниеге келді. XX ғ. басындағы Алаш арыстарының азаттық жолындағы күресі осылайша ғасыр соңында киелі білім ордасында ұрпақтар үндестігіне ұласты. 1992 жылы Семей облыстық «Азат» қозғалысының үні «Алаш Орда» газеті жарыққа шықты. Газет беттерінде №5 мектеп оқушыларының да жүрекжарды мақалалары патша көңіл оқырмандарын бейжай қалдырмады. Сондай мақалалардың бірі «Алаш Орда» газетінің 1992 жылғы 2 санында жарық көрген 11 сынып оқушысы Гауһар Мұқатаеваның «Ана тілің – ар намысың» -атты мақаласы. Мақалаға қысқаша тоқталып өткенді жөн көрдім. Өйткені ана тілінің мәселесі бүгін де өзекті күйінде, күн тәртібінен түспей келеді. «Адамзат жаралғаннан бері ана тілі сол ұлттың адамгершілік айнасы болып келеді. Ана тілі – әр халықтың өзінің төл белгісі. Адам ана тілімен бақытты, ана тілімен асқақ. Өзіңді көгертпей тұрып, өзгені көгертем деу бекершілік. Ал өз халқының көсегесін көгертіп, мерей-мәртебесін биіктету алдымен ана уызымен бойға сіңген қасиетті қазына – ана тілін жетік білу қажет. Келешекті болжау кемеңгерлік болса, өз халқының өткенін білу – тектілік. Өз халқының талай ғасырғы тарихын таратып айтып, бүге – шігесіне дейін жатқызып, өргізетін өрлі ойлы, өр дарындар ең алдымен ана тілін ардақтап,туған тілін қадір тұтқан.

...Өйткені, өз халқын сүйе білген адам өзге тілді де сүйе біледі.

Туған тілде туған талай асқақ ән,
Көрем ыстық сезімдерді тастан әр.
Адамзатты сүю деген ұлы ұғым
Туған тілді сүюіңнен басталар...
Қандай халық санар сені тіл өгей,
Бөлек нең бар адамзатпен бір емей.
Барлық тілге аударылса Әуезов,
Сен қай тілсің дүниелік тіл емей ? – деген ақын мақтанышы шаршы топта шашасына шаң жұқтырмас шалқар дарын, айтулы жүйріктер туған қазақ халқының тіл мүмкіндігінің мол екендігінің айғағы. ...Адам – аласармас армандармен мықты, ал асқақ арманның асқақ шыңдарында ар – намысының туын тіккен жан нағыз мықты адам осы » - деп 11 сынып оқушысы исі қазақ жастарын ана тілін құрметтеуге шақырады. Иә, жалынды жастардың ұлттық рухта тәрбиеленуіне сіңірген №5 мектеп ұстаздар қауымының еңбегі ерекше.

жылы атты


БІРЛІГІ КҮШТІ ЕЛ ӨЗАР!
Алаш орда
ТӘУЕЛСІЗ САЯСИ ГАЗЕТ
№ 2, 1992 ЖЫЛ.
АЛАШ АЗАМАТТАРЫ!

2011 «Ұлыс» тарихи

этимологиялық зерттеу кітабы жарық көрді: «Алаш маршы», «Мен жастарға сенемін», «Қайдасыңдар Арыстар», «Жер еркесі – Шыңғыстау», «Ақшоқы кеші», «Сайрашы сандуғашым», «Өмір сыры егіз екен» - атты отызға тарта әндердің төл иегері.

Шәкәрімтану- бір әлем

Кез келген істің өткені мен қатпар-қатпар өткелі бар.Ұстаздық өмірімнің 30 жылға жуығын Шәкәрімтану іліміне арнаппын. Алғашында бұл есім беймәлім боп келсе, бірте-бірте белгісіз қырлары ашылып, өзіне баурады. Ұстаздық өмірімнің басты тетігіне айналған шәкәрімтанушылық неден өзек алды десем, оның негізі сонау балалықшағымда жатыр екен.

Бала кезім. Ұмытпасам 60-жылдардың ортасыболса керек. Біздің үйдің қонақ бөлмесіндегі қабырғада туған-туысқандарымыздың, әке-шешемнің әр түрлі сәтте түскен суреттері және қақ ортасында Абайдың портреті мен кішірек келген бейтаныс адамның сурет ілулі тұратын. Ол кісінің түсі Абайға қарағанда суықтау, суретінде ақ түстен гөрі қара бояу басымырақ болатын. Мен бөлме ішінде өзіммен тетелес өскен бауырыммен ойнап жүріп, кейде қабырғадағы суреттерді бөліске салатын «Кім жылдам?» деген ойынды ойнайтынмын.Әрине, үлкен болғандықтан, әрі ширақ қимылдағандықтан «Абай ата менікі» деп бірден иелене кететінмін. Осылайша ағайын-туыстардың есімдері кезек-кезек аталып, ең соңында бейтаныс қарияның суреті бауырымның еншісінде қалатын.Ол кісінің атын атай алмағандықтан, бауырым жеңілетін. Сондай сәттерде бауырым: «Мына кісі кім? Кімнің атасы?» дейтін.Үй ішінің үлкендері жарытып ештеңе айтпағандықтан «Білмеймін» деп жауап беретінмін.Балалық шағымдағы осынау бір «білмеймін» деген сөздің астары, сырға толы құпиясы кейін ашылды.Әкем бұл суретті «Семей таңы» газетінің қызметкерлерінен алыпты. Олар қолдарына түскен суретті көбейтіп, жақын-жекжаттарға таратқан сияқты. Соның бірі менің әкемнің қолына тиіп,қастерлі сурет қонақ бөлмедегі суреттердің қақ ортасында, Абай портретінің қасынан орын алған.

Өз басым бала күнімнен өлең-жырға, ертегі-әңгімеге құштар болдым. Кешкілік әкем бізді(балаларын) қасына жинап алып,кітапоқып беретін.Оқыған кітаптары өлең-жыр, дастан түрінде болғандықтан, әуезді үнмен оқып,тыңдамасқа еркімізді қоймайтын. Сондықтан әкемнің оқыған «Қобылады батыр», «Ер Тарғын батыр», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырларын, Шәкер Әбеновтің «Кейпін батыр», «Таңшебер-Жапал» дастандарын тыңдап өстім. Әкем «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр»поэмаларын ешқандай кітапсыз жатқа оқитын. Ұзақ оқылған жырды тыңдай отырып, «Қалай жаттап алған?» деп таңқалатынмын. Біз мұғаліміміз берген өлең шумақтарын бір-екі сағатта әрең жаттаймыз. Ал әкем болса бір дастанды жатқа оқитын және біздің таңданысымызға орай: «Мен де сендер сияқты мектепте оқығам. Ауданда оқып жүргенде, Қали Мақажанов деген мұғалім осындай көлемді шығармалар жаттатқызатын»- деп, қызығушылығымды одан әрі

күшейтетін. Қызығушылық мені кітап оқу әлеміне алып келді. Оқушы күнімде Аягөз қаласының кітапханаларынан шықпайтынмын. Оқымаған кітабым жоқтың-қасы. Жаңадан шыққан кітаптың кезегіне тұратынмын, оқымай қоймайтынмын.Ал кітапханалардан, оқыған кітаптарымның арасынанәкемнің жатқа оқыған жырларын іздейтінмін, қанша іздесем де таба алмайтынмын. Осы құпия «Жабулы қазан...» күйінде қалар ма ед, егер 1988 жылы Шәкәрімнің 130 жылдық мерейтойы аталып өтпесе.

Мен сол жылы Аягөз қаласының №-3 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болатынмын. 1988 жылдың алғашқы айларынан бастап газет-журналдардың бетіне қайта құру саясатының нәтижесінде ұрпақ қазынасына қайтып оралған Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы мақалалар,естелік-әңгімелер шыға бастады. Мектеп бағдарламасына қажет-ау деп баспа бетіндегі әдеби шығармалардың бірде-бірін қалдырмай оқып жүрген маған әкем: «Балам, Қарауылда Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған жиын-той болады дейді. Сенің қызметіңе қажет-ақ! Барып, көріп келсең қайтеді?»-деді.Халқымен қайта қауышқандар туралы тек баспа бетінен оқып жүрген маған бұл таптырмас олжа болды. Жақсыны көрмекке деп, жолға шықтым. Құндыздыға(Жданов совхозына) келген соң, туыстарыма бүйімтайымды айтым. Олар менің табанымды жерге тигізбей, аудан орталығына алып келді.

Қарауыл мерекедегідей безендіріліпті. Көше бойларына бала күнімнен таныс сурет пен өлең шумақтарының үзінділері ілінген.Үзінділердің астына «Шәкәрім» деп жазылыпты, бірақ бұл шумақтар маған Абай сөзіндей әсер етті. Қасымдағыларға: «Мынау Абайдың өлеңі ғой!» деймін, күдігімді жасырмай. Абайды оқып, жаттап, әрі Абайдың өнер-білім, табиғат, саяси тақырыптағы өлеңдерін санама түйіп өскендіктен, сол уақытта солай деу орынды болатын. Дегенмен, «Бұл қалай?» сұрақ мазамды алды. Мазасыз сұрақтың жетегінен шыға алмай, мәдениет сарайына жақындадым. Сарай алдына біршама адам жиналып қалыпты. Таныстарымызбен амандаса отырып, ішке кірдік. Залдыңіші адамға толы. Біз алдыңғы қатарлардың біріне барып жайғастық. Көп кешікпей салтанатты жиын басталып кетті. Ұлы Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырушы, ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының 130 жылдық мерейтойына республикамыздың әдебиет пен өнер иелері арнайы келіпті. Кеш ғылыми-конференция түрінде өтті. Кешке қатысушылардың аты-жөндерін, сөйлеген сөздерін тыңдап қана қоймай, қолыма ұстап отырған кітапшама конспектілеп жазып отырдым.Алғашқылардың бірі болып абайтану ғылымының білгірі, зерттеуші ғалым, менің ұстазым Қайым Мұхаметханов сөз алып, баяндама жасады. Жасы тоқсанға келіп қалған халық ақыны Шәкер Әбенов ақын туралы естеліктер айтып, «Дубровский» поэмасын жатқа оқыды. Есте сақтау қабілетінің кереметтігіне сүйсінген көпшілік қарт ақынға ерекше қошемет білдірді. Ел құрметіне бөленген ақыннан кейін мінбеге жазушы Мұхтар Мағауин көтеріліп: «Шәкәрім өлеңдерін жаттап өстім. Шәкәрімнің өлеңдерін жинақтап, баспаға бердім. Жақында жарық көреді» десе, филология ғылымының докторы Рахманқұл Бердібаев: «Биылғы жылды Шәкәрім жылы деп айтуға болады» деді. Зерттеуші ғалым Есенгелді Жақыпов: «Бір Шыңғыстау өңірінен үш бірдей ұлы адам туғаны керемет қой!» дей келіп, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің өзіне қалдырған сыйлығын (үш кішкене алтындатылған рюмканы) жазушының Бөрлідегі мұражайына тапсырды. Кеш соңында соғыс және еңбек ардагері Ниязбек Алдажаров Шәкәрімнің өлеңдері, әндері жайында әңгімелеп, Шәкәрімнің біз естімеген бір әнін орындады. Конференциядан алған әсер, шыңғырған шындық маған Абай- бір төбе, Шәкәрім- бір төбе деп мойындатты.


Сапар барысы ұстаздық ұстанымыма тың үрдіс енгізді. Бар болмысымды шәкәрімтанушылыққа бұрды. Қолымда «Шәкәрім» шығармалар жинағы болмаса да, газет-журналдардан, қала берді әкемнің жатқа айтқан өлең дастандарынан керегімді жинақтап, өзім қызмет етіп жүрген ұжымыммен ақынның туған күніне орай, қазан айында «Қайта оралған қазына» атты оқырмандар конференциясын өткіздім.Оқырмандар конференциясы аудандық көлемде өтті. Шәкәрімнің ғұмырнамалық тарихынан тек қазақ тілі пәнінің мұғалімдері ғана емес, тарих, математика, орыс тілі, биология,шет тілін оқытатын

әріптестерім де сыр толғап, ақын шығармаларының өміршеңдігіне тәу етті.Әрине, Шәкәрім жылы болғандықтан, бұл жұмыс оқушыларымның танымынан да орын алды. Жоғарғы сыныпта оқитын шәкірттеріммен драматург Мерғали Ибраевтың «Шәкәрім» атты пьесасын сахналадым. Сахналық шығарма қонақтарға да, оқушыларға да қатты әсер етті, кейбірі тығылып келген көз жастарына ие бола алмады. Көп кешікпей Аягөз жерінде тағы да Шәкәрімге арналған айтулы конференция өтті.Оны Аягөз қаласының милиция қызметкерлері ұйымдастырды. «Шәкәрім күндері Аягөз жерінде» деген облыстық оқырмандар конференциясына Семей қаласындағы Абай мұражайының директоры Төкен Ибрагимов, филармония әншісі Келденбай Өлмесеков, жазушы Ерғазы Рахимов, Абайдың немере інісі Азат Искаковтар қатысты, ой бөлісті. Мен оқырмандарға Шәкәрімнің «Жастарға» деген өлеңін талдап, ақын өлеңінің өскелең ұрпақ үшін алар орнының ерекшелігіне тоқталдым. «Жастарға» өлеңінің тұнып тұрған тәлім мен тәрбие екендігін дәлелдедім. Шәкәрімге байланысты жүргізген азын- аулақ жұмыстарымды сол уақыттағы оқыту әдістемесіне негіздеп, баяндама етіп жаздым. 1990 жылы Семейде өткен «Үздіксіз оқыту және тәрбиелеу жүйесіндегі қостілділіктің қазіргі проблемалары» деген облыстық -практикалық конференцияда осы баяндаманы оқып, оқыған баяндамам бойынша 1991 жылы Жезқазған қаласында өткен Республикалық XXY педагогикалық оқуларға жолдама алып, жеңімпаз атандым.1993 жылы Семейдің педагогикалық институты ұйымдастырған «Шәкәрімге-135 жыл» атты апталықтың бір күні мектеп оқушыларына арналғандықтан, қазақ тілі мен әдебиет пәнін тереңдетіп оқып жүрген сыныбыммен институттың дәрісханасында «Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі» поэмасын оқып-тану және іздену» тақырыбында ашық сабақ жүргізіп, оқушыларды студенттік ортаға бейімдедім.1998 жылы мектебіміздің Шәкәрім атын алуына байланысты Республикалық ғылыми семинарда ақын шығармашылығына арналған ашық сабақ пен «Шәкәрім және ғылым» атты әдеби-теориялық тәрбие жұмысын өткіздім. 2001жылы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналып ашылған шәкәрімтану кабинетінің ашылу салтанатына тілші- журналист Рахметолла Смағұлов, Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Абай мұражайының ғылыми қызметкері Алмахан Мұхамедқалиқызы, мектебіміздің түлегі, филармония әншісі Гүлдана Ноғайбаевалар қатысса, 2004-2005 жылдары «Қазақстан Семей» телеарнасының «Шәкәрім тағылымы» атты ғылыми- бұқаралық хабардың шығарылымына да үлес қосып, ат салыстым. «Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын зерттеудің өзекті мәселелері» төңірегінде оқушыларыммен қатысқан Республикалық ғылыми-теориялық конференциялар, іс- тәжірибені тарату үшін облыс көлемінде жүргізілген «Шәкәрім ұрпақтары» атты он-лайн сабағы, ақын-жазушылардың, ғалымдардың «Шәкәрім» атты кітаптары бойынша жүргізілген оқырмандар конференциясы, ғылыми семинарлар, әр жылдардағы оқушылардың қатысқан ғылыми жобалар сайысы- тамырын тереңге жайған «Шәкәрімтанушылықтың бәйтерегі».

«Шәкәрімтанушылық» бүгінде сұранысқа ие болып жатса, ол-табиғилық.

Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі-
Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы

Шәкәрімтанудың бір күні



(Тілші-жазушымен кездесу)

Мектеп-гимназиямыз Шәкәрім есімін иеленгеннен бері ұлы ақын шығармашылығын танытуға арналған сан алуан іс-шара өтті.Солардың бірі-Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Өнегелі өмір-өшпес мұра» атты әдеби мерекелік іс-шара. Қазақ тілі пәні мұғалімдерінің қатысуымен ұйымдастырылған іс-шарада Шәкәрім шығармашылығын жаңа түр, жаңа өрнекпен танытуды жөн көрдік.Таным барысында жерлес тілші-жазушы Дәулет Сейсенұлының жаңа ғана баспадан шығып, таралымға ұсынылған «Шәкәрім» атты кітабын басшылыққа алдық. Дәулет Сейсенұлының «Шәкәрім» атты кітабы шәкәрімтанудың бір күндік бедеріне айналды.Іс-шарамызды автордың қатысуымен өткізуді мақсат етіп, Дәулет Сейсенұлын кездесуге шақырдық.

Кездесуімізге тілші-жазумен бірге қазақ тілі қоғамынан және қалалық білім бөлімінен, филармониядан қонақтар келді. Қонақтарды қарсы алу рәсімінен кейін үш тілде оқитын дарын сыныбымен «Ұрпақ үні» атты ашық сабақ өткіздім.Ашық сабағыма Дәулет Сейсенұлының «Шәкәрім» атты кітабын арқау еттім, оқушылар Шәкәрімнің балалары Ахат, Қабыш, Зият,Гүллардың әкесі жайында жазған өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ақын ұрпақтарының өлеңдерін мәнерлеп оқыған Мұратжанова Назерке, Төлебаев Айбол, Әбілбекова Әйгерімдер шәкәрімтану әлемінің қыр-сырына бойлап қана қоймай, сабаққа қатысушы қонақтардың ризашылығына бөленді.Сабақ соңында сынып оқушылары Дәулет Сейсенұлына гүл шоқтарын ұсынып, жазушыдан қолтаңба алды. Ал 5-сыныптың оқушылары мен ұстаздары А.Оразханова мен А. Абадилова «Шәкәрімді толық танып болдық па?» деген тақырыпта интеллектуалдық ойын ұйымдастырды.Сабақ мультимедия кабинетінде өткізілді.Олардың «Алтын қақпа», «Миллион кімге бұйырады?» деген интеллектуалдық ойын сабақтары Дәулет Сейсенұлының «Шәкәрім» атты кітабының жекеленген мақалаларына негізделіп алынды.Ойын шарты оқушылардыңжас ерекшелігін қамтып, ой- өрістерін дамытуға жағдай туғызды. «Миллион кімге бұйырады?» ойынын жүргізуші Анар Оразханова жазушының «Шәкәрімнің ән мұрасы туралы» деген мақаласы бойынша оқушыларының өнерге деген қызығушылығын арттырды және соңын өзі орындаған әнмен әрледі.



Күн тәртібіндегі жұмыс барысы9-сыныпта оқитын оқушыларыммен жүргізілген «Өнегелі өмір-өшпес мұра» атты оқырмандар конференциясына жалғасты. Оқырмандар конференциясы Дәулет Сейсенұлының «Шәкәрім» атты кітабының бірінші бөлімін қамтыды. Осы бөлімнің он бір тарауын оқып шыққан оқушыларым ойларын ортаға салып, бір-бірімен пікір алмасты. Оқырмандар конференциясы интерактивті кабинетте өткендіктен, интерактивті тақтадан көрсетілген тарихи мұрағаттық деректер тақырыпты ашуға және жас оқырманының ой кеңістігін кеңейтуге, ой салуға ықпал етті. Мазмұны қанық, қызықты конференция сыр-сұхбатқа ұласты. Оқушы-оқырмандар Дәулет Сейсенұлына көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды.Қаламгердің әсерге толы ұтымды жауабы сыр-сұхбаттың шоқтығын көтеріп, оқырманының рухани дүниесін байытты. Кездесуде мектебіміздің түлегі, семейлік әнші Берік Омаров Шәкәрім әндерін орындады. «Қазақ тілі» қоғамының қызметкері Ерғали Какимов жазушы-тілші жайында қызықты естеліктер айтты. Қалалық білім бөлімінің бас маманы Марат Халелұлы және Гүлнар Бақдәулетқызы жазушы атанудың оңай еместігін айта келіп, тынымсыз ізденіс пен жақсы оқу осындай істің бастамасына айналып, оқырман-оқушысы арқасында Шәкәрім есімі аласармай, асқақтай беретіндігін үлгі етті. Мектеп-гимназия директоры Алма Медетқызы кездесуден алынған әсер үлкеннің де, кішінің де жадында сақталатын айта отырып,кеш қонағы Дәулет Сейсенұлына естелік-сый тапсырды. «Шәкәрім» кітабының авторы оқырманына ыстық ықыласын білдіріп, мектеп оқырмандарына арналған қаламгерлік қолтаңбасын интерактивтік тақтаға қалдырды.

Иә, дана да дара тұлға Шәкәрімге арналған бір күніміз осылай өтті. Мектеп-гимназиямызда әлі қаншама сыр-сұхбатқа толы кездесулер өтіп, қаншама кітаптың тұсауы кесіледі десеңізші!

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі-
Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы

Кітап- сарқылмас рухани әлем

(қаламгермен кездесу)

Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиямызда 2002 жылдың 15 наурызында «Кітап-сарқылмас рухани әлем» атты әдеби кеш өткіздім. Кеш қонағы- Қазақстанның құрметті журналисі,«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағының иегері, Жазушылар Одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, республикалық «Абай» журналының бас редакторы, белгілі жазушы, әдебиетші-журналист Ырысхан Мұсаұлы болатын. Кештің мақсаты – кітапқұмар оқушыларыммен авторлық жүздесу ұйымдастыру жәнеқаламгердің шығармаларымен танысып, пікір алмасу еді.

Гуманитарлық бағытта оқитын 11- сынып оқушыларымен сабақ барысында көптеген ақын-жазушылардың көркем туындыларын оқып, шығармаларында көтерілген тақырып пен идеяны оқушы ұғымына, түйсік – талғамына сай талдағанбыз. Әсіресе, көңіл қайып, ой тазысына салғанымыз – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы. Роман-эпопеяны дамыта оқыту, проблемалық жағдай туғыза оқыту әдісі бойынша меңгердік. Оқушыларға шығарманы толық оқыту үшін романда кездесетін антропонимдерді (кейіпкерлер аттарын) әліпби ретімен, этнонимдерді (ру, ел аттарын), топонимдер (жер, су, тау) аттарын, өсімдік аттарын тергізіп, кейіпкер бойында кездесетін адами қасиеттерді даралауға үйреттім.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыған соң, негізгі арқауы болып Құнанбай бейнесі сомдалған Ырысхан Мұсаұлының «Аға сұлтан» романын сыныптан тыс оқуға бердім. Оқыту барысында екі шығарманың, оның кейіпкерінің, яғни, Құнанбайдың арасында рухани сабақтастық бар ма деп жауап іздеттірдім.

Ырысхан Мұсаұлымен кездесуде автордың«Аға сұлтан» романын оқушыларымның тегіс оқығандығын, өз ойларын іркілмей ашық айтуымен дәлелдегендігінен аңғардым. Олар «Аға сұлтан» романынан алған әсерлерін қызу ортаға салып, романның басты кейіпкерлері Құнанбай, Алшынбай, Құсбек, Мұса, күйші Тәттімбеттердің образын жан-жақты талдап, жазушының айтпақ болған ойы осы-ау деп, батыл түрде ойларын білдіріп, өзіндік пікірлер айтты. Есімдері тарихтан белгілі кейіпкерлерді барынша шынайы бейнелей отырып, образдық қасиеттерінің тәрбиелілік жағын ашты. Кейбіреуі «Аға сұлтан» Құнанбайын «Абай жолы» романындағы Құнанбаймен салыстырмақ болып әрекет жасап, зерттеушілік қабілеттерін танытты. Көк өрім жастардың ізденгіштігі, әдебиетке ынтызарлығы кеш қонағын сүйсінтпей қалмады. Ашық ойға құрылған қызу әңгіме барысында оқушылар Ырысхан Мұсаұлына: «Бұл романды жазуға не түрткі болды?» деп сұрақ қойды. Жазушыға сөз берілгенде Ырысхан Мұсаұлы өз шығармашылық белестері, жазушылық лабораториясы туралы көп сыр шертті. «Халқымның өмірінде өшпес із қалдырған оқиғаларды таңдап алып, соны жеке адамдардың өмірі арқылы заман ағымын көрсету мұратым болды. Менің «Аға сұлтаным»студент шағымнан жазылды. «Абай жолы» романын сүйіп оқи бергендіктен болар, өте күрделі де қиын, аса жауапты екенін ұғып та Құнанбай қажы бейнесіне қатты қызықтым.

Ақыл мен мінезден, иманнан жұрдай Итбай бейнесі сияқты сәулесіз байлардың типі белең алып тұрған қиын мезгілде Мұхаң тұңғыш рет қазақ әдебиетінің тарихында үстем тап өкілдерін жағымсыз етіп көрсете отырып, шын мәнінде, текстің астарында оларды жағымды, текті, рухы күшті етіп көрсете білген ғұлама жазушы. «Абай жолы» романы –данышпан шығарма, Мұхаңның күллі шығармашылығын тексеріңіз, онда Құнанбай оңбаған, зәлім адам деген ойдың ұшығы түгіл, бір сөз де таппайтыныңыз анық.

Мен қажыны суреттегенде, тобықты ішін емес, Қарқаралы, Омбы сапарларын алып, оның билік тұтқасын ұстаған ел азаматы екенін, асқан азаматтығын саясаткерлігін көрсеттім» - деп, кітап оқырмандарына «Аға сұлтан» романының жазылу туралы естелік-деректер айтты.

Кештің соңында оқушылар осы романның желісінде жазылған Ырысхан Мұсаұлының«Тауан» пьесасынан екі көрініс қойып, сахна өнерінен де құралақан емес екендіктерін көрсетті.Өре мен өнері бойларында тұнған жас буын өздерінің әдебиет қазынадан үлкен ғибрат алып өсіп келе жатқанын дәлелдей отырып, қолдарында ұстап отырған жазушының шығармалар жинағына авторлық қолтаңба алды.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі-
Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы

«Бағышталған өмірім мен өнерім, Алашыма сөзбен қуат беремін»
оқырмандар конференциясы
(Мұратбек Оспановтың«Дүние-дидар» өлеңдер жинағынан)

Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектебімізде жыл сайын қалыптасқан дәстүр бойынша қара сөздің қаймағын қалқып ішкен қаламы жүйрік қаламгерлерді, поэзия шыңына өрмелеген ақындарды, шашасына шаң жұқтырмайтын айтыскерлерді, көптің алғысына бөленген күміскөмей әншілерді кездесу кешінің қонағы етіп,мектеп оқушыларымен дидарластыру үрдіске айналған. Сол қалпымыздан жаңылмай 2010 жылы ақпан айында ақын, журналист Мұратбек Оспановтың «Дүние-дидар» атты өлеңдер жинағы бойынша оқырмандар конференциясын өткіздім. Кездесу кешіне 9-11 сыныптың оқушылары қатысты. Кездесу тақырыбы ақынның «Бағышталған өмірім мен өнерім, Алашыма сөзбен қуат беремін» деген өлең жолдарына құрылды.Кездесудің беташары Мұратбек Оспановтың туған жері, өскен ортасы жайында түсірілген видиокөрініс көрсетуден басталып, ұлылар бастауынан нәр мен шуақты нұрынан қуат алған талантардың бірі- ақын,журналист Мұратбек Оспановты жас оқырмандарының ортасына шақырдым. Ақын кездесуге өзінің үзеңгілес ақын достарымен келіпті.Кездесудің қызықты, әсерлі өтетіндігін сезінген оқырмандар қонақтарды қуана қарсы алды.

Оқырмандар конференциясы ақынның «Дүние-дидар»деген кітабының төңірегінде болғандықтан, оқушылар жатқа, мәнерлеп оқитын шығармаларын осы кітаптан алды.Олар ақынның өлеңін жай мәнерлеп оқып қана қоймай, ақынның қозғаған тақырыбын сахналық көрініспенкөркемдеді.Мұратбек Оспановтың «Өзім туралы»деген өлеңін оқыған 10-сыныптың оқушысы Төлебаев Айбол автордың бейнесін бейнелеп тұрғандай етіп, сазды әуен сарынымен жеткізді.Тілебалдина Гүлсая, Сербаев Данияр, Серікжанова Әйгерім,Социалов Дархан, Қызырхановалар поэзияның сәні де, мәні де тіл екендігін ақынның «Шабыт», «Ақынға араша», «Синдром», «Шыңғыстау», «Сенің үнің құлағымда», «Семей», «Адамдар-ай!» деген өлеңдерін саз әуенімен оқу арқылы жеткізді. Олар тыңдарман қауымға өлеңнің ғайыптан пайда болатын қанатты ой және табиғи таланттан туатын сөз- шабыт екендігін Мұратбек Оспановтың: «Айтыңызшы ағайын, қалай жазбай тұрамын, Бастауында отырып, өлең атты тұманың»деген өлең жолдарымен бергендей болды.Ал 7-сынып оқушылары Жұмашева Еркежан, Ануарбекова Шұғыла, Оралғазина Мадина,Жұмағазина Ақботалар өздерінің жас ерекшелігіне байланысты ақынның жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерін сахналық қойылым бойынша мәнеріне келтіре оқыды, жас оқырмандардың өлең мен өнерді қатар алып келе жатқандарына қызығы қарап, қатты сүйсінді. Сахнамен өрілген ақын шығармалары оқырманын осылайша баурады.Салтанатты кездесуде ақынның сөзіне жазылған Кентау Назарбековтің «Қош бол, мектебім!» деген әні орындалып, сөз кезегі кеш қонағы Мұратбек Оспановқа берілді.Мұратбек Оспанов оқушыларға поэзия әлеміне қалай

келгендігі, поэзия жанрының өміршеңдігітуралы әңгімелеп, бірнеше өлеңдерін оқыды.Ақын оқырмандарын ашық әңгімеге шақыра отырып, сыр алысты.Оқырмандар өздерін толғандырған, қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

«Ең алғашқы өлеңіңіз қалай аталды? Өлең отауының есігін ашуға кім әсер етті?Өлең арнасындағы ұстаздарыңыз жайлы не айтсыз?» деген сұрақтар біріне соң бірі қойылды. Оған Мұратбек Оспанов: «Ең алғашқы өлеңім-«Шыңғыстау», оны 6-сыныпта оқып жүргенде жаздым. Өлеңім «Совхоз туы» деген аудандық газетке шықты. Міне, содан бастап,10-сыныпқа дейінгі жазған өлеңдерім осы газетте жарияланып тұрды. Мектеп бітірген соң, Алматыдағы Қаз МҰУ-дың журналистика факультетіне оқуға түстім.Әдебиет теориясынан әйгілі қазақ ақыны Қадыр Мырзалиев дәріс оқыды. Ол кісі сабағында көбінесе бізге өлеңдерімізді оқытатын, әрі сынайтын. Бүкіл топтың студенттері жазып жүрген өлеңдерімізді оқимыз, Қадыр аға солардыңарасынан үш студентті ерекше бағалады. Солардың бірі-мен. 1983 жылы студенттердің «Аудитория» деген жинағы шықты, соған менің бірнеше өлеңдерім басылды. Ал ең алғашқы өлеңдер жинағым-«Сандықтас», кейіннен «Дүние-дидар», «Сүмбіле» деген кітаптарым шықты.Таяуда «Астана»полиграфиясынан «Таңғы тамшылар»атты кітабым 2000 данаменшықты»- дей келіп, осы кітаптың тұсаукесері деп бірнеше жаңа өлеңдерін оқыды.Ақынмен жүргізілген сырлы әңгіме, баспадан жаңа ғана шыққан кітап оқушыларды дүр сілкіндері. Олар алған әсерлерін тоқтата алмай, кездесу қонағына қол соғып, қошемет көрсетті. Оқушыларының қуанышына риза болған мектеп директоры Алма Медетқызы: «Балалар, журналист, ақын-қоғамдық тұлға, қоғам қайраткері.Оның өткір қаламы қоғамда, ортамызда болып жатқан құбылыстарға, өмірлік, азаматтық ұстанымдарға арналады.Мұратбек ағаларың да қай тақырыпты жырласа да айтар ойын дөп басып, кәсіби шеберлігін көрсеткен. Сендер бүгін өздеріңмен қатар оқитын құрбыларыңның мәнерлеп оқыған өлеңдерін тыңдадыңдар. Сонымен қатар өлеңді жай ғана оқып қоймай, оның мағынасын түсініп оқу керектігін де ұқтыңдар.Жыр кешінен көп нәрсе алдыңдар»-дей келіп,кездесу кешінің қонағына ұжым және оқушылар атынан алғыс білдірді. Оқырмандар Мұратбек Оспановқа гүл шоқтарын ұсынып, ақыннан қолтаңба алды.

Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі-
Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы



Мурат Рахимжанович Султанбеков

Имя Мурата Султанбекова прочно вошло в отечественное абаеведение и изучение литературного наследия Шакарима. Вместе со своим наставником Каюмом Мухамедхановым Мурат Рахимжанович Султанбеков принимал самое непосредственное участие в деле реабилитации великого казахского просветителя. Они вместе составляли письмо с прошением о реабилитации Шакарима в Москву. Позже он стал переводить поэтические произведения Кудайбердиева. Помимо переводческого дела он активно занимается исследовательской деятельностью, писал стихи и поэмы, приготовил к выпуску свою новую книгу «Синий меридиан. Алашорда. Атилла». За верное служение отечественной литературе в 2009 году Мурат Султанбеков был награжден медалью «55 лет Московской городской организации Союза писателей России. 1954–2009 гг.».

С Муратом Рахимжановичем школьный клуб «Огонёк» связывает давняя дружба. Всё началось с того, что ученица 10 класса решила подготовить проект на тему «Мир поэтических образов Мурата Султанбекова». Девочке очень помогли личные встречи с поэтом, во время которых она узнала много интересного об истории возникновения стихотворений, об образах лирики поэта. Следует сказать, что важное место в его лирике

занимает образ реки Иртыш, как символ родной земли, свидетель послевоенного детства, всей жизни вообще.

За Иртышом та юность золотая,
Что стала тенью юности других…

Или:

Иртыш. Иртыш – мой первый лекарь
С накатом волн издалека…

Почти во всех стихах присутствует образ любимой реки. Берег, на котором он расположен, священное место для поэта. Он называет его Иртышским островом. Так же Мурат Рахимжанович назвал свой сборник стихов – «Иртышский остров».

Детей взволновало то, что поэт пишет о их родной реке, о местах, где они сами живут, поэтому каждая строчка стихов поэта им очень близка.

Встреч с Муратом Рахимжановичем было несколько. По мере знакомства с его творчеством мы больше узнавали о его произведениях, его переводческих трудах. Поэтому не случайно на одной из встреч прозвучали вопросы:

- Почему вы стали переводить стихи Абая и Шакарима на русский язык? И чем вас привлекают исторические личности? Причина вашего обращения к их творчеству?

Оказалось, что заняться переводами великих мастеров Мурату Рахимжановичу посоветовал Каюм Мухамедханов, известный в стране абаевед и литературовед. Поэт вспоминает:

– Я взялся за этот труд. Всего мною было переведено 12 стихотворений Абая. Его произведения переводить очень непросто. Ведь Абай всегда писал настолько выразительно и красочно, что порой передать этот колорит на другом языке просто невозможно. Сами за себя говорят следующие строки:

Гордимся мы Семеем нашим славным,

Поскольку свят трех гениев исток!

Абай, Мухтар и Шакарим землянам

Порождены эпохой в должный срок!

В выступлении Мурат Рахимжанович подчеркнул:

- Мы вместе все росли: Балыкин, Семёнов, Кобрин и другие. В те годы мы были совсем юными. Тянулись к стихам, входили в литературное объединение. А заинтересовался я историческими личностями благодаря Каюму-ага. Он говорил в беседе, что у нас были великие личности. Но в те годы произносить их имена было небезопасно. А их заслуги перед родиной были велики. В школах в те годы об этом не положено было говорить, всё больше учили стихи Джамбула.



Эти встречи оставили глубокий след в памяти школьников. Перед ними была живая история. Детям было очень интересно слушать человека, принявшего активное участие в возвращении творчества Шакарима его народу. Они прочли стихи Абая из цикла «Времена года» в переводе Мурата Рахимжановича. Было узнано много других интересных фактов биографии и творчества поэта: кандидатскую диссертацию Мурат Рахимжанович защищал по теме «Поэмы Абая» под руководством заведующего кафедрой

казахского языка и литературы КазГУ известного профессора Беисембая Кенжебаева; активно пишет стихи и поэмы. Темы, вдохновляющие Мурата Рахимжановича, самые разные. Вне всякого сомнения, самая любимая из них - пейзажи родного Прииртышья. В своих стихах Мурат Султанбеков воспел могучий Иртыш, сосновый бор, родной город. Для распространения идей Шакарима среди широкого круга читателей был необходим качественный перевод его произведений на русский язык. На эту работу Мурата Султанбекова благословил Каюм Мухамедханов. Первым стихотворением Шакарима, которое перевел на русский язык Мурат Султанбеков, стало произведение «Поэтам». Затем по просьбе Рысхана Мусина он перевел поэму Шакарима «Енлик и Кебек», за ней последовали переводы поэм «Калкаман и Мамыр», «Лейли и Меджнун». Непросто было решиться на эту работу. К 150-летию Абая им была составлена по переводам книга «Шакарим. Казах в зеркальном отражении», в которую вошли переводы произведений поэта и статьи о его творчестве, а также переведенные на русский язык исследования о Шакариме Каюма Мухамедханова и Салтанат Изтлеуовой.

Творческие и литературные изыскания Мурата Рахимжановича разнообразны. Он с одинаковым увлечением занимается изучением истории Алашорды и временами Аблая и его батыров. Из-под его пера выходит многоактная пьеса «Атилла», за которую автор награжден международной медалью Атиллы, учрежденной университетами Патеон Ассос (Париж) и «Кайнар» (Алматы). Мы узнали, что в данное время он готовит к изданию новую книгу, собирает материал для нового романа. Будем с нетерпением ждать, потому что ожидаем узнать новое о земле Семея – кладези истории, а историю своей земли нужно знать.

Жананбаева Карлыгаш Мукановна
учитель русского языка и литературы



Номад, соединяющий континенты, наш земляк

Однажды в книге Герольда Бельгера «Завтра будет солнце» прочла следующие строки: «И такая тебе открылась истина, что у каждого человека помимо большой Родины непременно должна быть родина «малая», свой родной край, свой заветный уголочек на земле… Несчастен тот, кто не помнит своего родного места..., но трижды несчастен тот, кого не помнит уже сама земля». Роллан Шакенович не просто любит и всегда носит в сердце своём память о родных краях, он всему миру с большой гордостью заявляет о своей земле, о своём народе. Ныне Роллан Сейсенбаев известный всему миру писатель. А было время, когда утверждаться на писательском поприще ему пришлось в Москве, где он окончил Высшие литературные курсы. И первую высокую оценку он получил в России от Даниила Гранина за сборник рассказов «Первый снег». А сердцем молодого писателя владела мечта написать роман о своём предке, память о котором власти пытались стереть из истории и жизни народа. Но, как говорит сам Роллан Шакенович, роман ещё не скоро увидит свет, потому что постижение философии и мировоззрения Шакарима требуют скрупулёзного изучения и осмысления. И вообще, тема «Шакарим» - болевая точка в душе поэта, очень трепетно он относится к ней. В одном из интервью Роллан Шакенович



сказал: «Пока не напишу о Забытом, не умру». В планах на будущее у писателя создание романа о Шакариме «Забытый, или смерть Шакарима».

Это сейчас мы так много узнали о писателе. Что он был личным другом Папы Римского Иоанна Павла II. Его принимал в своём дворце император Японии Хирохито. Впервые за границей, в столице туманного Альбиона, открыл Дом Абая и способствовал тому, чтобы знаменитые «Слова назидания» зазвучали на английском языке.

А когда мы впервые познакомились с Ролланом Шакеновичем, выяснилось, что о нём очень мало написано. Заинтересовал нас автор своими рассказами, в которых предстают его современники, наши земляки. Нам даже показалось, что героев Р.Сейсенбаева мы можем встретить на улицах города.

Теперь можно с уверенностью сказать, что творчество Роллана Сейсенбаева занимает особое место в нашей жизни. В далёком 1992 году мы проходили этап осмысленного, аналитического прочтения его произведений. На литературном вечере представили лишь художественное чтение-рассказ о писателе и его героях. Попытались иллюстрировать его произведения. Не решаясь обратиться к самому Роллану Шакеновичу, пригласили послушать нас поэта К.А.Байгужинова. В последующие годы, когда более подробно познакомились с творчеством писателя, стали готовить литературно-музыкальные композиции по его произведениям. Так в 2012 году была подготовлена композиция «Земля моя, степь моя». В неё вошли эпизоды из рассказа «День, когда рухнул мир», повести «Честь». Надо было видеть детей в ролях легендарных казахских героев, которые олицетворяли совесть и честь народа. С какой гордостью они читали строки повести. У девочек, которые читали эти строки, в глазах стояли слёзы: «О, история моей древней земли – ты подобна вспышкам молний в этой тёмной и дождливой осенней ночи, и я хочу понять секрет твоей вечной жизни, земля моя, степь моя!...Скажи мне, о чём шепчет твой ковыль и шуршат камыши твоих озёр, поведай мне о судьбе моих предков, которые рождались и умирали здесь, в безмолвной степи… Помоги мне, земля моя!.. Степь моя!.. » Знаменательно то, что девочки, Нурдана и Ажар, не захотели, чтобы я поправляла их чтение. Как они сказали, это было их сокровенное.



Не удивительно ли, что автор и девочки чувствовали одно и то же! Считаю, что мальчики тоже отлично справились с ролями батыров Кушикбая и Тобета.

На литературный вечер мы пригласили литераторов города. К.А.Байгужинов очень тепло отозвался о нашей работе и предложил доработать некоторые сцены, чтобы затем показать Роллану Шакеновичу Сейсенбаеву. Не передать нашего волнения! Неужели САМ АВТОР приедет к нам, и мы покажем ему нашу композицию? Не верилось в чудо. Однако уже через несколько дней Кенжебек Аканович сообщил, что по телефону рассказал о нашей постановке и что Роллан Шакенович был искренне тронут этим. Более того, он обещал приехать к нам для знакомства. Это для клуба «Огонёк» было настоящей сенсацией. Много дней мы обсуждали эту новость и репетировали снова и снова! Дополняли костюмы и декорации. Однако болезнь помешала Роллану Шакеновичу приехать к нам. Через Кенжебека Акановича он передал слова благодарности членам клуба «Огонёк», директору школы Аубакировой Алме Медетовне. Тем не менее мы не теряем надежды увидеться с ним. На нашей встрече нам писатель видится таким:

К сказанному хочу добавить, что книги Роллана Шакеновича всегда с нами: на уроках мы зачитываем строки из произведений, на конкурсах чтецов читаем наизусть его прозу, инсценируем отрывки из рассказов на внеклассных занятиях. Старшеклассники в исследовательской работе рассматривают его творчество, пишут проекты.

На писателей возложена миссия описывать жизнь, успехи, радости и невзгоды своего народа. От великого Суюнбая, Абая запечатлена летопись истории казахского народа,

который отличается мужеством и храбростью. Роллан Шакенович видит свою миссию в том, чтобы показать мировому сообществу вклад казахского народа в мировую цивилизацию

Жананбаева Карлыгаш Мукановна
учитель русского языка и литературы



Кенжебек Аканович Байгужинов

С поэтом Байгужиновым мы познакомились поначалу как с директором музея имени Ф.М.Достоевского, затем – как с директором областного истрико-краеведческого музея. Причиной нашего первого обращения к нему было творчество Роллана Шакеновича Сейсенбаева. В тот год (1993 год) клуб «Огонёк» начал знакомство с творчеством Роллана Шакеновича. Литературы о нём было очень мало, да и произведений писателя тоже. Кенжебек Аканович живо откликнулся, помог с материалами. Мы пригласили его посмотреть нашу работу. Это была не композиция, а скорее художественное прочтение рассказов Р.Сейсенбаева. Кроме этого ребята приготовили выставку своих рисунков к произведениям Роллана Шакеновича. Нас очень растрогала реакция Кенжебека Акановича на нашу скромную работу. Буквально с первых минут он произвёл большое впечатление на аудиторию. На встрече принято задавать вопросы авторам, а тут он сам провел познавательную викторину на темы рассказов Р.Сейсенбаева. Он очень высоко отозвался о выступлении ребят, а выставка, по его мнению, заслуживала особого одобрения. Его впечатлила работа ребят, он сказал, что Роллан Шакенович будет очень рад, узнав, что так живо интересуются его творчеством.

С тех пор Байгужинов Кенжебек Аканович для учителей русского языка и членов клуба «Огонёк», что называется, свой человек. Ни одно крупное мероприятие не проходило без его участия. В свою очередь нас он часто приглашал на литературные вечера и встречи с интересными людьми в историко-краеведческий музей.

Кенжебек Аканович – талантливый поэт, публицист, человек преданно любящий свой город. Первая книга стихов поэта «Покорение вершин» вышла в 1995 год. Затем последовали авторские сборники «Нежность», «Молитва любви», «Свобода», «Одинокие пароходы».

Особая известность пришла к писателю после публикации сборника «Трибунал мысли». Его книги получили хорошие отзывы критиков и признание читателей. Они стали литературным открытием для семейчан.

Малая родина Кенжебека Байгужинова со своим особым обликом, со своей очень скромной и непритязательной красотой предстает читателю в стихах поэта, привлекательность которых объясняется их предельной искренностью

В 2008 году Кенжебек Аканович был приглашён на внеклассное занятие, посвящённое Шакариму, пришёл с новыми стихами: с переводом стихотворений Зията Кудайбердиева, сына Шакарима, «Песня узника» и «Прощание с Родиной». Вот отрывки из них.

Разбил мою скрипку

О камень палач,

На Родине песен

Лишь стоны и плач. «Песня узника»

Край мой любимый, навеки прощай.

Родина предков, навечно прощай.

Колени сгибаю пред славой отцов,

Не поклонюсь я лишь своре лгунов. «Прощание с Родиной»

Кенжебек Аканович рассказал нам о встрече с сыном Зията, подарил фото, на котором он запечатлен с ним.





В сборнике «О творчестве Кенжебека Байгужинова» своими мыслями о поэте и его творческом пути делятся его коллеги по перу и литературоведы.

Сборник актуален, так как читающей аудитории, как глоток воздуха, необходима критическая литература о писателях нашего края. Особенно нуждаются в таких исследованиях учителя-словесники, которые видят свою задачу в привитии любви к своему краю посредством изучения творчества писателей-земляков. К.А.Байгужинов своим творчеством давно заслужил, чтобы о нём писали, чтобы его стихи и проза были рассмотрены взыскательной критикой.

А стихи автора заслуживают внимательного читателя. И у него есть свой читатель, потому что стихи поэта удивительно правдивые и открытые. В них нет ни капли лжи, только правда. Любовь предстает такой, как она есть.Сколько в этих стоках порывов чувств и нежности. Погружение в них приносит ощущение причастности к настоящей жизни. Чувствуешь искреннюю благодарность за стихи, которые помогают нам познать самих себя. А в этом, наверное, и заключается сила поэтического слова. Простые, открытые, честные и сердечные стихи, но сколько в них силы и души.

Каждая строка писателя – запоминающаяся встреча.

« Задача писателей и поэтов – укрепить человеческое сердце, вдохнуть в него оптимизм и веру в завтрашний день», - говорит поэт. Мы гордимся тем, что его творчество занимает достойное место в казахстанской литературе.

Жананбаева Карлыгаш Мукановна
учитель русского языка и литературы

Юбилею поэта посвящается



Осенью 2008 года школа широко отмечала 150-летний юбилей Шакарима Кудайбердиева. В ряду других мероприятий был проведён творческий конкурс юных художников школы, на котором дети попытались показать своё видение художественных образов из произведений Шакарима . Эпиграфом к конкурсу были взяты строки Шакарима: «Кану я, но будут жить мои стихи».

Почётными гостями конкурса стали:

Мырзаханов М.С., к.п.н., заведующий кафедрой ИЗО и черчения СГПИ имени Шакарима, член Союза дизайнеров РК

Утепбаев С.Л., к.п.н., профессор кафедры ИЗО и черчения СГПИ имени Шакарима, член Союза художников РК, член Союза дизайнеров РК.

Сайдахметов Р.А., старший преподаватель кафедры ИЗО и черчения СГПИ имени Шакарима, член Союза художников РК

Им предстояло выступить экспертами работ учащихся и определить победителей.

Учащиеся тщательно готовились к этому дню: читали стихи Шакарима на русском и казахском языках. Подробно изучили биографию и творчество поэта. К занятию была подготовлена обширная выставка, освещающая жизненный путь Шакарима. Ребята хорошо постарались и собрали подробные материалы. Особенный акцент был сделан на последних годах поэта и философа.



Занятие было начато стихами Шакарима:

Пусть я умру, за мной идут потомки вслед,
Их много впереди ждёт трудовых побед.
Пусть вспомнив обо мне, они почтят мой прах
Продолжат песнь мою, как добрый им завет.

Ведущие сделали экскурс в биографию великого поэта. На экране один за другим всплывали фотодокументы (фотографии детей Шакарима, вырезки из газет и журналов, иллюстрации к произведениям, фотоматериалы из мемориала Абая и Шакарима).

Следующим этапом было представление работ учащихся. В своих рисунках дети показали особенно запомнившиеся эпизоды из поэм «Калкаман - Мамыр», «Енлик - Кебек», «Нартайлак - Айслу». Рисунки произвели на собравшихся большое впечатление. С огромной любовью и старанием, даже мастерством они рассказали о любимых героях с помощью кисти и красок, карандашей. Более 15 школьников из разных классов представили на суд экспертов свои работы. Особо отмечены был
Айгерим («Калкаман рядом с конём»), Беррикхановой Ардак («М
Индиры («Калкаман с конём», «Калкаман на охоте»), Тлебалдиной
подругами», «Нартайлак и Айслу»), Курманова Армана («Охотник н
Вообще все работы были замечательны, все участники приложили м
впечатлило гостей то, что к каждому рисунку был подобран ком
Шакарима.



Бывает, что любовь пройдёт сама,
Ни сердца не затронув, ни ума.
То не любовь, а юности забава.
Нет у любви бесследно сгинуть права.
Она приходит, чтобы жить навек,
Пока не сгинет в землю человек.
(из поэмы «Енлик - Кебек»)

Рисунки к поэме «Енлик - Кебек» выполнил Курманов Арман



Образ Енлик – это образ одной из первых девушек-казашек, заявивших о своём праве на выбор лучшей доли, праве на счастье.

Под звуки домбры задушевный голос ведущего вёл рассказ о давно минувших днях, ярко, колоритно представленных в работах детей.

В завершение вниманию гостей были предложены поделки, выполненные школьниками специально для этого конкурса.

Гости высоко оценили творчество детей.

Жананбаева Карлыгаш Мукановна
учитель русского языка и литературы

Родной край – неиссякаемый источник


Так уж сложилось, что только на склоне лет мы обращаемся к нашим истокам. Познавая русскую и мировую литературу, многие годы старалась заинтересовать и даже влюбить детей в художественное слово зарубежных мастеров, забывая, что мы живём на земле титанов слова, что наши дети должны знать и помнить об этом всегда, чтобы гордиться своим краем. Как говорится, нет пророка в своём отечестве. «Богата талантами иртышская земля»,- сказал как-то Павел Васильев. Не оскудело Прииртышье на дарования и в наши дни. Поэтическая летопись нашего города – взволнованная, яркая, богатая образами. В ней чётко выступают его биография и география, прошлое и настоящее.

Ещё М.Горький говорил: «Цель литературы - помогать человеку понимать самого себя, поднять его веру в себя и развить в нем стремление к истине, бороться с пошлостью в людях, уметь найти хорошее в них, возбуждать в их душах стыд, гнев, мужество, делать все для того, чтоб люди стали благородно сильными и могли одухотворить свою жизнь святым духом красоты». Художественное слово поэтов и писателей Прииртышья как раз и приобщает своих читателей к истине, к мужеству, помогает видеть красоту и уникальность своего родного края.

Семей богат талантами. Это источник, которым должны молодые питать свой ум и помыслы.

Поэтому вот уже несколько лет на повестке дня у нас наши местные литераторы. Наше литературное объединение «Огонёк» постаралось узнать как можно больше о писателях города. К себе в школу для встреч в разное время мы приглашали Вячеслава Григорьевича Кобрина, Мурата Рахимжановича Султанбекова, Кенжебека Акановича Байгужинова. И это стало хорошей традицией.

Кобрин Вячеслав Григорьевич



Вячеслав Григорьевич обратил на себя наше внимание прежде всего как сподвижник Олжаса Сулейменова в движении «Невада - Семипалатинск». За четыре года до этого он стал первым председателем Семипалатинского комитета защиты детей мира. Поэт вспоминает: «Я не раз обращался к Юрию Жукову, Генриху Боровику, возглавлявшим советский Комитет защиты мира с вопросом: «Почему мы митингуем, сочувствуем жертвам Хиросимы и Нагасаки, а себя, жителей, живущих вблизи ядерного полигона,

никак не защитим?» И вскоре… поступило указание – создать в Семипалатинске комитет защиты детей, который возглавил я». Однако из-за пацифистских выступлений на митингах его «сместили» с общественной должности председателя.

В 1991 году после закрытия ядерного полигона Советский комитет защиты мира наградил Кобрина Вячеслава Григорьевича медалью «Борцу за мир». Указом Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева от 14 декабря 1999 года Вячеслав Кобрин награжден орденом «Курмет» как ветеран антиядерного движения. Ныне миротворчество в Казахстане возведено в ранг государственной политики.

Детство нынешних школьников пришлось на то время, когда антиядерное движение стало историей. Поэтому на встречах с Вячеславом Григорьевичем детей прежде всего интересовало: что это было за движение, почему надо было бороться за отмену ядерных испытаний. Вячеслав Григорьевич говорил о бедах, которые принесли нашей области ядерные испытания. В заключение он обратился к школьникам со следующими словами:

- Вам продолжать борьбу против ядерных испытаний, потому что не всё ещё спокойно в мире. Надо чтобы не было этого смертельного одеяла над землёй! Вам продолжать жить, и теперь вы будете в ответе за мир, ведь есть люди, которым всё равно: сбросить бомбу или запустить ракету. А ведь средства, затрачиваемые на вооружение. Могли пойти на мирные цели. Я глубоко благодарен Нурсултану Абишевичу Назарбаеву и Олжасу Сулейменову за вклад в дело ликвидации ядерных испытаний. Казахстан первым закрыл ядерный полигон. Это заслуга президента. Я считаю, он заслуживает быть претендентом на Нобелевскую премию.

Вячеслав Григорьевич, отвечая на вопросы учащихся, представил сборник «Семипалатинская трагедия», посвящённый жертвам полигона.

Показывал плакаты, с которыми они выходили на митинги. Читал стихи. Вот одно из них:

В конце сороковых нас, новобранцев,
На полигон военный привезли,
Чтоб в землю каменистую вгрызаться
И днями и ночами мы могли.
Мы на площадках строили дома,

В которые людей не заселяли...

Дела (не для солдатского ума)

В секретности строжайшей выполняли..

Вячеслав Григорьевич жил недалеко от нашей школы. Часто можно было видеть его величественную фигуру, внимательный взгляд, тёплую улыбку, обращённую к собеседнику. К нам в школу для встреч с учителями и школьниками он приходил охотно. Там-то нам открылся ещё один его дар – он замечательный поэт. Однажды он принёс два новых стихотворения: «Смеются дети», «Школьная мама».

Когда наступит поздний час,
Луна окно осветит,
Друзей из сказок повстречав,
Во сне смеются дети.
Но вот расходятся друзья
По сказкам на рассвете…
С улыбкою открыв глаза,
Смеются утром дети.

Тебе мы сердца свои отдали сразу,
по-детски ревниво любя,
и школьною мамою с первого класса

мы все называем тебя.
С тобою ходили в далёкие страны,
летали к звезде голубой.
Ты доброй была и всегда справедливой.
Мы очень гордились тобой.

По отзывам современников, Вячеслав Григорьевич Кобрин был поэтом каждую минуту своей жизни, отражая действительность стихами, пропуская все пережитое через собственную душу. В его стихах нашли отражение трепетная любовь к отечеству, жизненная энергия и лирика. А о том, как он радовался молодому дарованию и поддерживал его, говорят эти строки:

Мне путь в поэты и не светил,
Судьбу о том я не просил.
Сам Кобрин вдруг меня заметил
И на тусовку притащил.
Коль не понравятся стихи
То не судите очень строго.
Хоть мысли были неплохи,
Талант немногим дан от бога. (Поэт Г.Михайлов)

В марте 2002 года В. Кобрин выпустил сборник стихов "Очарованье женской красоты". Этот задушевный лирический альбом автор посвятил своей жене, которую ласково называет Берегиней. В книгу вошли стихи разных лет. Многие из них публиковались в периодической печати. Все они наполнены глубиной чувств, восхищением и романтическим преклонением пред красотой и обаянием женщины.

Из большого объема стихотворений, написанных за сорок лет, около шестидесяти из них стали песнями - музыку написали композиторы Г. Пономаренко, Л Афанасьев, В. Шишов, О. Джанияров, М. Рахимбаев, А. Кизнер, В. Захарченко, братья Заволокины.

В 2001 году Вячеслав Кобрин являлся номинантом на Нобелевскую премию мира, но ее присудили генеральному секретарю ООН Кофи Аннану. Поэт-пацифист умер в 2008 году и похоронен в Семипалатинске-Семее, который он защищал от ядерной катастрофы.

Жананбаева Карлыгаш Мукановна
учитель русского языка и литературы

III бөлім

Мектеп – жарқын болашақтың айнасы

(Бүгінгі мектеп өмірінен)

Мектеп ғимараты - 1975 жылы үш қабатты, типтік 760 орындыққа арналып салынған.
Мекен жайы - Семей қаласы, Байтұрсынов көшесі, 38 үй
Оқыту тілі - қазақ тілі
Мамандандырылған бағыты– жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту
Мектеп электронды оқыту жүйесіне қосылған
Мектеп бойынша сабақ - екі ауысымда жүргізіледі
Сынып комплектісі -34 (1-4 кл.-12; 5-9 кл.-16; 10-11 кл.-6)
Оқушы саны - 860
Білім сапасының көрсеткіші - 87 %.
Оқушылардың қызығушылығы бойынша - 14 үйірме, 6 секция жұмыс жасайды

Б і л і м і б о й ы н ш а:

-Жоғары білімді - **79** мұғалім,
-Арнаулы орта білімді - **1** мұғалім.
-Білім магистры – **9**
-«Болашақ» бағдарламасының степендиаттары-**3**
-«Кембридж» бағдарламасымен деңгейлік курстардан өткендер-12

Б і л і к т і л і к с а н а т ы б о й ы н ш а :

-Жоғары санатты - **43** барлық мұғалімдердің 54 %-ы

-Бірінші санатты - **14** барлық мұғалімнің 18 %-ы
-Екінші санатты - **12** барлық мұғалімнің 16 % -ы
-Бей санатты - **9** барлық мұғалімнің 12 % -ы

О қ у к а б и н е т т е р і – 35

-информатика кабинеті - **2**
-мультимедия кабинеті - **1**
-интерактивті тақта орнатылған кабинет -**12**
-спорт залы - **1**
-шеберхана - **2**
-асхана - **1**
-дәрігерлік алғашқы көмек көрсету пункті –
-кітапхана - **1**; Кітапхананың кітап қоры – **31712** кітап;
оның ішінде оқулық -**15927**; әдеби кітаптар -**15785**

Мектебім - білім ордасы

Әубәкірова Алма Медетқызы*мектеп директоры,*
Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің озық қызметкері



Шәкәрім атындағы 90 жылдық тарихы бар білім ордасы - 1924 жылы іргесі бастауыш мектеп болып қаланып, 2007 жылға дейінгі аралықта орта мектеп, мектеп - гимназиядан үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп мәртебесіне дейін көтерілді.
2007 жылы қыркүйек айында білім бөлімінің басшысы Мансура Күлікбайқызы Дүйсенбаеваның ұсыныс жасауымен Семей қаласы білім бөлімінің бас маманынан осы мектепке директор болып тағайындалды. Осы уақытқа дейінгі аралықта білім мекемелерінде басшылықтың барлық баспалдақтарынан өткен мен үшін азды көпті тәжірибемен, жинақтаған ойларын бір арнаға салып, іске кірісті.

Әубәкірова Алма Медетқызы 1961 жылдың 12 наурызында Семей облысы Абай ауданы Қасқабұлақ ауылында дүниеге келген. 1976 жылы Абай ауданының Құндызды орта мектебінің 8 сыныбын үздік аяқтап, Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық училищесіне оқуға түседі. 1980 жылы аталған білім ордасын қызыл дипломмен бітіріп, Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институттың физика -математика факультетінің күндізгі бөліміне математика пәнінен жазбаша емтиханнан «5» деген баға алып, басқа сабақтардан емтихан тапсырудан босатылып бірден студент қатарына қабылданды.

Институт қабырғасында жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан Алманы студенттер қаладағы Киров аудандық кеңесіне 1983 жылы депутат етіп сайлайды. Институтта ұйымдастырылған «Сауле» құрылыс отрядында мастер, бригадир болып еңбек етіп, облыстың Бесқарағай, Тарбағатай, Таскескен аудандарының шаруашылықтарындағы маңызды құрылыс объектілерінде өз қол таңбасын қалдырды.

1984 жылы институтты математика мамандығы бойынша «Үздік» дипломмен бітіріп, еңбек жолын Семей қаласындағы №16 мектепте математика мұғалімі болып бастайды. Іскерлігімен көзге түскен жас маман тәрбие ісінің меңгерушісі лауазымына тағайындалады.

1986 жылы Құндызды ауылына бастауыш комсомол ұйымының секретары қызметіне шақырылып, ауылдағы жастар өміріне тың бастамаларымен араласады. 1988 – 1995 жылдар аралығында осы ауылдағы өзі білім алған Құндызды орта мектебіне директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып ауыстырылып, математика пәнінен сабақ береді. Халықаралық, Республикалық ғылыми-практикалық семинарларға, педагогикалық оқуларға қатысып баяндамалары жинақтарға шықса, облыстық «Таланттарды іздейміз» атты мұғалімдер арасындағы байқауда Бас бәйгені иеленеді.

1992 жылы «Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісін алған Алма Медетқызы еңбек жолын 1995-1998 жылдарда Семей қаласындағы «Қуаныш» жеке меншік мектебінде, 1998-2005 жылдар аралығында №37 мектеп-гимназияда директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жалғастырады.

2005 жылы конкурстық негізде Семей қалалық білім бөліміне бас маман болып мемлекеттік қызметке тағайындалады. Еліміздің төл оқулықтарын жазған авторлық топ құрамында шығармашылықпен жұмыс жасайды.

2000-2003 жылдары «Мектеп» баспасынан қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Математика-10», «Математика-11» оқулықтарын толық кешенді құралдарымен жарыққа шығарады.

Алма Медетқызының білім саласындағы ізденістері мен табыстары Семей қаласы әкімінің Алғыс хаты, Құрмет грамотасымен, қалалық, облыстық білім бөлімі және ғылым қызметкерлері кәсіподағы комитетінің, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамоталарымен бірнеше мәрте марапатталған. «Дарынды балалар - Қазақстанның болашағы» атты I республикалық энциклопедияға аты енгізілген. Редакция және қоғамдық консультациялық кеңес қорытындысымен «Білімге қосқан үлесі үшін» медалі және Семей мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми кеңес шешімімен «Білім беру саласындағы ерекше жетістіктері үшін» естелік төсбелгісімен, Елбасы жарлығымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы медалімен марапатталған.

Алма Медетқызы осындай ел арасында зор бедел мен құрметке бөленуі - әкесі Әубәкіров Медеттің тамаша тәрбие үлгісі екендігін мақтаныш етеді.

Әубәкіров Медет Қасқабұлақ өңірінің тумасы, жастайынан ерте шаруашылыққа араласып, Абай елінің Қасқабұлақ, Архат, Құндызды, Абай кеңшарларында ферма меңгерушілігінен директорлыққа дейін өзінің арнаулы орта білімі, өмірден алған мол тәжірибесімен көтерілген азамат.

Сүйікті жары Қоңыр Тәуірбекқызымен 8 бала өсіріп, әрқайсына жоғары білім беріп, еліне адал қызмет жасауға тәрбиелеген.

Ана мен әкенің бүгінде 6 немере, 12 жиен, 1 шөбересі ата дәстүрімен ержетуде.

Алма өзінің естелігінде:**«Халықтың сеніміне ие болам десең, балам, әуелі сөзің мен ісіңнің арасында алшақтық болмасын»,** - деген тағлымды сөзі де менің өмірлік ұстанымыма айналды, - дейді.

Үлкен өмір жолы мен еңбек тәрбиесінен өткен Алма Медетқызы жаңа қызметке тың құлшыныспен кірісті. Мектепке берілген жаңа статусқа сәйкес мектеп Жарғысын жазып, құжаттарын толықтай қайта рәсімдеуден өткізді. Парламент депутаты Н.Сабильяновтың азаматтық қолдауының арқасында 2011 жылы 21 ақпанда облысы әкімінің №20 қаулысымен облыстық бюджетке өтіп, «Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп» мәртебесі берілді.

Мектепті облыстық бюджетке көшіруден бастаған Алма алдыменғимарат төбесін, кабинет есіктерін, санитарлық тораптарды ауыстыру, жөндеужұмыстарын жүргізді.

Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуда интерактивті кабинеттер алынып, компьютермен жабдықтауға, мектепті бірыңғай желіге қосуда, интернет жұмысын пайдалануға назар аударылды. Мектептің ішкі, сыртқы безендіруінің эскизі дайындалынды. Пән кабинеттері алынып, көрнекі құралдармен жабдықталды, ағылшын тіліндегі математика, физика, химия оқулықтары, кабинеттер мебельдермен жаңартылды, асханаға, спорт саласын дамытуға, технология кабинеттеріне қажетті техникалық

құралдар алынды. Математика, физика, химия пәндерін ағылшын тілінде беретін кадрлармен толықтыру, олардың біліктілік деңгейін көтеру жұмыстары басты назарда ұсталынды.

Білім сапасын арттыруда оқу бағдарламасына сәйкес 2007 жылы 1 «Дарын» сыныбы ашылса, 2013 жылы оның саны 20 ға жетті.2007 жылы 53 класс - комплектіде 1543 бала оқыса, ғимарат тығыздылығына сәйкес 2013 жылға класс – комплектісі саны 35, ондағы оқушы саны 862 - ге дейін азайтылды. Жылдан жылға мектеп қабырғасында оқуға тілек білдіргендер саны артуда, мектепке қабылдау тест, әңгімелесу арқылы жүргізіліп, конкурстық негізде қабылдану жүзеге асырылуда.

Ұлттық бірыңғай тест бойынша 2007 жылы 22 орында тұрған мектептің нәтижесін жоғарылатуда мұғалімдер ұжымымен жүргізілген жұмыстар өз қорытындысын берді. 2008 жылы қала мектептері арасында алғашқы 10 - дыққа енсе, келесі оқу жылдарында алғашқы 5-тік, облыстық деңгейде мамандандырылған мектеп құрамында үздік 3-тіктер қатарынан көрінді.

Ұстаздар қауымының жыл сайын өз білімдерін көтеріп, ғылыми семинарларға, конференцияларға қатысу деңгейі, оқушылардың байқау, жоба жарыстары, т.б. жетістіктері арта түсуде. Басылым беттері арқылы іс тәжірибелері таратылуда. Осы уақыт аралығында мектеп базасында 2007 жылы «**Салауаттылық - салтымыз**» тақырыбында мектеп директорларына арналған қалалық фестиваль, 2008 жылы **«Шәкәрім қазынасы - асыл мұра»** тақырыбында қалалық семинар, 2011, 2012 жылдары «**Математиканы көп тілде оқытудың өзекті мәселелері**», **«Көптіл білетін дарынды тұлға қалыптастыру»** тақырыптарында облыстық семинар, 2013 жылы «**Көптілділік-әлемдік білім кеңістігіне интеграцияланудың негізгі шарты**» тақырыбында республикалық ғылыми – практикалық семинарлар өтті.

Тәрбие мен білім беру саласында жеткен жетістіктері үшін мектеп 2009 жылы **«Шығыс Қазақстан облысының үздік мектебі»** деп танылып, **І дәрежелі дипломмен**, 2010 жылы «Дарынды балалар-Қазақстанның болашағы» энциклопедиясының қоғамдық редакциясы шешімімен **«Білім»номинациясының Дипломымен,** 2010 жылы қала мектептері арасында жылдық рейтинг қорытындысымен **І орынға** ие болып **Грамотамен**, 2012 жылы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің **Құрмет грамотасымен**, 2012 жылы Ғылым негіздері бойынша VIII халықаралық интернет олимпиадасының **Алғыс хатымен,** 2013 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының **Алғыс хатымен** марапатталып, 2010 жылы ҰБТ қорытындысымен **Үздік 100 мектеп** қатарына енді.

Биік белестермен, асқаралы асуларды алыста қалдырған білім ордасында ізі қалған жүздеген ұстаздардың еңбегі кейінгі ұрпаққа мақтаныш, есімдері алтын әріппен шәкірттерінің жүрегіне жазылған құрметті жандар. Олардың алдарынан өндірістің түрлі салаларында еңбек ететін мамандар, ғылым докторлары, кандидаттары, спорт, өнер саңлақтары тәрбиеленіп, бүгінде мектебіміздің ғана емес еліміздің мақтанышына айналуда.

Білім ордасының келешегі - елімнің болашағы деп жұмыс жасайтын бүгінгі ұстаздар қауымының да тынымсыз еңбегі, жауапкершілігі тәрбие мен білім беруде жарқын істермен жалғасын табатынына мектеп басшысының сенімі зор.*(«Өмір жолы», Алматы 2012ж, 41- бет)*



Бүгінгі табыс - сындарлы мемлекеттік саясаттың нәтижесі

Келдібаева Бахтыгүл Омарханқызы
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Мен, Келдібаева Бахтыгүл Омарханқызы 1969 жылдың 09 наурызында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келдім. 1986 жылы Семей қаласындағы №16 қазақ орта мектебін күміс медальмен аяқтап, Н.Крупская атындағы педагогикалық иниституттың тарих-педагогика факультетінің студенті атандым. Мектеп қабырғасынан басталған ұстаз мамандығына деген қызығушылық, мектеп комсомол ұйымының хатшылық қоғамдық жұмысы мені тарих факультетіне алып келді. Мектептегі тарих пәнінің мұғалімі Кеңесова Тамара Құмарқызы мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Жамуратова (Мархабаева) Ғазиза Жұмағалиқызына еліктеуден пайда болған құлшыныс ұстаздық жолына түсуімнің бірден –бір себебі болса, қоғамдық жұмыстарға деген белсенділік, ұйымдастырушылық Алма Медетқызы Аубакировадан дарыған болар.

1992 жылы жоғарғы оқу орнын ойдағыдай аяқтаған соң, жолдамамен қаладағы №38 орта мектепте ұстаздық жолымды бастап, қарапайым тарих пәнінің мұғалімінен тәрбие ісінің меңгерушісі лауазымына дейін көтерілдім. Пән мұғалімі ретінде авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік құралдар құрастырып, әріптестер назарына ұсындым. Халықаралық, республикалық деңгейлердегі оқу-әдістемелік, ғылыми-практикалық семинарлар мен конференцияларға қатысып, іс-тәжірибеммен бөлісіп, 50-ге жуық сертификаттар иегері атандым.

Шәкіртім Абжахан Ернұр бірнеше дүркін республикалық олимпиада жеңімпазы атанып, бүгін де тәуелсіз елімізге абыроймен қызмет атқаруда.

Ұстаздық қызметім 2007 жылы қара шаңырақ Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназияда директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жалғасты.

Бүкіл адамзат қоғамының XXI ғасыр ғылыми – техникалық прогресс пен өркениеттің даму дәуіріне бет бұру кезеңінде Тәуелсіз мемлекетіміз үшінші мыңжылдыққа ұлы да үлкен мақсатпен қадам басты. Ол мақсат – «Мәңгі ел» адами капиталы құндылықтары арқылы дүние жүзінде өзіндік салмағы бар ел болу.

Ондай елді жасайтын қазіргі таңда біздің алдымызда отырған шәкірттер легі, солардың ішінде – дарынды балалар. «Мәңгі ел» ұлттық құндылықтарымен қаруланған,жаңа қоғамға лайықты, саналы, білімді, іскер, өзіндік ой – талғамы, адамгершілігі бар, жан – жақты дамыған, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлға тәрбиелеп қалыптастыру – бүгінгі мектеп алдында тұрған негізгі міндет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі– жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» екендігін атап айтты. Осыған орай, Қазақстанда көп тілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектептер ашылған болатын.

Біздің мектеп те мақсат пен міндетке сәйкес жұмыста өз шешімін тиянақтай алатын, проблеманы анықтап және құрастыра алатын, ойлаған мақсаттарға жетуді негіздей алатын, нақты өмірлік жағдаяттарда ағылшын тілінде ауызша және жазбаша коммуникативтік құралдарды қолдана алатын оқушылар легін тәрбиелеуге бетбұрыс жасады.

Мектеп 2007-2008 оқу жылынан бастап үштілділік оқу жүйесіне еніп, кейінгі үш жылда толағай табыстарға жетті. Жоғарыда аталған мақсат пен міндеттерді шешу үшін алдымен мектепте білім беру жүйесін түбегейлі қайта құру жүзеге асырылды.

Педагогтар мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін айқындау үшін қосымша білім беру бағдарламаларын таңдауға мүмкіндік беріліп, білім беру салаларында белгіленген пәндерді оқытуға, (соның ішінде тереңдетіп оқытуға) жаңа оқу курстарын, факультативтердіенгізуге, дара және топтық жұмыстар жүргізуге ерекше көңіл бөлу жолға қойылды.


Оқытудың даралау және саралау міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік мүддесін дамыту үшін айтарлықтай жағдай жасалып, жоғарғы оқу

орындарымен,алыс-жақын шетелдермен байланыстар орнатылды. (Ресей, Англия, Франция, Түркия, Швеция, Швецария, Испания, Греция). Нәтижесінде мектепте білім берудің сапасы артып,оқушылар мен мұғалімдер түрлі деңгейлерде тәжірибе алмасуға қол жеткізді.Оған дәлел: егер 2007-2008 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы небәрі 73% құраса, 2012-2013 оқу жылында 88,6% құрап, алдыңғы жылдармен салыстырғанда 15,6% өсті.

Мектеп бойынша білім сапасы

2010-2011 оқу жылы				2011-2012 оқу жылы				2012-2013 оқу жылы			
Барлық бала	Оқу озаттары	Оқу екпінділері	Білім сапасы	Барлық бала	Оқу озаттары	Оқу екпінділері	Білім сапасы	Барлық бала	Оқу озаттары	Оқу екпінділері	Білім сапасы
1129	332	529	76%	908	308	447	83%	861	306	457	88,6%

Мектеп түлектерінің Ұлттық Бірыңғай Тестілеудің қорытындысы бойынша көрсеткен нәтижелері 2007-2008 оқу жылының қорытындысы бойынша қала мектептерінің арасында небәрі 22 орында тұрақтаған болса,2008-2009 оқу жылында 8 орынға,2009-2010,2010-2011 оқу жылдарында қала мектептері арасында 3 орынға шықты, ал 2011-2012,2012-2013 оқу жылдарында облыс мектептері арасында үздік 5 мектеп қатарынан көрініп келеді.Жыл сайын мектеп түлектері арасында мемлекеттік грант иегерлерінің саны артуда. Егер кейінгі үш жылда мектеп бітіруші түлектердің жалпы саны 77 оқушыны құраса, олардың 52-і мемлекеттік грант иегерлері болып табылады, ол мектеп түлектерінің 67,5% құрайды .



Шығармашылық-бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы,ізденуі.Осындай болашақтан үміт күттіретін шағармашыл дарынды тәрбиелеуде,олардың бойындағы қабілетті дамытуда мектеп ұстаздары жемісті жұмыс жасап келеді. Кейінгі үш жылда оқушыларымыз негізгі пәндер бойынша пән олимпиадаларының тұрақты жүлдегерлері қатарынан көрінуде:

2010-2011 оқу жылында 22 қалалық олимпиада, 11 облыстық олимпиада жеңімпаздары мен 1 республикалық олимпиадаға қатысушы болса, 2011-2012 оқу жылында 25 қалалық олимпиада, 14 облыстық олимпиада жеңімпаздары тіркелді,ал 2012-2013 оқу жылында 28 қалалық олимпиада, 10 облыстық олимпиада(олардың екеуі I орын, бесеуі II орын,үшеуі III орын), 1 республикалық олимпиада жеңімпазы мен 2 қатысушы болды. Мектеп түлегі 11 «А» сынып оқушысы Адылханова Нұрдана ағылшын

тілі пәнінен ІІІ орын мен қола медаль иеленіп, мемлекеттік грант иегері атанды және мектебімізден тұңғыш рет «Назарбаев университеті» тыңдаушысы атанды.

«Жүректің түріп құлағын,
Ойланып тағы қарашы.
Кімсің сен, қайда тұрағың?
Енді қайда барасың?–

деген Омар Һайямның сұрағына ұлтымыздың әр ұрпағы тайсалмай, мүдірмей жауап бере алса, ол Сіз бен біздің жетістігіміз.

Бастауыш – білім бастауы



Хасенова Нұржыкен Слямқызы
бастауыш сыныптар бойынша
мектеп директорының орынбасары

Тәрбиенің сан салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – бастауыш мектеп.Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады.

Бүгінде осы қиындығы мен қызығы мол салада көп жылдан бері еңбек етіп келемін. Жылылықтың ұшқынындай болған шәкірт алғысы мен ата-ана ризашылығы мені тың істің, жаңа күннің бастамашысы болуға жетелеуде. Ұстаз болу оңай емес. Ұстаздық бойыма кішкентайымнан ата-анамның үлгісімен, тәрбиесімен сіңген болу керек. Әкем Хасенов Слям мен анам Муслиза елінің елеулісі, халқының қалаулысы болған ұлағатты ұстаздар, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» болған. Әкем ұзақ жылдар бойы Шар және Жарма аудандарында жеті мектептің директорлығы қызметін атқарып, биология және география пәндерінен, анам математика пәнінен сабақ берді. Ата-анамыздың жолын қуып, жанұямыздағы жеті баланың бесеуі ұстаздық мамандықты таңдадық. Бүгінде санасақ, отбасымыздың ұстаздық қызметі 170 жылды құрайды екен. Ата-анамның мейірге толы мерейлі еңбегі мені осы қызметке жетелеп, мамандықты сүюіме, халықтың баласын тәрбиелеп, білім беруіме, ата-анамның ізін басуыма себепкер болды.

Осы отыз жылдан астам ұстаздық еңбегімнің жиырма бес жылын бүгінгі күні Шәкәрім бабамыз атындағы мектепте атқарып келе жатыр екем. Ол кезде мектеп «№5 қазақ орта мектебі» деп аталатын. Мектеп директоры Жанболатов Молдабек Жанболатұлы еді. Оқу ісінің меңгерушілері Борсықбаева Шайзат Биғожақызы, Айсанова Меңқамал Имамбекқызы еді. Мектептегі бастауыш партия ұйымының хатшысы Сүлейменов Елеусіз Сүлейменұлы еді. 1989 жылы оқу жылының аяғында Молдабек Жанболатұлы Жаңасемей аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары болып ауысты. Орнына Сәрсембаев Ерлан Қасымұлы тағайындалды. Ол кезе Ерлан Қасымұлы тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып жүрген. Ерлан Қасымұлы басшылық жасаған жылдары мектеп «гимназия» мәртебесіне ие болды. Республикалық семинар өткізіліп, еліміздің

түкпір-түкпірінен ұстаздар келді. Республикалық семинарда бастауыш сыныпта математика пәнінен ашық сабақ беріп, әріптестерімнің жоғары бағасына ие болдым.

Бүгінгі күні осы мектепте бастауыш білім беру саласына басшылық жасап келемін. Көпжылдық тарихы бар мектебіміздің бастауыш сатысының мектеп тарихында алатын орны ерекше. Себебі, бүгінгі күні аты республикамызға танымал болып отырған мектебіміздің осындай сан жылдық жетістіктеріне бастауыш сынып мұғалімдерінің де қосар үлесі мол.

Ұстаздар қауымы әр уақытта да өз заманының сұранысына жауап беріп, уақыт талабынан шыға білген. Сондай ұстаздар – біздің ардагер ұстаздарымыз. Бүгінгі күні еңбектерінің зейнетін көріп отырған, бастауыш сыныптарда ұзақ жыл сабақ беріп, шәкірттерінің зейінін ашқан ардагер ұстаздарымыз Қайша Ержігітқызы, Қапия Сексенбайқызы, Мәншүк Қожекеқызының еңбектерін атауға болады. Еліміздің түкпір-түкпірінде, әр салада қызмет етіп жүрген мектеп түлектері осы ұстаздардың алдынан білім алып шыққан.

Бүгінгі күнде ардагер ұстаздардың ісін жалғастырушы, ізбасарлары бастауыш сынып мұғалімдерінің ішінде көптеп кездеседі. Олар әруақытта заман талабына сай жұмыс істей біледі. Білімділіктің, біліктіліктің, тәжірибеліліктің деңгейін көрсететін түрлі қала, облыс көлемінде өткізілген ұстаздардың, әдісбірлестіктердің конкурстарына қатысып, үнемі жүлделі І және Гран-при иегері атанды.

Ұзақ жыл нәтижелі еңбектің арқасында бастауыш сынып әдіс бірлестігі 2005 жылы 28 сәуірдегі №861 бұйрығына сәйкес кафедралық жүйеге ауысты. «Инновациялық бастауыш білім сатысы-тұлға дамуының кепілі» тақырыбында қалалық семинар өткізіп, іс-тәжірибелерін насихаттады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің бірден-бір жұмыс нәтижесі – оқушылар олимпиадасы. Ең алғаш қалада бастауыш сынып оқушыларының олимпиадасы 1999 жылы өткізілген болатын. Міне, сол жылдардан бері оқушыларымыз жыл сайын, 14 жыл бойы үнемі олимпиада жеңімпазы болып келеді. Мектебіміз облыстық мәртебе алғанға дейін қалалық команданың құрамында қатысып келсе, енді алты пән (ана тілі, қазақ тілі, математика, дүниетану, орыс тілі, бейнелеу өнері) бойынша алты оқушыдан тұратын жеке «Индиго» командасы өз алдына жеке команда болып, облыстық олимпиадаға қатысып, үнемі жүлделі І, ІІ, ІІІ орындармен оралып жүр.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған тағы бір пән олимпиадасы, ол – республикалық «Бастау» математикалық турнирі. Соңғы төрт жылда осы турнирге 2-4 сынып оқушыларынан тұратын команда облыс атынан қатысып, жоғарғы лигада үнемі жүлделі І, ІІ, ІІІ орындарды иеленіп келеді. Бұл, әрине, үлкен жетістік!

Сонымен бірге оқушылардың жоғары әлеуетін, шығармашылығын, білімділігін көрсететін тағы бір көрсеткіш – интеллектуалдық ойындар. Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде өткізілетін интеллектуалдық ойындарға қатысатын оқушылар саны жылдан-жылға артып, білім деңгейлерін жақсы дәрежеде көрсетіп келеді. Мысалы, интеллектуалдық ойындарға 2012-2013 оқу жылында 596 оқушы қатысса, соның 372 оқушысы жүлделі орын иеленді:І орынды- 140, ІІ орынды- 141 , ІІІ орынды – 91 оқушы иеленді. Бастауыш сыныптар бойынша облыстық «Малахит», «Айналайын», «Тұлпар», «Асыл тас» республикалық «Ақбота», халықаралық дәрежедегі «Интернет олимпиада», «British Bulldog» интеллектуалды ойындарына бастауыш сынып оқушылары көптеп қатысуда.

Қазіргі заман талабына сай бастауыш сынып мұғалімдері күнделікті оқушыларға білім мен тәрбие беріп қана қоймай өз білімдерін де жетілдіріп, ізденіп, ғылыми-педагогикалық үрдіске ден қоюда. Осы бағытта бастауыш сынып оқушылары 1 сыныптан бастап ұстаздарының жетекшілігімен «Зерде»ғылыми жұмыстар конкурсына қатысып, жақсы нәтижелерге жетіп жүр. Ғылыми жұмыстарға қызығушылық білдірген оқушылармен арнайы курстар ұйымдастырылып, зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Жылдың қорытындысында оқушылар жұмыстарын қорғап, жеңімпаздарға облыстық,

республикалық кезеңдерге жолдама беріледі. Міне, ұстаздарымыз бұл салада да өз еңбектерінің жемісін көруде. «Зерде» ғылыми жұмыстар конкурсының жүлдегерлер дайындаған ұстаздар: Мұқанова Нұргүл (2011жылы Русланов Мади республикада III орын, 2012 жылы Төлегенова Арайлым республикада II орын), Шахманова Қарлығаш (2011 жылы Байтлеуова Камилла облыста III орын), Исабекова Ләззат (2011жылы Манапов Азамат республикада III орын), Сексенбаева Сауле (2011жылы Самархан Шұғыла республикада IY орын), Айтбаева Лимара (2013 жылы Заманбекова Мадина,Қазымова Айнара республикада III орын)

Халқымыз әрқашан да ұстаз мәртебесін көтеріп, аса жоғары қастерлеп, бағалаған. Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы. Бастауыш сынып оқушылары үшін мұғалім олар еліктейтін, үлгі ететін абыройлы жан. Олар ұстазының бүкіл іс-қимылына, жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне, адаммен қарым-қатынасына еліктейді. Сондықтан да, жауапкершілігі мол, адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай балаға білім мен тәрбие беріп, оның жан дүниесіне әсер ете алады. Ұ[illegible]кірт-мәңгілік деген.



Көптілділік –зияткер тұлға қалыптастырудың негізі

Тастекеева Гулжан Серікқазықызы
Шет тілдерінде жүргізілетін пәндер бойынша мектеп директорының орынбасары

Гүлжан Серікқазықызы Семей облысы Қарауыл ауылында 1966 жылы дүниеге келген. 1972 жылыбірінші сыныпты № 5 орта мектептен бастап, 1983 жылы 10 сыныпты аяқтап, Алматы қаласындағы Шет тілдер Институтына түсіп, 1988 жылы бітіреді. Алғашқы ұстаздық жолын Семей қаласындағы № 20 орта мектепке мұғалім болып бастап,1989 жылы өзі оқыған № 5 орта мектепте келіп ұстаздық қызметін жалғастырады.

Ұстаздық қызмет жасаған осы уақытқа дейінгі кезеңде Семей қаласы әкімінің алғыс хатымен 3 мәрте, Қалалық білім және жастар басқармасының, ШҚО ӨҒП «Дарын» орталығының, Семей қалалық білім беру кәсіподағы комитетінің Құрмет грамоталарыменмарапатталған. Облыстық «Мұғалімдердің педагогикалық инновациялық жобалары» байқауында жүлделі II орын,Республикалық« Инновациялық-педагогикалық идеялар жөніндегі VII Республикалық фестивалінде» III орын иеленген.

«Дарынды балалар –Қазақстанның болашағы» атты республикалық энциклопедияға атым енгізіліп, редакция және қоғамдық консультациялық кеңес қорытындысымен «Білімге қосқан үлесі үшін» естелік төс белгісімен марапатталдым.

Қазіргі таңда өзара байланысы мен өзара тәуелділігі басым әлемде жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың бірден бір жолы көптілділік болып табылады.

Көптілді білім беру – көптілді тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі кезде қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі көбінесе адамның өзін-өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының тіл саясатын жүзеге асыру, тілді меңгеруге деген қызығушылықты ынталандыру, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу, үш тілді − қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген оқушылардың әлем туралы кеңінен білуге, оны түсінуге және баға беруге мүмкіндік береді. Көптілді білім беру – көп қырлы мәселе. Оның әр міндетін әр қырынан карастыру – біздің мектеп ұжымының алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Осы мәселені шешуде мектептің негізгі мақсаты − көптілді және көпмәдениетті құзыреттілікті игерген жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Көп тіл білетін тұлғаны қалыптастыру үшін әр сынып оқушылары бір пәнді ағылшын тілінде меңгеруі көзделіп отыр.

Озат оқыту технологиясын пайдалану 5 сыныптан бастап ағылшын тіліндегі «Химия айналамызда», «Физика айналамызда», «Ағылшын тілі видеодеректерде», «Қызықты математика», «Қызықты биология», «Елтану», «Бизнес ағылшын», «Іскерлік ағылшын», «Ғылыми аударма», «Ағылшын әдебиеті», «Ағылшын тілінің практикалық курсы», «Кәсіпкерлік негізі» курс сағаттары − тілдік ортаның,көп тіл білетін тұлғаның қалыптасуының қайнар көзі.

Оқу-тәрбие үрдісінде оқушы тұлғасын дамыту мақсатында ағылшын тілінен берілетін математика пән мұғалімдері Жұмықбаева АқмаралҚажығұмарқызы, Тұрганбаева Айнұр Айткұрмнқызыа, физика пәніненҚуандыкова Ақмарал, Ахатаева Жадыра, Бимбетова Алуа, химия пәнінен Мукашева Мөлдір, Зейтова Аяулым инновациялық технологияларды өз іс-тәжірибелерінде кеңінен қолданып, көптілділікті дамытуға бірінші күнен атсалысып жатқан ұстаздар.

Ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің мәдениетін, салт-дәстүрін танып-білу мақсатында түрлі тақырыптарда пән апталығы жыл сайын өтіп тұрады. Апталықта мұғалімдер интерактивті әдіс-тәсілдердің тиімді түрлерін кеңінен қолданып, көптілділік аясында оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіншіліктер туындатады.

Жоғарғы сынып оқушылары арасында ағылшын тілінде дебат клубы, драмалық үйірмелер ұйымдастырылып, оқушылардың сахнада өзін ұстау мәдениетін үйренуге және шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға жағдай тудырылуда. Пән үйірмелерінің нәтижелігін пән олимпиадаларының, интеллектуалдық сайыстардың қорытындыларынан көруге болады.«Flash» − ағылшын тілі үйірмесінің «Snow white and the seven dwarfs», «Pygmalion», «Thomas Addison»,В.Шекспирдің әдеби композициясы тақырыбындағы қойылымдары мен «Missis Poppins» сияқты мюзикл ағылшын және орыс тілдерінде дайындалып оқушылардың тамашалауына ұсынылды.

Жеке тұлғаның траекториясын қалыптасуын жүзеге асыру үшін 5-10 сыныптар арасында білім, білік дағдыларын тексеру мақсатында ағылшын тілі пәні бойынша емтиханалынады.

Оқушылардың біліктілік деңгейін жетілдіруде сабақтан тыс іс-шараға араластырып, халықаралық «British Bulldog,Кенгуру», онлайн олимпиадаларға, конкурстарға, Халықаралық интеллектуалдық «British Bulldog», Чехия мемлекетінің, Ресей, Украина университеттерінің ұйымдастыруымен өткен халықаралық urfodu.ru сайтындағы онлайн VIII халықаралық ғылым негіздері бойыша пән олимпиадасына 3-11 сыныптан бастап қатысып, 6 оқушысы алтын медаль, 5 күміс, 5 қола медаль, 45 оқушы I дәрежелі диплом иеленіп,60 оқушы II орынмен, 35 оқушы III орынмен марапатталды.

Ағылшын тілі әдісбірлестігі жоғарғы оқу орындарымен тығыз байланыста. Шәкәрім атындағы СМУ-мен мұғалімдердің білімдерін көтеру мақсатында семинарлар, конференциялар, оқушыларды пән олимпиадаларына қатыстыру мақсатында мектеп ұжымы тығыз байланыс жасап келеді. СМПИ-ге келген Франция мемлекетінің білім департаментінің президенті Мишель Монсорромен кездесу өткізіп, оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен және өнерлерімен таныстырып, Қазақстан балалары туралы жақсы әсерқалдырдық.

Республикалық «Дарын» орталығының ұйымдастыруымен алғашқы үш тілді меңгерген сынып түлектерінен математика пәні бойынша тест жұмысы алынып, нәтижесі 92 % ды көрсетті.

Бүгінде ағылшын тілін жетік меңгерген оқушыларымыз мектеп мақтанышына айналуда, олардың қатарында Адылханова Нурдана, Шакенова Аида, Талдыбаев Жанәділ, Орынтаева Акбота, Досанова Айым, Асылбекова Айгерім, Марбатова Макпал сияқты оқушыларымызды атап өтуге болады. Білімдерін еліміздің ЖОО жалғастырғысы келген түлектеріміз мектеп қабырғасында жүріп, ағылшын тілін халықаралық деңгейде білуін тексеру емтиханын IELTS бағдарламасының алғашқы нәтижелері бойынша М.Марбатова –

6ұпай, Г.Асылбекова – 6.5,Адылханова Нұрдана – 7.2,Талдыбаев Жанәділ 6.5 ұпайға қол жеткізді.

М.В.Остроградскийдің «Жақсы мұғалімдер жақсы оқушыларды жасайды» деген сөздері біздің мектеп мұғалімдеріне арналғандай. «Болашақ» бағдарламасының грант иегерлері Кабдулдинова С.М., Қойшыбаева А.А., Турдина А.Б. сияқты ұстаздарымыз Швецария мемлекетіне барып, ағылшын тілін оқытудаөз әдіс - тәсілдер қоржынын байытып келсе, Швеция, Греция, Кипр аралына Атанбаев Ернат, Куаныш Айзада,Болатказиева Ажар, Жұмаш Еламан, Закимова Айдана, Талдыбаев Жанәділ халықаралық студенттер ғылыми практикалық конкурстарына ағылшын тілінде қатысты.

Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының ұйымдастыруымен Астана, Алматы қалаларында өткізілген бейіндік ауысымда жоғарғы деңгейде ағылшын тілінен білім деңгейін көрсеткені үшін Қуат Есхат Туркия мемлекетіне Измир қаласына жазғы демалыс лагеріне тегін жолдама алып, дем алып қайтты.

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

«Тілі бірдің-тілегі бір», «Тіл тағдыры-ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі- тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу- басты міндетіміз.



Ғылыми - әдістемелік жұмыстар нәтижесі

Шайхынова Тұрсынгүл Сағатбекқызы
директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары

Ұстаз менің бала кезден әлдилеген, үлкен жүрек қалауыммен таңдаған ақ арманым еді. Осы арман жетегімен Өскемен педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне түсіп, 1988 жылы «География пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітірдім. Диплом алған шақта қолымнан бәрі келетіндей сезіндім. Қызметке араластым. Жылдар салып Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы №5 мектеп - гимназиясына орналастым. Бұл 1996 жыл еді. Әр жыл өз қиыншылықтары мен биіктерін әкеліп жатты. Шәкірттермен бірге қуанып, бірге мұңайған күндер аз болған жоқ. Нағыз ұстаз атана білу оны қадір тұтудан, қастерлеуден, арындай таза ұстаудан басталатынын анық түсіндім. Мектеп ұжымы сенімімен 2002 жылдан кәсіподақ комитетінің төрайымы болып сайландым. Қалалық, облыстық «Жыл мұғалімі», «Жылдың үздік географы» сайыстарында I, II орындарды жеңіп алдым.

Аталған мектепте еңбек жолымды бастағанда бүгінгі күні құрметті демалыстағы ұлағатты ұстаз Тоты Күмісбекқызы мен үшін тәлімгер болды. Тәжірибелі ұстазбен бірлесе отырып «Шығыс Қазақстан облысының географиясы» атты 8-9 сыныптарға арналған оқулық құралын жаздық. Семей қаласындағы мұғалімдер біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтының басшылығымен география пәні мұғалімдеріне арнап «Геология және минералогия негіздері», «Материктер географиясы мен ТМД елдері» курсы бойынша әдістемелік нұсқаулықтар құрастырдым. «Адамның шаруашылық әрекетіндегі географиясы» тақырыбында құрастырған бағдарламам облыс көлемінде таратылды. Жас

ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласына қосқан еңбегім бағаланып, педагогика ғылымдарының докторы Ұ.Ә.Есназарова ұйымдастырған «Республикалық атаулы мектептің» мүшесі болдым.

Оқушылардың мектеп қабырғасынан ғылыммен шұғылданудың әліппесін үйренуі жолға қойылғанына бірнеше жыл болды. Осы жұмыспен – директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалған уақыт – 2009 жылдан бері айналысудамын.Ғылым әлемі – терең де сырлы, сиқырлы әлем. Осы әлемге оқушыларды жетелей жүріп, жігерлендіре жүріп, ұжыммен бірге бірталай биіктерге қол жеткізіппін.

Республикалық «Қазақстанның Үздік ұстаздары» (2009ж.), «Дарынды балалар − Қазақстанның болашағы» атты энциклопедияларға (2012 ж.) шықтым. «Білімге қосқан үлесі үшін» және «Бейбітшілік әлемі» – Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігінің «Лидер образования» медальдарымен, Облыстық білім басқармасының, республикалық, облыстық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының Құрмет грамоталарымен және 2013 жылы Шығыс Қазақстан облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталдым.

Педагогтік шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Сондықтан мектептің барлық жұмыс жүйесін тұтастай байланыстыратын, мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттырумектептегі әдістемелік жұмыстарға тікелей байланысты.

Біздің мектептің проблемалық тақырыбы − «Көптілділік жағдайында білім мазмұнын ақпараттандыру негізінде оқу пәндерін интеграциялау арқылы оқыту», яғни жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы әлемдік деңгейдегі білімге ұмтылатын, тілдерді жете меңгерген, шығармашылық тұрғыда дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Жаңа технологияларды меңгере отырып, білім сапасын арттыруда шығармашылықпен жұмыс жасайтын ұстаздардың еңбектері облыстық, республикалық, халықаралық жинақтар мен ғылыми-әдістемелік журналдарда және мектептің ғылыми-әдістемелік «Ұлағат» журналында жарияланады. Ең үздік оқушылар мен топ жарған мұғалімдердің жұмысы мектептің «Шәкәрім дарындары» энциклопедиясына енгізіледі. Сондай-ақ әр оқу жылы біліктілігін жоғарылатуға ниет еткен мұғалімдер арасында «Тәжірибе алмасу − ұстаз парызы», алжас мамандар арасында шығармашылық есеп беру үрдісі жақсы дәстүрге айналған. Ғылыми прогресс заманында жаңалықтардың жаршысы болып жүрген ұстаз еңбегін бағалау қиынға соғады, бұл орайда мектеп әкімшілігіне рейтингілік жүйені пайдалану көп көмегін көрсетуде. Әр оқу жылының соңында «Үздік жыл мұғалімі» және он үздік мұғалім арнайы аталымдар бойынша дараланады. Соңғы үш жылда шығармашылық жұмыспен айналысатын жаңашыл ұстаздар түрлі деңгейдегі сайыстарға қатысып, үнемі жоғары деңгейден көрінуде:

- Облыстық «Дарынды мұғалім − дарынды оқушы» сайысына оқушыларымен бірге қатысқан қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Молдағұлова Р.С. -ІІІ орын, орыс тілі пәні мұғалімі Жананбаева Қ.М.- ІІ орын, ағылшын тілі пәні мұғалімі Садыкова Р.А. І орынды иеленді.

- 2010-2013 оқу жылдары аралығында «Үздік авторлық бағдарлама» Республикалық сайысына 26 мұғалім қатысып, іс-тәжірибелерін республика көлемінде таратып, бір мұғалім І орынды , төрт мұғалім ІІ орынды, он бір мұғалім ІІІ орынды иеленіп, бес мұғалім Құрмет грамотасымен марапатталды.

- «Инновациялық – педагогикалық идеялар жөніндегі VII Республикалық фестиваліне» қатысқан ағылшын тілі пәні мұғалімдері Г.С.Тастекеева мен Г.Н.Нургазыева - ІІІ орын алса, облыстық «Үздік көптілділік инновациялық жоба» байқауына қатысқан С.М.Кабдульдинова -І дәрежелі дипломмен марапатталды.

- Жас ұстаздар арасында өткен республикалық «Дарынды оқушыға талантты ұстаз» сайысына қатысқан химия пәні мұғалімі М.Б.Мұқашева ІІ орынды иеленді.

Мектебімізде дарынды балалармен жұмыс жүргізуге ерекше назар аударылуда: ізденіс жұмыстарын жүргізу арқылы ғылыми негіздегі жобалар жасап, оны қорғауға баулу

– талапты оқушылар қатарының көбеюіне әкелді. Осы бағытта оқушылардың ғылыми қоғамы «Самғау» пән мұғалімдерімен бірлесе жұмыс жасап, зерттеу тақырыптарын таңдауын, ЖОО ғалымдарымен тікелей байланыста жұмыстар жүргізуді ұйымдастырады. Ғылым әлемінің сырларын ашу мақсатында жеткен нәтижелі жетістіктері 16 сәуір - Ғылым күнінде «Әлемдегі терең сыр ғылыммен ғана ашылмақ» тақырыбымен қорытындыланып,көпшілікке ұсынылады.

Сондай-ақ 2-7 сынып оқушылары арасында жұмыс жасайтын жас зерттеушілердің «Зерде» клубыда өз мүшелері арасында шығармашылық жобалар байқауынжыл сайын өткізеді. Соңғы үш жылда облыстық сайысқа қоғам мүшелерінен 28 оқушы қатысып, республикада 13 оқушы жеңімпаз атанды. Олар: Русланов Мәди III орын, Төлегенова Арайлым және Искаков Әділ II орын, Бейсембаева Асел және Мукашев Нұрболат I орын, Заманбекова Мадина мен Оралғазиева Эльжана, Қазымова Айнара III орынды иеленіп, Жақынғалиев Алдияр мен Толеубеков Ернар, Манапов Азамат, Самархан Шұғыла грамоталармен марапатталды.

Республикалық, халықаралық деңгейлерде өткен ғылыми жобалар сайысына қатысып, жеңімпаз болған оқушылар мемлекеттік оқу грантын иеленіп, бүгінгі күні еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуда. Соңғы үш жылда төмендегідей нәтижеге жеттік.

- Республикалық деңгейде өткен сайыста 2010 жылы Демеуғалиева Айым мен Амантаева Еркежан I дәрежелі диплом ,алтын медальмен, 2011 жылы Мұратқызы Назгүл мен Каратаева Айдана II дәрежелі диплом, күміс медальмен, Құрманов Ғибрат III орын, 2013 жылы Елеусін Әділжан мен Байгожина Айда II дәрежелі диплом ,күміс медальмен, Дәлелова Айдана мен Қадырова Малика, Ғазиз Балнур мен Акимжанова Назерке III дәрежелі дипломмен және қола медальмен марапатталды.

- Ө.Жолдасбеков атындағы математика, механика, экономикадан зерттеу жұмыстарының II, III халықаралық сайыстарында Мұратқызы Назгүл мен Каратаева Айдана, Байгожина Айда мен Елеусін Әділжан I дәрежелі дипломмен, Шаған Ернат пен Кабдеш Байболсын II дәрежелі дипломмен, Нұғманова Маржан мен Мұқаев Ержігіт, Ордабаева Жанна мен Қуанышева Айзада III дәрежелі дипломмен марапатталды.

- Байқоңыр қаласында өткен «Ғылым әлемін ашамыз» атты халықаралық ғылыми сайыста 2011 жылы Сатыбалдинова Елдана I орын мен алтын медаль иеленсе, 2013 жылы Ахметов Жалғас пен Альханов Әділет, Рамазанов Бекжан, Исаханова Айгерім, Тауырбеков Уатай III дәрежелі диплом иеленді.

- Оқушыларымыз алыс жақын шет елдерде де жобаларын үш тілде еркін қорғап, жақсы нәтижелерге жетуде. 2011 жылы Мәскеу қаласында өткен «Ученые будущего» тақырыбындағы V Ғылыми фестивальға қатысқан Дүрінбаева Назым, Адықбаева Жадыра, Сатыбалдинова Елдана, Женісбеков Жанайдардың жұмыстары арнайы жүлдемен марапатталып, ерекше аталып өтілсе, 2012 жылы Кипр аралында өткен ғылыми сайыста Закимова Айдана II дәрежелі дипломмен марапатталды, ал 2013 жылы Ресейдің Протвино қаласындағы «Компьютерная физика- 2013» сайысында Қайырбеков Жәнібек II дәрежелі дипломмен, Мәскеу қаласында өткен «Математика және жобалау» конкурсында Асаубаева Арайлым III орынды иеленді. Швеция мемлекетінің Гетеборг қаласында өткен «EUROMATH-2013» конференциясына қатысқан Болатқазыева Ажар, Жұмаш Еламан, Атанбаев Ернат, Қуанышева Айзада жұмыстарын ағылшын тілінде қорғап, халықаралық деңгейдегі сертификат иеленді.

Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына байланысты қашықтықтан өтетін әр түрлі деңгейдегі олимпиадаларда да оқушылар өз білімдерімен көзге түсуде. Соңғы үш жылдың облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі көрсеткіштері жеңімпаздардың өсу картасын байқатады.

	Облыстық	**Республикалық**	**Халықаралық**

Оқу жылы						
	қатысқаны	жеңгені	қатысқаны	жеңгені	қатысқаны	жеңгені
2010-2011	540	379	180	97	173	30
2011-2012	497	275	192	151	197	40
2012-2013	441	294	218	177	279	44

Баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілеті мен икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі.

Жауапкершілігі мол қызметімнің қыр сырын меңгере отырып, әр істе қашанда үлгі болуға тырысамын. Сондықтан бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші мұғалімдік қызметімді атқара жүріп, ұл мен қыз өсіріп-тәрбиелеген анамын. Балаларым Алиса мен Әділет − осы мектептің түлектері. Алиса да, Әділет те мектепте оқып жүрген кездерінен түрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, оқушылардың алдыңғы тобында танылды. Алиса мектептің «Жас ұлан» ұйымының төрайымы жұмысын атқарған кезде Алматы қаласында өткен республикалық конкурста ұйым жұмысын қорғап, жақсы жетістікке қол жеткізсе, Әділет мектеп оқушыларының «Өзін-өзі басқару» ұйымының президенті болғанда мектептегі әр түрлі іс-шараларды өткізуде ұйымдастырушылық қабілетімен танылды. Ә.К.Алинаның (химия пәні мұғалімі) жетекшілігімен Алиса Ресей мен Семейдің ФЭИ арасында өткен халықаралық деңгейдегі ғылыми жобалар сайысына қатысты. Қаржы нарығы бойынша жүргізген зерттеу жұмысы жоғары бағаланып, I орын иегері атанды. Мектепті 2003 жылы «Үздік аттестатпен» бітірген соң, СМУ-дің экономика факультетіне түсіп, 3-курста «Халық банкі» ұйымдастырған конкурсқа қатысқан 120 үміткердің ішінен топ жарып, банк тағайындаған арнайы стипендияны жеңіп алды. Аталған оқу орнын экономист мамандығы бойынша «Қызыл дипломмен» аяқтаған Алиса – білікті банк қызметкері.

Оқу озаты болған Әділет облыстық ғылыми жобалар сайысының, физика пәні бойынша облыстық олимпиаданың жеңімпазы атанды. Лев Гумилев атындағы ЕҰУ-ін қызыл дипломмен бітіріп, Астана қаласында мамандығы бойынша қызмет істеп жүр.

«Тәлім-тәрбие – ата-анадан, оқу-білім – ұстаздан» десек, осы екеуі сәйкес келгенде, жас талаптың жұлдызы жанып, мәртебесі биіктейді. Мен балаларымның жеткен жетістіктері мен тәрбиесінен осыны аңғарамын. Мектептегі өнегелі ұстаздардан ұлағат алған Алисам мен Әділетім – менің жанымның шамшырағы болса, білім берген ұстаздарының үмітін ақтаған тұлғалар деп сене аламын.

Елбасымыз: «Біз білім-ғылым саласында бәсекеге қабілетті болмасақ, өз мақсатымызға жете алмаймыз... Барлығы мектептен басталады,» – деген болатын. Өйткені XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой-өрісі жоғары, дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.



Әдепті адамдар – қоғамның баға жетпес байлығы әрі мәртебесі

Бекқасымов Асқар Қонысбекұлы
мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

«Ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр- серігі» М.Әуезов.

Менің ұстаздық еңбек жолым туған өлкем Жарма ауданы Қапанбұлақ ауылынан бастау алды. Ол 1986 жылдың күзі болатын. Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтын тәмамдап ауылға жолдама алдым. Ұлттың ұлы болмай тұрып, адамның перзенті болу мүмкін бе? Мүмкін емес екені шындық. Асқақ арманым мені биікке ұмтылдырды. 2001 жылы сәуір айында мен Семей қалалысының Шәкәрім атындағы №5 мектеп- гимназиясына мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалдым. Сол сәттен бастап менің өмірім осы қара шаңырақпен біте қайнасып кетті.

Еліміз Егемендік алғаннан бері мектептерде жалпы адамзаттық құндылықтарды, Қазақстанның тарихи тәжірибесін, педагогтардың жаңашыл тәсілдерін бағдарлай келе, тәрбие жүйесін жаңарту әдістемелерін әзірлеуге ерекше көңіл бөле бастадым. Бізде үлкен білім және насихат ресурсы әзірленіп, ол арқылы тәрбие жұмысы ұйымдастырылады. Бұл ресурс білім беру және тәрбие бағдарламаларының жүйесімен, сондай-ақ оқудан тыс іс-шараларда қолданылып отырады.

Мектебімізде оқушыларымызға қамқор болып, мүдделерін қорғап қана қоймаймыз, дарынды қасиет қабілеттерін, тәрбиеде қалыптастыруда мектебіміздің маңызды принципі бар. Соның дәлелі өңірімізге танымал болған ақындарымыз С.Тоқтамысова, Қ.Әубәкірова, Ф.Маратұлы, Н.Өмірбаев, А.Қосанов, Е.Әлманбетова, Е.Жумашева, Р.Өмірбаевтар біздің мектеп түлектері.

Патриотизмді, мораль мен парасаттылық нормаларын, этносаралық және қоғамдық келісімді, заңға мойынұсынушылықты, сондай-ақ өскелең ұрпақтың дене және рухани дамуын қалыптастыруды, жас ұрпақтың санасында еліктеуге, үлгі ретінде Қазақстандық адамның бейнесін жасау жолында патриоттық клубымыз «Жас қыран» ұйымын құрдық. Клубқа әріптесім С.Тусупов басшылық жасайды. Олар Көкшетау, Щучинск, Ақтөбе, Астана, Семей қалаларында өткен Республикалық әскери спорттық сайыстардың,мектептегі оқушыларымыз бүгінде жеңімпаздары. Білім және тәрбие процесін іске асыруда ата-аналар, педагогтар, балалармен бірлескен авторлық процеске тарту үшін, үштағанның өзара іс-қимылын қарастырып тәрбие жұмысының жаңа нысандары мен технологиялары дамыды.

Жалпы білім беру жүйесінің барлық деңгейінде тәрбиенің үздіксіздігімен, бірізділігін қамтамасыз етуде қол жеткізудің құралы болып , үйірмелеріміз өз жұмысын атқаруда. Ол біздің мектептің өзіне ғана тән ерекшелік.Нәтижесінде біздің мектепте кәмілеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың саны төмендеуде, жоқ десекте артық емес. Іс шараларымыз салауаттты өмір салтына бағытталған.Сол дәрежеге сәйкес педагогтар еңбек етеді. Воллейбол клубын С.Оразбаев, футбол клубын О.Зәкіржан, стол теннисін Ш. Жакупов, шахматты А. Исабеков, тоғызқұмалақтан Ж. Исахановтың оқушылары қалалық, облыстық сайыстардың жүлдегерлері болып жүр. «Жас жол сақшысы», «Жас өрт сөндірушілер» клубтары жетекшілері С. Шаяхметов, Ә. Мұқанов. Клуб ойыншылары қалалық сайыстарда I, II орындардың игерлері.

«Шағала» ақындар өнер үйірмесінде ақындар айтысының бірнеше дүркін жеңімпазы республикамызға танымал айтыскер ақын Д.Омарбаева жетекшілік етеді. Өнерді үйренуге де өнер керек. Талпынысы мол қабілетті оқушыларымызды өнерге баулып, талпындыратын «Сазды домбыра» үйірмесін Б. Тұтқышев жүргізіп келеді. Үйірмеден дәріс алған оқушыларымыз Д. Құдайбергенов, Д. Егізеков, республикалық конкурстардың жеңімпаздары. Мектебіміздің мақтанышы, түлектеріміз.

Мектебімізде дәстүр алған оқу жылы соңында өтетін ата-аналар алдындағы мектеп ұжымының шығармашылық есеп беру жиналысындағы «Үздіктер шеруі», білім, өнер, спорт, түрлі дәрежедегі мәдени іс шаралар жеңімпаздарының керуені ол да мектептің өзіне тән ерекшелігін көрсетеді.

Қарапайым ғана атқарған еңбегімнің жемісін бағалап: Семей қалалық білім бөлімінің, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы қалалық, Республикалық

комитетінің, Семей қаласы әкімінің, ШҚО ӨҒП «Дарын» орталығының Құрмет грамоталарымен, «Нұр Отан» ХДП, «Союз Атамекен» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасының, Семей қалалық ІІБ,№5511 Ішкі істер бөлімінің Алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталары арқылы марапаттарға ұсынылдым. «Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы» атты республикалық энциклопедияға атым енгізіліп, редакция және қоғамдық консультациялық кеңес шешімімен «Білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі иегері атандым.

Педагогикалық еңбегімнің нәтиже көрсеткішін ақпараттық құралдарға жариялап, тәжірибеммен де бөлісіп отырамын. «Ұстаз кәсіби компетенттіліктерін арттыру үрдісіне жаңа келіс» (2006ж) Ғылым және Білім саласындағы мәдениеттер тоғысы (2011 ж) атты халықаралық ғылыми әдістемелік, «Әлемдік білім беру кеңістігіне ену жағдайында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Ш.Құдайбердіұлының туғанына 155 жыл толуына «Шәкәрім мұралары зерттелуінің өзекті мәселелері және музейтану» атты практикалық конфренцияға қатысып баяндамалар жасап, қорғадым. Республикалық ғылыми-әдістемелік «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақстан мұғалімі», «XXI ғасыр мектебі», «Білім технологиялары» басылымдарында сабақ әзірлемелерім жарыққа шықты. Бабалардың ерлігі бүгінгі буынның ерен істері жас ұрпақтың жасампаздығы, тәрбиенің ынтымағы арасында сабақтастық болғанда ғана «Мәңгілік ұстаз» болып қалатынымызға мен сенемін.

Білім мен тәрбие егіз.



Минаева Сәуле Тлеуғазықызы
мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Тоқсан жылдық тарихы бар бұл – білім ордасында қызмет етіп жүргеніме өзімді бақытты санаймын. Мен үшін орны бөлек, ыстық мекеннің бірі. Себебі, бұл мектепте менің атам – Мусин Тұрсынғазы көп жылдар қызмет етіп, өзінің еңбек жолын мектеп оқушыларына білім беруге жұмсаған. Анам – Марзия да осы мектептің түлегі. Ата-анамның ізін жалғап, менде болашақ Қазақстанның білімді ұрпағын тәрбиелеуге өмір жолымды арнадым. Өмірімнің ең қызықты да, мәнді сәттері осы мектеппен астасып жатыр. 2000 жылы осы мектепке ең алғаш информатика пәнінің мұғалімі болып жұмысқа қабылдандым. 2009 жылдан бастап директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келемін. «Білім мен тәрбие қатар жүреді»,- деген ғой дана халқымыз, мектебімізде бала тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. Тәрбиенің 9 саласы бойынша жұмыстар жасалып келеді. Оқушыларымыздың жан - жақты ашылуынамектепте көп жағдайлар жасалған. Оқу жылы ішінде өткізілетін атаулы мерекелер мен қатар мектебіміздің дәстүрлі жиындары жоспарлы атқарылып отырады. Әр тоқсан сайын оқушылардың білімдері мен жеткен жетістіктерін анықтап, жеке оқушылар мен сыныптар арасында рейтинг шығарылады. Рейтинг бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен сынып пен сынып жетекшісіне алғыс жарияланып, «Шәкәрім асуы І-ІІ-ІІІ» тақтасына үздіктерге орын беріледі. Оқушыларымыздың«Шамшырақ» атты мектептегі қабырға газеті де ай сайын жарық көріп, онда жас тілшілеріміз өз мақалаларын үш тілде үздіксіз жариялап отырады.

Жас өнерпаз оқушыларымыз ән-би байқауларынан көптеген қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейде жеңімпаз атанып, мектебіміздің абыройын асқақтатып жүр. Бүгінде өнер әлемінде мақтанышқа айналған әншілеріміз-Берік Омаров,

Гүльмира Ноғайбаева, актриса Әсем Сағатовалар осы мектептің түлектері.Сондай-ақ оқушылар түрлі деңгейдегі әр мерекелік іс-шараларға бір адамдай ат салысып, жұмыла жұмыс жасайды. Қала бойынша үздіктер қатарындағы КВН ойыншыларының жеңістері көпке танымал.Медет, Жасұлан сынды оқушылар жоғары оқу орындары командаларының құрамында ойын көрсетуде.

Мектебімізде оқушылардың өзін-өзі басқару «Жас ұлан» ұйымы мектеп оқушылармен тығыз байланыс орнатып, іс-шараларға өз үлестерін қосуда. Ұйым қатарына білімде, өнерде ерекшеленген оқушылар мен үздіктер салтанатты түрде қабылданады.Бүгінде мектеп қабырғасынан шыққан Балтабаев Еркебұлан, Жашыбай Асхаттар «Жас Отан-жастар қанаты» ұйымының белсенді жетекшілері, елбасы алдында сөз сөйлеп, жастар проблемасын көтерген түлектеріміз.

Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы деген ұстанымды ұстанған мектеп ұжымы әрқашан тәрбие саласын сырт қалдырған емес. Мектеп ұжымы тек оқушылармен ғана жұмыс жасамайды, ата-аналармен де тығыз қарым-қатынас орнатқан. Ата-аналар мектеп өмірінен мектептің арнайы сайты, мектепте өткізілетін ата аналар жиналыстары және күнделікті болған оқиғаларға арналған мектептің күнделікті теле хабарларынан хабардар болып отырады. Жыл сайын оқу жылы соңында мектеп оқушылары мен ұстаздарының шығармашылық есебіне арналған бас қосулар дәстүрлі ата -аналар жиынымен аяталады.Онда озаттар мен жеңімпаздардың шеруі жасалып есімдері мақтанышпен көпшілікке таныстырылады. «Жылдың үздік оқушысы», «Жылдың үздік сыныбы» анықталып, марапаттау соңғы қоңырау салтанатында жүргізіледі. Мектеп директоры Алма Медетқызының басшылығымен жұмыс жасап келе жатқан алтын ұямыз, бүгінгі таңда тек таңдаулылар ғана оқып, үш тілде білім беретін қара шаңырағымыз, аз уақыттың ішінде көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, республика көлеміне танымал элиталық дәрежеге жетті. Сан белестерден сүрінбей өтіп, ауыз толтырып айтарлықтай жемісті жұмысы бар, өзім қызмет атқарып отырған білім ордасын мақтан етемін.



Наурызова Гульнура Дулатқызы 1989 жылы Жарма ауданы Шар қаласында дүниеге келдім. 1995 – 2004 жылдары Шар қаласындағы Абай орта мектебінде білім алдым. Ұстаз ұлағатты есім, менде бала кезімнен ұстаз болуды арман еттім. Сол арманым мені Семей қаласындағы Қазақ Инновациялық Гуманитарлы Заң Университетіне алып келді. Арманым орындалып ағылшын тілі мамандығын таңдадым.

Менің осы мұғалімдік мамандық таңдауыма ықпал еткен анам болатын.

Әкем – Койкаранов Дулат Сыдықанұлы, анам– Койкаранова Гульнара Талаптанқызы жеке кәсіпкерлікпен айналысады.

Жолдасым – Наурызов Архат Серікқанұлы әскери қызметкер. Ұлым – Серікқанов Дарын Архатұлы 2 жаста.

Әлемдегі кез келген мамандық иесі осы ұстаз деген киелі адамның алдына отырып, білім алып, үлкен өмірге қанат қағады ғой?

2009 жылдың ақпан айында көптен күткен қуаныш нұрын сеуіп, киелі білім ордасы №5 мектеп – гимназиясына жұмысқа қабылдандым. Жаңалықты жатсынбай қабылдайтын шәкірттеріме ағылшын тілінен сабақ бере жүріп, қоғам өмірінде үлкен орын алатын іс қағаздарын жүргізу, қызметімен айналысудамын.

Құжаттану - дегеніміз қоғам өмірінің құбылыстарын дәлелдейтін негізгі айғақ. Үлкен бір сала. Мемлекетіміздің арқа сүйер болашақ оқушыларының іс қағаздарын толтыру, педагог – қызметкерлердің жеке құжаттарын рәсімдеу, номенклатуралық құжаттардың барлығы мемлекеттік стандартқа сай, қазақ тілінде жүргізу әлеуметтік маңызы бар мәселе болғандықтан үлкен жауапкершілікпен орындаймын. Шәкірттерімнің

жанына нұр құйып, өмірде өзімде бақытты болып, өзгелерді де бақытты етсем нағыз адам болғаным деп ойлаймын.

Алдымнан өткен әр жанға әсерлі үнмен, қамқорлық сезімін сыйлап құрметтей алсам, өзім еңбек жолын бастаған мектептен алған тәрбием. Көзге көрінбейтін өте нәзік сезімді, аса құнды қасиеттерді жүректен жүрекке жеткізу менің аз жылғы еңбек жолымның тәжірибесі.

Ұстаздық зор тұлғалы шынар ағаш болса, оқушыларымыз оның қаулаған бұтақтары тәрізді. Сол шынар ағаш жапырағын жая берсе екен деймін.

Мен, **Тыныбаева Айгерім Барякқызы** ШҚО Уржар ауданында 1989 жылы дүниеге келгем.

Жанай орта мектебінде 9 жыл білім алып, 2004 – 2008 жылдары М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша білімімді алдым.

Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектепке 2012 жылдың 8 қазанынан бастап іс қағаздарын жүргізушісі болып жұмыс істеймін.

2012 жылдан бастап «e-Learning электрондық оқыту жүйесі» – Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына қосылған ауқымды мемлекеттік жобамен жұмыс жасаудамыз.

Бұл жоба менің қызыметімде аса бір үлкен рөл атқарады. Нормативтік-құқықтық базаны жүргізу, штат кестесі, қызметкерлер жайлы мәліметтер, оқушылардың үлгерімі, мектептегі оқушылар қозғалысы, бұйрықтар, осының барлығы енгізілген. Әр жаңа оқу жылы бойында алфавиттік кітап арқылы оқушылар қозғалысы жүргізіліп, электронды базаға енгізіледі. Мұғалімдер мен техникалық құрам мүшелерінің жеке бас құжаттарының көшірмелері мен олармен жасалған еңбек шарттарының сақталуы, жаңартылып, толықтыруларын уақытында жүргізу басты жауапкершілікпен менің үлесімде болады.

Республика көлемінде қолға алынған құжаттардың электронды жүргізілуіне бағытталған жоба арқылы оны игерудің жаңа технологияларын меңгеріп, оның әдіс-тәсілдерін үйреніп, жан-жақты тәжірбие жинақтап жүрген маман иесімін.

Мен, **Тулесбекова Сания Калиханқызы** ШҚО Шұбартау ауданында 1978 жылы дүниеге келдім. Семей қаласыннның Сәкен Сейфуллин атындағы №1 мектеп интернатын 1995 жылы бітіріп, 2000 жылы Шәкәрім атындағы Мемлекеттік Университетінде оқып, экономист- есептеуші мамандығын алдым. Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектепте 2013 жылдан жұмыс істеп жүрмін.

Мектептің қаржылық қоры 2011 жылдан облыстық бюджет есебінен жүргізіледі. Еңбекке ақы төлеу, мектептің материалдық-техникалық қорын нығайту бағытында жұмыстар арнайы бюджеттік бағдарламаларға негізделген. Есептеу жұмыстарында: мемлекеттік сатып алу, есеп құжаттарын жүргізуде арнайы бағдарлама «1-С бухгалтерия» және «Клиент-казначейство» арқылы жолға қойылған. Мектепте 1-сыныптан 4-сынып оқушылары аралығында тегін тамақпен қамтамасыз ету жолға қойылған. Бюджеттен тыс қаржыны ұйымдастыруда белгілі тәртіпке негізделген. Оны игеруде мұғалімдерге жалақы төлеуден басқа, көтермелеу шаралары үшін сыйақы беру, мақсатты іссапарларға жіберу, мектептің -техникалық базасын жақсартуға, ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаражаттар қарастырылған. Мысалы, осы оқу жылы ішінде кітапхана қоры көптеген ағылшын тілінде оқу-құралдары мен кітаптарымен толықса, оқу кабинеттері мектеп жиһаздарымен жаңартылып, асханада негізгі керек құрал-жабдықтармен жабдықталды. Сондай-ақ интерактивті тақталар және заманауи техника құралдарымен жаңартылып, спорт залына

керекті тауарлар алынды, мектеп дәліздерге жалюздер құрылды, жаңа тақырыптық залдар үшін стендтер жасалынды.

Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарынан өтуіндеде мектеп бірнеше мұғалімдерге өз қаражатымен көмек, қолдау көрсетті. Семья жағдайына байланысты 9 оқушыны асхана меңгерушісі А.Ермекбаеваның қолдауымен тегін тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылып, мемлекет есебінен ата- ана өтініші негізінде тегін киім әперілу жолға қойылған.

Осының барлығы мемлекеттің қолдауы және мектепке үнемі қаражаттың жақсы бөлініп, оны жұмсауда барлық құқықтардың сақталып отыруында деп санаймын.

Осындай мектеп қаражатын игеруде, талапқа сай жұмыс жасап, уақытында жұмсалуын жоспарлауда тәжірибелі мамандар Бектұрғанова Эльмира, Баяхметова Динаралар жауапкершілікпен, тиянақты жұмыс жасауда.

Осындай тамаша жандармен және шәкірттерді өнегелі тәрбиемен, ұлағатты біліммен сусындатып жатқан ұстаздар қауымымен, мәдени тағылымы жоғары, өнерге құштар, білімді, сауатты азаматтармен қоғам ортасында жұмыс жүргізіп жүргеніме қуаныштымын.



Слямханов Болат Амангельдинович

заместитель директора по хозяйственной части

Я Слямканов Болат Амангельдинович родился в городе Чарск 16 февраля 1974 года.

В 1995 году закончил «Талдыкорганский индустриально-педагогический колледж» по специальности преподаватель труда и черчения, мастер производственного обучения.

В 2008 году закончил «Семипалатиский Государственный педагогический институт имени Шакарима» по специальности преподаватель черчения и изобразительного обучения.

За период 1995-2006 года работал в школах преподавателем черчения рисования и трудового обучения .

В 2006 году был принят на работу заместителем директора по хозяйственной части в школу-гимназию № 5 имени Шакарима г. Семей.

Школа была построена в 1975 году, площадь застройки составляет 1857,6 кв.м, общая площадь 3549,4 кв.м,основная площадь составляет 2075,2 кв.м.Школа имеет пришкольный участок , стадион, мастерские, спортзал, актовый зал, библиотеку, 27 учебных кабинета, 2 кабинета информатики, медицинский кабинет имеющий лецензию, столовая на 100 человек с бесплатным питанием для начальных классов.

За время моей работы в школе многое изменилось, были заменены все кабинетные двери, произвели капитальный ремонт туалетов и сантехники, востановили туалеты на 2 и 3 этажах, был проведен капитальный ремонт крыши оснавного здания и перехода, произвели ремонт полов 1этажа был заменен деревянный пол на керамогранитный кафель, произвели текущий ремонт левкас стен 1,2,3 этажей с водоэмульсионной покраской, прошел текущий ремонт отопительной системы правого крыла 1,2,3 этажей, были заменены все входные двери в здание школы на металлические, сделано многое но и многое еще запланировано на будущее.

Материальная база с каждым днем улучшается, во многих кабинетах заменилась старая мебель, парты и стулья на новые, установлены интерактивные доски . В школе введено электронное обучение по программе президента страны. В кабинетах проведен интернет и установлены компьютеры.Для школы выделен автомобиль Газель для перевозки детей .

Под моим руководством работает технический персонал входящий в общий коллектив школы это такие работники как Такежанова Сауле, Джакишева Акылгайша, Кутабаева Батима проработавшие более 18 лет, Смаилова Назигуль, Рахимова Бахытжан, Калиева Айгуль , Туйебаева Ажаргуль проработавшие более 8 лет, Байшуханова Айсара, Ботасбаева Амантай, Ошакбаева Жанар, а также у нас работают вахтеры Ынырбаева Алмагуль, Ошакбаева Шынар, гардеробщицы Сембаева Алмагуль, Кайрамбаева Дания, охранники Алманбетов Куат, Абишев Оразгазы, Абылканов Талгат, электрик Назыров Вячеслав.

Хочу отметить нашего сантехника это Ынырбаева Айткали проработавший сантехником более 17 лет, хорошо знающий систему отопления и водоснабжение, дворника Бейсенбаева Кенесбека отвечающий за чистоту и озеленение территории.

Коллектив работающий со мной годами вкладывает свой труд во время ремонта школы. Борется за санитарную чистоту и гигиену. Сохраняет школьное достояние.

Келешекке кемел біліммен аттанған
шәкірт өмірде адаспай өз орнын табады



Жұмабекова Гульмира Бектемірқызы
«Қазақстан жолы» тәрбие – білім орталығының жетекшісі

Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа лайықты білім беріп, саналы азамат тәрбиелеуде ұстаздар қауымының сіңірер еңбегі зор. Осыған орай «1-желтоқсан Тұңғыш президент күні» мерекесіне орай Шығыс Қазақстан облысының көптеген білім ошақтарында «Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталықтары ашылды.

Бұл орталықтар келешек ұрпақты азаматтық-патриоттық, рухани адамгершілік және жастардың жеке басын қалыптастыруда тәрбиелеу мен білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін калыптастыру міндеті қойылды. Бүгінде мектебімізде де мектеп директоры Алма Медетқызының басшылығымен осындай «Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығы жұмысына кірісті.

Орталықтың мақсаты: Бұл орталық Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихына арналған. Орталық оқушылардың патриоттық рухын ояту жолында жұмыс атқарады. Өз қызметінде бұл орталық мынадай бағыттарды қамтиды:

- Ғылыми-зерттеу жұмыстары, құжат және мәліметтер, арнайы тақырыптық іс-шаралар жүргізу;
- Оқушылардың патриоттық рухын ояту, тарихи жәдігерлерді сақтау және құрметтеуін қалыптастыру;

Мектеп бойынша «Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығына 5-11 сынып оқушылары, ұстаздар қамтылған. Орталық жұмысын жүргізетін ұстаздарымыз білікті мамандар. Сондай-ақ орталық аясында түрлі үйірмелер жұмыс жасайды: «Тарих ата», «Жас қыран» т.б.

«Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығы бірнеше бөлімдерден тұрады:

«Қазақ елінің тарихына» арналған бөлімдеҚазақстан жеріндегі тұңғыш адам баласы пайда болған уақыттан қазіргі кезеңге дейінгі оқиғалар қамтылған. Мұнда сақ дәуірінен бастап, негізгі оқиғалар хронологиялық ретпен орналастырылған.

Ал «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» бұрышында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Мемлекеттік ту, елтаңба, әнұран бейнеленген және Қазақстан Республикасының Конституциясы құрметті орынға қойылған. Оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуде бұрыштың атқаратын қызметі зор. Елбасының өмір жолы бүгінгі жастарға сабақ, өнеге мектебі сондықтан Елбасы туралы деректер,материалдар, фотосуреттер видеорамада жинақталған.

Орталықта жұмыс жасайтын «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы!» бөлімінде

1991 жылғы еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақыттан бүгінгі күнге дейінгі негізгі хронологиялық оқиғалар тізбеленген. Бұл бөлімнен оқушылар қазіргі заманғы Қазақстан тарихына қатысты материалдарды ала алады. Сонымен қатар Елбасының жыл сайынғы Халыққа Жолдауын талдау, саралау арқылы «Жолдауға қолдау – жастардан!» атты іс-шара ұйымдастырылады.


Мектебіміз қазақ халқының кемеңгер ойшылы Шәкәрім атамыздың атында болғандықтан ұлы ойшыл жайында толық та нақты деректерді білуге бағытталған «Шәкәрімтану» бұрышы ашылды.

2011 жылдың 11ақпанында өткен «Нұр Отан» ХДП XIII Съезінде Елбасы «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар ұйымдарының жаңа жүйесін құру керектігін атап өткен болатын. Ал 2011 жылдың 6 шілдесінде «Біріңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық бірлестігі құрылды. Ұйым мүшелерінің мақсаты мен міндеттері көрсетіліп, қабылдау рәсімі туралы мәліметтер«Жас Ұлан» бөлімінде берілген.

«Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығының жұмысы орталықпен жалғас орналасқан кітапханамен ұштасады. Онда оқушыларға қызмет жасайтын «Менің Отаным – Қазақстан!», «Өнегелі Елбасы» т.б. көрмелері дайындалған. Сондай-ақ орталық жанында орналасқан электронды ресурс орталық оқушыларға БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) қызметімен танысып, оқып, зерделеуге және электронды оқулықтармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Тәрбие-білім орталығында орналасқан «Тарихи бас қосу» дөңгелек үстелі де өз тарихын білуге құштар, асқақ сезімді оқушыларға тарихи білім беруге бағытталған. Осы жерде оқушыларымыздың әр түрлі тақырыптарға диспуттары мен жарыссөздері өтеді, Елбасы жолдауы талқыланып, келелі мәселелер көтеріледі.

«Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығының жұмысы қасиетті де қастерлі ұғым патриоттық білімі жоғары, өз елінің тарихын, абыройын асыра, асқақтата алатын шәкірттерді даярлауға қызмет жасауға арналады.



ҰРАНДЫ ЕЛДІҢ – ҰРПАҒЫ ҚАЙСАР

Тусупов Серік Асаубайұлы

Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі

Отанымызды қорғау — Қазақстан Республикасы халқының ардақты парызы. Ал Отанының лайықты қорғаушысы болу – жауапты іс. Сондықтан да әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан бастап өзін алғашқы әскери қызметке дайындайды.Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің алдында - азаматтық борышын өтеу – әрбір оқушының абыройлы міндеті болмақ .

Елбасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің басты мақсатымыз – Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығын сақтау» делінген. Демек,болашақ жеткіншек Отан алдындағы борышын өтеуге барғанда осы мектеп қабырғасында, дәлірек айтсақ, алғашқы әскери дайындық сабағында алған теориясы мен практикасы толық және мәнді болса, әскери істің қиындығына төзуге, тез үйреніп кетуге көп көмегін тигізеді.

Мектебімізде өтетін алғашқы әскери дайындық пәнінің мақсаты жастарды қазақстандық патриотизм, демократиялық қоғам ісіне шексіз берілгендік пен Отанға, Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

Мектебімізде 2008 жылы ашылған *«Жас қыран»* әскери-спорттық патриоттық клубы жұмысының жетекшісі қызметін атқарып келемін.Клубта 200-300 жас өспірім әр түрлі

үйірме, секцияларда жаттығуда. Әскери-спорттық патриоттық клубы жасөспірімдер мен жастарды туризм мен спортпен айналысу, салауатты өмір салтын ұстану, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, ерлікке, жігерлікке, жерін қорғауға, ата-баба ерліктерін келешек ұрпаққа жеткізе білетін жастарды тәрбиелеу бағытында жұмыс істеуде.

«Жас қыран» әскери-спорттық патриоттық клубының алған асулары мен жеткен жетістіктері жетерлік. Айталық,2011 жылы республикалық «Мерген Ару-2011» сайысындажүлделі орын, 2012 жылы «Мен-құтқарушы» атты сайыста 1 орын, «Ақсауыт» атты әскери-спорттық сайыста 1, 2 орын. кубок иегері атанса, Қарулы Күштердің 20 жылдығына арналған облыстық әскери қолданбалы спорттан 2, 3 орын, «Отан қорғаушылар» атты сайыста 1, 2, 3 орын, Қазақстан-Ресей арасындағы халықаралық әскери-спорттық сайыста 1, 2, 3 орын, Республикалық «Алау» әскери-спорттық сайысында 1, 2, 3 орынды иеленіп, биіктерден көріндік.

Клуб мүшелері жыл сайынәскерге дейінгі және әскерге шақырылушы жастар арасында өткізілетін республикалық спартакиадасының қола жүлдегері болса, 2013 жылы «Жас ұлан» республикалық сайысында жеңімпаз деп танылды. Облыстық әскери-спорттық сайыстардың жеңімпаздары, 1, 2, 3 орын және кубок иегерлері.

Мектебімізде жас жеткіншектерді Отан сүйгіштікке тәрбиелеу, олардың бойына Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында әскери патриоттық жұмыс жоспарынасәйкес 1-9 сыныптар арасында «Менің отаным-Қазақстан», «Отан үшін от кешкендер», «Мен елімнің - патриотымын», «Отанымыздың болашақ сарбаздары» атты патриоттық тақырыпта сынып сағаттары өткізіліп тұрса, 5-11 сыныптар арасында 5511 әскери бөліммен бірлескен патриоттық бағытта ерлік сабақтары жүргізіледі. Бұл сабақтарға Ұлы Отан соғысының, Ауған соғысының және Қарулы Күштерінің ардагерлері қашанда құрметті қонақтарымыз. Сонымен қатар, ердің жауынгерлік ерлігін насихаттау мақсатында мектебіміздің түлегі,интернационал жауынгер М.Лебаев атындағы патриоттық бұрыш жастар үшін тәрбие мектебі.

Мектеп түлегі М.Лебаевтың халқының құрметті азаматты ретіндегі ерлік істері ұрпағымызды ізгілікке, өз елін сүюге баулып келеді. Бұл берік қалыптасқан дәстүрді ұлттық тәрбиенің өзегі, діңгегі десе де болады. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» дей келіп, адамның ұлы болуы үшін кісіге «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керектігін ұлы Абай да өсиет етіп кеткен. Бұл өсиет бүгінгі мектебімізде жеке тұлғаны патриотизм рухында тәрбиелеудің темір қазығы десек те болады.



Оразбаева Маруарт Кабдуахитқызы

педагог-психолог

Жас ұрпаққа білім беру жолында 32 жыл еңбек атқарып келемін. 1982 жылы Семейдің М.О.Әуезов атындағы педагогикалық училищесіне оқуға түсіп,1985 жылы аяқтадым. Сол жылдарда тамаша да зиялы ұстаздардан дәріс алдым. Училищені қызыл дипломмен аяқтап, ауылға жолдама алдым. Заман талабына сай К.Қадыржанов атындағы Қызылқия орта мектебінің бастауыш сыныбында ауыл мұғалімі болып жүріп ұстаздықтың алғашқы қадамын аттадым. Балаларға деген үлкен сүйіспеншілік мені І.Жансүгіров атындағы ТКПИ-жоғарғы оқу орнына түсуіме бірден-бір алтын көпір болды десем қателеспеймін. Абай атындағы степендияның иегері атана жүріп, айтыс мәресінде қалмаушы едім. Институтты 1990 ж қызыл дипломмен аяқтап шықтым.

2009 жылдан бастап Шәкәрім атындағы облыстық үш тілде оқытатын мамандандырылған мектепте педагог-психолог қызметімен қатар, С.А.Назарбаеваның аналық махаббаты жан жылуын арнаған адамгершілік құндылықтарымен өз ұлтының ұрпақтарына деген қамқорлығының айғағы өзін-өзі тану пәнінен сабақ беріп келемін.

Мектебіміздің проблемалық тақырыбына сай психологиялық жұмыстарды интеграциялау арқылы жүзеге асырудамын. Жеке тұлғаны қалыптастыру барысында инновациялық әдіс –тәсілдерді оңтайлы пайдаланып, ұжыммен, ата-аналар, оқушылармен, тренингтер , психолог сағаттарын, түрлі тақырыптарда ойын-жаттығуларын, педагогикалық кеңестерде психологиялық сәттерді практикалық тұрғыда көрсетіп, релаксациялар, арттерапиялар, өткізіп әріптестеріммен іс-тәжірибемді бөлісіп отырамын.

Мен еңбек ететін мектепте ерекше үрдіс бар,1-сыныпқа қабылданғаннан бастап оқушылармен жеке жұмыс жасай бастаймын. Олар менің көз алдымда. Диагностикалар жүргізіп, сабақтарына қатысып қана қоймай, танымдық процестерін толық зерттеймін (зейін,еске сақтау,қабылдау,т.б).

Бастауыш, орта, жоғары сыныптарда дарынды, қабілетті оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіп, қаблеттеріне қарай бағыт –бағдар беремін.

Орта буын оқушылармен жас ерекшеліктеріне байланысты кеңестермен қатар «Хал-ахуал», «Өз мәселеңді шеше алу», «Өзін-өзі бағалау» жайлы анықтамаға қоса, практикалық жұмыстар жүргіземін.

Жоғары буын оқушыларында «ҰБТ-ға даярлық, Мамандық таңдау, Кәсіби жоспар құру» барысында түрлі психологиялық көмектер көрсетемін.

Мектептің тарихындағы тамаша бір сәт «Жас мамандармен жұмыс»-психолог ретінде адаптациялық кезеңнен жақсы өтіп, ұжымға қалыптасуларына бағыт көрсетемін.

Осы уақыт ішінде Республикалық басылымдарда Л.Н Гумилев атындағы Еуразиялық университеті «Жаһандану үдерісі контекісінде педагогикалық білім беру жүйесінің дамуы» педагогика кафедрасының 50-жылдық мерей тойына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға «Өзін-өзі тану –менің өмірімнің бөлшегі» мақалам, «Қазақстан мектебі» журналында тренинг сабақ, іс-тәжірибе алмасу мақсатында жарық көрді.

Сондай-ақ психолог маманы ретінде оқушыларды түрлі сайыстарға, олимпиадаларға дайындап келемін. 2013 жылы 7-қазанда ШҚО «Дарын» орталығы алғаш рет өткізген Өзін-өзін танудан 7-9 сыныптар арасында өткізілген олимпиадаға метебімізден 7 «а» сыныбынан Советбекова Асем, 8 «а» сыныбынан Хасенова Айпара қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.СМИ-ның Педагогика және психологиядан аймақтық олимпиадасында «Индивид» командасын даярлап «Үздік тұсаукесер»-номинациясын, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінде өткен «Жан әлемі», «Қазіргі жастардың құндылық бағыттары» конкурсында I,II, орындарды жеңіп алдық.

Ал өзім облыс психолог мамандарының арасында өткен «Психолог мамандығының бүгіні мен ертеңі» конкурсына қатысып II орынды , «Адамдар арасында өмір сүру өнері» сайысында - «Үздік сәлемдесу» номинациясына ие болдым.

Өзімнің адам жанашыры педагог-психолог және өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі болғанына шексіз ризамын. Қиялыма қанат бітірген, игіліктің жиынтығы, ыстық ықылас пен өмірге деген іңкәр сезімнің бастауы болған менің мамандығым –жақсылықтың ақ желкені.



Шыңғысова Айдана Еркінқызы

Педагог-психолог, өзін-өзі тану пәні мұғалімі

1991 жылы 23 қарашада Абай ауданы, Қарауыл ауылында дүниеге келдім. 1998 жылы К. Жанатайұлы атындағы орта мектептің 1-ші сыныбына қабылдандым. Менің ұстаздық мамандығына деген сүйіспеншілігім 6- сыныпта оқып жүргенде басталды. Сол сәттен бастап өзімді мұғалімдік өмірге бейімдей бастадым. 2007 жылы 9- сыныпты сәттітәмамдадым. 2007 жылы М.О.Әуезов атындағы Семей педагогикалық колледжіне «Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту және іс жүзіндегі психолог» мамандығын қалап оқуға түстім.

2012 жылдан бері Шәкәрім атындағы облыстық үш тілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектепте педагог-психолог қызметін атқарып келемін. 2012 жылы тамыз айында профессор О. Сыздықов атындағы инновациялық технологиялар орталығында «12 жылдық білім беруге көшуге байланысты өзін-өзі тану сабағында инновациялық технологияларды қолдану» курс бағдарламасымен білімімді көтердім. Соның нәтижесінде 5-6 сыныптарға өзін-өзі тану сабағын жүргізіп келемін. 2013 жылы, наурыз айында Семей мемлекеттік педагогикалық институтында өткен педагогика және психологиядан аймақтық олимпиадаға 10 сынып оқушылары арасынан «Индивид» командасын қатыстырып «Үздік тұсаукесер» номинациясымен марапатталды. «Психологтың кәсіби іскерліктері» атты мастер класқа қатысып өз іскерлігімді көрсеткенім үшін сертификатпен марапатталдым.

2013 жылы, қазан айында «Үздік жыл психологы» облыстық конкурсында III орын алдым. 2013 жылы наурыз айында «Жас ұстаздардың шығармашылық ізденісі-сапалы білім кепілі» облыстық педагогикалық оқуда «Оқушыларға білім берудің педагогикалық-психологиялық маңызы» тақырыбында баяндама жаздым. Республикалық www.45minut.kz сайтында «Оқушылардың қарым-қатынасқа түсе алуын зерттеу», «Оқушылар ұжымындағы лидерді анықтау», «Жас мамандарға арналған тренинг-жаттығулар» жарық көрді. Психолог маман әрдайым қажет деп есептеп, психолог ғылымы келешекте дами түседі деген үміттемін. Психолог бүгінге де, келешек ұрпаққа да үлкен пайдасын тигізетін маман.



Бейсекенова Айнаш Базарханқызы

медбике.

1968 жылы 19 қарашада Семей қаласында дүниеге келдім. 1986 жылы Семей қаласындағы медициналық училищені қызыл дипломмен тәмамдадым. Еңбек жолымды қалалық емханадан бастап, кейіннен Балалар ауруханасында медбике қызметін атқардым және 2000 жылдан бастап Семей Гуманитарлық – экономикалық колледжінде медбике болдым. 2007 жылдан бастап №5 мектеп – гимназияға медбике қызметіне қабылдандым. Осы мектепте істеген жылдарымда көптеген қызметтер атқарып келемін. Күнделікті балалардың денсаулығын тексеріп, егу жұмыстарын жүргіземін. Оқушыларды зиянды әдеттерден сақтандыру, темекінің ағзаға тигізетін әсері және одан туындайтын ауру түрлері, олардың алдын алу шаралары туралы білуге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағыттау және оқушылардың күнделікті денсаулығын шынықтыру, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруын қамтамасыз ету қызметімнің бір бөлігі.

Сондай-ақ халқымыздың арасында кең тараған зиянды әдеттер - араққа, есірткіге және темекі шегуге жетелейтін себептерді анықтау, олардың адам ағзасына келтіретін зиянын ашу, оқушыларды одан жирендіру мақсатында шаралар жүргіземін. Ай сайын қызметкерлер мен оқушыларды медициналық мекемелерден келген дәрігерлер бақылауынан өткізіп, тексерудің нәтижелерін сынып жетекшілері мен ата – аналарына жеткіземіз, кеңес береміз.

Тұмау, сарыауру, көз ауруы, туберкулез ауруы сиақты жиі кездесетеін ауруларға байланысты профилактикалық сабақтар өткізіп, ата – аналарға, оқушыларға арнайы таратпа материалдар әзірлейміз. Балалардың күнделікті назарында болу үшін

санбюлетеньдер шығарылып, арнайы стендтер жасалынған. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін қадағалап, жеке бас тазалықтарын бақылаймыз. Ұстаздармен бірлесе отырып, балалардың денсаулығына қажетті шараларды уақытында, жоспарлы жүргізу арқылы алғашқы көмек көрсту біздің басты міндетіміз.



Нұрмұхаметова Айгүл Асқарқызы

медбике

1972 жылы 08 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Науалы ауылында дүниеге келдім.

1989 – 1991 жылдары Семей қаласындағы медициналық училищені бітірдім. 2006 жылдың 20 наурызынан бастап №5 мектепте қызмет атқарудамын.

Біздің медициналық қызметіміз санитариялық-гигиеналық, профилактикалық және эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастырып, жүргізуге үнемі дайын болу, зардап шегушілерге медициналық көмек көрсету, оларды емдеу мекемелеріне жолдап, санитариялық тазартудан өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Денсаулық – адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние. Өмірдің шаттығы мен қызығы денсаулыққа байланысты. «Денсаулық – зор байлық». Сондықтан біз мектепте ұжыммен әр түрлі медициналық шаралар мен жекелеме кеңес беру жұмыстарын жүргіземіз. Мектепте оқушыларға алғашқы көмек көрсету ең басты жұмысымыз болып саналады. Жұмыс барысында аралас үлгідегі №2 емханамен тығыз байланыста қызмет атқарамыз. Белгіленген күнтізбелік күндері емханадан арнаулы мамандар келіп, оқушыларды тексереді, егу жұмыстарын қадағалайды. Күнделікті әрбір баланың денсаулығын тексеріп, айлық және жылдық есептерді жасау арқылы аурудың алдын аламыз.

Балалармен ұжым мүшелері тікелей байланыста болғандықтан әрбір қызметкерлердің медициналық құжаттарын тексеріп, санитарлық талапқа сай жыл сайын тексеруден өтуін қадағалаймыз. Мектеп асханасындағы ас мәзірінің талапқа сай болуы да күнделікті біздің бақылауымызда, сондай-ақ мектептің санитарлық тазалақ жағдайының талапқа сай болуы да назарымызда ұсталынады. Ол үшін арнайы жабдықталған алғашқы көмек көрсету бөлмелеріміз де қажетті құралдармен жабдықталған. Дәрі дәрмектерімізде жеткілікті, техникалық қызмет көрсетуге арналған жабдықтарымызда арнайы талаптар бойынша сақталып, жұмсалынады.

Денсаулық баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние, сондықтан оны насихаттау кез келген ауру мен жарақаттың алдын алу біздің басты міндетіміз.



Тобықбаева Гүлжанар Мұратбекқызы

«XXI ғасыр мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры.
Бар білімнің қайнар көзі – кітапхана»
Н.Ә.Назарбаев



Бодесова Динара Елубайқызы

Білім беру мемлекетіміздің мақсатты бағытталған саясаты. Елбасының қолдауы арқасында Қазақстандық білім беру жүйесі жаңа даму деңгейіне өтіп, қоғамның ең басты игілігіне айналуда

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына ену стратегиясының іске асырылуына ғылыми, мәдени, ақпараттық таным беретін кітапхана қызметінің қосар үлесі зор», - деген баға берумен бірге алдымызға зор міндеттер қойды. Тәуелсіз еліміздің жаңа даму сатысында стратегиялық бағыт-бағдардан бастау алған білімді, ізденімпаз оқырмандардың ақпаратқа деген сұранысы жоғары.

Бүгінгі күні кітапханамыздың қорлары ұлттық нақышта көркем безендірілген, электронды оқулықтармен, терең мазмұнды қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі кітаптармен толықтырылған, компьютермен жабдықталған. Мектептегі ақпараттық мәдениет – бұл кітапқа, кітап оқуға деген ынтаны, сүйіспеншілікті оята білудің, түрлі ақапараттық дерек көздерді іздестіруге және оларды тиімді пайдалануға машықтандыра білудің, өз бетімен білім алуға үйретудің алғашқы қадамы.

Мектебіміздің бірден-бір руханият ордасы кітапхана – мәдениет саласының бірі ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени-ағарту қызметінің негізі болып табылады. Яғни, мектеп кітапханасы – оқырмандардың өскелең талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту, жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асырады. Ал кітап – ақпарат құралдары дамыған, жаңа технологиялар заманында адамның ішкі дүниесіне, ой-өрісіне ықпал жасап, мұқтажын қанағаттандыратын, рухани азығы болып қала бермек.

Кітапхананың оқырмандармен жұмыс істеу бағытында «Менің Отаным - Қазақстан», «Сырға толы – Семейім», «Әлемге танылған тұлға – Абай», «Кітап-ғылым-тілсіз мұғалім», «Әңгіме, жұмбақ, жаңылтпаш – ермегіміз жалықпас», «Қазақ халқының ұлы тұлғалары», «Оқушының анықтама қоры», «Атаулы күндер күнтізбесі» атты кітап көрмелері жыл бойы жұмыс істейді.

Кітап оқитын қоғам қашанда бәсекеге қабілетті болары хақ. Мектеп жасындағы жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу – кітапхананың төл ісі. Жас ұрпақтың бойында патриоттық отансүйгіштік, адамгершілік, әділдік, бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыруда оның алатын орны ерекше. Сондықтан да, бүгінгі күннің кітапханашысы – жеке тұлғаның патриоттық рухта, рухани адамгершілік тұрғыдан кемелденуіне көп көңіл бөлумен қатар, халқымыздың тарихын, өнегелі әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, мәдени мұраларын, әдебиет қазыналарын, тереңнен толғайтын сөз өнерін оқырмандарға кітап арқылы насихаттай білетін өнегелі жан. Сондай-ақ, оқулық, бағдарламаларды, электрондық оқулықтарды ұсына отырып, оқырмандардың оқу дағдысын қалыптастыруға, жаңалыққа қол жеткізуге, соның ішінде қажетті білімді таңдап алуға мүмкіндік береді.

«Кітап – заманалар толықынында тербетіліп, көкірегіндегі қымбат қазынасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ой-кемесі», - деп ағылшын философы Френсис Бекон айтқандай, кітап дәуір шындығын, халық тағдыры мен арман-мұратын, дүниетанымын, ел тынысын, ұлттың әлеуметтік тіршілігін, ұлттық сезімін танытып, ұлттық негізде тәрбие берер құнды құрал. Осындай ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше кітапты оқуға баланың құштарлығын арттыру жолында мектебімізде жыл сайын «Үздік оқырман» атты мектепішілік сайыс өткізіліп тұрады.

Ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыларды оқу және насихаттау, рухани мұрамызды сақтау, ана тіліне деген қызығушылықты ояту, әрі оқырманды кітап оқуға тарту мақсатында мектебімізде жылда «Бір ел – бір кітап» атты акциясының аясында Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы, Оралхан Бөкейдің «Біздің жақта қыс ұзақ» повесіне арналған оқырмандар конференциясы өткізіледі.

Елбасымыз белгілеген «Қазақстан-2030» бағдарламасы және жыл сайынғы Жолдауы біздің адаспайтын жолымыз, айқын да ашық бағдарымыз. Сондықтан да өскелең ұрпақтың кітаптан алған білімін санасына сіңіріп, көкірегіне тоқып, тәуелсіз еліміздің игілігіне жаратып жатса нұр үстіне нұр болары хақ.



Мен, **Жексембаева Жазира Амантайқызы** 1993 жылдың 29-шы жұлдызында еліміздің шырайлы жерінің бірі Үржар өңірінде дүниеге келдім. Балалық шағымның қызықты да, көңілді сәттерінің куәсі туған өлкем – Жоғарғы Егінсу ауылы. Сол жерде 1999 жылдың күзінде мектеп табалдырығын аттап, 2009 жылы 9-шы сыныпты бітірдім.

Мектеп бітірген соң, Семей қаласындағы киелі қара шаңырақ, білім ордасы М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» бөліміне оқуға түстім. Студенттік өмірдің қызығы мен шыжығын көріп, көзді ашып жұмғанша 4 жылда оқу орнында тамамдадым.Менің өмірімдегі бейқам, алаңсыз балалық шақ та, студенттік өмір де артта қалып, еңбек жолы басталды. Еңбек кітапшама ең алғашқы болып тіркелген 90 жылдық тарихы бар білім ордасы Шәкірім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп болатын. Осы мектепте еңбек етіп жатқаныма жарты жылға жуық уақыт қана болса да, білегенімнен білерімнің көп екеніне көзім жетті. Алғашқыда жасқанып, жатсынғанымен ұжыммен бірден тіл табысып, жұмысыма тез төселіп кеттім. Әрине, дарынды балаларға арналған мектеп болғандықтан, қаламыздағы басқа мектептерден де өзгеше, онымен қоса көтерер жүгіде жеңіл емес болатын. Бұл киелі шаңырақта тегін жер емес еді, көптеген елімізге танымал ұлағатты ұстаздар өздері осында білім алып, еңбек жолдарын жалғастырып, балалары, одан әрі немерелері оқып жатқандары қаншама?!

Менің бір нәрсеге көзім анық жетті, бұл жерде жоғары білім, ұрпақтар сабақтастығы деген таным-түсінік жақсы қалыптасқан. Сол себепті, мен де ауыз толтырып айтарлықтай болмаса да, өзіме жүктелген міндетті лайықты деңгейде атқаруға тырыстым.

Менің мектептегі міндетім тәлімгер болғандықтан, оқушылар мен де, ұжыммен де көп жұмыс істеуге тура келді. Әр түрлі іс-шараларды ұйымдастырып, олардың бір талайының басы-қасында жүріп, көп нәрсені үйрендім. Мен келген жылы мектебімізде елеулі оқиғалардың бірі болған, республика көлемінде семинар болды. Ол семинарға да ұжым болып ат салысып, өте жоғары дәрежеде өтті. Сол кезде ұжыммен қалай жұмыс істеу керек екеніне тағы бір мәрте көзім жетті. Мектептегі Жас Ұлан өзін-өзі басқару ұйымы мен дебат клубтарының жұмыстарында оқушылармен бірлесе отырып, бір кісідей атқара білдік. Алғаш рет тәлімгер ретінде тәуелсіздіктің 22 жылдығының қарсаңында 22 үздік оқушыларды ұландар қатарына қабылдау рәсімін өткіздім. Мектебімізде биылғы жылы алғаш рет дебат клубын ашып, оқушыларды пікір - сайыс ойындарына әзірлеуді бастадым. Мұхамедиярова Арайлым, Бөкенова Маржан, Кабкенова Еркежан, Балагазиев Ерназ сынды жас дебатерлар қалалық ойындарда үздік спикер атанып, мақтау қағаздарымен марапатталды. Олар қалалық телеарналардан да өз өнерлерін көрсетіп жүр.

Аз уақыттың ішінде мектеп өміріндегі осындай өзгерістер мен үшін алғашқы болғанымен болашақта жалғасын табарына кәміл сенемін. Ал тәлімгер ретінде Жас ұландардың қатарында еліміздің тәуелсіздік туын биік ұстайтын жастарды көру менің басты мақсатым.



Амренова Лязат Мамыржанқызы

Математика– информатика –физика пәндерінің әдіс бірлестігі

Мен 1994 жылы Семей мемелекеттік педагогикалық университетін «Математика және физика» мұғалімі мамандығы

бойынша аяқтадым. Ал киелі де, қасиетті білім ордасы саналатын №5 мектепке 1998 жылдың көктемінде жұмысқа келдім. Имене ашып есіктен ендім де, осы шаңырақ құт мекенім болса екен деп жан жүрегіммен тіледім. Ертесінде - ақ мектептің қалыптасқан дәстүрі бойынша мұғалімдер ұжымымен таныса бастадым. Біздің мектеп мен келген жылдары университетпен тығыз байланыста жұмыс жасағандықтан, білікті де білімді, сол заманның заңғарлары мықты ұстаздардың алдынан өттім. Солардың бірі де бірегейі - профессор Нұрсұлтанов Кажи Нұрсұлтанұлы еді. Мектеп қабырғасында жұмыс жасай отырып, өз ісінің білгір мамандары болған физика пәнінің мұғалімі Исқақов Төкен Көпбайұлы, математика пәнінің мұғалімдері: Ибраев Серікбол Ибраевич, Мархаметов Жомарт Базенұлы, Шакенова Айжан Шакенқызы, Наурызбаева Гулжанат Рахымқызы, Арынов Айша Тоғанбекқызы секілді мықты ұстаздардың ақыл-кеңесін тыңдап, тәжірибелерін жинақтадым. Осындай асылдың сынықтарының үйреткен тәжірибесін маған ешқандай университет бере алмас еді.

Алғашқы ұстаздық қадамыңда кімдер, қандай жандар кездессе сенде сондай боларың анық екен. Осы еңбек жолымда бірнеше толқын түлектерді қанат қақтырып, жаңа өмірге жолына аттандырдым. Қазіргі уақытта қоғамдық жұмыстардан да қол үзіп қалған жоқпын, мектепте математика, физика және информатика әдіс бірлестігіне жетекшілік жасаудамын.Бірлестік мүшелері 14-педагогтан құрылған. Әр бір әріптесімнің өз ортасында алар орны үлкен. Өте терең білімді, сыпайыда мәдениетті, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің озаты- Бақыт Сұлтанқызы, физиканың нағыз маманы, білімнің ғажайып символикасындай мектептегі бірнеше мәрте «Жыл мұғалімі» байқауының жүлдегері - Фарида Закарияновна, республика бойынша мектеп түлектері үшін ҰБТ – ке математика пәнінен тест сұрақтарының құрушысы, талай жылдар қаладағы математиктердің жетекшісі қызметін атқарған, қалалық, облыстық «Жыл мұғалімі» байқауының бірінші және Бас жүлде иегері, «Логика» оқулығының авторы, Қазақстан Республикасы білім беруісінің үздігі - Жанар Нұрлыбекқызы, математиканы ағылшын тілінде сөйлетіп жүрген, ізденімпаз жас педагог қыздарымыз: Ақмарал Қажықұмарқызы, Айнұр Айтқұрманқызын мақтанышпен атауға болады. Информатика пәнінің мұғалімдері Сәуле Төкенқызы, Гүлнұр Мақсұтқызы және Шынар Сұлтанқызы еңбектеріне шәкірттері дән риза. Пән кабинеттерімізде талапқа сай жаңа техникаларымен жабдықталған. Бұл бағытта мектеп басшысы, жоғары санатты математика пәнінің мұғалімі Қазақ ССР халық ағарту саласының үздігі-Алма Медетқызының еңбегі зор. Алма Медетқызы алғаш елімізде «Мектеп» баспасынан қоғамдық-гуманитарлық бағытта шығарылған Математика-10, Математика -11 төл оқулықтарының авторлар ұжымында еңбек еткен.ҰБТ бойынша оқушылардың білім көрсеткіштері жыл сайын арта түсуде.Ұстаздар өз іс тәжірибелерін семинарлар, баспа беттері арқылы облыс, республика көлемінде таратып келеді. Ғылыми жобалардың жетекшілері ретінде де ұстаздар республикалық, халықаралық деңгейде жоғары жетістікке қол жеткізуде. Шәкірттерді математика баулуда «Жас архимедшілер алауы» клубы ұзақ жылдар жұмыс жасайды.

Мұғалім тек сабақ беруші ғана емес, сонымен бірге шебер тәрбиеші, үздік ұйымдастырушы, әрі жаны жайсаң ақылшыда болуы шарт. Осы принципті берік ұстанған әріптестерімнің еңбектерінен ізгіліктің нұры сөнбесін деп тілеймін..



Мені қызықтырған әлем-ұстаздық

Баяхметова Шынар Оразахметқызы

қоғамдық – гуманитарлық әдіс бірлестігінің жетекшісі

«Ұстаз» сөзінің ұғымы кең. Ұстаз-оқушының бойына шынайы білім-білік дағдыларын дарытып, зердесіне ғылым негіздерін тоқыта алған, бүлдіршінді майталман бағыбандай мәпелеп баулып,

үйренген нәрселерін өмірде қолдана білуге жаттықтыра алған, сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы, істеген ісі, парасат-пайымы, инабаты, білімінің тереңдігі мен жан-жақтылығы арқылы шәкірттеріне үлгі бола алған адам. Осы айтылған ұғымдар ұстаз еңбегінің сұранысы көп, бейнеті мол мамандық екенін айғақтайды. Осындай жауапкершілігі үлкен мамандықтың жоғары білімді маманы болып, 1996 жылы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназияның табалдырығын аттадым. Бүгінгі күні білікті басшы Алма Медетқызы Аубакирова басқарған Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған білім ордасында қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолыма 17 жыл болыпты.

Мақсатсыз адам қанатсыз құс сияқты, ұша алмайды. Ұстаздық жолда алдыма қойған үлкен мақсатым бар. Ол жүректері мейірім мен ізгілікке толы, адал, отансүйгіш, білім, экономика, мәдениеттегі қатал бәсеке дәуірінде барлық жағынан бәсекеге қабілетті, ізденімпаз, шығармашыл, еркін, еңбекқор адам тәрбиелеу. Осы мақсатымды жадымнан шығармай, қоғам алдындағы борышымды адал атқаруға бар ынта-жігерімді арнаудамын.

«Бақыттың үлкені – өзіңді-өзің тану» деген қағида бар ғой. Ұстаз өзін-өзі қай уақытта таниды? Ол алдындағы шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің азаматы болған сәтінен таниды. Осы орайда, 2009 жылымектеп қабырғасымен қоштасып, үлкен өмір есігін ашқан алғашқы түлектеріме тоқталғым келеді.

33 оқушының үшеуі «Алтын белгі»иегері, үшеуі «Ерекше үлгідегі» аттестатқа ие болды. 14 оқушы 100-ден артық ұпай жинады. Бүгінгі күні

27 оқушы Қазақстанның беделді жоғары оқу орындарын бітіріп, өмірден өз орындарын таба алды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімі болғандықтан жолымды қуған шәкірттерім де бар. Әдебиет-сөз өнері, жетесізін сөзбен қайтарып шыңдаған, батырын сөзбен айбарлап қайсар еткен, дауын сөзбен шешіп, ханын сөзбен тежеген құдіретті күш, ошақтың отындай адамға жылу, қуат беріп, үмітін алға жетелейтін аса бір айырықша құбылыс екенін түйсінген ізбасарларым-республика көлемінде танымал айтыскер ақын Сара Тоқтамысова.

Бүгінгі күні Шәкәрім атындағы Семей университетін бітіріп, облыстық «Жастар саясаты мәселелері» басқармасының бас маманы болып қызмет атқарып жүрген Еркебұлан Балтабеков, өзінің балғын жырларымен, поэзияға деген іңкәр сезімдерімен өлең өлкесін жағалаған шәкірттерім - Айгерім Қасымбекова, Ерсұлтан Әбузар егеменді еліміздің ертеңгі тірегі болары сөзсіз.

Білімдегі жетістік – ғылымдағы жетістіктердің, ал ғылымдағы жетістіктер – инновациялық дамудың қайнар көзі. Сол ұрпақты тәрбиелейтін менің және менің әріптестерімнің беталысының дұрыстығы көңілге қуаныш ұялатады. 90 жылдық шежірелі тарихы бар білім ордасы толассыз даму үстінде. Бүгінгі күнде мен қоғамдық-гуманитарлық әдісбірлестігінің жетекшісімін. Бірлестікте 13 мұғалім жұмыс жасайды. Барлығы жоғары білімді.Әдісбірлестік мүшелерінің сапалық көрсеткішіне тоқталар болсам, жоғары санатты 9 мұғалім,I санатты 2 мұғалім, II санатты 2 мұғалім.

Бірлестіктіңпроблемалық тақырыбы: Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқу үрдісінде пәндерді интеграциялау арқылы жан-жақты жеке тұлғаны дамыту. Осы тақырып аясында әрбір бірлестік мүшелері жұмыстар атқаруда.

Өркениетті қоғамда "Тіл - адамзаттың баға жетпес құндылығы" деп саналады.Бүгінгі заман талабы - көптілді білім беру. Жас өскіннің өз тарихын тануға, көркем сөз әлемін тануға, өз ұлтының салтын, құндылықтарын өзге елмен салыстыра отырып, онымен мақтануға, сол арқылы ғана өзге тілді меңгеругебағыт жасау- бүгінгі қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәндері мұғалімдерінің басты мақсаты деп білемін.

Осы қажеттілікті қанағаттандыру мақсатындаәріптестерім өз тәжірибелерін үнемі жетілдіру үстінде. Соңғы үш жылдаКембридж бағдарламасы бойынша 3 мұғалім, инновациялық технологиялар бойынша 8 мұғалім облыстық, республикалық білім жетілдіру институттары, педагогикалық шеберлік орталықтары арқылы өз білімдерін арттырды.

Тарихымызды дамыту жолында біршама игі істер жасалуда. Оқушыларымыз облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі шығармашылық, интеллектуалдық сайыстар мен интернет олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды қанжығаларына байлауда.

Республика көлемінде әйгілі мектебіміздің түлектері, айтыскер ақындар Сара Тоқтамысова, Нұржан Өмірбаев, Қарлығаш Аубакирова,Фархат Таянкеновтардың ізбасарларының қатарында Айбек Қосанов, Алманбетова Еңлік, Жұмашева Еркежан, Сулейменова Фариза, Қуандықов Бақтияр сынды жас ақындар жалғаса, Республикалық «Абай оқуларында» Абай, Шәкәрім шығармаларын жатқа оқитын, әндерін орындайтын, шығармашылығымен көзге түскен жүлдегерлеріміз Тілебалдина Гүлсая, Өмірбеков Райымбек, Канатбек Арман, Сербаев Данияр сияқты өлең өлкесіне іңкәр шәкірттер саны бүгінде арта түсуде. Оқушыларымыз ғылыми жобалар сайыстарына да қатысып, өздерінің бақтарын сынап, жүлделі орындар иеленуде.

Иә, бұл тірліктің барлығы ерен еңбектің арқасында келген жұмыстар.

«Берекені көктен тілеме - еткен еңбектен тіле» деген екен XX ғасырдың заңғар жазушысыМұхтар Әуезов. Шынымен, еңбек арқылы берекеміз нығайып,өз елінің тілі мен тарихын мақтан тұтар шәкірттер саны артары сөзсіз.



Learn while teaching!Учи и сам учись!

КабдульдиноваСаулеМусаевна

руководитель методического объединения учителей английского языка

Интерес к изучению иностранных языков все больше возрастает во всем мире.

Английский язык занимает сегодня лидирующее положение, так как весь мир использует именно его в качестве языка международного общения.

Тема методического объединения:

«Активизация познавательной деятельности учащихся через интегрированные процессы».

Состав методического объединения:

Алдонгарова Роза Бериқбековна - Образование высшее, педагогический стаж 28лет, квалификационная категория высшая. Преподаваемый предмет: английский язык. «Моя педагогическая концепция: Я – учитель, учитель английского языка. И, смею надеяться, хороший учитель. Я много лет проработала в школе и считаю, что школе нужен талантливый, творческий учитель. Ведь только творческий учитель воспитывает творческую личность. Талант, творчество, мастерство... Это очень индивидуальные качества

ЖаманбалиноваДаметкенМустафовна -Образование высшее, педагогический стаж 31 год, квалификационная категория высшая.Преподаваемый предмет: английский язык.«Настоящий учитель, я думаю, должен талантливо «растворяться» в личности каждого ребенка, чтобы стать достоянием этой растущей личности. Я с детства была влюблена в английский язык. Бывают же люди, с детства влюбленные в балет, в музыку, в живопись. Я могу сказать, что английский язык – это моя профессия и мое хобби.

НургазиеваГулнар – Образование высшее, педагогический стаж 13 лет, квалификационная категория вторая.Преподаваемый предмет: английский язык. «Мои ученики – это мои единомышленники. Они приходят ко мне на урок с желанием общаться, познавать мир посредством другого языка, иной культуры. Мне приятно сознавать, что им интересно на моих уроках»

ТурдинаАйжан- Образование высшее, педагогический стаж 16 лет, квалификационная категория первая.Преподаваемый предмет: английский язык. «Всю

жизнь человек с кого-то берет пример: с родителей, родственников, выдающихся людей, героев, учителей. Да, да. Когда ребенок приходит в школу, идеалом становится учитель»

ТакееваНазым- Образование высшее, педагогический стаж 7 лет, квалификационная категория вторая.Преподаваемый предмет: английский язык. «Интуиция, вдохновение, удовлетворенность и неудовлетворенность работой, творческое переживание и озарение, одержимость и горение. Вот эти свойства я считаю главными в личности творческого учителя. У меня прекрасная профессия. Будь моя воля, я назвала бы ее призванием. А в дипломе писала бы: «Призвание – учитель!»».Руководит методическим объединением учителей английского языкаКабдульдиноваСаулеМусаевна- Образование высшее, педагогический стаж37 лет, квалификационная категория высшая.Преподаваемый предмет: английский язык.« Педагогическое действие – это всегда, в конечном счете, духовное переживание. И если его не возникает, то нет и взаимодействия. Причем следует говорить как о переживании учителя, так и о переживании ребенка. Для каждого творчески работающего учителя, по моему глубокому убеждению, важно, чтобы ребенок постоянно чувствовал удовлетворенность от проделанной работы, творческое переживание. Это стало моим эстетическим кредо педагогического идеала».

В методической копилке учителей английского языка много интересных находок:программы элективных курсов;разработка открытых уроков, семинаров для учителей области и республики;проекты с участием в областных, городских, республиканских и зарубежных конференциях; разработки олимпиадных заданий; конкурсы профессионального мастерства

По учебному плану из вариативных курсов учебного компонента по предметам проводятся курсы, начиная, со среднего звена: «Ағылшынтілівидеодеректерде», «Қызықты математика», «Қызықты биология», «Елтану»,«Бизнесағылшын», «Іскерлікағылшын», «Ғылымиаударма», «Ағылшынәдебиеті», «Ағылшынтіліңіңпрактикалық курсы», «Кәсіпкерлікағылшын». Курсы обеспечивают лингвистическую грамотность, развитие общей эрудиции, свободное владение английским языком.

С целью активизации познавательной деятельности учащихся в своей работе учителя используют уроки-игры, заочные путешествия, диалоги, инсценировки, работу с творческими тетрадями.

Открытые интегрированные уроки английского языка с предметами казахского языка, истории, географии, биологии и калейдоскоп предметов были отмечены коллегами республиканского семинара.

Учитель английского языка Кабдульдинова С.М. показала мастер класс на I Республиканском слёте педагогов – новаторов в г. Семей по теме: «Проектная деятельность и метод драматизации как способ развития мотивации к изучению английского языка».

Учителя Тастекеева Г., Алдонгарова Р. – участвовали в международном семинаре в Семее. Такеева Н., Кабдульдинова С. приняли участие в республиканских семинарах, организованные НПЦ «Дарын» в городах Алматы и Караганда.

В настоящее время в школе существует стабильно работающий и высококвалифицированный педагогический коллектив, способный удовлетворить социальный заказ современного общества в образовании, внедряя закон трёхязычия, предметы математика, физика, химия, биология в нашей школе ведутся на английском языке.

Показателем уровня знании учащихся являются результаты Международных республиканских, областных, городских олимпиад: «BritishBulldog»- 2место-18 учащихся, 3 место- 6 учеников. Результаты международной Олимпиады по основам наук УРФОДУ:Золотых медалей - 6 учащихся (9 классы), учителя: Кармысова З. Садыкова Р. Бронзовая медаль – 1ученик (6 класс), учитель: Нургазиева Г.Грамоты УРФОДУ: 1место - 8 учащихся, 2 место - 9 учащихся, 3 место - 4 учащихся.

Участие в научно- практической конференции «Юный исследователь», стимулирует учащихся 1-7 классов к самостоятельной, поисковой работе. Впервые учащиеся, под руководством учителей, подготовили на английском языке. Работы учащихся учителя Г. Нургазиевой (5 класс) «BigBen» были рекомендованы на областной тур, как призёры городского тура. Проектные работы Нурмашевой Н. «Фразеологические единицы современного английского языка», Сафаевой Ж. «Интернационнальные слова» принесли призовые 3 места на республиканской конференции. Команда «KZ.RU.EN» нашей школы принимали участие в республиканской олимпиаде по полиязычию для учащихся 10-11 классов, в городе Павлодар и заняли 2 место.

Выбор выпускниками английского языка 5 - ым предметом по ЕНТ 100% ежегодный результат с средним баллом 22 б. -23 б. - показатель и рост интереса к предмету, IELTS-международный уровень знании английского языка, результаты первых участников: Марбатова М.- 6б.,Асылбекова Г.- 6,5б, ТалдыбаевЖ.- 6.0, призер республиканской олимпиады (3место) по английскому языку Адылханова Н.-7.00 IELTS и студент университета имени Назарбаева.

Самообразование – одна из форм повышения профессионального мастерства педагогов, учителя не стоят на месте, они всегда в поиске. Учителя Турдина А.,Койшибаева А.,Кабдульдинова С. стажировались по программе «Болашак» в Швейцарии, Жаманбалинова Д.,Такеева Н., Нургазиева Г.прошли трёх месячные курсы уровневой подготовки по программе Кембриджского университета.

Многие мероприятия учебно-воспитательной работы проводятся на трёх языках. В школе впервые организовали дебаты на трёх языках.

Результативность работы предметных кружков и факультативов по английскому языку выражена в повышении мотивации к изучению предмета, положительной динамике качества знаний, результативности участия в олимпиадах и конкурсах. Кабдульдинова С.М. учитель английского языка, руководитель кружка «Flash». Целью кружка является развитие творческих способностей и умение игры на сцене.

Интеграция языков, предметов позволяет работать в тесном сотрудничестве учителей–предметников. Проект - сценарии «Snowwhiteandthesevendwarfs» Грим; «Pygmalion» Б.Шоу «ThomasAddison» на английском, русском языках - украсили школьные мероприятия и повысили интерес к предмету. Спектакль «SnowyQueen», «Pygmalion» по Б.Шоу и были награждены дипломами городского смотра.

В целях совершенствования и повышения знания по предмету учителей и учеников, школа тесно сотрудничает с СГПИ и СГУ: курсы совершенствования учителей, семинары, конференции, олимпиады для учащихся и встречи с языко-носителями. Концертная программа с песнями, танцами, викторины была представлена перед гостем из Франции с представителями из СГПИ,

Кругозор человека, знающего несколько языков шире и полнее. И очень важно начинать добиваться этого с детства. Поэтому важнейшей стратегической задачей образования является, с одной стороны, сохранение лучших казахстанских образовательных традиций, с другой – обеспечение выпускников школ международными квалификационными качествами, развитие у них лингвистического сознания, в основе которого – овладение государственным, родным и иностранными языками, а это можно только через интеграцию предметов и полиязычия.

Школа моей мечты



Калиева Гульсан Кабдрахмановна
руководитель методического объединения
учителей русского языка и литературы

«Учитель – душа школы. Каков учитель, такова и школа»,- сказал

АхметБайтурсынов. И наш коллектив, коллектив учителей русского языка и литературы, стремится быть достойными этих слов.

Я – школьный учитель. Наша школа – необычная школа. Она носит почетное имя ШакаримаКудайбердиева, чья жизнь была служением своему народу, стремлением приблизить лучшее будущее для него. В данное время это школа для одаренных детей с обучением на трех языках.

Каким быть учителю такой школы?

Он должен быть путеводной звездой для своих учеников. На нас, учителей – филологов, ложится особая ответственность – нравственный рост школьника, его духовное становление. Мы несем слово детям, приобщая их тем самым к мудрости вековых знаний.

Качественный состав учителей русского языка и литературы в нашей школе представлен отличными профессионалами, мастерами своего дела. ЖананбаеваКарлыгашМукановна – отличник образования РК, учитель с многолетним стажем работы. Это человек, увлечённый своим делом, использующий в работе достижения передовых научно-методических новаций. Влюбленность в свою профессию позволяет ей оказывать влияние на развитие духовного мира детей, на выбор нравственного ориентира. Для меня она – пример, учитель с большой буквы, добивающийся самоутверждения ученика в своих способностях. Учителя с высшей категорией ЖумакановаБахытУакасовна, ТокжигитоваСандугашСеиткалиевнавсегда в авангарде самых сложных дел школы, большие энтузиасты, отдающие всё свободное время общению с учениками и коллегами. Школа гордится их учениками, призерами областных олимпиад и научно-практических конференций: ШакеновойАидой, ЕгизековымДиасом, АнуарбековойАжар и АкылгалиевойЗауреш и многими другими детьми. Названные учителя являются новаторами в педагогической жизни школы, умеют щедро делиться с коллегами добытыми знаниями, всегда находятся в гуще школьной жизни. Особо хочется отметить Есенбаеву Ж.Б., имеющую большой опыт в обучении русскому языку учащихся начальных классов. ЖанарБайузаковна добилась отличных результатов в обучении своему предмету: её ученики ежегодно занимают призовые места во всевозможных конкурсах и олимпиадах. Отрадно, что в текущем учебном году наш коллектив пополнился любящими детей учителями - ЖумашевойМадиянКамбаровной и АкмолаевойЗауреНургазиевной. Первые месяцы сотрудничества с ними показали, что они имеют очень хорошую научную и методическую подготовку.

На основе интеграции науки и образования совершенствуется учебный процесс школы. Ученые вузов и учителя нашего МО находятся в постоянном творческом взаимодействии, интеграция науки и образования не прерывается. Как сказал Абай, наукой овладевает тот, кто испытывает жажду познания. А жажду познаний испытывают не только дети, но и бывалые, умудрённые опытом учителя. Поэтому постоянный творческий поиск под руководством учёных учителям просто необходим. Этот поиск даёт свои плоды, расширяя творческий диапазон МО. Учителя совместно с учёными ВУЗа занимаются исследовательской деятельностью. Учитывая, что мы работаем с одаренными детьми, вот уже шестой год под руководством к.п.н. Жумадиловой Гульнар АкановнойМО занимается экспериментальной работой по проблемам интеллектуально-речевого развития учащихся в условиях полиязычия.

Работать с одаренными детьми сложно, но очень интересно. Они нуждаются в специальных занятиях во внеурочное время, требуют к себе индивидуального подхода и повышенного внимания. На уроках можно опираться на них, как на консультантов, помощников, смело доверять им часть урока. Для них желание работать самостоятельно очень велико: важно дать им возможность реализовать себя, свой потенциал, давать больше опережающих и творческих заданий. Одаренный ребенок любит демонстрировать выполненную работу. Чем сложней задание, тем выше их заинтересованность. Учитывая это, мы ставим перед ними довольно сложные задачи, и тогда они показывают элементы

саморегулированного обучения: самонаправленность в процессе работы над заданием, самостоятельное определение цели, задачи и проблемы, выбор стратегий для достижения целей и решения проблем.

Нужно вывести учащихся на открытую беседу, откровенный разговор, чтобы лучше узнать их внутренний мир.Результативность обучения повышается, когда дети чувствуют доверие, создан комфорт и равноправные отношения на уроке. Одаренный ребенок должен доверять учителю, только тогда он поделится идеями, мыслями, что развивает речь, самовыражение, появится вдохновение. К каждому ребенку нужно относиться как к талантливому и одаренному.

Наступивший новый век требует от нас развивать в учениках замечательные жизнеутверждающие качества: чувство прекрасного в людях, величие и чистоту нравственных свойств, душевную цельность, богатство и утонченность культуры речи.

Технический прогресс, стремительно развивающийся сегодня, не дает нам живого общения учителя с учеником. Замечу, монологическая речь, диалог между учениками, содержательный пересказ отходят немного в сторону. Наши дети устремились в компьютерный мир, который вытеснил книгу, или, по крайней мере, отодвинул на второй план. Дети мало читают.(Если человек порой мало читает, то и пишет плохо.)

Нас волнует вопрос, как помочь учащимся адаптироваться к взрослой жизни в условиях конкурентного общества, какие воспитательные ресурсы необходимо мобилизовать для этого? Ведь русский язык и литература –это составная часть духовной культуры общества и мощное коммуникативное средство.Знание русского языка – это капитал, который гарантирует конкретные экономические выгоды. Ведь научная и художественная зарубежная информация происходит к нашим детямпрежде всего на русском языке. В этом заключается и практическая значимость изучения русского языка.

В связи с тем, что проблемы интеграции Казахстана в мировое сообщество касаются всех сфер общественной жизни, школа вносит свой вклад в этот процесс.

«В каждом художнике заложен росток дерзновения, без которого немыслим ни один талант », - писал В.Гете. И наша задача - увидеть, развить этот росток.

Конечно, не сразу результат работы можно увидеть. Об этом я часто говорю ученикам, приводя в пример слова Петра Ильича Чайковского: «Вдохновение – это такой гость, который не всегда является на первый зов… Нужно терпеть и верить, что вдохновение неминуемо явится тому, кто сумел победить свое расположение».

Часто на уроках я привожу советы Дейла Карнеги, которые он назвал «Именно сегодня». Именно сегодня я изучу что-нибудь полезное. Именно сегодня я позабочусь о своем организме … и т.д.

«Именно сегодня,- продолжаю я,- мы напишем сочинение – на тему… «Я мечтаю…», «Расскажу о себе»…

Такие темы сочинений помогают мне увидеть учеников с другой стороны. Даже менее активные «раскрываются» в своих работах. Итоги оцениваю по нескольким номинациям: «Самый грамотный», «Будущий поэт», «Утонченный лирик», «Творческая личность» и др.

Нам доверена важная миссия – заложить в сознание детей, что двери школы – это двери в большую жизнь.

Хочется сказать, что за годы моей работы в этой замечательной школе я многому научилась у своих наставников, коллег, но большему – у своих учеников. Звезды, зажженные в нашей школе, продолжают ярко светить в разных точках планеты.

Не привыкайте к чудесам – дивитесь им, дивитесь!

Не привыкайте небесам –руками к ним тянитесь!

За мигом-миг, за шагом –шаг, впадайте в изумленье!

Все будет так, и все – не так. Через одно мгновенье.



Денсаулық – ел дамуының басты арқауы

Қасенова Бақытгүл Серікқызы
«Дене тәрбиесі» әдістемелік бірлестігінің жетекшісі

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңыздылығын Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2030» бағдарламасында «Егеменді еліміздің болашағы – жастар, олардың денсаулығы мықты болып, шынығып өскендері жөн. Оның негізі осы кезден қаланатын болса, өмірге өскелең ұрпақ келеді. Денсаулық - әлеуметтік байлықтың негізі, сондықтан да оны сақтап, нығайтуға барлық жағдайлар жасалуы тиіс».Демек, мемлекетіміз бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына кіру міндетін жүзеге асыру жолында білімді де іскер, салауатты да қабілетті, заман талабына сай жастардытәрбиелеуде. Яғни, «Дені сау ұрпақ–жарқын болашақ» атты ұранды басшылыққа алған Тәуелсіз Қазақстан кемел болашаққа нық қадам басуда.

Бүгінгі таңда, мектебіміздеоқу-тәрбие үрдісімен қатар жалпы адам денсаулығын нығайтуға, қимыл дағдылары мен іскерлікке бағытталған«Дене тәрбиесі» әдістемелік бірлестігі өз қызметін оң жетістіктермен атқарып келеді. «Көптілділік жағдайында білім мазмұнын ақпараттандыру негізінде оқу пәндерін интеграциялау арқылы оқушыны тұлғалық дамыту»атты проблемалық тақырыптың аясында бірлестік мұғалімдерінің жекелеме проблемалық тақырыптары бекітілген. Бірлестіктің мүшелері: Б.С.Қасенова, Ш.А.Жакупов, С.Қ.Оразбаев, С.А. Тусупов, О.Қ.Зәкіржан, А.Т.Ибрайшин.

Жалпы дене тәрбиесі өркениетті қоғамда дене табиғатын қалыптастыруға бағытталған адамның мақсатты қызметі мен оның нәтижесі ретінде қарастырылады. Ал жалпы білім беретін мектептегі дене тәрбиесі оқушыларды пәндік және интелектуалдық тәрбиелеудегі педагогикалық процесс ретінде ұғындырылады. Осы орайда, ой-өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат қалыптастыруды неғұрлым мектеп кезінен бастап дұрыс жолға қоя білсек, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген қазақтың кемеңгер ақыны Мағжан Жұмабаев:«Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты да берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты. Сау жан – сау денеде ғана болады» - деген. Сондықтан да,оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, дене бітімін жетілдіру, ширақ, жігерлі, сымбатты етіп өсіру, әр сабақты ұтымды ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті шыңдап, жаңа технологияларды пайдалану– әдістемелік бірлестіктің негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндеттерінің бірі болмақ.

Дені сау ұрпақ, қоғамның қуаты демекші, қай халықтың болса да, оның болашағы жастардың денсаулығымен тікелей байланысты. Сондықтан дені сау, күш-жігерлі ұрпақ тәрбиелеу өз қолымызда. Облыстық, республикалық спартакиадаларда өтетін түрлі деңгейдегі жарыстар мен әскери-спорттық сайыстардағы оқушылардың нәтижесі көңіл қуантарлықтай. Мәселен, Щучье қаласында өткен Республикалық спартакиадада Нұржанов Дархан -ІІІ орынды, Республикалық үстел теннисінен өткен біріншілікте Жұмағазина Мадина- ІІ орын, Байгожина Аида -ІІІ орынды ұтып алды.

Ата-бабаларымыз балаларын ат құлағында ойнатып, қырда жарыстырып, шабандоздыққа үйреткен. Осындай мәнді де мағыналы еңбек түрлерін игеру әрекеттері арқылы балалардың денесі шынығып, шымыр да тұлғалы бітім қалыптасқан, алып күштің иесі де шыққан. Осы ұлттық дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру мақсатында әуесқойлық және кәсіпқойлық спортқа тең құрмет көрсете отырып, ұлттық ойындарды кеңінен насихаттау, нақышына келтіріп орындау жұмыстары жүргізіліп тұрады. Айталық, Ш.А.Жакуповтың «Дене шынықтыру сабағындағы ұлттық ойындарды қолданудағы өзекті мәселелер» атты мақаласы ғылыми-практикалық конференция жинағында жарыққа шыққан.

Дене шынықтыру – мәдениеттің ажырамас бөлігі, адамның дене бітімін дамыту, оның денсаулығын нығайту мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын, адамның үйлесімді дамуына ықпал ететін рухани және материалдық құндылықтар жиынтығы болып табылатын әлеуметтік қызмет саласы. Сол саланы құрайтын спорттық ойындар: волейбол, баскетбол, футбол, ұлттық ойындары сыныптан тыс уақыттарында да жиі ұйымдастырылады. С.Қ.Оразбаевтың жетекшілігімен мектебіміздің қыздар командасы қалалық волейбол лигасында жүлделі 2-орынға ие болып,қалалық мақтау қағаздарымен марапатталды.

Оқушылардың оқу-жаттығу шеберліктерін жетілдіру, өзін еркін ұстау, шапшаңдылық пен табандылыққа үйрету мақсатында оқушылардың ата-аналарының қатысуыменспорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Мысалы, Денсаулық күніне орай Г.Б.Отынбаева, Б.С.Қасенованың өткізуімен «Ұстазым, әкем, шешем және мен!» атты спорт алаңында отбасылық эстафеталық ойын сабағы жоғары дәрежеде өтті.

Еліміздің елдігін әлемге танытатын, оны жетілдіретін, дамытатын да жас ұрпақ. Айқын мақсат болса, алынбас шың жоқ. Сондықтан да, еліміздің болашағы осы жас жеткіншіктердің білім дәрежесінің тереңдігімен айқындалады. Күш-қуаты мықты, жантәні сау, шыныққан да шымыр жастар Отанымыздың келешегі, өз елінің абзал азаматы – Тәуелсіз және еркін Қазақстан дамуының кепілі деп білемін.



Рахимжанова Мунира Маулетқызы
Технология-музыка-сурет пәндерінінің
бірлестік жетекшісі.

Мұғалім болу қызығы мен қиыншылығы, жауапкершілігі қатар жүретін, үнемі ізденісті талап ететін мамандық. «Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілесің...» -деген мақал маған арналғандай. Ата-анам өмірін білім мен тәрбиеге арнаған жандар. Сегізінші сыныптан, әкем марқұм екеуіміз Антоновтың есептер жинағынан есептер шығаратынбыз. Менде соларға еліктеп «математика» пәнінің мұғалімі болғым келді. Ауылда туып өскендіктен түнгі 11-лерге дейін күнделікті үй тіршілігі, қосымша тоқу, тігу сияқты жұмыстар, 11-ден кейін сабақ қарау, түнгі 2-3-терге дейін есептер шығаратынбыз. Бұл күнделікті қалыптасқан режим. Әкем Н.Крупскаяның «40 жыл мұғалім болсаңда, 45 минуттық сабағыңа дайындал!»-деген қағидасын жанында мәңгі ұстаған. Алғаш ұстаз болып, қызметке араласқанымда, «...балам, бұл кәсіпті таңдаған екенсің, әр сабағыңа тиянақты дайындал, «білемін ғой»-деп, салғырттық танытушы болма, әр сабағыңа тыңнан, жаңа нәрсе қосып отыр, оқушылардың обалына қалма...» - деп айтушы еді... Заманына қарай - талабы, әр заманның өз қиыншылдығы болады, төзім,төзім тағы да төзім... Көрегенділікпен айтылған екен.

Жұмыс өтілімді тәлімгерлікпен бастап, біраз жылдар бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқардым. 2008 жылдан бастап Шәкірім атындағы қара шаңырақ, қазіргі дарынды балалаға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектепте технология пәні мұғалімі қызметін атқарып келемін. Бір жыл қызметімнен кейін бірлестік жетекшілігі қызметіне тағайындалдым. Алғашында неден бастарымды білмей абдырапта қалдым, бар-жоғы сегіз мұғалім болсақта, шағын ұйым ғой. Үнемі күліп, еркелете қалжыңдап жүретін Искаков Мелс ағамыз бастауыш буында музыкадан сабақ беретін. Сабақтарын әрдайым көңілді, ойын түрінде өткізетін. «Мунира үнемі күліп, жадырап жүр, ұзақ өмір сүресің»,-деуші еді. Өз ісінің нағыз маманы Мелс ағаның басшылығымен мектебімізде мұғалімдер хоры, қыздардың инструменттік ансамблі, вокалдық тобы т.б. жұмыстар жүргізілді. 3 жыл қатарынан хордан қала, облыс бойынша мекемелер арасындағы сайыста жүлделі орындарды иелендік. Бірлестікте ұзақ жыл жұмыс жасаған Балғабекова Гүлшат апамыз зейнеткерлікке кетсе, Алдажарова Маржан бейнелеуден, технологиядан ұзақ жылдар қызмет атқарып, Астанаға қоныс аударды.

Қазір бірлестігімізде жеті ұстаз қызмет жасайды. Бәрі жоғары білімді, өз істерінің маманы.Бірлестік мүшелері«Жаңа ақпараттық технологияны пайдалана отырып, жас ұрпақтың бойына ұлттық қол өнерді, экономикалық тиімді тәсілде, шығармашылықтарын дамыту» - ізденіс тақырыбында жұмыс жүргізудеміз.

Әріптестерім ауыл, кала, облыс, республика көлеміндегі мектептермен іскерлік байланыстар орнатып, түрлі тақырыптардағы іс шараларға, семинарларға, көрмелерге қатысып, оқушылардың, мұғалімдердің іс –тәжірибелері республика көлемінде таралуда.

Бірлестікте «Шебер қолдар», «Жас техниктер», «Кигіз басу», «Сазды домбыра», «Жас шахматшылар» бейнелеуден «Қыл қалам» үйірмелері жұмыс істейді. Бейнелеу өнері пәні мұғалімі А.Исабеков шәкірттері қалалық, аймақтық, обылстық тақырыптық, сурет байқауларына,олимпиадаларға қатысып, алдыңғы I, II, III - орындарды иеленіп, Диплом, Грамота, Алғыс хаттармен марапаталды. Исабеков Аманкелді суретшілер одағының мүшесі, ретінде туындылары әр түрлі мұражайларға көрмеге қойылды. Сондай-ақ туындылары суретшілер одағының басылым, кітаптарында жарияланды. Мектепте мұғалім шығармашылығына арналған көрмеде жұмыстары қойылған. Өнер,музыка пәндері бойынша ұстаздар Абдималикова Г., Туткушев Б. шәкірттері «Абай оқулары», «Шәкәрім оқулары», патриоттық әндер байқауларынан жүлделі орындар иеленіп, көрермен көзайымына айналуда.

Осы салада білімдерін, тәжірибемен алмастыра шыңдап білім беріп жүрген мұғалімдеріміз, технология пәнінен Мұқанов Ә, Шаяхметов С. ағаштан, ПВХ-дан сувинерлер жасатып, әр түрлі көрмелерге қатысып, оқушылары Диплом, грамоталармен марапаталды. Өз ісінің шебері С.Балагозинова оқушыларды квиллинг, тігу, жаңашалап өңдеу бағытында жұмыс жасаса, мен оқушыларды су моншақтар, тері, жапсырма, бағытында, кестелеу, оригами, сувинерлер, кигіз басуды жаңа технологиялық әдісте үйретудемін. Қалалық, аймақтық көрмелерге қатысып, жұмыстарымыз лайықты бағасын алуда. Осы жылдар ішінде іс-тәжәрибе алмасу мақсатында облыстық инновациялық – педогогикалық идеялар фестиваліне қатыссам, технология мұғалімі Мұқанов Ә.М. «Ағаш өңдеуден» халықаралық конференция қатысып, Дипломен марапаталды. Сондай-ақ облыстық қолөнершілер орталығы ұйымдастырған, «Современный художественный войлок» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда тренинг өткізіп, тәжірибемен алмастық.

«Сенің елдігің тарихынды зерттеуден басталады»- деп Қадыр Мырзалиев айтқандай, шәкірттерімізді тарихи саналы, құқықтық тәрбиелі азамат етіп тәрбиелеу, шығармашылыққа шыңдау міндет. Ол үшін оқушы бойындағы табиғат берген қабілетті дамыту, дарындылықтың көзін ашу қасиетті парызымыз деп білемін.



Арманымның асқары

Хасенова Динара Сейсенқызы
Жаратылыстану кафедрасының жетекшісі

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға » - демекші ғұмыры өлмейтін, қадірі мен қасиеті жоғалмайтын мамандықтардың бірі – ұстаз мамандығы. Оқушы кезімде мектеп табалдырығында жүріп, ұстаздық қызметтегі аға-апайларымызға тамсана қарап, қызығатынмын.Бұл қызығушылық уақыт өте келе менің асқақ арманыма айналды. 1985 жылы Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына оқуға түстім. 1990 жылы оқуымды тәмәмдап, меңгерген білімімді іс жүзінде жетілдіру үшін Шәкәрім атындағы №5 мектеп- гимназиясына қызметке тұрдым. Бұл білім ордасы тәжірибелі ,білімді ұлағатты

ұстаздарға толы еді. Осы орайда, география саласында ұстаздық етіп жүрген Тоты Күмісбековнаның маған көп көмегі тиді.

2006 жылы білімімді шыңдау мақсатында «Үздік география пәні мұғалімі » атты байқауға қатысып I орынды иелендім. Сондай-ақ оқушыларым да үздік білімдері мен тапқырлықтары арқасында бірнеше қалалық, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысып жүлдегер атанып, бір жағынан мектебіміздің мерейін асқақтатса, бір жағынан мені зор қуанышқа әрі мақтанышқа бөлегені сөзсіз. бола білді. Бұл, әрине ерең еңбек,қажымас қайрат,ерік-жігердің нәтижесі.

Қазіргі таңда жаратылыстану әдісбірлестігінің жетекшісімін. Бірлестігімізде тоғыз мұғалім қызмет етеді. Барлығы жоғары білімді ұстаздар: 5 жоғары, 2 бірінші, 2 бейсанатты. Әдісбірлестік «Жаратылыстану пәндерін ақпараттандыру негізінде интеграциялық оқыту арқылы оқушылардың шығармашылық танымын қалыптастыру» - ізденіс тақырыбында жұмыс жасауда. Осы тақырып аясында әрбір бірлестік мүшелері жекелеме тақырыптар бойынша жұмыстар атқарады.Озық педагогикалық технологияларды мұғалімдер өз сабақтарында жүйелі қолданып келеді. Атап айтқанда: Методикалық ақиқаттаушы құрал- құрылымдарын оқулықтың жалаң мәтініне құру арқылы оқушылардың өз ойын ортаға салып, бір–бірінің пікірін тыңдап, өзара әрекеттерін ұйымдастыру тәжірибесін география пәні мұғалімдері Шайхынова Т.С., Хасенова Д.С., Шаяхметова Қ.І. пайдаланса, Тірек- сигналдары арқылы қарқынды оқыту технологиясын өз сабақтарында пәрменді пайдалану бойынша биология пәні мұғалімі Сүлейманова Р.А.-ның тәжірибелері жинақталған. Модульдік оқыту технологиясының элементтерін химия және биология сабақтарында Тұрысбекова Б. және Смагулова К.Ж.тиімді пайдалануда.

Педагогтердің біліктілігін арттыруға, пән мұғалімдерінің кәсіби шығармашылығын дамытуға, интеллектуалды тұлға қалыптастыруға ықпал етуді жүзеге асыру мақсатында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының үшінші базалық курсында 2 мұғалім оқыса, 7 мұғалім облыстық, республикалық білім жетілдіру институттары, педагогикалық шеберлік орталықтары арқылы өз білімдерін жетілдірді.

Жаратылыстану пәндері бойынша білім сапасы көрсеткіштері

Оқу жылы	химия	биология	география
	%	%	%
2010-2011	79	85	83
2011-2012	82	87	86
2012-2013	86	89	89

2010 жылы мектебімізде өткен «Көп тіл білетін дарынды тұлға қалыптастыру» облыстық оқу-әдістемелік семинарда биология пәні мұғалімі Смагулова Күләнда Жұмағазықызы 8 «в»сыныбында «Қаңқа және оның бөлімдері»тақырыбы бойынша ашық сабақтар өткізіп, тәжірибелері облыс көлемінде таратылды. Облыстық «Дарын»орталығының мақтау қағазымен марапатталды. «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет»- дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдарламаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды.Осы мақсатта ұстаздарымыздың дайындаған дидактикалық материалдары, әдістемелік нұсқаулары, авторлық бағдарламаларын атап айтсақ: Тұрысбекова Б, Зейтова А.С.,Мукашева М.Б. ¨Химия айналамызда., Дидактикалық сандықша,¨Смагулова К.Ж. –7 сыныпқа арналған биология пәнінен үш тілдік сөздік, Смагулова К.Ж, Сулейменова Р.А,Т оқсейтова С.М. Биология бойынша практикум (генетикалық есептерді шығару) Хасенова Д.Шаяхметова Қ.І. Олимпиада есептерін шығару., Әлемтану курсы.

Шайхынова Т.С «ШҚО- ның географиясы» оқулығының авторлар алқасының мүшесі. Осының негізінде оқулықтың жалаң мәтініне «Альтернативті оқыту моделін» логикалық құрылымдар мен тірек жазбаларды пайдаланатын құралдар дайындап, 6-7

сыныптардағы география курсына арналған дидактикалық материал «Диктанттар жинағы» әдістемелік нұсқауын жасады. Осындай еңбегі жанған ортада қызмет жасап жүрген әріптестеріме қарап, әр ұстаз – XXI ғасыр мұғаліміне сай болу үшін – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек деген ой түйдім.



Ертеңімнің үміті

Абадилова Айжан Қайроллақызы
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Абадилова Айжан Қайроллақызы 1967 жылдың 7 қыркүйегінде бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Мұқыр селосында дүниеге келдім. 1974-1984 жылы орта мектепте оқып, жақсы оқыған білімімнің жалғасын Семейдегі Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институттың филология факультетінде жалғастырдым.

Алғашқы еңбек жолымды Шар ауданының Белтерек совхозы М.Қажыгелді атындағы орта мектебінде өз мамандығым бойынша бастадым. Бұл ортадағы әріптестерімнен үйренгенім көп болды.1995жылы отбасылық жағдайыма байланысты Семей қаласындағы №35 орта мектепке мамандығым бойынша жұмысқа қабылдандым. Бұл жылдарда Мемлекеттік тілді үйренуге байланысты ауқымды жұмыстар жүріп жатқан. Мектеп, қала көлемінде ұйымдастырылған іс-шараларға қатысып,тілімізге арналған жұмыстарда жемісті нәтиже көрсеттім.Оқушыларым да көптеген сайыстарға қатысып, мақтау қағаздарымен марапатталды.

2006 жылдың сәуір айында №5 мектеп– гимназияға іс жүргізуші және мамандығым бойынша жұмысқа орналастым. Жаңа технологияны жан-жақты меңгере отырып, сабақ беретін сыныптарымда оқушылардың сапалы білім алуына жағдай туғыздым.Дарынды, талантты оқушылардың білім деңгейін көтеру мақсатында қала, облыс, республика көлемінде ұйымдастырылған оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалары, пәндік олимпиадалар, түрлі интеллектуалдық марафондар, мәнерлеп оқу сайыстарына қатыстырып, өз білімдерін дәлелдеп, жүлделі орындардан көріне білуге бағыт-бағдар сілтедім.

Жетекшілік еткен 5-сыныбымның оқушысы Арман Қанатбекті «Махамбет оқулары» атты мәнерлеп оқу сайысына қостым. Арман Қанатбек Махамбеттің 60 шақты өлеңін жатқа оқып, III орын иегері атанды. Өмірбаев Райымбек «Абай оқулары» сайысында облыста I орын, республика II орынды иеленді. Оқушым Набиғазинова Эльнурамен бірнеше рет оқушылардың ғылыми-зерттеушілік жұмысына қатысып,облыстық «Сөз және мәтін»жобасынан II орын, облыстық және пәндік олимпиадалардан II,III орын алып, «Оқудың қайнар бұлағы-білім» екендігін дәлелдедік.

Осындай оқушыларымның жетістігін бағалай отырып, оқушылардың танымдық-тағылымдық қабілетін дамыту үшін «Зерде» ғылыми жобасына «Қазақ ертегілеріндегі өлшем, мөлшер, уақыт мағыналы сөздер» атты тақырыппен 3-сынып оқушысы Увалиханов Дарханды, ғылыми жобаға «Тайыр Жомартбаев - Абай дәстүрін жалғастырушы» жұмысымен 9-сынып оқушылары Қуандықов Бақтияр мен Мағазбеков Нұрды дайындадым. Жоба барысында оқушылар өздерін қызықтырған ақын-жазушылар өмірінің ашылмаған тұстарын зерттеуге тырысты, шығармаларына талдау жасады. Олар облыс көлемінде ұйымдастырылған оқушылардың ғылыми-зерттеу жобасында нәтижеге жетіп,үздіктер қатарынан орын алды. Дәстүрлі жыл сайынғы «Дарын» орталығының ұйымдастыруымен өткізілетін«Үздік авторлық бағдарламаға» «Қабілетті оқушыларға арналған көркем сөз әлемі» атты 8 – 9 сыныптарға арналған таңдау курсының

бағдарламасы ұсынылып, нәтижесінде марапатқа ие болдым.

Оқушыларымды ізденіске бейімдеген жұмыстарым да елеусіз қалмай, тынымсыз еңбегім үшін облыстық, республикалық марапаттарға ие болдым.

Заман көшіне ере алу талабыңды оятады. Айналамызда көптеген өзгерістер болып жатыр. Сол өзгерістерден өзіңнің қажетіңді тауып, мұғалімдік мәртебеңді асқақтата алсаң, еңбегіңнің далаға кетпегені. Осыған орай, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мақсатында Кембридж бағдарламасы бойынша Өскемен қаласында ұйымдастырылған мұғалімдердің деңгейлік курсын ойдағыдай аяқтап, сертификат алдым. Бұл - ертеңгі күнімнің жол ашары болмақ.



«Шығармашылық- жетістік бастауы».

Абдималикова ҒалияҚасенжанқызы
музыка, өзін-өзі тану пәні мұғалімі.

1956 жылдың 23 маусым айында Семей облысы Абай ауданының Әтей бөлімшесі Ново-Покровка ауыл советінде дүниеге келдім. Бақытты отбасында тудым: әкем Саржанов Қасенжан бүкіл ауданның сыйлы да атақты әнші-аккордеонист болған. Өкінішке қарай ортамыздан ерте авиакатастрофадан қайтыс болды, анам Ибрагимова Мәрзия Латыповна жергілікті мектеп-интернаттың жас мұғалімі өзі мандолин аспабында ойнап әлі күнге дейін әдемі зор дауысы сақталған әнші, үлкен ұстаз, құрметті ана. Пенсионер апамыз Малиха кезінде айтыскер, жыршы болған, ағам Мұрат Алматы консерваториясын бітіріп үлкен музыкант, Тараз қаласында тұрады.

1973 жылы Семей қаласының №36 мектебінің түлегімін. 1978 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтын бітіріп ұстаздықтың алғашқы қадамын Шымкент облысы Келес ауданы Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектептен еңбек жолымды бастадым. Туған қалам Семейде № 30 орта мектебінде 1994-2007 жылдарда музыка пәнінің ұстазы болып еңбек еттім. Ал бүгінде «Шәкәрім атындағы облыстық үш тілде оқытатын мамандандырылған мектебінде музыка пәнінің мұғалімі қызметімен қатар, С.А.Назарбаеваның адамзатқа қызмет ету ізгілік бесігіне бөлейтін жаңа қадам ретінде жоспарлаған өзін-өзі тану пәнінен сабақ беріп жүрмін. Абай топырағынан дарыған өнер менің де бойымнан орын алып, болашағыма бағыт болды. Үнемі шығармашылықты шың еткен мен, өз оқушыларымды да осыған баулыдым. Өскелең ұрпақты тамыры терең ұлттық өнер қазыналарымен сусындаттым . Халық әндерімен күйлерін, аңыздарымен жырларын, қол өнер қасиетті ою-өрнектерінің сырын домбырамен сүйемелдеп, музыка тілінде сөйлеттім. Шығармашылық жетістіктің бастауы ретінде «Мұрагер» бағдарламасын оқушылар жас ерекшеліктеріне, өз аймақтық компоненттерімізге сай құрдым. Осы еңбегіме дәлел ретінде, «Мұрагер» бағдарламасы барысында республикалық ғылыми-практикалық конференцияда «Қазақ оюы»1 кітап, «Қазақ оюы би қимылдар әуездері»2 кітап бойынша жұмыс нәтижесін көрсетіп ІІІ-орынға ие болдым. Музыка мектеп өмірінде негізгі мәнге ие. Шәкірттерімнің шығармашылығы көпшілік алдына жиі шығарылып отырады. Ол оқушының өзін ортада қымсынбай, еркін ұстап үйренуіне үлкен бағыт. Қазірде өзін-өзі тану пәнін музыка сабағымен кіріктіру жолында еңбек етуді бастадым. С.А.Назарбаева мемлекетіміздің бірінші ханшайымының туған күніне арналған «Шын жүректен» қайырымдылық концертін өткіздім. Музыкадағы сезімталдық, кең ойлылық, оқушыны шабыттандыру,шығармашылықты ізденіс өзін-өзі тану пәніндеде кездесіп, бір-бірімен астасып жататынын сезіндім. Өз бойымда да көп өзгерістер пайда болды. Адамның ішкі

дүниесі мен сыртқы дүниесінің үйлесімділігі іспетті музыка мен өзін-өзі тану пәні менің бүкіл жан дүниемнің сұлулығын ашты.Ізденіс болған жерде білім санаға сіңеді. Мен әліде ізденіс үстіндемін. Оқығаным, көңіліме тоқығаным күрделі ізденістердің күрмеуін шешудің кілті деп білемін. Әл-Фараби атамыз айтқандайын «Дүниедегі ең оңай нәрсе кісіге ақыл айту, ең қиын нәрсе өзіңді-өзің түсіну»-менің өмірлік қағидам болмақ.



Білім – асыл қазыналы сандық,

оны ашатын кілт – еңбек.

Айтбаева Лимара Слямханқызы
бастауыш сынып мұғалімі.

Мен, Айтбаева Лимара Слямхановна 1968 жылы 25-маусымда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданында дүниеге келдім. Мектеп табалдырығын 1976 жылы аттадым. Алғашқы ұстазым Асқарова Күләтайға еліктеп, мектеп партасынан бастауыш сынып мұғалімі болуды армандадым. Арманым мені алға жетелеп,1983 жылы Семейдің М.Әуезов атындағы педагогикалық училищесіне түсіп,1987 жылы бітіріп шықтым. Шәкәрім атындағы педагогикалық институтта білімімді жалғастырып, жоғарғы білім алдым.Оқушыларға деген сүйіспеншілігімосы мамандықты игеру жолындақажымай,талмай еңбектенуіме себебін тигізді.

Мұғалім мамандығының қиындығы мен қызығын сезіне бастадым. Содан бері алдымнан жүздеген оқушылар білім алып, өмірден өз орындарын тапты. Шәкірттерім Тұраханова Гүл, Жәмшібаева Махаббат, Ибраева Айна, Байжұманова Гүлнұрлар мұғалім мамандығын таңдап, республиканың әр түкпірінде еңбек етуде. Арғымбаева Жанар «Болашақ» бағдарласымен Жапония мемлекетінде білімін жалғастыруда. Шәкірттерім құқық қорғау, әскери қызмет, қауіпсіздікті сақтау, медицина, білім беру саласында еңбек етуде.

Биыл ұстаздық еткеніме 27 жыл толыпты. Содан бері 7 рет бастауыш сынып түлектерін бітірттім. Білім негізі бастауыш сыныптарда қаланытыны анық. Ендеше, мен және менің бастауыш сыныпта білім беріп, шәкірт тәрбиелеп жүрген әріптестерімнің еңбектері ерекше екенін мақтан етемін. Мектепке алғаш келген бір-бір үйдің еркесіне әліппені оқытып, қолдарына қалам ұстатып, тәрбиелеп сауатты да парасатты тұлға етіп шығару үшін қаншама төзім, қаншама жігер қажет!

Осы білім ордасында 12 жыл қызмет етудемін.Осы мектепте іс-тәжірибемді молайтып, шыңдала түстім. Облыс, республика көлемінде өткен сайыстарға қатыстып,«Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының 2-орын иегері атандым, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2-дәрежелі дипломымен марапатталдым.

Балаларым Заманбекова Назым мен Заманбеков Рүстем де Шәкәрім атындағы мектептің түлектері. Назым байланыс және радиотехника колледжін үздік бітіріп, жоғарғы білім алумен қатар әскери қызметте, Рүстем колледжді бітіріп, әскери міндетін аброймен атқаруда. Мадина 5-сыныпта - оқу озаты, Халықаралық, республикалық сайыстар жеңімпазы.

Ұстаздың бір бақыты – шәкірттерінің білім мен қатар өнерге деген ынтасын оятып, жарқын болашаққа жол сілтеп үлкен бәйгеге салып, оның жеңіске жетуін көру. Шәкірттерім Оралгазиева Эльжана, Казымова Айнара, Заманбекова Мадина жас зерттеушілердің шығармашылық жұмыстары мен ғылыми жобаларының облыстық,

республикалық «Зерде» конкурсының жеңімпаздары, Нұрғалеев Аян, Серікжан Еркежан, Самарханова Дильназ халықаралық сайыстарда өнерімен жүзден жүйрік шыққандар қатарында.

Мен үшін алдымдағы шәкірттердің білім мен өнерді қоса меңгеріп, өз қалаған мамандықтарын игеріп, Отанына адал қызмет еткендерін көру арманның орындалғанының айғағы .

Мектеп – білім тірегі, ұстаз оның жүрегі.



Алдонғарова Роза Берікбекқызы
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Ата-анам оқыған, білімді адамдар болғандықтан, әкемді Аягөз ауданы Ақшатау совхозындағы интернаттқа меңгеруші қызметіне жіберген - 1962 жылдың қақаған қаңтарының 10-жұлдызында дүниеге келіппін. 1969 жылы Құндызды ауылында 1-ші сыныпқа барып, 8-ші сыныпты қаламыздағы №16 қазақ орта мектебінде жалғастырып, 1979 жылы мектепті тамамдадым.Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің»,-дегендей ұстаздық жолын таңдау ата-анамнан дарыды. Әкем Алдонғаров Берікбек көп жылдары оқу ағарту саласында жұмыс істеді, мамандығы тарихшы болғандықтан, елге, жерге жақынсың, халықпен тіл табыса білесің деп, ауылдық советтің председательдігіне тағайындалып, көп жылдар ел басқарды. Анам Мұхметова Кенжетай бастауыш сыныптарда жұмыс атқарып, «Аға оқытушы» лауазымының иегері болып, зейнеткерлікке шықты.

Ата-анамның жұмыстарына деген сүйіспеншіліктері, тиянақтылықтары, жауапкершіліктері мен үшін үлкен мектеп, әрі сабақ, әрі өміріме деген үлкен жол болды. Осы арманмен Алматы шаһарындағы «Шет тілдері педогогикалық институтына» жол тарттым. Ағылшын тілі мұғалімі мамандығын таңдауыма сынып жетекшім, әрі ағылшын тілінің маманы Алтын Жакупова апайдың ықпалы зор болды. Өзі ашық, парасатты, ақылды, білімді әрі көрегенді жан еді. Бәріміз сол апайға еліктеуші едік. «Роза ! Сен ағылшын тіліне бар! English - is the language of future! (Бұл - болашақтың тілі!) Сенің қолыңнан келеді.. Менің тілімді ал...».Ол кездерде біздің ауыл жақта басым тіл неміс тілі болатын, алайда соған қарамастан мені ағылшын тіліне баулыды. Недеген көрегендік!

Болашаққа деген өз үлесімді қосу мақсатында, осы мамандықты игеріп, ұстаздық жолда жүргеніме, бүгінде 29 жыл болыпты.

Абай топырағынан нәр алып, Алматыдан білім алып, жолдамамен Шұбартау өңірінде 11 жылдай білім саласында қызмет атқардып, тәжірибе жинақтап, қара шаңырағымыз, сол кездегі №5 мектеп-гимназияға 1995-96 оқу жылында қызметке келдім. Алдымнан талай шәкірттер түлеп ұшты. Солардың бірі, шәкіртім Искаков Абылайбек, бірінші сыныптан, он бірінші сыныпққа дейін дәріс беріп, тілдерге баулыдым. Қазір «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің алып елдерінен білім алып, Ресейде қызмет атқарады.

Әрі ұстаз, әрі ана, әрі жар болып қызығы да, қиыны мол, тоқырау жылдарды артқа тастап, алға жаңаша көзқараспен, заман талабының талаптарына сай, ізденуден талмау, ұстаздық-адамдық міндетім деп санаймын.

Үш баланың анасымын, кіші ұлым Санақов Ернар осы мектебіміздің түлегі, қазір Астанада бәрімізге белгілі «Хан шатырда» қызмет атқарады. Балаларымның бәрі ағылшын тілін жақсы меңгерген. Жолдасым ұзақ жылдар ауыл шаруашылығында, партияның жолдауымен қызмет атқарды.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп Абай атамыз айтқандай, шәкірттерді білімге, тәлім – тәрбиеге үйретуден жалықпаймын. Адамгершілікке баулып, саналарына ақыл қосып, алға қарай жетелеп қанаттандырамын. Оқушыларым облыстық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындардың иегерлері. Ерболатова Дариға облыстық

олимпиада жүлдегері, Құмар Ахмет қалалық жарыстан бірінші орын алды, осы оқушымды ауыз екі сөйлеуге, ағылшынша айтқанда «Speaking»-ге тәрбиелеп, баулудамын.

Мектеп проблемасы – дара тұлғаны қалыптастыру. Менің мақсатым – болашақ ұрпаққа саналы, сапалы білім беріп, елін, жерін қорғайтын білімді тұлға қалыптастыру. «Knowledge – is power », « Күш – білімде » - дегендей, оқу – тәрбие жұмысымды осы бағытпен ұштастырамын.

Мен үшін әрбір бала – жеке тұлға. Сол баланың жүрегіне жол тауып, сезіміне қозғау салып, өз еліне, тіліне деген сүйіспеншілігін оята алсам мен өзімді бақытты санаймын.

Ұстаз шәкірт бойына білім нәрімен сусындатып, «ғылым-білімге» -деген, шырақпен оның жанын жарықтандырып, ойына ой қосып қиялына қанат бітіреді. Ал, бұның барлығы тіл арқылы, сезім арқылы шәкірттеріне беріледі.

Сондықтан талмай еңбек етіп, қыр- сыры мол ұстаздық қызметіме үлкен жауапкершілікпен қараймын.



Мен **Арқарбаева Мейрамгүл Сейілханқызы** Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясына 1993-1994 оқу жылында келдім. Алғашқы жылдарда психолог мамандығы бойынша қызметке орналастым. Мамандығым тарихшы болғандықтан 1996 жылы осы мектепте көп жылдар тарих пәнінен сабақ беріп жүрген, ұлағатты ұстаз Дүйсенбаева Күлпаш апай зейнеткерлікке шығуына байланысты аталған жылдан бастап, сол кездегі мектеп директоры Сәрсенбаев Ерлан Қасымұлы мамандығым бойынша тарих және қоғамтану пәндерінен сабақ жүктемесін берді. Содан бері табаны күректей 20 жыл уақыт зымырап өте шықты. Иә, уақыт шіркін бір орнында тұрмайды ғой. Бұл өмірде көптеген мамандық түрлері бар және сол мамандық түрлерінің әрқайсысы өз қызығымен ерекшеленеді. Бірақ бәрінен де қызықты мамандық «Ұстаз» мамандығы деп ойлаймын. Міне осындай жауапкершілігі жоғары қызметте ұзақ жылғы тәжірбиемде көптеген жетістіктерге жетіп, еңбегім де бағаланды. Ол ең бірінші оқушыларымның нәтижесінен көрінеді: атап айтсам, соңғы жылдардағы оқушыларым 2010-2011 оқу жылында тарих пәнінен олимпиадаға қатысқан Шәкәрім Дастан I орын, 2012 жылы Шотамбеков Елдос I орынды иеленсе, 2012-2013 жылы «Зерде» жас зерттеушілер жұмыстары мен жобалар конкурсының қалалық кезеңінде I орын алған 8 сынып оқушысы Мұхамеджанова Ақжан, 6-сынып оқушысы Әбузар Ерсұлтан мен II орын алған Манапов Азаматтарды атар едім. Биылғы оқу жылында Каримжанова Мариям мен Тұрғазиева Гүлдана I орын алып, биіктен көрінді.

Мектебімізде оқушылардың шығармашылық пен айналасуға кең жол ашылған. Осы бағыттағы жұмыстың нәтижесінде Астана қаласында өткен Халықаралық «Қазақстан тарихынан ғылыми зерттеу жұмысы» конкурсына қатысып III орын алғанымды, 2013 жылы «Білім сапасын дамытуға қосқан үлесі» медалімен марапатталғаным дәлел болады.

Үш тілде оқытатын дарынды балалар мектебінде өзім қызмет еткен жылдарда талай-талай шәкірттерім қанаттары қатайып түлеп ұшып, бүгінде республика көлемінде белгілі, танымал азаматтар мен азаматшалар болып өз таңдаған мамандықтары бойынша қызмет етіп жүр. Олар: Сара Тоқтамысова, Аубакирова Қарлығаш, Нұржан Өмірбаев,т.б. мақтанышпен айта аламын. Түлеп ұшқан оқушыларымның көпшілігі әскери оқу орындарда білім алып жатыр. Атап өтсем Оразалин Қуаныш, Аманжолов Ақжол, Мақаш Ринат, Жасұлан 2011 жылғы түлектер. Сөз соңында әлі де талай мықты мамандар шығатынына сенімдімін.



Мен**Аяпбергенова Ляззат Даулетқалиқызы** Шұбартау ауданы, Баршатас селосында 1976 жылы наурыздың жиырмасы күні

дүниеге келдім. Ең алғаш мектеп табалдырығын 1983 жылы аттадым. Менің де білім нәрін санама сіңірген алғашқы ұстаздарымның бейнесі көз алдымда. Осы ұстаздарымның мені арман биігіне жетелеп, ұстаздық мамандығын таңдауға өз әсерін тигізгені анық. М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжге түсіп, ұстаздық мамандығын таңдауыма да септігін тигізді.

Колледж бітірісімен Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназияда қызмет атқарып жүрген он тоғыз жыл уақыт ішінде қиындығы мен қызығы мол ұстаздық мамандықтың қыр-сырын игердім. Оқушыларыма теориялық білімнің негізін меңгеріп қана қоймай, әр шәкірттің өзін дұрыс ұстай білуіне, жақсылық пен жамандықтың ара-жігін ажыратып, әр баланың бойына ізгілік қасиеттерді сіңіруге тырыстым. Ұстаз ретіндегі негізгі ұстанымым: баланы тұлға деп тану, оның пікірімен санасу, оқушының кішкентай қуанышын, табысын бағалай білу. 1999 жылы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Бастауыш сыныптың мұғалімі» мамандығын 2002 жылы бітірідім. Ұстаз білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі.. Сондай-ақ бүгінде ардагер ұстаздар, оқушымен жұмыс істеуді ғана емес, мектеп ұжымының әрбір ұстаздың бойында болатын төзімділік,сыпайылық ,тазалық ,адамгершілік,еңбек сүйгіштік сияқты жақсы қасиеттерін және қоғамдық жұмыстарға белсене араласуды үйретті.Мен өзімнің ұстаздарыммен қатар еңбек етіп,баланың бойына ақыл-білім дәнін сеуіп,аялап,көңілін табуды үйрендім. Өзім білім нәрімен сусындатып отырған шәкірттерімнің қалалық, облыстық, республикалық «Айналайын», «Малахит», «Зерде» тағы басқа да олимпиадалар мен байқауларда жүлделі орынға ие болуы үлкен дәлел деп қарау мен үшін бір мақтаныш.

2012 жылы республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсының жеңімпазы атандым.2013 жылы «Тәжірибе алмасу-ұстаз парызы» конкурсында I орынды иелендім.Осы киелі шаңырақта осыдан 11 жыл бұрын мектеп табалдырығын жүрексіне аттаған ұлым Бекжанның да аяулы алтын ұясымен қоштасар сәті де келді.

Шәкірті өзінен озған ұстаз – еңбегі ақталған ұстаз. Өйткені, өмірдің заңы даму, ілгерілеу, озу. Мен де болашақта өз шәкірттерімде бәсекеге қабілетті, білікті де білімді маман иесі болуын армандаймын.



Акмолаева Зауре Нургазыевна - Почему я выбрала профессию педагога? Наверное, потому, что в жизни ничего не бывает случайно. Так должно быть! Насколько себя помню, всегда хотела быть учителем. Где-то в детском подсознании я представляла себя именно учителем.

И вот прощание со школой, выпускной. Что дальше? Сомнений в выборе профессии у меня не было.В1991году поступила в СГПИ в городе Семипалатинске.Долгих пять лет постигала профессию учителя. И вот долгожданный диплом. Я педагог!

Свою педагогическую деятельность я начала в родной школе-Аксаковской средней школе, учителем начальных классов. Где моей доброй наставницей была Коновалова Александра Федоровна.

Далее вышла замуж, переехала в соседнее село Науалы. Здесь была принята в

среднюю школу имени КойшибаяТолеубекова в качестве учителя русского языка и литературы. Особенностью в этой школе было, то что здесь обучались воспитанники детского дома. Это дети, требующие для себя особого внимания, индивидуального подхода в воспитании. Так незаметно пролетели с трудностями и радостями годы с 1996 по 2013 год в селе Науалы.

Шли годы… Дети подросли, да и в жизни хотелось достичь чего-то большего. Поэтому в 2013году переехали в город Семей. По счастливому случаю была принята учителем русского языка и литературы в областную специализированную школу для одаренных детей с обучением на трех языках имени Шакарима. И вот я в новом коллективе. Уютная красивая школа. Здесь учатся действительно одаренные, умные, воспитанные талантливые дети. Меня поразил оптимистический творческий дух учителей. В этой школе работают великолепные, преданные своему делу, профессии учителя.

Я искренне радуюсь, тому, что стала работать в таком дружном коллективе, в школе с очень богатой историей. В этом году школа отмечает свое День рождение – девяностолетие. Это немалый период в становлении и развитии школы. В преддверии празднования юбилея началась добрая акция – «», в которой я тоже хочу принять активное участие, внести свою лепту. Каждый педагог – это личность. Я с глубоким уважением смотрю на своих коллег, влюбленных в свою профессию. За плечами многих из них огромный педагогический опыт, а кто - то, только начинает свой педагогический путь. Как же не расплескать, не растерять то доверие, которое так щедро дарят мне мои коллеги? Наверное, нужно просто любить свою работу. “Работа – лучший способ наслаждаться жизнью”, - утверждал И.Кант. Я ни о чём не жалею! Ведь именно благодаря моей работе вокруг меня всегда много людей, которым нужна я и которые нужны мне. Рядом коллеги-единомышленники, для которых я – это творческий помощник, и советчик. Я бесконечно рада, что полюбила свой коллектив, искренне отношусь к своим коллегам и верю, что у моей профессии большое будущее. Часто вспоминаю слова Я.А. Коменского: «Наша профессия самая лучшая, как никакая другая под солнцем».



Баяхметова Шынар Сұлтанқызы - Ақсуат ауданы Көкжыра ауылындағы М.О.Әуезов атындағы орта мектепті 1995 жылы аяқтаған соң,Семей педагогикалық институтының, математика және информатика пәні мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1999 жылы бітіріп шықтым. Институтты аяқтаған соң еңбек тәжірибемдіосы №5 мектеп-гимназияда информатика пәні мұғалімі болып бастап, бүгінде абыройлы қызмет атқарудамын.

Мектепке алғаш ұстаз болып келгенде өзімді бірінші сынып оқушысы сияқты сезіндім. Қалай сабақ беремін, шәкірпен қалай тіл табысамын деген үйрей болды. Алайда сол кезде осы мектепте информатика пәні мұғалімі болған, бүгінде Алматы облысы Қапшағай қаласындағы орта мектеп директоры Жаннат Мылтықбаеваның маған үйреткені көп еді. Оқушымен жұмыс істеуді ғана емес, ұстаз бен ұстаз арасындағы мәдениеттілікті, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуды үйретті. Сондай-ақ бүгінде ардагер ұстаздар, университет қабырғасында ұстаз болған профессор, академик Қажи Нұрсұлтанұлының Айша Тоғамбекова, Гүлжанат Рахимовна, Айтжан Шакеновалардың айтары да, үйретері де көп болды. «Ұлы мұғалім шабыттандырады» деген қанатты сөзі дәл тауып айтылған екен. Осы ұлы ұстаздардың үйреткен оқу-әдістерімен, ақылымен, демеуімен еңбегімді бүгінде жалғастырып, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде өтетін әртүрлі ғылыми-практикалық конференцияларға, онлайн-сабақтарда, республикалық семинарларда ашық сабақтар беріп өз-өзімді шыңдап келемін.

2010 жылғы облыстық инновациялық-педагогикалық идеялар фестивалінде, 2012 жылы республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсының жеңімпазы атандым. Мектебімізде шығатын «Ұлағат» журналының, «Шәкәрім дарындары» энциклопедиясының техникалық редакторы қызметін атқарудамын. Осы киелі шаңырақта өз балаларым Арнұр мен Елназда білім алуда.

Мектебіміздегі барлық кабинеттері компьютерлендіріліп, ғаламторға қосылған. Екі компьютерлік сынып, бір мультимедиялық кабинет бар. Оқушылардың ақпараттануы үшін барлық жағдайлар жасалған.

Мектебімізде алыс-жақынды шет елдермен, атап айтсам, 2011-2012 оқу жылынан бастап Томск қаласының Ашық жастар университетімен (АЖУ) келісім-шарт негізінде бірлесіп жұмыс жасалынып жатыр. Осы университеттің ұйымдастыруымен Астана қаласында өткен «Цифровой Бум» халықаралық фестивалінде оқушыларымыз жүлделі II,III орындарға ие болды.

Осы фестивальдан бастау алған Э.Мұсақызының ғылыми жұмысы жыл сайын толықтырылып, ғылыми жобалар сайысында жүлделі орындарға ие болуда.

2012-2013 оқу жылында Астана қаласында өткен I республикалық студенттер мен оқушылар арасында өткен «Кристалды пиксель» конкурсында 11 сынып оқушылары Е.Шаған, Е.Атанбаев жүлделі III орынды иеленді.

2007-2012 оқу жылдарында оқыған Ш.Шотаев, А.Карим, А.Ғалымов, О.Ақшолақов мектеп қабырғасында облыстық пән олимпиадасында жүлделі орындарды жеңіп алса, бүгінде университет атынан республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың жеңімпаздары. 2003-2004 оқу жылында бітірген Серік Уваисов қазіргі кезде Н.Назарбаев атындағы университетте «Информатика және инженерлік техника» кафердасында кафедра меңгерушісі болып қызмет атқаруда.

Осы 15 жыл еңбек өтілімде шәкірттерімнің осындай жетістіктерін мақтана айта аламын.

Адам жан дүниесінің қалауына сай келетін салада жұмыс атқарса, табысқа жететіндігіне көзім жетті.

Үздіксіз қоғаммен бірге дамып, үнемі ізденуші бола бермекпін. Маған өз мамандығым өте ұнайды.



«Ұстаз болу- жүректің батырлығы...»

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Ұстаз болу – адамның асылдығы.

Бимбетова Алуа Нұрлыбекқызы **-** Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкірт жандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық мамандық. Менің осы мамандықты таңдауыма үлкен себеп болған анам- Сайраш Нығыметқызы. Благодарное орта мектебінде 30 жыл ұстаз болып жұмыс атқарған Анамның сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі, шәкіртке, ата-анаға, жұртшылыққа өнеге болатындай қасиеттері мені қызықтырды.Осы арманымды жүзеге асыру үшін 2001 жылы Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік университетінің физика мамандығы бойынша білім алдым. Еңбек жолымды мамандығым бойынша Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік университетінің «Физика және электродинамика» кафедрасында аға лаборант қызметі және физика пән оқытушысы болып жұмыс атқардым.Маман ретінде көп бағыт – бағдар берген физика және математика ғылымдарының кандиданты, доцент Паримбеков Зайтхан Ануарбекович еңбек жолымдағы алғашқы ұстазым болды.

Қиындығы мен қызығы бір жүретін ұстаздық қызметім 2013оқу жылынан бастап Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектепте жалғасын тапты. Мұндағы зор жауапкершіліктің бірі пәнімді шет тілінде беру, оқушылардың теориялық білімін ғылыммен ұштастыру еді.

Осыған орай алдыға қойған мақсаттарым мен міндеттерім де бар.Мектепте жұмыс атқарғанымa аз уақыт өтсе де, біраз іс-шараларға қатысып, өзімді жан жақты сынауға мүмкіндік алдым.Республикалық семинарда «Ұлы Отан соғысы және физика», «Соғыс жылдарындағы стратегиялар мен қару-жарақтар» тақырыбындаашық сабақтар өткізіп, жоғары деңгейде бағаланды.Сондай-ақ оқушыларды ғылымға жетелеуде республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңінде «Ғылыми техникалық прогресс-экономикалық өсудің негізгі буыны» бағытындағы жер және ғарыш секциясынанжас зерттеушілерім III орын иегерлері атанды.Осындай еңбектерім, ойларым және идеяларыммен бөлісу мақсатында баспа беттеріне бірнеше мақалаларымды да ұсындым. Ұстаздық жолымды абыройлы атқаруыма көп септігін тигізіп, ақыл кеңесімен бөлісетін мектебіміздің жоғарғы санатты ұстазы-Өтеулинова Фарида Закарияқызына деген алғысым мол.Иә, мен де алдыма қойылған талаптарды сол ұстаздарға теңелу үшін міндетімді абыроймен атқаруға бар күш-жігерімді саламын. Елбасымыз Н. Назарбаев: «...қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты» деген. Мен де осы жауапкершілікті жоғарғы деңгейде орындауға міндеттімін деп санаймын.



Габдуллина Гульнур Ериманқызы
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Адамға артына үлгілі із қалдыру үшін алдымен, ойлы мақсат пен арман керек. Бала кезімнен менің санамда берік орын алған «мұғалім болсам»деген арман мені алысқа жетеледі. Сол арманның жетегіне ере жүріп, 1980 жылы Семей қаласындағы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түстім.

Ұстаздық - бүкіл әлемдегі мамандықтардың анасы, ол бізді ғажайып білім әлемінің тұңғиығына апарады, сол әлемнен өзімізге рухани күш береді.Ұстаздықтың шеберлігін ашатын - мектеп. Еңбек жолымды 1985 жылы өзім туып – өскен ауылда Қарауыл мектеп- интернатында бастадым. Менің балғын қадамыма мектеп-интернатта көп жылдан еңбек еткен ұлағатты ұстаздар; К. Мұқашева, С. Құмарова, М. Абланбаева, Ә. Қойжанова, Е. Имаханов, орденді ұстаз – С. Нұрғалиев ағалар сәттілік тілеп шабыт берді. Ұстаз болып қалыптасуыма жөн сілтеді.«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» дегендей, «Бүгінгі бала - ертеңгі азамат» екенін санама ұялатты.

1990 жылдардың ортасына қарай Семей қаласындағы №5 қазақ орта мектебінде мамандығым бойынша қазақ тілі мен әдебиеттен мұғалімдік қызметке орналастым.

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі оқушының өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастырып, оқушының өздігінен оқып, ой- өрісін тереңдетуге баулу, ғылыми ізденіске жетелеу арқылы ашылады. Өз шеберлігімді қабілетті оқушылармен жекелеме жұмыс істеу барысында айқындап жүрмін. Сондай жұмысымның бірі- оқушым С.Ишановамен атқарылған ғылыми ізденістегі жұмыс. Сәуле Ишанова халықаралық, облыстық ғылыми жобаға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Сәуле сияқты көптеген оқушыларым пәндік олимпиадаларға, интеллектуалдық марафондарға қатысып, жүлделі орындар алды.

Мұғалім үшін өткізген әрбір сабағы – бір-бір дастан. Сапалы, әдістемелік талапқа сай сабақ оқушы санасына із қалдырып, оны өздігінен әрекет жасауға жетелейді. Сондықтан кезекті сабақтарымда үнемі жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушы ізденісіне көңіл бөлемін. Еткен еңбегім зая кетпей, шәкірттеріммен бірге қалалық, облыстық білім басқармасының Мақтау грамотасына ие болдым.

Ұстаз-білімге, мәдениет пен әдебиетке жетелейтін бірден- бір тұлға. Ұрпақ тәрбиесінде мұғалімнің таланты, біліктілігі және жауапкершілігі, адами қасиеттері өте маңызды рөл атқарады, өйткені ол- шәкірт үшін айна сияқты. Шәкірт жүрегіне жол табу үшін көптеген мәдени-әдеби шаралар ұйымдастырып, жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығы жайында оқырмандар конференциясын өткіздім. Халық ақыны Шәкір Әбенов жайында өткізген оқырмандар конференциясы тек шәкірттерімнің ғана емес, әріптестерімнің де санасынан орын алды.

Мен үшін әрбір бала-жеке тұлға. Сол баланың жүрегіне жол тауып, сезіміне қозғау салып, өз еліне, тіліне деген сүйіспеншілігін оята алсам, мен үшін бақыт.



Дүрмекбаева Жанар Нұрлыбекқызы 12 қыркүйек 1970 жылы дүниеге келген, Абай ауданы,Саржал ауылының тумасы.

Ата-ананың қай-қайсысы да балалары қабілетті, тапқыр, талантты болып өссе, олар басқа балалардан кем емес, артық болса деп армандайды. Алайда менімше бұл туралы емес, бала жақсы адам болса деп армандау керек шығар. Менде сол жақсы адам болсам деген арман жетегінде 1977 жылы жылы Қарауыл селосының Абай орта мектебінің табалдырығын аттап, 1987 жылы мектепті «Алтын медальға» бітірдім.

Үлкен мақсатта да ұлы даналық жатқаны анық емес пе? Менің мектептегі шағымда үлгі алатын қарапайым жүректі, адал ниетті, сабырлы да асқақ адам кездесті. Ол қазіргі әріптесім, ұстазым Ерденбаева Бақыт Сұлтанқызы болатын. Әрине бұл кездейсоқтық емес шығар. Осы бір кең жүректі жанға ұқсасам деген арман жетегі мені Семей қаласының Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетіне алып келді. Арманым алдамапты 1987 жылы институтқа түсіп, 1992 жылы аяқтадым.

Педагогтық еңбек жолымды Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясынан бастадым. Ұстаздық еңбек жолымды алғаш бастаған күннен бері 20 жыл уақытта өтіп кетіпті. 20 жыл да аз уақыт емес. Артыма үңіліп, көз жіберіп, бір сәт ойлансам, бір талай іс тындырып, бай тәжірибе жинақтаппын.

Сонау студенттік күннен бастап, ұстаздық еңбек жолымның көп жылдарын Қажи Нұрсұлтанұлының жетекшілігімен өткіздім. Көптеген жұмыстар жүргізіп, көп нәрсе үйрендім, ақыл-кеңестерін тыңдадым. Қажи Нұрсұлтанұлымен бірлесе отырып бірнеше рет халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі конференцияларға қатысып, баяндамалар жасадым. Баяндамаларым үнемі баспа беттерінде, «Математика және физика», «Алгорифм» республикалық журналдарда жарияланып отырды.

Бірнеше сайыстарға қатыстық, жүлделі орындарға ие болдық. Авторлық ұжым: К. Нурсұлтанов, Қ.Нақышбекова, Ж.Дурмекбаева, Л.Амренова дайындаған «Ойлау логикасына оқытудың өзекті мәселелері» атты әдістемелік әзірлеме қалалық сайыста I орынды жеңіп алып, облыстық сайыста II, республикалық сайыста жүлделі III орынды иеленді. Қажи Нұрсұлтанұлының жетекшілгімен әзірлеген «Ойлау логикасы» атты оқу –әдістемелік құралы 2006 жылы Семей қаласында баспадан жарық көрді.

Осы жылдар ішінде пәндер бірлестік жетекшілігінен бастап, қалалық математика пән мұғалімдерінің бірлестік жетекшісі болып та мектептен тыс қоғамдық жұмыстарды да атқардым, 2006 жылдан бері Республикалық тестілеу орталығының математика пәні бойынша тұрақты тест құрастырушысымын.

Заманға сай оқушыларға білім беру үшін де, ұстаз сол дәрежеге сай болуы шарт деп ойлаймын. Осы мақсатта Кембридж университетінің бірлескен бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасын оқып аяқтадым.

Еңбегімнің нәтижесі оқушыларымның жетістігі арқылы бағаланады деп ойлаймын. Оған дәлел ретінде соңғы жылдардағы көрсеткіштерге ғана тоқталсам: 2013 жылы облыстық олимпиада Елеусінов Ә. 3- орын , 2012 ж. аймақтық олимпмада Талғатова Ш. 3-орын, 2010ж, қалалық олимпиада Алтаева Ж. 1- орынды иеленді. Сондай-ақ оқушыларым жыл сайын Алматы, Байқоңыр, Москва қалаларында өтетін республикалық, халықаралық ғылыми жобалар сайысында жүлделі орындарды жеңіп алып , мемлекеттік гранттарға ие болуда: 2010ж 1. Демеуғалиева А, Амантаева Е облыс-2, республика-1 орын 2011ж 1. Қайрулла А, Ғазиз А облыс-2, респуб-4 орын 2012ж 1. Мұратқызы Н. Қаратаева А облыс-1,республика-2, халықаралық-1, 2013ж 1. Елеусіни Ә, БайғожинаА, облыс-3, республика-2, халықаралық-1, 2.Ғазиз Б, Акимжанова Н облыс-3, республика-3, 3. Қайырбеков Ж облыс-2, халықаралық-2, 4. Асаубаева А, халықаралық-3, 2014ж 1. Медетова А, Медетов Е обл-3.ие болды.

Шәкірттерім жыл сайын ҰБТда математика пәнінен жоғары дәрежедегі көрсеткіштерін көрсетіп жүр. 2004-2005 оқу жылдарынында өзім жетекшілік жасаған 11 «А» сынып түлектері ҰБТ нәтижесінде орта балл-87 (72%), математика пәні бойынша орта балл 20 (67 %), 2011-2012 оқу жылында ҰБТ нәтижесінде орта балл 102, математика пәні бойынша орта балл 20 (80 %) көрсеткіштерге жетті.

Өзім жетекшілік еткен мектеп түлектері бүгінде республикамызда әр салада қызмет етуде. Олардың ішінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алып келген А.Жұмақанова, мектепті «Алтын» медальға бітірген И. Садвакасова, Е.Сақаев, О.Набиев, Е.Байғұндинов т.б. есімдерін мақтанышпен атаймын.

2013 жылы қаңтар айында іс-тәжірибелік көмек ретінде мектебіміздің тәжірибелі ұстаздарымен бірлесіп, менде Ақсуат, Абай аудандарында семинар өткізіп қайттым, өз тәжірибеммен бөлістім.

Үздіксіз ізденіспен, инновациялы әдіс –тәсілдерді оңтайлы қолдану нәтижесінде қаламызда өткен «Үздік математика мұғалімі» сайысынан Гран-при, облыстық жыл мұғалімі сайысында жүлделі ІІ-орын, облыс әкімі грантын жеңіп алдым. Бірнеше рет, облыстық, қалалық, «Дарын» ҒПО, қалалық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталдым.

Еңбегім нәтижесіз болған жоқ. Білім беру ісінің Құрметті Қызметкері Төс белгісін тақтым.

Ұстаз керемет рухани күштің иесі. Ол шексіз танып білуге ұмтылатын күш. Менің өмірімнің бір бөлшегі еңбекте. Біздің отбасымыздың өмірі де осы мектеппен бір тұтасып жатыр. Жолдасым Ешенғалиев Қанат Демеуғалиұлы қазір жеке кәсіпкер болсада, ол алғашқы еңбек жолын осы мектептен бастап көп жылдар осы мектепте еңбек етті. Қызым Демеуғалиева Айым осы мектепті Алтын медальға бітіріп, ҰБТ жоғары 124 ұпай жинап бүгінгі күнде Астанадағы Еуразия ұлттық университетінің үздік студенті. Ұлым Демеуғалиев Әлішер де осы мектепті үздік оқып, 8-сыныптан соң Алматы қаласындағы «Арыстан» республикалық дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицейге оқуға түсті. Біз осы киелі шаңырақтан отбасылық бақыт тапқан жандармыз.



Датбаева (Серікпаева) Нургуль Серікқалиқызы - 1964 жылы 15 сәуірде Семей қаласында дүниеге келді. 1971 - 1976 жылдары №5 мектепте білім алды. 1976 – 1979 жылдары №22 мектепте оқып, 1979 жылы негізгі мектепті үздік куәлікпен бітіріп, М.О.Әуезов атындағы педагогикалық училищесіне түсіп, 1983 жылы үздік дипломмен «Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныбындағы оқыту» мамандығы бойынша бітіріп шықты.
1983 жылы Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының «Тарих және педагогика» факультетіне түсіп, 1988 жылы үздік дипломмен аяқтады. Тұрмыста, 2 баланың анасы.

2004 жылы Семей университетінің «Педагогика және бастауыш мектепте оқыту» мамандығы бойынша екінші жоғары білімін алып шықты. Еңбек жолын 1985 жылы Семей қаласындағы №5 мектеп – гимназиясында бастауыш сынып мұғалімі болып бастады. 1985 – 2003 жылдары аралығында аталған гимназияда қызмет істеді. 1995 жылы еңбегі бағаланып, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасымен марапатталып, I санатты мұғалім дәрежесіне ие болды. Көптеген қалалық олимпиада жүлдегерлерін дайындап, 5 рет түлектерді бастауыш сыныптан ұшырды.
2003 жылдан бастап Семей қаласының №37 гимназиясында директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары болып қызмет істеп келеді. Жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі және өзін – өзі тану пәнінен сабақ береді.

2010 жыл - Облыстық инновациялық педагогикалық идеялар фестивалында III-орын алған үшін облыстық білім департаментінің дипломының иегері.

2012 жыл – Аймақтық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамотасына және Мұғалімдердің инновациялық жобаларының облыстық конкурсы «Ғылыми бағытталған жоба» номинациясы бойынша Грамота иегері.

2013 жыл «Қалалық авторлық білім беру бағдарламалары және әдістемелік материалдар байқау-конкурсында III орынды жеңіп алғаны үшін» білім бөлімінің грамотасына және Оқыту жүйесінде АКТ-ны қолдану әдістемелік конкурсында «Өзін-өзі тану пәнінен ең үздік әдістемелік құрал» номинациясында Қалалалық білім бөлімінің Мақтау қағазының иегері.



Ерденбаева Бақыт Сұлтанқызы №5 қазақ орта мектебіне 1990 жылдардан бастап қызмет істейді. Адамзат баласына ең құрметті,баршасын бас игізген мамандық - ұстаздық. Шынында, ұстаздық – ұлы қызмет, өйткені қай мамандық иесін алсақ та,барлығы үстаз алдынан шыққан. Мәселен, ақ халатты дәрігер де, көкке өрлеген ғарышкер де, инженер де – бәрі ұстаз алдынан өтіп, білім нәрімен сусындаған.
Ұстаздық жолымның бастау алғанына да 33 жылдың жүзі болыпты. Сондықтан да бұл өмір мен үшін етене жақын. Көзіме оттай ыстық, көңіліме әбден таныс. Бала күнімнен санама сіңген қоңырау үні, бір кездері сылдыры мен сыңғыры жарыса 45 минуттық білім сағатына шақырып тұратын. Қазір де солай. Бірақ айырмашылығы, ол кезде ұстаз алдында балғын жанары мөлдіреген алаңсыз шәкірт едім. Қазір сол ұстаздарымның ізгілікті жолын жалғастырушымын. Ұстаздық жолымды өзім білім алған Қарауыл ауылындағы орта мектепте бастадым. Бала атты бау-бақшаның керемет бағбандары, білім мен тәрбие берудің қыр-сырын жетік меңгеріп, ұстазға тән барлық қасиеттерді жүрегіне сіңірген, кезінде мені білім нәрімен сусындатқан ұстаздарым – Б. Сақалова, Р. Медеуова, Ү. Өмірбекова, Т. Дүйсенова, Ұ. Байырбеков, К. Оразалин, Қ. Асылаев, Д.Дәукенбаева, О.Жұмабекова, С. Биғозин, Д.Тоққарин, Қ.Изатов сынды ұстаздардың ұстаздарымен бірге еңбек еттім. Осындай ұлағатты ұстаздардың ұстаханасынан шыққанымды бұл күндері мақтан етемін.

«Ұстаз бақыты — озып туған шәкірті» немесе «Ат тұяғын тай басар» дегендей шәкіртім Дүрмекбаева Жанар Нұрлыбекқызы – менің ізбасарым. Жанарды мақтан етемін. Міне, ұстаз бақыты деген осы болса керек...

Ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы “Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген.

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – Мұғалім. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Адамзаттың барлық ой мен қимыл - әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын ұстаздар еңбегі жана берсін.



Елемесова Нургуль Мұхтарбекқызы 1973 жылы 13 сәуірде бұрынғы Семей облысы Бесқарағай ауданының Бөденелі ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келдім. Орта білімді туған ауылымда алдым. 1995 жылы Семейдің Шәкәрім атындағы педагогикалық институтының филология факультетін қазақ тілі, әдебиеті пәндері мұғалімі мамандығы бойынша аяқтап, еңбек жолымды Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназияда бастаған едім. Осы білім ордасында еңбек жолымды жалғастырып келемін.

1994 жыл. Қаламыздағы санаулы қазақ мектептерінің бірегейі саналатын қасиетті қара шаңырақ – №5 мектеп-гимназия көңілдерінде толқу мен қорқынышы басым он студентке аса жоғары, еңселі көрінді... Бізді қарсы алған мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Раиса Жұмағалиқызының сынай қараған көзқарасынан қысылып, еліктің үріккен лағындай күйге түстік. Мектеп жайымен, сабақ жүргізетін сыныптарымызбен танысып, міндеттерімізді түсінген соң, жетекші мұғалімдерімізге еріп, мектеп ғимаратының ішіне тарыдай шашылып кеттік. Лиза Даулетияқызы, Кәмила Қабдоллақызы, Рыстыгүл Семейханқызы сынды тәжірибелі ұстаздар – қазақ тілі, әдебиеті пәндері мұғалімдері – бізге алғашқы күннен қамқорлықпен қарап, мол тәжірибелерін үйретті. Ұстаздық жолдың терең иірімдерін танытып, оқушылармен дұрыс жұмыс жүргізудің қыр-сырын меңгертуге тырысты. Ж.Т.Турганбаева, орыс тілі пәні мұғалімі, жетекшілік ететін 8-сыныптың қазақ тілі және әдебиеті пәндері мұғалімі Л.Д.Даулетина өзімді машықкер емес, жауапкершілігі жоғары мұғалім ретінде сезінуіме жағдай жасады.

Толқып енген шаңырақпен қимай қоштастық. Бірнеше айдан соң мемлекеттік практикадан өтуге «өз мектебіміз» болып кеткен білім ордасының табалдырығын қайта аттадық. Бұл жолы орыс тілі пәні мұғалімі Қ.М.Жананбаева жетекшілік ететін 9-сыныпқа бөліндім. Үйреніп қалған ортада өзімізді еркіндеу сезіндік...

Содан бері он тоғыз жылдан аса уақыт өтіпті. Осы кезеңде ғылым атты терең де жұмбақ сырлы, сиқырлы әлемге талапты оқушыларды жетелей жүріп, жігерлендіре жүріп, біраз биіктерге қол жеткіздім. Жұмысымның көрсеткіші – оқушыларымның жетістіктері. Білім негіздерінен өткізілген олимпиадалардың қалалық кезеңінде Г.Қалдарова ІІІ орын, М.Нұғманова І орын, Д.Аубакирова І орын, Б.Жұманбаева І, ІІ орындар, А.Болатбекова І орын; облыстық кезеңінде Д.Аубакирова І орын, Б.Жұманбаева ІІ орын, М.Нұғманова І орын; ЖОО олимпиадаларында Б.Жұманбаева ІІ, ІІІ орындарды иеленді.

Бүгінде СМУ-дің қазақ филологиясы факультетінің студенті Б.Жұманбаева 2010 жылы XI облыстық Абай оқуларында ІІІ орын, Абайдың 165 жылдығына арналған облыстық шығармалар байқауында ІІІ орын, СММИ-дегі М.Мәметова мұражайының 30 жылдығына арналған қалалық шығармалар байқауында І орын, СМУ-де өткен жас ақындар мүшайрасында ІІІ орын иеленсе, ЕҰУ-дің студенті Д.Аубакирова 2011 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ұйымдастырылған қалалық шығармалар байқауында І орын, облыстық шығармалар байқауында ІІІ орын иеленді.

ӨҒП, РҒП «Дарын» орталықтары ұйымдастыратын «Айналайын», «Ақ бота», Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да ШҚ ӨҒП «Дарын» орталығы қашықтықтан өткізген интеллектуалдық олимпиадаларына қатысқан оқушыларым үнемі жүлделі І, ІІ, ІІІ орындарға қол жеткізіп келеді.

Халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық конференция, семинар-мәжілістерде жасаған баяндамаларым; студенттер мен оқушылардың ғылыми-практикалық конференцияларына қатысқан оқушыларым – Г.Габбасова, А.Күдер, Б.Жұманбаева, А.Конырбекова, А.Тоқтарқажина − марапатталып, жұмыстары жинақ кітаптарға енді.

Щучье қаласында өткен «Дарын» РҒПО-ның «Үздік авторлық бағдарлама» – VIII республикалық конкурсында «Мектеп оқушыларына арналған мәнерлеп оқу» арнайы курсы бағдарламасы үшін сертификат алдым. 2011 жылы «Сөзжасам, сөз таптары (морфология) бойынша кешенді талдаудың практикалық курсын» құрастырып, ол мектепте қосымша курс ретінде оқытылды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойына арналған қалалық семинарда «Шәкәрім лирикасы» тақырыбында ашық сабақ, СМПИ-дың қазақ филологиясы факультеті мен мектеп арасындағы әріптестік байланысты нығайту мақсатында 2010 жылы «Ақан – заман бұлбұлы» атты ашық дәріс беру сабағын өткіздім. Сабақ жүргізудегі іс-тәжірибем www.45minut.kz – республикалық интернет ресурсында жарияланды.

Бірнеше жыл көлемінде оқушылардың шығармашылық жұмыстарын тексеруші қалалық топ құрамында, олимпиада комиссиясы құрамында, негізгі білім курсын бітірушілердің (9-сынып оқушылары) мемлекеттік емтихан жұмыстарын тексеруші комиссиясы құрамында жұмыстар атқардым.

Шығармашылық бағыттағы зерттеу жұмысын жүргізген оқушыларым М.Заманбекова мен Э.Оралғазиева «Зерде» – оқушылардың зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының облыстық конкурсының I орын, VIII республикалық конкурсының III дәрежелі диплом иегерлері атанды және «Зерттеуші» – Республикалық ғылыми білім беру орталығы ұйымдастырған «Үздік жас зерттеуші» ғылыми конкурсына қатысып, II орын иеленді.

Осы оқу жылында «Көптілділік – әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануды негізгі шарты» – республикалық ғылыми-практикалық семинарда «Словообразовательные и этимологические словари» тақырыбында орыс тілімен кіріктірілген ашық сабақ өткізіп, семинар қонақтары тарапынан сабағым жақсы бағаға ие болды.

Білім беру жолындағы еңбектерім бағаланып, қалалық Білім бөлімі грамоталарымен (2007 ж., 2009 ж., 2010 ж.), Құрмет грамотасымен (2008 ж.); СМПИ-дің Алғыс хаттарымен (2010 ж., 2011 ж., 2012 ж.), СММУ-дің Құрмет грамотасымен (2011 ж.), ШҚО Білім Басқармасының грамоталарымен (2011 ж., 2012 ж.), Л.Н.Гумилёв атындағы ЕҰУ. «Зерттеуші» Республикалық ғылыми білім беру орталығының грамотасымен (2012 ж.) марапатталдым.

Осы оқу жылында облыстық ғылыми жобалар конкурсына түрлі ғылым бағыттары бойынша қатысқан алты оқушым – Акылғалиева Зауреш, Әнуарбекова Ажар, Балтабаева Балнұр, Медетов Ермұхамет, Мусақызы Элеонора, Сақпан Ақнұр – III орындарды иеленсе, Алматы қаласында өткен халықаралық конкурста Медетов Ермұхамет I орын, Балтабаева Балнұр III орын иегерлері болды. Білім мен спортты қатар алып жүрген оқушылар – Аубакиров Мадияр (грек-рим күресі), Мусақызы Элеонора (бокс), Оралбаев Ернар (таэквандо) – халықаралық, республикалық, облыстық сайыстардың I, II, III орындар жүлдегерлері. Балтабаева Балнұр мен Сақпан Ақнұр – халықаралық (всероссийская дистанционная) олимпиаданың II орын иегерлері.

Менің қызым Дана – 2013 жылғы мектеп түлегі. Ғылым негіздерінен өткен қалалық, облыстық олимпиадаларда қазақ тілі, әдебиеті бойынша I орын иегері. Білім жолындағы жоғары көрсеткіштері үшін 2010 жылы «Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы» атты республикалық энциклопедияның I басылымына, 2011 және 2012 жылдары «Шәкәрім дарындары» – мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің жетістіктеріне арналған энциклопедияның 1, 2 шығарылымдарына енді.

ӨҒП «Дарын» орталығы ұйымдастырған «Айналайын» интеллектуалдық олимпиадасының I орын, «Жас қанат» орталығы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай

ұйымдастырған қалалық шығармалар байқауының I орын, облыстық шығармалар байқауының III орын иегері. ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына, Семей полигонының жабылуының 20 жылдығына арналған облыстық әскери-спорттық сайыста автоматты бөлшектеу мен жинақтауда, магазинді жарақтауда II орындарды, «Халық қаһарманы» Б.Ертаевтың Ауған жерінен Совет әскерлерінің шығарылуына арналған жастар арасындағы қалалық әскери-спорттық сайысында III орынды иеленді.

«Семей» колледжінде химия пәні бойынша қалалық олимпиадада II орын және оқу орнының грантын иеленсе, ҚР Тәуелсіздігінің және ИнЕУ-дің 20 жылдығына арналған ҚР Кіші ғылым академиясының «Білім мен ғылым интеграциясы – болашаққа нық қадам» – республикалық XXXVII ғ.-п. конференцияға қатысып, марапатталды.

Бүгінде Астана қаласындағы Лев Гумилёв атындағы ЕҰУ-нің студенті.

Озат оқуымен ерекшеленіп келе жатқан ұлым Арнұр – 4-сынып оқушысы. ӨҒП, РҒП «Дарын» орталықтары ұйымдастырған «Ақбота», «Айналайын», «Асыл тас» интеллектуалдық олимпиадаларының жүлдегері, «Urfodu» – ғылым негіздерінен IX Халықаралық олимпиаданың I дәрежелі диплом иегері.

Еліміздің болашағына – оқушыларының бойына шынайы білім-білік дағдыларын дарытқан ұлағатты ұстаздар тәрбиесін көрген балаларым ұстаздарының үмітін ақтар шәкірті болады деп сенемін.



Есенбаева Жанар Байузаковна, родилась в городе Семипалатинске в 1973 году, в1988 году закончила среднюю школу №27, с 1988 по1992 годы училась в педагогическом училище имени М.О. Ауэзова, затем с 1992 по1996 годы обучалась на филологическом факультете СГПИ.

Педагогическую деятельность начала в стенах школы-гимназии №5 в 1997 году. Мое жизненное кредо:«Уча других, учусь сама». Я всегда хотела быть учителем. Учитель, педагог, наставник – это не профессия, а скорее призвание. Ведь не каждый может стать гениальным художником, великим музыкантом или актером. Не каждый может стать и настоящим учителем. Мне посчастливилось «шагать по дороге знаний» рядом с такими учителями, как Султанова А.Б, Жананбаева К. М. Будто вчера был первый урок русского языка в пятом классе. Урок яркий, необычный. Учителя пленили нас своим обаянием, высоким мастерством и влюбленностью в свой предмет, даже непоседливые мальчишки слушали, раскрыв рот. Перенимая их опыт, изучая труды отечественных учёных, постаралась выработать свой стиль в работе. Результатами такого труда стали: Интеллектуальные конкурсы «Тулпар», «Русский медвежонок», VIII и IXМеждународные олимпиады по основам наук, 6-4 классы; Областные олимпиады по русскому языку в начальных классах, 2008-2013г. Есть также положительные результаты и с высокомотивированными детьми. Учащиеся, с кем работаю по индивидуальному плану обучения, не раз становились призерами и победителями предметных олимпиад и конкурсов. На областной олимпиаде по русскому языку в 2009 году Кошербаева Айнара заняла I место, в 2010 году Сериккалиев Бекжан занял II место, в 2012 году Амиргазин Темирлан занял II место, в 2013 году Серик Алина заняла I место.

Приняла участие в республиканском конкурсе «Лучшая авторская программа» в 2013 году, в котором заняла призовое место. Большое внимание уделяю самостоятельной, творческой и исследовательской деятельности учащихся: на уроках дети выступают с индивидуальными сообщениями на заданную тему, рефератами; целенаправленно организую работу над художественными и языковыми особенностями текста, над сочинениями разных жанров. Мною разработаны и успешно апробированы тестовые материалы по русскому языку в начальных классах.

Моя педагогическая деятельность была оценена государством.



Жаманбалинова Даметкен окончив в 1983 году Казахский Государственный Университет имени С.М.Кирова с дипломом преподавателя специализированной школы с преподаванием учебных предметов на иностранном (английском) языке, в течение многих лет преподавала историю и английский язык в различных образовательных учреждениях гг.Усть-Каменогорска и Семея. За годы работы получила определенное признание и авторитет со стороны педагогической общественности. В течение многих лет руководила творческой группой учителей английского языка г. Усть-Каменогорска по подготовке к ЕНТ и ВОУД. В 2013 году я начала работать в Областной специализированной школе для одаренных детей с обучением на трех языках имени Шакарима. Я благодарна судьбе, что впервые в моей учительской профессии мне предоставилась возможность работать в английской специализированной школе по той специальности, которую я приобрела, обучаясь в университете.

Вся атмосфера в школе пронизана духом полиязычия. Помимо учебных предметов естественно-математического цикла на английском языке, ученики изучают основы бизнеса и экономики на английском языке, произведения англо-американских классиков на языке оригинала. Легко были установлены контакты с коллегами и детьми, ведь всех нас объединяет общее дело. В октябре 2013 года в школе проходил республиканский семинар, участники которого имели возможность посетить уроки преподавателей, ведущих предметы на английском языке. Несмотря на довольно короткий срок моей работы в данной школе, мне было доверено провести урок в 9 «а» классе на тему: «Supplyand Demand» по спецкурсу «BusinessEnglish».На уроке я смогла продемонстрировать новые подходы в обучении, сделав особенный акцент на работе с талантливыми и одаренными детьми. Следует отметить, что работа с данной категорией учащихся является одним из приоритетных направлений современного образования. На это обращалось особое внимание в период моего обучения на курсах второго уровня программы Кембриджского университета. Благодаря учебе, проработав много лет в системе образования, я пересмотрела собственные взгляды на обучение учащихся, что позволило мне внести свежую струю в преподавание. В качестве коуча и ментора провожу работу с коллегами,обмениваюсь мнениями. В центре моего внимания находится работа с молодыми учителями, ведь именно от них будет зависеть судьба школы, которая за очень короткий срок стала мне родной. В школе существует неразрывная связь и приемственность между старшим и младшим поколением учителей, что, на мой взгляд, является одним из существенных отличий данной школы от тех, в которых я работала ранее. Являясь ментором учителя физики Акатаевой Ж., преподающей данный предмет на английском языке,осуществляю методическую помощь молодому учителю в подготовке к урокам в соответствии с современными требованиями.

Я думаю, что школа, в которой я работаю, имеет широкие перспективы для своего дальнейшего развития. Ведь именно таким школам принадлежит будущее нашей страны.



Я **Жумаканова Бакытгуль Уакасовна** родилась в 1962 году в Урджарском районе.В 1987 году окончила СПИ имени Н.К.Крупской. Педагогическую деятельность начала в Ново – Андреевской средней школе Урджарского района. В 1994 году поступила на работу в школу- гимназию №5, которая с 2008 года реорганизована в областную специализированную школу имени Шакарима для одарённых детей с обучением на трёх языках. В эту же школу поступили учиться мои дети Кайрат и Лаура. Успешно окончив её, они продолжили образование в ВУЗах.

В данной школе сразу окунулась в творческую деятельность, которая стимулировалась тесным сотрудничеством с учёными ВУЗов. Результатом стали различные формы научно-методической работы: выездные семинары с целью методической помощи сельским учителям; городские и областные научно-практические семинары совместно с кафедрами СГПИ и СГУ имени Шакарима; выступления на научно-практических конференциях на разных уровнях; предметные олимпиады на базе ВУЗов, городские и областные; участие в апробации учебника по русскому языку для 8 класса. Например, в 1999-2003 г.г. с профессором филологических наук СГПИ Бадамбаевой Г.А. и к.п.н., доцентом Баркибаевой Р.Р. принимала участие в выездном семинаре с обменом педагогического опыта в сельские местности нашей области. С 2003 по 2008 годы приняла участие в областных и международных научно-практических семинарах. Доклады были выпущены в сборниках. В 2003 году приняла участие в апробации учебно-методического комплекса для 8 класса. Ученики Абильбекова Айгерим, Шакенова Аида, Кусаинов Адлет ежегодно участвовали в предметной олимпиаде на базе СГПИ, занимали призовые места. Ученики систематически принимают участие в школьных, городских, областных и интеллектуальных олимпиадах и занимают призовые места. Абильбекова Айгерим, Шакенова Аида, Егизеков Диас немало потрудились, чтобы добиться высоких результатов на таких состязаниях.

С 2008 года на базе нашей школы ведётся экспериментальная работа по интеллектуально- речевому развитию учащихся 5 – 11 классов. Работа эта проводится в сотрудничестве с кафедрой теории и методики русского языка и литературы СГПИ под руководством к.п.н. Г.А.Жумадиловой. В пособии для учителей Г.А.Жумадиловой «Уроки по интеллектуально-речевому развитию учащихся: метаметодический подход, 5-9 классы» дана разработка урока русского языка в 6-ом классе на тему «Правописание -н- -нн- в прилагательных».В связи с этим взялапроблемную тему «Интеллектуально-речевое развитиешкольников в условиях би/полилингвизма».

В 2013 году приняла участие в КИО, была награждена Дипломом I степени II Республиканской дистанционной олимпиады по русскому языку для учителей.

За организацию и проведение Всероссийского конкурса – исследования читательской грамотности «Почитай-ка – 2013» получила грамоту.

Вовлекая учеников в научно – исследовательскую работу, выявляю их творческие способности, улучшаю контакт с ними, даю им эмоциональную и содержательную поддержку для их самоутверждения.

В 2012 году в областной научно-исследовательской конференции центра «Дарын» Акылгалиева Зауреш и Ануарбекова Ажар заняли III место, в 2013 году Емкен Анеля и Нургазин Олжас - II место, Акылгалиева Зауреш и Ануарбекова Ажар – III место. Их достижения – это долгий, кропотливый совместный труд учителя и ученика. Также активную творческую работу вёл в школе Кусаинов Адлет, что очень помогает ему в настоящее время: он телеведущий канала «Хабар». В данное время он является ведущим проекта «Громкое дело», который посвящен самым известным уголовным делам в истории Казахстана

С 1999 – 2008 г.г. являлась руководителем методического объединения учителей русского языка и литературы. Мой педагогический опыт обогатился активным участием в работе педагогического Совета школы, школьных и районных методических объединений. В этот период мы сотрудничали с рядом известных и уважаемых в нашем городе учителей - словесников, профессионалов в своем деле: Рахимбековой Р.Ж., Султановой А.Б., Мукажановой Н.М., Букаевой З.К., которые сейчас на заслуженном отдыхе. Незабываемо время, когда в нашей школе работали талантливые учителя русского языка и литературы Бигозина З.С., Манабаева А.А., Ибраева Р.М., Турганбаева Ж.Т. Отдавая всю себя любимой работе, они в наших сердцах и сердцах учеников оставили теплые и приятные воспоминания.

В Республиканском семинаре на базе нашей школы провела интегрированный урок на тему «Знаки препинания в СПП».

В соавторстве с Токжигитовой С.С. в 2010 году была составлена программа «Практический курс русского языка для учащихся 5 – 11 классов». С данной программой принимали участие в городском, областном, республиканском конкурсе «Лучшая авторская программа». Программа взята за основу в работе учителями нашей школы.

За добросовестный труд по обучению и воспитанию подрастающего поколения в 2012 году награждена медалью «За вклад в развитие образования».



Жүндібаева Риза Қанапияқызы1975 жылдың қаңтар айының ақ қарға шомылған күндерінің бірінде Аякөз өңіріндегі ұстаздар отбасында үйдегі тоғыз баланың екіншісі болып, екі егіз сәби дүниеге келеді.

Уақыт өте келе ата-анам сыңарымды жер қойнына ерте табыстаса да, олар алды-артымдағы туғандарым мен менің халқымыздың қанына сіңген қазақы мінезімен қалыптасып, өсуімізді басты бағыт етіп ұстанды.

Мектеп табалдырығын аттап, алғашқы ұстазым О.Мәмбетжановадан тәлім алған сәттен бастап, ұстаз болудың қыр-сырын жете түсінуді ұлылардың ұлысы оқыған, Семейдің М.О.Әуезов атындағы колледжіндегі, жоғары оқу орнындағы, М.О.Әуезов атындағы университеттегі студенттік жылдарымда шыңдай түстім.

Қолыма диплом алып, өмірге жолдама алған сәтімнен бастап, өзімнің ұстаздық жолымды Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық Білім Басқармасына қарайтын «Айғыз» орта мектебінен бастап, 2008жылдан бастап Семей қаласындағы «Шәкәрім атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектепте» еңбек жолымды жалғастырудамын.

Аталған білім ордасында білім негіздері бойынша бастауыш сыныптар аралығында өткен пән олимпиадасының облыстық кезеңінде 2009 жылы *Алмас Искаков* III орынды, 2012 жылы *Диас Мұханов* II орынды иеленді.

2010-2012ж.ж аралығында республикалық «Ақ бота» интеллектуалдық конкурсында екі оқушым I орынды, екі оқушым II орынды, облыстық «Айналайын» интеллектуалдық конкурсында жеті оқушым I орынды, екі оқушым II орынды, екі оқушым III орындарды иеленсе, облыстық «Малахит» интелектуалдық конкурсында жиырма бір оқушым I орыннан, бес оқушым II орыннан, бір оқушым III орыннан көрінді. Облыстық «Тұлпар» интеллектуалдық конкурсында А.Фергатова есімді шәкіртім I орынды, өзге үш шәкіртім II орынды, Халықаралық «Кенгуру» конкурсында оқушыларым Мұқатай А, Тоқбаева Н. II орынды жеңіп алды. 2012 жылы өткен халықаралық «Urfodu-YIII» интернет олимпиада Кенжеғұлов А. I орынға, 2013 ж халықаралық «Urfodu-IX» интернет олимпиада Б. Сәтбеков, Қ.Байсапина, Ж. Бауржанова, А. Камзина, А. Мырзагажина, Е. Тлеуғазыұлы сынды оқушыларым I орындарға ие болды

Өзім де оқытушылық іс -тәжірибелік жұмысымның нәтижесінде оқушыларымның білім сапасының артуына, тәрбиелік жұмыс жобамның негізінде оқушыларымның шығармашылық қабілеттері мен табиғи дарындарының жетіле түсуіне қол жеткіздім. Білім мен тәрбие жұмыстарын жүйелейтін рейтингтер мен байқауларға қатысып, жүлделі орындар мен сертификаттарға ие болдым**.** 2009ж., 2012 жылдары Семей қалалық білім бөлімінің грамотасымен, 2012ж., 2013жылдары Халықаралық «Urfodu-IX» онлайн-интернет олимпиадасы грамотасымен марапатталсам, жеке еңбектер жинағым www.bilim.idhost.kz интернет сайтында жарияланып, мақтау қағазымен марапатталдым. Ғылыми Практикалық Конференцияларға қатысып, баяндамалар оқып, Республикалық «Бастауыш мектеп», «Бастауыш сыныптарда оқыту әдістемесі» т.б басылымдарымен хат алысып, мақалаларым жарияланып тұрады.

Биіктерге жету үшін, болашаққа көз жүгіртіп, өз идеалыңды табу керек екен. Біреуге қарап, бағытыңды түзеу керек. Олар менің бүгінгі еңбек жолымның педагогтік бағытта өрбуіне негізгі септігін де тигізген, өзіндік жол көрсеткен де - ұстаздардың ұстазы атанған әкем Қанапия Аккешеұлы және анам Оразхан Ахметқызы болды.

Менің Өзім – Менің мамандығым! Ендеше, менің өмірлік қағидам: әрқашан шыншыл, адал, өз ісіне берілген тұлға болып қалу!

Жас жеткішектерімізге нұрлы болашақтың жолын жаңылыспай дұрыс көрсетуде аянбай тер төгу!



Ступени моего альмаматера

Жумашева Мадиян Камбаровна
Учитель русского языка и литературы

Почему я учитель? Невозможно дать на этот вопрос однозначный ответ. Я просто люблю свою работу. Главное - меня поддерживает самая великая сила – мои ученики.

Родилась в селе Сарытогай Актюбинской области в семье служащих. Отец рано ушел из жизни, и мать одна воспитывала девятерых детей. В 1968 году была принята в первый класс Талдысайской средней школы Хобдинского района. Мне тогда уже было семь с половиной года. В те годы в школы строго принимали в полные семь лет, а я родилась в декабре 1960 года. Была старше своих одноклассников на полгода.

Школа в сельской местности – это «оазис». Все что сейчас есть во мне – это от моей школы и учителей, благодаря усилиям которых «грызла гранит науки». Училась. Проходили годы… Выполняла функции секретаря первичной комсомольской организации. Избиралась делегатом районной комсомольской конференции от первичной комсомольской организации школы (мандат №73). Была призером районной предметной олимпиады по химии, заняла третье место. Активно участвовала во всех культурно-массовых и спортивных мероприятиях школы, села и района. Посещала спортивные секции и тренировки: зимой - лыжи, летом – пятиборье. «Отзывы учителей о детях Акслу (моя мама) позволяют судить о том, что она воспитала в них трудолюбие, жизнерадостность, добросовестность. Они хорошо учатся, дисциплинированны, активисты и организаторы больших и малых школьных дел», так писал собкор районной газеты «Знамя труда» в своей статье «Слово о матери».

Часто посещала сельскую библиотеку. Книга - это удивительная вещь. Такая маленькая по размеру, а вмещает в себе целый мир. Именно здесь родилась любовь к книге.Есть такое выражение: «Люди перестают мыслить, когда прекращают читать». И это, безусловно, правда. Чтение книг – это самое полезное и доступное моё занятие. Первая прочитанная мною в детстве книга «Как закалялась сталь» Н.Островского, «Два капитана» В.Каверина. Клятва Сани Григорьева «Бороться и искать, найти и не сдаваться!» стало моим жизненным кредо. «Умей жить и тогда, когда жизнь становится невыносимой. Сделай ее полезной» - эта цитата, можно сказать, девиз моей трудовой деятельности.

Как быстро летит время! Позади последний школьный звонок. Окончила школу в 1978 году и «… Мадиян – студентка Туркестанского педучилища», - цитата из статьи «Слово о матери», напечатанная в районной газете «Знамя труда».

Кажется, это было совсем недавно, когда я впервые вошла в вестибюль педагогического училища имени Ы.Алтынсарина. С этого дня и началась моя учеба в училище.

Годы студенчества – это самое яркое событие, которое остаётся на всю жизнь. «Вчера» для меня – это первый курс. Знакомство с преподавателями и сокурсницами. Избрали комсоргом группы. За время моей учебы в училище много хорошего произошло в

моей жизни. Я очень благодарна своим однокурсницам за то, что они были со мной в годы учёбы. В моём сердце всегда будет уголок для них.

Июль 1980 года. Все волнения теперь позади, а впереди - долгожданный выпускной. Плоды долгого и упорного моего труда - мой заветный красный диплом учителя начальных классов общеобразовательной школы. Слова напутствий директора училища Барлыбаевой З.Б. надолго останутся в моей памяти. Это начало трудовой деятельности.

В августе 1980 года приказом Абайского РайОНО была направлена в Кундыздинскую среднюю школу учителем русского языка и литературы. За добросовестное отношение к работе по воспитанию подрастающего поколения неоднократно была отмечена Почетными грамотами, благодарственными письмами РайОНО.

В июне 1981 года по результатам первого экзамена была зачислена в Семипалатинский педагогический институт имени Н.К.Крупской на филологический факультет. 1986 году успешно закончила учебу и получила диплом учителя русского языка и литературы общеобразовательной школы.

Трудовую деятельность с дипломом ВУЗа начала в средней школе №20 города Семипалатинска. Приняла первоклассников на базе семи лет. Выпустила и вновь первоклашки, но на базе шести лет. Работа приносит радость, и время неумолимо спешит вперед. Новые приемы, новые технологии в обучении шестилеток: Ш.Амонашвили («Здравствуйте, дети!»), С.Лысенкова («Опережающее обучение»), М.Иванова(«Схемные и знаковые модели в процессе обучения географии»). Ещё великий Леонардо да Винчи сказал: «Век живи, век учись.» Моя активная и плодотворная работа отмечена Почетными дипломами, грамотами районного отдела образования Калининского района г. Семипалатинска.

В 1991 году по производственной необходимости переведена учителем казахского языка и литературы. Работая в школе, я продолжала учиться на курсах, посещала творческие вечера по предмету, открытые уроки. Училась у опытных педагогов…. Участие учеников в олимпиадах, конференциях, конкурсах и, конечно, первые победы. Приятно радоваться их успехам, победам в конкурсах, олимпиадах и надеяться, что в этом есть и частичка моего труда. Благодарственные письма, грамоты отдела образования г.Семипалатинска, поощрение ценным подарком от профсоюзного комитета школы.

1995 год. Судьба привела меня в один из старейших учебных заведений Семипалатинска - геологоразведочный колледж и открыла для себя новые возможности и увлекательный педагогический путь. Нам всем суждено учиться всю нашу жизнь. Вновь учусь искать заветный ключик к сердцу каждого мальчишки, каждой девчонки, учусь быть старшим другом и надежным помощником.… Работа со студентами очень интересна и увлекательна.

За время работы в колледже неоднократно моя работа отмечалась грамотами, дипломами, благодарственными письмами министерства образования РК, департамента отдела образования ВКО. Дважды по итогам рейтинга 2008-2009, 2009-2010 учебных годов признана «Лучшим преподавателем колледжа», студенты, строгие педагоги, определили номинацию «Самый классный классный», «Самый строгий и пунктуальный преподаватель колледжа», являюсь призёром и обладателем диплома смотра УМК и кабинета. Опыт по методике учебно-воспитательной работы обобщался среди преподавателей колледжа и города Семей, опубликованы в республиканских научно-педагогических журналах «Қазақстан мектебі», «Тәрбие құралы». Мне отрадно, что я состоялась в своей профессии и как преподаватель, и как воспитатель. Главное - могу подарить частичку своего тепла, любви другим, поделиться опытом, посоветовать.

Летом 2013 года обратилась к директору школы имени Шакарима с просьбой принять на работу, так как имела два диплома ВУЗов и свыше 30 лет педагогического стажа работы в учреждениях образования. Школа очень дорога мне тем, что в ней учились мои дети -

Нурлыбек и Гульмира. Классными руководителями - Камиля Кудабаевна и Аман Исабекович. И знания, полученные в стенах школы-гимназии №5, стали трамплином для продолжения их дальнейшего образования. Нурлыбек поступил в университет имени Гази города Анкары в Турции после учебы в ТКЛ г. Семипалатинска, Гульмира – КазНТУ имени К.И.Сатпаева в Алматы. Теперь мне самой выдался счастливый случай продолжить свой путь в известной школе города, за пределами области.

Прошло полгода. Наблюдая, как мудро Алма Медетовна работает, как рассудительно строит публичную речь, как общается с коллегами и сотрудниками, я испытываю ощущение тайной гордости за неё - человека -новатора! Как справедливо отметил Д.И.Менделеев: «Вся гордость учителя в учениках, в росте посеянных им семян». Мысленно всегда желаю ей крепкого здоровья, долгих лет творческого труда, настойчивых и благодарных учеников….

С особым увлечением ученики 5-7 классов посещают кружок кукольного театра «Искорка». Премьера постановки сказки Б.Гримм «Белоснежка и семь гномов» прошла успешно. Члены кружка подобрали к куклам костюмы, музыкальное оформление и декорацию к постановке, старались передать настроение и переживание своего героя. Именно командная работа в кружке позволяет ученикам проявить самостоятельность, инициативу, творчество, организаторские способности. Благодаря творческому взаимодействию ученики сплачиваются, учатся работать согласованно.

Идею создания кукольного театра я озвучила в моем 5 «В». Создать в классе творческий кружок – это значит, помочь ученикам выдвигать предложения, слышать мнения друг друга и учитывать разные точки зрения при построении собственного действия. Я понимала, что уроков литературы совсем недостаточно для достижения поставленной цели. Но ребята подсказали мне решение проблемы: «А давайте, организуем кружок!» И я вижу, что мои ученики по-другому, ответственно и серьезно, начинают относиться ко всему, что их окружает. С нежностью относятся к своему герою, восхищаются красотой декорации, внимательно слушают подобранную музыку к постановке, вносят поправки. Думаю, что из каждого моего ученика вырастит настоящий Человек. А это самое главное для учителя. Оглядываясь назад, я могу с уверенностью сказать: я счастливый человек! И, прежде всего потому, что меня постоянно окружают дети. Я учу их, а они – меня. Они не позволят мне стареть душой, хотя я четырежды бабушка. Для внуков я «ажека». Приятно совмещать работу и дом!

Завтра наступит новый школьный день. Я снова приду на урок, и на меня опять будут смотреть глаза моих учеников. Ради этого стоит быть Учителем.Гагарин всего несколькими словами выразил главное в своей судьбе: «Всякий труд, большой или маленький, если он совершается на благо человечества, благороден. Я счастлив, что в этом труде есть и моя доля».



Мен, **Жұмабекова Гүлмира Бектемірқызы** 1974 жылы Семей облысы, Бесқарағай ауданы, Өндіріс ауылында, қарапайым отбасында өмірге келдім. 1991 жылы Өндіріс орта мектебін ойдағыдай аяқтап, Семей қаласындағы Н.Крупская атындағы педагогикалық институтқа, тарих және археология факультетіне оқуға түстім. Жанұялық жағдайыма байланысты 2010 жылы Семей қаласына көшіп келіп, Шәкәрім атындағы №5 гимназияға тарих, қоғамтану мұғалімі болып орналастым.

Әрине ауыл мен қала мектебінің айырмасы бар десек, біздің мектебімізде мүлде ерекше деп нық айта аламын. Мектебімізде ең алдымен талап пен тәртіп өте жоғары деңгейде. Ал бұл екеуі ең бастысы - шәкірттердің білім алуына өте қолайлы жағдай туғызады. Мектебімізде ұстаздардың көбі жоғары және бірінші санатты. Ұстаздардың қатары үнемі кәсіби білім көтеру курстарынан өтіп отырады.

Менде ұзақ жылдық ұстаздық тәжірибемде әр сабағымды, оқытатын сыныбымның жас ерекшелігіне қарай отырып жоспарлап, көрнекіліктер мен дидактикалық материалдарды, қосымша әдебиеттерді пайдаланамын. Оқушылардың алған білімдерін біріктіру арқылы ұғуға, игеруге баулимын. Сөйтіп оқушыларға әсіресе тарихи тұлғалар өмірінен көптеген қызықты мәліметтерді айту арқылы патриоттық сезімдерін қалыптыстыруға тырысамын.

2011-2012 оқу жылында Болон процесіне байланысты СМПИ-да ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда «Мұғалімді инновациялық қызметке даярлау-білім беру сапасының басты шарты» атты, халықаралық семинар-мәжілісінде «Ақпараттық технологияларды қолдану – мұғалімдердің тиімді инновациялық іс-әрекетінің көрінісі» тақырыбында жасаған баяндамам жинақ кітабына енді.

2010-2013 оқу жылдары СМПИ, СМУ, КазИГЗУ-де өткен студенттер мен оқушылардың ғылыми-практикалық конференцияларында «Партизан-жерлес атамның ерлігі», «Семей жерінің демографиясы», «Семей көпестерінің тарихы» баяндамалары үшін оқушыларым жүлделі орындармен және алғыс хаттармен марапатталып, жұмыстары жинақ кітаптарына енгізілді.

Тарих пәні бойынша пән олимпиадасының қалалық, облыстық кезеңінде 2010-2011 оқу жылында Б.Баяхметов –I орынды, 2011-2012 оқу жылында Л.Төлеуханова-I, II орынды иеленсе, 2012 -2013 оқу жылы С.Төлеумұхамет –I орынды иеленді. Осы жылдар аралығында Қазақстан тарихы пәнінен ҰБТ-де мектеп түлектері жоғары нәтижеге жетіп, 91 %; 87 % білім көрсетті.

Жан-жақты байланыс орнатудың нәтижесінде оқушыларым түрлі деңгейде өтетін байқаулардың жүлдегерлері атанды. А.Жашыбай мен С.Төлеумұхамет 2011 жылы СМУ-де өткен қалалық-аймақтық конференцияда -II орын, М.Қадырова 2011 жылы СМПИ-де өткен «Ұлы Жеңіске сенің жақындарыңның да қосқан үлесі бар» облыстық конкурсында - II орын, С.Урузбаев 2012 жылы ҚазИГЗУ аймақтық зерттеушілік және шығармашылық жұмыстар сайысында- III орын, С.Төлеумұхамет, Д.Қалихан 2012 жылы «On-line» режимінде өткен халықаралық конференцияда– II орын, Ш.Дәулетқали мен Ә.Кененбаева 2012 жылы VII халықаралық ғылыми конференцияда – II орынды, 2012 жылы Қазақстан республикасының «Тұңғыш президенті күніне» ұйымдастырылған «Жолдауға қолдау – жастардан!» тақырыбында өткен қалалық интеллектуалдық сайыста – II орынды иеленсе, Г.Қойшығалиева 2013 жылы облыстық тарихи-өлкетану мұражайында өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияда жүлделі дипломмен марапатталды.

2010-2013 оқу жылдары аралығында облыстық интеллектуалдық «Тұлпар» конкурсында Д.Мағазбеков, Қ.Ақшайықов, Э.Эльдосов, Д.Махамбетов, А.Аманжолова, А.Тауырбеков, А.Қадырбеков, Ж.Ордабаева –III орынды, «Тарих - ата» VII республикалық қашықтық олимпиадада жүлделі 10 оқушы, ШҚӨҒП «Дарын» орталығы қашықтықтан өткізген облыстық интеллектуалдық олимпиадада У.Тауырбеков – I, А.Сагидоллаева – II, Е.Жумаш, Ә.Кененбаева – III орындарды иеленді. I Республикалық қашықтықтан өтетін олимпиадада Ә.Қайыртаева «Ең үздік нәтиже» тізімінен көрінді.

2011 жылы қалалық «Зерде» сайысында А. Шыңғысбаева мен Ш.Мұратбекова - III орын, 2012 жылы Қ.Ақшайықов – II орын, А.Айқынұлы мен Е. Манханова - III орынды иеленсе, облыстық ғылыми жоба сайысында 2012 жылы У.Тауырбеков, Е. Жумаш «Сайлау нәтижелерін компьютерлік техника көмегімен өңдеу» тақырыбында - I орынды иеленді.

Республикалық ғылыми-әдістемелік «Қазақ тарихы», «Мұғалім» журналдарында сабақ әзірлемелерім, мақалаларым жарияланып, республика көлемінде іс - тәжірибем таратылды. Жеке еңбектер жинағым www.45minut.kz, BILIM.IDHOST.KZ– интернет ресурсында жарияланды. 2012 жылы «10-11 сынып оқушыларын ҰБТ-ге дайындауға көмек» деп аталатын электронды көмекші құрал жасап шығардым. Өлкетану тақырыбында «Аймақтық тарихи деректер» тақырыбында авторлық бағдарлама

құрастырдым және сол жұмысымен республикада «Үздік авторлық бағдарлама» сайысына қатысып – III орынды жеңіп алдым.

2012-2013 оқу жылында осы мектептен өзімнің алғашқы шәкірттерімді ұшырып шығардым. Бітірген 24 оқушының 12-сі мемлекеттік грант иегерлері атанса, қалғандары Қазақстанның түрлі қалаларында өз білімдерін жалғастыруда. Шәкірттерімнің барлығы дерлік білімді, тәрбиелі, тәртіпті және сонымен қатар салмақты оқушылар. Солардың ішінен Рамазанов Бекжанды, Төлеумұхамет Саяхатты, Елеусін Әділжанды, Байғожина Аиданы ерекше атап өткім келеді. Бүгінде бірі Астанада Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де, бірі Алматыда Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ-де, бірі Семей Медицина Университетінде тегін білім алып жүр деп мақтанышпен айта аламын.

Ұстаздық қызметімдегі еңбегім бағаланып, 2012 жылы ШҚО Білім Басқармасының Құрмет Грамотасымен және ҚР Білім және ғылым министрлігінің III дәрежелі дипломымен, ал 2013 жылы ҚР Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы қалалық комитетінің Құрмет Грамотасымен және ШҚӨҒП «Дарын» орталығының грамотасымен марапатталдым.



Дарынды оқушыларды дамылсыз дайындау жолында...

Жұмықбаева Ақмарал Қажықұмарқызы - Қазақстан тәуелсіздігін нығайту үшін – интеллектуалды элитаны қалыптастыру керек. Оның негізін – дарынды жастар құрамақ. Әрбір өркениетті қоғамда *дарынды балалар* - ұлттық байлық деп қарастырылады. Семей өңірі елімізге есімдері алтын әріппен жазылған талай дарын иелерін сыйлаған. С.Х.Боқаев, Т.Ы Аманов, мектеп түлегі М.Естекбаевсынды алдыңғы толқын ағалардың ізін басар тұяқтары қасиетті Семей жерінде қазір де көптеп табылатынына кәміл сенемін.Осындай дарынды оқушыларды дамылсыз дайындап жатқан 90 жылдық тарихы бар Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп. Менің аталмыш білім ордасымен алғашқы танысуым 2006 жылы орын алды. Ұстазымыз Қ.Нұрсұлтанұлы математика мамандығы бойынша оқып жатқан бір топ студенттерді педагогикалық тәжірибеден өту мақсатында №5 мектеп-гимназияға алып келді. Теориялық біліміміздіі тәжірибемен ұштастастыруда Айтжан Шакеновна, Әсия Кенишбаевна, Бақыт Сұлтановна, Жанар Нұрлыбековна, Ляззат Мамыржановнаның методикалық әдіс-тәсілдерінің, ақыл-кеңестерінің көмегі мол болды. Осылайша, ұстаз мамандығын тәжірибелік тағы бір қырынан танып, бұл жай ғана жұмыс емес, көбіне ол миссия, міндет екенін түсіндім. Менің осы мамандықты таңдауымның тағы да бір себебі бар. Менің туған жерімде махаббаттың, адамгершіліктің символы Қозы Көрпеш пен Баян сұлу кесенесі орналасқан. 2002 жылы Қозы Көрпеш Баян сұлу эпосының 1500 жылдығын атап өтілгеніне байланысты, ауылымызға сол кездегі Білім және ғылыми министрі Шәмші Көкбайқызы Беркімбаева, Сейіт Қасқабасов, Ғарифолла Есім, Светлана Ферхо сынды зиялы азаматтар келді. Шәмші Көкбайқызы біздің үйде қонақ болып, маған батасын берген еді. Сол кезден бастап, мен мұғалім болуды армандадым. Мұғалім болу үшін жас кезден жақсы оқып, қоғамдық өмірге белсене араласып, өзіңнің көшбасшылық қабілеттеріңді дамыту керектігін ұғындым. Мектепте сынып төрайымы, «Ой-сана» радио торабының жетекшісі, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының төрайымы болып, мектеп өміріне белсене араластым. Осы арман, әрі нақты ғылымдарға деген құштарлық мені Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне алып келді. Институт қабырғасында факультет бойынша студенттердің ғылыми қоғамының төрайымы қызметін атқардым. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың арнайы стипендиясының иегері болдым. 2007 жылы институтты үздік дипломмен аяқтап, сол жылы Семей мемлекеттік педагогикалық институтына мемлекеттік грант негізінде магистратураға қабылданып, 2009 жылы педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алдым. Менің маман болып қалыптасуыма үлес қосқан

Қ.Нұрсұлтанұлы, Қ.Нақышбекова, С.Рахметжанов, Е.Есенжолов, Г.Берікханова, О.Жолымбаев ұстаздарымыз болды. Қажи атамыздан білім, тағылым алғанымды мақтан етіп, әрбір сөзін тәрбие сағаттарының материалы деп білемін.

Осылайша 2008 жылы шежірелі тарихы бар киелі шаңырақтан еңбек жолымды бастадым. Мен мектебіміздің заман талабына сай жаңаша инновациялық көптілді білім беру моделін құру кезеңіне тап болыппын. Осы орайда,заманауи мектеп бітірушілеріне шет тілін сапалы меңгерудің қажеттілігі - бұл өмірден туындап отырған қажеттілік екенін түсініп, мектеп директоры Алма Медетқызының бастауымен көп тілдік орта қалыптастыруға кешенді әрекеттер ұйымдастырылуда. Иә, кез-келген істі алғашқылардың бірі болып бастау қашанда қиын іс. Үш тілділікті енгізуде көптеген қиындықтар болды. Оның барлығын бірлесе отырып, тәжірибемізді жетілдіре отырып жеңудеміз.

Аз уақыт өтседе қаншама еңбекпен келген бұл бастама өз жемісін беруде. Оқушыларымыз көптеген жетістіктерге жетіп, халықаралық дәрежедегі білім бәсекесінде өздерін жоғарыдан көрсете алды. Алдағы уақытта да еліміздің өркендеуіне мектеп түлектері өз үлестерін қосады деген сенімдемін. Алдыңда отырған шәкіртің асқар асулардан асып, биік белестерден көрініп жатса, ұстаздың мерейінің үстем болғаны деп түсінемін. Сол себепті, ғасырға жуық тарихы бар қара шаңырақта еңбек еткен жылдарымда өзім білім береген шәкірттерімнен үлкен үміт күтемін. Осы мектептен білім алған ұрпақ еліне адал, сертіне берік азамат болып шығарына сенімім кәміл.



Зайтов Айдос Рифхатұлы 1977 жылы 9-шы мамыр айында Өркен аулында дүниеге келдім. 1999 жылы КМҚК "Семейдің М.О. Әуезов атындағы педогогикалық колледжіне " түсіп, "Денешынықтыру" мамандығы бойынша 2001 жылы үздік дипломмен бітірдім. 2003 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетіне түсіп, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша диплом алдым.
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектепте» 2009 жылдан 2013 жылға дейін қызмет атқарып, Қазақтын ұлттық ойыны тоғызқұмалақтан 1 оқушы Спорт шеберіне үміткер (Хасенов Азамат), 1 оқушы ШҚО-ның жеңімпазы (Рашкен Назым) дайындадым.

Дойбы, Шахмат ойындарынан облыстық, қалааралық жарыстарда жоғарғы орындарда көрінген оқушыларым Алпысбай Абай,Балагазинов Ерназ, Амренов Нұрлыбек, Амантаев Санжар.

«Тоғызқұмалақ» қазірде де көпшілікке кеңінен тарап, атадан балаға мирас болып келе жатыр. Уақыт есебінде тоғыз санының орыны ерекше. Жыл есептеудің тоғызыншысы мешін жылы, ертедегі араб абыздары қаңтар айының бірін тоғызынан бастап есептегенін, жас ана өзінің нәрестесін құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн сақтайтынын, Алланың құдіретімен жаратылған үмбеттерінің бойында өмір сүруіге қажетті тоғыз тесігі бар екенін білеміз. Осы ойынды ойлап тапқан ата-бабамыз әр ойыншыға тоғыз ғана отау беріп шектеуі мүмкін олардың табиғатпен үндестігімен туындады ма екен деген ойға кетесің.Міне осы ұлтық ойынға барынша үлес қосқан ШҚО-ның бірнеше дүркін чемпионы Оразғали Асылбаевты еске алуға арналған тоғызқұмалақтан қалалық турнирде жақсы ойын көрсеткен Естай Әділ, Хасенов Азамат, Алпысбай Абай, Будукова Арай, Рашкен Назым, Байзақ Аружан, Мубарак Аружан, Сақпан Ақнұр тек мектептің ғана мақтанышы емес, жалпы қазақтың ұлттық ойынының жан ашырларының, болашақта бетке ұстар азаматтарының бірі болмасына кім кепіл.

Ұлтық ойынға үлкен үлестерін қосып өзінше бір керемет ойын көрсетіп жүрген оқушыларымыз жалпы командалық есепте ІІІ-ші орын алса, Рашкен Назым 2001-ші және төменгі жылғылар арасында өткен жекелік сайыста ІІ-ші орын алып шашбауымызды тағы бір көтеріп тастады. Хасенов Азамат 2011-шы жылғы, ШҚО-да өткен тоғызқұмалақ

турнирінің алтын медаль иегері болса, Рашкен Назым 2012- жылғы қалалық тоғызқұмалақ турнирінің І-ші орын, ШҚО-да өткен тоғызқұмалақ турнирінің күміс медаль иегері. Қазақтың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан ұлттық ойыны тоғыз құмалаққа біздің осындай оқушыларымыз әліде талай еңбек жасарларына кәміл сенеміз.



Мен **Зейтова Аяулым Серикқызы** өз таңдауымды оңай жасағанмын. Мұғалім мамандығы мені балалық шағымнан қызықтырды. 2002 жылы мектеп бітірген соң, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетіне түстім.

Мұғалімдік жолды таңдауыма біріншіден, анам әсер етті. Анам басқа ауыл адамдарына қарағанда киімі жағынан, сөйлеу мәнері жағынан ерекшеленіп тұратын. Екіншіден, университетте оқып жүргенде Семей қаласының №39 мектебіне педагогикалық іс-тәжірибеден өтуім әсер етті. Мектеп ұжымынан әрбір ұстаздың бойында болатын төзімділік, сыпайылық, тазалық, адамгершілік, еңбек сүйгіштік сияқты жақсы қасиеттерді бойыма сіңіруге тырыстым.

Мен өз пәнімді жақсы көремін. Жазушы өз шығармасында, суретші суретінде өмір сүретіні сияқты, мұғалім де – оқушыларының ойында, іс-әрекетінде өмір сүреді. Мұғалім – бұл жай ғана мамандық емес, - бұл жанның күйі. Педагог өз оқушыларының тағдырына бей-жай қарамауы керек. Балаларға деген махаббат пен құрмет болмаса, жақсы мұғалім болуы мүмкін емес. Мен оқушыларымды зерттеп түсінуге және оларға білім алуға жәрдемдесуге тырысамын. Менің негізгі міндеттерімнің бірі – бұл білімді, мәдениетті, білімді өздігімен үйреніп оқи алатын балаларды дамытып, тәрбиелеу.

Менің ойымша, оқытудың ең жақсы әдісі – тұлғалық үлгі болу. Оқушылардың оқуға деген көзқарастары, жаңалықты білуге құмарлығы, білім алуға ұмтылуы менің қабілетіме, жұмысыма деген қарым-қатынасыма байланысты деп ойлаймын. Мен – мұғаліммін! Демек, қызықтыруға міндеттімін!

Ұстаз өзін-өзі қай уақытта таниды? Ол алдындағы шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің азаматы болған сәтінен таниды. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. XXI ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.



Ибраева Нұршарбат Сабырғазықызы 2002-2009жылдары Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым.Ұзақ жылғы педагогикалық тәжірибемде таза қазақ тілінде білім беретін білім ордасы қаладағы қара шаңырақ, ұлттық болмысыма, жан-дүниеме жаңа бір серпіліс берді. Қызмет атқарған жылдары қызығы мен қиындығы мол тәрбие жұмысы ақкөңіл, сенгіш, қиқар, тәуекелшіл, еліктегіш, бойкүйез балалармен етене жақындатып, әрқайсысының бойынан мысқалдай бір өзгеріс көрсем жігерленіп, қанаттанып еңбек еттім. Оқушыларымның аңқылдаған жүздері, риясыз күлкілері, жағымды,жағымсыз ерекше қылықтары есімде... Қалай болғанда да оқушылар бойынан ұлттық тәрбие иісі аңқып тұрады.



Исабеков Амангелді Сапарханұлы Семей мемлекеттік педагогикалық институтының көркем сурет факультетін бітіріп, Мақаншы ауданына жолдама бойынша жүргелі отырғанмын.

Өзім педагогикалық іс – тәжірибемді өткен №5 мектеп-гимназиясының директорын жолықтырып қалып, амандық-саулықтан соң Елеш аға жағдайымды сұрастыра бастады. Мен жолдама бойынша кететінімді айттым. Елеусіз Сүлейменұлы облыстық оқу бөліміне барып, жолдамамды өзгертіп, өзі басшылық ететін қара шаңырақ, №5 мектепке сурет, сызу, еңбек пәндерінің мұғалімі қызметіне қабылдады. Бұл мен күтпеген қуаныш еді.

Алғашқы педагогикалық еңбек жолым, осылай басталды. Менің бағыма қарай ұлағатты ұстаздар Елеусіз Сулейменулы бастаған Нұржамал Момынжанқызы, Төкен Көпбайұлы, Ләтіш Баяділқызы, Айтжан Шакенқызы, Айжан Тұрсынбайқызы, Әсем Тлегеновна, Күләнда Медеуқызы, Күләш Дүйсенбайқызы, Ерлан Қасымұлы (тәрбие ісі жөніндегі орынбасары), Шайзат Биғожақызы (оқу ісінің меңгерушісі), Гүлжанат Рахымқызы, Айша Тоғамбекқызы, Әлия Бердәліқызы, Ғибат Ибрайұлы, Орынбек Уахитұлы т.б. ұстаздармен әріптес болып, талай ақыл кеңестерін тыңдап қиын да, қызықты ұстаздық жұмысым басталды.

Жас ұрпаққа жан-жақты білім берумен тәрбиелеуде қазіргі заман талабына сай еңбек етіп үнемі шығармашылық ізденісте болып талай оқушыларым қалалық, облыстық, республикалық конкурстардың жүлдегерлері болды.

Өнердің ең құнды түрінің бірі – бейнелеу өнері. Көркем өнер оқушылардың сана-сезімін, жалпы қабілетін дамытып, өмір шындығындағы сұлулықты тани білуге, қадірлей білуге үйретіп, өнерге деген ынта-жігерін туғызады, өз еңбегімен шығармашылықты жасай білуге үйренеді, ойлау қабілетін дамытады. Өзім әр баланың салған суретіне, оны салу техникасына, сурет текстіне бояуларының үйлесіміне назар аударып, басшылық беріп отырамын. Сынып жоғарлаған сайын оқушылар рухани жағынан өсіп, сурет өнерінің жақсы, көркем шығармаларына, сәулет өнерінің (архитектура), мүсін өнерінің (скульптура), дизайн өнерінің, ұлттық қолданбалы сәндік өнеріне (бұйымдарға) назар аударып таниды, бағалай білетін дәрежеге көтеріледі. Оқушы мұндай дәрежеге жетсе мұғалімнің міндетінің орындалғаны.

Әр жылдары жүлделі орын оқушыларымның біразын атап айтсам: Жакенов Ермек, Рахметова Әлия, Ақшалов Медет, Сембаев Нұржан, Құсайынов Ақжан, Түкпиев Қанат, Өзбеков Ернар, т.б. Білім негіздері бойынша пән олимпиадасында қалалық, облыстық, аймақтық олимпиадаларда жүлделі I,II,III орындарды иеленді.

Қалалық олимпиадаларда I орын алған оқушыларым: Асанова Әсия, Өзбекова Арайлым, Қадырова Дильнура, Ғабиденқызы Әйгерім, Әбілбеков Әлішер, Самархан Гүлия, Рымқанов Әлішер. Осы оқушыларым облыстық бастауыш сынып олимпиадасында II орынды иеленді. Семей мемлекеттік педагогикалық институтының ұйымдастыруымен өткен аймақтық олимпиадаларда Өзбекова Арайлым, Талғарова Назерке, Ерденбекова Құралай кескіндеме номинациясы бойынша - I, II, III орындар, сурет номинациясы бойынша Құсайынов Ақжан, Батқалов Олжас, Ардақұлы Бауыржан, Шаған Ернат- II, III орындар, сызу номинациясы бойынша Сербаев Данияр -II орын иеленіп, дипломмен марапатталды.

Семей колледжінің ұйымдастыруымен қалалық олимпиадада Ишанов Әсет сурет номинациясы бойынша I орын, Шаған Ернат II орын, кескіндеме номинациясы бойынша Арынова Құралай II орынды иеленіп, оқуға түсуге сертификат жеңіп алды. Бүгінде Ишанов Әсет сол оқу орнында оқып жүр.

Республикалық экология тақырыбындағы «Дети против мусора» конкурсында Асылбеков Мәди - II орынды иеленсе, Рахметова Әлия, Өзбекова Арайлым, Макышева Аделя жүлделі орындар алды.

Өзімнің іс – тәжірибем басылым беттерінде жарияланып қала, облыс, республика көлемінде таратылды. Республикалық «Коллеги» журналында «Ертегі мазмұны иллюстрация жасау» тақырыбына сабақ әзірлемем басылымға шықты. 2011 жылы СМПИ-да өткен халықаралық «Жаһандану жағдайында» студент жастар бойында азаматтылық қалыптастыру тақырыбында өткен конференцияда «Бейнелеу өнері арқылы жастардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру» тақырыбындағы баяндамам жинаққа енгізілді.

Менің жолымды қуған Семей мемлекеттік педагогика институтының көркем сурет бөлімін бітірген оқушыларым Сембаев Нұржан жеке шығармашылық жұмыста, Ақшалов Медет – Назарбаев зияткерлік мектебінде мұғалім, Рахметова Әлия – Қайнар университетінде ұстаз, Камалиденова Гүлдана Жастар сарайында үйірме жетекшісі, Айтқожин Мейрамбек – М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде ұстаздық етеді, Тұрғанбаева Малика, Батқалов Олжас, Балнұр, Түкпиев Қанат – дизайнер. Байдрахманов Мейіржан – Алматы қаласында т.б. мектеп оқушылары қала мектептерінде бейнелеу өнері сабағынан ұстаздық жұмыста.

Өзімнің кәсіби шеберлігімді дамытуда жеке шығармашылық жұмыстарыммен әр түрлі қалалық, облыстық көрмелерге қатыстым. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған Невзоровтар жанұялық мұражайының ұйымдастыруымен өткен қалалық көрмеде Семей қаласы суретшілерінің қылқалам туындыларының «Туған жерім» жинағына суретім енгізілді.

Абай мемлекеттік мұражайының ұйымдастыруымен заңғар жазушы Мұқтар Әуезовтың 115 жылдығына орай сурет конкурсында III орын иеленіп, дипломмен марапатталдым.

Ұстаздық еңбек тәжірибемде әр жылдары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кәсіподақ ұйымының төрағасы, әдіс-бірлестік жетекшісі қызметтерін атқардым. Мектептің эстетикалық талғаммен безендірілуіне белсене араластым. Шахматтан ұстаздар арасындағы жарыстарда да жүлделі орындарды иеленіп, мектептің көркемөнерпаздар жарысында мұғалімдер хорына қатыстым. Осы еңбектерім бағаланып: Қалалық оқу бөлімінің Құрмет грамоталары, Семей қалалық кәсіподақ ұйымының Құрмет грамоталары, СМПИ-тың Алғыс хаттары, Невзоровтар жанұялық мұражайының грамотасы, «Нұр Отан» Республикалық саяси партиясы, қоғамдық бірлестігінің Семей қалалық өкілдігінің Алғыс хаты, Облыстық білім басқармасының грамотасы, кіші ғылым академиясының Алғыс хатымен марапатталдым.



Мен,**Кабдоллина Шұғыла Өмірғазықызы** 1977 жылы9 шілдеде Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Абай ауданы, Архат ауылында дүниеге келдім. 1996 жылы М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжін тәмәмдадым.

Қолыма дипломды алысымен, Шәкәрім атындағы №5 мектеп – гимназияда мұғалімдік жолымды бастадым.

Осы мектептегі ұлағатты ұстаздар мен білікті басшылардың көмегімен өзім қалаған мамандықтың қыр-сырын үйрендім.

Содан бері он жеті жыл зымырап өте шығыпты. Үш сыныпты бітірттім. Менің алдымнан бірнеше оқушы білім мен тәрбие алып, өмірге қанат қақты, мұғалім мамандығын таңдағандары да бар.

Мені ұжым тәрбиелесе мен бір-бір үйдің еркесін тәрбиеледім.Үйрете жүріп үйрендім, тәрбиелей жүріп тәрбиелендім. Осы еңбегімнің арқасында 2013 жылы «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсына қатысып III дәрежелі дипломмен марапатталдым. Облыстық инновациялық -педагогикалық идеялар фестиваліне қатысып

мақтау қағазымен марапатталдым. Оқушыларым Бөкенова Маржан 2008 жылы қалалық олимпиадада дүниетану пәнінен III орынға иеленіп мақтау қағазымен марапатталды. Габаев Диас 2012 жыл «Бастау» республикалық математикалық турниріне қатысып II дәрежелі дипломмен марапатталды. 2011-2012 оқу жылында Шотанбеков Елдос алтын белгіні қорғап, жоғарғы оқу орнында білімін жалғастыруда.

Өзімнің балам Арайлым да осы мектепте 5-ші сыныпта оқиды. 2012 жылғы республикалық жас зерттеушілердің «Зерде»- ғылыми жобалар және шығармашылық жұмыстар конкурысының II дәрежелі диплом иегері.

Ұжымыма айтар алғысым шексіз.Өмір атты өзеннің ағысына қарсы жүзуге, қиындықты жеңе білуге үйрендім.Қиындықта да, қызықта да ұжыммен біргемін.

Ұстаз білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі. Шәкірті өзінен озған ұстаз – еңбегі ақталған ұстаз



Мен **Каленова Гүлайым Серікбайқызы** 1965 жылы Бесқарағай ауданы, Беген ауылында дүниеге келдім. Беген ауылындағы орта мектепті 1982 жылы аяқтаған соң, 1986 жылы М.Әуезов атындағы педагогикалық училищесін, 2000 жылы «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша Семей мемлекеттік университетін бітірдім.

1986 жылы ұстаздық еңбек жолымды бастадым. 1992 жылдан бастап Шәкәрім атындағы облыстық үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мектепте еңбек етіп келемін. Қиыны мен қызығы мол мамандықты игергеніме биыл 28 жыл болыпты. Алдымнан жүздеген шәкірттер түлеп ұшып , өмірге жолдама алды . Шәкірттерім шетелдерде, еліміздің жоғары оқуларында білім алып, әр салада еңбек етуде. Солардың бірі Оразбаев Аян Американың Колорадо университетін бітіріп, еліміздің экономикасының дамуына үлес қосып жатыр. Шәкірттерімнің талантын шыңдап, қабілетін дамытуда аянбай еңбек етудемін. Нәтижесінде шәкірттерім халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық олимпиадаларға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Республикалық «Бастау» математикалық турниріне 2010 жылы Серікқалиев Бекжан, 2013 жылы Елмиров Сұлтан қатысып , жоғары лигада II орынды жеңіп алды. Бастауыш сыныптар бойынша облыстық олимпиадаға қатысып, Ясинова Альбина қазақ тілінен I орын, Оразғалиева Мариям математика пәнінен II орын алды. Елеулі еңбегім үшін «Білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталдым.

Өз бойымдағы білім мен парасатты , ізгі қасиеттерді оқушыларымның бойына сіңіруге тырыстым. Егер әрбір алдымда оқыған шәкірттерім өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздарынан озып жатса, төккен тер мен адал еңбегімнің ақталғаны емес пе ?! «Ұстаз бақыты- озып туған шәкірті» дегендей еліміздің түкпір –түкпірінде жүрген талантты, білімді шәкірттерімнің болғанына қуанамын!



Я **Калиева Гульсан Кабдырахмановна**родилась в 1964 году в селе Аксуат в учительской семье. В 1987 году закончила филологический факультет СПИ им. Крупской. В данной школе работаю с 1989 года.

Моя школа отметит юбилей – 90 лет со дня основания. А в юбилей принято подводить итоги прожитых лет, анализировать прошлое, настоящее, строить планы на будущее…

Школа подобна могучему дереву, на котором не сосчитать листьев. Всякое дерево имеет корни, иначе бы его повалили ветры. Корни - это то, чем мы жили вчера, год, девяносто лет назад. История моей школы – моя история. Взявшись за перо, я невольно задумалась о значимости, о роли учителя в жизни каждого из нас.

Говорят, что для счастья человеку нужно немного везения: «от кого родиться и у кого учиться». Я вспомнила своего отца, заслуженного учителя КазССР, Кабдырахмана Оразалина, для которого не было профессии благородней учительской. И когда я думаю, каким должен быть настоящий учитель, я всегда вспоминаю его. «Знание русского языка и русской культуры делает казахов равноправными с этим народом», - повторял отец. Судьба подарила мне радость общения еще с одним учителем - Султановой Алией Бердалиевной. Каждый ее урок – это урок нравственности и доброты. Это нравственная память должна быть у каждого из нас, так как именно память делает нас сильней. Как прекрасно она читала стихи! Ее чтение всегда останется для меня образцом. Желание научить, а не просто учить – вот что было главным в ее методике.

Многому я научилась у своих наставников, коллег. Но большему – у своих учеников. Вспоминаю своих учеников, прошедших передо мной за 24 года работы передо мной. Помню их удачи и достижения, взлеты и невзгоды. Я благодарна каждому из них за творческий союз, за уроки свободной мысли. Участие в научно – исследовательской работе позволило выявить творческие способности учащихся, улучшить контакт с ними, дать им эмоциональную поддержку для самоутверждения.

За годы работы подготовила победителей и призеров олимпиад и творческих конкурсов различного уровня.

В 2010 году мой ученик Нургалым Абзал занял 1 место в городском конкурсе чтецов «Я вдохновенно читаю Пушкина», 2012 году в областном научно-исследовательском проекте «Слово и текст» он занял 2 призовое место. В разные годы ученики Дабылова Назира, Тулеутаева Айганым, Оразалина Индира, Акпаров Алмат были призерами областных предметных олимпиад. Я горжусь успехами своих учеников и как классный руководитель: Омирбаевым Нуржаном, Егизековым Адлетом, Бейсекиным Ержаном и многими другими.

Опыт работы позволил мне стать автором нескольких методических пособий, «Программы практического курса русского языка». Результатом этих наработок стало участие в «Фестивале инновационных идей», являюсь призером республиканского конкурса «Лучшая авторская программа». Была членом жюри городской предметной олимпиады по русскому языку с казахским языком обучения. Стала руководителем МО учителей русского языка и литературы в 2008 году. Под моим руководством в 2010 году МО удостоено Гран-при на городском конкурсе «Лучшее МО русского языка и литературы» города Семей. В 1999-2013 г.г. принимала участие в выездных семинарах с обменом педагогического опыта в сельские школы.

Охотно делилась опытом работы с коллегами в рамках республиканского, областного семинаров, выступая с докладами и открытыми уроками.Моя педагогическая деятельность была отмечена грамотами, благодарственными письмами городского и областного уровня, нагрудным знаком «За вклад в развитие образования», отмечена ценным подарком министра образования РК.

Я благодарна учителям своей школы, привившим моему сыну Даурену доброту, благородство и уважение к старшим.

Мысли летят в будущее. Моя школа как сильное, крепкое дерево, растет и устремляется ввысь. У нас одна история, жизнь, а значит, и одна душа… Я очень хочу, чтобы глаза моих вчерашних учеников были спокойны и мудры, а глаза сегодняшних – светились энергией и уверенностью в завтрашнем дне. Издревле на Востоке говорили: «Дорогу осилит идущий». Мы и должны идти вперед к той мечте, которая вдохновляла наших учителей, к мечте, без которого нет будущего.

Ұстаздық- ұлы мамандық



Қосақбаева Жанагүл Райымханқызы - Негізін пайғамбарлар салған осы ұстаздықты кейде «пайғамбарлар мамандығы» деп те атайды. Бар мақсат-міндеті адам бойына ізгі қасиеттерді дарытып, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыратын бұл кәсіптің «ұлы мамандық» аталуы да сондықтан.

Мен үшін ұстаз болу- бір бақыт. Бұл –балалардың ортасында мейірімді, бақытты қарым-қатынас қуанышына бөлену. Қолыма қалам алуыма түрткі болған да осы он бес жылғы ұстаздық өмірімнің елеулі кезеңдері. Әрине, ең ұмытылмайтыны –мұғалім болып келген ең алғашқы жыл. Тараз Мемлекеттік Университетін бітірген 40 шақты түлек болашаққа үлкен үміт артып, қолымызға жолдамамызды алып, жұмысқа деген құлшыныспен мектептерді аралап, жұмыс іздеуге кірістік. Қай мектептің есігін ашсам да көкейімде өзімді қалай таныстырамын, неден бастаймын, өзімнің қандай іске жарайтынымды қалай дәлелдесем деген сауал тұрды. Ең алғашқы мектептен қоңырау шалып, әңгімелесуге шақырғандағы көңіл-күйімді ешкімге айтып жеткізе алмаспын. Сол күнді асыға күттім. Алайда, қорқыныш сезімі де жоқ емес еді.

Міне, асыға күткен күн де келді. Мектеп директорының қабылдауына бардым. Жүзі жайдарлы, ажарлы кісі құжаттарымды қарап шықты да, университет қабырғасында жеткен жетістіктеріме көз жүгірте отырып аса ризашылықпен жымиды. Көңілім орнына түскендей болды. Жас маман екенімді ескерте отырып, маған үлкен сенім артып, 5-7 сыныптарды бекітіп берді. Әңгіме барысында мені қалтқысыз бағып отырған мектеп директоры қосымша «Абайтану» курсын жүргізсең қайтеді, дауыс мәнерің өте жақсы екен деген ұсыныс айтты. Қуанышым қойнына сыймай, сеніміңізді ақтаймын дей беріппін.Содан нағыз қызық еңбек майданына араластым да кеттім.

Алғашқы сабағым 7-сыныпта қазақ әдебиеті сабағы болатын. Жүрегім алып ұшып, өзімді қалай ұстарымды білмедім. Толқынысым күшейіп кетті. Өзімді таныстырдым да , жаңа сабақты бастап кеттім. Жоқ, балалар ден қойып тыңдап отырған сияқты. Сонда ең бірінші, алдыңда отырған оқушыны тек біліммен, өзіңе деген сенімділікпен ғана баурап алуға болатынын түсіндім. Жас маман ретінде көмек көрсету мақсатында бекітілген тәжірибелі ұстаздардың көмегі маған көп тиді. Әдістемелік әдебиеттерді көп оқып, тәжірибелі ұстаздар Сламбекова Жадыра, Далабаева Айбарша апайлардың сабақтарына көп қатысатынмын. Жаны асыл ұстаздарымның маған айтқан әрбір ақылы, берген кеңесі өмірлік сабақ болды. Келер жылы мектеп директорының шешімімен 5-сыныпты жетекшілікке берді. Екі жылдан кейін қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері олимпиадасының жүлдегері, одан кейін «Жыл сынып жетекшісі» байқауының жеңімпазы атандым. Қанша қиыншылықтар кездессе де жеңуге тырыстым. Оқушыларыма да, өзіме де көңілім тола бастады. Қай істі бастасам да үлкен толғаныспен, дайындықпен баруды мақсат еттім. Дайындаған балаларым қалалық, облыстық байқаулар мен олимпиада жеңімпаздары атанған сайын төбем көкке жетті. Ұлы мамандықты игере жүріп, ағынан ақтарылған аналардың, езуінен енші берген ақсақалдардың асқақ адамгершілік пен зор ықыласынан туындаған асыл қасиеттердің жас жеткіншек үшін рухани азық екенін ұстаз ғана ұқтыра алатынын сезіндім.

Сонымен бірге өз білімімді «Сыни тұрғыдан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» семинарларына қатысып шыңдадым. Білім өрісін кеңейту мен ізденістің арқасында ұлағатты ұстаз Момынқұлова Алтын апаймен таныстым. Осы жобаның тренері атандым. Өз білгенімді енді ұстаздарға үйрете бастадым. 5-сыныптан алған балаларды 11-сыныпқа дейін жеткізіп, жаңа өмір жолына шығарып салдым.

Сол жылы жолдасымның қызметіне байланысты Алматы облысына ауысуға тура келді. Қайтадан жаңа толғаныс, жаңа толқу. Шыны керек, жан-жақты болуға тырыстым. Орналасқан мектебім аралас болғандықтан, қазақ сыныптарының аздығынан орыс

сыныптарына да қазақ тілінен сабақ беруге тура келді. Орыс сыныптарында тақырыптардың үстірт, жеңіл берілетіндігі көңіліме қонбады. Тағы да 5-сыныпқа жетекшілікке тағайындалдым. Сыныпта 32 бала. Жалпы сыныптың әлеуметтік жағдайы өте төмен, «нашар сыныптың» бірі болды. Бірақ қалайда, сол сыныпты жақсы сыныптар қатарына қосуды алдыма мақсат етіп алдым. Тек өз пәнім ғана емес, мені сол сыныпта жүргізілетін барлық пәндер қызықтырды. Рейтинг бойынша қай пәннен үлгермей жатқан оқушы болса, оларды өзім оқытуға бел будым. «Еленбейтін еңбек жоқ» деген рас екен. Қазір қарап отырсам, сол еңбектің арқасында әр жыл біз үшін табысты болыпты. Сыныбым аудан бойынша үш жыл қатарынан «Үздік сынып» атанып, аудан әкімінің жүлдесін жеңіп алды. Өзім де «Білім беру технологиялары жәрмеңкесінде» Бас жүлдені иелендім. Сыныпта «Қызғалдақ» би тобын, «Мөлдір бастау» драма үйірмесін құрып, оларға сахналық костюмдер тігіп беретін болдым. Балалардың қызығушылығы соншалық бірнеше байқау жеңімпаздары атанды. Егер айтылған сөз ойдан ой тудырса, егер ол дамуға, ізденістерге, сәтті табыстарға қозғау салса , онда істің алға басқаны. Оқушының әрбір ойын қалтқысыз тыңдауға, баланы өзіммен тең ұстауға тырыстым. Шашыраңқы сыныптың моральдық- психологиялық ахуалы жақсара бастады. Балаларға бәрінен де бұрын өздеріне деген сенімділікті, жан-жақты болуды үйреттім. Мұғалімдік іс-әрекетіме төңкеріс жасап, оқушыға теориялық біліммен қатар оның өміріне қажетті білім мен білік дағдыларын тиісінше меңгертуді, заман ағымына сай білім беруді көздедім. Оқушыларым облыстық пән олимпиадаларында жүлделі орындарды иеленсе, енді бірі облыстық, республикалық мәнерлеп оқу сайыстарының, шығарма байқауларының жеңімпаздары атанды. Ізденістің нәтижесінде Облыстық «Үздік қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» байқауында I орын, облыстық «Жыл сынып жетекшісі» байқауында II орын, «Облыстық қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізген үздік мұғалімдерге көтермелеу гранттарын тағайындау» байқауының Құрмет грамотасымен, бірнеше аудан әкімінің, Облыстық білім басқармасының Құрмет сертификатымен, Алғыс хаттарымен марапатталдым. Артынша білім бөлімінің әдістемелік кабинетіне әдіскерлікке ұсынылдым.

Жодасым әскери қызметте болғандықтан жұмыс орнын тағы ауыстырдым. Бұл жолғы ұстаздық қызметімді жалғастыру бақыты Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған орта мектептен бұйырды. Жаңа орта, жаңа толқу. Бұл алғашқыдай ұстаздықтың басындағы толқу емес, жаңа көкжиектерге ұмтылу барысындағы іштей толғаныс. Биылғы оқу жылында мектебіміз өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өту қарсаңында. Тарих үшін де, келер ұрпақ үшін де маңызы бар бұл іс-шараға ұстаздар қауымы кірісіп-ақ кеткен.Осындай сәтте, жаңа ортада ұйымдастырушылығы мен іскерлігі ұштасқан басшы Аубакирова Алма Медетқызының қабілет-қарымы мен парасаттылығы, қолына алған істі шыр айналдырып, шырайын шығармайынша тынбайтын ұстаздар қауымының қарбаласы жаныңа сенім ұялатады.

Бірақ қай ортада жүрсем де, ең бірінші мен өзімнің ұстаз екенімді ұмытпауым керек. Менің мақсатым- алдымда отырған шәкірттің талабын шыңдап,талантын ұштап, елдігімізді танытатын азамат етіп тәрбиелеу. Себебі, ұстаздық- ұлы мамандық.



Кожахметова Айнур Қапанқызы 1999жылы Сәкен Сейфуллин орта мектебін бітіріп, Семей қаласындағы М.О.Әуезов атындағы Университетте тарих факультетіне түсіп, 2003 жылы тарих мамандығы бойынша бітірдім. Бітіре сала Семей колледжінде мұғалімдік қызметін атқардым.

Ал 2004 жылы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясына қызметке орналастым Ол кезде мектеп басшысы Сатыбалдинов Болат Сәдуақасұлы еді. Ол кісі өте қатал, әр адамға сын көзбен қарап, әр іске талап қоятын. Мамандығыммен қоса, 6 сыныпты класс жетекшілігінде жүктеді. Қиындығы мен қызығы мол оқушылармен

тез тіл табысып жұмыс жасап кеттім. Қазіргі таңда оқушыларым өздерінің таңдаған мамандықтары бойынша жоғарғы оқу орындарында білім алуда. Әсем Тлегеновна, Мейрамгул Сейілхановна, Сәуле Тазабековна маған ең алғашқы жылдары бағыт-бағдар беріп үлкен өмір жолына түсуіме көмектесті. Сол жылдары 5 жыл ішінде маған қолдау көрсеткен жақын адамдарыма алғысым әлі де шексіз.

Бүгінгі таңда 10 жыл уақыт ішінде көптеген жетістіктерге жетіп, өз мамандығыма деген мақтаныш сезімім асқақтай түсті. Өлкетану бағыты бойынша «Аймақтық тарихи деректер»таңдау курсы бағдарламасын жасадым. «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсына қатысып ІІІ орын иелендім. Астана қаласында өткен Халықаралық «Қазақстан тарихынан ғылыми зерттеу жұмысы» конкурсына қатысып ІІІ орын алдым. Дарынды оқушыларға білім беруде педагогтың инновациялық тәжірбиесін айқындау мақсатындағы рейтінгілік көрсеткіште ондыққа еніп, «Тағылым мен танымға қанат қаққан ұстаз» номинациясымен марапатталдым. Жаңашыл ұстаз әрқашан білімін жоғарлатып отыру қажет. Кембридж бағдарламасының негізінде ІІІ деңгейлік біліктілікті арттыру курсын бітірдім. 2013-2014 оқу жылында облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталдым. Сонымен қатар Көкшетау қаласында өткен Қазақстан тарихы пәнінен «Тарих ата» VIII республикалық қашықтық олимпиададан 5 сынып оқушым Байтлеуова Камила ІІ орын, Айтқазы Ермахан ІІІ орын, Ирбаева Салида ІІІ орын иеленіп өз білімдерін көрсетті. Жас зерттеушілер жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» қалалық кезеңінде І орын Абдрахманова Алпеш, Рашкен Назым, 8 сынып оқушысы Ақылов Қуаныш ІІІ орын. Абрахманова Алпеш, Рашкен Назым «Шоқан суреші»тақырыбында «Зерде» жас зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсының облыстық кезеңінде ІІ орын иеленді. Шәкәрім атындағы облыстық үш тілде оқытатын дарынды балалар мектебінде қызмет жасап жүргенімді мақтан тұтамын.Менің алдымнан алдағы уақытта Тәуелсіз Қазақстанымыздың іргесін қалайтын талай ұшқыр ойлы,халқымыздың мақтанышына айналатын шәкірттерім түлеп ұшатынына сенімдімін!



Мен, **Қойшыбаева Әлия Ардаққызы**, 1985 жылы 13 қаңтарда қазіргі Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылында дүниеге келдім. Әкем қызмет бабымен Шығыс Қазақстан облысы, Қарауыл селосы Абай ауданына ауысып, аталмыш жерде 1991 жылы алғаш мектеп табалдырығын аттап, 9 сыныпқа дейін білім нәрімен сусындадым.
Тоғыз жылдық мектеп білімін алғаннан кейін 2000 жылы Семей қаласындағы М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжге «Ағылшын тілі» мамандығы бойынша оқуға түстім. 2004 жылы төртінші курста №5 мектеп-гимназиясында мемлекеттік іс-тәжірибеден өтіп, сол жылы оқуымды «Үздік аттестатқа» тәмамдадым. Кәсіби білім алу жолым 2004-2007 жылдар аралығында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік Университетінде жалғасын тапты. 2007 жылы аталған оқу орнын бітіргеннен кейін, еңбек жолым басталды. Осы жылы қаламыздың Политехникалық колледжіне секретарь - референт болып қабылдандым. Көп ұзамай, 2007 жылдың күзінен бастап, СМФ АҚ «Имсталькон» құрылыс компаниясына ағылшын тілінен аудармашы болып жұмысқа тұрдым. Бұл қызметте жеке өміріме де, кәсіптік жолыма да пайдасы мен берері мол тәжірибе жинақтадым десем артық айтпаспын. Шет тілінде сөйлеушілермен қарым қатынас жасаудың қаншалықты маңызды екенін түсіндім.

Ұстаздық еңбек жолым 2010 жылдан бастап «Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектепте» жалғасын тапты. Аталған мектепте жұмыс істеу маған үлкен шабыт, бағыт-бағдар, мол тәжірибе және педагогикалық жұмысыма құлшыныс берді.

2013 жылдың 15 шілде және 22 қыркүйек аралығында екінің біріне беріле бермейтін мүмкіндік «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлем елдерінің ішінде озық та, үлгілі мемлекет саналын Еуропа жүрегі Швейцарияның Монтре қаласына «Педагогикалық

диагностика. Білім беру жүйесін бағалау және басқару» атты тіл дамыту курсына барып қайттық. «Басқаларды үйрете жүріп, біз өзіміз үйренеміз» демей де халық. Ол жақта көптеген профессор ұстаздардан дәріс алып, келешек жұмысымызға қажетті тәжірибе жинадым. Тәжірибе соңында сертификатпен марапатталып, модератор грамотасына ие болдым.

2013 жылдың қазан айында мектебіміздеөткізілген республикалық семинарда “Comparing Eastern and Western Cultures” тақырыбына ашық сабақ өткізіп, оның жалғасын «Колейдоскоп» шеберлік –класынмен ұштастырдық.

Шәкіртінің жетістігін көру әр ұстаз үшін мәртебе. Осы ретте оқушыларым “British Buldog”, “Urfodu” сынды және мектепішілік пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.



Манабаева Айнур Акылбековна - Прошло четыре года, как я живу в Астане, работаю в школе-лицее №54 учителем русского языка и литературы. Но мои воспоминания о школе-гимназии №5 г. Семей, где я проработала 23 года, до сих пор яркие. И эти воспоминания никогда не сотрутся. Потому что в этой школе прошли лучшие годы моей жизни – молодость. Именно здесь я нашла настоящих друзей: Тургамбаеву Ж.Т., Жумаканову Б.У., Тогжигитову С.С., Калиеву Г.К., Мухамадиеву С.Т., Есенбаеву Ж. Б. Впервые столкнулась с жизненными трудностями и радовалась своим первым победам.

Двери школы №5 я открыла еще студенткой в 1983 году. Проходила педагогическую практику, которой руководила профессор, кандидат педагогических наук Бадамбаева Г.А. Именно она научила меня заходить в класс, начинать урок, смело смотреть в глаза детям и отдавать им все, что есть в тебе. А уже в 1986 году я была принята учителем русского языка и литературы директором школы Сулейменовым Е.С. Очень добрый, мудрый человек. Светлая ему память!

В моем становлении, как учителя русского языка, сыграли огромную роль мои учителя - наставники : Мукажанова Н.М., Рахимбекова Р.Ж., Султанова А.Б., Жананбаева К.М. Это замечательные педагоги, мудрые женщины, трудоголики, беззаветно преданные своему делу.Спасибо вам за все!

Особо ярким впечатлением моей работы в школе я бы назвала КВН-ы городского уровня, которые мы вместе с учителем русского языка и литературы Тургамбаевой Ж.Т. проводили в 1998 году со школой №42 на тему «Счастливая , невозвратимая, пора!», в 2000 году - со школой №22 на тему «Веселее с нами в XXI век!». Команды нашей школы выступили ярко, талантливо и, конечно же, победили. Сегодня эти ребята- известные люди, которые нашли свое достойное место в жизни: Азбергенов Жигер, Ганиев Толеген, Дауменов Галымжан, Нуралинов Султанбек, Карлыбаева Гульнар и т.д.

С 2001 по 2010 год мои ученицы Белеуханова Инкар, Мукажанова Гульсара, Смагулова Салтанат, Оралбеккызы Улболсын ежегодно занимали I, II места в городской олимпиаде. Мукажанова Гульсара в 2007 году заняла I место в областной олимпиаде и стала участником Республиканской олимпиады.

За время работы я выпустила 3 класса: в 1999 г., в 2006г., в 2010 г.

С особой теплотой вспоминаю директоров школы в разные периоды: Сарсембаева Е.К., Аубакирову А.М. Это люди, которые подняли школу на новый ,высокий уровень.

В школе-гимназии №5 училась моя дочь, Сарсенгалиева Жулдыз. Сегодня она взрослый человек, работает бухгалтером в ТОО «KazManagementGroup» города Астаны.

В 1985 году почти с отличием закончила эту школу и моя сестра Манабаева Анар. Она с теплотой вспоминает свою родную школу, дорогих учителей.

Школа-гимназия дала всем нам ничем не заменимый жизненный опыт. И всегда она будет светлым этапом нашего жизненного пути.



Мухамадиева Сауле Тазабекқызы Семей қаласына алыстағы Мақаншы ауданынан қоныс аударып келіп, 1992 жылдың қараша айында №5 мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа орналастым. Бұл мектепке келуіме тікелей себепкер болған осы мектептің қалыптасуына ерекше еңбек сіңірген азаматтардың бірі, мектептің тарихында аты қалуға тиіс тұлға Е.Қ.Сәрсембаев пен қазіргі бастауыш сыныптар жөніндегі директордың орынбасары Н.С. Хасеноваға алғысым шексіз. Мен бұл алғыс сезімін тап сол 1992 жылы айрықша сезінген едім.

№5 мектептің гимназия статусын алып, Шәкәрім бабаның атын иеленуі - мектептің сол кездегі директоры Е.Қ.Сәрсембаевтың еңбегі болатын. Бұл жайлы басқа азаматтар да айта жатар, мен басқа жайларға тоқталсам деймін.

1992 жылдың желтоқсан айында мектеп тарихындағы ерекше атап атар жайт Ерлан Қасымұлының бастамасымен алғаш рет эксперименттік сынып ашылды. Бірінші сыныптардың «Әліппені» әлі де толық меңгермеген оқушыларының арасынан ерекше талапты 17 оқушыны жинап, оқу жылының II тоқсанының ортасында екінші сыныпқа қабылдадық. Сол сыныппен жұмыс жүргізудің жауапкершілігін бұл ұжымға күні кеше ғана жұмысқа қабылданған маған жүктеуі – Ерлан Қасымұлының табанды тапқырлықтарының бірі еді. Әрине, бұл оқушылармен жұмыс жүргізудің қаншалықты қиын болғаны маған ғана мәлім болса, сол сыныптың ата-аналарының ерекше жігері жұмыстың ауыр жүгін жеңілдеткен аса зор көмек болды дер едім. Шарипова Мира, Аймұхаметова Салтанат, Мұсатаев Алмас және Миржан (қазір фамилиясы есімде сақталмапты) т.б. оқушылардың ата-аналарының баласының білімі мен тәрбиесіне жасаған ықпалы айрықша зор болғаны менің есімде ерекше сақталып қалды. Сол жылдары мектептің бастауыш сыныптардағы оқу ісінің меңгерушісі болған Шайзат Биғожақызының да жұмыс барысындағы қамқорлығы үшін алғысымды білдіремін.

1995 жылы жаңадан бірінші сыныпқа оқушы қабылдаған кезде мен олармен мектептің соңғы баспалдағына дейін бірге баратынымды білген жоқ едім. Тағы да Е.Қ. Сәрсембаевтың бастамасымен өзімнің бастауыштағы оқытқан сыныбыммен ортаңғы буынға өтіп, тарих пәні мұғалімі атандым. Сөйтіп мектеп өмірінде тағы бір тарихи жайт орын алса, оған да мұрындық болған мектеп басшысының жұмысты ұйымдастыру қабілетінің ерекше бір қыры еді . Әрине, сол тұстар менің есіміммен де тығыз байланысты болғанын мақтан етемін. Осы шәкірттеріммен 11 жылды бірге өткізіп, 2006 жылы үлкен өмір жолына өзім шығарып салдым.

Бұл сыныптың оқушылары мен ата-аналары әрине, мен үшін есте қалар ерекше тұлғалар. Бүгінде еліміздің түпкір-түпкірінде сан алуан мамандық иесі ретінде еңбек етіп жатқан өз шәкірттерімді айрықша мақтан тұтамын. Банк қызметкері Саржанова Әсел, архитектура саласының маманы Балтабаев Ернат, Сапаров Мұхит, Аширов Самат, Дайырбекова Зәуре, Ғалымов Арман, юстиция саласының қызметкері Тұрғанбаев Азамат, Сағидолдаев Дәурен, дәрігер Қаматаева Гүлзат, экономист Сәрсенғалиева Жұлдыз, Хамитова Әйгерім, Смалиев Адайбек, спорт бапкері Тоқсанбаев Жанболат сынды азаматтарға тәлім-тәрбие беруге өз үлесімді қосқаныма әр кезде де өз-өзіме риза боламын. Осындай мүмкіндікті пайдалана отырып олардың әрқайсысына маған үнемі мақтаныш сезімін сыйлағаны үшін алғысымды білдіремін. Сынып жұмысының жандануына аса зор көмек жасаған Ахметова Айгүл, Балтабаева Айгүл, Исабекова Ләззат, Тасболатова Құрбанай сияқты ата-аналарға алғыс білдіре отырып, өздеріңіз мәпелеп өсірген азаматтарыңыз сіздерді мәңгілік бақытқа бөлей берсін дегім келеді.

Алла тағала маған өмірдің келесі парақтарын еліміздің бас қаласында жазуды нәсіп етіпті. 2010 жылы Астана қаласына қоныс аударып, №54 мектеп-лицейіне жұмысқа тұрдым. Жаңа ортаның қиындығын сезінген тұстарда мен үшін өмір мектебі болған Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназияның ұстаздар ұжымын әр кездерде сағынышпен еске аламын. «Жақсы сөз жарым ырыс» демей ме, «Сен шығармашыл тұлғасың» дейтін Алина Әсия Кенішбайқызының менің өмірлік ұстанымымның қалыптасуына тигізген зор ықпалын ерекше атар едім . Қазіргі таңда шығармашыл ұстаз

атанып, еңбегімнің еленіп жүрген тұстары болса, ол үшін мен Әсия Кенішбайқызына қарыздармын. Имандары саламат болғыр қадірлі жандар Төкен ағаның, Күлән апайдың, Жомарт Бәзенұлының, Ғибат Ибраимұлының мектеп өмірінде ерекше орындары бар еді. Нұржамал Момынжанқызы, Әсия Кенішбайқызы, Раиса Жұмағалиқызы, Әсем Тілегенқызы, Гүлжанат Рахымқызы, Рысбике Мұқанқызы, Күләнда Медеуқызы, Айша Тоғанбекқызы, Әлия Бердалықызы, Қапия Сексенбайқызы, Айтжан Шакенқызы, Зайтуна Мұқажанқызы, Қарлығаш Мұқанқызы, Қарлығаш Мұхтарқызы, Жанна Қамсызқызы, Күләнда Жұмағазықызы, Бақтиамал Құрманбекқызы сынды ардагер ұстаздармен қызметтес болғаным үшін мақтанамын. Бала тәрбиелеудің майталман мамандары бұл апайлардың мектеп тарихында, қала берді ел тарихында аттары қалуға тиіс азаматтар екендігіне шүбә келтірмеймін. Замандас ұстаздар Ләззат Сұлтанмұратқызын, Нұржікен Слямқызын, Гүлжан Серікқалиқызын, Динара Сәрсембайқызын, Мейрамгүл Сейілханқызын, Сандуғаш Сейітқалиқызын, Бақыт Уақасқызын, Жанар Тельманқызын, Гүлнұр Ериманқызын, Аман Сапарханұлын т.б. бүгін бірге қызметтес болып жүрген құрбылар мен әріптестерге мақтан етіп айтып отырамын. Астана өңіріндегі білім саласында еңбек етіп жүрген әріптестер арасында қасиетті Семей топырағынан, оның ішінде Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназияда еңбек еткен ұстаздар санының көп екендігіне мақтанамын. Орыс тілі пәнінің майталман маманы Айнұр Ақылбекқызы Манабаева екеуміз қазір бір ұжымда еңбек етудеміз. Еңбек пәні мұғалімдері Білдіхан Тәнзила, Махметова Маржан, бастауыш сынып мұғалімдері Гүлнар Әбдіахметқызы, Әлия Күзембаева, дене шынықтыру пәні мұғалімі Бояубаева Альмира, тарих пәні мұғалімі Мансурова Құрмет т.б бүгінде Астана қаласында жемісті еңбек етіп жатыр.

Халықтың баласы сияқты өзімнің бабаларым да осы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиядан түлеп ұшты. Әлі есімде, бір жолы ұстаздар күнін мерекелеп отырған тұста, ақындық өнері де бар Әсекеңнің (Әсия Кенішбаевна) маған арнап бір шумақ өлең жазғаны бар еді. Өлеңнің қысқаша нұсқасы мынадай: «Білімі терең, мүсіні сұлу тұлға, қаражат табам деп тырысуда, студент ұл мен қызға». Бүгінде сол студент қызым Жастабанова Анар Астана қаласындағы «Қазақстан Темір Жолы» компаниясында еңбек етсе, ұлым Раипов Даурен Қазақ Инженерлік Техника Академиясының соңғы курс студенті. Өз балаларымның тәрбие мәйегін Семей қаласындағы қара шаңырақтан алғанына тәубе етемін. Осы орайда олардың алғашқы ұстаздары Гүлайым Серікбайқызы мен Гүлнар Әбдіахметқызына зор алғысымды білдіремін. Семей қаласындағы қара шаңырақтан түлеп ұшқан талай түлектердің жеткен жеңістері үшін марқайып, қуанып отырамын. Телеарнадан Әзбергенов Жігерді, Оқубаева Жазираны көргенде мұғалім мәртебесінің бәрінен де артық екендігін сезінемін. Мен үшін тәрбие мен өнеге мектебі болған, Қазақстанның зиялы қауымының қатарын толықтыруға зор үлесін қосқан, бүгінде 90 жылдық торқалы тойын өткізгелі отырған Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын №5 мектеп-гимназияның қазіргідей елеулі биіктерге көтерілуі – айтары жоқ мақтаныш. Мектептің дамуына тікелей ықпал еткен мектеп басшылары Алма Медетқызы мен Бақытгүл Омарханқызына, Асқар Қонысбекұлына және барлық мектеп ұжымының еңбектеріне шығармашылық табыс тілеймін.



Мұқанов Әлем Мақсатұлы 1970 жылы, 24 қараша күні Семей облысы, Абай ауданы, Саржал ауылында дүниеге келдім. Саржал орта мектебін 1988 жылы бітіріп, осы жылы Семейдің Шәкәрім атындағы педагогикалық институтына түстім. 1993 жылы осы институттың көркем –сурет факультетін сызу-сурет, еңбек пәні мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Еңбек жолымды 1993 жылы өзім оқып бітірген, туған ауылымдағы Саржал орта мектебінде сурет-сызу, еңбек пәндерінің мұғалімі болып бастадым. Қызметімді 1997 жылы Семей қаласындағы байырғы білім мекемесі №5 мектеп

гимназияда жалғастырып, осы уақытқа дейін жұмыс жасап келемін. Мамандығыма сәйкес оқушылардың таным-әрекеттерін ұйымдастыру, шығармашылық ізденіс жасауда жаңа педагогикалық технологиялар бойынша интерактивті әдіс-тәсілдерді оқу процесінде пайдаланудамын. Балалардың еңбек сабағында жасаған бұйымдары қалалық, облыстық көрмелерде жүлделі орындарға иеленсе, «Наурыз мейрамы» мерекелеріне арналған «Қолөнер көрмесінде» Ұлттық өнерді шыңдай білгені үшін жыл сайын «Үздік көрме» номинациясымен марапатталады. Оқушылардың қол өнер туындылары Облыстық ғылыми-практикалық Дарын орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Жас өрт сөндірушілер» көрмесінде I, II орынды иеленді. Сондай-ақ Облыстық «Азияда -2011 балалар көзімен» атты көрмеде оқушылар жасаған бұйымдар I, II орынды алса, Рубцовск қаласында өткен халықаралық қолөнер көрмесінде II орынды жеңіп алды.

Мектепішілік қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, мектептің ішкі және сыртқы безендіру жұмыстарында өз қол таңбамды қалдырып келемін. Мысалы мерекелік шараларға сәйкес мектеп сыртын жасандыру, баннерлермен, түсті шамдармен өрнектесек, тақырыптық мектеп ішіндегі жасалған бұрыштар осыған дәлел. Біз жасаған «Шәкәрім бұрышы», «Мемлекеттік рәміздер бұрышы» «Қазақстан жолы» оқу-тәрбие орталығында көпшілікке қызмет жасауда. Еңбек жасаған жылдардағы жетістіктерім Облыстық Білім басқармасының Құрмет грамотасымен, Семей қалалық Кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен, Республикалық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен аталып өтілді. Балаларым да осы мектептің түлектері: Мақсұтова Сағыныш мектепті үздік бітіріп, Гумилев атындағы Евразия Университетінде оқыса, Мақсатов Мирас мектепті «Алтын белгіге» бітіріп, бүгінгі таңда оқуын осы Университетте жалғастыруда.



Мұқанова Бақытгүл Құлжағазықызы

(17.04.1964ж - 9.02.2012ж)

Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектепте 2006 - 2012 жылдар аралығында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. Осы жылдар ішінде бірталай игі шараларға қатысып,өзін танытып үлгерді. «Әке,шешем және мен,спорттық жанұя-біз деген » сайысын өткізуді жыл сайын дәстүрге айналдырып еді.

Мектепте қыздар волейбол командасын бірнеше жыл қатарынан басқарып, қалалық сайыстарда жүлделі орындарға ие болып жүрді. 2010-2011 оқу жылында Республикалық «Зерде» ғылыми жобалар сайысының облыстық кезеңінде «Дені сау ұрпақ-ұлт болашағы» атты жетекшілік еткен жобасы II орынға ие болып, мектеп бойынша шығатын «Шәкәрім дарындары» атты жинаққа енгізілді.

2010 жылы 30 наурызда өткен облыстық «Халықтық педагогика элементтерін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану» атты педагогикалық оқуларда «Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі ролі»атты баяндамасы «Үздік баяндама» деп танылды. Республикалық,облыстық қалалық басылымдарда , ғаламтордаwww.ustaz.kz сайтында бірнеше мәрте іс-тәжірибесі жарық көрді. Бірнеше мәрте Халықаралық, Республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, іс-тәжірибесімен бөлісті..

Мұқанова Бақытгүл Құлжағазықызының іс-тәжірибесі қалалық «Ертіс өңірі»газетінде, облыстық «Ұстаз» газеттерінде, Республикалық «Бастауыш білім беру» журналдарында жарық көрді. 2010 жылы мектеп бойынша «Дені сау ұрпақ-ұлт болашағы» фестивалі аясында өткен «Күштілер,ептілер, мықтылар» эстафетасын өткізгені үшін мектеп әкімшілігінің Алғыс хатымен, «Зерде» жас зерттеушілердің ғылыми жоба сайысына шәкірт дайындап,облыс бойынша II орын алғаны үшін мектеп әкімшілігінің Алғыс хатымен, 2009-2010 оқу жылдары халық қаһарманы Т.Рысқұлбековті, волейболдан спорт және еңбек ардагері О.Имангаликовті еске алудан өткен қалалық волейбол сайысында команда сапында өнер көрсетіп, Нұр Отан ХДП

қалалық филиалы тарапынан «Үздік ойыншы» Құрмет Грамотасымен ,жалпы білім беретін мектептер арасында өткен «Сергектік және денсаулық» спартакиадасында әйелдер арасында волейболдан «Үздік ойыншы» атанып, Мақтау Грамотасымен марапатталды.

Бақытгүл Құлжағазықызы ақжарқын, жауапкершілігі мол жан еді. Кеңпейілділігімен, әдемі қалжыңымен айналасындағыларды жадыратып жүретін Бақытгүл өз ұжымында өте сыйлы, беделді жан болатын. Өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің, адамгершілік қасиетінің, рухани мол жан-дүниесінің арқасында еңбек жолында әлі де болса кейінгі жас әріптестеріне үйретері мол еді..Бүгінде қызы Жансая осы мектепте үздік оқушылардың бірі. Келешегінен мол үміт күттіретін ол ана-ұстаздың артында қалған аманаты.

Қасенова Бақытгүл Серікқызы –
«Дене тәрбиесі» әдістемелік бірлестігінің жетекшісі



Мұқанова Нұргүл Құлжағазықызы 1971 жылы 28 қыркүйекте Ақсуат ауданында дүниеге келіп, 1978-1986 жылдары Ақсуат орта мектебінде білім алдым. 1986-1990 жылдары Семейдің М.О.Әуезов атындағы педагогикалық училищесін үздік дипломмен аяқтап, өзімнің туған ауылыма жолдама алдым.Алғаш еңбек жолымды өзім білім алған Ақсуат орта мектебінде мектебімде бастадым.1992-1993 оқу жылдары Ақсуат аудандық оқу бөлімінінің бастауыш сыныптар бойынша методист қызметін атқардым. Тұрмыс құруыма байланысты 1994-1995 оқу жылдары Екпін орта мектебінде ұстаздық қызмет атқардым.1991-1996 жылдары Семейдің Крупсая атындағы педагогикалық институтының тарих-педагогика факультетінде білімімді жалғастырдым.2011-2013 жылдары Семей (Қайнар) Университетінің педагогика –психология факультетінің магистратура бөлімінде дәріс алып, үздік аяқтадым. Ұстаздық еңбек жолымның ең көбі қазіргі еңбек етіп жүрген мектебімде өтіпті.1995 жылы алғаш рет осы мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып қабылданғанымда директордың уақытша қызметін атқарушы марқұм Жомарт Бәзенұлы, Раиса Жұмағалиқызы жылы шыраймен қарсы алып еді. Осы жылдар аралығында қаншама түлектер ұшырып, ұстаздық қызметтің қызығы мен шыжығын бірге көрген әріптестеріміздің біразы қазірде еңбек демалысында болса, біразы өмір ағымымен басқа қалада, не басқа қызметтерде жүр. Бастауыш сынып мұғалімі, тәжірибелі ұстаздар Жакишева Сабира, Далбина Мәншүк, Исаханова Қапия апайлардан, әріптестерім Бояубаева Альмира, Нұрғаламова Гүлнарлардан үйренгенім де өте көп.

Ұстаз- адам жанының бағбаны» -деп халық даналығы айтқандай, мен шәкірттеріме білім беріп қана қоймай, адам бойындағы жақсы қасиеттердің дәнін себуге тырысамын. Адамзатқа жат қылықтардан аулақ жан-жақты дамыған тұлға болуға,ең бастысы–жақсы адам болуға тәрбиелеймін. Шәкірттерімнің бойынан осы қасиеттерді көріп қуанамын да.Түлектерімнің алды бір-бір мамандық иесі болып, өмірден өз орнын табуда. Шәкірттерімнің бойынан қандай да болсын ізгі қасиеттерді,бейінділікті байқауға тырысамын. Кішкентай болса да,қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болулары, ұстаздық еңбегімнің жемісі деп ойлаймын

Жемісті еңбегімнің арқасында бірқатар жетістіктерге де жеттім. Атап айтқанда 2004-2005 оқу жылында қалалық,облыстық бастауыш сынып мұғалімдер олимпиадасының Гран-При иегері, 2009жылы қалалық,облыстық «Бастауыш сынып әдіс бірлестігінің Үздік жетекшісі» конкурстарының Гран-При иегері, 2010 жылы Республикалық VI «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсының III орын иегері атандым. Бірнеше жыл қатарынан Республикалық «Бастау» матемикалық турниріне шәкірттер даярлап жүлделі орындарға ие болып,мектебіміздің, облыстың намысын қорғадық. Шәкірттерім 2011, 2012 жылдары VI

және VII Республикалық жас зертеушілердің «Зерде» ғылыми жобалар сайысына қатысып, жүлделі III, II орындарды иеленді.

Ұстаздық жұмысымдағы нәтижелі істерім бағаланып, ҚР білім және ғылым министрлігінің Алғыс хаты және Құрмет Грамотасымен, «Ерен еңбегі үшін» медалі, Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының Мақтау Грамотасы,бірнеше мәрте облыстық, қалалық Білім департаментінің, Қалалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының Мақтау Грамоталарымен марапатталдым.

Мен ұстазбын - арман еткен биіктікті



Мукашева Молдир Бекенқызы - Кез келген адам баласының бойында арманы болады. Ес білген шағымнан ұстаз болуды армандаған мен мұғалімдерімнің білімпаздығына, жан-жақтылығына, жүріс-тұрыстарына, тіпті киген киімдеріне дейін қызығып, қай істе де оларға ұқсауға тырысатынмын. Бала қиял менің алдыма үлкен мақсат қойды. Сол мақсат жетелеп 2008 жылы Талдықорған қаласынан киелі Семей шаһарына алып келді. Абай, Мұхтардай алыптар туған жерде білім алып, үлкен өмір баспалдағына қаландым. Бүгінде, жас болсам да, сол мақсат жолында табандылық танытып келемін. Ұстаздық биікке шығарар ең бірінші баспалдақ білімділік болса, үздік аттестатым мен Семей педагогикалық институтының білімімнің нәтижесіне берілген үздік дипломы осының айғағы бола алады.

2012 жылғы шілде айының 19 жұлдызы... Дәл осы күн − Семей мемлекеттік педагогикалық институтының химия мамандығының түлектерінің диплом алатын күні. Диплом алып, бойымызды қуаныш билеп, мәз-мейрам болдық. Келесі күні болашағым туралы қобалжуым басталды. Дәл осы жылы Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылаған мектепке жұмысқа қабылдандым. Қиындығы мен қызығы бір жүретін ұстаздық қызметім басталып та кетті.

Мектеп табалдырығын алғаш аттаған күннен бастап, мектеп әкімшілігінің, ұстаздардың шапағат шуағы мен мейіріміне кенелдім. Өзімнің осындай ортаға келіп түскеніме жан дүниеммен тебіреніп, кеудемді қуаныш биледі. Жас болсам да маған үлкен сенім артып, қазіргі заман талабына сай жабдықталған химия кабинетінде жетекшілік міндетін бекітіп, 9 «Ә» сыныбына сынып жетекшісі етіп тағайындады. Шамам келгенше сенімнен шығуға тырысып, уақытпен санаспадым. Әр күнімді ізденіспен үйренуге арнадым. Осы еңбек жолымда көп бағыт – бағдар берген химия пәнінің мұғалімі, қазіргі жетекшім, әрі ақылшым Тұрысбекова Бахтикамал апай туралы айтқым келеді. Ол кісі әр сабағыма ақыл – кеңес беріп, өзінің білгенін аянбай үйретуде. Сол кісінің арқасында қиындықтарды қиналмай жеңе білуді үйрендім. Осы уақыт аралығында «Жас ұстаздардың шығармашылық ізденісі – сапалы білім кепілі» тақырыбында өткізілген облыстық педагогикалық оқуға қатысып II орынды иелендім. Республикалық «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасына қатысып «Жас педагог» номинациясы бойынша марапатталдым. Биылғы оқу жылында мектебімізде өткен үлкен республикалық ғылыми практикалық семинарда «Паскаль тілінде химия есептерін шығару» тақырыбында ашық сабақ өткіздім, сабағым жоғары деңгейде бағаланды. Өзімнің ойларым мен идеяларымды баспа беттері арқылыұстаздармен бөлісудемін. Атап айтатын болсам: Республикалық әдістемелік «Ашық сабақ. Факультативтік сабақтар» №5(31)2013ж. журналына «Химиялық реакциялардың белгілері»; Республикалық ғылыми-әдістемелік «География, Биология, Экология» №5, 2013ж. журналына «Жеке тұлғаны дамытудағы экологиялық тәрбиенің рөлі» тақырыбындағы мақалаларым жарияланды. Бұл менің еңбек жолымның алғашқы баспалдағы ғана, мұнымен шектеліп, барлық істі тындырдым деуге болмайды, өйткені біздің мамандық оны көтермейді. Үнемі ізденіс үстінде болып өзі де

үйреніп, шәкіртін де үйретететін ұстаз ғана Қазақстанның сенімді тірегі болмақ. Өзімді осындай ұстаздардың қатарынан көргім келеді.Себебі мен биіктікті армандаған ұстазбын.



Мен, **Нұрахметова Жанар Бәрәмқызы** 1978 жылы 21 қаңтарда Семей облысы, Көкпекті ауданында дүниеге келдім. 1985 жылы мектеп табалдырығын аттадым.1995 жылы Семей қаласындағы М.О Әуезов атындағы педагогикалық колледжге түсіп, 1998 жылы бітіріп, Семей Университетінде жоғары білім алдым.

Алғашқы ұстаздық қадамымды Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектептен бастадым. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқан осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғаныма он бес жыл болды. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым -үнемі жаңалыққа ұмтылып, әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.Содан бері 4 рет бастауыш сынып оқушыларын бітірттім. . Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беріп көптеген нәтижелерге қол жеткізіп келемін. Соның дәлелі оқушым Сальменбаева Гаухар республикалық «Бастау» олимпиадасында II орын алып, республикалық «Зерде» ғылыми жобадан Заманбекова Мадина, Толеуғазы Алема жүлделі орындарға иеленді. Пән олимпиадасына қатысып, Сальменбаева Маржан жүлделі орынды иеленді. Балаларым Ильяс пен Алмас осы мектептен білім мен тәрбие алуда. Мектептегі мәдени іс –шараларға белсене қатысады, оқу озаттары, сайыс жеңімпаздары. Оқу тәрбие үрдісіндегі нәтижелі еңбегім үшін 2011,2012,2013 жылдары марапатқа ие болдым. 2010 жылы қалалық мұғалімдер олимпиадасына қатысып, жеңімпаз атандым. 2013 жылы «Үздік авторлық» бағдарлама конкурсына қатысып, III орынға иелендім. Шәкірт жеңісі- ұстаз еңбегінің жемісі демекші, менің шәкірттерім биік белестерден көрінуі – менің зор еңбегімнің жемісі деп білемін.



Мен, **Нургазыева Гульнар Нұрғазықызы** 1979 жылы 29 қарашада Абай ауданы, Саржал селосында дүниеге келдім. 1986 жылы Ш.Тоғжігітов атындағы орта мектепке 1-сыныпқа қабылданып, оны1996 жылы «Үздік аттестатқа» бітіріп шықтым. Мектепті ойдағыдай аяқтаған балғын бойжеткен, арман қуып студент атану мақсатымен Семей қаласының М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің ағылшын тілі факультетінің студенті атандым. Аталмыш оқу орнын «Қызыл дипломмен» тәмәмдап, жас маман болып 1999 жылы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназияға жұмысқа қабылдандым. Осы мекемеде жұмыс жасай жүріп, Семей педагогикалық институтының сырттай бөлімінде 5 жыл білімімді жалғастырдым. Алғашқы еңбек жолындағы аға ұстаздардың өнегесі маған өмірлік мектеп болды. Сол кездегі Чигаева Жанна Камсызовна сияқты тәжірибелі ұстаздардан тәрбие ала жүріп, тәжірибемді шыңдадым десем де артық айтқаным болмас. Міне, сол кезден бері 14 жылдай уақыттың ішінде оқу, тәрбие ісіне байланысты шараларға жүйелі қатыстым. Мектептің қоғамдық жұмыстарына да белсенді араласып, көркемөнерпаздар сайысында дуэт болып ән шырқап, қыздар ансамбілінде синтезаторда ойнап, би де билеп, кәсіподақ ұйымы тарапынан әр түлі грамоталармен марапатталдым.

New Opportunities оқулығы бойынша 5-сынып оқушыларына арнап «English-Kazakh dictionary» сөздігін құрастырып, дүниетанымдарын кеңейту мақсатында «Елтану» курсына бағдарлама жасадым. Қазіргі таңда ағылшын тілі – әлемдік кеңістікке еркін қанат қақтыратын тіл. Менің мақсатым оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, алдымда отырған шәкірттерімді ағылшын тілінде еркін сөйлейтін, білімді тұлға қалыптастыру. Ұстаз үшін өз шәкірттерінің жетістіктерін көру мәртебе екені белгілі. Осы

ретте менің де оқушыларым әр түрлі ғылыми жобаларға, интеллектуалды сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Оқушыларым Аманкелдиева Еңлік УРФОДУ халықаралық олимпиадасында қола медальға ие болса, Парамонова Стефания күміс медальға ие болды. 2013 жылы мектеп бойынша ұстаздардың арасында өткізілген рейтинг қорытындысымен жылдың үздік мұғалімдерінің алғашқы ондығына ену мен үшін үлкен жетістік деуге де болады. 2013 жылы мектеп жанынан құрылған жазғы «МЕДО» лагерінде жетекшілік етіп, жұмыс нәтижесі республикалық грамотамен бағаланды. «Еңбегіне қарай өнбегі» демекші еңбектенген адам әрдайым еленері сөзсіз екендігіне көзім жетті.

Осы қарқынмен 2013 жылы «Инновациялық-педагогикалық идеялар фестивалінің» қалалық кезеңінде 2-орын, республикалық кезеңінде 3-орынды иелендім. Педагогтың кәсіби шеберлігін көтерудің ең тиімді жолы- бұл өз білімін жетілдіру. Әрдайым білімді жетілдіру-адамның заманға сай өмір белсенділігін анықтап, «заманауи поезынан қалып қоймауына» көмегін тигізеді. Осы мақсатпен Кембридж университеті бағдарламасы негізінде 3-деңгейлі мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсынан өтіп, сертификатқа иелендім.

Бүгінгі таңда осы мамандықты таңдауым «Өмірде қателеспей өз жолымды таптым» деген көңілге сенім ұялатады.



Оразбаев Саят Қайроллаұлы 1976 жылы, 1 қыркүйеккүні ШҚОКөкпекты ауданы, Биғаш ауылында дүниеге келдім. Маяковский атындағы орта мектепті 1991 жылы бітірдім.
1991 жылы Көкпекты ауданында №15 кәсіптік-техникалық училишеге түсіп 1994 жылы аяқтадым.1994-1996 жылдары Қазақстан әскері қатарында борышымды атқардым. 1997 жылы ШҚО Көкпекты ауданы Биғаш ауылында Маяковский атындағы мектепте дене шынықтыру пәнінен мұғалімдік қызметімді бастадым.1999 жылы Семейдің М.ОӘуезов атындағы педагогикалық коледжіне түсіп 2001 жылы аяқтадым. 2002 жылы Семей мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп 2005 жылы аяқтадым.Сырттай оқи жүріп, 2003 оқу жылынан бастап №5 мектеп –гимназияда қызмет атқарып келемін. Дене шынықтыру сабағында өзімнің іс-тәжрибемде тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, сабағымда салауатты өмір салтын қалыптастыруды басты мақсат етемін.

Мектепшілік волейбол үйірменің жетекшісімін оқушыларды адамгершілік, патриоттық тәрбиеге баулу, өзара сыйластық карым-қатынас қалыптастыру, жоғары жетістіктерге жеткізу мақсатым.

Қала мектептері арасында өткен волейбол жарыстардан қыз балалар арасында командасын даярлап, жетістіктерге жеттік: 2008-2009 оқу жылындағы 6-шы волейболдық лигада қыздар арасында волейболдан қалалық жарыста 2-шы орынды иелендік.

2009-2010 оқу жылындағы 7-шы волейболдық лигада 3-шы орын. 2010-2011 оқу жылындағы 8-шы волейболдық лигада 3-шы орын. 2011 оқу жылында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған қыздар арасында «Қала кубогі» волейболдан қалалық жарыста командалық 3-шы орын.

2011-2012 оқу жылындағы 9-шы волейбол лигасында қыздар арасында 3орын 2012-2013 оқу жылындағы 10-шы волейбол лигасында кыздар арасында командалық 2-шы орын. 2013 жылы «Саулетайға іріктеу» волейболдан 1орын 2013 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған волейболдан ШҚО ашық біріншілігінде 2-шы орын. Волейбол лига жарыста команда ойыншыларын өте жақсы дайындағаным үшін Білім бөлімінің мақтау қағазына, ШҚ ӨҒП Дарын орталығының Құрмет грамотасымен, 2013жылы ШҚО Білім Басқармасының Құрмет грамотасы арқылы еңбегім аталып өтілді.



Мен **Өтеулинова Фарида Закарияқызы** 1959 жылы Қытай Халық Республикасының Шәуешек қаласында дүниеге келдім. 1966 жылы бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданында М.И. Калинин атындағы мектепке қабылданып, 1976 жылы бітіріп шықтым.Осы жылы Семейдің Н.К. Крупская атындағы педагогика институтының физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1980 жылы «физика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Өзім түлеп ұшқан мектебіме жолдамамен ұстаз болып оралдым. 1993 жылдан бастап Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясында еңбек жолымды жалғастырып, осы мектептің физика пәні мұғалімі, білім беру ісінің үздігі, қадірлі ұстаз Төкен Көпбайұлы Искаковпен бірге біраз жылдар еңбек еттім.Төкен аға баланың білмегенің білдіруге ұмтылатын, өз сабақтарына қатаң талап қоя білетін жан еді. Бүгінгі күнге дейін (Шәкәрім атындағы облыстық үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп) ұстаздық қызметімді абыройлы да, беделді атқарып келемін. Ғылымның ашылмаған сырлары көп. Балаларды соған баулып оқыту, көзін жеткізу парыз деп санаймын.

Білім сынағына облыс, республика көлемінде сынға түсіп, жүлдегер атану- ғылым жолына бастайтын алғашқы баспалдақ. А. Демеуғалиеваның «Дәстүрлі емес энергия көздерінің проблемалары, шешу жолдары»; А. Мырзағалиевтың «Семей өңіріндегі жердің магнит өрісінің индукциясын анықтау»; Е.Сатыбалдинованың «Ғылым әлемін ашамыз» атты оқушылардың VII халықаралық конференциясында Алтын медаль және I дәрежелі дипломмен, «Үздік экспонат» номинациясы дипломымен марапатталуы, ғалымдар тарапынан жоғары баға алғаны мектебімізге абырой. Е Сатыбалдинова, А.Демеуғалиева, А.Мырзағалиев, А.Орынтаева, А. Серікжанова, Т.Құрманғали, т.б. көптеген шәкірттерім мектепке абырой әперген мақтаныштарым.

Мұғалім өз пәні бойынша дарынды баланы іздеп, зерттеп, «бірдеңе шығаратынына» көзі жеткен соң барып баулиды. Мұғалімнің шеберлігі, өз пәнін жетік білетін зерделігі осы тұста қажет-ақ.

Оған дәлел: сынып жетекшісі ретінде мектеп бітіріп кеткен түлектерімнің қоғамның әр түрлі салаларында үлкен қызметте еңбек етуі. Ахметқалиева Айжан - Азия аймағы бойынша Сыртқы Істер Министрлігінде бас маман, Құрманахунов Айдос Астана қаласындағы «Ана мен Бала» емханасында беделді хирургтың бірі, т.б. Жыл сайын мектеп түлектері арасында ҰБТ кезінде физика пәнін таңдап, жоғары оқу орнына түсіп жатқан шәкірттерім жетерлік. Мырзағалиев Асланның 2011 жылы «Бөбек» ұлттық-ғылыми практикалық, білім беру және сауықтыру орталығында өткен I республикалық астрономия және космостық физика олимпиадасында III дәрежелі дипломмен, облыстық ғылыми жоба сайысының «Жер және ғарыш» секциясында I орын, облыстық олимпиада I орын, Шығыс Қазақстан аймақтық университетінің атаулы грант иегері, Семей мемлекеттік педагогикалық институты ректорының Білім гранты иегері атануы.Орынтаева Ақбота I Республикалық Астрономия және космос олимпиадасында диплом, 2012 жылы Астана қаласында өткен республикалық «Зияткерлер» бейіндік ауысымына қатысып, физика пәні бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталды. Биылғы оқу жылында өткен халықаралық олимпиадасының II орын, Ресейдің Санкт- Петербург мемлекеттік университетінің интернет олимпиадасының мақтау қағазымен марапатталды. Сондай-ақ Нұрсұлтанова А., Медетов Е., Исағұлова Д., Төлеубаев А. сияқты оқушыларым республикалық КІО, Ресейдің Санкт- Петербург мемлекеттік университетінің интернет олимпиадасының жүлдегерлері. Бәрі де еңбекпен келеді, жинақтаған іс тәжірибем облыстық, республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарда әдістемелік бағыттағы мақалаларым үнемі жарияланып тұрады. «Физика» 10-11 сыныптарына арналған оқу-әдістемелік құрал, 8 сыныпқа арналған «Методикалық оқу-әдістемелік құрал», «Физикадан олмпиадалық есептерді шығару жолдары» атты кітаптардың, 10 сыныптарға

арналған элективті курс «Биофизика элементтері», «Қатты заттар физикасы» бағдарламаларының авторымын.

Қалалық физика пәні мұғалімдерінің «Шығармашылық топ» мүшесі, мектебіміздің «Кәсіподақ комитетінің» мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстарды атқарып келемін. Оқу кабинеті пән бойынша терең білім алуға, оқушылардың тұлғасын қалыптастыруға, оқу-тәрбие үрдісіне ақпараттық қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында кабинет жетекшісімін.

Қалалық, облыстық білім басқармасының, кәсіподақ ұйымдарының «Құрмет грамоталары», «Үздік жыл мұғалімі-2012» номинациясының жеңімпазы, «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының жүлдегері-2013 және «Білімге қосқан үлесі үшін» медальдің иегері атануым сан жылғы тынымсыз еңбегімнің көрсеткіштері десек оның астарында тынымсыз ізденіс жолындағы қиыншылықтар, жүздеген шәкірттің ақжүрек алғыстары жатқаны сөзсіз. Шәкірттерімнің өмірде өз жолын таңдауына түрткі болу- абыройлы борышым деп санаймын.



Серікбаев Тілебалды Серікбайұлы 1957 жылы 14 сәуірде дүниеге келді. 1978 жылы Семей педагогикалық институтының физика- математика факультетінің физика мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 1997 жылдың 01 қарашасынан 2009 жылдың 01 қыркүйегіне дейін Шәкәрім атындағы №5 мектеп – гимназиясында физика пәнінен мұғалім қызметін атқарды.
Қазіргі уақытта: Астана қаласындағы Назарбаев интеллектуалдық мектебінде физика пәнінің мұғалімі.



Серикбаева Рая Мутанқызы 1959 жылы 20 тамызда Талдықорған облысы Үшарал ауылында дүниеге келдім. 1974 жылы мектепті бітіріп Семейдегі медициналық училищеге түсіп, 1977 жылы оқу бітірген соң аудандық ауруханада жұмыс істедім. 1981 жылы Семейдегі Крупская атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне түсіп, 1985 жылы орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша диплом алдым. 1997 жылдан 2011 жылға дейін Шәкәрім атындағы №5 мектеп гимназиясында орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі қызметін атқардым. Қазіргі уақытта Астана қаласында №52 мектеп – гимназиясында 5 – 11 сыныптарда орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі қызметін атқарудамын.

Үлкен ұлы - **Серикбаев Роллан** 1980 жылы 01 қаңтарда дүниеге келді.

2011 жылы Ұлыбританияның Стирлинг университетінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып магистр атағын алды. Қазіргі уақытта Бюджеттік жоспарлау және мемлкеттік сатып алу департаменті «Казахстанская Правда» акционерлік қоғамының директоры.

Қызы - **Серикбаева Маржан**, 1981 жылы 31 мамырда дүниеге келді. 1987 – 1998 жылдары Семей қаласындағы №5 қазақ орта мектебін қызыл аттестатқа бітірді. 2002 жылы Семей қаласындағы Қаржы институтын үздік бітірді. *2006 жылы Шотландияда* Берменгейм қаласында *«Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып келді.* 2003 жылы Президент жанындағы Мемлекеттік Басқару академиясын бітіріп, магистр дәрежесінің иегері атанды.

Қазіргі уақытта: Қазақстан Республикасы Экономика және Бюджеттік жоспарлау және Республикалық Мемлекеттік бюджеттің жоспарлау министрлігінде басқарма бастығы.

Қызы - **Серикбаева Балжан** 1983 жылы 23 қаңтарда Семей қаласында дүниеге келді.

1989 – 1999 жылдары Семей қаласындағы №5 мектеп - гимназиясын қызыл аттестатқа бітірді.

1999-2003 жылдары Семей қаласындағы Шәкәрім университетін үздік бітіріп бакалавр атағына ие болды.

2003 – 2005 жылы Алматы қаласында Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетін үздік бітіріп Өңіртану магистрі атағының иегері болды.

2007 жылы АҚШ, Вашингтон қаласындағы Америка университетінде (American University) «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып келді.

Қазіргі уақытта: Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінде Республикалық мемлекеттік мүлікті иелік ету және оңалту мен банкроттық рәсімдері әдіснамасы департаментінде Бас сарапшы қызметін атқарады.

Ұлы - **Серикбаев Рамон** – 1992 – 2003 жылдары Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы №5 мектеп – гимназиясын қызыл аттестатқа бітірді.

2011 жылы Ұлыбританияда «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып магистр атағын алды.

2010 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өзінің бастамасымен ашылған М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінің Қазақстандағы филиалында экономика бағыты бойынша оқып бітірді

Қазіргі уақытта Қазақстанның есеп комитетінде жұмыс істейді.



Сексенбаева Сауле Кенжеғалиқызы - Абай ауданы, Құндызды селосында 1964 жылы қазанның төрті күні ұстаздар отбасында дүниеге келдім. Әкем «Ұстаздар күні» дүниеге келді, жолымды жалғастыратын ізбасарым болды, күн сәулесі сияқты шұғыласын шашып жүрсін деп есімімді «Сәуле» деп қойыпты. 1971 жылы Құндызды орта мектебіне 1-сыныпқа қабылдандым. 1979 жылы аталған мектептің 8-сыныбын үздік аяқтадым. Ұстаз болу арманымен Семей қаласындағы М.О.Әуезов атындағы педагогика училищесіне І-курсқа қабылдандым. 1983 жылы «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығын алып, туған аулыма, өзім білім алған мектебіме ұстаз болып орналастым. Ата-анамның ақыл-кеңесімен сол жылы Семейдегі Н.К.Крупсая атындағы пединститутты тарих факультетіне сырттай оқуға түсіп, 1989 жылы «Тарих және қоғамтану мұғалімі» мамандығын алдым. 2002жылы М.О.Әуезов атындағы Семей университетін «Бастауыш сыныптың мұғалімі» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірдім. 1991-1992 оқу жылынан бастап, Шәкәрім атындағы №5 мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып орналастым. Интерактивті әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісіне пәрменді енгізу тәжірибесін тиімді пайдаланамын. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы бойынша дайындаған *әдістемелік әзірлеме* қалалық байқауда **І-**орынды иеленді. Қалалық, облыстық бастауыш сынып мұғалімдері олимпиадасының бас бәйге **Гран-При** иегері атандым.

Осы мектептен білім алған балаларым Ботагөз Семей Медициналық университетінің жалпы медициналық факультетінің ІІІ курс студенті, Еркежан Инновациялық-технология колледжінің IV курсының озат студенті. Өз білімдерін жоғары дәрежеде көрсетуде.

Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие берудегі еңбегім бағаланып, Қала әкімінің «Көгілдір шырша» бас қосуына ұжым атынан жіберілсем, бірнеше рет Облыстық білім басқармасының **Құрмет грамотасымен** марапатталдым.

2010 жылы «Дарынды балалар-Қазақстанның болашағы» жинағында іс-тәжірибем енгізіліп, **«Білімді дамытудағы үлесі»** медалімен марапатталдым.

2011 жылы Шучье қаласында өткен «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсына қатысып, жүлделі **ІІ орынды** иелендім.

Оқушыларды адамгершілік тәрбиесіне баулу, өзара сыйластық қарым-қатынас қалыптастыру менің педагогтік тәжірибемнің негізі.



Сүлейменова Роза Аханқызы 1981 жылы Құндызды орта мектебін Алтын медальмен аяқтаған мені Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтына алып келді.Сол жылы студент атанып, 1986 жылы химия-биология мамандығы бойынша оқу орнын тәмамдадым.

Алғаш еңбек жолымды туған ауылымдағы Құндызды орта мектебінен бастадым. Тәжірибелі ұстаздарым Жұмабек Сүлейменұлы, Мұрат Құсманұлы, жылы қабақпен қарсы алып, қызығы мен қиындығы мол ұстаздық қызметтің қыр-сырымен таныстырды.Ұлағатты ұстаздарым қанатының астына алып, өз білгендерін үйретті. Сол жылдары мектепте оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі қызметін атқарған ұстазым Алма Медетқызы әрбір ұстаздың бойында болатын төзімділік, сыпайылық, адамгершілік, еңбек сүйгіштік сияқты жақсы қасиеттерді бойыма сіңірді. Ұлағатты ұстаздардан алған тәлім-тәжірибем, әріптестеріммен қатар еңбек етіп, баланың бойына білім дәнін себуге, аялап көңілін табуға, сүйе білуге үйретті.

1992 жылы Шәкәрім атындағы № 5-мектеп-гимназияға орналастым, бүгінгі күні осы білім ордасында мамандығым бойынша еңбек етудемін. Кезекті сабақтарым жаңа технология негізінде жабдықталған биология кабинеті мен зертханалық кабинетте өтіп, шығармашылықпен жұмыс істеуіме жағдай туғызуда.

Талапқа сай жабдықтаған оқу кабинетінде берілген білім өз нәтижесін беруде.Тәжірибемен ұштастырыла берілген білім, оқушыларымның жазғы мектеп жанындағы үлескіде еркін жұмыс жасай алуларына мүмкіндік туғызды.Оқушыларыммен жүргізілген көгалдандыру жұмыстарым «Жас отаншылдар» ұйымының марапатына, бағалы сыйлықтарына, алғыстарына кенелтті. Қала мектептері арасында өткен көгалдандыру жұмыстары бойынша қорытынды сайыста бірнеше жыл қатарынан I, II орындарды иелендім.

Ұстаздық жолымның бастау алғанына да біраз уақыт болыпты. Қанатын қатайтып ұшырған шәкірттерім еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада еңбек етуде, бұл- мен үшін үлкен мақтаныш. Сондай-ақ, өз балаларым да қасиетті қара шаңырақтан білім алып, алды қанаттанып ұясынан ұшса, кенже қызым Айдана Сүлейменова- 10 сыныптың озат оқушысы.

Алдымда отырған дарын иелерінің жетіле түсуі үшін мектепішілік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық ғылыми жобаларға қатыстырып, мектеп рейтінгісін көтеруге үлес қосудамын. Оқушыларым Сапарбекова Сәуле, Жұмашева Еркежан облыстық пән олимпиадасының I орын иегерлері, Майкина Мөлдір облыстық пән олимпиадасының II орын иегері, «URFODU» халықаралық олимпиадасында Қожанова Гүлнар, Бекарысова Дария I дәрежелі диплом жүлдегерлері.

СМПИ өткен халықаралық «Мұғалімді инновациялық қызметке даярлау- білім беру сапасының басты шарты» атты тақырыпта ұйымдастырылған семинарға «Биология пәнін оқытуда жаңа технологиялардың маңыздылығы» атты баяндамамды ұсындым, ол арнаулы жинаққа енді. Мұғалімдердің инновациялық жобаларының облыстық конкурсына «Биология сабағында оқушыларды ғылыми зерттеу жұмысына баулу» тақырыбында әдістемелік әзірлеме дайындадым. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қабілетін аша отырып, биология пәнін теориялық әрі практикалық жағынан тереңдетіп оқыту мақсатында «Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы бойынша практикум» 7 сыныпқа арналған, «Генетикалық есептерді шығару» 10-11 сыныптарға арналған оқу бағдарламалары дайындадым, аталған жұмыстарым облыс көлемінде бекітілді.

Іс-тәжірибем, «Ертіс өзенінің экологиялық жағдайы», «Гендік ақпараттар мен популяция заңдарының математикасы» тақырыптағы мақалаларым, Республикалық ғылыми-әдістемелік «Биология Қазақстан мектебінде» және Республикалық педагогикалық «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстары», журналдарында жарияланды.

Адал еңбек еш уақытта ескерусіз қалмайды екен, оның дәлелі- еңбек жолымда алған мақтаулар мен марапаттар. Олар- Республикалық «Ақ көгершін» балалар қорының Алғыс хаты, Қалалық білім бөлімінің, ШҚО білім басқармасының Құрмет грамотасы, СМПИ «Инновациялық жобалардың облыстық конкурсы» грамотасы, ”Дарынды балалар - Қазақстанның болашағы” энциклопедиясы мен “Білімге қосқан үлесі үшін” медалі. Бұл-менің бір өткен белесім. Алдымда әлі талай алар асулар, шығар белестер бар, оған тек дарынды оқушыларыммен жетемін.



Токжигитова Сандугаш Сейткалиевнас 1994 года по сей день работаю в школе – гимназии № 5 имени Шакарима, которая сейчас получила новый статус – Областная специализированная школа для одаренных детей с обучением на трех языках.

Эта школа дорога мне по – особенному: здесь в студенческие годы я проходила первую педагогическую практику. А учителями – предметниками, у которых я училась, были Мукажанова Нуржамал Момынжановна и Султанова Алия Бердалиевна. Впоследствии, когда я пришла работать в эту школу, мы стали коллегами. А для Жананбаевой Карлыгаш Мукановны в начале восьмидесятых годов я была ее студенткой, а сейчас она коллега, бессменный наставник. Когда пришло время моим дочерям Айжан и Дание идти в школу, не задумываясь, привела именно в эту школу. Получив в стенах школы глубокие и прочные знания, они в дальнейшем смогли реализовать их.

Каждый день, переступая школьный порог, учитель должен забывать о всех своих бедах и тревогах и входить в класс с просветленной душой и доброй улыбкой. Мы вместе с детьми отправляемся в путешествие в мир сказок, в мир грамматики. Поезд знаний летит быстро, если каждый день в школе наполнен смыслом постижения нового. Отрадно, когда видишь результаты своего труда. Это, во-первых, результаты олимпиад на городских, областных уровнях. Двое учениц приняли участие в республиканской олимпиаде, получив грамоту «За особые успехи по русскому языку» (Шарипова М., 2000г.; Камбекова А., 2009г.). Результаты ЕНТ – результат работы учителя. Средний балл на ЕНТ по русскому языку в 2009 году составил 19 баллов: в 2010 году - 20,5 баллов, а качество знаний - 90% и 100% соответственно при 100% успеваемости.

Интерес для учащихся представляет работа над научно-исследовательской деятельностью. В 2013 году ученики 7 класса Бейсембаева А., Мукашев Н. на республиканском этапе детского исследовательского проекта заняли I место.

В соавторстве с Жумакановой Б.У. разработана «Программа практического курса русского языка для 5-9 классов с углубленной языковой подготовкой» (2010г.), которая была представлена на VII республиканский конкурс «Лучшая авторская программа»в 2010г., и «Программа практического курса русского языка для 10-11 классов с углубленной языковой подготовкой» (2012г.). Эти Программы успешно применяются учителями нашей школы.

В 2003 году с целью обмена педагогического опыта принимала участие в выездном семинаре под руководством к.п.н. доцента Баркибаевой Р.М.

Совместно с преподавателем СГУ имени Шакарима Жумадиловой.Г.А. работаем над проблемой по интеллектуально-речевому развитию школьников в условиях би-/полилингвизма. Результаты работ находят отражение в докладах на международных,

республиканской, областной научно-практических конференциях и на открытых уроках в городском, областном уровнях.

В 2013г., участвуя в КИО, была награждена Дипломом I степени.

Учебную работу учитель должен умело сочетать с внеклассной. Вместе с Жумакановой Б.У. создали клуб «Дебаты», который в данное время активно функционирует. Будучи классным руководителем, в 2003 году выпустила учеников, которые трудятся во многих уголках Казахстана на разных поприщах на благо Родины, а в 2010 году был второй выпуск, который в данное время продолжает обучение в вузе.

Мне повезло! Я благодарна судьбе за то, что рядом всегда были и есть хорошие, добрые и влюбленные в свое дело учителя, которые помогали творить, решать проблемы и продолжают работать в нашей школе.



Турганбаева Жанар Тельмановна - учитель русского языка и литературы - 2014 году наша школа отметит свой юбилей — 90 лет. Это много или мало? Это 90 выпусков, 90 прощаний с повзрослевшими детьми,90 встреч с первоклассниками. Сколько их помнит она!

Мое знакомство со школой началось в 1983 году, когда я училась в педагогическом институте. Группа студентов была направлена в школу №5 для прохождения педагогической практики. Как это было давно.....

И вот уже больше 26 лет я работаю в данной школе. Школа -это не просто здание. Это моя жизнь, мой второй дом, моя маленькая жизнь, это мир, в котором мы живем, где мы приобретаем друзей и жизненный опыт. А жизненный опыт помогали нам приобретать наши учителя, наши наставники, наши ветераны. Хочется многим учителям выразить благодарность, которые были и есть рядом. Про них, наших учителей, можно говорить бесконечно. Например, у Асем Тлегеновны можно было научится сдержанности, уметь скрывать свои эмоции, а как нравилось смотреть на Алию Бердалиевну, на ее красивую улыбку, на ее добрые глаза. Замечание Шайзат Бигожаевны, что нельзя повышать голос на ребенка, я запомнила на всю жизнь. Мы вслушивались в голоса наших учителей, старались запомнить их интонации. Общение с преподавателями — наставниками, дружеское, а порой и назидательное. И эти люди оставили в моей душе столько хорошего. Прошло столько прекрасных лет.

За это время и наша школа изменилась. Эти изменения очень заметны. Это видит и чувствует каждый. Об этом можно говорить гордо и бесконечно. Скоро Алма Медетовна произнесет: «Школе уже девяносто!». Чувствуется и грусть, и гордость, и счастье — все смешалось. И где бы не находились наши выпускники на миг замрут, пожелают родной школе, ее учителям и ученикам процветания и счастья, больших побед и успехов. В канун 90-летнего юбилея школы, я бы хотела пожелать всем, чтобы годы прожитые вместе в родной школе, навсегда запомнились, а в памяти оставались бы только светлые воспоминания а минувших годах.

С юбилеем, моя родная школа!



Тоқсеитова Сауле Маратқызы - Мұғалім болсам ғой деген қызығушылық мені Шар ауданының Арқалық ауылының орта мектебін бітіргеннен соң Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану факультетіне 1994 жылы алып келді.1998 жылы институтты аяқтап, биология пәні мұғалімі атандым.

Алғашқы ұстаздық жолымды Көкпекті ауданының орта мектебінен бастадым. Ауыл мектебінде бірнеше жыл жұмыс істеп, тәжірибе жинақтадым. Отбасылық жағдайыммен Семей қаласына келіп,

«Қуаныш» мектеп кешеніне биология пәні мұғалімі және тәрбиеші болып жұмысқа орналастым.

2008 жылдан бастап Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназияға мамандығым бойынша жұмысқа қабылдандым. Жаратылыстану әдістемелік бірлестігіндегі тәжірибелі ұстаздардың қатарында жүріп, талай биіктер мен асуларға қол жеткіздім. «Интеграциялық оқыту негізінде биология сабақтарында оқушылардың шығармалық қабілеттерін дамыту» ізденіс тақырыбы бойынша жұмыс жасаудамын. Осы бағыт бойынша атқарған жұмыстарымды тарату мақсатында биология мен физика пәндерін кіріктіре отырып, бірнеше сабақ жоспарларын жасадым, республикалық әдістемелік «Ашық сабақтар» журналына «Көз,оның құрылысы», «Оптикалық аспаптар», «Жарық. Жарық жылдамдығы»тақырыбындағы жұмыстарымды жарияладым

Мұғалім жұмыс нәтижесі- оқушының жетістіктерінен көруге болады. Білім негіздері бойынша III Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңінде оқушым Н.Дурунбаева мақтау қағазымен марапатталуы, пән олимпиадаларының облыстық кезеңдерінде Ж.Рахимжанова II орын, Н.Берыкканқызы III орынға ие болуы осындай үлкен ізденіс нәтижесі.

Сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарында да оқушыларым жүлделі орындарды иеленуде: Мәскеу қаласында өткен V халықаралық ғылыми-ізденіс жұмыстары «Ученый будущего» конкурсында Н.Дурунбаева, Ж.Адықбаева «Майкрософт» номинациясымен, оқушылардың республикалық ғылыми жарыстарының облыстық кезеңінде III дәрежелі дипломмен марапатталса, «Құқық және бизнес» колледжінде өткен халықаралық конференцияда 11 класс оқушысы Майкина М. дайындаған баяндамасымен III орын алып, баяндамасы арнайы жинаққа енгізілді.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қабілетін аша отырып, биология пәнін теориялық әрі практикалық жағынан тереңдетіп оқыту мақсатында «Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы бойынша практикум» -7сынып, «Генетикалық есептерді шығару» - 10-11 сыныптарға арналған оқу бағдарламаларын дайындадым. Аталған оқу әзірлемелерім облыста бекітіліп, таратылды.

Тәжірибеммен әріптестер арасында бөлісу мақсатында СМПИ өткен «Мұғалімді инновациялық қызметке даярлау-білім беру сапасының басты шарты» атты тақырыпта ұйымдастырылған семинар-мәжілісте «Білім сапасын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы арттыру» атты жасаған баяндамам арнаулы аннотациялық жинаққа енді. Сонымен қатар СМПИ-да өткен мұғалімдердің инновациялық жобаларының облыстық конкурсында «Биология сабағында оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу» тақырыбындағы жоба жұмысым жоғары бағаланып, мақтау грамотасымен марапатталдым.

Осындай жаңа даму үрдісі алға басып отырғанда Елбасы Н.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер –бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» – деген еді. Мен де осы сөзге лайық болу үшін жұмысымды жалғастырудамын.



Мен, **Турдина Айжан Базарбековна**, 1979 жылы 16 маусым айында Шығыс Қазақстан Облысы, Абай ауданы, Архат ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келдім.

1986 жылы Семей қаласының №10 орта мектебіне 1 сыныпқа қабылдандым. 1996 жылы Шәкәрім атындағы № 5 мектеп-гимназиясын бітіріп шықтым. Класс жетекшім Жолдаспаева Нұрзиля Айғалиевна болды. Мектепте оқып жүрген кезде есімде ерекше қалған мұғалімдер физика пәні мұғалімі Искаков Төкен

Көппаевич, орыс тілі пәні мұғалімі Жананбаева Қарлығаш Мукановна және қазақ тілі мұғалімі Молдагулова Рыстыгүл Семейхановна еді. 1996 жылы “Ағылышын тілі пәнінің мұғалімі” мамандығы бойынша Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік Университетіне оқуға қабылданып, 2000 жылы Университетті бітірдім. Осы уақыттан бастап ұстаздық жолдағы белсенді жұмысым басталды.

2000-2006 жылдары аралығында Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік Университетінде “Аударма теориясы және практикасы” кафедрасында ағылшын тілі мұғалімі болып қызмет еттім.

2006-2009 жылдары Семей Мемлекеттік Педагогикалық Институтының “Жалпы педагогика, білім беру педагогикасы және этнопедагогика” мамандығы бойынша аспирантураны тәмамдадым. Аспирантурада оқып жүрген кезде “Жыл аспиранты” конкурсына қатысып I - орынға ие болдым.

2010 жылдан бастап педагогикалық қызметім Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясында жалғасын тапты. Аталмыш білім ордасында жұмыс істеп келе жатқаныма төртінші жылдың жүзі болды.

Қиындығы да, қызығы да жетерлік, ең бастысы- жауапкершілігі жоғары мамандықтың бірі ұстаздық ету ақиқат. Қазіргі кезде дарынды оқушыларға білім беріп, ағылшын тілін үйретудемін.

Проблемалық тақырыбым “Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін белсендіруде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пәнге интеграциялау”. Осы бағыт бойынша шәкірттеріме үздіксіз жан-жақты білім беру арқылы оқушылардың өз бетімен жұмыстану үрдісін жандандырып келемін. Нәтижесінде оқушыларым қалалық, облыстық, республикалық олимпиадалар мен сайыстарда жүлделі орындарды қанжығаларына байлап жүр, атап айтқанда Досанова Айым- 11 сынып, Бақтығалиева Назерке - 10 сынып, Досжанова Құралай - 9 сынып және Шакенова Аида-11 сынып оқушылары.

Ал өз жетістіктеріме тоқтала кетсем, 2013 жылдың сәуір айында “Ағылшын тілінің ең үздік бейне - сабағы” атты Облыстық сайысқа қатысып, Алғыс хатпен мараппатталдым. Өз тәжірибемді әріптесттеріме бөлісу мақсатында «Көптілдік-әлемдік кеңестігіне интеграцияланудың негізгі шарты» атты республикалық ғылыми-практикалық семинарында “Comparing Eastern and Western cultures” атты ашық сабақ өткізіп, республикалық «Дарын» орталығының грамотасымен марапатталдым.

Сонымен қатар Штудгарт қаласында 2013 жылы қыркүйек айында өткен “Applied sciences in Europe: tendency of contemporary Development” атты халықаралық конференция және Барнаул қаласында сәуір айында өткен “Информатизация образования” атты конференцияларына белсенді қатысып сертификаттарға ие болдым.

“Өмір заңы өсу” демекші 2013 жылдың шілде айында «Болашақ» халықаралық бағдарламасына қатысып, стипендия иегері болдып, үш айға шет елінде ғылыми тағылымдамадан өтіп келдім. Бұл тағылымдама Швейцария мемлекетінің Монтре қаласында “Педагогикалық диагностика. Білім беру жүйесін бағалау және басқару” атты тақырыбында өтті. Аталған бағдарлама дарынды тұлғаларға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген.



Төлеужанова Бұлбұл Сейтқазықызы 1987 жылы қолыма диплом алып, алғашқы еңбек жолымды қаладағы №5 қазақ мектебінен бастадым. Ол кезде мектеп директоры Жанболатов Молдабек Жанболатұлы еді. Мектеп бір ауысыммен жұмыс істейтін. Екінші ауысымда ұзартылған күн тобы жұмыс жасады. Мен математика пәнінен сағат болмай, ұзартылған күн тобына жұмысқа қабылдандым. Онда Ләтіш Баядиловна, Закия Кожыкеновна, Лиза Даулетияновна, Қалимаш Мауытқановна сияқты тәжірибелі аға ұстаздармен бірге жұмыс істеп, көп іс үйреніп тәжірибе жинадым.

Үш жылдан кейін математика пәнінің мұғалімі болып ауыстым. Мұнда да Шайзат Бигожаевна, Айтжан Шакеновна, Гүлжанат Рахимовна, Айша Тоғанбековна сияқты математика пәнінің майталман мұғалімдерінің ортасына келіп түстім. Мектептегі балалар саны күрт өсті. Осыдан кейін мектепке математика саласына көп еңбектері сіңген ұстаздар Серікбол Ибраевич пен Жомарт Базенұлы келді. Ал, ұлағатты ұстаз Қажи Нұрсұлтанұлы мектеппен үнемі тығыз байланыста болды. Бұл аралықта мектеп гимназия атағын алды. Оған сол кездердегі мектеп директоры Ерлан Қасымұлының еңбегі орасан. Қажи Нұрсұлтанұлы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназиясында МИФ кафедрасының аясында «Шәкәрімтану шәкіртханасы және Архимедшілер ауласы» клубын құрып, ғылыми жетекшілік етті. Бірнеше жылдар бойы бірлесе жұмыс жүргізді. Онда тек математика пәні мұғалімдерімен ғана емес, басқа пән мұғалімдері мен дарынды оқушыларды шығармашылық, зерттеу жұмыстармен айналысуға баулыды. Нәтижесін де көрді. Өмірінің соңғы сәттеріне дейін бізбен бірлесе жұмыс істеді. Осындай Ұлағатты ұстаздан тәлім, үлгі-өнеге алғанымды мақтан тұтамын.

Мен бұл мектепте 21 жыл жұмыс істедім. Сынып жетекшісі болдым. Шығарған түлектерімнің көпшілігі әр түрлі салада қызметте. Соның ішінде ақын Сара Тоқтамысова, Дархан Сайранбеков, Данияр Десюпов, Марат Көпбаевтарды айтуға болады. Өзімнің екі ұлымда осы мектептің түлегі. Үлкен ұлым Әділет Төлеубеков кеден ісі мамандығы бойынша, екінші ұлым Медет Сейтказинов жол қозғалысын ұйымдастыру мамандығы бойынша жоғарғы оқу орындарын аяқтап, өздерінің Отан алдындағы борыштарын өтеуде.

Өзім казіргі уақытта тұратын мекен- жайыма байланысты №17 мектепте математика пәнінің мұғалімімін.



Тұтқышев Болатбек Рымбайұлы Семей облысы, Аягөз ауданы, Мыңбұлақ совхозында 1960 жылы 1 қаңтарда дүниеге келдім. Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектепті 1976 жылы бітіріп, 1978 жылы Шымкент педагогика мәдениет институтына түсітім. 1982 жылы осы оқу орынын аяқтағаннан кейін,1983-1984 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышымды өтедім. Музыка мұғалімі қызметім 1993 жылы «Прииртышский» орта мектебінде басталды. 2002 оқу жылынан «Шәкәрім атындағы №5 мектеп гимназияда» музыка пәнінен дәріс беріп келемін. Мектепте домбыра оркестірін жүргізіп, «Сазды домбыра» үйірмесіне жетекшілік жасаудамын. Жылда қала көлемінде дәстүрге айналған қалалық, облыстық көркемөнерпаздар сайысында музыка пәнінің мұғалімі Искаков Мэлстің басшылығымен ұйымдастырылған мұғалімдер хорында бірнеше жыл қатарынан солист болып, жеке дауыста ән салып, жүлделі орындарды иелендім. Музыкаға баулыған шәкірттерім Диас Егезеков, Дарын Құдайбергенов, Ернар Бақтығазин, Фариза Сулейменова, Аида Тілебалдина, Тілеуқадір Ерасыл, Қайдар Санжар, Еркежан Нұртазаевалар «Екі жұлдыз», «Ғұмыр дария», «Күншуақ» атты облыстық, республикалық конкурстардың жеңімпаздары. Мектептің қоғамдық өміріне де белсене араласып, оның безендіру жұмыстарында өз үлесімді қостым: мысалы «Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығындағы «Рәміздер бұрышы», «Шәкәрім бұрышы» қол таңбам қалған тәрбиелік мәні бар жұмыстар деп бағалаймын. Мектеп қабырғасындағы атқарған жұмыстарым Семей қалалық білім бөлімі, кәсіподақ комитетінің алғыс хаттарымен, мақтау грамоталарымен марапатталып, еңбек кітапшама алғыстар жазылды. Балаларымда осы мектептің түлектері, жоғары оқу орындарын бітіріп, халқына адал қызмет атқаруда.



Тусупова Гулнур Мақсұтқызы - Өтіп жатқан әрбір күні бекер емесін сезіну адам үшін үлкен бақыт. Осындай саналы ғұмырында бар жігер қайратын сүйікті мамандығына арнап, шәкірттеріне сапалы білім мен саналы тәрбие беруді мақсат еткен жандардың бірегейі –

менің анам Сексенбаева Бибінұр. «Қыз баланың өнегесі анасынан» демекші, менде анамды өзіме пір тұта отырып, сол кісінің ақылымен, берген бағыт-бағдарымен, 1990 жылы «Шаған» орта мектебін аяқтаған соң, Өскемен қаласындағы педагогикалық институттың «Математика және физика» факультетінің «Математика және есептеуіш техника» бөліміне оқуға түстім. 1994 жылы оқуды бітіріп, Семей қаласына қайтып келдім.

Менің атам Қонысбаев Омарғали 1985-90 жылдары №5 мектепте «Ардагерлер кеңесінің» мүшесі болған адам.Сол кісінің айтуымен осы №5 мектеп-гимназияға жұмысқа келдім. Мектеп директоры Е.Қ.Сарсембаев еді. Ерлан Қасымұлының алғаш қабылдауына анаммен бірге кіргенімде, ашық жүзді, аққөңіл азамат бізді жылы шыраймен қарсы алды. Аман-саулықты сұрасқан соң, «Балаңызды қай сыныпқа алып келдіңіз?»,- деп анамнан сұрап жатыр. Сонда анам, «Жоқ менің баламды сыныпқа емес, сіздерге информатик мұғалімі керек деген соң алып келдім»,-деді. Маған таңырқай бір қарап, «Ия, ия информатик мұғалімі бізге өте қажет»,-деп, мені жұмысқа қабылдады.

Алғашқы жұмыс күнім информатик мұғалімдер Айгүл Саябаева мен Маржан Смағұовамен таныстықтан басталды. Олар мектептің компьютерлік кабинеттерімен, техникалық базасымен (ол кезде «Корвет», IBM компьютерлері болатын), сабақ беретін сыныптармен таныстырды. 3-ші қабаттағы қазіргі №32 кабинет сол кезде №16 информатика кабинеті болатын, маған сол кабинеттің кабинет жетекшілігін тапсырды. Бірер сағаттан кейін кабинеттің есігі қайта-қайта ашылып, үлкен мұғалімдер қарап кетіп жатты. Бір кезде денелі келген, басында тақиясы бар бір ер адам кіріп келіп, «Информатик мұғалім болып келген жас маман сіз ба?», деп сұрады. Ия, менмін деп жауап бердім. Ол кісі менің қолымды алып алғашқы жұмыс күніме сәттілік, болашақтағы еңбек жолыма творчестволық табыс тіледі. Сөйтсем ол кісі мектептегі озат физик мұғалімдердің бірі Төкен Көпбайұлы екен. Міне содан бері 20 жыл уақыт өтті, осы мектепте үздіксіз қызмет атқарудамын. Ұлым Әлтемірде осы мектепте білім алуда, ал 2005 жылы бітірген сіңілім Тусупова Аяулым, қазір Кэйкушенкаратэ спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының спорт шебері.

20 жылда ауыз толтырып айтатындай талай шәкірт тәрбиеледім, олар бүгінде еліне елеулі қызмет атқаруда. Атап айтсам, 1995 жылы бітірген А.Тоғамбекова, А.Мукушевтар бүгінде өзімнің әріптестерім. 2003 жылы сынып жетекшілік еткен Қ.Әубәкірова-танымал айтыскер ақын, ағайынды Жақсылық, Қанат Ильясовтар ҚР кик-боксингтен спорт шеберлері. 2010-2012 оқу жылының аралығында А.Исханова аймақтық пән олимпиадасының I орын жеңімпазы. 2012-2013 оқу жылында Астана қаласында өткен I республикалық студенттер мен оқушылар арасында өткен «Кристалды пиксель» конкурсында 11 сынып оқушылары Е.Шаған, О.Акчолаков жүлделі III орынды иеленсе, өткен оқу жылында бітірткен сыныбымның 25 оқушысы да мемлекеттік грант иегерлері атанды. Соның ішінде Ж.Ордабаева, Р.Ақылбеков, Е.Шаған, Е.Атанбаев, Б.Қабдештер математикалық және компьютерлік модельдеу факультетіне түсті.

Күланда Түспіжановна, Жомарт Базенович, Төкен Көкбаевич, Ләтіш Баядилова, Лиза Даулетияровна, Айша Тоғамбековна, Айтжан Шакеновна, Гүлжанат Рахимовна сынды шебер ұстаздардың алдынан өткен менде, бірталай жетістіктерге қол жеткіздім. 2003 жылы қаланың «Үздік информатик» конкурсында II орнын жеңіп алдым. Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі түрлі конференциялар мен семинарларға қатысып, тәжірибеммен бөлісудемін. 2011 оқу жылынан бастап Томск қаласының АШҚ-мен (Ашық жастар университеті) бірлесіп жұмыс жасап, жыл сайын алғыс хаттармен марапатталудамын. 2012 жылы республикалық «Үздік авторлық» бағдарлама конкурсының III орын жеңімпазымын.

Бірнеше жыл кәсіподақ ұйымының қазынашысы болып жұмыс, атқарсам биылғы оқу жылынан бастап, кәсіподақ ұйымының төрайымы қызметін атқарудамын. Сондықтан мен ұстазбын.

Ұстаздық – мәртебелі мамандық. Біреудің баласының проблемасы ұстаздың жүрегін ауыртады. Сондықтан ұстаз барша халық үшін аяулы жан. Ұстаздық еткен қанша

жылдарымда қаншама оқиғалар жатыр десеңші. Ұмытылмас айрықшасы қаншама. Мұның барлығы менің өмірім.



Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз.
Сенека.

Турганбаева Айнур Айтқұрманқызы 1985 жылы 15 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласында дүниеге келдім. 1992 жылы Семей қаласындағы №41 орыс орта мектебіне 1 класқа қабылдандым. Бұл мектепте алғашқы екі сыныпты оқып, кейін 1995 жылы қаламыздағы №21 қазақ орта мектебіне ауыстым. Бірақ, тіл жағынан біраз қиындықтар болғанымен, мен осы қиындықтарды өзіме сенім артып отырған және демеу берген ата-анам мен ұстаздар көмегі арқылы жеңе білдім. Бұл мектепте маған білім беру саласының майталмандары, оның ішінде ерекше атап өтетін алғашқы ұстазым Айнагуль Қабыланбекқызы, Мейрамгуль Алтаевна сияқты ұстаздар үлгі өнеге болды. Ұстаздарыма ұқсағым келетін. Осы білім ұясын 2003 жылы "үздік" бітіріп, сол жылы өз білімімді сынап көру мақсатында Семей Мемлекеттік педагогикалық институтына құжат тапсырып, "Математика" мамандығы бойынша "Мемлекеттік білім грантының" иегері атандым. 2007 жылы институтты "Математика пәнінің мұғалімі" мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Сол жылы Семей мемлекеттік педагогикалық институтының математика мамандығының магистратурасына қабылданып, 2009 жылы математика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі атағын алдым. Институт қабырғасында да мені өмірге баулыған ғалым-мұғалімдер өздеріне тарта білді. Солардың арасында шәкірттеріне аса мейірімді, сөзіне берік, шыншыл мінезді, жүрегі батыр, өнегесі асыл, жаны жомарт, пейілі дарқан, ерен еңбекшіл, байламы берік, ойы өткір ұстаздардың бірі Қажи Нұрсултанұлы еді. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

2008 жылы алғашқы еңбек жолымды Шәкәрім атындағы №5 мектепте бастадым. Бұл мамандықты таңдауда мен көп ойланған жоқпын, себебі ұстаз болуды мектепте жүргенде армандайтынмын. Мен өз ұстаздарыма әлі күнге дейін ризамын, олар маған сол кезден- ақ адамдарға, өзіме, өмірге деген сүйспеншілікке үйретті.

Менің ұстаз болып істегеніме бес жыл ғана болды. Қиындығы да, қызығы да жетерлік, ең бастысы-жауапкершілігі жоғары мамандықтың бірі ұстаздық ету екені ақиқат. Шындығында ұстаз барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйретететін абзал жандар. Сондықтан басқа мамандық иелерінің баршасы да ұстаздарға борыштар деп ойлаймын. Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ болары анық. Әрине, ұстаз жүгі-ауыр жүк. Ұстаздардың әсерлі үнмен асықпай, мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу-бұл нағыз шеберлік емес пе?!

Ұстаз болу- жүректің жылылығын, мейірімін, шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз білімді, еңбекқор, бала жанын түсіне алатын болса ғана ұстаздық кәсіптің биік шыңына жете алады деп ойлаймын.

Өзімнің институт қабырғасында, магистратурада алған білімімді оқушыларға үйрету үстіндемін. Араб ақыны, әрі ғалымы Абу-ль-Фарадж ал-Исфаханидың «...түсінгендіктің шын белгісі – «иә» деген жауап емес, шәкірттің жүзіндегі қуаныш болып

табылады» дегенінің растығына тағы мәрте көзім жетеді. Мен де олармен бірге даму үстіндемін. Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады. Ғылыми зерттеу жұмысымның тақырыбы «Экономикалық мазмұнды есптерді математикалық модельдеудің өзектік мәселелері» болғандықтан, осы тақырып аясында халықаралық, республикалық ғылыми тәжірибелік семинар материалдар жинағында бірнеше мақалаларым басылып шықты.

Ұстаз шәкіртіне білім жолын үйретеді,
Білімді жан тас қамалды күйретеді..

Оқушы жетістігі мұғалім жетістігі дегендей, оқушыларымды интеллектуалдық халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі «Малахит», «Кенгуру-математик», «Ақ бота» конкурстарына қатыстырамын, қатыстырып отырамын.

«Адамның адамшылдығы ..... жақсы ұстаздан» - деп Абай атамыз айтқандай мен қандай болсам, алдымдағы шәкірттерім де сондай болып шығарын түсінемін.

Шынында да, бала болашағы біздің қолымызда. Қызығы да, қиындығы да мол ұстаздық жолдан мүдірмей өтсем, менің де биік шыңға шыққаным.



Мен **Такеева Назым Бокейхановна** 1987 жылы 20 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Жарық ауылында тудым. 2006 жылы М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжді үздік дипломмен бітіріп, еңбек жолымды Семей қаласы Шәкәрім атындағы №5 мектеп-гимназияда тәлімгер қызметінен бастадым. Еңбек ете жүріп Семей Мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және бастауыш сыныпты оқыту әдістемесі», Қазақ гуманитарлық Заң университетінің «екі шет тілі» мамандықтарын тәмамдадым. Тәлімгер болу білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше балажандылықты, мейірімділікті қажет ететін қызмет. Сондықтан қызметімде оқушыларды патриоттық рухта шыңдау, адамгершілікке баулуға, ұлттық тағылым-нанымдарды бойларына сіңіруде жүйелі жұмыстар жүргіздім. Мектепте дәстүрге айналған қорытынды ата-аналар жиналыстарын «Күні-түні дей көрме, ғылым ізде, қалсын десең артыңда адам атың», «Талаптан да, білім мен өнер үйрен», «Шәкәрім дарындары» тақырыптарындағы альманах сценарийлерін жасап, өткіздім. 2010 жылы қалалық «Тәлімгерлер сайысына» қатысып Бас жүлдені иелендім. Мамандығым ағылшын тілі мұғалімі болғандықтан оқушылар ортасында тілдік орта қалыптастыру мақсатында мектеп жанындағы «МЕДО» лагерін елтану бағытында ағылшын тілінде ұйымдастырдым. Сондай-ақ қала мектептері жанындағы лагерлер арасында өткізілген байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иелендік.

Проблемалық тақырыбымды «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқушылардың ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту» деп алып, 2012 жылы өзім армандаған ағылшын тілі пәні мұғалімі лауазымына ауыстым.Оқушыларға білім бере отырып сынып жетекшілік қызметті бірге алып жүру жауапкершілігі жүктелді. Жетекшілік еткен сыныбым түрлі білім, спорт жарыстарынан, интеллектуалдық сайыстардан жүлделі орындар иеленіп, сыныптар арасындағы рейтинг қорытындысында жүлделі I орынды иеленуде. Біліктілікті арттыру заман талабына сай ілгерілеу ұстаздың басты мақсаты болғандықтан 2012 жылы Республикалық авторлық бағдарламалар конкурсының облыстық кезеңінде жүлделі орын алып, республикада жұмысым аталып өтілді.

Өз білімімді шыңдау бағытында Кембридж бағдарламасымен мұғалімдердің біліктілігін арттырудың деңгейлі оқыту курстарының үшінші (негізгі) деңгейін аяқтап сертификат иелендім.

Осы жылдар аралығында «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған облыстық, республикалық түрлі деңгейдегі оқу-әдістемелік семинарларға, сайыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, сертификаттармен марапатталдым. Мақалаларым облыстық, республикалық басылымдарда жаряланды. Сабақ берген 5-6 сыныптарға арналған «Geography-English dictionary» атты сөздік жинағын құрастырдым.

Біліктілік санатын жоғарлатушы мұғалімдер арасында өткізілетін «Тәжірибе алмасу - ұстаз парызы» шығармашылық сайысында белсенді қатысып, іс-әрекеттерін ұсынудағы шеберлігім үшін ІІ орынмен марапатталдым. 2013 жылы көптілді полимәдениетті тұлға қалыптастыру мақсатында мектепте өткен республикалық семинарда ашық сабақтар өткізіп, іс-тәжірибеммен бөлістім.

«Адамның адамшылығы … жақсы ұстаздан» деп Абай атам айтқандай, мен қандай болсам, алдымдағы шәкірттерім де сондай боп шығарын түсінем. Сондықтан қызығы да, қиындығы да мол ұстаздық жолдан мүдірмей өтсем, менің де биік шыңға шыққаным.



Хасенова Гульжан Мадиевна1966 жылы 24 қыркүйекте бұрынғы Семей облысы Шар ауданының Суықбұлақ ауылында дүниеге келдім. Теміржолға қарасты №63 орта мектепті 1983 жылы бітіріп, осы жылы Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, 1987 жылы аяқтадым. Диплом алған соң Шар қаласындағы Абай атындағы орта мектепте қызмет жолымды бастадым. 1999 жылдан Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мектепте еңбек жолымды жалғастырып келемін. Еңбегімнің нәтиже – оқушылар шыққан биіктер. Пән олимпиадасының қалалық, облыстық кезеңдерінде Г.Қалдарова ІІ,ІІІ, Г.Ыбырайханова ІІІ; Ұ.Қыдырмоллаева ІІ,ІІІ; Г.Төкішева ІІІ,ІІ; Ж.Болатхаанова ІІІ; Қ.Бітібаева атындағы облыстық олимпиадада Г.Ыбырайханова І; ЖОО-нда өткізілген олимпиадаларда А.Ибраимова - І; Б.Сәкен -ІІ; Ұ.Қыдырмоллаева - ІІІ; Б.Сексенбаева -ІІІ; Ж. Болатхаанова- ІІІ; республикалық олимпиадада Б.Сексенбаева-ІІ орындарды иеленді.Интеллектуалдық «Полиглот», «Айналайын», «Ақ бота» олимпиадаларына қатысқан оқушыларым жылда жүлделі орындарды еншілеп келеді.

СМПИ-де, СМУ-де өткен ғ.-п.к.А.Ибраимова,Е.Атанбаев, Д.Аубакирова, Е.Шаған алғыс хаттармен марапатталып, жұмыстары жинақ кітаптарға енсе, «Алаш идеясы− тәуелсіздік идеясы» атты облыстық ғылыми жобалар конкурсында Г.Калдарованың «Алаш арыстары және М.О.Әуезов» тақырыбындағы жобасы

ІІІ орынды иеленді.Астана қаласында өткен Халықаралық «Жас қаламгер» форумына қатысып, Ұ.Қыдырмолла үздік білімі үшін марапатталды.

Ш.Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойына арналған қалалық семинарда «Шәкәрім лирикасы», облыстық семинарда «Адамзат таныған Шәкәрім мұрасы − өшпес ғұмыр, таусылмас қазына» атты сабақтар, СМПИ-дың қазақ ф.ф. мен мектеп арасындағы әріптестікті нығайту мақсатында 2010 жылы «Ақан − заман бұлбұлы» атты ашық сабақ, тамыз секциялық отырысында «Бір жұлдыз бар әуеде шыр айналған...» атты тәжірибе алмасу сабағын өткіздім.

«Сөзжасам , сөз таптары бойынша кешенді талдаудың практикалық курсы» бағдарламасы мектепте қосымша курс ретінде қолданысқа енгізіліп, «Мектеп оқушыларына арналған мәнерлеп оқу» арнайы курсының бағдарламасы облыста жақсы бағаға ие болып, Щучье қаласында «Дарын» РҒПО-ның «Үздік авторлық бағдарлама» атты VIII республикалық конкурсына қатысты, сертификат алды.

Республикалық ғылыми- әдістемелік орталығымен бірлесе «Дана Абай − дара Абай» тақырыбында қазақ әдебиеті пәнінен телевизиялық оқу фильмін түсіруге ат салыстым.

Сыныптан тыс шаралар бағытында халық жазушысы Ә.Нұршайықовпен «Сырлы сөздің пірі», көнесөз қария, Шәкәрім шығармаларын таратушы А.Айдарханұлымен «Шежірелі ғұмыр» атты кездесулер өткізіп, «Салауаттылық- салтымыз» атты қала мектеп директорларының семинарында «Көмбе» интеллектуалдық ойынын ұйымдастырдым.

Қалалық «Қазақ тілі мен әдебиетінің үздік ұстазы – 2009» сайысында Бас жүлдені, облыстық кезеңінде II орынды иелендім.

2002 жылы Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының Құрмет грамотасымен, 2010 жылы «Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы» атты республикалық энциклопедияның «Құрмет тақтасы» бөліміне еніп, «Білімге қосқан үлесі» медалімен марапатталдым.

Сонымен қатар 2010-2011 оқу жылында мектеп бітірген 11 «А» сыныбының 22 оқушысына жетекшілік жасадым. Шотанбеков Елдос «Алтын белгі» иегері атанса, Сатыбалдинова Елдана халықаралық ғылыми жобалар сайысының I орын иегері болды. Он оқушы «Үздік аттестатқа» қол жеткізді.

Мәскеу қаласында М.В.Ломоносов атындағы МГУ-де өткен «Ученые будущего» атты халықаралық фестивалдің қатысушылары − Н.Дүрімбаева, Ж.Адықбаева, Ж.Жеңіспеков, Е.Сатыбалдиновалар − «Новые горизонты» номинациясының иегерлері.

Кез келген ата-ананың арманы − баласын биіктен көру. Ұлым Ернат 2002 жылы алғаш рет мектеп табалдырығын аттап, 11 жыл осы өз мектебімде білім нәрімен сусындады. Оқу озаты болып, ерекше қызығушылықпен оқыған Қазақстан тарихы, география пәндерінен республикалық олимпиаданың қалалық, облыстық кезеңдерінде жүлделі орындарды иеленді. «Дарын» орталығы ұйымдастырған республикалық «Ақ бота» интеллектуалдық марафонында 2010 жылы III орын, облыстық «Малахит» интеллектуалдық ойынында 2010 жылы I орын, «Айналайын» интеллектуалдық олимпиадасының 2010–2011 және 2011–2012 оқу жылдарында I орындар, облыстық «Тұлпар» интеллектуалдық олимпиадасында 2010 жылғы II орын, 2009 жылғы III орын, 2008 жылғы I орын иегері атанды. «Тұлпар» интеллектуалдық олимпиадасында I орын иеленгені үшін Щучье қаласындағы «Балдәурен» − республикалық сауықтыру орталығында жолдамамен демалып келді. «Менің туған өлкем – менің тарихым» атты жас этнографтардың республикалық балалар құрылтайында және «Олимпия» спорт мерекесінде I орындарды иеленді. Республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Дана Абай – дара Абай» оқу фильміне түсудегі белсенділігі үшін Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының Құрмет грамотасымен марапатталды. Мектептің «Шәкәрім дарындары» энциклопедиясының 2011-2013 жылдардағы басылымдарына, 2010–2011 оқу жылында «Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы» атты республикалық энциклопедияның (2010 жылғы) бірінші басылымына, 2011-2012 оқу жылында шығарылған республикалық «Қазақстанның үміт артарлары» атты мектеп дарынды оқушыларына арналған жинақтың I шығарылымына енді. Ағылшын тілі пәнінен «BRITISH BULDOG» − халықаралық интеллектуалдық олимпиадасының 2011 жылғы I орын, VIII Халықаралық «Urfodu» – ғылым негіздерегі олимпиадасының I дәрежелі диплом, Астана қаласында өткен республикалық «Кристальный пиксель» байқауының «Логотип» секциясының III орын иегері. 2013 жылы сәуірдің 10 – 14 аралығында Швеция мемлекетінің Гётеборг қаласында өткен «Euomath – 2013» атты студенттердің халықаралық ғылыми жобалар сайысына қатысып, мемлекеттік

грат иегері атанды. Қазіргі таңда Астана қаласындағы Лев Гумилёв атындағы ЕҰУ-дың бірінші курс студенті.

Баламның осы жетістіктері – әріптестерімнің көп жылғы еңбектерінің жемісі.



Мен **Шахманова Қарлығаш Қанатқызы**10 тамыз 1971 жылы Семей облысы Абай ауданы Қызылтас ауылында дүниеге келдім. 1978 жылы 1 қыркүйекте сол ауылдың 1 сыныбына қабылданып, 1986 жылы 8 сыныпты тәмамдадым. 1986 жылы Семей қаласындағы М. Әуезов атындағы педагогикалық училищесіне түсіп, 1990 жылы «бастауыш сынып мұғалімі» мамандығымен бітіріп шықтым.2006 жылы М. Әуезов атындағы «Семей» университетінің «бастауыш сынып методикасы және педагогикасы» факультетін бітірдім. 1990 жылдан бастап осы уақытқа дейін №5 мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарып келемін.

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық– ұстаздық мамандық. Дарынды балаларға білім беру мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет және біліктілікті қажет етеді.

2010 жылы Облыстық білім арттыру институтында «Мультимедиялық кабинет мүмкіндіктерін пайдаланудың тиімділігі» тақырыбымен баяндама оқып, 2011 жылы аталған институтта «Бастауыш сынып оқушыларыныңтанымдық іс-әрекеттерін дамытудаоқытудың технологияларынмедиабілім арқылы интеграциялау» ізденіс тақырыбымен істелінген жұмыстары бойынша іс-тәжірибем тыңдалып, облыс деңгейінде таратылды. 2011 жылы Щучье қаласында өткен «Дарын» РҒПО-ның «Үздік авторлық бағдарлама» атты VIII республикалық конкурсында «Экономикалық математика» авторлық бағдарламасы сертификат иеленіп, жүлделі II орынды жеңіп алдым. 2011 жылы Астана қаласында өткен Математиктердің I съезіне Семей педагогикалық институтының профессоры Қ. Н. Нұрсұлтановпен бірлесе «Ең алғашқы алаштық «Есеп құралы»-бүгінгі Шәкәрім шәкіртханасында» атты баяндама жолданып, жинақта жарық көрді.

2009, 2013 жылдары Қалалық Балалар мен жастардың шығармашылық сарайының Алғыс хатымен, 2011 жылы Республикалық «Бастауыш мектеп» журналының Құрмет грамотасымен, 2011 жылы «Дарын» грамотасымен, 2011 жылы Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсында II дәрежелі дипломмен, 2012 жылы Urfodu. VIII Халықаралық интернет олимпиаданың Мақтау қағазымен, 2012 жылы Қалалық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен және 2013 жылы «Білім берудегі ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталдым.

2011 жылы Алматы қаласында өткен IV Республикалық «Бастау» математикалық турнирінің жоғарғы лигасында шәкіртім Байтлеуова Камила I орын иегері атанды.

Бастауыш сынып білім негіздері бойынша 2012 жылы пән олимпиадасының қалалық кезеңінде Байтлеуова Камила математика пәнінен I орынды, Қарпықова Айзада қазақ тілі, Остемирова Айжан ана тілі пәнінен II орындарды, Өмірбекова Лаула математика пәнінен III орынды иеленді. 2012 жылы Облыстық олимпиада кезеңінде Байтлеуова Камила II орын жеңімпазы атанды.

Әрбір ұстаздың алдына қойған мақсаты-оқушылардың өзара белсенді әрекеттерін ұйымдастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Оқушыларды адамгершілік тәрбиесіне баулу, өзара сыйластық қарым-қатынас жасауға талпындыру-мұғалімнің ұстаздық тәжірибесінің негізі.



Мен **Шаяхметова Қарлыға Іңкәрбекқызы** Қарағанды өңірінің қасиетті Қарқаралы жерінің Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіров туған жерде дүниеге келіппін. Сол жердегі №10 орта мектепті тәмәмдадым, Менің ұстаз мамандығын таңдауыма себепші

болған, білім нәрімен сусындатқан алғашқы ұстаздарымның ықпалы, сол себепті 1991 жылы Е.Букетов атындағы Қарағанды МемлекеттікУниверситетіндегеография факультетіне оқуға түсіп, 1996 жылы білім ордасын аяқтап, «Географ оқытушы» деген мамандықты игеріп, жоғарғы білімді маман атандым.

Алғаш еңбек жолымды Қарағанды қаласындағы № 2 Н.Нұрмақов атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта бастадым. Білім ордасының тәжірибелі ұстаздары құшақ жая қарсы алып, өз іс - тәжірибелерімен бөлісті.

2010 жылдан бастап, Шәкәрім атындағы № 5 мектеп-гимназиясында еңбек жолымды жалғастырудамын. Осы киелі шаңырақта екі балам да білім алуда. Жапон халқының мәтелінде, «Теңіздің жайын балықшыдан сұра, ал оқытудың қыр-сырын ғибраты мол тәлімгерден сұра, ол сүрінсең демеп, адаспайтын даңғыл жол, айқын да ашық бағыт-бағдар көрсетеді» делінсе,бүкіл ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнап, ұрпақ жүрегіне ізгілік ұялата білген, шәкірт бойына ұлттық қасиет адамгершілік, ар-ұят, ақыл, парасат құдыретінің дәнін себуге барын салып келе жатқан адамдарға жүгінуіміз қажет, ал мен төртінші жыл қызмет етіп жүрген Шәкәрім атындағы қара шаңырақта осы маған үлгі боларлық, апайларымыз баршылық, мәселен Алма Медетқызының, Рыскүл апамыз, Күләнда, Бахтикамал апайлардың, Бахытгүл Омархановна, Тұрсынгүл Сағатбекқызының, Динара Сейсенбайқызының айтар ақылы, үйретер тәлімі мол. Үлкен жауапкершілікпен маңдай терімді төге отырып, шығармашылық ізденіспен талмай еңбек ету барысында, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай, география пәнін теориялық әрі практикалық жағынан тереңдетіп оқыту мақсатында физикалық курс бағыты бойынша «Әлемтану курсы» 6 сыныптарға арналған авторлық бағдарламасын, «Географиядан практикум (олимпиадалық есептер шығару)» 8-11 сыныптарға арнап оқу бағдарламаларын дайындадым.

Іс-тәжірибемді тарату мақсатында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жылдығына арналған, «Тәуелсіз Қазақстан – біздің тағдырымыз» атты тақырыппен өткен халықаралық ғылыми конференцияда «Жас ұрпақты Отанды сүюге тәрбиелеудің кейбір мәселелері» атты баяндамам жинаққа енгізілді.2011ж. әріптестеріммен бірігіп жасаған «Географиялық диктант» оқу-әдістемелік құралы шықты. Біліктілік санатын жоғарлатушы мұғалімдер арасында өткен «Тәжірибе алмасу-ұстаз парызы» шығармашылық есеп беру сайысында II орын иелендім.

Әдетте, жыл сайын өтетін олимпиадалардың оқушы үшін маңызы зор. География пәні бойынша өткен шағын облыстық олимпиадасында 8 сынып оқушысы Анер Диас I - орын алса, VIII Халықаралық негізгі ғылымдар бойынша онлайн олимпиадасының II кезеңінде жоғарғы лигада II дәрежелі дипломмен марапатталды. Шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалімнің кәсіби деңгейі жоғары болу қажет.Осыған байланысты Кембридж бағдарламасы негізінде өткізілетін «Үшінші (негізгі) деңгейлік» үш айлық біліктілік арттыру курсын ойдағыдай аяқтап, жұмысымды жалғастырып келемін.

Әр сабағымды жеті модульды ықпалдастыра отырып, басқа пәндермен кіріктіре отырып өткізуге тырысамын. 2013 жылы қазан айының 16-17 күндері аралығында «Көптілділік − әлемдік білім кеңістігіне интеграцияланудың негізгі шарты» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық семинарында (7 сынып) «Еуразия материгінің географиялық орны» атты тақырыпта математика пәні мұғалімі Л.М Амренова мен интеграцияланған ашық сабақ өткіздім және әріптестеріммен бірге шебер сынып ұйымдастырдым, семинарға келген қонақтар мектебімізге, мектеп басшылығына, ұстаздарға үлкен ризашылықтарын білдірді. Осы аралықтағы еңбегім бағаланып Облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталып, еңбек кітапшама жазылған алғыстар берілді.

Менің педагогикалықұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу, сондықтан бағындыратын белестерім мен шыңдарым әлі алда.



Шаяхметов Серик Қабденұлы 1967 жылы, 8 ақпан күні ШҚО Тарбағатай ауданы, Жетіарал ауылында дүниеге келдім. Ленин атындағы орта мектепті 1984 жылы бітірдім. 1985-1987 жылдары Совет армиясы қатарында ГСВГ-да борышымды өтедім. 1987 жылы Семейдің Шәкәрім атындағы педагогикалық институтына түсіп 1993 жылы аяқтадым. 1993 жылы Семей қаласындағы № 39 мектепте сурет-сызу, еңбек пәнінен мұғалімдік қызметімді бастадым.

2008 оқу жылынан бастап Шәкәрім атындағы облыстық үш тілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектепте қызмет атқарамын.

Сурет, сызу, еңбек пәндеріне оқушылардың таным-әрекеттерін ұйымдастыру, шығармашылық ізденіс жасауда жаңа педагогикалық техногиялар бойынша интерактивті әдіс-тәсілдері оқу процесінде пайдаланамын.

«Наурыз мейрамы» меркелеріне арналған «Қолөнер көрмесінде» Ұлттық өнерімізді шыңдай білгені үшін жыл сайын «Үздік көрме» номинациясымен марапатталдым.

Евразиялық технико-гуманитарлық колледжіне ұйымдастырылған қалалық «Жол қозғалысының инспекторлары» байқауында мектеп командасы I орынды иеленіп, мақтау грамотасымен марапатталды.

Жалпы қалалық мектептер арасындағы мұз қалашығын жасауға арналған байқауларға қатысып, нәтижелі жұмыстарымыз телеарнадан көрсетілді. Мектептің ішкі безендіру жұмыстарында өз қол таңбамды қалдырып келемін. мысалы «Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығындағы «Шәкәрім» бұрышы, «Ұлттық рәміздер» бұрышын ашуда өз үлесімді қостым.

Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы Семей қалалық комитетінің Алқасы білім саласындағы еңбегі, сапалы тәрбие берудегі жетістігі және қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін Құрмет грамоталарымен марапатталадым, еңбек кітапшама алғыстар жазылды.



Мен, **Уайданова Жанна Мүсілімқызы** 1969 жылы бұрынғы Семей облысы Абай ауданында дүниеге келдім. 1988 жылы Семейдің М.Әуезов атындағы педучилищесін бітіріп, Абыралы совхозына келіп, бастауыш сыныптың мұғалімі болып қызмет істедім.1990-1995 жылдары Семейдің педагогикалық институтының МНО факультетінің іштей бөлімін оқып, тамамдадым. Сол жылы яғни 1995 жылдың 1- қыркүйегінен бастап Семейдің №5 қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет істеймін. Биыл еңбек еткеніме жиырма алты жыл болып, жиырма жетінші жылға аяқ басады екенмін. Алдымнан қаншама шәкірттер шықты десеңізші...

Бастауыш сыныпта білім алған шәкірттерім 11-сыныпты «Алтын медальмен» аяқтап шыққан шәкірттерім бар. Олар Садуақасова Индира, Шарипова Мадина, Талдыбаев Жанәділ, Мақсатов Мирас. Олар өмірден өз жолдарын тауып, білім алып,қызмет істеп жүр. Бастауыш сынып мұғалімі өте қызықты да, жауапты іс. Қазіргі ұстаз кез-келген сабақты бүгінгі заманмен үйлестіре өткізе білу керек. Заманның жаңа техникасы,компьютердің құлағында ойнап, интерактивті тақтамен жұмыс істеп, алдымда отырған шәкірттерімді шығармашылықпен жұмыс істеуге шыңдау.

Менің алдыма келіп отырған оқушылардың біреуі-біреудің маңдай алды жарығы, енді біреуі- жал дегенде жалғызы, бірі- тентек, бірі қой аузынан шөп алмас момыны.

Сондай балаларды маңдай алды жарығын жарқыратып, жал дегенде жалғызын көпшілікке үйретіп, тентегін тыйып, қой аузынан шөп алмасын ортаға жарқырап сөйлейтіндей шешен қылып тәрбиелеу үшін қажымас қайрат пен батырлық қажет.

Осы киелі білім ордасында өзімнің үлкен ұлым Ерланов Елдар 1- сыныптан 11-сыныпқа дейін оқып, бітіріп шықты. Қазір ұлым Петропавл қаласындағы МВД әскери институтында оқып жүр.

Елбасымыз айтқандай *«Болашақ – білімді жастардың қолында»* демекші біздің болашағымыз өзіміздің қолымызда. Сондықтан менің арманым - аса мейірімді сөзіне берік, шыншыл мінезді, жүрегі батыр, өнегесі асыл, жаны жомарт, пейілі дарқан, ерен еңбекшіл, ойы өткір шәкірт тәрбиелеу.

Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы – мектеп десе, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Әрине, ұстаз жүгі – ауыр жүк. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу бұл нағыз шеберлік емес пе!?

Ұстаз оқушыға білім беру жолында ерінбей еңбектене отырып, өз білгенін жетілдіре беруі керек. «Бәрін білдім, маған жеткілікті» деген сәтте ол ұстаз болудан қалады демей ме? Іздену, талаптану, биіктен көріну – менің басты мақсаттарымның бірі. Осы жолда төмендегі жетістіктерімді атай аламын.

Қалалық бастауыш сынып мұғалімдерінің олимпиадасында I орынды жеңіп алдым. Қалалық кәсіподақ комитетінің грамотасы. 2011 жыл.

Республикалық мұғалімдер олимпадасынан сертификат. 2012 жыл.

Республикалық «Бастау» - математикалық турниріне оқушым Жарылгасина Л қатысып, 2012 жылы II орынды жеңіп алды.

Оқушыларым «Ақ бота», «Айналайын», «Золотое руно», халықаралық интернет олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Жыл сайын халықаралық, республикалық ҒПК қатысып, баяндамаларым жинақтарға енді.

Республикалық «Бастауыш мектеп» журналына, облыстық «Ертіс өңірі» газеттеріне жылда мақалаларым шығып отырады. 2011 жылы 1-4 сынып оқушыларына арналған «Көркем жазу» атты пән бағдарламасын құрастырдым.



Автордың өмірдерегі мен ой – толғамдары

Қазақстан Республикасы мен ҚСРО халық ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі - Тоққарин Досымхан 1938 жылдың 8 – наурызында Абай ауданы Қарауылда, Балпаң қорықты алқапта туған. Қазіргі күндерде ол жер Жидебай жолындағы «Ақтоғай» деп аталады. Олай аталуы – ықылым заманнан қалған. Осы өңірдің Бұланбай зираты, Орыс қорасы, Әзбергеннің күнбатыс жотасындағы күмбезді Шошақ бейітке дейінгі аумақ, бір заманда түйе бойламайтын ақ ши болған. Әр түптегі бадамдай шилер бүтін өңірді қалың тоғайдай жайқалтып, ұзына басындағы шашақтары алыстан тоғай бұтақтарына ұқсағандықтан «ақтоғай» деп аталған сөз ертеден бізге жеткен сияқты.

Бұл қорықты аумақ ір кара – сиыр малына қысқы уақытта таптырмайтын жайылыс, қатты аязды күндер мен түндерде қалың ши іші ықтасын, жылы жай. Осындай қасиеті бар бұл өңір Қарауылдың жеке меншік малының жайылым қорығы, ырыс берекесі, халықтың сүті мен етінің қайнар көзі болып келе жатқаны қашаннан десеңізші? Осы қоныста менің балалық шағым өткен. Шешем маған; сен туған күні екі сиыр қатар бұзаулап, екі қой егізден төлдеді. Көрші – қолаңшылар мен ауыл адамдарының аузы аққа тиіп мәре – сәре болды,- деуші еді. Есейген шағымда, бұған мен киелі топырақ пен асыл жердің шапағаынан болғанына мың мәрте тәубе деп отырамын.

Менің балалық өмірімнің соғыс жылдарындағы ауыл балаларының тұрмыс тіршілігінен өзгешелігі болған жоқ. Кілең жас балаларға, дала жұмысына, үй тірлігіне иелік жасап, ауылға басшы болып қалған аналарымыздың аяғына оратылып, соңынан ергенді білдік. Соғыстың соңына қарай қолғанаттыққа жарап, жұмысқа араластық. Ауылдың іргесіндегі егістіктен масақ тердік, мал қайырып, төлдерге қарадық.

Әкем 1943 жылдың күзінде 50 жасында еңбек армиясына алынып, майдан даласына қажетті өнімдер дайындайтын Горький қаласы маңында әскери орман шаруашылығы зауытында болған.

Үйелмелі - сүйелмелі 4 баламен қалған шешем, кішісі 2,5 айлық, қажыр – қайратын жинап, алапат соғыс тақсіретіне қарсы тұрған тыл еңбеккерлерінің бірі болып аудандағы «Балалар үйінде» еңбек етіп, балаларының ересектерін соңынан қоса ертіп жұмыс істеді.

1943 жылы әкем еңбек армиясына кеткенде, Жабархан ағам соғыстан ауыр жараланып келді. Балалар үйі таратылды ма, көшті ме, ол үйдің орнына «Зат дайындау» мекемесі кірді. Шешем сол мекемеге күзетшілікке ауыстырылды. Кіріп шығуға жараған ағам Жабархан 1946 жылы тері, жүн жинайтын жұмысты атқара бастады.

1945 жылдың күзінде Абай орта мектебіне 1 – сыныпқа сабаққа бардым. Әкем еңбек армиясынан 1947 жылы ғана келді. Әкем келгеннен кейін жоқшылық, жетімдік тұрмыстан айыға бастадық. Әкем өте еңбекшіл адам еді. Елге қайтарда зауыт әкімшілігі соңғы екі жарым жылғы (1945 – 1947 ж. мамырына дейінгі) ақшасын берген. Соған әрқайымызға қанша ма киім – кешек, нәрселер әкелді. Келісімен 1 құлынды бие, 1 ат сатып алды да үй салу қамына кірісті. Сол жылдың карша айында аудан орталығы Қарауылда бірінші болып қолдан салынған жеке меншік үйімізге кірдік. Келесі 1948 жылдың сәуір айынан бастап біздің үйдің жоғарғы жақ іргесіне таяу Шүкіманның Қаратайы үй салды. 1948 – 1949 жылдары Кәмен мұғалім мен Рымхан нағашым; бірі Құндыздыдан, бірі Қасқабұлақтан қызмет ауысып келіп, қатарлас үй салып алды.

Біздің үйге бұрын да қонақ көп келуші еді. Жаңа үйге қуаныш тілегін айту үшін бе? бұрынғыдан да көбірек келетін болды. Бармақов Ідіріс, Сәулебеков Рақыш, Жандыбаев Рахым, Ермұса, Әлімбет, Шахан, Қақабай, Шыңғысхан ағалар қона жатып, әкеммен көп әңгіме айтатын. Ал Алматыдан Әбіш аға қасында Сүлеймен Үйсімбаев, Шәкір Әбенов, Бәткен Сағындықов келгенде ауылдың басшы азаматтарымен бірге туыстар бас қосып, кәдімгідей мереке болатын.

1950 жылдарда мектеп жас мұғалімдермен толығып, мектеп өмірінде тың серпіліс болды.

Мектепті бітіргенге дейінгі аралықта; Кәмен Оразалин, Қонанов Дүйсембай, Байырбеков Ұлықбек, Асылаев Ғабдолла, Рахымбаев Ғизат, Өмірзақ Құсаев, Нұржамал Қалиева, Халел Бозанбаев, Рысбек Ақшекин сабақ берген, үлгі тұтар, тәлім берген сүйікті ұстаздарым болды. Бейнелері ұмытылмақ емес.

1956 жылы Алматы қаласындағы КазПИ дің тарих – филология факультетіне оқуға түстім. Институтта дәріс берген, институт ректоры, Советтер Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин, ұстаздар; Х. Әділгереев, Қ. Жұмалиев, С. Қалиев, Мадин,Қ. Жармағанбетовтер әр кез есімде жүретін құрметі үлкен тұлғалар болатын. Ал әдебиеттің айтулы өкілдері Есмағанбет Исмайылов, Қанған Сүйіншіәлиев, Ғайса Сармурзин, Ибади Матақов, атақты скрипкашы, музыкант Әйткеш Толғанбаев, елден келгенде Әрқаш аға, Кәмен мұғаліммен Әбіш ағаның үйінде қонақта болғанда күтісіп, сол адамдардың әңгіме – жиын отырысы ішінде болатын едім.

1956 жылдың 19 қыркүйегінде институттың акты залында Мұхтар Әуезов ағамен 1 курс студентерінің кездесуі болды. Кездесуді ректор Мәлік Ғабдуллин ашып, институттың Абай Құнанбаев атымен аталуына ерекше тоқталып, Абайды әлемге танытқан – заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың жыл сайынғы әдет бойынша осы институт табалдырығын аттаған студентермен кездесуге келгенін ерекше жоғары парасаттылық сезіммен жеткізді.

Үш сағаттан артық уақытқа созылған кездесуде небір дүние құшағына ендірген жазушы әңгімесі оның алуан түрлі тағдырдың ішінде бірге жүріп, бірге қиналуға түскен сәттерді баяндауда желпініп, терлеп-тепшімей көсіле беруі бізді ерекше әсерлендірді. Тың ойларды бастап, сөйлей жөнелгенде әңгімені енді бастап келе жатқандай әсер береді.

Әз Жәнібек, Әз Тәуке жөнінен сөйлегенде бұл ұлы тұлғалардың есіміндегі алдыңғы «Әз» сөзіне ерекше тоқталды. Тәңірінің осы адамдардың ұлылығын о бастан құп алғандай жақын тартты. Әз сөзі – дана, ұлы, әулие деген мағына берсе, біз екі адамның өткен, жүрген жолының өне бойынан осы қасиеттерді байқап көреміз дейді,- жазушы аға.

Сөз соңында заңғар жазушы Абай аталарыңның атындағы ілім-білімнің қара шаңырағына лайықты өсіп білім алыңдар, - дегенді айтты.

Мәлік Ғабдуллин аптасына бір пар лекция оқыған үзілістерде біздің ортамызда тұрып әңгіме айта беретін еді. Өте кішіпейілділігі мен қарапайымдылығы өзіне жарасып тұратын.

Бірде ректор соңғы үшінші пардағы лекциясын аяқтағаннан кейін Төлеген Тоқтаров туралы бастаған әңгімесі, біздің айта түссе игі еді, деген ойымызды құптағандай ұзаққа созылды.

1943 жылы 31 қаңтар күнгі Правда газетінде 9 жауынгерді Советтер Одағының Батыры атағы берілген СССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығы шықты. Ішінде Төлеген Тоқтаров бар еді, - деп бастаған Мәлік аға ойын әрі қарай жалғастырды.

Мен аға саяси жетекші едім, жауынгерім Төлеген Тоқтаров. Ол көпшіл адам, көптің қамын, тағдырын терең ойлайтын. Жолда шаршап келе жатқанына қарамастан жолдасының жүгін көтерісетін. Майданға келісімен тамаша қылығымен көпке ұнады. 1942 жылы 3 ақпанда Ново-Свинюхово селосы үшін қатты ұрыс болды. Дұшпанның 74 автомашинасы, 2 азық-түлік, киім-кешек қоймасы, 2 зеңбірегі тартып алынды. Бородино селосы үшін болған 6-9 ақпан күндеріндегі ұрыста шай қайнатымдай уақытта Төлеген 36 немісті қырды, - деп Мәлік Ғабдуллин Төлегендей аяулы боздақтың соңғы сәттерін былай баяндады: «Төлеген орнынан атып тұрғанда ішек-қарыны төмен салбырап кетті. Қолымен шегін жоғары көтеріп қысып алып, өзін атқан неміс офицеріне автоматын көтере ұмтылып қақ басынан ұрып, миын аспанға ұшыра басын қаққа айырды. Осы кезде жаудың пулеметінен жауған оқ оның кеудесіне тиді. Есіл ер көз алдымда жаумен осылай өлімнен қорықпай айқасып өтті».

Советтер Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің студент кезімізде бізге айтқан әңгімелерінен кейін «Менің майдандас достарым», «Алтын жұлдыз», «Майдан очерктері», «Сұрапыл жылдары», «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» деген кітаптарын оқығанымда, өткен күндерді еске түсіріп, үлкен толғаныста болдым.

Еңбек жолым өзім оқыған Абай ора мектебінде мұғалімдіктен басталды. Қырық жылға жуық ұстаздықтың 25 жылы сол мектепте өтті. Оқушыға білім – тәрбие берумен бірге өзім де үлкен тәрбие мектебінен өткенімді ризалық сезіммен еске түсіремін. Мектепте оқыған жылдарда; Нұрғалы Байзақов, Нұрсадық Жазылбеков, Халел Бозанбаев, қызымет істеген жылдарда; Омархан Жартыбаев, Зәрер Садуақасов, Нағима Құмарова, Мұқаметхан Мұратханов, Сақытай Биғозин сияқты мектеп директорларының қарауында тәжірибе алдым, басшылық ісінің тәсілдерін үйрендім.

Мектепте сол жылдарда оқып, оқу озаты болған, ұстаздар ісіне қолғабысын тигізе білген, ұстаздарының ақыл - кеңесін болашақ өмірінің бағдары деп түсінген; Тәшкенбаев Жолтай, Майра, Тілеубеков Мұратбек, Әдибаев Қоңырқаз, Сейсенбаев Роллан, Сапаралин Бейбіт,Төлепбаева Майра, Битенова Қазима, Жанғалиева Рая, Құмаров Бақдәулет, Жанболатов Мұратбек, Кәрменов Жәнібек сынды шәкірттер болды. Олар оқушылық үлгі - өнегесімен ұстаздар қауымының құрметіне бөленген, өмірде де ел қуанышында болған, биік белеске мектеп атын шығарып, ауыл абыройын көтерген шәкірттер еді. Біз ұстаздар олармен мақтанамыз, оларға берген білім – тәрбиенің нәтижесіне марқайамыз.

1990 жылдың ортасына таман зейнеткерлікке шыққаннан кейін, бірнеше жылдай еркін жүріп, дем алдым. Алайда ойыма мектеп, оқушылар, ұстаздар орала берді. Сол жылдар да шежіре жазғандар көбейіп, екінің бірі кітап жаза бастады. Мектепте жүргенде газет – журналдарға оқу тәрбие жайынан мақалалар жазатынмын, сол әдет мені де жазуға отырғызды. Төрт кітап, бір кітапша 2000 – 2012 жылдар аралығында жарыққа шықты.

2013 жылдың тамыз айында № 5 мектептің директоры Алма Медетқызына жұмыс орнына барып жолыққаннан кейін, маған мектептің 90 жылдық мерекесі болатыны туралы, сол орайда кітап шығару ойын айтты. Содан «құтты қонақ келсе қой егіздейді»,- демекші кімге айтарымды білмей толғаныста жүрген кезіме дәл келдіңіз, Сіздің 3, 4 кітап шығарған тәжірибеңіз бар, аға, осы кітапты жазуды қолыңызға алсаңыз қайтеді,- деді.

Күтпеген тосын жағдайда адамдардың қандай күйге түсетіні айтпаса да белгілі ғой. Ой, Алмажан кітап жазу деген оңай шаруа емес. Оның үстіне өз ойында жүрген, мақсатты

дүние болса бір басқа, біреудің тапсырысымен кітап жазып көрмегем. Жазған күнде № 5 мектептің бір ғасырға жуық тарихы бар, үлкен қалада, үлкен мәдениет орталығында тұрған мектептің сұранысы үлкен - ортасы бар, көзі ашық, мәдениет пен өмірге жақын оқушысы бар мектеп туралы жазу да үлкен еңбекті, аса біліктілік шеберлік пен қажыр қайраттылықты талап етеді, жас мөлшері сарылып отыруды, мұрағат пен кітапханаларда сүзілуді көтермейді,- дегендерді айтып, ат-тонымды ала қаштым. – Аға, ойланыңыз, үйге барып тәтеммен ақылдасыңыз, - деп Алма үмітті оймен шығарып салды.

Үйге келіп болған жәйді Күмісекеңе айтып едім, басым дауға қалды. Алманың меселін қайтарып, о, не дегенің, ана жазып жатқаныңды қоя тұр да, өзім деп, жақын тартқан Алманың өтінішін орында, орындайсың деп, өктемдік көрсетті. Бұндай қылығын бұрын көрмеген мен таңданыспен бетіне қарасам, қалжыңсыз рия көңілін білдіріп тұрғандай шырайын байқадым да жарайды, жазатынымды барып айтайын дедім. Сөйтіп тұңғиық дүниеге, өзімнің хоббиым мектеп пен оқушы, ұстазды дәріптеу болғандықтан соған иланып, кірісіп кеткенімді өзім де байқамай қалдым. 2013 жылдың 5 тамызынан 30 желтоқсанға дейінгі аралықта бар ынта - жігеріммен жазып та, жүріп – тұрып та, қаншама мектеп жайынан белгілі бір адамдармен сөйлесіп те, 4 ай 27 күн дегенде жүздеген ұстаздар мен әлде неше жүздеген түлектер туралы деректер көз алдымнан сарапталып, мектептің 80 ге тарта бүгінгі күнгі ұстаздардың тыныс – тіршілігі жайында жазылып, кітаптың соңғы нүктесі 2013 жылдың 30 – желтоқсан күні қойылды.

Кітапта мектептің тыныс – тірлігі мен дамуын көрсетуде ұстаздар қауымының қызмет істеген кезі мен түлектердің оқыған, мектепті бітірген уақыты хронологиялық жылдар реттілігін сақтау арқылы берілді. Сондай-ақ кітап жазылу үстінде ұстаздарды сөйлету арқылы оқу – тәрбие ісіндегі атқарылған жұмыстар кеңінен баяндалса, екінші жағынан пән бірлестігі жұмысы арқылы мектептегі барлық ұстаздарды қамту мүмкіндігі жүзеге асты. Олардың оқу – тәрбие ісіне қосқан үлесі жан – жақты баяндалды. Болашақта, кейінгі ұрпақтар үшін олардың үлгі – өнегесі ұмытылмайтын, өткенді іздеп, еске алар шақта қолға алып қарайтын, деректі естелік кітабы – «Білімнің шежірелі ордасы» көпшілік оқырман қауымға жол тартты.

Тоққарин Досымхан

Сөз соңы

90 жылдық тарихы бар, жас ұрпаққа айтары бар, еліміздің жарқын болашағына қосар үлесі бар, байырғы қазақ мектебінің қара шаңырағы болған мектебіміз – Мағжан Жұмабаев армандағандай: *«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады»,*- деген дәрежеге жеткен мектеп. Мектеп тағдыры талай өмірдің тезінен өткен халқымыздың тағдырымен сабақтас жатыр.

Сондықтан тереңде жатқан асыл мұраларымызды келешек ұрпаққа жеткізу, насихаттау, аға ұрпақ өмірін үлгі ету арқылы жастарымыздың патриоттық сезімін ояту мақсатында материалдар зерделенді. Өткеніңді білмейінше келешекке бағдар жоқ дегендей, зерттеу барысында архив құжаттары, көнекөз қарттардың, ұзақ жылдар мектеп қабырғасында жұмыс жасаған ардагер ұстаздардың, еңбек ардагерлерінің, осы мектепті бітіріп, қазір құрметті демалыстағы және өндірістің түрлі саласында еңбек етіп жүрген түлектердің естеліктері жинақталды.

Тарихи құжаттардың электронды папкалары жасалынып, оған мектеп тарихына қатысты адамдар туралы қосымша деректер, фотоматериалдар топтастырылды. Алаш қаласындағы алғашқы алаш мектептерінің бірі саналатын мектептің өмірі алаш арыстарының өмірімен де тығыз байланысты болғандықтан болашақта құжаттар мен құнды материалдарды жинақтау жалғасын таппақ. Кітапты баспадан шығаруда еңбек еткен адамдармен оқырмандарды таныстыруды, оларға үлкен ұжымның басшысы ретінде рахмет айтуды парызым деп санаймын.

Атап айтқанда: мұрағаттағы құжаттарды көтеріп, жинақтаған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызына, кітапханашы Динара Бодесоваға, «Өмір-өзен» тақырыбындағы түсірілген видеоматериалдар редакторы - қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Баяхметова Шынар Оразахметқызына, видеоға түсіруші дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Оразбаев Саятқа, ардагерлер туралы құнды деректер жинауға ат салысқан зейнеткер ұстаз Момынжанова Нұржамал Момынжанқызына, алыс-жақындағы кітап кейіпкерлерімен хабарласып, материалдар жинауда белсенділік танытқан тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары Бекқасымов Асқар Қонысбекұлына, кітап

материалдарын топтап, компьютерлік нұсқасын әзірлеуде жауапты жұмыс атқарған Наурызова Гүлнұр Дулатқызына ризалық сезімімді білдіремін.

Кітапты топтастырып жарыққа шығаруда басшылық жасаған, алуан сатылы тәрбие мен оқыту саласын 3 бөлім бойынша бірнеше тармақтар арқылы педагогикалық ұжым мүшелерін қамтумен бірге оқу процесіндегі тыныс тіршілікті мейлінше ашқан, мектеп өмірі туралы ғалым - педагог, мемлекет қайраткері, журналистер мен тарихшыларды сөйлетуге жұмылдырған, пікір жинақтаған, қаламгер ұстаз – автор - Досымхан Тоққарин ағамыз бен немересі Айтөлеу Айбекұлына ұстаздар қауымының алғысын жеткіземін.

Кітап шығару жұмысын ұйымдастыруға ат салысқан әкімшілік мүшелері мен ұстаздар қауымына, демеушілік көрсеткен мектеп түлегі, қазақ меценаты, халық қалаулысы Құрманбай Марат Серікжанұлына, сондай-ақ мұрағат материалдарын зерделеуде мүмкіндік жасаған Семей қаласының «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының» директоры Қасымова Гүлнар Төлеуқызына алғыс айтамын!

Мектеп директоры, кітаптың редакторы
Әубәкірова Алма Медетқызы

Қазақ меценаты Марат Құрманбай

Құрманбай Марат Серікжанұлы қазақ меценаты, кәсіпкер, «АҚШЫҢ» корпорациясының президенті, «Нұр Отан» партиясы атынан Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты, Қазақстан Республикасы сауда кәсіпорындары мен қызмет көрсету саласы қауымдастығының вице-президенті. ШҚО кикбоксинг және тай бокс Федерациясының президенті. Сонымен қатар, Семей ядролық сынақ полигонынан зардап шекен аймақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында «Абыралы-Дегелең» қоғамдық қорын құрып, бүгінде көптеген жұмыстар атқаруда.

Қазақстанның саясаты мен экономикалық өркендеуіне қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен бірнеше мәрте марапатталған. Шығыс Қазақстан халықтарының тарихи, мәдени және рухани мұрасын дамытуға қосқан үлесі үшін «Алғыс» медалінің, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астанаға 10 жыл», «Тәуелсіздікке 20 жыл», «Шәкәрім Құдайбердіұлы» және «Мұхтар Әуезов» атындағы медалдармен қатар, экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы және мәдениеттегі жеткен табыстарына байланысты «Ерен еңбегі үшін» медалімен де марапатталған. Шығыс Қазақстан облысы бойынша «2003 жылдың үздік меценаты», 2008 жылы «Білім меценаты» болып, жыл сайынғы «Ізгілікті ниет» марафонына белсенді қатысқандығы үшін Шығыс Қазақстан облысы бойынша мейірімділік саласында «Жыл адамы» деп танылып облыс әкімінің Дипломы мен қайырымдылық кубогін алды. 2009 жылы Марат Серікжанұлы «Семей қаласының құрметті азаматы» атағын иеленді.

Марат Серікжанұлы «Білім меценаты» ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық тойы қарсаңында «Шәкәрімтану мәселелері» атты 5 томды, сериялық ғылыми жинақ, «Киелі Қобыз құдыреті», «Аңшы Жекен» және Семей ядролық сынақ полигонының жабылғандығына 20 жыл толуы қарсаңында «Семей ядролық сынақ аймағы кеше және бүгін», Төлеужан Ысмайыловтың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында ақын кітабын және тағы да басқа көптеген кітаптармен бірге, өзі түлеп ұшқан білім ұясы № 5 мектептің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында шығарылып отырған **«Білімнің шежірелі**

ордасы» атты кітапта ел азаматының меценаттық танытуының негізінде жарық көріп отыр.

І бөлім
Алаш қаласындағы мектеп мәртебесі

Алғы сөз.....
Мақсаты биік ұжым
Арап Еспенбетов.....
Азаматтық қолдау көрсеткен – халық қалаулысы
Аубакирова Алма Медетқызы.....
Еңбегімен халық құрметіне бөленген
Аубакирова Алма Медетқызы.....
Айтпаева Жанат Жеңісбекқызы.....
Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың мектепте өткен кездесуінен естелік...
Келдібаева Бахытгүл Омарханқызы.....
Тұңғыш қазақ мектебі
Кенемолдин Мұратбек Мүфтиұлы .....
Әкем туралы
Наданбаев Бөкейлен Тұмабайұлы.....
Алаш зиялыларының ағартушылық қызметі
Салима Босқынбайқызы Шаянбаева .....
Сағындықов Ержан туралыбір үзік сыр
Амантай Доғалақов.....
Сағындықов Ержан
Доғалақов Амантай Айтмырзаұлы. .....
«Қазақ тілі» қоғамының жанашыры
Шарипбаев Орал Тоқтарұлы.....
Өткеннен санақ емес, сабақ алу

(Мектеп тарихынан) .....
1924 – 2014 жылдардағы мектеп директорлары.....
1924 – 2014 жылдарда қызмет істеген мұғалімдер.....
Мектеп директоры тізгінін ұстаушылар
Қайролла Ибрагимов .....
Тұрлыхан Қасенов .....
Шырақбек Қабылбаев .....
Темірбеков Жұматай атамыз жайлы естелік
Немересі: Темірбекова Бақытгүл Эрнестқызы.....
Дүйсембайұлы Әнуарбек.....
Жұманов Төкен Жұманұлы.....
Сүлейменов Елеусіз .....
Әке туралы естелік...
Сүлейменова Айжан Елеусізқызы .....
Жанболатов Молдабек .....
Сәрсембаев Ерлан Қасымұлы .....
Торқалы тоқсан жылға естелік
Сатыбалдинов Болат Садуақасұлы.....
Білім беру ісінің үздіктері .....

Мектеп туралы естелік берушілер
Смағұлова Әдия Кәрімқызы .....
Нұрғалиева Ғазиза.....
Мусин Тұрсынғазы .....
Махмұтова Оразбибі Құдиярқызы.....

Бертісбекова – Байболова Фарида Юсупқызы .....
Төлекбаева Фатима Юсупқызы .....
Шалағанова Рәзия Сейсенбаевна .....
Балалық шақтан бір үзік сыр
Құсайынов Тлеубай Зупанұлы.....
Білімді ұстаз - болашаққа жарқын жол ашар
Марат Құрманбай .....
Ардагер ұстаздар
Рахымбаев Сабырбек.....
Рахымбаева (Ахметова) Шарбану Мұқашқызы .....
Жанұямыз туралы естелік №5 мектеппен байланысты
Қызы Тусупова (Абишева) Гүлсұлу Рахметқызы.....
Сапаев Ғазиз ....
Нұрсұлтанов Қажи Нұрсұлтанұлы
Дүрмекбаева Жанар Нұрлыбекқызы.....
Сәрсенбенова Қайша Ержігітқызы.....
Искаков Төкен Көпбайұлы.....
Жетібаева Көшбике Мейірманқызы
Смагулова Күләнда Жұмағазықызы. .....
Набиева Өзипа Нәбиқызы .....
Рысбекова Кенжехан .....
Мукажанова Нуржамал Момынжановна.....
Мусина Қазиза Мұқанқызы .....
Борсықбаева Шайзат Биғожаевна .....
Түсіпжанова Күлән Түсіпжанқызы.....
Баядилова Ләтіш Баяділқызы.....

Тұрғанбекова Меңкеш Құрманбекқызы .....
Жолдасбаева Нурзила Айғалиқызы.....
Қасенова Күләнда Медеуқызы.....
Шакенова Айтжан Шәкенқызы.....
Мұқанова Рысбике .....
Дүйсенбайқызы Күлпаш .....
Наурызбаева Гүлжанат Рахимовна .....
Рахимбекова Раиса Жумагалиевна .....
Срайлова Зайтуна Муқажанқызы .....
Даулетина Лиза Даулетияқызы .....
Қожкенова Закия .....
Абдулдинова Ләтипа Жұмажанқызы .....
Күмісбекова Тотығұс .....
Султанова Алия Бердалиевна .....

Арынова Айша Тоғамбекқызы .....
Құдабаева Кәмилә Қабдолқызы .....

Иманбаев Жұмағазы Қапанұлы .....
Ерназарова Күлшат Сатырбайқызы .....
Рузия Сағадиқызы .....
Тілегенова Әсем Тілегенқызы .....
Дюненбаев Алимхан .....
Байпақбаева (Айсанова) Меңкамал Иманбекқызы.....
Алина Әсия Кенішбайқызы .....
Букаева Зейнеш Кабдуловна .....

Далбина Мәншүк Қожекеқызы .....
Байтабанова Айғаным Тұрсынбайқызы .....
Жананбаева Карлыгаш Мукановна.....
Мұхтарова Қарлығаш Мұхтарқызы.....

Иманғаликов Орынбек Уахитұлы
Қасенова Бақытгүл Серіккызы.....
Балғабекова Гүлшат Құрманғажықызы.....
Исаханова Қапия Сексенбайқызы.....
Турсынбаева (Байпақбаева) Ғалия Пазылжанқызы .....
Ғибат Ибраимов
2005-ші жылғы «11ə» сыныбының шәкірттері атынан Смағұлов Қуаныш.....
Уалиева Бағила Уалиқызы.....
Айтқалиева Дарияш Кенжеғалиқызы .....
Тұрысбекова Бахтикамал.....
Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы.....
Смагулова Күләнда Жұмағазықызы .....
Мархаметов Жомарт Базенұлы .....

Жакупжанов Қуатбек Мұратбекұлы. .....

II бөлім
Шәкірт келешектің тұтқасы
(Оқушылар өмірінен)

Мектеп түлектері туралы деректер .....
Түлектерден шыққан ғалымдар .....
Құрметті атақ иегерлері .....

Ғабдұлқайым Мұхаметханов .....
Нағыз ғылым адамы
Сейіт Асқаруұлы Қасқабасов .....
Ғалым ағамен кездесуден бір үзік сыр...
Аубакирова Алма Медетқызы .....
Тұрлыбаев Тоқтархан Тұрлыбайұлы .....
Мукажанов Орынхан Нурсултанович .....
Жайкенова Өзипа Тасыбайқызы .....

Искакбаев Мұсатай Өміржанұлы .....
Исаханов Ілияс Мағауияұлы .....
Абралин Шағатай Қажисләмұлы .....
Байгушев Мубарак Түгелбайұлы .....
Кәрібжанов Отантай .....
Дихамбеков Жеңіс Какенұлы .....

Дихамбекова Жамиля Тоқтамысовна .....

Қалдыбаевтар әулеті - № 5 қазақ орта мектебінің түлектері

Мұзафар Ахметсафаұлы Қалдыбаев .....
Қалдыбаева Танаш Ризамұхаметқызы .....
Қалдыбаева (Рустюмова) Мәрзия Ахметсафақызы .....
Қалдыбаева Маида Ахметсафақызы .....
Мүсілім Мұзафаруллы .....
Мұғамар Мұзафаруллы .....
Майра Мұзафарқызы .....
Сыздықова (*Қалдыбаева*) Амира Мұзафарқызы .....
Қанафин Ерден Ғабитұлы .....
Қалдыбаев Махди Мұғамаруллы .....
Сыздыкова Камилә Қанатқызы .....
Қанафин Мағжан Ғабитұлы .....
Мұзафарова Мансура Мұғамарқызы .....

Ағайынды Дүйсенбаевтар – көрнекті ғалым-мамандар

Дүйсембаев Азат Ануарбекұлы .....
Дюсембаев Аскат Ануарбекович .....
Дюсембаев Қизат Ануарбекович .....

Еңбегімен халық қуанышына бөленгендер

Кусаинов Тлеубай Зупанұлы .....
Сәрсекеева Рымгүл Сапақызы .....
Несіптай Нұрымханұлы .....
Хасенов Ардахмет Ислямұлы .....
Кәкімов Ерғали .....
Құрманбай Марат Серікжанұлы .....

Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан басталады

Иманбаев Нұриден Құсманұлы .....

Мектеп - білім бұлағы

Тухпиев Сембек Алдашұлы .....
Мырзакасимова Анар Мақсұтханқызымен.....
Тухпиев Данияр .....
Тухпиев Ильяс .....
Тухпиева Рауат .....

Тастекеевтер де әулетімен № 5 мектеп түлектері

Тастекеев Серікқазы Мәлікұлы.....
Тастекеева Рымкеш Мәлікқызы .....
Тастекеева Раушан Мәлікқызы .....
Тастекеев Әділғазы Серікқазыұлы .....
Тастекеев Еділғазы Серікқазыұлы .....
Тастекеев Шалқар Серикқазыұлы .....
Акимжанов Қуаныш Сабырұлы .....
Акимжанова Назерке Сабырқызы .....

Жас ғалым-мамандар

Ағайынды ғалым - Жүсіповтер

Жүсіпова Гүлназ Қуандыққызы .....
Жүсіпов Нартай Қуандықұлы .....
Жүсіпов Ертай Қуандықұлы.....
Жусупова Лаура Қуандыққызы .....
Жусупов Естай Қуандықұлы.....
Мусина Қорлан Рысханқызы .....

Мусин Ерлан Рысханұлы.....
Сулейменова Айнаш Елеусізқызы .....
Сүлейменова Айжан Елеусізқызы.....
Сейсенова Алмагүл Дәулетқазықызы .....
Айтова Жанар Жұмабекқызы.....
Ботабаева Айнұр Серікжанқызы .....
Ботабаев Еділ Серікжанұлы .....
Молдаханова Жанар Амангелдіқызы.....
Накишева Махаббат Кенжеханқызы.....

Өнер биігін бағындырған түлектер

Сақалов Самат Сыпатайұлы.....

Омаров Берік Құдайбергенұлы .....
Оралбаева Меруерт Қалибекқызы .....
Құдайбергенов Дарын Берікұлы.....
Құдайбергенова Бота Берікқызы.....
Гүлдана Рахымбекқызы Ноғайбаева .....
Әубәкіртегі Қарлығаш Әділханқызы.....
Тоқтамысова Сара Советханқызы.....
Таянкенов Фархат Маратұлы.....

Нұржан Өмірбаев.....

Спорттың көк туын желбіреткендер

Ағайынды спорт саңлақтары - Манкеновтар

Манкенов Өмірбек Тоқтарұлы .....
Манкенов Болат Тоқтарұлы .....
Манкенов Қайрат Тоқтарұлы.....
Манкенов Азат Тоқтарұлы.....
Ильясов Қанат Назарұлы.....
Иманбаева Айгул Жұмағазықызы .....
Хасенов Ерахмет Ардахметұлы .....
Егізеков Әдлет Айтбекұлы.....
Ильясов Жақсылық Назарұлы .....

Жарқын болашақтың белесінде...

Сарсенбекова Бақытгүл Саматқызы.....
Какимов Ескендір Ерғалиұлы.....
Әбәділов Нұрбек Қабыкенұлы .....
Лебаев Марат Төлеуғазыұлы.....
Балмағамбетова (Масалимова) Әсел Мұхамедрахымқызы.....
Әзбергенов Жігер Серікұлы .....
Өмірбеков Рүстем Ғабдрашидұлы .....
Өзбеков Дархан Есенғалиұлы .....
Шәкербек Мәріпбек Шәкербекұлы .....
Өмірбеков Дастан Ғабдрашидұлы .....
Смағұлов Қуаныш Рахметоллаұлы.....
Маржан Еркімбекқызы Нұрышева .....
Искаков Абылайбек Қабидоллаұлы .....
Базарова Эльмира Назарқызы.....
Қосанов Айбек Айдарқанұлы .....
Назарова Назерке Назарқызы .....
Балтабеков Еркебұлан Сайлаубекұлы.....
Абдрахманов Арсен Медходұлы .....

Мұхтаров Арыстан Ғабдрашидұлы .....
Жашибай Асқар.....

Шәкәрім есімінің мектепке берілу жәйі .....

Шәкәрімтану залы.....

Жанболатов Мұратбек.....

Шәкәрім Құдайбердіұлының суреті «қуғын – сүргін, зұлмат» алапатынан қалай аман қалған? .....

Қуғын – сүргін зұлмат заманында жазықсыз жазаның құрбаны болған Құдайберді әулетінің ұрпақтары.....

Ұрпақ тәрбиесін ту еткен Алаш білім ордасы

Сақалов Самат Сыпатайұлы.....

Шәкәрімтану- бір әлем

Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы.....

Шәкәрімтанудың бір күні.....

Дәулет Сейсенұлымен кездесу

Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы.....

Кітап- сарқылмас рухани әлем

Ырысхан Мұсаұлымен кездесу

Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы.....

«Бағышталған өмірім мен өнерім, Алашыма сөзбен қуат беремін» оқырмандар конференциясы

Молдағұлова Рыстыгүл Семейханқызы.....

Мурат Рахимжанович Султанбеков

Жананбаева Карлыгаш Мукановна.....
Номад, соединяющий континенты, наш земляк
Жананбаева Карлыгаш Мукановна.....
Кенжебек Аканович Байгужинов

Жананбаева Карлыгаш Мукановна.....

Юбилею поэта посвящается
Жананбаева Карлыгаш Мукановна.....
Родной край – неиссякаемый источник

Кобрин Вячеслав Григорьевич

Жананбаева Карлыгаш Мукановна.....

III бөлім
Мектеп – жарқын болашақтың айнасы

Мектебім - білім ордасы
Әубәкірова Алма Медетқызы.....
Бүгінгі табыс - сындарлы мемлекеттік саясаттың нәтижесі
Келдібаева Бахтыгүл Омарханқызы .....
Бастауыш – білім бастауы
Хасенова Нұржыкен Сләмқызы .....
Көптілділік –зияткер тұлға қалыптастырудың негізі
Тастекеева Гулжан Серікқазықызы.....
Ғылыми - әдістемелік жұмыстар нәтижесі
Шайхынова Тұрсынгүл Сағатбекқызы .....

Әдепті адамдар – қоғамның баға жетпес байлығы әрі мәртебесі
Бекқасымов Асқар Қонысбекұлы .....

Білім мен тәрбие егіз
Минаева Сәуле Тлеуғазықызы.....
Наурызова Гульнура Дулатқызы .....
Тыныбаева Айгерім Барякқызы .....

Тулесбекова Сания Калиханқызы .....
Слямханов Болат Амангельдинович .....
Келешекке кемел біліммен аттанған шәкірт өмірде адаспай өз орнын табады
Жұмабекова Гульмира Бектемірқызы.....
Ұранды елдің – ұрпағы қайсар
Тусупов Серік Асаубайұлы .....
Оразбаева Маруарт Кабдуахитқызы.....

Шыңғысова Айдана Еркінқызы.....
Бейсекенова Айнаш Базарханқызы.....
Нұрмұхаметова Айгүл Асқарқызы.....
«XXI ғасыр мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры.
Тобықбаева Гүлжанар Мұратбекқызы - Бодесова Динара Елубайқызы.....
Жексембаева Жазира Амантайқызы.....

Амренова Лязат Мамыржанқызы.....
Мені қызықтырған әлем-ұстаздық
Баяхметова Шынар Оразахметқызы .....
Learn while teaching!Учи и сам учись!
Кабдульдинова Сауле Мусаевна.....
Школа моей мечты
Калиева Гульсан Кабдрахмановна .....

Денсаулық – ел дамуының басты арқауы
Қасенова Бақытгүл Серікқызы .....
Рахимжанова Мунира Маулетқызы .....
Арманымның асқары
Хасенова Динара Сейсенқызы .....
Ертеңімнің үміті
Абадилова Айжан Қайроллақызы.....
«Шығармашылық- жетістік бастауы».
Абдималикова Ғалия Қасенжанқызы.....
Білім – асыл қазыналы сандық,оны ашатын кілт – еңбек.

Айтбаева Лимара Слямханқызы.....
Мектеп – білім тірегі, ұстаз оның жүрегі.
Алдонғарова Роза Берікбекқызы.....
Арқарбаева Мейрамгүл Сейілханқызы.....
Аяпбергенова Ляззат Даулетқалиқызы.....
Акмолаева Зауре Нургазыевна.....

Баяхметова Шынар Сұлтанқызы.....
«Ұстаз болу- жүректің батырлығы...»
Бимбетова Алуа Нұрлыбекқызы ....
Габдуллина Гульнур Ериманқызы.....
Дүрмекбаева Жанар Нұрлыбекқызы .....

Датбаева (Серікпаева) Нургуль Серікқалиқызы .....
Ерденбаева Бақыт Сұлтанқызы .....
Елемесова Нургуль Мұхтарбекқызы .....
Есенбаева Жанар Байузаковна.....
Жаманбалинова Даметкен.....
Жумаканова Бакытгуль Уакасовна .....
Жүндібаева Риза Қанапияқызы.....
Ступени моего альмаматера
Жумашева Мадиян Камбаровна.....
Жұмабекова Гүлмира Бектемірқызы.....
Дарынды оқушыларды дамылсыз дайындау жолында...
Жұмықбаева Ақмарал Қажықұмарқызы .....
Зайтов Айдос Рифхатұлы.....
Зейтова Аяулым Серикқызы .....
Ибраева Нұршарбат Сабырғазықызы .....

Исабеков Амангелді Сапарханұлы.....

Кабдоллина Шұғыла Өмірғазықызы .....
Каленова Гүлайым Серікбайқызы .....
Калиева Гульсан Кабдырахмановна.....
Ұстаздық- ұлы мамандық
Қосақбаева Жанагүл Райымханқызы.....
Кожахметова Айнур Қапанқызы .....
Қойшыбаева Әлия Ардаққызы.....
Манабаева Айнур Акылбековна.....
Мухамадиева Сауле Тазабекқызы.....
Мұқанов Әлем Мақсатұлы .....
Мұқанова Бақытгүл Құлжағазықызы
Қасенова Бақытгүл Серікқызы.....
Мұқанова Нұргүл Құлжағазықызы .....
Мен ұстазбын - арман еткен биіктікті
Мукашева Молдир Бекенқызы.....
Нұрахметова Жанар Бәрәмқызы .....
Нургазыева Гульнар Нұрғазықызы .....
Оразбаев Саят Қайроллаұлы.....
Өтеулинова Фарида Закарияқызы .....
Серікбаев Тілебалды Серікбайұлы .....
Серикбаева Рая Мутанқызы .....
Серикбаев Роллан .....
Серикбаева Маржан.....
Серикбаева Балжан .....
Серикбаев Рамон .....
Сексенбаева Сауле Кенжеғалиқызы .....
Сүлейменова Роза Ахановна.....
Токжигитова Сандугаш Сейткалиевна.....
Турганбаева Жанар Тельмановна.....
Тоқсеитова Сауле Маратқызы.....
Турдина Айжан Базарбековна.....

Төлеужанова Бұлбұл Сейтқазықызы .....
Тұтқышев Болатбек Рымбайұлы .....

Тусупова Гулнур Мақсұтқызы.....
Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз
Турганбаева Айнур Айтқұрманқызы .....
Такеева Назым Бокейхановна.....
Хасенова Гульжан Мадиевна.....
Шахманова Қарлығаш Қанатқызы.....
Шаяхметова Қарлыға Іңкәрбекқызы .....
Шаяхметов Серик Қабденұлы .....
Уайданова Жанна Мүсілімқызы .....
Автордың өмірдерегі мен ой – толғамдары.....

Тоққарин Досымхан.....

Сөз соңы.....
Қазақ меценаты Марат Құрманбай .....

Тоққарин Досымхан

Білімнің шежірелі ордасы

Редакторы *Әубәкірова Алма Медетқызы*
Көркемдеуші, коррек. *Досымхан Тоққарин*
Компьютерде терген *Наурызова Гульнура*
Фотосуретші және компьют. *Айтөлеу Айбекұлы*

Баспа адресі;